


11 2016/3012K

Айгүл ІСІМАҚОВА

**ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ
ӘДЕБИЕТТАНУ**
(Әдеби зерттеулер)

**АЛМАТЫ
«ДӘСТҮР»
2016**

57556800





Айгүл ІСІМАҚОВА

**ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ
ӘДЕБИЕТТАНУ**
(Әдеби зерттеулер)

АЛМАТЫ
«ДӘСТҮР»
2016

ӘОЖ 821.512.122.0 (035.3)

КБЖ 83.3 (5 қаз)

I 89

**«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарыла-
ту, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насип-
хаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру»
бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін
басып шығару» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді»**

Жауапты редакторы: Айсұлу Төрекүлқызы Ойсылбай

Пікір жазған: филология ғылымдарының докторы, профессор
Н.Ж.Сағындықова

I 89 ІСІМАҚОВА А.С.

**Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану: (Әдеби мақала-
лар). Монография. / А.С.Ісімақова. – Алматы: «Қаратау
КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016. – 384 б.**

ISBN 978-601-7505-21-9

Монографияда Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеттануының теориялық мәселелері, бүгінгі постмодернистік зерттеулер, қазіргі жамбылтану және әдебиеттанушы ғалымдар Қ.Мұхамедханұлы, Б.Құндақбаев, М.Базарбаев, Т.Жұртбай, Б.Ыбырайым, А.Егеубай, Ғ.Мұқанов, Т.Шапайдың әдебиеттанулық еңбектері, жазушылар Б.Нұржекеұлының, Ж.Шаштайұлының прозасы, ақындар М.Мақатаевтың, Қ.Бегмановтың поэзиясы, сондай-ақ қазіргі әдебиет теориясының хал-ахуалы әлемдік әдебиеттану контексті тұрғысынан жаңаша қарастырылады.

Бұл кітапты қазіргі қазақ әдебиетінің тарихын, теориясын жа-
зуда, түрлі бағдарламалар құрастыруда, ЖОО студенттеріне әде-
биеттану пәнінен жүргізілетін дәрістерде, арнайы курстар мен се-
минарларда пайдалануға болады.

ӘОЖ 821.512.122.0 (035.3)

КБЖ 83.3 (5 қаз)

ISBN 978-601-7505-21-9

© Ісімақова А., 2016.

© «Дәстүр», 2016.

© «Қаратау КБ» ЖШС, 2016.

АНДАТПА

Ұлттық әдебиеттану ғылымының тәуелсіздік кезеңі деп 1991 жылдан бергі уақытты атаймыз. Тәуелсіздікке қол жеткізіп, руханиятымыздың зерттеу аясы кеңейе түскен сайын ұлттық сөз өнері құндылықтарын жаңаша зерттеудің ғылыми қажеттілігі артып отыр. Сол себепті аталған кезеңде әдебиетті танудың теориясы, тарихы мен сыны жаңаша тұрғыдан зерттелді.

1980 жылдар соңында совет әдебиеттануындағы еркіндік пен қайта құру серпілісі қазақ әдебиеттануында да орын алды.

«Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану» (Әдеби зерттеулер) атты монографияда қазақ әдебиеттану ғылымының Тәуелсіздік кезеңдегі жетістіктері теориялық тұрғыдан талдауға алынған. Бұл тарауда әдебиетті танудағы жеке әдеби-тәсілдік бағыттардан бастап, көркемсөз үлгілерін жүйелеу, дәуірлеуге дейінгі аралық арнайы зерттеу нысанына айналып, тәуелсіздік кезеңдегі әдістемелік жаңа бағыттардың ерешеліктері айқындалған. 1931-1937 жылдар аралығындағы репрессияға ұшыраған ұлттық ғылыми мұра мен әдеби жәдігерлер халыққа қайтарылды. Сонымен бұған дейін тек орыс әдебиетімен салыстырмалы түрде зерттеліп келген ұлттық сөз өнері тікелей өз контексінде зерттелу мүмкіндігіне ие болды. Совет әдебиеттануы тұсында «младописьменный» деп аталып келген қазақ әдебиеті ұлттық сөз өнері үлгілерін қайта зерттеуге енді ғана толық мүмкіншілік алды.

Тәуелсіздік тұсында қазақ әдебиеттану ғылымы ұлттық сөз өнері тарихын, Совет кезінде саяси репрессияға ұшыраған қайта оралған ақтандақтарды – Алаш әдебиеттанушыларының өмірі мен шығармашылық мұраларын зерттеу ісін қолға алды. Советтік кезеңде айтуға тыйым салынған әдеби-мәдени мұра, ұмытылған әдеби жәдігерлерді жариялау ісі алға қойылды. Абайға дейінгі қазақ әдебиеті нақтылана түсті. Ортағасырлық

әдеби мұра, оның алдындағы XI-XV ғасыр аралығындағы сөз өнері зерттеу нысанасына айналды. Бұған дейін жалпы «фольклор» деп қана шектеліп келген ұғым арнайы ғылыми тұрғыдан нақтыланып ол контекстен «ауызша әдебиет», «ежелгі әдебиет» деген түсініктер анықталып алынды.

Қазақ әдебиеттану ғылымында ұлттық әдебиетті дәуірлеу мәселесі тұңғыш рет А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде айқындалған. Совет әдебиеттануы бұл мәселені батыл көтере алмады. Қазіргі Орта Азия, Қазақ жерінде қандай тайпалар тұрған, олардан қандай көркемсөз мұрасы қалды деген сауалға сонау социализм билеп тұрған кезде батыл ғылыми мәселе көтерген ғалым Бейсембай Кенжебаев болды.

Совет әдебиеттануы қазақ әдебиеті негізінен совет кезінен басталады деген пікірді ұстанды. Б.Кенжебаев шәкірттері – М.Мағауин, М.Жолдасбекұлы, Р.Нұрғали, А.Қыраубаевалар нақты зерттеуді жалғастырып, ежелгі қазақ әдебиеті және оның арналары деген ұғымды қалыптастыруды іске асырды. Аталған ғалымдардың ғылыми еңбектерінде ежелгі қазақ әдебиеті қашан басталады, қандай жәдігерлерден тұрады деген ұғым қалыптасты.

Б.Кенжебаев ұстанған басты мәселе: XIII-XIV ғасырлардағы қазіргі Қазақстан, Орта Азия, Еділ бойында түркі тілінде сөйлейтін көптеген ежелгі тайпалар аралас өмір сүрді. Бұл кезде түркі тайпалары әлі де жеке-жеке халық болып қалыптаспағандықтан, сол кездегі олардан қалған әдеби ескерткіштер қазіргі түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасы болып есептелінді. Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет, оған дейінгі ежелгі әдеби жәдігерлер қалай зерттелді деген сауалға Алма Қыраубаева «Ғасырлар мұрасы» (1988) атты ғылыми еңбегінде нақты жауап іздеді. Зерттеуде ежелгі әдебиет нұсқаларын ғалым төмендегіше жіктеген: XIII-XIV ғасырлардағы түркі тайпаларының тарихи-әлеуметтік жағдайы; Аударма нәзира әдебиет «Рағұзи киссалары»;

Тыңтума әдебиет «Махаббатнама»; Ежелгі әдебиет дәстүрі.

Тәуелсіздік кездің әдебиеттанушысы Әбсаттар Дербісәлі «Түркиядағы жазба жәдігерліктеріміз» (2009) Отырар, Сығанақ, Женд, Түркістан, Тараз, Баласағұннан шыққан ғұламалардың мұрасын анықтап берді. Біз білетін Әбу Насыр әл-Фараби болса, әдебиеттанушы 30-ға жуық Фараб қаласынан шыққан нақты ғылыми еңбектері бар тұлғаларды анықтады. Ғалым «Кердері тарландары» еңбегінде 10 ғылыми мұра, «Түркістан перзенттерінде» – 13 ғылыми еңбектер мен олардың авторлары туралы мағлұмат берілген. «Сығанақ ұландары», «Женд даналары», «Баласағұн перзенттері», «Қазақ руханиятындағы Кердерілер» атты тарауларда осы тақырыптың мәнін тереңдеп ашады. Аталған зерттеу алдымен қазақтың әдеби жәдігерлер саны бұрын айтылмаған есімдер мен олардың ғылыми мұрасымен толықтырылғанымен құнды.

«Ислам жауһарлары мен жәдігерліктері» атты зерттеуінде әдебиетші Ә.Дербісәлі Ислам өркениетінің жауһарлары – қасиетті Құран мен адамзаттың соңғы елшісі хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) Пайғамбарымыздың ғибратты ғұмыры, ортаазиялық Ислам ғұламалары әл-Бухари, имам ағзам Әбу Ханифаның өмірі, қызметі сараланған. IX-XIII ғғ. өмір сүрген қазақ даласының асыл перзенттері – Фарабилер, Исфиджаб, Сайрами, Түркістани, Икани, Женди, Тарази, Баласағұнилер туралы ғылыми деректердің жүйесі жан-жақты талданған.

XIII-XIV ғасырлардағы түркі әдебиеті – әл-Фараби, Сағди, Фирдоуси, Низами, Юсуф Хас Хаджип, Ахмет Яссауи еңбектері қайта өрлеу – ренессанс тұрғысынан қарастырылды. Шығыс ренессансы Орта Азияда X ғасырда басталғаны анықталып, әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина, әл-Бируни, әл-Хорезми еңбектері сараланады.

Әдебиетші Алма Қыраубаева былай дейді: «Бұл дәуірдегі көркем әдебиет, негізінен 2 түрлі: Біріншісі – аударма нәзиралық шығармалар: Құтбаның «Хұсрау уа Шырыны», Сәйф Сараидың «Гүлстан», Әлидің «Қисса

Жүсібі», Рабғузидің «Қисса – и – Рабғузи кітабы», Махмуд ибн Алидің «Неһдж ул Фарадис» («Жұмаққа апаратын жол»), Хусам Қатибтің «Жұм-жұма» кітабы, т.б. Екіншісі – тынтума әдебиет: «Махаббатнама». «Аударма нәзира әдебиет» тарауы «Қисса-и-Рабғузи» («Рабғузи қиссалары») атты туындының теориялық талдауына арналған. Зерттеуде М.О.Әуезовтің назира туралы тұжырымы басты қағида ретінде алынған «тақырыптың әр ақын жырында қайталануы еш уақытта аударма деп танылуы керек емес. Өз өзінше бір қайта жырлау, тыннан толғау немесе ақындық шабыт-шалым санасын, жырмен жарысу есепті бір салт еді. Шығыс поэзиясы бұл салтты заңды деп біліп, осы дәуірде «Нәзира», «Нәзирагөйлік» деп атау да берген».

А.Қыраубаеваның құрастыруымен 1991 жылы шыққан «Ежелгі дәуір әдебиеті» (хрестоматия) кітабында алғаш рет аталған ұғымды құрайтын мағлұмат берілген. Кітаптың негізгі бөлімі: «Көне түркі әдебиеті (6-9 ғғ.)» тарауында; Орхон ескерткіштерінің мәтіні. (М.Жолдасбеков аудармасы); «Қорқыт ата кітабы» (аударған Ш.Ибраев); Оғызнама (аударған Құлмат Өмірәлиев) мәтіндері берілген.

«Ислам дәуіріндегі әдебиет» (X-XII ғғ.) атты екінші тарауға енгендер: Әл-Фараби Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат (А.Нысаналин); Махмұт Қашқари «Түркі тілдерінің жинағы» (Х.Сүйіншәлиев); Жүсіп Баласағұни «Құтты білік» (Б.Сағындықов); Ахмет Яссауи «Даналық кітабы» (Б.Сағындықов); Ахмет Иігүнеки «Ақиқат сыйы» (Б.Сағындықов); Сүлеймен Бақырғани «Бақырғани кітабы» (Б.Сағындықов). «Алтын Орда – Қыпшақ дәуіріндегі әдебиет (XIII-XIV ғғ.)» атты тарауы келесі мәтіндерден құралған: Қыпшақтың жазба кітабы (Кодекс Куманикус) (Ә.Құрышжанов) Рабғұзи. «Рабғұзи қиссалары» (Н.Сағындықов); Құтып «Хұсрау – Шырын» (Ә.Ибатов); Хорезми «Махаббатнама» (А.Қыраубаева); Хұсам Кәтиб «Жұм-жұма Сұлтан» (А.Қыраубаева); Сәиф Сараи «Жәдігернама», «Түркіше Гүлістан»

(А.Қыраубаева). Аталған аудармаларға мәтіндердің транскрипциясы қоса берілген.

Аталған ғылыми тұжырым ежелгі дәуір әдебиетін жүйелеудің жаңаша тәсілдерін аңғартады, сондықтан біз әдеби жәдігерлердің теориялық сипаттамасына ғана тоқталдық. Асылында ұлттық әдебиеттің ежелгі нұсқаларын әдебиеттанулық тұрғыдан талдап, зерттеу, жүйелеу – тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттанудың ең басты міндеті болып табылуда.

Тәуелсіздік кезеңінде алашабайтануы да арнайы зерттеу нысанына айналды. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, І.Жансүгіров, Р.Мәрсеков, Ы.Мұстамбаев, т.б. зерттеулері қазіргі абайтануға жаңаша серпіліс бергендігі және кеңес кезінде айтылмай келген абайтанулық мәселелер сараланады. Осы тұрғыдан «Абайды оқы, таңырқа» ғылыми жинағы мен тәуелсіздік кезеңіндегі абайтанулық зерттеулердің әдеби-теориялық ерекшеліктері қарастырылды.

Тәуелсіз кездегі әдебиеттанудың бірден-бір жаңалығы ретінде М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындап шығарған «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты 10 томдық еңбекті атауға болады. Ұжымдық көптомдықтың қамтыған мерзімі – ежелгі дәуір әдебиетінен 2001 жылға дейінгі яғни тәуелсіздік тұсындағы әдебиет. Еңбектің басты міндеті – сөз өнерін зерттеуде, көркем шығармаларды талдауда мүмкіндігінше саяси-идеологиялық ұстанымдарды басшылыққа алмай, ұлттық әдебиеттің жанрлық даму барысын жүйелі зерттеу, оның сөз өнері ретіндегі қасиеттерін айқындау болып табылады. Көптомдық монографияның кіріспе сөзінде де осы міндет алға тартылған: «біздің бүгінгі әдебиетіміздің қайнар көзі қандай еді, оның жанрлары өз бастауын қайдан алды, олар әр дәуірде қандай түрде болды, қандай өзгерістерді бастан кешірді, бүгінгі жағдайы, дамуы қалай? Міне, 10 томнан тұратын еңбек осы мәселелерді қарастырады. Әр

томның өзінің міндеті мен аспектісі бар, олар жеке-жеке томдардың кіріспесінде айтылған»¹. Еңбекте ежелгі сак, ғұн, үйсіндердің танымдық мұрасын айғақтайтын әдеби жәдігерлер, түркілердің тасқа қашап жазылған мәтіндері жекелеген томдарда арнайы қарастырылған. Барша түркі жұртына ортақ Қазақ хандығына дейінгі көркемсөз үлгілері де бұл еңбекте жүйелі зерделенеді.

«Жаңа дәуірдегі әдебиетіміз совет үкіметі тұсында ең көп жапа шеккені белгілі. XIX ғасырда жасаған Дулат Бабатайұлының, Шортанбай Қанайұлының, Мұрат Мөңкеұлының, Шәңгерей Бөкеевтің шығармашылығы жаңа тұрғыда қаралып, жаңаша бағамдалды. Сондай-ақ XIX-XX ғасырлар аралығында өмір сүріп, тарихтан шығарылып тастаған Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Ғұмар Қарашев, Нарманбет Орманбетұлының, т.б. ақын-жазушыларымыздың шығармалары бұл еңбекте арнайы талданып, лайықты бағасын алды. Және қисынсыз дауға ұшыраған «Абай мектебі» өкілдерінің де шығармашылығы қамтылды. XX ғасырда ұлттық әдебиетімізді биікке көтеріп, әлемдік аренаға шығарған аса талантты қаламгерлеріміздің шығармашылығы кең әрі объективті түрде, жаңа көзқарас негізінде талданды»².

Еңбектің құрылымдық жүйесіне келсек: *бірінші том* – ұлттық әдебиеттің фольклорлық кезеңін, *екінші том* – ежелгі дәуір мен орта ғасыр әдебиетін қамтиды. *Үшінші томда* – Алтын Орда дәуірі мен Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет сараланса, еңбектің *төртінші, бесінші томдары* – толықтай XIX ғасыр әдебиетіне арналған. *Алтыншы том* – XX ғасырдың бас кезі (1900-1917). *Жетінші, сегізінші, тоғызыншы томдар* – түгелімен Кеңес дәуіріндегі (1917-1990) әдебиетті қарастырады. Соңғы

¹ Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. I том. Фольклорлық кезең. 8-бет.

² Сонда, 9-бет.

оныншы том – ұлттық әдебиеттің тәуелсіздік кезеңіндегі (1991-2001) туындыларын саралайды. Әлбетте, қазақ әдебиеттану ғылымының тарихында бұл ұжымдық еңбектің өзіндік әдеби-тарихнамалық, танымдық, ең бастысы жүйелі дерекнамалық орны бар екендігі айқын.

Тәуелсіз кездегі әдебиет теориясының мәселелерін сөз еткенде академиктер З.Ахметов пен З.Қабдоловтың соңғы теориялық зерттеулері арнайы талданады. Қос ғалымның 1991 жылдан бері шыққан теориялық зерттеулерінің сөз өнеріне қатысты басты теориялық тұжырымдары сараланады. Ғалымдардың «Әдебиет танытқышқа» қатысты соны пікірлері жүйеленіп берілді.

Қазақ тәуелсіз әдебиеттануының жаңаша көзқарастарының қалыптасуына келесі басылымдар тікелей әсер етті. Олар: А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» (1926, 1989), Х.Досмұхаммедұлы «Аламан» «Казахская народная литература» (1927,1991), М.Әуезов «Әдебиет тарихы» (1927, 1991), Әбілғазы «Түрік шежіресі» (1992), Бабыр «Бабырнамасы» (1993), «Билер сөзі» (1992), «Батырлық дастандар» (1995), Л.Гумилевтің «Көне түріктер» (1994), «Ел қазынасы – ескі сөз» (1994), «Қазақ тарихынан» (1997), т.б.

Әдебиеттанушы Ә.Дербісәлінің қазақтың тұңғыш тарихшысы атанған М.Х.Дулатидің зиратын тауып, эпитафиясын оқып, оның «Хақ жолындағылар тарихын» (Тарих-и-Рашиди)(XVIғ.)қазақ ғылымының айналымына енгізген зерттеулері, А.Қыраубаеваның «Ежелгі әдебиет» сериясы еңбектері, М.Жолдасбекұлының тәуелсіздік тұсындағы зерттеу еңбектері, Н.Келімбетовтің «Ежелгі әдебиет» оқулықтары әдеби-теориялық тың зерттеулерге жол ашты.

Аталған тарауда қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының теориялық жетістіктері әлемдік әдеби бағыттармен бірлікте арнайы талданады.

Бүгінгі әдебиеттану ғылым саласына қазіргі жаңа интеллектуалдық ой-санаға сай идеялар мен пікірлер қажет екені айқындалған. Совет әдебиеттануы ресейлік,

оның ішінде формалистер мен марксистік түсініктерімен ғана шектеліп келді. Әдебиет тарихы, оның дәуірлеу кезеңі тікелей саяси, идеологиялық әрекеттермен байланыста қарастырылып, бүкіл ұлттың әдебиет тарихы қасірет шекті. Ұлттық әдеби мұра тар шеңберге салынып, тоталитарлық әдебиетке сай бөлімі ғана мойындалып, насихатталып келді.

Бұл тарауда дүниежүзілік әдебиеттанудың классикалық филология мен постмодернистік (постструктуралистік) зерттеулер әдісі бүгінгі әдебиетті тану тәсілдерінің айырмашылығы мен ерекшелігі ретінде нақты талдаулар негізінде айқындалған. Бүгінгі Ресей әдебиеттануында үш бағыт екені ескерілді: біріншісі – М.М.Бахтин теориясы негізінде оның ғылыми ойын дамытушылар Ю.М.Лотман, Г.С.Кнабе, Н.И.Конрад, В.Н.Топоров, А.С.Аверинцев, А.Я.Гуревич еңбектері дүниежүзілік әдебиет пен әлемдік мәдениет төңірегінде болғандықтан кең көлемдегі сұранысқа ие. Екіншісі – Д.С.Лихачев, В.В.Кожин, Б.Г.Гончаров, М.Л.Гаспаров, В.Д.Сквозинков, т.б. тек орыс әдебиетінің ұлттық мүддесін зерттеушілер. Бұлар М.М.Бахтиннің әдісін қолданғанымен орыс әдебиетінің үлгісін, оның ұлттық мүддесін алға тартуымен ерекшеленетіндігі дәлелденген. Үшіншісі – діни әдебиеттанулық (религиозная литературоведение) бағыт. Мұны Н.Бердяев, С.Г.Бочаров, В.Вейдле, В.С.Непомнящий, Т.А.Касаткина, А.Жаксылықов, т.б. нақты теориялық зерттеулерінде іске асыруда.

Сонымен қатар қазіргі дүниежүзілік әдеби ілім постмодернизм, постструктурализм және деконструктивизм теориясына сүйенетіндігі мен осы ағымның басты өкілдері француз Ж.Ф.Лиотар, америкалық И.Хассан, Ф.Джеймсон, голландтық Д.В.Фоккем, Т.Дан, ағылшындар Дж.Батлер мен Дж. Лодж тағы басқаларының негізгі ұстанымдары сарапталады.



ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ ӘДЕБИЕТТИ ТАНЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Т*әуелсіздік кезеңі деп қазақ әдебиеттану ғылымының 1991 жылдан бергі кезеңін атаймыз.

1980 жылдар соңындағы совет әдебиеттануындағы еркіндік серпілісі қазақ әдебиеттануында да орын алды. 1988 жылы советтік репрессияға ұшыраған Алаш ғалымдары мен ақын, жазушылардың шығармашылық мұрасы ғылыми ортаға қайта оралды. 1931-1937 жылдар аралығындағы репрессияға ұшыраған ұлттық ғылыми мұра мен әдеби жәдігерлер халыққа қайтарылды. Тек орыс әдебиетімен салыстырмалы түрде зерттелініп келген қазақ әдебиеті өз төл тарихи контексіне түсті. «Младописьменный» деп аталған қазақ әдебиеті ата-бабамыздың асыл сөзін қайта зерттеуге бет алды.

1991 жылдан бері қазақ әдебиеті тарихы, қазақ әдеби сын, әдебиет теориясының зерттелуі советтік шеңберден аттап өтіп өзінің шынайы зерттеулеріне ат басын бұрды.

Тәуелсіздік тұсында қазақ әдебиеттану ғылымы ұлттық сөз өнері тарихын, қайта оралған ақтаңдақтарды – Алаш тұлғаларының өмірі мен шығармашылық мұраларын зерттеу ісін қолға алды. Советтік кезеңде айтуға тыйым салынған әдеби-мәдени мұра, ұмытылған әдеби жәдігерлерді жариялау ісі алға қойылды. Абайға дейінгі қазақ әдебиеті нақтылана түсті.

Ұлттық әдебиеттің түп-тамыры терең жатқаны совет кезімен шектеліп келген әдебиеттану үшін басты мәселе болды. «Қорқыт ата» кітабының 1300, «Алпамыс батыр» жырының 1000 жылдықтары түркі тектес елдерге ортақ әдеби жәдігер ретінде арнайы аталып өтілді.

Тәуелсіз кезіндегі қазақ әдебиеттануына *Ақжан Машани* еңбектері ерекше әсер етті. Совет кезіндегі шектеулерге қарамай ғалым сонау соцреализм тұсында

ұлы бабамыз әл-Фарабидің қазақ топырағында туылғанын, оның еңбектерімен таныстырып, насихаттап берді. Ғұламаның әл-Фараби рухы өз Отаны қазақ ортасына қайта оралды. Дүниежүзі кітапханаларын ақтарып шыққан ғалым әл-Фараби еңбектерін жинап, жариялады. 1969 жылы әл-Фарабидің Дамаск қаласындағы Баб ас. зиратын да тапқан – Ақаң еді.

1984 жылы Ақжан әл-Машани Кувейтте шығатын «Әл-Фараби» журналына «Орта Азияның мәдениет шамшырақтары» атты зерттеу жариялаған. Бұл мақалада Иоган Кеплердің «Аспан музыкасы» деген еңбегінің біразы әл-Фарабиден алынғанын ғалым нақты салыстырулар арқылы дәлелдеп берді. Дүниежүзілік Ғылыми орта бұл мәселе төңірегінде әл-Машанидің пікірі толық дәлелді деген тұжырымға келді. Содан бері «Әл-Фарабиді ашқан – әл-Машани» деген сөз тіркесі қолданылып келеді.

Ғалымның «Әл-Фараби мұрасын зерттеу туралы», «Шығыстың Аристотелі», «Әл-Фараби еңбектерін қазақ тіліне аудару туралы», «Әл-Фараби», «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары», «Әл-Фараби және Абай» атты еңбектерінің мәні ерекше. Сонау социализм тұсында қазақ өнері мен әдебиеттану бастауында өзінің төл ғұлама дәстүрі тұр деп айтудың өзі батырлық екені анық. Оны жай айтып қана қоймай, осы сала бойынша зерттеулер жүргізу нағыз ғалымның қолынан шығар іс. Қазақ тарихы осындай ғұламалардың ақталуы арқылы өзінің санасын, ұлттық рухын қайта сезінгендей. Ақжан Машани өз ісін сонау Ахмет Байтұрсынұлы сияқты ұлттың еңсесін, сана-сезімін оятатын, рухын асқақтататын рухани азықты жаңғыртуды басты ғылыми мақсат етіп алғандай.

1985 жылы зиялы қауымның көбі жалтақтап отырғанда Түркістанға барып, Отырар мұражайының ашылуына атсалысты. Содан бері ғалым Қазақстан және шет елдердегі әл-Фараби мұрасын зерттеушілерінің алғашқы ғылыми кеңесшісі болды.

Абайдың 150 жылдық мерейтойы тұсында жарық

көрген «Әл-Фараби және Абай» атты зерттеуі кеңес кезіндегі абайтануға жаңа леп әкелді. Алаш абайтанушылар еңбектерін атай алмаған кеңес кезеңі тұсында Әл-Фарабидің мұрасы арқылы Абайдың алдындағы қазақ даласының дәстүрі бар екенін осылай анықтап берді. Жанаша талдауларымен, қазақтың мың жылдық әдеби, мәдени тарихының үндестігін дәлелдеп берген зерттеу ғылымға қосылған үлкен үлес болды. Ақжан әл-Машани Абай дүниетанымын, қазақ ғылымының бастауы ортағасырлық араб, шығыс елдерінде жатқандығын мәселе етіп көтерді. Осы дәстүрдің көшбастаушысы ұлы әл-Фараби бабамыз болғанын екі дананың арасын жалғастырып тұрған ұлттың басты әдеби құндылықтарын айқындап берді.

Әл-Фарабиден кейін ол дәстүрді Абай жалғастырғанын ғалым ғылыми тұжырымдар арқылы дәлелдеп ғылыми ортаға ұсынды. Абайдың әдеби ой-өрісі, дүниетанымы, парасатты ойшылдығы әл-Фараби ілімін жалғастырушы ретінде тұңғыш рет арнайы талданды. Аңғарған адамға ғалымның сонау кеңес заманында әл-Фараби тұлғасын, оның мұсылмандық мұрасын қазаққа тиісті етіп анықтап беру – үлкен азаматтық іс қана емес еді. Қазақ жабайы, діні жоқ халық емес, оның ата діні – ислам, оның әдеби тұлғалары әл-Фараби, Абай деген ғылыми тұжырым Алаш зиялылары айта алмай кеткен, бірақ «Оян, қазақ!» деп жар салып кеткен ұранында іске асқан еді.

Ежелгі әдеби жәдігер авторы Мұхаммет Хайдар Дулатидің – 500 жылдығы, Абай мен Жамбылдың – 170, М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Ә.Марғұланның – 100 жылдық мерейтойлары ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтілді. Ғылыми-практикалық конференцияларда аталған мұралар тәуелсіз жаңа әдебиеттану тұрғысынан зерделенді. А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабай, Х.Досмұхамедұлы, М.Дулатов мерейтойлары тұңғыш рет ресми түрде атап өтілді.

Аталған тұлғалардың шығармашылығы қайта

қаралып, бұрын белгісіз деректермен толықтырылып, жаңаша тұрғыдан қарастырылды. Осының нәтижесінде келесі жаңа әдебиеттанулық еңбектер жарық көрді. З.Ахметов «Абайдың ақындық әлемі» (1995), Р.Бердібай «Әуезов шыңы», Д.Досжан «Алыптың азабы», Қ.Мұхамедханұлы «Абайдың ақын шәкірттері» (1994), З.Қабдолов «Көзқарас» (1996), «Менің Әуезовім» (1997), Б.Құндақбай «М.Әуезов және театр» (1997), М.Мырзахметұлы «Абайтану тарихы», Р.Нұрғали «М.Әуезов және Алаш» (1997), Т.Жұртбай «Дулыға» (1994), «Алаш ақиықтары» (2006), «Талқы» (1997), Ж.Ысмағұл «Абай: ақындық тағылымы» (1994), «Абай» энциклопедиясы (1995), «М.О.Әуезов өмірі мен шығармашылық шежіресі» (1997), «Әуезов және әлем әдебиеті» (1997-2001), С.Мұқанов – классик (2000), «Жамбыл әлемі», «Түркістан» энциклопедиялары, т.б. жарық көрді.

Аталған басылымдарда бұрын айтылмаған, тыйым салынған деректер кенінен ашылып, тұңғыш рет ежелгі әдебиет, діни түсініктер, саяси себептермен репрессияланған басылымдар арнайы зерттелініп ғылыми қауымға ғана емес жалпы көпшілікке ұсынылды.

Ортағасырлық әдеби мұра, оның алдындағы XI-XV ғасыр аралығындағы сөз өнері зерттеу нысанасына айналды. «Ежелгі әдебиет» деген түсінік анықталып, нақтыланды.

«Младописьменный» деп аталған қазақ әдебиетінің тарихи, оның ежелгі кезеңі бар әдебиет екені енді ғана айқындала түсті. Советтік әдебиетшілер айтқандай, қазақ әдебиеті тек Абайдан бері ғана басталмаған екен. Қазақ әдебиеті өз төл арнасы бар, ежелгі, ортағасырлық дәуірі бар жүйе ретінде қайта зерттелді.

«МЕН ӨЗІМ КӨПТІ КӨРГЕН АҚСАҚАЛМЫН...»

Дәл бұлай айту Жамбылға жарасымды. Жетісу Дөңірінде ақынның табаны тимеген жер бар ма екен, сірә. Кезінде киелі Түркістан өлкесіне сапар тартып барып, оңтүстіктің ақындық дәстүрімен жете танысудың өрнегі Жамбыл өлеңдерінен айқын аңғарылады. Өмірді көру мен көңіліне тоқу жөнінен Жамбыл өз уағының алдыңғы қатарлы перзенті. Қартайып қуаты қайта бастаған шақтағы тап келген қиындық атаулыға мойымаған. Коммунистік жүйенің шексіз қамқорлығына бөленіп, атағы дүркіреп әлемге тарағанда – Аяз би жарықтықтың өсиетін бұлжытпай орындаған Жамбыл ағайынға асып-таспай бұрынғы жаратылысынан бір мысқал өзгеріп көрмеген. Кәрілік терең дендесе де ақыл-ойының тұнықтығынан айырылмай «домбырасын қолға алып» өлең шығарудан танбаған. Мүсініші Хакімжан Наурызбаев: «Жамбыл болмысынан шынайы қазақ болмысын көрем», – дегені тегін емес-ау. Әдебиетші ғалымдардан Жамбылдың ақындығы туралы айтып беруін өтінген едік.

– Жамбыл Жабаев шығармашылығына қатысты біздің әдебиеттануда екі түрлі көзқарас бар. Советтік қазақ әдебиеттануы Жамбылды партия мен коммунизмді мақтаған, советтік дәуірді жырлаған ақын ретінде ғана таныстырады. Ал тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеттануының басты мәселелерінің бірі – Жамбылдың советтік әдебиеттану анықтамай кеткен ақынның көркемдік әлемін зерттеп білу. Кезінде тек партия мен коммунизмді, Сталин мен Ленинді ғана мадақтады деген халық ақынының көркемдік әлемі тек сол тақырыптарға ғана бағытталмағанын қазір анық айтуымыз керек. Жамбыл Жабаевтың шығармашылық ерекшелігін анықтап берген зерттеулердің бірі 2001

жылы шыққан Серік Негимовтің «Ақын-жыраулар поэзиясы» монографиясы. Осы еңбекте Жамбыл шығармашылығы жаңа көзқарас тұрғысынан сараланған. Ақын шығармаларының көбі көзі тірісінде редакциялауға көп түскені айтылады. Маңайындағы хатшылары жыр алыбының көмейінен төгілген күміс жырларына «партия», «пленум» деген сияқты сөздерді қосып отырған. Шынында да Бұқар жырау, Ақтамбердіден келе жатқан жыраулық дәстүрдің ізімен «Отан», «қазақ», «халық», «ұрпақ», «тарих», «дәуір», ұлттық мүдде: «елдің мүддесін жоқтап келдім» деген мәселелерді қозғаған ұлы ақын тек партияны жырлады дегенге кім сенеді? Кейде тақырыпқа қатысты Отанын, яғни Совет үкіметін жырлаған шығар, сол кездегі Сталин мен Лениннің халыққа жасаған істерін сол қоғамның азаматтары ретінде айтқан шығар. Бірақ «Менің пірім – Сүйінбай, сөз сөйлеймін сыйынбай! Сырлы сұлу сөздері – маған тартқан сыйындай!» – дейтін Жамбылды күні-түні тек сол екі көсемді жырлады дегенге қазір біз сенбейміз. Өйткені, ол мүмкін емес. Мәселен, Марк Тарловский Жамбыл туралы былай деген: «Көшпелі сөз зергері, жыр айтудың көшпелі академиясы Жамбыл туған жерінің тауы мен даласын ұзақ жылдар талмастан кезумен өткізген». Менің бір байқағаным, Жамбылдың қай шығармасы болсын, айтысы болсын, біреуге қаратып айтқан сөзі болсын, басты тақырыбы – елдің, қазақтың мүддесін көздеген. Оған бір дәлел – «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», «Саурық батыр» сияқты тарихи тұлғаларға арнаған дастандары. Совет үкіметі кезінде осындай батырларды жоқтауының өзі ұстаным. Яғни ақынның басты тақырыбы ұлт мүддесі болғандықтан тарихи толғаған.

1946 жылы «Сыздыққа» деген өлеңі шыққан. Өлеңнің басты кейіпкері – Кенесары Қасымұлының ұлы Сыздық төре. Осы өлеңде қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының көсемдері Кенесары мен Наурызбай сұлтан бейнелері халық батырлары ретінде алынған. Сыздық сұлтан мен Жамбыл достық қатынаста болған.

1880 жылы Сыздық Кенесарыұлы ақынмен бірге Қырғыздардың Орман ауылына барғаны белгілі. Осы сапардағы айтыста Жамбыл ақын Кенесары, Наурызбай батырлардың ұлт қозғалысының қаһарманы болғанын жырлаған. Егер ақын Советтік заманға риза болған болса, сол кезде атын айтуға тиым салынған Кенесарыны жырлап несі бар? Жамбыл Сыздық төренің басынан өткен тарихының бәрін осы жырында бізге аманат етіп қалдырды. Күні бүгін Сыздық төренің Қырғызға барып анадай істер атқарғаны, тағы да басқа өмірі жайлы Жамбыл жырларынан басқа нақты тарихи деректер бізде жоқ. Совет кезеңінің тарихшылары мұны жазған емес, жазбайды да.

Ақын шығармаларына үңілсеңіз, халықтық сөздерді көп кездестіресіз. Соның ішінде осы күнде қолданыстан түсіп қалған керемет тіркестер көп кездеседі. Мәселен, *«балықша бұлттың жүзгені»*, *«ақ матасы – күмістей, жері кілем – пүліштей»* дейді ақын *«Өтеген батыр»* дастанында. Дастанды ақын *«Жырлаған ескен жел маған, Бұл жырды мен естігем жұлдыздың аққан көгінен»*, деп бастайды. Мұндағы жыр ескен желмен келеді деуі ата-бабадан келе жатқан жыраулық теңеу дәстүрі. Тәуелсіздік кезеңінің қазақ әдебиеттануы Жамбыл Жабаевтың көркемдік әлемін зерттеуге көбірек мән беруі керек. Бұрынғы идеологияға ұшыраған өлеңдерін қайта қарап өз қалпына келтіру қажеттілігі тұр. Ақынның әр өлеңін алып қарасаңыз, «ақ», «алмаз», «асыл», «нұр» деген сөздер көп кездеседі.

Соғыс кезіндегі ленинградтықтарға арнаған өлеңдерінде Отанға деген үлкен сүйіспеншілік сезімі көрінеді. Ұлтына, жеріне қарамай, бүкіл халыққа келіп тұрған қасіретті бір Отанға төнген қауіп деп қабылдауы, Отан деген қасиетті ұғымды ерекше құрметпен сөз етуі, қазаққа ғана тән үлкен аталығының белгісі. *«Қазақтың тиеп алған көп мақалын, Мен өзім көпті көрген ақ сақалмын»*. Төлеген Тоқтаровқа арнаған өлеңінде *«өткір қияқ», «болат қияқ»* деген тіркестер бар. Бұл жерде майдан алаңындағы қазақ жастарының қолдың артында жүрмей,



жарқылдап алғы шепте қол бастаған батырлығын айтып отыр. «Совет гвардеецтеріне» деген өлеңінде «қардан кебін кигізген» деген тіркес кездеседі. Мен мұндай тіркесті басқа ешбір жерден кездестірген емеспін.

Майданда шаһит боп кеткен боздақтарға айтылған мұндай бейнелі сөз, тіпті әлем поэзиясында да жоқ шығар деп ойлаймын. Қай өлеңін алсақ та, атадан қалған асыл сөзді жаңғыртып айтуымен құнды. Оны ақын «Ата-баба мұраты – көздің қара-ағындай» деп өлеңінде де көрсетіп кеткен. «Өтеген батыр» дастанында ел мүддесін жоқтағалы келдім дейді ақын. Ақынның ақындық әлемін анықтап алу қазіргі күннің қажеттілігі. Өйткені, көзі тірісінде мұндай қиянатқа ұшыраған ақын көп емес. Жырау ауызынан шыққан сөздің қағазға қалай түскенін көре алмауы қасырет қой.

Жырларын оқып келе жатқанда толғауларының ішіндегі өзгертілген сөздер анық байқалып тұратыны рас. Ақын Совет кезеңінде сый-құрметті көрді ғой, сол да жеткілікті деп, ол кісіге жасалған қиянатты айтпай қалуға болмайды. Жамбыл жырау – бабалар сөзін жалғастырушы. Жамбылды осы тұрғыдан қарастырудың негізін бізге С.Негимов салып берді. Өлеңдері мен дастандарын сүзіп, өз қалпына келтіру қазақ әдебиеттануының алдында тұрған үлкен міндет. Өлі де болса, Жамбыл ақынның архивін текстологиялық зерттеу нысанына алу өте қажет. Біз осыны мәселе ретінде көтеруіміз керек.

**Дайындаған:
Айнара АШАНОВА**

ЖАНҒА ӘДЕМІ ЖЫР АЗЫҚ

Қазіргі әдебиеттануда Жамбыл шығармашылығына қатысты екі түрлі көзқарас бар. Бірі совет кезінде тоталитарлық биліктің қолдауын көрген ақын десе, енді бірі Жамбыл толғау дәстүрін совет кезіндегі жалғастырған абыз-жырау дейді. Әдебиеттанушы ретінде сіздер не дейсіздер?

Рафат: Жамбыл советтік кезеңге дейін-ақ бүкіл қазаққа белгілі ақын болған. Оның бір мысалы Шашубай Қошқарбаев Алматыға келіп Верныйдағы орыс әкімшілігінде тілмаштық қызмет атқарған, Бақия, Барлыбек, Тұрлыбек, бай саудагерлер Байбұлан, Баймоларрдың үйінде өнерін көрсетіп, өлеңін айтып, гармонын тартып отырып: «Маған осы Жетісудағы ең мықты ақынды алып келіндер, басқасының керегі жоқ, ең мықтысымен айтысамын», – деп талап қояды. Сонда бүкіл Жетісудан Жамбылды таңдап айтысқа алдырған. Әйтпесе Жамбылдың ең бір көлемді әрі қызық айтысы – Сарбаспен өткен айтыс. Ол да осы тәріздес жағдайда басталған. Осы Алматының басында Дулат пен Шапыраштының атқа мінерлері, болысбилері жиналып бір қызық көрмек болады. Ол кезде қазіргі теледидарыңыз, радиоңыз, газет-журналыңыз жоқ, бар қызық осы ақындар айтысы. Сонда Сарбасқа айтысатын ақын таңдағанда тағы да Жамбылды таңдап отыр. Осының өзі Жамбылдың советтік кезеңге дейін де белгілі, елге танымал ақын болғандығын көрсетеді. Ал, енді совет кезіндегі тоталитарлық биліктің қолдауын көрген ақын дегенге ешқандай дау айтудың керегі жоқ. Ұлы Отан соғысы алдында қазақ түгелге жуық сауатты елге айналған болатын. Қазақ әдебиетінің бір ерекшелігі суырып салмалық өнерден келіп профессионалдык

жазба әдебиеттің ішіне шұғыл кіріп кетуі. Ал, енді айта беретін нәрсе Жамбылдың 1936 жылғы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің декадасына қатысуы. Осы туралы әртүрлі пікірлер айтылады. Жамбыл осы декадаға кездейсоқ барған дейді. Ол кездейсоқ бармаған. Сол декадада халық ақынын, суырыпсалма ақынын көрсету туралы талап қойылады. Осыған орай Алматыға он шақты ең белгілі дейтін ақындарды шақырып алып оларға советтік заманды, советтік Қазақстанды жырлау туралы тапсырма береді. Осыған байланысты он шақты ақын өлең айтады. Ол өлеңдер жазылып алынады. Жазылып алынған өлеңдер қазіргі тілмен айтқанда конкурста түседі. Сол конкурста Жамбылдың «Туған еліме» дейтін толғауы жеңіп шыққан. Жамбылдың Мәскеуге кетуі осылай, ешқандай да кездейсоқтық емес. Тоталитарлық кезеңнің билігі Жамбылға да, басқа халық ақындарына да, тіпті жазба әдебиет өкілдеріне әсер етті. Оның жақсы да, жаман да жақтары болды. Ол ұзақ әңгіме.

Айгүл: Жамбыл Жапаұлы қарасаңыз совет кезінен Жабайұлы деп әкесінің аты да дұрыс жазылмай келе жатқан ақын. Рафат айтып кеткендей, Жамбылдың ақындығы совет кезеңіне дейін қалыптасқан. 1913 жылы Романовтар әулетінің үш жүз жылдығы Верныйда, қазіргі Алматы жерінде аталған. Сонда бүкіл ақындарды шақырып алып Романовтар әулетін мадақтайтын өлеңдер жаз дегенде бас тартқан ақындардың ішінде Жамбыл да болған. Ол егер билікке ұнағысы келсе неге сол кезде Романовтарды мақтамасқа. Бас тартқан ақындармен бірге қамалып, тұтқында отырып сөйтіп құтылған ақындардың ішінде осы Жамбыл да болған. Екінші сол кезде Романовтардың мерейтойына байланысты көрме өткізіледі, оған да ақындарды алып келіп мадақтайтын жыр жазуын билік талап еткен кезде Жамбылдың «Өстепкеде» деген өлеңінде маңайындағы соған барған, қатысқан қазақты табалап отырып сол кездегі билікті мазақ еткен келесі өлеңі дүниеге келген:

«Үйсін, Найман саңлағы,
Өстепкеге жиылдың.
Жолдың ұшып шаңдағы,
Алматыға құйылдың.
Елде жүрген егейлер,
Қалада құр үйілдің.
Ұлық көрсең ұйлығып,
Желді күнгі қамыстай
Жапырылып иілдің.
Жүріппіз сыр алыспай,
Жайларыңды түйіндім.
Келтірдіңдер намысты,
Бек қорланып күйіндім.
Бүйтіп қызық көргенше,
Өзі жақсы үйімнің.
Шұлғымаймын сендерше,
Керегі жоқ сыйыңның.
Қор болмаймын өлгенше,
Өлеңіме-ақ сыйыңдым!» – дейді.

Ал, енді «өлеңіме-ақ сыйыңдым!» деп ақын нені меңзеп отыр? «Сөз атасы Сүйінбай, Сөз айтпаған сыйыңбай» деп өзі ұстаз санаған Сүйінбай абыздан бата алған, өлеңді ардың ісі деп түсінген Жамбыл басқаша айтуы мүмкін емес. Сүйінбай ақын қандай бата берді десек, 1982 жылы шыққан Жамбыл Жабаевтың екі томдығының алғы сөзінде профессор Мүсілім Базарбаев былай дейді: «Жас ақынның талантын байқап қалған Сүйінбай Аронұлы мынадай кеңес берген: «Балам, өлеңің жүректің терең түкпірінен жарып шығатын болсын. Жырларың жекелеген адамдарға ғана емес бүкіл халыққа жағатын болсын. Сенің өлеңің адамдарға ақиқат пен әділдікті айтатын болсын. Жырларың ел ішіне кең жайылып, ауыздан-ауызға таралып жүрсін. Сенің өлеңдерің айналаңда болып жатқан оқиғалар жөнінде болсын. Басқалардың әбден жауыр қылып таптап кеткен жеңіл жолын ұстанушы болма» [1]. Жамбыл ұстазының осы аманат-тапсырмасын өмір бойы



естен шығармағандай. Ақын шынында да маңайындағы көрген тіршілікті, өзі кедейден шыққан ортаны, елді қанаған әкімдерден көріп жатқан әділетсіздіктерді өлеңдерінде әшкерелейді. Жамбыл билікке ұнаймын десе Романовтар әулетін мақтап совет үкіметі кезінде де «абыройлы» ақындардың бірі болатын еді. Жамбылдың өлеңдерінің басты тақырыбы сол қарапайым қара қазақ пен елдің қамы. «Жамбыл менің жәй атым, халық менің шын атым» деген ұстаным шынында да Жамбыл поэзиясының, дастандарының басты концепті. Ал, енді Жамбыл неге соншама совет өкіметін қолдады? Романовтар басқарған отаршылдық саясатты қолдамай, оны әшкерелеген ақын кедейліктен көзі ашылмай келе жатқан адам билікке неге қарсы болды? Біріншіден, ол елді қанаған атқамінерлердің әділетсіздіктерін көрді, олардан өзі де жапа шекті. Екіншіден, совет өкіметінің басты ерекшелігі ақын өлеңдерінде айтқандай, «кісі еңбегін жемейтін заман туды» дегенді көргені. Қарайған елдің байлардан қиянатын көрген. Жамбыл үшін бұл маңызды еді. Совет өкіметін жырлаған С.Сейфуллин, Маяковский бастаған ақындар аз емес. Олар шын жеректен советтерге сенген еді. Мысалы, біздің Алаш зиялылары да совет өкіметіне сеніп, «Ресейлік билік кетті, енді совет өкіметінің бір ықпалы болып қалады» деген ниетпен елдің қамы үшін Ленин, Сталинмен келіссөздерге барған. Жамбыл совет өкіметін ғана жырлаған деген үстірт пікірден бас тартып, совет кезіне дейін қалыптасқан ақын екенін және Сүйінбайдың «не айтсаң да маңайындағы ақиқатты айт» деген аманатын арқалаған ақын екені айқын. Жамбылдың шынында да өз заманына қызмет еткені, маңайындағы әділетсіздік пен екіжүзділікті көріп, осыны айтуды басты мақсат еткеніне көзіміз жетеді.

Әдебиеттанушы Мүсілім Базарбаев өз зерттеулерінде: «жыршы Жамбыл, жырау Жамбыл, айтыскер Жамбыл, ақын Жамбыл» деп ақын шығармашылығын төрт салаға бөліп қарастырған. Бұл теориялық зерттеудің мәні ерекше.

Ақын «Көроғлы» лиро-эпостық поэмасын он бес күн жырлаған. Есте сақтау қабілеті ерекше болу тек жыраулық дәстүрге тән, сондықтан Жамбыл жыраулық дәстүрді жаңғыртушы. Біздің институтта «Көроғлы» дастанының бірнеше нұсқасы бар, ал Жамбыл нұсқасы ең көркемі. Қалай алып қарасақ та Жамбыл қолдан жасалған ақын деу қазақ әдебиеттанушыларының, оның ішінде М.Базарбаев сияқты ғалымдардың зерттеулерін ескермеу дер едім. Әдебиеттану ғылымы тұрғанда көлденең біреудің пікірі Жамбыл жырауды жоққа шығара алмайды.

«Өтеген», «Сұраншы», «Көроғлы» дастандары деп аталған поэмалардағы тарихи шындықпен көркемдік шешімнің деңгейін қазір қалайша бағамдауға болады?

Рафат: Бұл аталған жыр-поэмалардың ішіндегі ең көнесі «Көроғлы». Бүкіл түркі халықтарының ішінде кең тараған жыр. Көроғлыны Жамбылдың өзі Құлманбеттен үйрендім дейді. Кімнен үйрендім деп ешкім сұраған жоқ. Құлманбеттен үйрендім деуінің өзі Жамбылдың адами мінезін, кішіпейілдігін көрсетеді. Жамбыл мен Құлманбеттің айтысы өте тартысты өтіп, Жамбыл жеңіп шығады. Құлманбет Алматыда бір өсімқорға ақша қарыз болып қалып Жамбылға келіп «мен осындай қысылып тұр едім, сен мені Шәбденге алып бар» дейді. Қырғызда Шәбден Жантаев деген үлкен манап болған, патша өкіметінен подполковник шені алған. Шәбден қолы ашық кісі болса керек. Шәбденмен бұрыннан таныс Жамбыл Құлманбетті ертіп барып қарызы өтелетіндей қажеттілікті сол жерден тапқан. Осы жолда Жамбыл «Көроғлыны» үйренген, кейін айтып жүрген. Он бес күн айтқан дейді. Оны таңның атысы, кештің батысы деп түсінуге болмайды. Ол кезде көбіне кешке қарай жиналып, жатар орынға дейін айтылатын уақыт. «Көроғлы» жан-жақты зерттелген, диссертациялар да қорғалған дастан. Ал, енді «Өтегенге» тоқталайық. Өтеген – тарихи батыр. Қазақ-қалмақ соғысының ең белгілі батырының

бірі. Өтеген жайында жинақ та құрастырылған. Сол жинақтың ішіндегі ең көлемді және көркемдік деңгейі жоғары шығарма Жамбылдың «Өтегені». Бір ерекшелігі бұл жырдың қазір үш нұсқасы бар. 2014 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы «Жамбылтану және халық ақындары» деген шағын институты Жамбылдың төрт томдық шығармалар жинағын дайындады. Жамбылдың 1982 жылғы жинағында «Өтеген» жырының екі нұсқасы берілген. Ол нұсқаларда Өтеген елге жайлы жер іздеп, елдің қажетін толық ашағындай жерге жетпеген секілді болады. Мұхтар Әуезовтің елу томдығын дайындау барысында ұлттық архивте отырып жұмыс істеген кезде «Подстрочники стихов Джамбула» дейтін папка шықты. Папканың ішінде Жамбыл өлеңдерінің орыс тіліне сөзбе-сөз аудармалары мен бірнеше шығармалары бар екен. Сол шығармалардың ішінде Өтегеннің екі нұсқасы жүр. Ол нұсқаның біреуі 1982 жылғы жинаққа кірген, енді біреуі еш жерде жарияланбаған. Қарап шыққан кезде ана екі нұсқадан финалы мүлдем бөлек болып шықты. Бұл нұсқаны Жаманкеев Әбдіғаппар дейтін кісі 1937 жылы жазып алған екен. Бірақ ол кейін неге әдеби айналымға түспеді, шығармалар жинағына кірмеді дегенде жырда мынадай сөздер бар:

«Әгерде айтқаным көнбесендер,
Бұл жерді ақырында орыс алар.
Бір жұрт бар орыс деген көздері көк,
Өзінің қайрат-күші айласы көп.
Сол келіп шұрайлы жерінді алар,
Қаратып тегісімен елінді алар.
Көнбесең сөйлеп тұрған сөзінді алар,
Жайлаған өрістегі малыңды алар.
Басың байлап, аяғыңа тұсау салар,
Әгерде оныменен қарсы келсең.
Бір шыбындай тәніндегі жаныңды алар»

Мұндай сөздерді советтік кезенде кітап бетіне шығару қиын ғой. Үш нұсқаны салыстырғанда бірінші нұсқадан гөрі екіншісі реалдық сипатқа ауысып, эпостық

әсірелеу азая түседі. Ал, үшінші нұсқада романдық-эпикалық сипатқа көше бастайды. Кеңестік кезеңде жарияланған екі нұсқаның финалында Өтеген Жиделі Байсынды таба алмайды, ондай жер советтік Қазақстан екен деп аяқталады. Үшінші нұсқа финалы зар-заман ақындарының үлгісінде:

...Жеті қыс, бес жыл дегенде,
Осы сенің жеріңе
Орыс келер деп еді.
Орыс келсе бұл жерге,
Ерік кетер деп еді.
Билік кетіп асыңнан,
Дұшпан шығып қасыңнан,
Сенімдік кетер деп еді.
Орыс келсе бұл жерге,
Түймелі шекпен кидірет,
Түрегелтіп сидірет,
Аралда жатқан камалып,
Қазақтың қара халығын,
Бытыратып үлгірет...
Елден шыққан залымдар,
Тазыдай-ақ мойнына
Салып алар қарғыны.
Орыс келсе еліңе,
Би, болыс шығып сол кезде,
Өтірікті шын ғып жандырған,
Сөйлеп кетсе би, болыс,
Есінді алып тандырған.
Ау, елім, елім, елім-ау!
Айтсам тілімді алмадың,
Дегеніме болмадың,
Аралда қалдың қамалып,
Көрерсің енді залалын.
Солдатқа беріп балаңды,
Міндеткер болдың, білдің бе?
Бәлеге басың ілдің бе?..
Орыс келіп алады-ау,

Қайран жерім, қош енді!..
Орыс алар бөлектеп,
Ағып жатқан суыңды,
Құлатады туыңды,
Шығарар бастан буыңды.
Берекесін кетірет,
Тоғай болған нуыңды.
Елім, тілім алмадың,
Айтқаныма болмадың.
Ата безер күн болар,
Ене безер күн болар,
Білімсіз келіп сөйлесе,
Үн шықпайтын күн болар.
Атаның тілін ұл алмас,
Ананың тілін қыз алмас,
Осындай заман кез болар...

деген сияқты жолдар Жамбылдың Отаншылдық, ұлт сүйгіштік қасиетін тереңдете көрсетеді. Жоғарыда ақынның 4 томдығынан айттық. Бұл нұсқа сонда берілді. Жинақта жырдың үш нұсқасының қатар берілуі жыр алыбының жаңа қырларын көрсетумен қатар заман сырын, идеологиялық қысымның шығармашылық тұлғаға әсерін аша түседі.

Ал, «Сұраншы» дастанына келсек, ондағы оқиға болған тұста Жамбыл болмаған. Жамбылдың өзі айтады, Сұраншыны ең алғаш айтқан Сүйінбай деп. Осы «Сұраншы» жырындағы оқиғаның тарихына байланысты әңгімелер ізтестірген кезде мынандай нәрсе анықталды: Сұраншының соғысына Шапырашты тайпасының Есқожа руы мен Екей руының жігіттері қатысады. Сол жігіттердің ішінде Сүйінбай мен ағасы Жұмық та болған. Сұраншы жайында айтқан кезде Сүйінбайдың бір айтысында жиырма шақты ғана жолда Сұраншы жырының үлгісі айтылып өтеді, жырдың схемасы секілді. Ал «Сұраншы» жырын Тезек төренің сұрауымен айтқан дейді. Бұл жазылып алынғаны, қазірге жеткені. Әйтпесе Сүйінбайдың өмір бойы, әр түрлі жағдайда, әр

түрлі нұсқада айтқаны анық. Жамбыл осы «Сұраншы» жырын дамытып көлемін екі-үш есеге дейін үлкейткен. «Сұраншы» жыры Жамбыл айтуында поэмалық сипатта бар. Мұнда қазақтың ерлігі мен ездігі қатар айтылады.

Айгүл: Рафат айтып кеткендей, біздің қазақ жырларында, поэзиясында, айтыстарында қазақтың тарихы жазылған. Біздің тарихымызды Карамзин сияқты отырып жазатын тарихшылар болмаған. 100 томдық қазақ тарихы жазылмаған. Қазақтың ақын-жыраулары айтыс кезінде, не жеке тарихи жырлардың орындаушы ретінде тарихи оқиғаларды өздерінің жырларына кіргізіп отырған. Қазақтың тарихы қазақтың асыл сөздерінде осылай жазылған деп айтып келеміз. Ал, Жамбылдың біз айтып отырған «Өтеген», «Сұраншы», «Көроғлы» мәтіндері – авторлық тарихи поэмалар. Оны мен емес, әдебиеттанушы Мүсілім Базарбаев айтқан. Бұлар лиро-эпикалық поэмалар жанры дейді. Күні бүгін дастандары деп, бір ауыз әдебиеті өкілдерінің жазғанындай айтып келеміз. Ең әуелі ол жырларда тарихи оқиғалар қамтылады, екінші Жамбыл орындаушы емес, автор ретінде айтып отыр. Мәтінде ел түсінсін, сол елге ерлердің батырлығын жеткізейін деп автор мен оқырман арасындағы үлкен эстетикалық, этикалық деңгейдегі қарым-қатынас бар. Жамбыл бұл тарихи жырларды қай кезде жазған? Мен айтқан айтыстарда ел намысын, ру намысын айту үшін осындай тарихи дәлелдер қажет болған. Жамбылдың Құлманбетпен айтысында біз айтып кеткен үш поэманың да алғы бір сюжеттік фабулалық негізі айтылып кеткен.

Жақсылық жамандықты тексереді,
Кім жүйрік, кім шабаны екшеледі.
Елімнің ерлігімен мақтанамын,
Сырт дұшпан бізді көрген сескенеді.
Жалғыз-ақ сен болмасаң таз Құлманбет,
Қай ақынға бұл Жамбыл дес береді.
Батыр Саурық, Сұраншы жаудан өлген,
Халық үшін шәйт болып жанын берген.

Елді қорғап өлгеннің арманы не?
Қалың қазақ құрметтеп соңына ерген.
Мақтанған байларыңның оңғаны жоқ,
Төңіректің төрт бұрышын жалмап өлген...

Бұл сөздерде авторлық ұстаным анық басым түскен.

Мысалы, «елді қорғап өлгеннің арманы не» деп, осы жерде Жамбылдың басты концепті батырларды жоқтау емес, ел үшін шәйт болған батырлар тектілігін алға тарту. Жамбылдың негізгі тақырыбы езіліп қаналып жатқан замандастары. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде Жетісу өңірінде болған шайқаста патша бұйрығын қолдаңдар деп, сол кездегі билік тағы да ақындарды жинаған. Тыл жұмысына қазақтар аттансын дегенге қарсы шыққан тағы да Жамбыл. Неге қарсы шығады? Сол кезде қазақ батырларының ерлігін жырлап жүрген ақын Сұраншы, Саурық сынды батырлардың ұрпақтары неге күрек ұстап, жер қазуға, тыл жұмысына ғана жарайтындай кемсітілген. Оған Жамбыл неге қарсы болмайды? Сондықтан мен ойлаймын Жамбылдың әр шығармасы заман таласына түскен қажеттіліктен туған. Бес уақыт намаз оқыған Жамбыл өз жырларының қағазға қалай түскенін көре алмады: сол кездегі әліпбиді білмеді, бірақ замандастары сияқты Құран сүрелерін білген ақынды сауатсыз деп айқындау совет кезінің елді кеміту дерті. Суырып салма дәстүрлі жыр саласында төгіліп тұрған, сондықтан қазақтың заманы қалай болып кетеді дегенде осындай батырлар болған деп. Солар туралы тарихи, лиро-эпостық жыр айтып тастауды Жамбыл өзіне әдейі бір мақсат етіп қойған деп ойлаймын. Ақындардың сол кезде айтыста шындалатыны белгілі, бірақ арнайы отырып «Өтеген батыр» жырын жырлаудың себебі неде? Былай қарасаңыздар ХХ ғасырдың басында қазақ жерінің тағдыры қалай болып кетеді? Жамбыл сол Романовтар әулетін мадақтаудан бас тартты. Келе жатқан совет өкіметі қазаққа не әкеледі? Қазақтың жер жәннәті Жетісудың тағдыры не болады? деген уайыммен. Мен ойлаймын: «Жамбыл «Өтеген батыр» поэмасын айтқанда қазақтың

қамын ойлайтын ерлері болады ма?» деп. Қазақтың қамын ойлап, қазақтың өрісі кеңейіп, қазаққа жайлы «Жиделі байсын» сияқты өмір іздейтін Ер бар ма? Қазақ Елі үшін оның келешегіне жауапкершілік көтеріп алатын Өтеген сияқты азамат қашан болады? деген үлкен бір арманмен жырланған жыр. Өтеген батыр өмірде болған тарихи тұлға. Дегенмен, XX ғасырдың басында осындай тұлғаны жоқтау себебі де бар. Өтегеннің басты ерекшелігі басқа бір тарихи әскербасы батырлардан елдің қамын ойлап, Жиделі байсынды армандаушы. Асанқайғының Жиделі байсын концепті осылай дамытылған. Осыны аңсап кеткен батырдың әдемі лиро-эпикалық бейнесі суреттелген. Бұл лиро-эпикалық мәтінде Жамбылдың ақындығының әдемі бір тебіренетін кездері бар. Жырау – ел мен биліктің арасындағы бітімгер ғой. Ол ел қорғаны бола біліуімен қатар ел арманын да іздеуші. Бұл Бұқар жыраудан келген жанрлық дәстүр. Жамбыл өте бір нәзік сезімдердің ақыны екені «Өтеген батыр» поэмасында білініп қалады. Жырдың басында былай: *«Ақ көбікке оранып, Толқыны тоқсан бұралып. Арықтай аққан арналы, Жамбыл бір жыр жырласын. Жұрт қиқая тыңдасын Өтеген батыр туралы»* деп айтып алады әлқиссасын. Біздің бүкіл жырлар осылай басталады. Ал, енді келесі сөздерді қараңызшы:

*«Хикая емес бұл өзі, өз жанымнан шығарған,
Есімде жоқ осы жыр қайдан, қалай алынған.
Мұны ызыңдап даладан жырлаған ескен жел маған,
Бұл жырды мен естігем тағы Құлжа үнінен.
Бұл жырды мен естігем бұлбұлдың тәтті күйінен.
Бұл жырды мен естігем Ер Өтеген туралы
саңқылдап шыңның қыраны аңыз еткен күні мен.
Бұл жырды мен естігем құлаған толқын дөңінен,
Бұл жырды мен естігем шөбінен дала гүлінен.
Бұл жырды мен естігем жұлдыздың аққан көгінен,
Бұл жырды мен естігем өрінен ескен желінен,
Бұл жырды мен естігем сай саланың шегінен.
Бұл жырды мен естігем безіп жүріп ауылдан,*

*Бұл жырды мен естігем жыршыдан, ақын
қауымнан.*

*Жылды айналып жыл озып, Өтеген өліп қол үзіп
сапар шекті келмесе,
алай-дағы тарихтың аузында қалды халықтың аңыз
қалды өлмесе».*

Бұл жырды мен естігем деу арқылы тыңдаушысының үңіліп тыңдауына, екіншіден өзі бір осыншама ғажайып үлгілі бір сөздер айтайын деп отырғанына ұйып, өзі де таң қалып, қайдан естідім, қайдан келді дегенді тыңдаушысымен бірге бөлісіп, бұл сөз менікі емес халыктікі дегенді автор алға тартады: Қазақтың ерлері осындай болған деген сөзді айту үшін. Жамбылға осындай лирикалық толғау сөздер тән деп бұрын кім ойлаған? Біз білетін Жамбыл совет кезінде тек Ленин, партия, пленум мен Сталинді жазды деп бізге үйретіп келген. Жамбыл қолынан домбырасын түсірмеген жырау екені осылай айқындала түседі. Жамбылдың әр сөз мәтіні домбырамен шертіп отырып орындауға ыңғайлы.

«Халық үшін қасық қанымыз,
Аяусыз болсын жанымыз» деген ақын «Өтеген батыр» дастанында. Бұны концепт дейміз, концепт деген әр ақынның, жазушының шығармасындағы басты түйінді сөздер. Сондықтан Жамбыл мәтінінде осындай мақал-мәтел сияқты сөздер аз емес.

«Сыздық Сұлтанға» толғауындағы ұлт-азаттық қозғалыстың қаһарманы Кенесары ханның бейнесін совет кезінде суреттеуі Жамбылдың жыраулық ұстанымы ма, әлде совет үкіметіне көрсеткен қыры ма?

Рафат: Жамбылдың «Сыздық Сұлтанға» дейтін өлеңі ақынның жүз жылдығына орай шығарылған толық жинағында беріліп, онан кейінгі жинақтарынан алынып тасталған. Сыздық сұлтан 1884 жылы Жетісуға келіп, өзінің қырғызға бара жатқаны туралы бұйымтайын айтып, бір топ жолдастарымен қырғызға аттанады. Олардың ішінде бір топ ақындар – Жамбыл мен оның



шәкірттері, әрі батыр, әрі ақын Мақыш Райымбеков, Кенен Әзірбаев, Сарыбай Айдосұлы дейтін қазақтың үлкен биі болған. Қырғыздар Сыздықтың келуінен қатты сескеніп, әкесінің кегін алуға келе жатыр ма деген ойда болады. 1946 жылғы жинақта берілген түсініктемеде Сыздық: «мен сендермен шабысқалы келгенім жоқ, табысқалы келдім. Сен де туысқанымсың жан ашуы үстінде әкемді өлтірдің деп кінә қояр жайым жоқ. Жалғыз-ақ тілегім әкемнің сүйегін бер, аталарыма қосайын, алтын жүзігін бер, қолыма салайын, сары қасқа ерін бер, астыма мінейін, бұйымтайым осы-ақ», – дейді. Сыздық Сұлтанның келуі жайындағы әңгімені үлкен кісілер айтып отыратын. Сондағы Жамбылдың Сыздық Сұлтанға айтқаны:

*«Сәлем бердім, алдияр,
Орын бердің қасыңнан.
Сен бір қалған көз едің
Кенесары асылдан.
Сыздық атың жайылды
Бұл өңірге жасыңнан.
Айбатыңды көргенде,
Дұшпандарың бас ұрған.
Даңқыңды естіп жүруші ем
Шартарапқа шашылған.
Ақ жүзіңді көрген соң,
Енді мауқым басылған.
Ауылға жүр, қонақ бол,
Атан алып, ат мініп,
Ағайынға беріп қол,
Аттанарсың, Сыдеке,
Ата жолы деген сол!
Арнап келіп алғаның
Алтын жүзік, сары қасқа ер.
Атаңыздың аруағын
Сыйлайды екен бір тайты ел.
Екеуінің қалғаны-
Он бір жыра деген жер.*

*Оны да айтты ағайын,
Іштен шықты қайғы-шер.
Атаның не арманы –
Іздеп келіп артынан,
Бата қылса сіздей Ер!»*

Бұл өлеңнен Жамбылдың Сыздыққа деген үлкен құрметін көресің. Сыздықтың жасы Жамбылдан онша үлкен емес. Сыздық Кенесары қайтқанда он-он бір жаста қалған бала, Жамбыл Кенесары өлердің алдында ғана туған. Кенесары, Наурызбайдың сүйегі Жамбыл айтқан «Он бір жыра» деген жер басқа деректерде де бар. Сары қасқа ер деген айтылды ғой, сол ерді бір қойшы мініп жүр екен, қырғыздар Сыздыққа әкеп береді. Сыздық қанжармен тіліп ішінен білеу-білеу алтын, кейбір деректерде гауһар алды дейді. Сонан ел тараған кезде Сыздық жаңағы ердің ішінен алған алтынды Сарыбайға беріп: «Сарыбай, сен еліңді жинап жүр екенсің. Мына алтынды сол еліңе жарат», – деп айтқан дейді. Бірақ Сарыбай «Жоқ, алтынды өзіңіз алыңыз, әкеңізден қалған мұра. Жол-жөнекей кездескен ел болса, солардың қайтуларына жәрдемдессеңіз болды», – деп Сыздықты шапырашты елі үлкен құрметпен шығарып салған.

Ал, енді Кенесары, Наурызбай, Сыздық тақырыбында Жамбылдың тағы бір өте құнды шығармасы «есте қалған әңгімелерден» деп аталады. Бұл шығарма Ұлттық ғылым академиясының Ғылыми кітапханасының қолжазба қорында сақталған. Ұзақ жылдар еш жерде жарияланбаған, ең алғаш рет фольклортанушы Кенжехан Матыжанов жариялаған. Бұл қара сөзбен өлең араласқан шығарма. «Есте қалған әңгімелер» былай басталады: «Кенесары, Наурызбай заманында жаннан асқан ер болды. Қазақты орысқа бермеймін деп, Сарыарқада соғыс салды. Ақмоланы, Ақтауды, Адырлы қалаларын алып, солдаттарды қойдай қырды. Бірақ жер дүниені алып қаптаған патша әскері азаймады, күн сайын көбея берді, зеңбірегін сүйретіп, Кенесары, Наурызбайдың соңынан қалмады» дейді. Сосын әрі қарай Кенесарының

тілеуіндемін деп жүрген байлардың, төрелердің барлығы да патша әскеріне болысып кетеді. Елдің ішіне іріткі салды дейді. Бұл да тарихтан белгілі жағдайлар. Іленің Балқашқа құяр сағасында біраз жатып, әскерінің біразын таратып, қайтадан Жетісуға келгеннен кейін жергілікті батырлар Сұраншы, Саурық, Байзақ, Сыпатай, Рүстем төре қарсы алды дейді.

Айгүл: Кенесары хан мен Наурызбайдың өмірі үзілген жердің аты осы жырда айтылып кеткен «Он бір жыра» деген мекенді біздің тарихшыларымыз осы жыр арқылы да біледі. Тарихи мағлұматтар осылай қазақ поэзиясындағы деректермен де нақтыланы түсуде. Жамбыл бастаған қазақ ақындарының өлеңдерінде тарихи шындық пен соғысқа қатысты басты топонимикалық мағлұматтар сақталған. Он жылға созылған Кенесарының соғысы қалай өтті? Жергілікті халықтың қолдау деңгейі, Ұлы жүздің батырлары да қолдау көрсеткендігі жайында Жамбылдың өлеңінен мәлімет аламыз. Сыпатайдың сатқындығы болғаны туралы тарихшылар: «Ол сатқындық емес, қырғыз елі мен қазақ елінің болашағын ойлаған дипломатиялық шешім болды» дегенімен Жамбылдың айтыстарында бұл сатқындық екені айтылады. Келмей бұғып қалу ер Сыпатайға тән емес еді деп шындықты шынайылықпен айтатын Жамбыл ғана. Ұлт азаттық көтерілістің қаһарманы Кенесары ханға қатысты соғыстың әділ болғанын және оны іздеп келген сіздей ұрпақ ер екен деп те Сыздыққа деген ерекше ілтипат қана емес. Жамбылдың жыраулық жүрегінен шыққан бұл сөздер тебіреніп әр қазақтың жүрегіне күні бүгін әсер ететіні анық. Екіншіден Сыздық Сұлтаннның қасында сол кезде жүру үшін айтарлықтай азаматтық пен ерлік ұстаным керек еді. Ұлт-азаттық көтерілісті Кенесары елді біріктіру үшін іске асырғанын Жамбыл осы ретте анық аңғартқан. Сондықтан Жамбыл өзінің басты тақырыбы ел мен билік арасында жүріп, ел қорғаны бола алған ер, батырлар болған деген тақырыпты осы өлеңде де

ұстанған. Қазақтың атынан Кенесарыны ұрпағымен бірге жоқтап барып, «оның іздеушісі бүкіл қазақ» деп айтуы келесі ұрпақтарға ой қалдырған Жамбыл жыраудың аманаты іспетті. Сондықтан ақынның тек Ленин, Сталин мен партия ғана демегені осы өлең арқылы да айқын.

Ақын поэмалары мен өлеңдеріндегі метафора, қанатты сөздер, бейнелі сөздер мен символдар, ұлттық құндылықтарды меңзейтін басты концептердің тоталитарлық шеңбердегі поэзияда орын алуы ақын даралығының дәлелі емес пе?

Рафат: Бұл сұрақ теориялық мәселе екен. Осы сұраққа теоретик ғалым Айгүлдың жауап бергені дұрыс деп ойлаймын.

Айгүл: Бұл сұраққа жауап беру үшін қазіргі әдебиет теориясы жетістіктері тұрғысынан Жамбыл жырау шығармаларын қайта қарап шықтық. Кезінде Мәскеуде қазақтар поэзиясынан диссертация қорғаған теоретик, Қазақстанның сыртқы істер министрі, 2 рет Мәдениет министрі, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының тұңғыш директоры болған ғалым Мүсілім Базарбаев Жамбылдың өлеңдерінің теориялық негіздерін былай деп айтыпты: «Жамбыл ауызекі поэзияда кәдімгі жазба әдебиетке жақын келген ақын. Өлеңді жаңа түр, жаңа сапамен байытты. Ақындықтың шеберлігінің ұшталып, жетіле түсуіне жалпы совет мәдениетінің жоғары идеялық көркемдік мақсаты әсер етті. Жамбыл көп жазған өлеңдік формасы – жыр. Ақынның жырлары көлемі жағынан мол халық мақалы мен мәтелдеріне бай, тарихи оқиғалардың кең қамтитын белгілі бір тақырыпта арналған ұзақ өлең түріне келеді. Жыр қазақтың батырлық эпосына тән өлеңдік форма» [1. 17] деп келіп, М.Базарбаев осы жырды совет кезінде Жамбыл былай дамытты деп бұл жанрдың дамытылған түрлерін анықтап береді. Бұл енді поэзия зерттеген кәсіби маманның сөзі: «Жамбыл жырының бір қасиеті оның бас-аяғы жинақы, төгіліп айтуға ыңғайлы болып келуі. Жырдың халық арасында көп таралуы сонан да болады. Жалпы алғанда

жыр ақынның қалауынша сан алуан ұйқаста шығарылған. Бұл әрине ақынның шеберлігіне байланысты. Ақын кейде ондаған жолдар бойы шұбартпалы ұйқас қолданса, кейде кезек ұйқаспен кетеді. Шұбыртпалы ұйқас өлеңге ырғақтық өткірлік, әуезділік береді. Ақын айтайын деген әсерлі өз ойын сөз тасқынымен демалмастан бір ақ айтып шыққысы келетін сияқты. Жамбыл жырларының осындай ерекшелік қасиеттері жырды құнды ете түскен. Алайда ақын өлеңін орысшаға аударушылар оны түпнұсқадағыдай әдемі әуезді ұйқасын өз дәрежесінде бере алмай келеді» [1. 18], – деп М.Базарбаев өз сөзін айтқан. Жамбыл ақынның поэтикалық дискурсы мен аудармалары кемшіліктері осылай айқындалған. Орысша аудармасында ұйқасы сақталмайды тек сөзбе-сөз тармақтар орын алған. Теоретик М.Базарбаевтың келесі пікірі де құнды тұжырым: «Жамбылдың өлеңдерінде төрт жолдық қара өлең жиі кездеседі. Бірақ сол төрт жолды өлеңдері қазақтың ауызекі қара өлеңдерінен басқаша» [1. 18]. Несімен басқаша? Бұл формадағы өлеңдері белгілі бір аяқталған ойды білдіретін көлемі мен ұйқасы жағынан шебер түзілген он бір буынды туындылар болып келеді. Аталған пікір нақты талдаулар арқылы айқындалған. М.Базарбаев анықтаған Жамбыл дискурсындағы көркем эпитет, өткір теңеу, ұнамды метафора, кейіптеу, орынды әсірелеу мұның бәрі Жамбыл жыраудың ақындық әлемінің сәулелері. «Бұл элементтер Жамбыл өлеңдерін тек әдемілік жағынан дамытып қана қоймайды, сонымен бірге олар шығарманың идеялық мазмұнын айқындайды» [1. 18]. Мысалы, Жамбыл творчествосы деп ғалым бірнеше метафораларды бөліп алып қарастырған. Келесі өлең шумақтарына назар аударайық:

*Астананы аралап, Қызықтың көрдім талайын,
Гүлденген бақша, тас көше, Зәулім биік сарайын.
Сән-салтанат тамаша, Көз тоймайтын қараса,
Қайсыбірін санайын, Халықы алды қарсы алып
Еңбекте келіп бас қосқан, Өзіммен туған ағайын,*

*Еңбектің кені – Астана, Ақылдың кені – Астана,
Бақыттың кені – Астана, Қызығыңа теңеу жоқ,
Жоқты қайдан табайын.*

Өткенде бір дәрісімде осы өлеңді оқып беріп, кімнің өлеңі десем, Ш.Сариевтікі ма? деп біреулер қиналып қалды. Бүгінгі Астанамыз туралы жазылғандай. Бұл Мәскеу туралы Жамбылдың жыры.

Жамбылдың сөзі М.Базарбаев айтқандай, шұбыртпалы ұйқаспен келеді де ақын сөзді теріп алып сол сөздерді оқырмандардың жүрегіне жететіндей етіп мақал етіп жібереді. Көбі қанатты сөздер болып кете барады. «Жамбыл – менің жай атым, Халық – менің шын атым!» деген сөздер Жамбылдың басты сөздері. Сондай-ақ, ердің ерлігі, халықтың мұңы, халықтың мүддесі, әділдік керек халыққа, ел намысын қорғаушы деген сияқты сөздер Жамбыл жырының басты концепті. Оны теріп аламын деп жырау өзі айтып отырады. Қазақтың жоғын жоқтаушы о бастан жалғыз мен деп айтпайды жырау:

«Өшпейді халық жыры қартаймайды,
Өшеді деп оны ешкім де айта алмайды.
Халықтың жүрегінен түкпірінен
Төгілген күй – шын жорға тайпалмайды»

Жыр бұл халық сөзі, менен кейін де жалғасады, - деп санайды.

«Алтындай ел ішінде сақталынған,
Сұлу жыр судан тұнық шайқалмайды.
Еске алам ертегідей ер де өткен,
Талай жан жүрегінің жырын төккен.
Еңіреп ен даладан бақыт іздеп,
Таба алмай Асан қайғы аңсап өткен.
Құландай тақтан безген Қорқыт қаңғып,
Кездеспей көркем ол да кеткен»

Жамбыл жырау елдің жоғын жоқтаған тұлғалар болғандығын осылай еске салады. Өзіне дейінгі дәстүрді мойындау арқылы ақын «мен солардың жоқтаушысымын» деп өзін қарапайым ұстайды. Жамбыл домбырасын қолына алған қазақтың ақыны ретінде өзін

қалай сезінеді, өзіне қалай баға береді? Ол туралы былай дейді:

Халық үшін төрге төсек етер,
Ағарған сақалымен шашын Жамбыл.
Көтерген төбе көкке тірелгенше,
Иеді көпшілікке басын Жамбыл.

Басын көпшілікке июі бұл біріншіден, жыраулық шарт, екіншіден мұсылмандықтың белгісі. Бес уақыт намазын оқыған жырау үшін халық алдында иілу оның міндеті.

Кәрі Жамбыл жасарып
Отан үшін майданға
Барады Жамбыл майданға,
Өлеңнің көлін тастырған.

М.Базарбаев айтқандай, ақын үшін Отан ең басты ұғым Алғайдайға жазған хаттары мен басқа толғаулары болсын «Отан үшін» деген сөздер басым.

Домбыраны қолға алсам
Ағылған күй мен жыр көрем.
Өміріме көз салсам,
Жайнаған жарқын нұр көрем.

Жырау мәтінінде «нұр», «алтын», «ақ», «отан» «намыс» «ер» деген сөздер көп кездеседі. «Жер байлығы болмаса, жерден алтын шығар ма? Ел қамын ойлар ер болмаса, елден ақыл шығар ма?».

Ер мен ез дейтін түсінікті жырау осылай нақтылап берген.

Дос-жараным өренім,
Сүйіншімен келіпті.
Бәрін бөліп денемнің,
Бір қуаныш ерітті.
Қарт жыраудың жырына
Ұлы сыйлық беріпті.

Жамбылға совет заманында жыраулықты қимай, ауыз әдебиетінің өкілі дегенмен шектеліп келдік.

Жырау асыл сөз туралы былай депті: «*Кең далаға симаған, Осы егінді жинаған. Осы құтты жырлаған, Жанға әдемі жыр азық*» дейді

Адам жанына қажетті сөз айта білу – ақын мақсаты. Сондықтан жыр адам жанына қажетті рухани азық. Жыраулық-ақындық дәстүрдің басты мақсаты – тыңдарман қауымға қажетті сөз айта білу. Осы дәстүрді әбден меңгерген Жамбыл адамның санасына қажетті сөздерді өзі айтқандай, оқ ретінде адам жүрегіне тигізуді жақсы білген. «Жанға әдемі жыр азық» деген сөйлемде Жамбылдың дискурстық ерекшелігі тұр.

Соғыс тақырыбында да ақын өзіне ғана тән белгілі метафоралық сөздерді ұтымды қолдана білген.

*Жаңбырдай оғын боратып,
Ерлерім жауды қиратып.
Қан майданда қаруын,
Душпанға сілтеп қамдаған.
Қазақстан ұлдары,
Желбіреп қолда тулары.*

.....
*Ажалды жеңген арменен,
Өмір берген нұрменен
Жігерлен жайна жігіттер
Қаруды құлаш сермеген.*

Келесе метафораның жөні ерекше: «Оққа көзін ойғызып, Қардан кебін кигізіп...». Бұл әлем поэзиясында сирек кездесетін теңеу. Адамзаттық соғыстарда қаншама мәйіт қардың үстінде көмусіз қалды ғой. Мен осы метафораны Мәскеуде бір лекцияда айттым. «Қардан кебін кигізген» деп соғыста шәһит болған ерлер туралы бұл теңеу тыңдаушыларды қатты тебірентті, ерекше әсер етті. Осыны Жамбыл айтты десем олар таң қалды. Сталинді мақтаған ақынға көбісі мұндай теңеуді қимады.

Мүслім Базарбаев айтқандай, Жамбыл – лирик ақын. Оған дәлел келесі жыр жолдары:

*Сарғайып атқан таң ба екен?
Сары аяқ болған бар ма екен?
Сарғайып қан шақырсам,
Алғайым келер күн бар ма екен? – дейді.*

Келесі шумақта жыраудың ұстанымы айқындалған:

*Еріксіз он сегіз жас мінгізді атқа,
Бір Жамбыл бөлінгендей екі жаққа.
Бір жағы қайнап өскен қалың елім,
Бір жағы атқа мінген бай мен датқа.*

Жамбыл әділдікті жақтап, ел мұңын айта білген. Оған дәлел «Менің өмірім» өлеңінде: Манаптар Жамбылдан «Ханды мақтағалы келдің бе? Даттағалы келдің бе?» дегенінде «Екеуі де емес, елдің мұңын жоқтағалы келдім» деп жауап береді. Бұл Жамбыл ақынның басты тақырыбы.

Жамбылдың шығармашылық әлемінің дискурсын анықтайтын кез келгені анық. С.Негимов көрсеткендей, Жамбыл мәтіндерінде ақынның төгіліп келе жатқан сөздерінің арасына сырттан, контекстен тыс қосылған «жабайы» сөздер бар екені анық. Мұндай қиянаттар аталған поэмаларда көп кездеспейді.

Рафат: Жамбыл мәтіндерінде, ақынның төгіліп тұрған сөздерінің арасында сырттан контекстен қосылған «жабайы» сөз бар деу арнайы текстологиялық, теориялық, поэтикалық зерттеулерді қажет ететін нәрсе.

Ұлттық ғылым академиясы ғылыми кітапханасының қолжазба қорында Жамбылдың Сарбаспен айтысының төте жазуындағы қолжазбасы сақталған. Айтыстың мәтінін 1927 жылы Сабыр Шарипов Ұзынағашта өткен «Қосшылар одағының» жиынында жазып алған. Бұл нұсқа ақынның жинақтарында беріліп келе жатқан нұсқаларынан 3 есе артық. Қолжазбаның көп жері тігінен сызылған, оны жинақтардағы мәтіндермен салыстырғанда сызылған жерлері жинаққа кірмегені анықталды. Ақынның осындай қысқартылған шығармалары әлі де табылуы әбден мүмкін.

1936 жылы Жамбыл Мәскеуге декадаға барып келгеннен кейін хатшылар тағайындаған, хатшыларға еңбек ақы, жолкүре төленіп, Жамбылдың шығармаларын жазып алу тапсырылды. Бірақ ең негізгі нәрсе – Жамбылға советтік заманның жетістіктерін, коммунистік

партияның тұлғаларын жаздырту тапсырылған болатын. Осы талаптар 1936 жылдан бастап қатты қолға алынды. Әйтпесе Жамбыл Сталинді, Ворошиловтың, Чапаевтардың кімекенін қайдан білсін?! Хатшылары келіп осы тектес тақырыптарға өлең айтқызды. Мен бірер жыл «Жамбыл» музейінде жұмыс істеген кезде Жамбылдың тұрған үйлерінің қалай, қашан салынғаны, кімдер қызмет еткені жайлы біраз деректер жинаған болатынмын. 1936 жылы Жамбылға алғашқы үй салынады. Ол үйбір кезде Кәстек ауданның орталығы болған Қарақыстақтағы бір советтік мекемеге қызмет етіп тұрған ағаш үйді көшіріп тұрғызғын. Онан кейін 1938 жылы қазір Музей болып тұрған үлкен үйді салған. Осы үйлерді салған кезде ауылда «Ерназар» атындағы колхоз болған. Колхоздың бастығы Мыржиев Тұрап дейтін кісі Жамбылдың жақын ағайыны. Колхоз Жамбылдың хатшыларының, Жамбылға келген қонақтардың тамағы мен басқа қажеттіліктерін қамтамасыз етіп отырған. Сейілхан дейтін кісі завхоз болған. Завхоздың міндеті Алматыдан Жамбылға келімді-кетімді кісілерге, хатшыларына қажетті азық-түліктер алып келу. Ауылда шалдар колбаса дейтінді, консерві дегенді сонда көрдік деп айтатын. Сейілхан қазіргі белгілі ақын қыз Роза Сейілханның атасы. Онан кейін Шустер дейтін ұлты еврей кісі радио орнатқан. Радио келтіріп, Жамбылдың 1936 жылғы үйінің шатырының үстіне репродуктор қойған. Түстен кейін сағат 4-5 шамасында қосылады екен. Ауылдың адамдары бір-біріне «Әй, жүр радио тыңдаймыз» деп Жамбылдың үйінің айналасына келіп, шөптің үстіне жантайып жатып радио тыңдаған. Шустер шағын электр станциясын орнатқан. Электр станция Жамбылдың мәшинесі тұрған гараждың бір шетінде әлі күнге дейін тұр. Сол станция Жамбылдың үйі мен оған көрші 4-5 үйге тоқ беріп тұрған. Шустер сол кезде әскерге баратын жаста, бірақ осы Жамбылдың үйінде жүріп радиосын қосып, жарығын жағып соғысқа барған жоқ. Сонымен қатар ауылдан Нағашыбек Байсабаев дейтін кісі кейін, Грегорий, Жамбыл «Гришка» дейді екен, сол кісі шофер

болған. Жамбылға қызмет еткендердің бірі де 1936-1937 жылғы репрессияға іліккен жоқ, әскерге алынбаған. Жаңағы Сейілхан дейтін атамыз ғана майданға аттанып кеткен. Военкомат «әскерге кету керек» деп артына түскен. Бір күні Жамбыл Алматыға ма, бір жаққа ұзап кеткенде әскерге алып кеткен. Қалған ешқайсысы әскерге де, репрессияға да ілінген жоқ. Жамбылдың әкесінің Тәйтi дейтiн бауыры болған. Екi рет Меккеге барып, екiншi ретте Меккеден қайтпаған. Соның Сатыш дейтiн баласының екiншi әйелi Қантай апа аспаздық қызметте болған. Тек Жамбыл ғана емес, жаңағы бiз атап өткен хатшылар, қызметшiлер, жан-жақтан келген қонақтардың бәрiне ас әзiрлеп отырған. Сол Қантай апа айтатын: «Дүр етiп есiктiң алдына мәшине келiп тоқтай қалатын, iшiнен сау етiп жазушылар түсетiн. Олар кеп Жамбылды қоршап алып, Жәке, мынандай дейтiн адам бар, мынандай дейтiн коммунист бар соны айтыңыз дейтiн, Жамбыл үрпiйiп қорқып кететiн. «Ей, сендер менi неге зорлайсындар. Сендер онан да менiң өзiмнiң айтқандарымды жазып алмайсындар ма» дейдi екен. Бiрақ ол тапсырма, оның артында партия отыр, НКВД тұр, сонан аман қалу үшiн жанын қоймай Жамбылға советтiк, партиялық тақырыптардағы өлеңдердi айтқызатын. Жамбылға хатшылардың керi әсерi дәл осы тұрғыдан ба деп ойлаймын. Ал, ендi тiкелей шығармашылығына әсерi дегенде Жамбылдың 1936 жылға дейiнгi шығармаларына, жырларына, айтыстарына хатшылардың көркемдiк тұрғыда елеулi әсерi болған жоқ. Бiрақ бiрен-саран бар. Мысалы Академияның қолжазба қорында Жамбылдың Сарбаспен айтысының екi нұсқасы бар. Бiреуi мәшенкеге басылған, қазiргi кiтаптарға шығып жүргенi сол. Онан кейiн кiтапқа шығып жүрген нұсқадан үш есе үлкен араб жазуындағы нұсқа. Мәшенкеге басылған нұсқада қаламсаппен өзгертiлген жерлер бар. Мәселен, орыс деген сөздiң үстiн сызып «крестян» деп қойған. Сонда Жамбылды интернационалист қылуға, атеист қылуға тырысқандары байқалады. Осындай-осындай түзетулер анық көз көрген нәрсе, ал, ендi өлеңнiң мәтiнiн оқып

отырып оның ішінен редакцияланған жерлерді тауып алу қиын нәрсе. Шұқшия зерттеп анықтау керек. Арабша қолжазба бір бағанға жазылған, бір жерлерінде параллельді жолдар бар, араб жазуымен жазылған, бірақ сиясы мен қолтаңбасы да басқа. Қарап отырсаңыз тағы да Жамбылды советтік идеологиялық талаптарға жақындатуға арналған жолдар. Осындай даусыз нәрселер бар. Ал, енді мәтін арасынан теріп алу арнайы зерттеулерді қажет етеді. Жамбылдың кенже баласы Тезекбай аға Жамбылдың өлеңдерін айтатын. Соны естіп мәз боп жүре бергенбіз. Жазып алғамыз жоқ. Тезекбай ағаның тілі өте шешен еді. Қара сөзбен сөйлеген кезде құйылып, өлеңдей болып кететін. Шамғали Сарыбаевтың, Есмахамбет Смайловтар, Сапарғали Бегалиндердің, т.б жазғандары бар және ауыл ақсақалдарынан естігенбіз Жамбыл мынандай-мынандай нәрселерді айтқан дейді. Мәселен, Жамбыл бірнеше күн қатарынан Манасты, Мың бір түнді өлеңмен жырлайтын болған. Қобыланды жырын он бес күн айтады екен. Он бес күн болғанда, он бес кеш. Қазіргі біз білетін Қобыланды он бес күнге жетпейді. Осылардың бәрі жазылып алынған жоқ. Басқа да көптеген шығармалар. Жамбылдың өзінің шығармалары. Хатшыларға тапсырма берілген, олар берілген тапсырманы орындады. Кузнецов деген аудармашы болған, жаман емес жақсы-ақ адам болған, бірақ оның тағдыры өте қызық. Өзі журналист, біршама жақсы прозаик, біршама ақын болған. Кәдімгі «Казахстанская правда» газетінде жүрген кезінде отыз бесінші жылдардың өзінде біреулер артына түсіп соттатпақ болған. Не істеу керек? Амал жоқ, совет үкіметін жырлайтын дүниелер табу керек. Бір Майымбет дейтін ақыннан естідім деп орысша өлеңдер берген. Өне бір жылдары Ұлттық кітапханада «Казахстанская правда» газетінің 1936-1937 жылғы сандарын оқып отырып көрдім, тіпті суреті де тұратын, қолмен салынған сурет секілді. Сонан 1936 жылы Кузнецовқа айтады ғой, Майымбетті тауып бер деп, Майымбет өмірде болмаған адам, Кузнецов жан

сақтау үшін Майымбет айтқан деп советтік, Сталиндік өлеңдер берген. Сонан кейін Кузнецов «семьясымен Қытайға өтіп кетіпті» деп әрең құтылған. Сондай қиын кезеңдер болды. Жамбылдың өлеңдерін де аударды, әрине жалғыз емес, осы Кузнецовпен шамалас көлемде Константин Алтайский және басқа бір топ ақындар аударды. Сабыр Шарипов Жамбылдың Сарбаспен айтысын 1927 жылы жазып алған. Қазір бұл қолжазба Ұлттық ғылым академиясының кітапханасында тұр. Құлманбетпен айтысын Сәкен Сейфуллин 1931 жылы шыққан «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» жинағына кіргізген. Тек қана Жамбылдың емес, басқа да халық ақындарының, М.О.Әуезов айтқан дара ақындардың көбінің тағдыры осындай. Шығармаларының көбі бізге түпнұсқада жете қойған жоқ.

Айгүл: Осыған байланысты Тәуелсіздік кездегі Жамбылдың зерттеушісі теоретик С.Негимов «Ақын-жыраулар поэзиясы» [2] деген зерттеуінде былай дейді: «Жамбылдың шығармашылығының басылымдарында қайшылықтар да кездеседі. Ақынның «Менің өмірім» деген жыр-хикаясында мынадай шумақ бар: «

Қазақтың қанға құмар Кене ханы,

Кеше ғана басылды шыққан шаңы.

Хан болмады қан ішер қасқыр болды,

Белгісі жоқ көмілген моласы әні» дегені 1946

жылғы басылымда жоқ.

1955 жылы жарияланған үш томдығының екінші томында, 252 бет және 1982 жылы жарық көрген екі томдық шығармалар жинағының екінші томында берілген. Алайда екі түрлі сөйлеу Жамбыл тәрізді мінезді ақынға тән емес. Бұл әдеби хатшының қосып жібергені ме, әлде газет редакциясының ісі ме немесе баспа қызметкерлерінің «жақсылығы» ма? Қалай болған күнде де себебі – біреу. Ол отаршылдық саясатқа құлдық ұрудан туған ғой» – дейді ғалым.

С.Негимовтің өзі анықтағандай, шынында да Кенесары ханның Сыздығымен бірге жүріп, Кене ханның ерлігін дәріптеп, Сыздық сұлтанмен дос болған

Жамбылға мұндай сөздер тән емес. Сондықтан мен осы жерде С.Негимовпен толық келісемін. С.Негимовтың теориялық талдауы осы ретте дәлелді келтірілген.

Л.Н.Толстой туралы да «Бұзық шал» дегендей қысыр әңгімелер бар. Бес уақыт намазын қаза қылмаған Жамбыл туралы неге ел әдепсіз әңгімелерді айтуға, таратуға құмар?

Рафат: Бес уақыт намаз жайында айтқаның өте дұрыс. Жамбыл музейінде істеп жүргенде осы намаз жайында бірталай адамдардан сұрағанмын. Жамбыл бес уақыт намазын қаза етпеген. Ал, енді Жамбыл арабша хаттаныды ма, танымады ма, ол жайында анық мәлімет жоқ. Әдепсіз әңгіме жайында көп нәрсе айтуға болады. Әйелдерден ақ бастайын. Жамбыл жайында сол кезде күйеулері мықты болған 2-3 әйелдің естеліктерін кездестіріп оқыдым. Қазағы бар, орысы бар, т.с.с. Сол естеліктердің негізі мынадай – Жамбыл бір кезде жүрген жай шал еді, аяқ астынан жаңа киім киіп, мәшине мініп, жақсы үйде тұрып кетті деп қатты қиналып жазады, жүрегі ауырады. Осы секілді нәрсе өте көп, әдебиетші жігіттердің арасында да жиі кездеседі. Өне бір жылы бір әдебиетші жігіт, ғылыми атағы бар, Жамбылдағы Сталинизм жайында, басқа нәрселер жайында әңгіме айтып тұрды. Әңгімесінде ешқандай мысал, дерек жоқ, сосын сұрадым: – Сен осы Жамбылдың кітабын оқыдың ба? деп, – оқыған жоқпын дейді. – Енді қайтіп айтып тұрсың десем, ел де сүйтіп айтады ғой дейді. Осы секілді жағдайлар кездесіп тұрады. Бір жылдары «Свободное слово» дейтін газетте бірер жылдай Жамбылға, Қарасай батырға қарсы мақалалар жарияланды. Сол мақалаларды оқып отырсаң Қарасай мен Жамбылдың айыбы – Елбасының елінен екендігі. Қарасай батырды жоққа шығарып, оны Елбасына жағынушылар көтеріп жатыр дейді. Ал, бір тайпа елдің Қарасайды ұран еткені турасында, Қарасайдың ерліктері жайында әңгіме жоқ. Ағынтай батырды Елбасының әйелінің елінен болғандықтан жоққа шығарады. Бұған не дейсің? Садағын тартып, найзасын оқтап келе жатқан

қалмақтың батырына қарсы шыға алар ма едік?! Тіпті Қарасайдың өзін мойындамағанның өзінде Қарасайдың ұрпақтарына тоқталғанның өзі жетеді. Бұқар жыраудың «Қалданменен ұрысып» дейтін әйгілі өлеңі бар. Жоңғар-қалмақ соғысының ең негізгі ескерткіші. Сонда қалмақтармен соғысқан батырларды атап: Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек, Қарақалпақ Қылышбек, Шапырашты Наурызбай деп келеді де Қаумен, Дәулет, Жәпек дейді. Бұл үшеуі ағайынды. Қарасайдан Түктікұрт туады, Түктікұрттан Қаумен, Дәулет, Жәпек – жоңғар-қалмақ соғысының үлкен батырлары туады. М.Мағауиннің «Қазақ тарихының әліппесі» дейтін кітабының соңында қазақта батырлар өте көп болды, сонда да ең негізгі батырларды атайын дейді, сол батырлардың ішінде Жәпек бар. Үшеуі Қарасайдың немересі. Бұқар жыраудың шығармасында тұр. Бұқар жыраудан мықты дәлел жоқ. Ал, енді Сұраншы, Саурықты елдің бәрі біледі. Сұраншы, Саурық Дәулеттің Кәшке дейтін баласының Стамбек, Ақынбек дейтін екі баласынан туады. Бір-бірімен немере ағайын. Сонда Қарасайдың ұрпақтары мұндаға дейін батырлық дәстүрді жалғастырып келген. Бұған да дау айту керек пе?! Ал Жамбылды алдымен оқу керек. Дара ақындық шығармашылықтың поэтикасын аздап болса да біліп барып пікір айту керек.

Айгүл: Жамбылдың жүз жылдығына арналған «Жамбылдың айтыстағы өнері» атты баяндамасында М.О.Әуезов былай депті: «Бар айтысында Жамбыл ел қорғаны болған азаматты арман етеді. Ел бағына туған ұлы азамат шықса, ел көзіндегі жасты тыйса екен, қиял мекеніне жеткізсе екен, жаңа күн туса екен дегеннің арманы. Ол арманның екінші жағы өз заманындағы байға, ұлыққа, қажы молдаға, төре, тілмашқа, болыс, биге ызалы кекесін болды. Құлманбеттің байларын, Сарбастың жуандарын, Досмағанбеттің дін үгітін, Шашубайдың Байбұландай саудагерін, Бақия, Барлыбектей шенді төрешіктердің Жамбылдың кісі құрлым көрмейтіні сол»

деген. Жамбыл жырау өз сөзінде байлық пен мансап емес ұлттық мүддені алға шығарады да, қазақтың ері қорғаны болған батырларды алға тартқан.

Қандай да бір дара тұлғаға қатысты қысыр әңгімелер баршылық. Өзіміздің қазақы ортада Жамбылды рахаттанып, рахат өмір кешкен ақсақал ретінде ғана насихаттау әдепсіздік. Жамбыл бес уақыт намазын қаза қылмағанын хатшылары да жазып кеткен. Оған дәлел шығармаларында хронотоп намаздан-намазға дейінгі уақыттармен негізделген. Ол намаз оқитын адамның ғана аузынан шығатын хронотоп сөздері. Біз Жамбыл жыраудың асыл сөздерін теріп қазіргі қоғамға несімен қажет деген сауалға жауап беруіміз керек. Жамбылды тану үшін ол туралы айтылған сөздерді емес, оның шығармашылығына, мәтіндеріне үңілу керек.

Жамбылды сөз еткенде Абаймен таластырудың өзі қазіргі әдебиеттанудың кәсіби әлсіздігін танытпай ма? Жамбылдың серілігі жайында біреу сөз айтсаңыздар.

Рафат: Қазақ әдебиетінің әртүрлі саласы бар ғой қазақ фольклоры, халық ауыз әдебиеті, авторы белгілі суырып салма ақындар, дара ақындар деген сөзді ең бірінші М.О.Әуезов айтқан. Онан кейін жазба профессионалды әдебиетіміз. Фольклорлық шығарма мен ауыз әдебиеті поэтикасында айырмашылықтар бар. Фольклорды еуропалық, ресейлік ғалымдар әбден зерттеген, теориясын жасаған. Халық ауыз әдебиетінің теориясы жасалған жоқ. Енді оны жасаса қазақ, қырғыз, каракалпак – солар ғана жасауы мүмкін. Қазақ әдебиеттануындағы ең мықты зерттеу еңбектер фольклористика саласында туды. Едіге Тұрсыновтың фольклордың терең кететін тарихына байланысты еңбектері, Шәкір Ыбыраевтың өлеңдік фольклорға қатысты зерттеулері еуропалық деңгейде жазылған еңбектер. Халық ауыз әдебиеті жайында ондай деңгейдегі зерттеулер бізде жоқ. Сондықтан да Жамбылдың шығармашылығына баға берген кезде профессионалды жазба әдебиеттің тұрғысынан баға береді. Бірнеше ғасырлық тарихы бар ауыз әдебиетінің авторлары белгілі ақындық

поэзиясының нүктесін Жамбыл қойды. Ең негізгісі осы. Қазақтың жазба әдебиетінде феномендік құбылыс бар. Ол – Абай. Бірден Абаймен басталып кету деген бұл әлем әдебиетінде өте сирек кездесетін мәселе. Мысалы, Гогольді алуға болады, Гогольге дейін орыстың прозасы өте қарапайым болған. Ал, Гоголь келді де бірден биікке шығарды. Абайлық құбылысты Гогольдық құбылыспен салыстыруға болады. Ал, енді Жамбылды Абаймен салыстыратын құмарлық белгілі бір деңгейдегі сауатсыздықтан шығады, жазба профессионалды әдебиет пен ауызша әдебиеттің өзіндік поэтикасы бар. Суырып салма ақындар газет-журнал, радио, теледидар жоқ кезде халыққа көркемдік рухани қызмет етушілер болды. Олар шығармаларын газеттен, журналдан, кітаптан оқи алмайтын адамдарға арнап шығарды. Ол бірден айтылады, тыңдарман бірден қабылдайды. Ал, өте терең философиялық ойды қағаз бетінде жазып айту керек. Мысалы, Абайды мектепте, ЖОО, кейін өзің үшін оқысың, соның өзінде түсініп, түбіне жете бермейсің. «Мынау тұрған Абайдың суреті ме, Өлең сөздің ұқсаған құдіретіне» деп келетін Жамбылдың экспромт өлеңінен артық айта аламыз ба?! Кісілік, кішіпейілдік тұрғыда да Жамбылға жете аламыз ба?!

Әлімқұл Жамбыловтан естіп едім. 1943 жылы Жамбылдың ауылына М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, С.Мұқановтар келе қалды. Тәтем (Жамбыл) жаз жайлауда еді, колхоздың бастығы Тұрап аға (Мыржиев) мені шақырып алып «фермаға барып үш жуас ат ерттетіп әкел, жазушыларды тауға Жәкеңе апар» деді. Жайлауда отырған тәтем қатты қуанып қарсы алды. Мұхтарды өте жақсы көруші еді. Мал сойылып ет асылып жатты. Мұхан бір кезде тәтеме «Жәке, Абайды білесіз бе?» деді. Тәтем білемін деп нықтап айтты. Мұхан «Абай қандай ақын?» деді. Тәтем ойланып отырып «Абай ақын емес» деді. Мұхан қып-қызыл болып кетті. Тәтем ойланып барып «Ақын біз» деді. Мұхан одан әрі түтігіп кетті. Тәтем тағы да аз отырды да «Абай ақындардың Пайғамбары» деді. Мұхан қуанып кетіп мол денесімен барып тәтемді

кұшақтап бетінен сүйді. Осы әңгімені Әлімкұл ағадан 5-6 жыл бұрын естіп едім. Қайтыс боларынан екі-үш ай бұрын, осы қыста арнайы барып, қайта сұрап жазып алғанмын. Көлемді қылып айтқан, бұл сығындысы ғана.

Айгүл: Абай мен Жамбыл құрдас болған, аралары бір жасқа жетпейді. Қазақтың Бас ақыны Абай жазба әдебиеттің, жазба поэзияның Бас ақыны. Ал, Жамбыл біздің ата-бабаларымыздан келе жатқан ауызша, импровизаторлық, жыраулық жырдың соңғы тұяғы. Қазақ асыл сөзінің екі арнасын бір-бірімен тікелей салыстыруға бола ма?! Жамбылды Абаймен салыстыра отырып, совет заманын жырлады ғой деп кінә тағуға дейін барамыз. Бұл пендешілік сонау тоталитарлық кезден келе жатқан біздің заманның құбылысы. Біз Абайды оқығанда міндетті түрде жазба әдебиет өкілі ретінде оқимыз. Абайдың сөзін оқу үшін кітап ашуымыз керек. Жамбылды түсіну үшін Жамбылдың айтысын, толғауларын, тарихи поэмаларын тындауымыз керек. Жамбылдың өлеңдендерін құлақпен тындау ерекше әсер етеді. Кітаптан оқуға да мүмкіншілік бар, дегенмен ауызша тындағанда әсері ерекше. Осы ретте Ғ.Мүсірепов былай деген: «Сол кезге көз салсаң Абай мен Жәкең бір мақсатқа, бір тілекке, ақындықтың екі түрлі саласына өрлей аттаған сияктанады: бірі жаңа әдебиет өнегесін жазу арқылы, бірі халықтың байырғы өнегесі суырып салма ақындық жолы». Советтік соцреалистік әдебиеттану жоққа шығарып, төмендетіп келгенін білеміз. Абайды феодалшыл деп кінәласақ, Жамбылды советтік жырау ету қажет болған. Қасына хатшылар қосып, әр сөзін бағып отырған заманның цензурасынан жырау мұрасын анықтап алу керек. Тоталитарлық әдебиеттанудың Абай мен Жамбылды қарсы қойған теріс пиғылынан арылатын кез келді. Бұл кәсібиленген әдебиеттанулық зерттеуді қажет ететін ғылыми мәселе.

Жамбылдың әйелдерге жазған жырларының бар екендігін білеміз. Бұл серіліктің көрінісі. Ақынға сері болу да қажет, бірақ бес уақыт намазын қаза қылмаған Жамбылдың серілігі де шамалы.

XXI ғасырдағы әдебиетті танытатын ғылым

тұрғысынан Жамбыл шығармашылығына кәсібиленген баға берудің кезі жетті ме?

Рафат: Әрине, жетті. Ол бұрынырақ та болу керек еді. М.О.Әуезовтің 100 жылдығы тойланған кезде бір жылдың ішінде М.О.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына қатысты 100ден астам кітап жазылды. 50 томдық академиялық шығармалар жинағы мен мерейтой кезінде «М.О.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығының шежіресі» шықты, Ал, осы деңгейдегі жұмыстар қазақтың басқа ақын-жазушыларына арнала қойған жоқ. Бір кездері Әдебиет және өнер институтында «Жамбылтану және халық ақындары» дейтін бөлім болды. Сол бөлім Жамбылдың 150 жылдығына қарсы жабылып қалған. Бөлімнің шығарып кеткен бір кітабы бар «Жамбыл Жабаев творчествосы» дейтін, сонан кейін Сұлтанғали Садырбаев, Нысанбай Төрекұлов, Мырзатай Жолдасбеков сияқты біраз ғалымдардың зерттеулері бар, бірақ теориялық зерттеулер бар деп айта алмаймын. Әдебиеттанудың үш кезеңі бар «Әдебиеттің сыны», «Әдебиеттің тарихы» және «Әдебиеттің теориясы» дейді. Жамбылтану әдебиет тарихының қара дүрсін деңгейінде-ақ келе жатыр деп айтуымызға болады. Қазақстан егемендік алғалы бері қазақ әдебиеттануының күші негізінде ақтандақтарды ашуға, Алаш әдебиетін зерттеуге арналды, ал халық ауыз әдебиеті өкінішке орай кейін қалып қойды.

Айгүл: Шолоховтың әр сөзі Шолоховтың аузынан шыққанын дәлелдеу үшін әлемдік деңгейдегі зерттеулер жүргізілген. Ал, Жамбылдың шығармашылығына қатысты С.Негимов бастаған зерттеу кәсіби деңгейде іске асуы әбден мүмкін. Қазіргі әдебиеттану ғылымында іске асырылуы керек іргелі жобалар жетерлік.

«Мың қарғаның тұяғы, бір түйғынға өтпейді. Тамам қарға жиылып бір сұңқарға жетпейді» деген Жамбыл ең ауыр кезеңде жыраулық дәстүрді ұстанған бірегей тұлға екендігін естен шығармауымыз керек. М.О.Әуезов жырауға «Қазақтың айтыс ақындығының шыңы» деп баға берген. Жамбылтану теориялық талдаулар арқылы

дәлелдеуді қажет ететін сала екені анық.

«Шешен кісі сөз бастар, адал кісі ел бастар. Адал туған ер болсаң, халық сүйіп қолға алар» деген Жамбылдың қазіргі оқырмандыры Жамбылды тану үшін ол туралы совет кезіндегі зерттеулерді емес, ақынның өз мәтіндерін оқу керек. Көзі қырағы оқырман оң мен солды өзі де айырып алатыны анық.

Сөзімізді өзін «Мен бір биік бәйтерек» деп сезінген Жамбыл жыраудың батасымен түйіндейік:

«Аумин» деп қолыңды жай,
Қабат тусын күн менен ай.
Алғаның болсын сайма-сай,
Қапалық болмай кезінде,
Ылғи болсын мамыражай.
Қос-қостан тауып ұл менен қыз,
Мінгені болсын жорға тай.
Ертең ерте біреуі
Қойға кетсін қуалап.
Түйеге кетсін біреуі
Екі көзін уқалап.
Егін ексін біреуі
Суға сағасын томалап.
Оттың басын шандатып,
Біреуі жатсын домалап.
Жылқы баксын біреуі
Асауларды күделеп.
Сөз сөйлесін біреуі
Көп ішінде сүбелеп.
Жақсы лепес – жарты ырыс,
Ескіден қалған мақалды,
Соза беріп қайтейін,
Бата аяғы тақалды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жабаев Ж. Екі томдық шығармалар жинағы. Т.І. – Алматы: Жазушы, 1982. – 336 б.
2. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы: Генезис. Стилистика. Поэтика. Оқу құралы. – Алматы: Ғылым, 2001.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Әуелсіз кезінде қазақ әдебиеттануының қалыптасу тарихы тұңғыш рет арнайы зерттелді. Жандос Смағұловтың «Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихы» (1999) атты монографиясында қазақ әдебиеттану ғылымының бастау көздері сонау Әл-Фарабиден басталатыны, жыраулар эстетикасындағы әдеби құндылықтардан айқындалғаны, Шоқан, Ыбырай, Абай мұраларындағы әдеби-эстетикалық тұжырымдардың алғаш түсініктері болғанын зерттеуші тұңғыш рет негізгі зерттеу нысанына алған.

1999 жылы жарық көрген Ж.Смағұловтың аталған зерттеуінде ұлттық әдебиеттану ғылымының тууы мен қалыптасу кезеңдері, советтік идеология мен маркстік-лениндік әдіснаманың тозғаны, әдеби мұраны игеру мен осы бағыттағы нақты ұсыныстарды бүгінгі уақыттың жаңа талаптары тұрғысынан қарастырды. Автор тұңғыш рет ұлттық әдебиеттану ғылымы қашан туды, қалай қалыптасты деген сауалдарға жауап берді. Зерттеу нәтижесінде ұлттық сөз өнерінің әуелгі негіз-арналары анықталған. Әдебиеттану ғылымының алғашқы бастаулары болып табылатын мәтіндер қарастырылған. «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Қазақ әдебиеттану ғылымының тууы мен қалыптасуы хақында» атты монографияда келесі мәселелер қойылған: Қазақ әдебиеттану ғылымының бастаулары (1. Көне дәуірден жеткен көрікті ой. 2. Ғасырлар сыры. Әдеби мұраны игерудегі алғашқы ізденістер. XIX ғасырдың ғылыми-зерттеулік ой-пікірдің дамуы). Қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуірі. 1. XX ғ. Басындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікір ізденістері. 2. Әдеби мұраны

игерудің өзекті мәселелері (1920-30) фольклор және 20-30 жылдардағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікір. 20-30 жылдардағы әдебиет тарихын зерттеудегі ізденістер мен іркілістер. Оқулықтар және қазақ әдебиетінің ғылыми тарихын жасау проблемасы. 20-30 жылдардағы әдеби-теориялық ой-пікір. Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолдары. Даму және дағдарыс. Жаңғыру кезені және жаңа бетбұрыс.

Бұл зерттеу бұрын ғылыми тұрғыда зерттеу нысанасына алынбаған тақырыпты көтерді. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы, даму жолдары түрлі кезеңдерге жіктеліп әр дәуірдің өзіндік басты кескін-келбеті, жетістіктері мен кемшіліктері, ізденістері мен табыстары біртұтас сараланған. Монографияның басты мақсаты – ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің ояну, жетілу, өркендеу ерекшеліктерін айқындау және әдебиет туралы ұлттық ғылымның туу, қалыптасу кезеңін анықтап дәуірге бөлу болып табылады. Зерттеушінің пікірінше: «Кезінде европоцентристік көзқарасқа сүйенген маркстік-лениндік әдіснама мүмкіндік бермеген, оны арқау еткен ұлттық нигилистер жоққа шығарумен келген қазақ әдебиеттану ғылымының арғы бастауларынан (истоки) бері жүйелеуді негізге алдық. Қазақ халқына да ортақ түркі жазба ескерткіштерінен бастап ХХ ғасырға дейінгі уақыт аралығы қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы алғы-шарттардан тұратын тарих алдындағы дәуір ретінде алынды. Ал ұлттық ғылым ретінде туу кезеңі – 1900-1940 жылдар, қалыптасу дәуірі – 1941-1970 жылдар аралығында өтті деген жүйені дәлелдеуге ұмтылдық»¹. Ұлттық ғылымның тууына негіз болған деген мәтіндер ғылыми тұрғыда сараланған. Олар: көне дәуірден бері жалғасқан әдеби мұраны игерудегі ізденістер, ХІХ ғасырдағы қазақ ағартушы-ойшылдардың және басқа да ұлт зиялыларының фольклортану, әдебиет тарихы мен теориясы салаларындағы зерттеу еңбектері. Зерттеушінің пайымдауынша, «Бұл кезеңде ұлттық ғылыми-

¹ Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 432 б.

зерттеушілік ой-пікірде орыс әдебиеттану ғылымындағы мифологиялық, филологиялық, тарихи-мәдени мектептеріне тән теориялар мен әдістердің айқын көрініс таба бастауы салыстырмалық тұрғыда қарастырылып, әдеби-теориялық ой-пікірдің алғашқы кадамдары сараланды». Келесі кезең туралы былай делінген: «XX ғасыр басындағы ғұмырнамалық зерттеулердің көбеюі, ұлттық әдебиеттің тарихы мен теориясының нақты сөз бола бастауы, библиографиялық бағытта алғашқы кадамдардың жасалуы қазақ әдебиеттану ғылымының сол кезде туғандығын дәлелдеді. Бұдан соң ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің төңкерістен соғысқа дейінгі аралықтағы ізденістері мен іркілістері жаңаша көзқараста зерттелді». Зерттеуші «пролеткультшылдық», «тұрпайы социологизм», «бірыңғай ағым» теориясының зиянды әсері, маркстік-лениндік әдіснаманы игеруге мәжбүр болған қазақ әдебиеттануының қиын-қыстау жолдарын саралап шыққан. Бұл еңбектер ғылыми сарапталып тарихи-салыстырмалы түрде талданған. XX ғасыр басында ұлттық мүддеге сай дамуға ұмтылған ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің бұлармен күреске түскені, соның нәтижесінде ұлттық әдебиеттану ғылымының туғаны тұжырымдалған. Ең бастысы «Қазақ әдебиеттануының дамуы мен дағдарысқа толы қалыптасу дәуіріндегі қол жеткізген жетістіктері мен кемшіліктері маркстік-лениндік әдіснама құрсауында және идеологиялық қыспақта болғандықтан түрлі бұрмалаушылықтарға жол бере отырғанымен, «бір адым алға, екі адым кейін» жүруге душар болса да жеке ғылым саласы ретінде толық қалыптасқандығы ғылыми тұрғыда қарастырылған».

«Көне дәуірден жеткен көрікті ой» атты I-тарауда әдеби мұраны игеруге деген тұңғыш үлгі Орхон Енисей жазба ескерткіштерінен басталған. әл-Фараби мұрасы арнайы зерттелген – тұңғыш филолог, тіл білімі мен әдебиет теориясының зерттеушісі ретінде. «Қорқыт ата кітабы» мен «Оғызнаме», «Диуани лұғат ат-түрк» (М.Қашқари) әдеби танулық тұрғысынан сөз етілген. XI-XII ғасырдағы Ж.Баласағұни («Құдатғу білік»), Р.Игүнеки «Ақиқат

сыйы», Қ.А.Иассауы («Диуани Хикмет»), С.Бақырғани («Ақыр заман кітабы» кітабы) осы тұрғыдан сараланған.

XIII ғасыр – Алтын Орда IX-XII ғғ. – қарахандықтар заманы толығымен осы тұрғыда қарастырылған. «Әдеби мұраны игерудегі алғашқы ізденістер» атты тараушада Қазақ хандығы кезіндегі (XV ғасыр) сөз өнері үлгілері аталған тақырыпқа қатысты сараланған. Толғау жанрының тек қазақ әдебиетіне тән екендігі, Асан Қайғы, Қазтуған (XV ғасыр), Доспамбет, Шалкиіз (XV), Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді (XVII), және т.б. бұл жанрдың ірі өкілдерінің әдеби мұрасы зерттелген. Көбірек сақталғандары Кет Бұға, Сыпыра жырау, Қодантайшы, (XVII ғасыр). Ақтамберді, Тәгіқара, Үмбетей, Бұқар, Көтеш, Шал, Абыл мұрасы әдебиеттің міндетін атқарғаны, халықтық сипат әкелгені, әдебиеттің деңгейін көтергені айтылған. Ш.Уәлиханов, Абай мен Ыбырайдың, Ә.Бөкейхан мұрасы әдеби танымдық пікірлері тұрғысынан да арнайы қарастырылған.

XIX ғасырдағы ғылыми зерттеушілік ой-пікірдің дамуы үш бағытта зерттелген: 1) Ғылыми бағалаушылық мәні басым ой-пікірлер. 2) Шығармашылық мұраны жинап жариялау, кітап етіп бастырып шығару жолындағы ізденістер. 3) Ғұмырнамалық сипаттағы зерттеулер.

«Қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуірі» (1990-1940 жж.) тарауында бұрын нақты қарастырылмаған XX ғасыр басындағы әдеби сын, әдебиеттанулық, теориялық еңбектер жан-жақты зерттелген. Осы процестен «Әдеби мұраны игерудегі өзекті мәселелер (1920-30 жж.)» атты тарауша бөлініп алынып талданған. Әдеби процесс сол кездегі Ресейдегі «Леф», «Кузница», «ОПОЯЗ», «Перевал», «Серрапионовы братья», т.б. мәдени бағдарламалар контекстінде зерттелген. Тұңғыш рет А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, С.Сейфуллин, М.Әуезов, І.Жансүгіров, Н.Төрөқұлов, С.Мұқанов еңбектері біріктіріліп жүйеленген.

«20-30 жж. әдебиет тарихын зерттеудегі ізденістер мен іркілістер» тарауында кенес әдебиеттануының шектеулі зерттеулері сұрыпталған. Бұл процестен «Оқулықтар

және қазақ әдебиетінің ғылыми тарихын жасау проблемасы» атты тарау бөлініп сараланған. М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Т.Кәкішев, Д.Бердібаев, М.Қаратаевтың оқулықтары талданған.

«20-30 жылдардағы әдеби-теориялық ой-пікір» тараушасында А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышына» теориялық талдау жасалған. Осы теориялық кітаптағы «Сөз өнерінің жіктері мен топтары» тұңғыш рет кестесі келтірілген (297-303).

«Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолдары» атты тарауда 1940 жылы басталған Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов оқулықтары, М.Қаратаев, М.Базарбаев, А.Нұрқатов, С.Қирабаев, М.Ғабдуллин, С.Талжанов, Ш.Сәтбаева, Ә.Қоңыратбаев, Т.Кәкішев, М.Дүйсенов, З.Ахметов, З.Қабдолов, Т.Қожакеев, М.Мырзахметовтардың еңбектері жаңаша тәуелсіз әдебиеттану тұрғысынан сараланған.

Совет кезінде «младописьменный» деп кемітілген қазақ әдебиеттануы өзінің ежелгі даму арналары мен кезені бар ғылым ретінде Ж.Смағұловтың зерттеуінде дәлелденген. Тәуелсіздік кезеңдегі әдебиеттануға ғалым осылай нақты үлес қосты.

Тоқболат Еңсегенұлы тәуелсіз кезең әдебиеттану ғылымына қомақты үлес қосқан зерттеуші. Ғалым «Қазақ мысалы» (1982) деген тақырыпта кандидаттық, «Көне түркі ескерткіштерінің көркемдік жүйесі» (2007) деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Жарық көрген ғылыми-зерттеу кітаптарының қатарына «Қарасақал Ерiмбет ақын» (1994), «Оғызнама – Сыр бойында туған шығарма» (1995), «Көне түркі шығармалары». Монография (1995), «Түркі рутайпаларының көне өлеңдері» (1996), «Әдебиетiмiздiн бастауы – Авестада». Монография (1996), «Атамұра». Монография (1997), «Қорқыт ата әлемі». Монография (2000), «Сыр бойы ақан-жыраулары». Әдеби зерттеу (2000), «Қазақ әдебиеті тарихының арғы арналары (архетиптері)». Монография (2001), «Көне түркі руна жазба поэзиясы». Бірінші кітап (2007), «Көне түркі руна

жазба поэзиясы». Екінші кітап (2008) жатады. Оған қоса 100-ден астам ғылыми-зерттеу мақалалары жарық көрді. Аталған еңбектерінің мазмұны ежелгі дәуір әдебиетін зерттеуге арналған. «Көне түркі шығармалары» (1995) атты монографиясында «Оғызнама», «Қорқыт ата кітабы», «Диуани хикмет», «Махаббатнама», «Көрұғлы» атты шығармаларға талдау жасалынып, ғылыми тұжырымдамасы беріледі. «Әдебиетіміздің бастауы – «Авестада» (1996) деген монографияда әлемдегі қасиетті кітаптардың бірі «Авеста» шығармасына зерттеу жасалынып, осы даналық еңбек түркі тектес халықтарға да ортақ әдеби мұра екені ғылыми тұрғыда дәлелденген.

«Түркі ру – тайпаларының көне өлендері» (1996) зерттеу еңбекте түркі руна жазуымен тасқа, қағазға түсірілген өлеңдерге жан-жақты талдау жасалынып, ғылыми пайымдау жасалынады. «Атамұра» (1997) атты монографияда бұрын арнайы зерттелінбеген көне түркілердің ежелгі эпостық шығармаларына терең талдау жасалынады.

«Қорқыт ата әлемі» (2000) атты монографияда Қорқыт ата жырларына тиянақты талдау жасалынып, оның кім, қандай тұлға болғанын түптеп таныту мақсатында сол бабаның өмір сүрген кезеңі және тарихи тұлғасы, кеменгерлік келбеті қоса қарастырылып, толымды ғылыми байлам түйінделеді. Мұнымен бірге, осы дананың көне түркілердің Тәңірлік дінінің пайғамбары дәрежесіндегі кеменгер болғанын мәлімдеу үшін, сол ілімнің мәні, сыр-сипаты, дәуірі, жасалған уақыты тұтастай зерттелініп, бұл ілімге Қорқыт атаның қатысы нақтылықпен түсіндіріліп, қорытынды жасалынады. Сондай-ақ, «Сыр бойы ақынжыраулары» (2000) атты зерттеу еңбекте ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басы аралығындағы табиғи дарындылығымен ерекше танылып, ел есінде сақталған Сыр бойы ақынжырауларының артында қалдырған рухани мұралары алғаш рет ғылыми негізде жеке алынып, жүйелі түрде зерттелінген. Осылай, олардың ұмтыла бастаған есімі қайта тіріліп, бұл шайырлардың екінші рухани ғұмыры басталғаны мәлімденеді.

«Қазақ әдебиеті тарихының арғы арналары (Тәңірлік дәуір әдебиеті)» (2001) деген монографияда қазақ әдебиетінің түп-төркіні (архетиптері) – ислам діні енгенге дейін түркілердің Тәңірлік дәуірдегі әдебиеті арнайы алынып зерттелініп, сол Тәңірлік діннің негізі поэзия тілінде жазылған «Авеста» шығармасында жазылғаны мәлімденеді. «Көне түркі руна жазба поэзиясы, ондағы философиялық жүйе және қазақтың өлең-жырларымен өзектестігі». Бірінші кітап, «Көне түркі руна жазба өлеңдері» (2007) атты еңбекте көне түркілер әлемдегі жазуы, дәстүрі, діні, кәсібі, өнері өте ерте дамыған елдердің бірі екені түйінделеді.

«Көне түркі руна жазба поэзиясы». Екінші кітап. «Орхондағы түркі руна жазба дастандары» (2008) атты еңбекте Моңғол жерінен табылған Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк, Онгин, Күлі-Чұр жазба ескерткіштеріне талдау жасалынып, бұл мұралардың сыр-сипаты, өзіндік ерекшеліктері, көркемдігі ғылыми тұрғыда шынайылықпен көрсетіледі.

Жансая Жарылғаповтың «Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер»² атты зерттеуінде аталған мәселе айқындала түсті. Зерттеудің тарауларында «Әдебиет даму заңдылықтары және әдеби ағым мен көркемдік әдіс табиғаты. Әдебиеттің даму сатыларындағы ықпалдастықтар мен ортақ заңдылықтар; Қазақ прозасының қалыптасуындағы жедел даму құбылысы; Ағымдар табиғаты және әдеби бағыт; Көркемдік әдіс, оның әдеби ағымдармен арақатынасы; Ұлттық прозаның қалыптасуындағы романтизм эстетикасы. Әдебиеттегі жанр және көркемдік әдіс байланыстары; Неоромантизм және алғашқы қазақ романдары; Қазақ прозасындағы классикалық романтизм принциптері; Қазақ прозасы және реализм. Реализмнің көркемдік әдіс ретіндегі типологиясы; Қазақ прозасы және ағартушылық реализм; Қазақ прозасындағы сыншыл реализм принциптерінің орнығуы; Социалистік реализм және

² Жарылғапов Ж.Ж. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер. Монография. – Қарағанды: ЖШС «Гласир», 2009. – 400 б.

ұлттық проза; Ұлттық прозадағы ағымдар типологиясы. Сентиментализм; Натурализм; 1960-80 жылдар прозасындағы постсоциалистік реализм эстетикасы және модернистік ағымдар».

Монографияда қазақ әдебиетіндегі прозаның қалыптасуы мен даму жолындағы көркемдік әдістер мен әдеби ағымдардың орны жүйелі қарастырылады. Әдістер мен ағымдардың теориялық мәселелері сараланып, ол категориялар шығармашылықтың ішкі заңдылықтарымен, қаламгерлердің көркемдік таным эволюцияларымен тығыз байланыстырылады. Бұл зерттеу қазақ поэзиясына Тәуелсіздік кездегі жаңа көзқарасты айқындап берді.

XX ғасырда Қазақ әдебиеттануы арнайы зерттелді. Бұл зерттеудің жалғасы ретінде *Сағымбай Жұмағұловтың* «XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы (1956-1991 жж.)³ атты еңбегі болып табылады. Аталған мәселе келесі ретпен қарастырылған: «Жылымық» жылдарындағы ұлттық әдебиеттану. Қазақ әдебиетінің ғылыми тарихын жасау жолдары. Әдеби сын және эстетикалық таным-білік. Әдебиет теориясының мәселелері. 1968-1984 жылдар аралығындағы ұлттық әдебиеттану. Қазақ әдебиеті тарихының зерттелу үрдісі. Байырғы әдебиет бастаулары. Фольклористика және түркітану. Шығыс руханиятымен дәстүрлі әдеби байланыс. XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясы. XIX-XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. Көркемдік үрдіс және әдеби сын. Әдебиет теориясының даму өрісі. Қазақ прозасы. Өлең сөздің теориясы. Драматургия арналары. 1985-1991 жылдар аралығындағы ұлттық әдебиеттану. Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері. Ежелгі дәуір әдебиеті. XV-XIX ғасырлардағы әдебиет. Алаш арыстары мұрасы. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. Әдеби сын табиғаты. Әдебиет теориясының мәселелері аталған тарауларда қарастырылған қазақ әдебиеттану мәселелері тәуелсіз

³ Жұмағұлов С.Б. XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы (1956-1991 ж.ж.). Монография. – Қарағанды: ЖШС «Гласир», 2008. – 552 б.

әдебиеттанудың негізгі мәселелерін айқындау болып табылады. «Әдебиет теориясының даму өрісі» атты тарауда қазақ прозасының зерттелуі сараланған. «Өлең сөздің теориясы» атты тарауда Ә.Нарымбетов, З.Ахметов, М.Базарбаев, Б.Уахатов, Ө.Өмірәлиев, Т.Абдрахманов, Қ.Қамбаров, С.Негимов, Т.Қожакеевтің зерттеулері қарастырылған. «Драматургия арналары» тараушасында осы салаға қатысты зерттеулер сипатталған.

Зерттеудің «Әдебиет теориясының мәселелері» атты тарауда мынадай тұжырымдар бар: «Әдебиет теориясының өзекті мәселелері көркемдік әдіс табиғатының, эпикалық жанрдың ұлттық топырақтан өсіп-өнген дәстүрлі бастауларын бүгінгі күн тұрғысынан жаңаша зерделеу талабын да алға тартты. Сыншылдық ой-пікір теориялық талдаулармен тығыз ұштасып қана қоймай, ұлттық прозаның тарихи бастауларындағы жанрлық табиғатының түп негіздеріне, адам тағдырын арқау еткен күрделі философиялық болмысындағы тереңдік пен эстетикалық концепция иірімдеріне байыпты үнілудегі батыл тұжырымдары назар аудартады. Осы тұрғыдан келгенде А.Исмакованың «Жанровые предыстоки современной казахской прозы» («Қазақ ССР ҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы», 1985. № 3), «Мәдениет тарихы – ел тарихы» («Жалын», 1990. № 2), «Әдебиетте тоқырау болды ма?» (Уақыт және қаламгер. 1990), М.Қараевтың «Реализмнің кейбір мәселелері» («Қазақстан мектебі», 1985. № 3), «Реализмнің терең тамыры» («Қазақстан мектебі», 1986, № 6), Р.Бердібаевтың «Кәусәр бұлақ» («Қ.Ә» 1986. 26.IX), Х.Садықовтың «Мифологизм ықпалы ма? Әлде төл құбылыс па?» («Қ.Ә». 1986. 12.VII), С.Әшімбаевтың «Бүгінгіні жазу – өмір талабы» («Жұлдыз», 1987. № 8), Е.Аманшаевтың «Кеңістік пен кейіпкер әлемі. Немесе «Ой ағыны» туралы ойлар» («Жұлдыз», 1988. № 9), Р.Нұрғалиевтің «Әдебиет тарихы мен теориясының өзекті арналары» («Қазақстан мектебі», 1990. № 6), Б.Кәрібаеваның «Әдебиеттану әдебиетті тани ма?» («Орталық Қазақстан», 1991. 4.VI), «Стиль сыры»

(«Жұлдыз», 1991. № 5) мақалалары теориялық талдау арнасының барынша кең өріс ала бастағанын көрсетеді.

С.Әшімбаев бүгінгі күннің өзекті тақырыбына қалам тербеу мәселесін әдебиеттің қай уақыттағы да адамзат қоғамын алға, ар-ұятқа, адамгершілікке қарай жетелеп келе жатқан гуманистік ұлы миссиясынан бөліп қарауға болмайтынын айта келіп: «әдебиет – әдепшілік әліппесінің негізі, әдемілік айнасы» (622, 172) деп түйді» [488] делінген. «Демек, ұлттық әдебиеттану ғылымының кешегісі мен бүгінгісін саралау өзегі етіп алынған Р.Нұрғалиевтің тоқырау жылдарындағы ғылыми-зерттеушілік арнада орын алған олқылықтарды «талдау орнына шығарма оқиғаларын мазмұндау басым, өресі төмен «зерттеулер» жарық көріп жатты. Әдебиет пен өнердегі заманалық ағым процесін терең таразылап, негізгі тенденцияларды дәл де анық бағалайтын еңбектер азайып кетті. Әдебиеттің теориялық мәселелері, жалпы әдебиет теориясы тиісті дәрежеде қарастырылмады, әдебиет тарихындағы «ақтандақтар» «қара күйінде» қалды» (501, 13) деп байыптағанындай ендігі кезекте зерттеудің деректемелік көздерін кеңейту, әдеби даму үрдісін жіті саралауды идеологиялық қасаң талаптағы үстірт талдаулардан арылту, жекелеген классиктердің шығармашылығын арнайы еңбектерде шеберлік тұрғысынан жаңаша танымда зерттеу қажеттігімен қатар терминдер мен терминологиялық сөздіктер жасау, «Әдебиет теориясы» атты академиялық еңбек жазу, қазақ әдебиетіндегі көркемдік әдіс табиғатын жан-жақты зерттеу сынды өзекті мәселелерді алға тартты. Соның ішінде жанрлық, стильдік формаларды көркемдік әдіс тұрғысынан анықтаудағы маңызды тақырыптарға барудағы іркілістер де сын тезіне алынып, әдебиет теориясында қордаланған жоталы мәселелерді шешуде қолға алынар, атқарылар келелі тақырып өзегін ғалымдар талқысына салды». Дегенмен тәуелсіз кездегі басты әдебиеттанулық шарт анықталып алынған: «Ұлттық рухани құндылықтарды ұлттық сипатта бағалау мен зерттеу көркемдік дамудың тұтас әдеби

үрдісін тарихи сабақтастық тұрғысынан қарастырудағы жаңа көзқарастың жетекші орынға шыға бастауы әдебиеттану ғылымының бірден бір қасаң әдіснамалық негіздерін құрап келген маркстік-лениндік ілімге сын көзімен қараудағы танымға күрделі өзгерістер де әкелді. Бұл ретте А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінің қайта оралуы әдебиет теориясының мәселелерін терең танудағы ғылыми ой-пікірге серпін берді әрі тұтас ұлттық әдебиеттанудың қай саласының болмасын ғылыми негіздерінің әдіснамалық бағытының жаңа арнаға ойысуында ұстанар темірқазық болды десек, Р.Нұрғали принципті тұрғыда ескерткеніндей қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылғанды» (541). Демек, ұлттық әдебиеттанудағы А.Байтұрсынұлының зерттеуінің тарихи маңызы «қазақ сөз өнерінің теориясы туралы оның еңбектерін талдай білудің классикалық мысалы ғана емес, сонымен бірге бүгінгі еңбектерге де қойылатын биік талап, талғам таразысы. А.Байтұрсынұлы еңбектерінің оралуы бүгінгі әдебиеттануымызда жиі ұшырасып, жалпылама сипаттаушылықтан арылуымызға айрықша ықпал жасауға тиіс» екені айқындалған (628,88) [492-493].

Советтік әдебиеттану қалай жойыла бастады? Тәуелсіз әдебиеттану қашан басталды? Осы туралы былай делінген: «Алайда кеңестік жүйенің әдеби кеңістігін құраған әр ұлт әдебиетіндегі роман жанрының уақытпен үндес тақырыптық-идеялық, эстетикалық арналарында тоғысып жатқан ортақ сипаттары болғанымен, туу, даму дәстүрі мен кейінгі үрдісінде өзіне тән ерекшеліктері болғаны, М.Қаратаевтың «Заман биігінен табылайық» («Қ.Ә», 1988. 22.1), Ш.Елеукеновтің «Кешегі және бүгінгі роман: дағдарыс па, жаңа беталыс па?» («Жұлдыз», 1990. № 12), «Социалистік реализмнен бас тартамыз ба?» («Ақиқат», 1991. № 10), А.Ісімақованың «Әдебиетте тоқырау болды ма?» (Уақыт және қаламгер, 1990) мақалалары және де әдебиетші, сыншы ғалым,

каламгерлердің «Социалистік реализм керек пе?» («Қ.Ә», 1991. 25.І), «Сөз түзелмей, ел түзелмес» («Жұлдыз», 1991. № 1) атты пікір алысудағы ыдырауға бет алған Одақ әдебиетінің көркемдік арнасындағы қазақ әдебиетінің әдеби-теориялық өзекті мәселелерін байыпты қарастыруларымен назар аудартады» [493].

Алаш әдебиеттануы арнайы теориялық тұрғыдан зерттелді. Әдебиеттанушы *Айгүл Ісімақованың* «Алаш әдебиеттануы» (2009) – қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымының ең бір сүбелі кезеңі ХХ ғасырдың бас кезіндегі ұлттық көркемсөз өнерін зерделеуге арналған.

Кітапта әл-Фараби, Абай, Ыбырай, Шоқан, А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедұлы, С.Садуақасұлы, М.Жұмабаев, Қ.Кемеңгерұлылардан басталатын Алаш әдебиеттануының өкілдері қарастырылған.

Х.Досмұхамедұлы сонау 1928 жылы «Аламан» атты ғылыми зерттеуінде отандық әлеуметшілдік міндетті анықтап берген: «Отан сезімі, мемлекет сезімі кем, менмендік сезімі күйлі құлықты аламандық дейміз». «Отан бірлігі, Отан намысы, Отанды сақтау сезімдерін» Алаш әдебиетшілері бізге осылай анықтап берді. Ол үшін әлеумет міндеті жайлы ой қажет. Абайша әдебиет – Отанды сүюдің үлгісі. «Отан бірлігі, Отан сүю сезімі, әлеуметшілік міндеті секілді бүтін мемлекетке керек сезімдерді, менмендік, бәсекелестік, ерегіс секілді аламандықтың жеңгенін ел арасынан жиналған ескі сөздер анықтап көрсетіп тұр».

Қазақтың көркемсөзді қастерлеген ата-баба сөзі қашаннан басталады? Алаш әдебиеттануы деген ұғым қашан қалыптасты? Алаш ғалымдары ғылымға қандай үлес қосты? Тәуелсіздік кезеңінің бүгінгі ғылымына Алаш ғылыми мұрасы несімен қажетті болып табылуда? Кітап осы сауалдарға жауап береді.

Кітапта қазақ көркем сөзінің көрнекті өкілдерінің әрбірінің ғылыми шығармашылық тұлғасы бүгінгі ХХІ ғасыр әдебиеттанулық талаптар тұрғысынан қарастырылады. Сонымен қатар автор А.Байтұрсынұлы,

Ә.Бөкейханұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедұлы, С.Сәдуақасұлы, М.Жұмабаев, Қ.Кемеңгерұлынан басталатын Алаш әдебиеттануының шынайы келбетін әл-Фараби, Абай, Ыбырай, Шоқаннан таратып, ұлт әдебиетінің тарихи негізін ажырамас бірлікте жүйелейді. Кітаптағы әрбір әдебиеттанушының қазақ әдебиетіндегі көркемсөз күдіреті, оған біртұтас қосылған үлесі ғылыми, әдеби-теориялық ой-тұжырымдары тұңғыш рет жан-жақты қарастырылды. Автор асыл сөздің басты міндетін айғақтап, оны іс жүзінде қазақ тілінде көрсетіп берген де осы Алаш әдебиеттанушылары екенін нақты, ғылыми дәйектер мен тұжырымдар арқылы хрестоматиялық тұрғыда дәлелдеді.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» (1926), Х.Досмұхамедұлының «Қазақ халық әдебиеті» (1928), М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927) атты зерттеулері қазақ әдебиетінің тарихын, қалыптасуын, теориялық негіздерін сонау ХХ ғасырдың басында қазақ тіліндегі пән сөздері арқылы зерттеп берген екен. Совет әдебиеттануы осы үш кітапсыз күн кешкені сол ғылымның дәрежесін аңғартады. Осының нәтижесінде, біз «Әдебиетіміз қашан туған, қалай қалыптасқан, келешегіміз қандай?» деген сауалға жауап бере алмай, он ғасырлық көркемсөзі бар әдебиетті «младописьменный» деп, тек советтік тоталитарлық кезбен шектелген қазақ әдебиеттануының төл бастаулары айқындалған.

Әдебиет теориясы жоқ халық болып саналдық. Қазақ тілі мен әдебиеттануының біз бүгін қазақша пайдаланып келе жатқан басты теориялық түсініктерін А.Байтұрсынұлы анықтап бергені айтылған. Аталған үш кітап, керісінше, ұлттың көркемсөз тарихын атам заманнан бастап, дүниежүзі әдебиеті төңірегінде қазақтың асыл сөзінің ерекшеліктерін жан-жақты қарастырып берген. «Әдебиет танытқыш» деген атауда тұрған «әдебиет» деген не, оны не үшін «таныту» керек деген екі сөзде тұрған жауап – біздің бүгінгі әдебиеттанудың анықтап айта алмай келе жатқан күрделі ғылыми танымдық мәселесі болып табылды.

Қазақ халқының он ғасырлық асыл сөзі кімге қажет? Сөздің асыл болуы несімен? Әдебиеттің негізгі міндеті неде? Көркем сөздің басқадан айырмашылығы қандай? Бүгін әдебиет қажет пе? Осы сауалдардың бәріне «Әдебиет танытқышта» нақты жауаптар берілген. Қазақ неге «сөз сүйектен өтеді» деген? «Өнердің ең алды – сөз өнері деп саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан», – дейді А.Байтұрсынұлы. Себебі, әдебиетшінің айтуы бойынша, сөз өнері «адамның жан қоштау керегінен шыққан».

Қазақ сөз өнерінің он ғасырлық мұрасының басты құндылығы және ескірмеуінің сыры – бұл асыл сөздің Абай сияқты «хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қылыбында жазғаны». Неге А.Байтұрсынұлы Абайды «қазақтың бас ақыны» деп атаған?

Ұлт ұстазы атанған А.Байтұрсынұлының Абай шығармалары туралы айтқан сөздері бүгінгі абайтанудың негізгі тұжырымы болып табылады: «Сөзі аз, мағынасы көп, терең ... Не нәрсе жайынан жазса да, Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды сынайды» (2, 154-155).

Қазақ әдебиетінің көркем, асыл сөзінің он ғасыр тарихы бар екені бүгінде ғылыми дәлелденген тұжырым. Аталған көркемсөз шежіресі шын мағынасындағы әдеби, рухани құндылық болып табылады. «Халықтың құлқы, мінезі, ойы заманындағы әдебиетінен білінеді. Әдебиет – халықтың түрлі қимылдарының айнасы» (1, 147), – дейді әдебиеттанушы Х.Досмұхамедұлы.

Л.Гинзбургтің лириканы: «Адамның ішкі әлемінің күйі», – деуіне риза болушы едім. Ал А.Байтұрсынұлының лириканы: «Жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі», – дегені қандай дәл және нақты. Л.Гинзбургпен М.Бахтин: «Әдебиет – адамның жаны, оның ішкі әлемінің өзгеруі, санасының көркем бейнеленуі», –

десе, А.Байтұрсынұлы: «Әдебиет – асыл сөз – адамның жан қолтауының қажетінен туған» – дейді. Асыл сөздің үлгілісі – өмірдің ғибратты болуын алға тартатыны – дей келе Х.Досмұхамедұлы: – «Әдебиет – халықтың түрлі қимылдарының айнасы», – дейді. М.М.Бахтин: «Әдебиет – адамның істері, қылықтарының табиғатын, себебін танытатын өнер түрі», – десе, А.Байтұрсынұлы: «Асыл сөз адам санасының үш негізіне тіреледі – ақылға, қиялға, көңілге», – дейді. Себебі, «ақыл ісі – аңдау яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – тую, талғау» (2:168). Осы тұрғыдан қарағанда, А.Байтұрсынұлы, М.Бахтин, Х.Досмұхамедұлы үшін, әдебиет – адамзаттың мәңгілік сауалдарына жауап іздеуші ілім.

Алаш әдебиеттануының жоғарыда аталған Ресей теоретиктерінің еңбектерімен үндес болуы, олардың әдебиеттану ғылымының негізі – классикалық үлгідегі зерттеулер болғандықтан. Совет кезінде тыйым салынған ғылыми мұра ХХІ ғасырдағы әдебиеттану ғылымының негізгі ұстанымы болып қала бермек. Себебі, бұлар асыл сөз теориясын, оның зерттеу амалдары мен тәсілдерін ұлттық төл контексте айғақтап берген. Алаш ардақтылары еңбектерінің бүгінгі тәуелсіз әдебиеттану ғылымының басты темірқазығы болуының да сыры осында жатыр.

Біз үшін қазақ әдебиеттануы кәсіби ғылым ретінде сонау ХХ ғасыр басында Алаш ғалымдары зерттеулерінде толық қалыптасқан. Оған дәлел – А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш», Х.Досмұхамедұлының «Аламан», «Қазақ халық әдебиеті», М.Әуезовтің ғылыми басылымдары. Ұлттық әдебиеттанудың негізгі ұстанымдарын дүниежүзілік контексте аталған ғалымдар сонау ХХ ғасыр басында анықтап беріпті. Олар өздеріне дейінгі әдебиетке де өз көзқарастарын тура бүгінгідей ғылыми тұрғыда негіздеген.

ХХ ғасыр басындағы әдебиеттанудың: әдеби сыны

саяси пікірталаста, әдеби мұра – Абайды қорғау арқылы қалыптасты; әдебиет тарихы Х.Досмұхамедұлы, М.Жұмабай, Ж.Аймауытұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Р.Марсеков, С.Сәдуақасұлы, Ы.Мұстамбаев, М.Әуезов еңбектерінде зерттелді; әдебиет теориясы А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» тұжырымдалды. Әдебиеттану ғылымының осы үш саласы да сонау ХХ ғасыр басында-ақ екі аяғынан тік тұрды. Тоталитарлық совет кезінде ресми тыйым салынған бұл ұлттық классикалық әдебиеттанудың үлгілі зерттеулерінсіз іске асқан соцреалистік әдебиеттану біржақты болды. Өзінің төл бастауларын атай алмаған ғылым қайдан оң болсын?!

Тәуелсіз кездің әдебиеттану ғылымы ұлттың асыл сөз туралы ілімін тұңғыш рет өз арнасында зерттеуімен ерекшеленеді. Академик З.Қабдолов айтқандай, бұл ғылым саласы «басы, денесі, аяғы бар тұтастыққа енді ғана ие болды». Олай болса, Алаш әдебиеттануы бүгінгі ғылыми айналымға қайта оралып, негізгі зерттеу жүйесінің дүниежүзілік контексте жүргізілуін талап етіп, нақты теориялық, әдебиеттанулық тұжырымдарын айғақтап беруімен құнды және ғибратты болып табылады.

М.О.Әуезов атындағы институттың Әдебиет теориясы бөлімінің дайындауымен екі томдық «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (2008, 2009) жарық көрді. Монографиялық зерттеуде ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасуы мен даму жолдары, әдебиет тарихы, сыны, теориясы саласындағы ізденістер кеңінен қамтылып, кезеңдік тұрғыдан жүйеленіп, бір ізге түсірілді. Еңбекте алғаш рет көне түркі әдебиетінен бастап, күні бүгінге дейінгі әдебиеттанушы ғалымдардың қазақ сөз өнеріне қатысты әдеби-теориялық ойлары, стиль мен жеке жанрлық түрлерді, категорияларды талдаған ғылыми еңбектері қарастырылды. Тұңғыш рет қазақ әдебиеттануының ежелгі дәуірдегі әдеби таным арналары (VI-XIV) анықталды. Қазақ әдебиеттану ғылымының бастаулары

ретінде Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлы шығармалары зерттелді. Кәсіби қазақ әдебиеттануының қалыптасуы 1900-1932 жылдар болып анықталды. Алаш әдебиеттануы Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, С.Сейфуллин зерттеулерінде қалыптасты. Совет дәуіріндегі қазақ әдебиеттануы (1932-1956): М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, М.Қаратаев, Ә.Марғұлан, Т.Нұртазин еңбектерімен айқындалды. 1957-1991 жылдардағы қазақ әдебиеттануы М.Базарбаев, Ш.Сәтбаева, З.Ахметов, С.Қирабаев, Т.Кәкішұлы, Р.Бердібай, Ш.Елеуенов, Н.Келімбетов, М.Жолдасбеков, Р.Нұрғали зерттеулерімен айқындалды.

Әдебиеттеориясы бөлімінің келесі ғылыми зерттеулері: «Әдебиеттану. Терминдер сөздігі» (1996, 1998). Тұңғыш рет әлем әдебиеттану ғылымының классикалық мәтіндері үш том болып жарыққа шығарылды яғни «Мировое литературоведение» хрестоматиясы (2007, 2008, 2009); «Қазіргі қазақ әдебиеттануындағы Тәуелсіздік идеясы» (2011) атты ұжымдық монографиядағы ғылыми мәселелер: «Тәуелсіздік және Алаш әдебиеттануы», «Совет әдебиеттануындағы азаматтық-отаншылдық концепт (Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев)», «Қазіргі абайтанудағы ұлттық рух»; «Қазақ әдебиеті тарихы туралы еңбектердегі ұлттық идеяның зерттелуі»; «Тәуелсіздік пен тарихи шындықтың қазіргі әдебиетіндегі зерттелуі»; «Тәуелсіздік және қазіргі теориялық ізденістер» атты төрт тарауда қазіргі қазақ әдебиетін танытатын ғылымның соңғы жетістіктері тұрғысынан қарастырылғанымен құнды.

БҮГІНГІ ПОСТМОДЕРНИСТІК ЗЕРТТЕУЛЕР

Қазақ әдебиеті дүниежүзілік әдебиет контексінде теориялық тұрғыда жаңаша қарастырыла бастады. Постмодернистік талдау жүйесі батыл қолданылуда. *А.К.Ишанованың* «Типология литературной игры. От барокко до постмодернизма»¹ (2005) атты зерттеуінде бүгінгі әдебиет теориясының маңызды мәселесі қойылған.

Бүгінгі постмодернистік амал – әдеби ойынның типологиясы дүниежүзілік әдебиет көлемінде тұңғыш рет зерттелген. Зерттеуде келесі мәселелер қойылған: «Поэтика игры. Принципы и приемы игровой поэтики; Лудистские сюжеты. Типология персонажей; Игра и литературные направления; Классификация типов лудизма. Маньеристично-барочная игра в «Гамлете» В.Шекспира; Алеа в «Пиковой даме» А.С.Пушкина; Игра-сновидение от реализма до постмодернизма (Л.Толстой, Ф.Достоевский, И.Бунин, В.Брюсов, Ф.Кафка, В.Пелевин); Сакральные (суфийские и тенгрианские) лудистские мотивы в прозе Ж.Аймаутова («Певец»), М.Жумабаева («Грех Шолпан»); Абсурдистская игра в модернизме (С.Беккет, Ф.Кафка); Постмодернистская игра автора; Игра автора; Игра – постижение внерациональной истины. Х.Кортасар; «Актуалистская» игра М.Кундеры; Игра с классикой (А.Чехов, Т.Стоппард и Б.Акунин); Лабиринт в прозе современных русских и казахских писателей; Лабиринт; Лабиринт-экзистенция в современной казахской прозе. Т.Абдиков, Р.Сейсенбаев, Д.Амантай, А.Кемельбаева, А.Альпеисов, А.Рахметов; Лабиринт-время (история и будущее). Шахимарден; Лабиринт-социум. В.Маканин; Транспутешествие: сакральное и литературное. От Арта Вираза до Я.Кавабата, Л.Петрушевской». Аталған мәселелер әдеби ойынның бүгінгі әдебиеттегі орнын,

¹ Ишанова А.К. Типология литературной игры. От барокко до постмодернизма. – Астана, 2005. – 170 с.

көркемдік тәсілдік амал екенін дәлелдеп тұр. Зерттеуші тек шетел әдебиетімен шектелмей, бүгінгі қазақ әдебиетінен де әдеби ойын үлгілерін теориялық тұрғыда дәлелдеп шыққан. «Лабиринт-экзистенция» мәселесі Т.Әбдіков, Р.Сейсенбаев, Д.Амантай, А.Кемелбаева, А.Әлпейісов, А.Рахметов, Шахмардан, А.Жаксылықов шығармалары арқылы дәлелденген: «В повести Т.Абдикова «Война пылающего разума», за которую автор удостоился престижной премии Ф.Кафки, главный герой – также пациент психиатрической клиники. Его болезнь несколько иного рода. В основу повести положена игра-раздвоение, имеющая несколько отличительное звучание в сравнении с известными традициями русской литературы XIX и XX веков. Если в прозе М.Горького («Дело Артамоновых») двойничество Петра Артамонова (сцена перед зеркалом) обнажает потаенную вторую «дурную» натуру персонажа, в конце-концов, нравственную деградацию рода, то в повести Т.Абдикова раздвоение персонажа – знак свершившегося апокалипсиса сознания современного человека. У казахского писателя страдает от раздвоения – не самый худший, а лучший из людей, испытывая душевную боль от усилившегося несовершенства» мира и человека. Автор использует прием «текст в тексте» (письма, дневник), что позволяет усилить исповедальный тон нарратива. Человек, пишущий полемические письма пациенту клиники, оказывается его собственным двойником. Оппонирование самому себе, изматывающая война с самим собой сегодня разворачиваются на уровне сознания. В «Парасат майданы» («Война пылающего разума») экзистенциальные мотивы образуют внутренний сюжет текста, где добро и зло, жизнь, смерть, одиночество, страх, свобода, грех, вина, ложь и правда сплелись в единый, сложный клубок бытия. Бесфабульность заменяется наплывом переживаний, чувств, размышлений персонажа о современном времени» [122].

Қазіргі әдебиеттегі постмодернистік стильдің іске асуы арнайы қарастырылған: «Итак, сравнение приемов игры-лабиринта в казахской классике и в

современной прозе позволяет выделить их отличительные особенности. В казахской классике начала XX века не наблюдается столь явного обращения к художественной условности – приемам изображения онейрического пространства, мистико-ирреального. Если игра-лабиринт в казахской классике больше обнаруживаются на уровне реалистически мотивированного содержания, то в современной прозе обнаруживается особый синтез содержательно-формальных компонентов с явной игрой мистико-ирреального, не отделяемого от реалистической основы нарратива.

Игра-лабиринт в прозе А.Кемельбаевой позволяет автору заострить внимание на сфере малоизученных бессознательных импульсов человеческой психики, подчеркнуть особую зависимость человека от общего состояния мироздания. Все это созвучно мироощущению современного человека, осознающему как никогда прежде близость дыхания отчуждения, пустоты, хаоса и апокалиптичности бытия» [127].

«Исповедальность в игре», «Мотив пустоты в современной казахской и русской литературе», «Лабиринт – время (история и будущее) в прозе Шахимардена» атты тарауларда әдеби ойынның қазіргі қазақ әдебиетіндегі түрлері теориялық талдаулар арқылы дәлелденген: «Итак, сравнение приемов игры-лабиринта в казахской классике и в современной прозе позволяет выделить их отличительные особенности. В казахской классике начала XX века не наблюдается столь явного обращения к художественной условности – приемам изображения онейрического пространства, мистико-ирреального. Если игра-лабиринт в казахской классике больше обнаруживаются на уровне реалистически мотивированного содержания, то в современной мировой прозе – особый синтез содержательно-формальных компонентов с явным преобладанием мистико-ирреального, не отделяемого от реалистической основы нарратива. Так, поэтика игры в прозе Т.Абдикова, А.Кемельбаевой позволяет автору заострить внимание на сфере малоизученных бессознательный импульсов

человеческой психики, подчеркнуть особую зависимость человека от общего состояния мироздания. Этот прием созвучен мироощущению современного человека, осознающему как никогда прежде близость дыхания отчуждения, пустоты, хаоса и апокалептичности бытия (Шахимарден)» [140-141].

Зерттеушінің бұл талдаулары бүгінгі әдебиеттанудағы постмодернистік үлгідегі болып табылады. Дәстүрлі жанр, стиль емес поэтикадағы әдеби ойынның басты түсініктері осылай айғақтала түседі. Бұл талдау үлгісі шығармадағы дәстүрлі талдаудың назарынан тыс қалатын әдеби түсініктері алға шығаруымен құнды болып табылады.

Тәуелсіз кездің әдебиеттануы әдеби байланыстар мәселесін теориялық тұрғыдан зерттеді. Совет кезінде тек жалпылама аталған әдеби деректер енді теориялық талдау арқылы анықтала түсті. Әдеби байланыстардың ішкі заңдылығы айғақтала түсті. Аталған мәселе Г.А.Шарипованың *«Интертекстуальное пространство литературы» (Диалоги русской литературы XIX – начала XX вв. и казахской литературы XX в.)*² атты зерттеуінде келесі мәселелер арқылы қарастырылған: «Парадигмы духовного бытия героя в интертекстуальном ареале литературы. Тургеневские константы духовного бытия. Толстовский идеал духовно-биографического. Ауэзовские доминанты пути жизни. Духовно-биографическое как осуществленность. Палестины казахской толстовианы. Мифологемы «почвенной» поэтики жизни в интеграции художественных миров. Мифологемы природного бытия «степи». Главный фатум – труд. Мусреповские мифологемы «почвы». Выводы. Мифопоэтические парадигмы интертекстуальности. Чеховский образец мирной пейзажности. Ауэзовская модель мифопоэтического. Мифопоэтический космос Сакена Сейфуллина. Религиозно-мифологический интертекст в литературе. Хронотоп

² Шарипова Г.А. «Интертекстуальное пространство литературы» (диалоги русской литературы XIX – начала XX вв. и казахской литературы XX в.). Научное издание. – Астана: ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, 2007. – 284 с.

пути героя-Пророка. Русский универсум коранической поэтологии. Мотив отвержения «культурного героя» и его Книги. Образ-концепт девы рая и идеал мировой гармонии в интертекстуальном диалоге. Образ девы рая в гумилевском державии поэта. Апостасийный образ девы рая Габита Мусрепова. Модус бытия всех на земле как единого целого. Образ-топос сада и мотив садоустройства в диалоге культур. Лихачевская аллея сада-книги. Пушкинская модель сада-усадыбы. Поэтика сада и «почвы» Тынымбая Нурмагамбетова.

Зерттеуде әдебиетке ортақ әдеби жүйелер анықталған. Аталған тарауларда көрсетілгендей теориялық талдаулар келесі тұжырымдармен қорытындыланған: «Поэтика словесно-эстетических ценностей русской литературы XIX – начала XX веков и казахской литературы XX века построена с использованием художественных моделей как литературного, так и внелитературного опыта. Иными словами, авторский индивидуальный образ, вбирая традиции архаической культуры, корреспондирует с подобными себе и выходит за пределы своей историко-литературной эпохи». Осыған орай М.Әуезов романы И.С.Тургенев прозасы контекстінде қарастырылған: «Соотнесенность текста романа-эпопеи «Путь Абая» с текстами народных легенд и преданий-аллегорий, которые были трансформированы автором в жанр «стихотворений в прозе», являет пример архитектуральности в творчестве М.О.Ауэзова.

Параллельное прочтение «стихотворений в прозе» И.С.Тургенева и М.О.Ауэзова свидетельствует о высокой значимости названного жанра: это повествовательный ряд «истории человека», его молодости, причинно-следственных отношений с окружающим миром, переживаний любви, одиночества старости, трагического финала завершения жизни, но мудрого приятия ее конца. Трансформация жанра происходит по схеме: лирико-философские раздумья героя – солилоквиумы (одинокие беседы с самим собой) и в творчестве М.О.Ауэзова – понтифальное обращение героя к будущему, к потомкам. По типологии функционирования жанр, осуществляя

межлитературный синтез, имеет интеграционное значение». Бұл жалпы салыстыру емес, нақты мәтіндік ортақ жүйені анықтау.

Қазақ әдебиеттануында тұңғыш рет М.О.Әуезов пен Л.Н.Толстой шығармалары кәсібиленген талдаулар арқылы салыстырылған. Ең бастысы ортақ мәселе – рухани мазасыздықтан туған дағдарыс: «Интертекстуальные переключки произведений Л.Н.Толстого и М.О.Ауэзова артикулируют сходные темы, сюжеты и мотивы: происшествие – «разрыв» со своей средой и «уход» героя – странствия по пути самопознания и поиска истины – духовное беспокойство, осуществленное в подвижничестве и праведничестве. Литературные герои, являя общее проблемное поле духовно-душевной жизни личности, имеют отличительные черты, что объяснимо авторской индивидуальностью, национальной ментальностью и архетипической моделью реализации художественного образа и изображаемой действительности». Бұл қазіргі әдебиеттануға қосылған тың пікір.

Абай мен Шәкәрім шығармаларының ортақ тұғыры айқындалған: «Произведения Абая и Шакарима, написанные по мотивам своих духовных странствий и триады восхождения (науки, поэзия, цивилизационный статус русского языка и мировой культуры), как эйдос «хорошей жизни человека» (Шакарим) являют пример историко-биографического интертекста».

Қазіргі интертекстуалды құбылыстар да анықталған: «Создание произведения сценической эстетики и постановка спектакля на казахском языке по пьесе А.П.Чехова «Дядя Ваня» – пример театральной интертекстуальности. Находимые в инациональной системе координат «Ваня ағай» в переводе Абиша Кекильбаева и в постановке Азербайжана Мамбетова являются по отношению к тексту А.П.Чехова новыми текстами». Бұл да жаңа тұжырым екені анық.

Зерттеуші М.О.Әуезов пен С.Сейфуллиннің шығармалары жаңаша салыстырылған. «Интертекстуальность рассказов «Сиротская доля», «Серый Люты́й» М.О.Ауэзова и

поэмы «Кокшетау» С.Сейфуллина определяет начало религиозно-мифологического направления в казахской литературе XX века. Текстовое подтверждение тому – полифункциональность фольклорно-мифологических «знаков» в названных произведениях».

Кітапта Құранның алынған интертекст мәселесі айқындалған: «Философские и историко-литературные сочинения В.Ирвинга, Т.Карлейля, Абая Кунанбаева, Вл.С.Соловьева, созданные на основе литературно-культурного текста Корана, маркируют коранический интертекст созидательного приятия инонационального («чужого») текста».

Тарихи тұлғаның әдеби мәндегі бейнесі қарастырылған. Бұлар мегатекстуальность тұрғысынан топтастырылған: «Долитературные образы царя Асархадона и принца Сидхарты Л. Н. Толстого, акына Абая и батыра Кушикпая М. О. Ауэзова, влюбленных Шуги и Абдрахмана Б. Майлина, девы рая и поэта Гафиза Н. Гумилева, акына и девушки-пленницы С. Сейфуллина, Адама и Хаувы Ер-Каптагая и Азрета Али Г. М. Мусрепова, хронотопы событий жизни названных героев – все это, преобразенное в индивидуальное поэтическое восприятие мира, становится литературным событием в жизни самих художников слова».

Как комментирующая ссылка автора («переписчика») на коллективную память долитературного периода и художественное переосмысление предшествующего «текста» культуры указанный пример интертекстуальности относим к типу метатекстуальности».

Пушкин өлеңіндегі Құран сөздері айқындалып талданған. «Подражания Корану» А.С.Пушкина, соединившие тексты разных культур – эпохи русского поэта и инонационального архаического пласта, как тип интертекстуальности артикулируют тематические, сюжетные, мотивные и образные заимствования из Корана, а также явные и скрытые цитации и иллюзии».

Пушкин шығармаларындағы Пайғамбар с. а. с. бейнесі қарастырылған. Бұған әсер еткен тарихи деректер мен хадистің әсерлері айтылған.



Құрандық интертекст келесі шығармаларда анықталған: «Благодаря творчеству И.А.Бунина, Н.С.Гумилева, Г.М.Мусрепова в XX веке литературная среда коранического интертекста обогатилась новыми, русско-казахскими образами и понятиями интеркультуры. Мотив коранической мифологемы «Мирадж» в пьесе Н.Гумилева «Дитя Аллаха», обнаруживая пример авторского мифотворчества, представляет иной уровень нравственно-этической благодати на земле – рая, связанного с державием Поэта и его Слова. «Большие тексты» (Библия и Коран), обладающие высокой степенью известности, философичности и образности, творчески переработаны в рассказе Г.Мусрепова «То, что знаю я» («Ана жыры»). В иерархии эстетических ценностей рационалистической эпохи образы и мотивы «золотого века» – предтекста – занимают весьма высокое положение не только в «степных» произведениях А.П.Чехова, Беимбета Майлина и Габита Мусрепова, рассмотренных выше» [269- 272].

Қазіргі казак прозасындағы интертекст Т.Нуұрмагамбетов мәтіндерін талдау арқылы айқындалған: «Рекуррентный образ дома-сада в творчестве А.С.Пушкина и Т.Нурмагамбетова, связанный с образами: музы – уездной барышни Татьяны Лариной и ее няни у русского поэта, жены и хранительницы очага – Данекер и Шынаркуль у современного казахского писателя. Мотивы утраты этого дома-сада, созданного по архетипической модели сада памяти о рае, возможно, являют общность прожитой биографии таких «почвенных» социумов, как русская дворянская усадьба и казахский аул – дедов становье.

Әдебиеттегі хронотоп мәселесі айтылған. Адамның құрсақтан басталатын өмірі сұрыпталған: «Синхронный ряд природных знаков: время роста ребенка во чреве женщины-матери и саженца во чреве земли-матери, время взросления-мужания дитя и дерева. Мотив перехода – со смертью хозяйки очага – дарующей силы матери в хранящее лоно земли («Горел очаг»). Символическое многообразие значения литературного

образа дерева: просветления и духовного совершенства, умирания и возвращения в ином качестве – у Л.Н.Толстого; изменения, динамичного роста и метафоры жизни – у М.О.Ауэзова; познания, грехопадения и приюта любви – у Г.М.Мусрепова; начала семейной жизни, плодородия, материнства и одушевления в образе женщины-дерева, а также вегетативный знак урючины, олицетворяющий парадиз благословенного очага, и Плод грустных раздумий о Древе забвения и беспамятства – у Т.Нурмагамбетова».

Зерттеуші екі әдебиеттегі басты әдеби түсініктерді салыстыру арқылы нақты талдауларға жүгінген зерттеудегі әдеби-теориялық категориялар екі әдебиеттегі ортақ рухани үрдістерді айқындау үшін қолданған: «Таким образом, выстраивая парадигму интертекстуального изучения пространства русской литературы XIX – начала XX вв. и казахской литературы XX века, необходимо отметить, что своеобразие культурно-исторической общности названных литератур организуют архаические пласты культурной традиции, национальные особенности мира и открытия литературных процессов той или иной эпохи» [272-273].

Ғалым Г.Шарипованың бұл еңбегі қазіргі әдебиеттануға нақты үлес қосқан зерттеу болып табылатыны анық.

Әдебиеттанушы К.Б.Уразаеваның «*Ранняя проза М.О.Ауэзова: фольклорные традиции и особенности романтического стиля*» (2000) және «*Историко-биографический роман в русской и казахской литературах XX века: Ю.Н.Тынянов и М.О.Ауэзов и Сравнительно-типологический анализ*» (2008) атты зерттеулерінде қазіргі әдеби-теориялық маңызы зор мәселелер қарастырылған.

Зерттеушінің «*Ранняя проза М.О.Ауэзова: фольклорные традиции и национальное своеобразие*»³ (2000) және «*Ю.Н.Тынянов и М.О.Ауэзов: рецепции русской литературы и национальное своеобразие*»⁴

³ Уразаева К.Б. Ранняя проза М.О.Ауэзова: фольклорные традиции и национальное своеобразие. Алматы: Жеті Жарғы, 2000.

⁴ Уразаева К.Б. Ю.Н.Тынянов и М.О.Ауэзова: рецепции русской литературы и национальное своеобразие. Принт-А, 2008.

(2008) атты монографияларында аталған мәселелер тәуелсіз әдебиеттану тұрғысынан жаңаша зерттелген. Зерттеуде келесі мәселелер көтерілген: «Анализ влияния фольклорной жанровой системы и эстетики на способы романтического осмысления действительности, синтез реалистической поэтики и романтическую ассимиляцию реалистических приемов, рассмотренных в работе как жанрообразующий фактор. Такой подход позволил выявить пути и формы влияния фольклора на формирование художественного метода раннего М.О.Ауэзова. Вместе с тем объектом изучения стало новаторство Ауэзова, исследованное в контексте типологии конфликта, личности, сюжета, композиции». Әдебиетші К.Оразаеваның келесі пікірі де тәуелсіз әдебиеттануға қосылған тың әдеби талдау болып табылады. Екі тұлғаға ортақ типологиялық талдаулар айқындалған: «выявлена типология двух писателей XX века. Поэтика Ю.Тынянова рассмотрена с позиции литературной психологии и способов воплощения в трех его романах «Кюхля», «Смерть Вазир-Мухтара», «Пушкин». Особенности художественного метода Тынянова анализируются в аспекте его исканий в области формальной теории. Типология и своеобразие художественного метода Ауэзова рассматривается на материале романа – эпопеи «Путь Абая» в контексте его работ об Абае, с точки зрения национального своеобразия».

Әдебиеттану ғылымындағы аса маңызды сала көркем аударма мәселесі болып табылады. Асылында көркем әдебиеттегі бір мәдениеттің екінші тілге ауысуы жеке ғылыми негіздегі зерттеулерді қажет ететіні түсінікті. Осы тұрғыда әдебиеттанушы, әдеби аударманың маманы Н.Ж.Сағындықованың «*Основы художественного перевода*» (1996) атты еңбегінде ұлттық әдебиеттану ғылымындағы көркем аударма тарихы сараланады. Кітап оқу құралы жүйесінде құрылған. Монографияда аударманың төмендегідей мәселелері қамтылған: «О художественном переводе в Казахстане», «Казахский эпос в русской интерпретации», «Мелодика казахского стиха и проблемы ее воссоздания в переводе»,

«Художественный перевод в «белых пятнах»», «Роль комментариев к подстрочному переводу (Прикладные вопросы переводоведения)», «Специфика переводческой трансформации образа и стиля оригинала».

Зерттеудің «О художественном переводе в Казахстане» алғашқы тарауында автор 1950-1960 жылдардағы қазақтың әдеби аудармасындағы тәржіменің негізгі-негізгі үш түрін айқындайды: «а) вольный или свободный перевод; в) буквальный и дословный перевод; б) адекватный, полноценный перевод. Здесь надо отметить, что в 20-30-ые годы превалировал буквалистский калькированный перевод. Однако по этому вопросу нет конкретных теоретических исследований и выкладок, не было убежденных сторонников» (17-бет).

Эпос аудармасына қатысты автор: «Характерной особенностью любого эпоса является его народность, что присуще и казахскому эпосу. Он выражает думы, чаяния и идеалы народа. Эпические произведения призывают к единению, воспевая прекрасных образы батыров, проникнутые духом пламенного патриотизма, духом мужественной самоотверженной борьбы за независимость и свободу народа». Таковы образы, оставшиеся в веках, Кобланды, Ер Таргына, Камбара, Ер Кокше, Едиге, Ер Саина, Алпамыса, Шора батыра и др.» (33 бет).

Монографияның III-тарауы (Мелодика казахского стиха и проблемы ее воссоздания в переводе) өлең сөздегі аударма мәселелеріне арналған. Поэтикалық туындылардың қазақ тілінен орысшаға аударылуы бізде әлі толық, жан-жақты жүйеленбеген. Әдебиеттанушы Абайдың «Көзімнің қарасын» аударма теориясы негізінде талдайды. Өлеңнің түпнұсқа және аударма мәтінін талдай келе автор: «Оригинал написан правильным шестисложником с одной паузой. Рифма мужская. На русский язык перевод осуществлен двусложным анапестом, что замечательно воспроизводит ритм оригинала. Мы просчитали все строки и были поражены удивительным сходством метрического рисунка оригинала и перевода. И мы должны констатировать факт, что несмотря на трудности, связанные с большим

различием систем стихосложения казахского и русского, М.Петрова сумела найти метрический аналог и так точно, что русский текст безупречно ложится на казахскую мелодию» (76-бет) деген байыпты тұжырым жасайды. Дәл осындай жолма-жол аударма тәсілі тұрғысынан С.Сейфуллин мен Ә.Тәжібаев шығармашылығы осы тарауда талданады.

«Художественный перевод» в «Белых пятнах» атты тарауда тәуелсіз қазақ әдебиеттануының қайта оралған алаш тұлғаларының шығармашылығы талданады. Олардың қатарында монографияда Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы өлеңдерінің стильдік көпқырлылығы, мағыналық тереңдігі нақтылы талдаулар негізінде айқындала түскендігімен құнды.

Автор Алаштық ақындардың көркемдік деңгейін ол тұлғалардың тарихи тұлғалармен бірлікте қарайды. Ақтаңдақтар деп айдар тағылған кезеңнің түпкі себебін айқындайды: «Духовное наследие прошлого было почти полностью передано забвению. Литераторы, ученые, общественные деятели, пытавшиеся как-то обратиться к сокровищнице народной культуры, тут же обвинялись в национализме, пантюркизме и даже в шпионаже, словом, в чем угодно, главное, как сейчас мы понимаем, было забыть историческое прошлое, стереть из памяти народной кровные духовные ценности, сделать людей «манкуртами». Мұнымен қатар автор аударма теориясының іргелі мәселелерін қарастырады. Көркем аударманың халықтар арасындағы ірі құндылықтар жүйесін қалыптастырудағы орнын айқындайды. Кез келген халықтың тарихына қарасақ та, ол өзінің мәдени, рухани байлығын, ғылыми-экономикалық өресін ең басты екі негізден алып, дамытып отырған. Бірі – өзінің ішкі мүмкіндіктері болса, екіншісі – өзге жұрттың мәдени байлығына иек арту. Өз мәдениетін өркендетудің осы тәсілін кез-келген халық тарихынан келтіруге болады. Ұлт пен ұлтты жақындастыруда аударма өнерінің рөлі айрықша екені де басы ашық мәселе. Осы ретте Н.Ж.Сағындықованың зерттеулері аударманың өзіндік

қасиеттерінен туындайтын, жай ғана шеше салуға келмейтін, шығармашылық тұрғыдан шешуді қажет ететін мәселелерді кеңінен қарастырумен өзекті болып табылмақ.

Әдебиеттанушы Б.Жетпісбаева келесі монографияларында қазіргі әдеби теориялық мәселелер зерттелген. *«Художественная условность и формы ее воплощения»* (1993), *«Образные миры Магжана Жумабаева»* (1997, 2008); *«Символ в движении литературы»* (1999); *«Древнетюркская литература»* (2001, 2007); *«Тюркская литература X-XII вв.»* (2001) и др.

«Символ в движении литературы» атты зерттеудің басты тақырыбы – символдың көркемдік мәтіндегі орны. Қазақтың ұлттық бейнелеу жүйесіндегі символдық ұғымдар анықталып, олардың көркемдік құрау функциясы айғақталған. Бұл теңеулер жалпы әлемдік әдебиеттану контексінде қарастырылған. Символдың архаикалық түрі анықталып, бүгінгі қолданыс аймағы сараланған. Тәуелсіз кездегі көркемдік ойлау жүйесіндегі символдың орны анықталған: «басты тақырыпты айқындаушы, ұлттық ерекшелікті көрсетуші, ұлттың бейнелі әлемін толықтырушы, жеке авторлық, т.б.».

Қазіргі прозадағы (М.Әуезов, Г.Мүсірепов, А.Алимжанов, Ә.Кекілбаев, О.Бөкеев, М.Мағауин, С.Санбаев) ұлттық ойлау жүйесі символ тарапынан жаңаша қарастырылған. Әдебиет пен фольклор арақатынасы осы тұста айғақталған. Қазақ әдебиеті Т.Манн, А.Камю, Ф.Кафки, Г.Гессе, М.Әуезов, Ш.Айтматов шығармалары контексінде талданған. Сонымен қатар Б.Жетпісбаева мағжантанулық еңбектері де теориялық талдауларымен айғақталған. Әдебиетшінің «Древнетюркская литература» атты оқулығы аталған пән бойынша орыс тілінде шыққан тұңғыш басылым болып табылады. Кітапта түркі әдебиетіне қатысты ғылыми мағлұматтар теориялық талдауға түсіп, сараланып берілген. Белгілі түркітанулық зерттеулердің осындай теориялық жүйелеуге түсуі бүгінгі әдебиеттанудың қажеттілігінен туғаны айғақ.

Автордың «Образные миры Магжана Жумабаева»

(2008) атты зерттеуінде ақынның поэзиясы теориялық тұрғыдан зерделенген⁵. Теориялық мәселелер келесі ретпен қарастырылған: «Жизнь в борьбе. Западно-восточный синтез в поэзии Магжана Жумабаева. «Золотой Хаким» – Абай-ата. Магжан и символизм. Образ Прекрасной Дамы в поэтическом восприятии Магжана (к постановке проблемы: Блок и Магжан). К поэтике любовной лирики Магжана. Семантика «огненного» цикла. Триада «Огня». 1) «Огонь» – «От». 2) «Пророк» – «Пайгамбар». 3) «Восток» – «Куншыгыс». Природа в лирике Магжана. Современные рецепции рассказа «Грехопадение Шолпан» [5. 155]. Зерттеуші ақын поэзиясын әлемдік әдеби контекст көлемінде қарастырған.

Ақынның қолтанбасы туралы зерттеуші былай дейді: «Но главная суть символистского творчества поэта заключается в создании им в казахской поэзии феномена неомифа, отвечающего основным параметрам этого рода произведений. Неомифологическое сознание в своем существе интегрирует миф и современность, при этом, как и предполагается в неомифе, миф залегает в глубине произведения, онтологизируя и глубинно семантизируя современность (или историю) как основополагающую «картину мира» [5. 150-151].

Мағжанның поэзиясындағы символизм осылай теориялық талдаулар арқылы арнайы зерттелген. Мағжан Жұмабаевтың символизмге қатысы бар екені белгілі. Бірақ нақты қандай деген сауалға Б.Жетпісбаева осылай нақты жауап берген.

Қазіргі постмодернистік әдебиет қалай зерттелуде? Постмодернистік прозаның құрылымы немен ерекшеленеді? Автор мен кейіпкер арақатынасы осы ретте нақты теориялық салыстырулар арқылы айқындалған.

*С.В.Сафронованың «Автор и герой в постмодернистской прозе»*⁶ (2007), «Постмодернистская литература и

⁵ Жетпісбаев Б.А. Образные миры Магжана Жумабаева. – Алматы: Нур-пресс, 2008. – 156 с.

⁶ Сафронова Л.В. Автор и герой в постмодернистской прозе: Монография. – СПб.: «Дмитрий Буланин», 2007. – 238 с.

современное литературоведение Казахстана» атты зерттеулерінде тәуелсіз әдебиеттанудың негізгі теориялық мәселелері айқындалған. Постмодернистік проза қандай деңгейде? Автор мен кейіпкер бұл әдебиетте қалай қалыптасады? Автор-кейіпкер жүйесі постмодернистік прозадағы жанрларда қалай тоғысады? «Оқырман – кейіпкер – автор» жүйесінің анықталуы арқылы С.В.Сафронова қазіргі постмодернистік мәтіннің құрылымын теориялық тұрғыда талдаған. Зерттеуде келесі теориялық тұжырымдар анықталған: «Проблема автора и героя в современном литературоведении, философии и психоанализе. Автор, герой и жанр в постмодернистской прозе. Типология постмодернистских героев (персонажей) и проблема автора. Автор, герой и коммуникативные стратегии постмодернистского текста» [237].

«Постмодернистская литература и современное литературоведение Казахстана»⁷ атты (2006) зерттеуінде С.В.Сафронова бүгінгі қазақ әдебиеттануының негізгі бағыттарын саралап шыққан. Аталған мәселе келесі ретпен қарастырылған: «Современное казахстанское классическое и постнеклассическое литературоведение». «Специфика современной казахстанской литературы: транзитное и модернистско-постмодернистское художественное сознание. Модернизм и постмодернизм: проблемы преемственности и отталкивания. Переходная модернистско-постмодернистская поэтика романа Х.Адибаева «Созвездие близнецов». Система образов и орнаментальные поля в романе А.Жаксылыкова «Другой океан». Автор и герой в жанре «феминистского» триллера Г.Королевой «Роман с кровью». Автокоммуникация и психоанализ в романе И.Одегова «Звук, с которым встает солнце». Эссеистика Д.Амантая: модернистские и постмодернистские тенденции» [3]. С.В.Сафронова қазіргі постмодернистік талдау жүйелерін анықтаған. «Таким образом, проблема автора и героя в литературоведческой науке Казахстана активно развивается одновременно в

⁷ Сафронова Л.В. Постмодернистская литература и современное литературоведение Казахстана: Учебное пособие. – Алматы: КазНПУ им.Абая, 2006. – 96 с.

нескольких направлениях. Продолжаются исследования в русле классической науки, прежде всего, как и в российском литературоведении, творчески используются и развиваются концепции авторства В.Виноградова и М.Бахтина. Достаточно продуктивно идут соответствующие изыскания в области структурной поэтики, семиотики, мотивного анализа и теоретического моделирования...».

Қазіргі дүниежүзілік әдебиеттанудың негізгі бағыттары айтылған: «В фундамент современной-мировой филологической науки положены, прежде всего, *междисциплинарный и кросс-культурный подходы*. Недостаточность традиционной науки, обозначившаяся особенно остро в кризисные для СНГ 90-е годы XX века, спровоцировала бурный междисциплинарный диалог во всем постсоветском гуманитарном пространстве. Эти революционные сдвиги в методологии затронули фактически все отрасли науки, и, в первую очередь, теорию литературы и теоретическую проблему автора и героя, всегда выступающую на первый план в период смены мировоззренческих парадигм. Идеология свободного методологического сотрудничества стала концептуальной и для современной казахстанской теории литературы.

Вместе с тем, необходимо отметить также, что постмодернистский материал только эпизодически оказывается среди художественного (материала для исследования в казахстанской авторологии. Причем, как правило, в фокус отечественных исследователей попадает по большей части русский и западный литературный постмодернизм» [7. 20-21].

Зерттеушінің қазіргі әдеби процестегі постмодернистік бағытты арнайы зерттеу объектісіне алуы – тәуелсіз әдебиеттанудың басты тақырыбының бірі.

Тарауда айқындалғандай тәуелсіз кездегі қазақ әдебиеттануы әдебиеттің төл дәстүрін, жанр мен стильдік ерекшеліктерін анықтау үшін осындай теориялық зерттеулерге батыл бұрылыс жасады.

«ЖАЗУШЫНЫҢ ҚАЙРАҒЫ – СЫНШЫ»

Әдеби жыл қортындысы (2014)

Әдебиеттану ғылымы әдебиеттің тарихын, сынын, теориясын қамтитын ғылым саласы. Әдеби сын – әдебиетті тану мен оның айнасы іспеттес, сондықтан әдеби сын ғылым сөзі мен көркем сөздің синтезі болып табылады.

Әдеби сынның жанлары: мақала, очерк, шолу, аннотация, рецензия-пікір, т.б. Бұл жанрлардың жазылу түрлері: мазмұндау, тақырыптық, структуралық, семиотикалық талдау, интерпретация, микроанализ (үңіліп оқу), т.б. Бұл әр сыншының өз алдына қойған мақсатымен байланысты. Сынның ісі – шығарманы талдау, аналитикалық сараптау арқылы ішкі мағынасын, көркемдік әлемнің құдіретін ашып беру болып табылады. Егер сыншы жазушының не айтқысы келгенімен ғана шектелсе, ол тек мазмұндау (описательный) сын болып кетеді.

Әдебиеттанушы әдебиеттің дамуын зерттесе, сыншы әр жаңа шығарманың оппоненті деуге әбден лайық. Ахмет Байтұрсынұлы осыған байланысты былай деген: «Сын деп адам ісінен шыққан нәрсені тексеріп баға беруді айтамыз. Шығармалардың түсетін сынының аты – әдебиет сыны деп аталады. Көркем сөздің әрі сүлде, әрі сурет екі жағынан тексеруге тиіс. 1. Мазмұны дұрыс па? Неден болатын себебін біліп айтқан ба? Мұрат қалып па? Кейіп қалып па? 2. Көркем сөз табына шын қосарлық сөз бе? Тілі өрнекті ме? Әуезді ме? Лұғаты таза ма? Анық па? Қысқасы, ойды өрнектеп, көрнектеп, суреттеп көрсеткендей тілінде шеберлік бар ма? Ақылдың аңдағанын, қиялдың меңзегенін, көңілдің түйгенін тілі дұрыс жеткізе алған ба?»

Қазақ әдеби сынына қатысты келесі кәсіби пікірлер бар екенін ескерсек деймін. Әдеби сынға қатысты А.Байтұрсынұлы «Қазақтың Бас ақыны» (1913) зерттеуінде былай деген: «Сөз жазатын адам әрі жазушы,

әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Мағыналы маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған». Алаш әдеби сыншысы Ж.Аймауытұлы (1915) «Абайдың өнері һәм қызметі» («Екеу») атты зерттеуінде өлең сөзге қатысты былай деген: «...Өлеңге қоятын шарт: еркін ой, шарықтаған терең қиял, нәзік өткір сезім, құйылған сұлу сурет, кестелі, таза, қысқа, анық, дәлді, нағыз тіл».

«Мағжанның ақындығы туралы» (1923) зерттеуінде Ж.Аймауытұлы әдеби сынның қажеттілігі туралы былай депті: «Әдебиет сынмен көркейеді. Бәйгеге қосатын атты жаратып, құйрық-жалын күзеп жіберсе, көрікті болып жұтынып шығады. Әдебиетке сондай күтім, сондай сын керек».

Алаш әдеби сыншы Смағұл Сәдуақасұлы «Әдебиет әңгімелері» (1927) атты мақаласында әдеби сыншының мақсаты туралы былай деген: «Қазақ әдебиетін сынау керек. Сынайтын уақыт жетті. Қазақ әдебиеті ақсаса, сынның көптігінен емес, дұрыс сынның жоқтығынан ақсап отыр... Қазақ әдебиетіне толық сын керек. Сынағаннан әдебиет ақсамайды, қайта сынның жоқтығынан әдебиетті тот басады. Жазушының қайрағы – сыншы».

А.Байтұрсынұлы толғау туралы былай деген: «Жүйрік аттың белгілі сипаттары сияқты, асыл сөзде де белгілі сипаттар болады. Сол сөз сипаттарын дұрыс көрсетумен асыл болып шығады... Абайдан кейін сөзге талғау кірді. Айтушы да, тыңдаушы да сөзді талғайтын болды. Олай болғаны – Абай асыл сөзд айқындап, нұсқаларын көрсеткеннің үстіне, аз да болса, асыл сөз сипаттарын айтып та жұртты хабардар қылды».

Бұл кәсіби пікірлер қазіргі әдеби сынға аса қажет екені айқын. Қазіргі өлең сөзді талдаған әдеби сында өкінішке орай Алаш сыншылары қолданған келесі пән сөздері қолданбай келе жатыр: көріктеу, меңзеу, әсерлеу, бейнелеу, кейіптеу, алмастыру, бейнелеу, өлең шығару, өлең айшықтары, шумақ, бунақ, буындары тармақ ұйқастары, бүкпелеу, мезгеу, т.б. өлең сөздің сырын сипатын ашатын пән сөздері жоқтың қасы.

Дегенмен, қазіргі қазақ әдебиеті мен әдеби процестің елеулі көркем шығармаларын танытып келе жатқан әдеби сын бар екен. 2013 жылғы «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», «Таңшолпан», «Простор» басылымдары осы тұрғыдан сараланды. Қазіргі әдеби сында проза, поэзия, драматургия белгілі дәрежеде қамтылыпты.

Қазіргі әдеби сынның басты мақсаты баяғыдағыдай: шынайы көркемдік пен сөздің асыл болуының шарттарын, қыр сырын көрсете білу. Кәсіби сын арнайы біліммен қатар талдау мен талғамды қажет ететіні де белгілі. Бүгінгі әдеби сынның негізгі қолданылып келе жатқан жанрлары: мерейтойлық арнайы мақалалар, шолу, рецензия-пікірлер, тапсырыспен жазылған мақалалар. Әдеби сын жоқ деп айту жеткіліксіз, бірақ әдеби сынның бар мүмкіншіліктерімен қаруланған кәсіби әдеби талдаулар ерекше қажет. Әдеби сын кейбір ағалардың авторларды қолдап бата берген мақаларынан бастап отызға енді келетін жас сыншылардың батыл пікір-талдауларымен көзге түседі.

Жоғарыда аталған әдеби басылымдарда бас редакторлардың кәсіби білімімен талғамына сай әртүрлі деңгейде қамтылған әдеби сын бар. «Жұлдыз» журналында жарық көргендері Ш.Елеуқеновтің «Тәуелсіздік дәуір романы», Ж.Тілеповтің «Қаныш Сәтбаев және «Ер Едіге жыры», Әмірхан Балқыбектің «Бұлттардан аспан ойын оқыған», Г.Пірәлінің «Мадинаның қолтанбасы», Бауыржан Омарұлының «Томас Густав Виннер зерттеулеріндегі Қ.Бекхожин шығармалары туралы ой-пікірлер», Амангелді Мұқанның «Дауылпаз ақын драматургиясы», С. Рахметұлының «Уақыт, тағы да поэзия хақында», т.б. Осылардың ішінен әрине Ш.Елеуқеновтің қазіргі қазақ романы туралы кәсіби сын зерттеуінің жөні ерекше. Г.Пірәлінің мақаласында Мәдина Омарованың прозасы пән сөздері арқылы талданған. Жас прозаиктің шығармаларындағы сюжеттік, көркемдік, тақырыптық ерекшеліктер талдау арқылы қарастырылған. Сыншы осы ретте заман және әдебиет, өмір шындығы мен әдеби мәтіндегі шындық деген теориялық мәселелерді де қамтыған. Осы ретте жазушының әдеби дискурсы нақтылана түскен. Бұл шығармалар туралы өткен жылы шыққан осы ретте

Рафат Әбдіғұлов былай деген: «Жалпы, Мәдинада қысқа миниатюра, этюд түріндегі де, толыққанды эпикалық сипатта жазылған көлемді әңгімелер де бар. Қатал реализм мен жылы лирика, гуманистік сарын кірігіп жүретін де, әрқайсы жеке тұрып әңгіменің негізгі қырына айналатын да жерлері бар. Анық әңгімеші. Романы да жеке әңгімелерден құралып өрбіген. Суреттеп отырғанына қадап баға беріп, тікелей пікірін көрсетпейді. Композиция, сюжет, тартыс, т.б. көркемдік элементтерді арнайы қадағаламайды». Орынды кәсіби пікір.

Әмірхан Балқыбектің мақаласының негізгі міндеті – ақын Бауыржан Жақыптың қазіргі қазақ өлең сөзіне кіргізген көркемдік ерекшеліктерін нақтылау болып көрінді: *«Қаңқылдап ұшқан қаз үні естісең газжап басталған. Бұлттардың жазған жазуын көрдің бе оқып аспаннан... Оңаша жатыр жазығың осында бәрі басталған. Бұлттардың жазған жазуын оқып көр ойлы аспаннан».*

«Бұлттардың жазған жазуын» айтқан ақынның негізгі дискурсы туралы Әмірхан былай дейді: «Кендік, Өрлік, Ерлік – осы үшеуін үшбұрышты Тұмар етіп таққанмын» деп тебіренген ақында бұл ұғымдар бар деп сенеміз».

«Таңшолпан» журналында негізі әдебиеттанулық зерттеулер қамтылған екен: Қ.Әбдезұлы «Абай дәстүрі және қазақ дастандары», Б.Омарұлы «М.Мөңкеұлы шығармашылығы», Анаргүл Салқынбай «Шаһкәрім өлеңдерінің көркемдік қуаты» және классикалық әдебиеттану болып табылатын Зейін Шашкиннің «Әуезовтің стилі» мақаласы «Мұрағат» бөлімінде берілген. З.Шашкин Әуезовтің көркемдік әлемінің қырсырын «пән сөздері» арқылы танытып берген үлгілі кәсіби сыны күні бүгін өзі құндылығын жойған емес. Осындай классикалық саналатын әдеби сынды жариялау қажет екен. Қазіргі әдеби сын бойын түзеу үшін және жас сыншылар үйрену үшін.

Амангелді Кеңшіліктің «Жүрек сөзі» атты кітабына «Поэзияның жарық күні» деген алғысөз-батасын Фариза Оңғарсынова жазған. Алғысөз авторының айтуы бойынша бұл кітап тек Мұқағалиды таныту емес, қазақ

әдебиеті туралы да құнды мағлұматтар беретін кітап: «Жарық дүниеден тым жас кеткен қазақтың көрнекті ақыны Кеңшілік Мырзабековтің ұлы Амангелдінің шығармаларын оқыған сайын «атадан бала туса игі, атаның жолын қуса игі» деген бабалар арманынан туған тіркес менің көкейіме оралады. Сонда менің көзіме жас үйіріледі... Оның «Қазақты сүюін», «Кaufканың үйін», «Гогольдің өлімін» немесе басқа жазбаларын оқыған сайын көркем шығарма оқығандай және сол шығарма оқиғасының дәл ортасында өзім жүргендей сезінемін».

Ал негізгі әдеби сынға қатысты мағлұматты біз «Қазақ әдебиеті» газетінен таптық. Атына сай бұл басылым әдеби сынның совет кезінен «сын сардары» аталып келе жатқан академик Серік Қирабаевтан бастап Нұрбек Түсіпхан мен Бағашар Тұрсынбайұлына дейінгі аралықтағы талғам мен әдеби талдауларға жол ашқан екен. Академик С.Қирабаевтың «Бүгінгі өлең» мақаласы Ғалым Жайлыбайұлының «Тобылғыжарған» (2011) жыр жинағын таныстырған. Сыншы Фариза Оңғарсынова, Темірхан Медетбек, Амангелді Кеңшілік, Қуанышбай Құрманғали сияқты әдебиетшілердің пікірлерін ескере отырып, ақын өлеңдеріне жан-жақты сипаттама берген.

Қазіргі әдеби сында орын алып келе жатқан естелік мақалаларда да сыни көзқарастар бар. Осы ретте С.Қирабаевтың «Қазақ әдебиетінде» шыққан «Өлеңімдегі өртімді өшіріп, сірә алмаймын» мақаласында Қорғанбек Аманжолдың ақындығы талданған: «Кенесары хан ескерткіші түбіндегі тебіреністе» өлеңін ақын Кенені «Қазақ біткен намыс пен қаһардың бұлтындай» көреді. Кененің өз басын ойламай, халқының қайғысын арқалаған «Еркіндік желіндей Есілді бойлап өрлеген қалпын таниды. Осы ретте «Махаббет сапары», «Әлиханның арманы», «Абыз» (Ахмет Байтұрсынұлы), «Қамшыгер» (Міржақып Дулат), «Мағжан мұңы», «Сәкенім-шерім», «Наза», «Әуезов ескерткіші» әрқайсысы тарихи тұлғаға арналған ескерткіш деп қорытады сыншы.

Молдахмет Қаназдың «Талант пен төзім» атты сыни мақаласы жазушы Қажығали Мұхамбетқалиұлының шығармашылығына арналған. Жазушы шығармаларының

негізгі тақырыптық, сюжеттік жүйесі сөз етілген. А.Акутагава, С.Мойэм, П.Мериме, Ги де Мопассан, Д.Фонвизин, т.б. шығармаларын аударғаны белгілі. Сыншы «Ақырғы күн» мен «Оралу» шығармаларын талдаған. Өкінішке орай бұл шығармалардың жазылған кезі көрсетілмеген. «Ақырғы күн» шығармасының бас кейіпкері туралы былай делінген: «Кеңес кезінің түлегі, санасы да, адамгергершік қасиеті шектеулі қораптағы адам. Оның өмірлік екі-ақ мүддесі бар. Біріншісі – қызмет те, екіншісі – әлдеқандай бәле-жәле, саяси айыптардан арашалап қалатын берік қорған – орыс келіншегі. Бұл жағынан – ол интернационалист. Тәнеке Жуасбаевич А.П.Чеховтың Акакий Акакиевичін еске түсіреді».

Сыншы осы мазмұндық талдау арқылы қазақ әдебиетінде орын алған осы типті кейіпкердің портретін анықтап берген. Осындай талдаудан кейін бұл шығарманы тауып алып, оқығың келеді.

«Оралу» әңгімесінің басты кейіпкері «даладағы үйіріне ие бола алатын кәдімгі қазақы қара айғыр». «Жоғарғы жақтың шешімімен жылқы тұқымын жақсарту үшін шаруашылыққа Ростовтан айғырлар әкелінеді. Бұл оқиға қырық жыл маңдай тері шүмектеп, осы қазақ жылқы тұқымын асылдандырып келе жатқан Жорытпасов Атабердінің жүрегіне оқтай қадалады да, қолынан келмейтін іс болған соң, өнбес істі дауламай жасының ұлғайғандығын ғана сылтауратып жұмысынан кетеді. Өлгі Ростов жағынан үкіленіп әкелінген айғырлар тек байталды ғана білетін, үйіріне ие бола алмайтын, бар болғаны қалың ет маубас екен. Зорлықпен аластатылған қара айғыр қолайлы сәтті пайдаланып арпалысып жүріп ақыры үйіріне қайта оралады. Жұрттың үкілеп жүрген асыл тұқымды Ростов айғырын шайнап тастайды». Сыншы айтқандай, бұл шығарма жылымық жылдары жазылған екен. Сондықтан авторы «интернационализмнің көзіне шөп салды» деген айыптан аман қалған. Өмір шындығын Чеховша тұспалдап беруді сыншы дәлелдеп шыққан. Жазушы тұспалдап көрсеткен «тарихының» күні бүгін маңызды екені айқын.

«Тар жол» романы батыстағы ұлт-азаттық көтерілістің

көшбасшысы Сырым Датұлына арналған. Осы ретте сыншы былай деген: «Сырым Датұлы жайында тек дұшпандар ғана мін тағатын саликалы да салмақты шығарма. «Қыл шылбырдай өрілген арқау» – оқиға желісі сара – саяси жағынан да, күш-куаты жағынан да үстемі – Ресей империясының мүддесі. Екінші арқау – күні өтіп, берекесі кетіп, ыдырап бара жатқан хандық. Жұртты алдап қалу үшін Ресей уақытша ғана ұстап отырған сұлде – Әбілқайырдың отыз сегіз жыл ел билеген, бүгіндері жан бағып жұртынан оқшауланып қалған ұлы Нұрәлі. Үшінші – негізгі тартыстың тұтқасында халық мүддесінің жоқшысы – Сырым Датұлы».

Қозыбай Құрманның екі әдеби сын мақаласында қазақ поэзиясы сөз етілген. «Сағидың даусы келді деп» атты мақалада сыншы Сағи Жиенбаевтың поэзиясына қазіргі талаптар тұрғысынан жаңаша талдау жасаған. Өкініштісі бұл жақсы талдауларға Чернышевский, Белинский сияқтылардың пікірлері ретсіз кіргізілген. С.Қирабаев сияқты аға ұрпаққа соцреализм қолдануға рұқсат еткен бұл екі орыс сыншыларының тек Ресей әдебиетіне қатысты пікірлерінің қазақ поэзиясына қатысы шамалы. Бұл ескертпеміз тек осы мақалаға ғана қатысты емес.

Қазіргі қазақ әдеби сынында Бехер, Гоголь, Чехов, Пушкин айтты деген контекстен жұлынып алынған түсініктердің қазақ әдебиетіне қатысы жоқ екені айқын болса да осыдан арыла алмай келеміз. Бұл жазушылардың пікірлері қазіргі қазақ әдеби сынына жеткіліксіз мағлұмат болып табылады. Осы ретте арнайы мойындалған әдебиет танушылардың пікірлері қажеттілеу сияқты. Қозыбай Құрманның келесі өлеңді талдауы ұтымды болып көрінеді. *«Ақ бұлтты шайнап, көк құшты айғайға басты ол енді. Көңілден ұшқан көп құсты көтеріп ала жөнелді... Теңіздің ісі тым қызық, теңселіп тартты қияға. Толқынға күнді мінгізіп, қондырып қайтты ұяға».*

Сыншы осы ретте былай деген: «Ат жалындап өсіп, күлік мінгенді бар ғұмырының мән-мағынасындай сезінетін қазақы болмысқа қалай терең бойлай алған деп таңдай қағасыз бірден. Бұл байыптап қарай алатын сезімтал жанның қолынан ғана келсе керек»... «Ақын өлеңдерін

тұтастай алып қарағанда табиғат лирикасынан тысқары сол бір кезеңнің, нәубетті заманның сүреңсіз бейнесін өз жырына арқау етеді. Ақын өз портретін сомдай түсетін өлеңі мынау дейді: «Тимей-ақ жерге табаным, Шықпай-ақ әлі бесіктен. Құлағын жарған даланың, Құлындай даусыңды есіткем».

Осы ретте сыншының Белинский айтты деген пікірі түкке тұрмайтыны анық. Қазақ өлеңі, лирикасы, толғауы туралы Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышта» айтқаны; Жүсіпбек Аймауытұлы «Мағжанның ақындығы туралы»; Мағжан Жұмабайдың «Ақан Сері өлеңдері» сияқты айтқандары қазақ поэзиясына тікелей қатысты және қазақ өлең сөзін талдаған кезде қолданса орынды әрі кәсіби болар еді.

Қозыбай Құрманның «Ерлан Жүніс поэзиясы немесе «Хауас» туралы сөз. Әдеби сынында өлең сөз туралы былай делінген: «Поэзия – көкірек пернесінде қонақтаған бұлбұл құс текті жаратылысының тылсым күйі бола тұра, оның да алабөтен еркіндікті жаны қалайтын мезеті болса керек». Ұтымды, жақсы айтылған.

Сыншы ақынның «жаны қалаған еркіндігін сезген болар едіңіз» деп келесі мәтінге назар аударады: *«Жазам дедім қалам берді Тәңірім, ашам дедім галам берді Тәңірім. Қара өлеңді маған берді Тәңірім, бар әлемді саған берді Тәңірім».*

«Жаз да өтті сұлу салған ән сыңайлы» дегені туралы: «Ерлан ақынның жырлары поэзиялық біз жиі айтатын 3 тегінің ішінде лирикалық поэзияға жататынын бәріміз де анық білеміз. Көбіне оның лирикалық өлеңдеріндегі бірден-бір артықшылық та бас-аяғының қысқалығы мен сол қысқалықтың өн бойында қорғасындай салмақтанып тұратын философиялық шағын түйіндерінде». Нақты және орында пікір. Осыншама қазақ өлеңі туралы әдемі талғамдық ойын сыншы былай деп бүлдіріп алады: «Осы қысқалық турасында орыстың атақты сыншысы В.Г.Белинскийдің «Лирикалық шығарма тезбе-тез түйсіктен шыққанмен, рабайсыз ұзақ болмауға тиіс және болмау керек» деген пікірі тектен-тек айтылмағанына көз жеткіземіз».

Сыншы ақынның 4 шумақтан тұратын өлеңдері

«пәлсапалық пікірлерге бай» дейді. Лирикаға пәлсафа кейде қажет емес...

Ерлан Жүніс өлеңдерінің келесі бір ерекшелігі – ақын өзінің азаматтық ұстанымын ашықтан-ашық жалаулата бермейді. Жазғытұрым қап түбінде жататын сүрдей сақтап, ұрымтал тұстарында ғана кіріктіріп отырады: «Ойға алсам бәрін жер-көктің, Белгім бар менің көп жерде. *Сезім жоқ жерде – мен жоқпын, Мен жоқпын – жүрек жоқ жерде!* // Аққан жұлдыз, өткен күнді бақылап, Күттім оны, күттім оны не керек?! *Сағатыңыз қанша болды жапырақ? Сағатыңыз неше болды көбелек?*».

Осыған қатысты сыншы: «Оның бер жағында И.С.Тургеневтің «Барлық адам өмірде жасайды, бірақ білетіндері аз» дегені бұл ретте тіпті қиынсыз. Сыншы өзі әдемі «түрдей сақтап» келе жатқан талдауын қатысы жоқ біреудің пікірімен бұлдіріп алады. «Түсімде көктемді көрдім, Түс емес, өңім бе деймін, Гүлденген бөктерді көрдім! Бөктерім керім бе деймін! *Құстардың келгенін көрдім, Құс емес, көңіл ме деймін. Сұлу гүл тергенін көрдім Гүл емес, өмір ме деймін!*». // «Нәсердің жауғанын көрдім Жауғаны – нұрым ба деймін. *Бұлттардың ауғанын көрдім, Аунаған құлын ба деймін.*».

Сыншы: «Өлеңмен бірге сіз кешіп отырған тәтті күй қапыда үзіліп кетердей. Сұлудың гүл тергені шынымен де өмірдің өзі екеніне сендіреді. Қалай қапысыз дәл тауып айтқан деп таңдана бергенде көктемнің бұлттарын көз алдыңызда құлдырандап жүрген құлын ғып әкеп аунатады. Сұлулық емей немене?» сыншының осы талдау да жеткілікті. Бірақ «пән сөздері» де керек! Тенеу, салыстыру, метафора, тұспалдау сияқты пән сөздері осы ретте қажет-ақ! «Сүй бәрін, Сүйер маусым жеткен кезде, Бұл бақ та гүлдер бөгде, көктем де өзге, *Сұлулық – сұлулық деп аталады, Ақынның жүрегінен өткен кезде!*».

Соңғы сөйлемде әдеби пікір тұр ғой. Ақын көзіне түсіп, жүрегінен қиналып шыққан ой ғана сұлу болуы ақынның ұтымды қолданған тенеуі. Бұл өлең сөзде кездесе бермейтін метафора. Сыншы ақынның «Жолжазба» өлеңіндегі: «Мына ауыл қай ауыл, ақырғы ауыл, Жолбелгінің қарашы оқылмауын» сөздерінен сыншы ауыл туралы мағлұматты

түсініп, Жолбелгісі оқылмайтын ауылдың көсегесі көгермей тұрғаны ақынды ғана емес, сыншының да жүрегіне батуы түсінікті.

«Ерлан Жүніс бірде қар туралы өлеңінде былай депті: «Менің де бұрын танылғым келген тым ерте, Сөрелерден табылғым келген тым ерте».

Мұқағалидың сөздері осы ретте тұрғанын сыншы айта кетсе орынды болар еді. Интертекст пән сөзі деген түсініктер осы ретте сұранып-ақ тұр. «...Ұшқындап жауып алақандарда ерідің, Ұшқындап жауып, Жүректерде еріп кеттім мен!».

«...Оқырман жүрегіне қар болып ұшқындап қонып, сусыны болып, сусаған жүректердің шөлін қандырып жүретін ақын сөздерін тура осылай таныту қажет».

Осы Қозыбай Құрман сыншы «Мезгілді сөйлеткен ақын» сыни мақаласында Қуандық Шолақ ақынның сөздерін қарастырған. Жақсы теңеулер, кәсіби талдаулар бар. Бірақ тағы да мақала соңында неміс ақыны Бехер айтыпты деп орынсыз келтірген: «Егер мен үстел үстінде тұрған алманы шабыттана жырласам, ол бір миллиметрдей биікке көтеріліп, көз алдына елестер еді». Жан – Пол Рихтер лирика туралы... осы тектес. Сыншының өз ойы керемет: «Қатал қас» өлеңінде: «Жалынан боз айғырдай ұстатпаған, Не дейсің боз боранға қысқы ақ табан, Сіресіп мұз құрсаған көл жиегін, Шебер қыс қамыстармен пұшпақтаған...».

...Бұл нағыз сұңғыла ой мен мінсіз, айнытпай мүсіндеудің жемісі...».

Қазіргі жас сыншылардың кәсібилікке жүгінген әдеби сын мақалалары «Қазақ әдебиеті» газетінде орын алғанымен қуантады. Бұл әдеби сында батылдық пен талғамның талаптары айқын.

Мені таңқалдырған есімдер Бағашар Тұрсынбайұлы, Нұрбек Түсіпхан және Әлібек Байболдың мақалаларымен қатар әдеби шығармаларындағы әдебиет туралы батыл ойлары. Бұл 3 сыншының әдеби сын, көркем әдебиет туралы пікірлері жаңа, тың.

Әлібек Байболдың «Әдеби типтер» мақаласы (10.02.2012 ж.) тек әдебиет туралы пікір ғана емес. Мысалы: «Кейіпкер

әдеби әлемде, кеңістікте өмір сүретін «адам». Персонаж!.. Персонаждың өзіндік ойы, ұстанымы бар ғой! Жазушы (жасанды) «қисық» қаламымен кейіпкердің өміріне, шағырманың тартымды әрі нанымды шығуына кесірін тигізеді... Кеңес кезіндегі әдебиетте орыс ұлтының өкілі міндетті түрде жүруі керек-ті. Сайқал саясаттың ықпалы «сөз өнеріне» де салқын тигізеді» дейді. Соцреализм мен қазіргі әдебиеттің айтысын көркем шығармасында кейіпкерлер ретінде кіргізген Әлібектің қазіргі әдебиетте енгізген постмодернистік ойыны.

Бағашар Тұрсынбайұлы екі кітап туралы Б.Сарыбайдың «Қараторғайы» мен Алмаз Мырзахметтің «Ханшайымы» жайлы пікір айтады. Сыншы осы тұрғыдан аталған шығармаларды саралап шығып, былай дейді: «Ізденіс» деген сөзге келгенде сақа жазушылар мен жас жазушылардың арасы екіге айырылады. Жастар прозаны әрі қарай қалай алып барады? Осыны анықтауды Бағашар өзіне кәсіби мақсат еткендей.

Б.Сарыбайдың «Қараторғай» хикаясын Оралханның «Бәрі де майдан» повесінің формасымен жазылған» деп санайды. Хикаяда Темірланның кәмілетке толмаған балалар түрмесіне түскен себептері суреттелген. Әкесі тастап кеткен ұл анасы көрген қатігездікті бірге кешеді: атасының қатігез пейілі, қарындасын оқушылармен бірге суретке түсірмеген ұстаздың немқұрайлығы – қоғам қатыгездігі. Темірлан жылқы ұрлауға көмектесіп, өз мойнына кінә артады. Ұрлаған жылқы атасыныкі: кек қайтару ма? Еншісін алу ма? Қатыгез атасы немересін кешірмейді. Сыншы бұл нанымсыз дейді. Бірақ бұл өмірде бар шындық және ол авторлық шешім. Осы ретте сыншы атасының қатігездігін әшкерелейтін деталь керек еді дейді. Бұл орынды. Қараторғай бейнесі тегін қолданылған, маған құстың ұясын бала күнінен қорғаған кейіпкер түрмеден шыққанда осы қараторғайдың дауысын естиді. Сыныптастары оны қараторғай дейтін. Бұл құс көктемнің алғашқы хабаршысы. Темірлан да осы торғай сияқты мерзімінен ерте оралды. Қараторғай бейнесі қазақтың ауылдағы қарадомалақ балаларының бейнесінің символы. Ауыл баласы ерте есейеді. Оларға араша түсетін

орта қазір ауылда жоқ. «Өз күнін өзі көретін, панасыз жан» дейді сыншы. Мен былай деп қосар едім: Бейбіт Сарыбай қазіргі әдебиетке қазақ қоғамында елеусіз қалып келе жатқан әкесіз өсіп келе жатқан балалардың бейнесін, қазіргі қарасақал атеисшіл атаның, мейірімсіз әкенің қатігездіктерін көріп тура жолдан адасып жүрген ұрпақты қаз қалпында бейнелеу – тың істің басы.

Сарыбайдың «Ақтабан» хикаясына да сыншы әділ талдау берген: «Шығарма кейіпкері Махамбет түк кемшіліксіз», «Бейкүнә күнәһарлар», «Мейірім», «Жанғалидың жазығы», «Байлар да жылайды», «Біздің заманның Шығайбайлары» әңгімелері ерекше сөз етілген. Бағашар осы ретте Чеховтың сөзін орынды қолданған: «Чехов көбіне жеріне жеткізбей суреттеуден гөрі асыра, артығырақ суреттеген кемшілік адамды мезі етеді» дейді. Балаларға арналған шығармалар тілдің жоғары көркемдігін талап етпесе де, жұтандығын қаламайды» деп ашығын айтқан. Бірақ бұл шығарма балаларға ғана арналмаған. Әдебиетті мазмұнына қарап бөлу де арнайы мәселе.

Алмаз Мырзахметтің «Ханшайымына» қатысты Мураками, латын әдебиетінің қолтаңбасын сыншы бірден аңғарған. «Өрт» әңгімесінің кейіпкері Еркебұлан өзін мектепке қабылдамай қойған Рая апайдың қорасын өртейді. Кейіпкер туралы сыншы былай дейді: «Ол өзімен сөйлесіп, аспандағы, жердегі жаратылыстардың бәріне сыр шертеді» дейді сыншы. Бала жындыханаға түседі. «Кімді кінәлайсыз?» дейді сыншы. Мысықтың қарғысы ма? Жазушы үлкен мәселе көтерген дер едім. Әңгіме соңында сандырақтап жүрген бала, өзімен өзі сөйлескен кейіпкер – қазіргі қоғамның қатігездік әсерінің желісі ғана емес. Адам немқұрайлығы, балалардың жан дерттерін бейнелеген жазушының ұтымды алған кейіпкері. Алмас адамның психологиялық өзгерістеріне үңілгендей. Жазушы Еркебұланнан басталған өзімен өзі кеңесетін кейіпкерлерімен ерекше. Осы жазушының 9 пункттен тұратын повесі «Жазушының қойын дәптерінен» пунктир-повесіндегі кейіпкерлердің ойы осыған дәлел: «Уақыт өтпейді, біз өтіп жатқан». Бұл жаңа жанр дейді. Бағашар

сыншы. Дұрыс пікір. Себебі бұл пунктир-повестің сюжеті, фабуласы жоқ. Тек әр пунктте кейіпкер-жазушының дүние, өмір туралы толғанысы бар. Бұл постмодернистік жанр, бірақ ақыл айту емес. Бұл жаңа роман шарттары. «Гүл жанарындағы жаста» – жас жігіттің қазасы әр тараптан баяндалған дейді сыншы: апасының жоқтауы, кәугерлердің сөзі, өзінің емшіге айтқан сөзі, жеңгесінің күнделігі – осының бәрі өлім себебін ашады. «Бірбеткей мінездің кесірінен өлімге тап болған адамның іштей тартқан азабы да бар» – дейді сыншы. Бұл жеткіліксіз, себебі талдау қажет.

«Жазушылық деген не, – дейді сыншы... Қоғамның болмысын, адамдардың мінезін, қайшылықтарын қағазға көшіру деп түсінеміз алдымен. Көш аялсыз жүріп келеді. Бұл әдебиеттің салқар көші. Сол көштің нарлары Бейбіт Сарыбай мен Алмаз Мырзахмет көтерген жүгін көргіңіз келсе, әлеміне үңіліңіз».

Бағашардың «Жапырақ нілді бояулар» сыны Ұларбек Дәбейдің «Алтайдың белі ақселеу» атты өлеңдер жинағының талдауына арналған. «Хан тіккен қаһарлы ордаға, Қолдарын қусырмай кіретін. Қодасты сұлатқан қамшысын, Қайыра босаға ілетін. Ханзада жүзінен төгілген қатулы сұраққа, Қабанның жалындай Қайратты мұртымен күлетін» – дейді ақын «Сақтар» өлеңінде. Осы ретте сыншы Ұларбек поэзиясының ерекшелігін былай деп берген: «Ұларбектің ақындық қуатын көрсететін лирикалық өлеңдері. Оның сол өлеңдерінде ортақ бір кейіпкер бар. Ол – елес. Ныспысы өзіне ғана белгілі лирикалық кейіпкері (әсілінде лирикалық кейіпкер ақынның өзі ғана болмаса керек) бар өлеңдеріне ортақ. Бірде ол: «Бір елес торыған жолымды, Ендігі құтылу жоқ одан. Билеген тәнімді қанымды, Қыраулы терезем сыртында сол адам».

Тағы бірде: *«Бөлмемді кезіп жүр екі елес, Есте жоқ жылдардан жұлынған қауырсын, Оны еске ап бір мезет бұл жүрек ауырсын...»*.

Бағашар проза мен қатар поэзия сыншысы екенін осы ретте дәлелдеп шыққандай. Сыншының келесі пікірі орынды екені даусыз: «Ұ.Дәбейұлы поэзиясында

азаматтық ұстаным, өз өміріндегі қатпарлардан басқа, қоғамдағы құбылыстарға бейжай қарай алмайтын сергектік бар. Бірақ кейде өлеңдері бір-бірімен ұқсап кетіп жатады. Өзін-өзі қайталап қоятын тұстары бар». Ақындар жаңа форма іздеу керек тұнық суда қалып қалмас үшін.

Бағашардың «Құлақтан аздырып, көңілден семірткен сөз» қазақ прозасы туралы сын. 20 жасында «Шұғаның белгісін» жазған Бейімбет Майлин, Мағжанның «Шолпанның күнәсі», Әуезовтің «Қаралы сұлуы», Мүсіреповтің «Талпақ танауы», 1960 ж. Ә.Кекілбаев пен М.Мағауиннің постмодернистік прозасы, С.Мұратбеков, Б.Сокпақбаев, О.Бөкей, Т.Әбдіков прозасы, Шерхан Мұртазаның соғыс жайлы суреттеген әңгімелері ерекше сөз етілген.

Т.Әбдіктің «Тозақ оты жымындайды», «Оң қол», «Парасат майданы» ерекше аталған. «Әке» повесі – қазіргі жазармандарға үлгі дейді сыншы.

Жазушы А.Мекебаевтың «Қазына сыры» оқиғалы романы былай деп қарастырылған: «Тіршілік үшін адам баласы қандай да бір қадамға баратыны айтылған...

Осындай бірін бірі аңдыған, біреуі жалт бұрылса, екіншісі талап жеуге дайын қоғам әсерлі бейнеленген» дейді сыншы. Бағашар Чехов, Т.Шапай, Шарль Бодлер айтты деп кететіні бар. Д.Әшімханұлының «Құдайсыздар» әңгімесі жақсы талданған: «Өмірдегі болған жағдайдың, сәттің тек фотографиялық көшірмесін бермей, оқырманға ой салатындай етіп, құнарлы тілімен анық жеткізе білетін Д.Әшімхан жалаң, жайдақ сөзге құмар емес. Нақты оқиғалар мен ситуациялар арқылы адамның көңіл-күйін, мінезін, портретін шебер жасайды». Нанымды пікір.

Т.Шапайдың «Әулие ағаш» пен «Керексіз» әңгімелері жаңаша талданған. Бағашар былай деп бастайды: «Әдеби орта үнсіз қалған екі әңгіменің де көтерген жүгі ауыр. «Әулие ағашта» – киелі ағаш түсі баяндалған. Әулие ағаш ол – осы әлем, жер: «Ағаш – құсқа пана, жыланға да – өз үйі. Қаншама балапан жем болды, қанша жылан опат болды – есебі жоқ». Бұл жер бетіндегі жақсылық пен жамандықтың күресі дейді сыншы. Сол ағаш енді көктен түсетін найзағайды күтіп отыр. Ол – ең соңғы күн. «Ал

біздің өміріміз әулие ағаштың көрген түсіндей, болғаны болмағаны белгісіз, өң мен түстің арасындағыдай әсер қалдыратынын» сыншы осы ретте түйін ретінде айтқан.

«Керексіз» әңгімеге қатысты сыншы былай деген: «Әлем әдебиетінде «простая сложность» деген ұғым бар. Т.Шапай әңгімесі осы ұғымға сияды». Әңгіме: «Ол шаршады. Шынымен-ақ шаршады. Әуелден айналысқан шаруамнан айнымаспын деген сертінен қажыды» деп басталады. Кім қажыған? Неден қажыды деген сұрақ қоймас бұрын осы сөйлемдерде үлкен мысқыл, ашу-ыза, терең сарказм жатыр. Оған көзіңіз әңгіме соңында жетеді», – деп бір қояды сыншы. Жер бетіндегі тіршіліктің екі басты кейіпкері – Адам мен Сайтан арпалысын жазушы соңғы кейіпкердің түңілуімен суреттеу ұтымды шыққан. Бұдан артық қандай ғибрат керек?

Постмодернистік әдебиеттің ерекшелігі осындай шағын әңгімелер арқылы бұрын том-том кітаптар көтеретін ойды ықшамдап, соқырға таяқ ұстатқандай етіп беруімен құнды. Ең бастысы ой және оның шағын көркем мәтінде ғибратты іске асуы. Бұл жанрды Ш.Шапай баяғыда меңгеріп алған, бірақ бұл әңгімесінің жөні ерекше екен. Кейіпкердің аты аталмайды. Өзінің керемет білімін адамдарға үйретіп жүріп, екінің бірі бұның шәкіртіне айналғанда, ол өзінің керексіз екенін сезінеді: «Кімге насихат айтып, жөн сілтесе де, «өзім білем» деп, жүре тыңдайтынды шығарды». Қадірі кете бастаған кейіпкер айдаладағы баяғыда ілімін қабылдамай қойған мекенге барады. Мақсұт – бүкіл жақсылық атаулының жиынтық бейнесі». Ілімін жетпеді деп барған мекенге өзінен бұрын шәкірттерінің барғанын естігенде: «Опасыз шәкірттері, ақыры мұнда да алдын ораған екен. Бұған барар жер, басар тау қалдырмаған», деп кейіпкер күйзеледі. Бұл кім, қандай ұстаз? Шәкірттері өзінен асып, ойларына келгенін істеп, ұстаз ілімінен асқанына көзі жетеді. Сыншы: «Соңында өз шәкірттерінен теперіш көрген ұстаздың ішкі күйін суреттеп, басынан жасырған ойын ашып айтады. Мен де жазушы сияқты сізге айтпай алмаймын, есімі – Сайтан еді. Жазушы адам баласының қазіргі жай-күйіне, соншама азғындап бара жатқанын көрсеткен. Жалпы Адамзаттың шағын портреті

іспетті бұл әңгіме», дейді сыншы. Постмодернистік әңгіме осылай постмодернистік сынға түскен.

Серік Нұғман «Жоқ іздеуші жан» және «Әзәзіл» 10 беттік әңгіме. Психологиялық иірімдер туралы сыншы былай деген: «Адам ойы бейнеленген. Әдемі бойжеткенге қараған кездегі ойын шарпып өткен сезім. Оймен көшеде келе жатқан жігіт машинелердің ішіне қалай кіріп кеткенін байқамай қалады: «Ә, иттің баласы, өлгелі жүрмісің мұнда?! – Кенеттен әлдекім саңқ етті әлдеқайдан». Бұл жаңа форма екенін сыншы осылай анықтап берген. Бірақ 10 бет ұзақ екенін де айтқан. Орынды пікір.

«Түнек» әңгімесі: «Қара түн мен адам жанының қараңғылығы контрасты суреттеледі. Әке мен бала арасындағы ішкі арбасу адам жанының сан түрлі құбылуын баяндайды». Жазушының басты тақырыбы туралы сыншы: «Қаламгердің кітабын оқып отырып, есімізде қалған жылы образ – жоқ іздеуші жан». «Баяндаушы мен кейіпкер бір субъектіге, бір тұлғаға айналды». (Ш. Айтматов, Т. Нұрмағамбетов). Бұл жаңа жазу тәсілі, жаңа форма екені осылай аңғарылған. Сыншы кемшіліктерді де атап өткен: «Ұзақ баяндау мен ішкі монологқа жақын шағын әңгімелер арқылы қаламгер өзінің ойын толық жеткізе алмайды. Ал «Жоқ іздеуші жанның» олардан бір саты биік тұрғанын байқап, осындай қорытынды жасаймыз».

Батыстың постмодернизмі бізге қажет емес дейді сыншы. Бұған келіспеймін себебі әлемдік эстетикалық ағым бірбіреудің рұхсатымен келмейді. Олауа-райы сияқты өзі жайлап бізге де баяғыда еніп кеткен. Бағашар қазіргі әдебиет туралы: «Бізге өзіміздің жаңашыл болғанымыз керек. Біз көркемдікті басқа нәрсемен шатастырып алдық. «Предательство слова» деген бар. Біздің әдеби тіл деп жүргеніміз «көркемдіктің» тонын жамылған кеңсенің тілі екенін Асқар Сүлейменов баяғыда айтып кеткен.

...Әр нәрсенің тоқырау кезеңі мен қайта өрлеу дәуірі болады. Оқырман әлі де бар. Олар жазушылардың жақсы шығармаларын күтеді. Жақсы шығарма туу үшін үлкен ізденістер, биік талғамдар қажет. Мұхтар Мағауиннің «Нар қызыл» әңгімесінде қойшы әбден қажыған, болдырған атын саумалмен күтпейтін бе еді. Суарған кезде шетінен

тамызып отырып, мөлшерін күнде көбейтіп, кейін сек саумалмен суаратын болады. Талғам да осындай күтуді қажет етеді. Еңбекті қажет етеді». Талғамды көтеру ол өз алдына арнайы мәселе.

Бағашар «Кафкалық сын есім» мақаласында: Әлібек Асқаровтың «Сәлемнің де жөні бар», Таласбек Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» әңгімелерін жақсы талдаған. Рахымжан Отарбаевтың «Аяқталмаған хикаясы», Дәурен Қуат «Мүйіз Тарақ» Төлен Әбдіков «Ұры мен ұлы» пьесасы (екі ұрпақ дауы) да ұтымды қарастырылған. «Неге ұры байдың емес, қарапайым халық үйіне түседі. Адамдар жоқтықтың он мың тенге ұрласа ұрлық ал шенеуктер он миллион жымқырса бизнес?», – деген сауалдар халықтың пікірі ретінде айқындаған.

«Кафкалық» пьесаға Бағашар кафкалық талдау берген. «Біздің де айналымға бір қаламгердің атымен байланысты термин, әне-міне, енеді деп үмітпен қараймыз», – дейді жас сыншы. Мен де осыған қосыламын.

Қазіргі әдеби сындағы өзін танытқан Нұрбек Түсіпханнның «Үш Талшыбық» әдеби сынының жөні ерекше. Мақаланың «Үш талшыбық» аталуы тегін емес. Келешекте осы үш жас жазушылар Алмас Нүсіп, Әлібек Байбол, Арман Әлмамбет үш бәйтерекке айналса екен деген ізгі ниет. Нұрбек үш замандасының қазіргі прозасын кәсіби талдауға алған. Жас жазушылар сынды аңсайды деп айтып кетеді сыншы. Осы ретте автор «Тура би трибунасы» қажет екенін алға тартады. Алмас Нүсіптің «Барлау» жинағын оқығанда»; Әлібек Байбол «Темір жол вокзалын аялдағанда»; Арман Әлменбет «Режиссердің түстері» атты сыни мақаларында Нұрбек қазіргі жас прозаның жетістіктері мен кемшіліктерін нақты талдаулар арқылы ашып берген. Жас прозаға тура осындай тура билік пікір білдіру қажет. Өтірік мақтаудан шаршаған әдеби сынға осындай жылатып айтатын достық, кәсіби, әдеби пікірлер керек деп санаймыз. Тура осылай кезінде Асқар Сүлейменов замандастары Әбіш Кекілбаев пен Дулат Исабековке нақты ескертпелерін ашық айтқан еді. Нұрбектің осы тура жолдан таймауын тілер едім.

ӘДЕБИЕТШІ, ТЕАТРТАНУШЫ БАҒЫБЕК ҚҰНДАҚБАЙҰЛЫ

Бағыбек Құндақбайұлы – қазақтың көрнекті театртанушы ғалымы, театр сыншысы. Ұлттық ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бөлім меңгерушісі, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының профессоры.

Б.Құндақбайұлы «Семей қазақ театрының тууы мен дамуы, қалыптасуы» (1964) тақырыбында кандидаттық, «Қазақ театрының негізгі даму кезеңдері» (1996) атты докторлық диссертация қорғаған. 1950-1955 жылдары Ташкенттегі театр және көркемсурет өнері институтының театртану факультетінде (профессорлар М.С.Григорьев, М.М.Морозов, А.М.Эфрос және Я.С.Фельдманның жетекшілігімен) оқып, 1955 жылы қазіргі Ғ.Мүсірепов атындағы академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында әдебиет бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған. 1956-1958 жылдары Жамбылдағы (қазіргі Тараз) республикалық мәдени-ағарту училищесінде өнер тарихынан сабақ берді. 1958 жылдың мамырынан бастап, күні бүгінге дейін Ұлттық ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында кіші, сосын аға ғылыми қызметкер, соңғы 25 жыл бойы бөлім меңгерушісі міндетін атқарып келген. 1961-1963 жылдар аралығында Б.Құндақбайұлы А.Луначарский атындағы Мемлекеттік театр өнері институтының (қазіргі Ресей театр өнері академиясы) аспирантурасын бітірді (профессор Г.И.Гоян мен Н.И.Львовтың жетекшілігімен).

Ғалымның жетекшілігімен 12 театртанушы кандидаттық диссертация қорғап шықты. 1983 жылы Болгарияның Софья қаласында өткен «Театр нации

– 83» әлемдік театр фестиваліне халықаралық театр сыншылары ассоциациясы атынан қатысып, бірнеше ғылыми мақалалар жариялады. 1991 жылы ол Нью-Йорктегі Колумбия университетінің Азия орталығының шақыруымен бір ай ұлттық драматургия мен өнеріміз жайында лекция оқып қайтты.

Оның қаламынан көптеген ғылыми еңбектер туды. «Режиссер және спектакль» (1971), «Путь театра» (1974), «Уақыт және театр» (1981) кітаптары және «Облыстық театрлар» (1964), екі томдық «Қазақ театрының тарихы» (1975, 1978, көлемі 40 б.т.), Мәскеуде шыққан 6 томдық «История советского драматического театра» (1966-1971). «История театроведения народов СССР» (1987) сынды күрделі зерттеулерде қазақ театрына байланысты монографиялық тараулары жазылды. Сонымен қатар, Б.Құндақбайұлы Қазақтың мемлекеттік М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының 40, 50, 60 жылдық тарихы белестеріне арнап кітаптар жазды. Оның қаламынан 300 б.т. астам ғылыми еңбектер мен 700-ге тарта алуан түрлі мақалалар туды. Ұлттық театр туралы сыншының ғылыми очеркі ағылшын, неміс, француз тілдеріне аударылды. Ол театрдың фотошежіресін жасап, 1976 жылы «Восхождение» деген атпен жариялады.

Осы зерттеулерінде Б.Құндақбайұлы драматургия, режиссура, актерлік өнер мен қойылымдардағы жетістіктер мен кемістіктерді сыни көзқараспен тұжырымдап, қазақ театрының тарихына жаңаша тұрғыдан келіп, өткен жолын жинақтаған. Театрдың репертуар ауыртпалығын көтеріп, келбетін айқындауда мол еңбек сіңірген Н.Жантөрин, Ы.Ноғайбаев, Б.Қалтаев, Ш.Сәкиев, Ғ.Сүлейменов, т.б. актерлерге жеке дара шығармалық портреттер арнап, шеберліктерінің ерекшелігін ашқан. Мұнда қазақ театрының іргетасын қалаушыларға ғана тоқталмай, әр жылдары труппаға қосылған актерлер жұмыстарына жекелеген спектакльді талдау үстінде тоқталып, олардың сахна өнерін көркейтудегі, шеберлік дәстүрді жалғастырып дамытудағы, жылдар талабына сай

өркендеуіндегі ерекшеліктеріне де тоқталған. Сондай-ақ, театртанушы-ғалым әрдайым жеке спектакльдерді сөз қылғанда, әсіресе, ұлттық драматургиямыздың асыл мұрасына енген «Еңлік – Кебек», «Абай», «Қаракөз», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері – Ақтоқты» пьесаларының бертіндегі қойылымдарымен алдыңғы жылдарда қойылған нұсқаларын салыстырып зерттеуі, тек академиялық театр тарихының шеңберінде қалмай облыстық театр сахналарында жүрген спектакльдердің көркемдік деңгейін де саралап шыққан.

Ғалым «Мұхтар Әуезов және театр» (1997), «Заман және театр өнері» (2001) атты монографияларын жариялады. Идеологиялық қысымға қарамастан қуғынға түсіп, шығармалары ұзақ уақыт жабулы болған Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Қ.Кемеңгерұлы, С.Сәдуақасұлының ұлттық өнер тарихындағы ерекше орны Б.Құндақбайұлының зерттеулерінде әділ де ғылыми пайымдаулар тапты. Әсіресе, Ж.Аймауытовтың драмалық шығармалары мен аударма пьесаларын бұрыннан жинастырып жүрген сыншы 1990 жылы «Шернияз» деген атпен үлкен кіріспе жазып жариялады. Бұл арада кезінде жойып жіберген Ж.Аймауытовтың драматургиялық шығармаларының біздің елімізде жоқтарын Мәскеудегі Ленин атындағы кітапхананың Шығыс бөлімшесінен қарастырып, солардың көшірмелерін түсіріп алып бір кітапқа топтастыруы да үлкен жұмыстың нәтижесі.

Ұлттық театрымыздың дүниеге келуінен бастап, күні бүгінге дейінгі шығармалық жолын тұтастай қамтып, кезендік қойылымдарын жан-жақты талдаған. Театр тарихына бүгінгі эстетикалық талап биігінен жаңаша келіп, бұрын айтылмаған, кейде қисық жазылған тұстарын ғылыми парасаттылықпен қайта зерделеген. Әсіресе, 20-30 жылдардағы сахна өнерінің көркемдік болмысын автор кезінде М.Әуезовпен кездесу үстіндегі ақыл-кеңесін ескеріп, қайта қарастырып, оның даму бағыт-бағдарын айқындаған. Кейбір басылымдарда қазақ театры Шекспирдің «Гамлетін», Пушкиннің «Кіші трагедияларын» табысты қойылды деген қисық

деректерді жоққа шығарып, оны меңгеруге театрдың шығармашылық мүмкіндігінің жоқтығын, соңғы репетицияға жетпей дайындықтың тоқтатылғанын нақты мұрағаттық деректермен «Қазақ жастары» тараулары басқалармен салыстырғанда терезесі тең, сауатты да жинақы жазылған. Автор аз сөзбен көп мағыналы ойын жеткізуге ұмтылған. Ол М.Әуезов, Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Ә.Тәжібаев, т.б. пьесаларының негізінде қойылған спектакльдерге ерекше тоқталып, бұларды тек қана қазақ театрының ғана емес, тұтас көпұлттық кеңес сахна өнерінің жетістігі ретінде қарастыруы – өзінің ұлттық құндылығына деген жауапкер азаматтық сезімін, ой-тұжырымының мазмұндылығын көрсететін құбылыс.

Театртанушы ғалым зерттеулерінде кезінде идеологияның қудалауына ұшырап, жазықсыз жапа шеккен алаш ұлыларының драматургия мен театрға байланысты жазғандары мен ой-толғамдары да кеңінен зерттелген. Солардың ішінде ерекше бөліп айтар дара тұлға – Жүсіпбек Аймауытұлы.

Автор сонау Барнаулдан Мәскеуге дейінгі аралықта Ж.Аймауытұлының ізі қалған жердің бәрін аралап, тірнектеп материал жинастырған. Басқасын айтпағанның өзінде Ж.Аймауытұлының ұлттық драматургия мен театрдың негізін қалағанын автор нақты шығармаларды талдау арқылы берген. 1915 жылдың 13-ақпанында Семейдегі приказшиктер клубында Ж.Аймауытұлы сахналаған «Біржан – Сара» атты қазақ топырағындағы тұңғыш спектакльден ұлттық театрдың туғанын автор талдап, дәлелдейді. Ж.Аймауытұлы Пушкин, Гоголь пьесаларын аударып, әрі Островскиймен бірге олардың театрлық-эстетикалық шығармаларынан көркемдік нәр алып, өзінің режиссурадағы ізденісін қысқа да нұсқасын қағазға түсіргенін зерттеуші ғылыми тұрғыдан дәлелдеп шыққан. «Ж.Аймауытұлы – ұлттық драматургия мен театрдың негізін қалаушы» деген ғылыми жаңалықты Б.Құндақбайұлы Тәуелсіз кезде орнықтырды. Алаш арыстарының шығармашылық еңбектері жайында автор

олар ақталмай тұрғанда-ақ қалам тартқаны белгілі. Сол үшін ғалым жазаланды да.

Б.Құндақбайұлы театртанумен қатар әдебиеттануға драматургия саласын зерттеуімен де үлес қосып келе жатқан ғалым. Ол драматургия, режиссура, актерлік өнерді тығыз байланыстыра отырып, қазақ театр өнерін, тарихын бір контексте зерттеген ғалым. Ол өз зерттеулерінде пьесалардың жазылу тарихына, қойылу тәжірибесіне тоқталып, талдаулар жасайды. «Мұхтар Әуезов және театр» монографиясында Б.Құндақбайұлы ұлттық мәдениетіміздің ұлы қайраткері Мұхтар Әуезовтің қазақ драматургиясының негізін қалап, оның дамуына себепші болғандығы да айқындалған. Мұнда автор драматургтің классикалық үлгіге айналған «Еңлік-Кебек», «Қаракөз», «Айман-Шолпан», «Абай», «Түнгі сарын», «Қарақыпшақ Қобыланды» пьесаларының барлық театрлардағы қойылымдарын ғана қарастырмай, көркем мәтіннің өзіне де әдебиеттану тұрғысынан талдау жасайды. Осы пьесалардың әр кезеңдік өзгерістерге қарай қайта жазылғандығы, ондағы кейіпкерлердің характер ерекшеліктері сыншының назарынан тыс қалмайды. Мәселен: «Еңлік-Кебек» (1917, 1922, 1943, 1957) пен «Қаракөздің» мәтіндеріне (1925, 1959) енгізілген өзгерістер тарихи дәлдікпен берілген. Әсіресе, ұлы драматург ұлт театрының балаң шағынан кәсіби бағыт алу үрдісіне ерекше көңіл бөлген. Әлемдік классика мен орыс драматургиясының озық үлгілерінің күрделілерін өзі қазақшалап, кейбіреулерін басқаларға аудартып, әрі олардың сахналануларындағы режиссерлік жұмыстарына әдеби талдауларымен, жүйелі ой-тұжырымдарымен тікелей араласып отырған. Сонымен бірге, М.Әуезовтің театрлық, эстетикалық көзқарасы, әлемдік классиканы қазақшаға аудару жайы, әр жылдары театр мен драматургия туралы және театр сыны төңірегінде жазғандары қазіргі театртануға қосылған үлес.

Б.Құндақбайұлының «Заман және театр өнері» монографиясы ұлттық театрдың Тәуелсіздік кезіндегі

көркемдік ізденістерін саралауға арналған. Кітаптың бірінші «Таланттар тобынан» бөліміндегі «Жүсіпбек Аймауытов және театр өнері» тарауында ұлы жазушының драматургиясы мен сахналық ізденістері жанаша талданады. Автор Ж.Аймауытұлының пьесалары жөнінде, бұған қоса Смағұл Сәдуақасұлының жеке шығармашылық қызметтері жайлы олар ақталмай тұрғанда-ақ қазақша, орысша шыққан зерттеулерінде жариялаған болатын. Осы үшін Б.Құндақбайұлы «Алашорда идеясын театр өнерінде насихаттады» деген жаламен Орталық Комитеттен есеп карточкасына жазылып, сөгіс алғанын жоғарыда айттық. 1915 жылы 13 ақпанда Ж.Аймауытұлы қойған спектакльден ұлт театры тарихының, соған қажет репертуар мен режиссураның дүниеге келгенін автор нақты мұрағат деректерімен дәлелдеп берген. Демек, біздің театрымыздың үкімет қаулысымен бекітілген 1926 жылғы 13 қаңтар емес, одан әлдеқайда ерте туғаны белгілі болды. Содан бері қарай қалыптасу процесі үзілмей, Қызылордада ашылған мемлекет театры сонау баста Семейден бастау алған театр труппасының жалғасы деген тұжырымға келеді. Автор кешегі тоталитарлық жүйенің құрбаны болған Ж.Аймауытұлының алуан қырлы, әмбебап шығармашылығын ұлт өнері шежіресімен тығыз байланыстыруды әрі өмірі мен өнерін мұрағаттық деректерге сүйене отырып, дәйектілікпен саралауы да осы мақаланың ғылыми құндылығы болып табылады. Сонымен бірге зерттеуші қазақ халқының асыл ұлдарының бірі Ж.Аймауытұлын драматург-жазушы ғана емес, оған қоса ол қазақшалаған дүниежүзілік драмалық әрі өзі жазған шығармаларды қазақ топырағында алғаш сахналаған режиссерлік қызметін кітапта елеусіз қалдырмай ашып көрсетеді. Шынында да бұл бұрын қазақ театрының тарихында сөз болмаған тың жаңалық болды.

Монографияда қазақ сахна өнерінің қарлығаштарының бірі Жұмат Шанин шығармашылығы да арнайы қарастырылған. Бұл зерттеуінде автор Ж.Шаниннің

сахналық-шығармалық еңбек жолын қазіргі М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының алғашқы маусымдарымен байланысты қарастырып талдаумен оның сол кезеңге аса қажетті ұйымдастырушылық қабылетін жоғары бағалайды. Режиссершығармашылығы спектакль қоюмен шектелмейтіні анық, ол ең әділ ұстаз, ұйымдастырушы һәм қоюшы екенін, Ж.Шаниннің қазақ театр тарихында өз орны бар өнер иесі екенін ғалым басты мәселе деп санайды. Бұдан басқа «Актер және ұлттық классика» (Қ.Қуанышбаев), «Сахна жұлдызы» (Е.Өмірзақов), «Елу жыл өнер өрінде» (С.Қожамқұлов), тағы басқа мақалалары өнер адамының шығармашылық пен өмір жолының театр тарихында алатын орнын айқындаған. Осы ретте Ы.Ноғайбаев, Е.Жайсаңбаев, ұстаз-режиссерлер Маман Байсеркенов, Райымбек Сейітметовтердің шығармашылық портреттері жасалған. Автор бұлардың ғылыми-теориялық негізге сүйене отырып, образ жасау тәсілдері мен актерлік өнерін кәсіби тұрғыда талдаған.

Б.Құндақбайұлы бұл мақалаларында актер мен режиссер өнерін, ұлттық классика мен осы заманғы драматургиялық туындылардың қойылуымен тығыз байланыста қарастыру арқылы сахна саңлақтарының кәсіби шеберлігін айқындайды. Сонымен қатар «Заман және театр өнері» кітабында Б.Құндақбайұлы соңғы жылдардағы драматургияға тоқталып, ондағы жана бағыт, жаңа мазмұн, жаңа бейнелер жасаудағы драматургтердің қазіргі шығармаларын талдап, олардың сахналық шешімдерін айтып кеткен. Қазіргі заман тақырыбына жазылған драматургиялық шығармаларды меңгеру деңгейі зерттелген. Мұнда театрдың соңғы жылдардағы қойылымдарына ерекше көңіл бөлінген. Әсіресе, М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының Абылай хан өміріне байланысты жазылған Ә.Кекілбаевтың «Абылай хан» М.Байсеркеновтің (режиссері Б.Атабаев) және «Абылай ханның ақырғы күндері» (режиссері М.Байсеркенов) атты спектакльдеріне ерекше көңіл аударылып, драматургиялық, актерлік,

режиссерлік жұмыстары тұрғысынан жан-жақты кәсіби деңгейде талданған. Мұнда еліміз егемендік алғаннан кейінгі кезеңдегі театрдың тарихи тақырыпты меңгеру ерекшеліктері мен ізденістері қарастырылған. Қазақтың ханы Абылайға арналған пьесаның екеуі де өткен күннің тарихи болмысын суреттеп қана қоймай, Тәуелсіздік кездегі егемендік мәселелерімен астасып жатқанын Б.Құндақбайұлы алға шығарған.

Драматург Шахимарденнің «Томирис» пьесасының оқиғасы ұлтымыздың көне замандағы жаугершілік тақырыбына арналғанымен оның басты ойы бүгінгі егеменді елдігіміздің тәуелсіздігін меңзейді.

Бұл бөлімде сонымен бірге қазақ театрларының бүгінгі тірлік-тіршілігімізді суреттейтін пьесалардың сахналық көріністері де әдеби һәм сахналық тұрғыдан талданып, кеңінен сөз болады. Кешегі қайта құру тұсында жазылған көптеген пьесалардың көтерген мәселелері идеологиялық ұстанымға сай келмей, қоғам өміріндегі әлеуметтік қайшылықтардың сырын ашуға бағытталған. Бұлардың негізінде қойылған спектакльдердің билік тарапынан кудалауға ұшырағандары да кітапта ашық айтылған. Осы бөлімде драматургия мен театрдың аса маңызды тәжірибелік жетістіктері мен теориялық мәселелері де айқындалған.

Б.Құндақбайұлы М.Әуезов шығармаларының 50 томдық жинағының алғашқы шыққан үш томына енген ұлы драматургтің пьесаларын талдап, олардың әртүрлі нұсқаларына ғылыми түсініктер жазған. «Қазақ әдебиетінің тарихына» енген «20-30 жылдардағы драматургия» тарауында Ж.Аймауытұлының «Рәбиға», «Мансапқорлар», «Қанапия-Шәрбану», «Шернияз», М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек», «Бәйбіше-тоқал», «Қаракөз», «Хан Кене», «Түнгі сарын», «Абай», «Айман-Шолпан», С.Сейфуллиннің «Бақыт жолында», «Қызыл сұңқарлар», Қ.Кемеңгерұлының «Алтын сақина», М.Дулатовтың «Балқия», Ж.Тілепбергеновтің «Перизат-Рамазан», Ж.Шаниннің «Арқалық батыр», Б.Майлиннің «Талтаңбайдың тәртібі», І.Жансүгіровтің

«Кек», «Түркісіб», «Исатай-Махамбет», Ғ.Мүсіреповтің «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» пьесаларының жазылу тарихына тоқталып, оларға әдеби талдау жасап кеткен. Ал осы кітаптың келесі томындағы «1941-1956 жылдардағы драматургия» тарауында Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты», К.Мұқашевтың «Дала дастаны», С.Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов», М.Ақынжановтың «Ыбырай Алтынсарин», М.Әуезовтің «Намыс гвардиясы», «Қарақыпшақ Қобыланды», Ш.Құсайыновтың «Кеше мен бүгін», «Алдар көсе» пьесаларының көркемдік ерекшеліктерін көрсетіп, оларға әдеби талдау жасалған. «Қазақ әдебиетінің тарихы» кітабының келесі томдарына бұрын зерттеу нысанасына ілінбеген 1970-90 жылдардағы қазақ драматургиясы Б.Құндақбайұлының тиянақты қарастыруымен әдебиет тарихының 9-томында жарық көрді. О.Бөкей, Д.Исабеков, А.Сүлейменов, С.Сматаев, Ә.Тауасаров, Ә.Тарази, Н.Оразалин, Ш.Мұртазаның, т.б. драматургиялық шығармалары талданып, көркемдік ерекшеліктері анықталған. Келесі томда халық жазушысы Қалтай Мұхамеджановтың шығармалық портреті мен драматургтің «Бөлтірік бөрік астында», «Құдағи келіпті», «Көктөбедегі кездесу», «Жат елде», «Өзіме де сол керек» пьесаларына талдау жасап, олардың қазақ драматургиясы мен театрындағы орны мен көркемдік деңгейін кәсіби тұрғыда анықтаған. Тұтас алып қарағанда Б.Құндақбайұлының зерттеулерінде ХХ ғасырдағы қазақ драматургиясы кенінен сөз болып, жанрдың өзіндік ерекшеліктері кәсіби тұрғыдан қарастырылып келеді. Ғалым сахналық шығармаларды зерттегенде де оның негізін әдебиеттен іздеуі оның ғылыми ізденістеріне тән ерекшелік екенін атап өту керек. Ж.Аймауытұлының драматургиясын немесе романдарын талдаған әдебиетшілер міндетті түрде Б.Құндақбайұлының зерттеулерінен сілтеме беруді жөн санаймыз.

Менің «Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль (начало XX века и современность)» [1] атты

зерттеуімде Б.Құндақбайұлының ғылыми еңбектері былай деп келтірілген: «Многое в «Карткоже» близко повествователю, выражающему позицию писателя. И это оказалось не случайным. Приведем данные из анкеты писателя о себе: «Ақат ағам екеумізді сабақтан үзбей (інім жас еді) бізді ауылдағы етікші, ағашшы, сыршыларға жіберіп, қолөнерін үйретті. Ақат ағамыз екеуіміз де әрі молда әрі етікші, әрі ағашшы, әрі шимайшы, әрі домбырашы, әнші болып өстік». Поэтому и достоверны для нас «речи» героя или повествователя, комментирующие разные занятия: слушает ли он песни, читает ли Коран, шьет ли сапоги или учит детей. Все это знакомо писателю по его личному опыту.

В романе как и в «Акбилек», некоторые эпизоды напоминают приемы драматургии. Отдельные реплики, диалоги не только подготовлены психологически, но и имеют мотивировки, которые изображаются как на сцене. В рассказе «Әнші» писатель раскрывает истинное мастерство певца Амирхана, прототипом которого является известный певец Амре Кашаубаев.

Произведения Ж.Аймауытова поражают своей энциклопедичностью и стилевым совершенством. «Мен мұндай шешен сөзге бай, ұшқыр жазушыны ешқашан көрген емеспін» [2. 50], – писал Б.Майлин о стиле Ж.Аймауытова. «Өз басым қазақта мұндай білімді, жан-жақты дарынды жанды әлі кездестіргенім жоқ. Мен білетін Жүсіпбек тамаша жазушы, тұңғыш роман жазған, драматург, акын, аудармашы, режиссер, әнші, музыкант, ғалым, көркем сынның негізін салған дарын». Далее о стиле писателя: «Маржандай тізілген әсем жазуы тасқа басылғандай сұлу болатын» [2. 50], – отмечал в этой связи Г.Мусрепов. Эти оценки творчества Ж.Аймауытова являются наиболее точной характеристикой его стиля» [1. 216].

В эпиграфе автор посвящает роман своими молодым современникам, борющимся за судьбу народа: «Жұртшылық көсемі – Жалынды жастарға арнаймын». Повествователь представляет нам одиннадцатилетнего

мальчика, получившего образование у аульного муллы, обучившегося и тюркской грамоте. Он будто и сам приглядывается к герою, подмечая его не по возрасту спокойный уравновешенный характер. «Қартқожа аты жас балаға лайық та емес қой» [2. 25]. Всезнающий повествователь теперь знакомит нас с семьей мальчика, с его внутренними переживаниями, связанными, в основном, с его бедностью. Взрослея, мальчик видит все больше несправедливостей вокруг себя. Это и обиды на байских детей, от скуки и сытости обижающих Карткожу по любому поводу: «Осының бәрі Қартқожаны ойландырды, жанын кейітті: «Әттең, менің кедейлігімау! Әйтпесе солардың менен ақылы артық па? Зейіні артық па? Артық болса малы артық. Дүние шіркін-ай! Кегімді алатын күн болар ма екен!» деп ішінен зығыры қайнап жүрді» [2. 27]. Подчеркнутые нами в тексте слова принадлежат повествователю, понимающему и сочувствующему мальчику. Слова героя взяты им в кавычки, так он отделил их от своих, взрослых. Какие отношения между ними?» [1. 217].

Б.Құндақбайұлының жүсіпбектануға, қазіргі театртану мен әдебиеттануға осыншама үлес қосқанын айту парыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Исмакова А.С. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль (начало XX века и современность). – Алматы: Ғылым, 1998. – 394 с.

2. Құндақбаев Б. Жүсіпбек Аймауытов және театр өнері. Предисловие к книге: Аймауытов Ж. Шернияз. – Алматы, 1990. С.8.



ӘДЕБИЕТШІ ТҰРСЫҢБЕК КӘКІШҰЛЫ – ҚАЗАҚ МҮДДЕСІН ОЙЛАУШЫ ҒАЛЫМ

Тұрсынбек Кәкішұлы – қазақ әдебиеттануында өзiне ғана тән орны бар ғалым. Ғылыми шығармашылығының басты ерекшелiгi Шыншылдық екенi де анық. Бұл ғылыми мұраның басты мақсаты – мәселенiң шынайы келбетiн ашып, турасын анықтап беру болып табылуы да сондықтан. Тұрсекең не жазса да өзiне маңызды тақырыптарды тандап алады, сондықтан бұл зерттеулерде салғырттыққа орын болмайды. Сәкентану, қазақ әдебиетi тарихының зерттелуi, қазақ әдеби сынының тарихы, Алаш мұрасы –Т.Кәкішұлының басты тақырыптары. Әдебиетшi бұл еңбектердi жазып қана қоймай, оларды бiлiм беру жүйесiне еңгiзе алды яғни олардың iске асуына қол жеткiзген ғалым.

Тәуелсiз кезiнде Тұрсекең алғашқылардың бiрi болып кеңестiк әдебиеттанудың кемшiлiктерiн әшкерелей бастады. Заман қалай болып кетедi деп отырғандарға қарамай ғалым әдебиеттiң басты мәселелерiн батыл көтердi. Кеңес кезiнде қазақ әдебиетi тарихы белгiлi шеңберде ғана зерттелгенiн, әдеби ғылымның сонау Әл-Фарабиден басталатынын, ХХ ғасыр басындағы кәсiби сынның даму мәселелерiн ғалым бүгiнгi ғылыми ортаның алдына тартты. Бұл жай жар салу емес едi. «Қазақ әдебиет сынының тарихы» деген жалпы оқу курсының бағдарламасын ғалым сонау 1982 жылы жасапты. Содан берi бұл курс бүкiл Қазақстанның филология, журналистика факультеттерiнде оқытылып келедi. Көп ұзамай сәкентануға да тың деректi ғылыми еңбектер қосылды: 2 кiтаптан тұратын «Қазақ әдебиетiнiң қысқаша тарихы» (2001, 2002); «Қазақ әдебиетi сынының тарихы» (2-кiтап, 1994, 1995, 2002, 2003) жарық көрдi. Бұл кiтаптар ЖОО саласында кеңiнен пайдаланылуда.

Совет кезiндегi шеңбермен шектелген оқулықтардың

орнына қазақ әдебиетінің көне кездерінен бастау алған еңбектер, әсіресе, даңқты тұлғалар Анархасис, Алып Ер Тұнға, Мәде, Қорқыт, Асан Қайғы, Бұқар, Махамбет, Шоқан, Ыбырай, Абай және жазықсыз репрессияға ұшыраған қайта ақталған Ә.Бөкейхан Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабай, С.Садуақасұлы, Ғ.Токжанов, т.б. туындыларының қазақ әдебиеті тарихындағы орны айқындалды.

Оқулықта тұңғыш рет «Ертедегі көшпелі тайпалар әдебиеті» бөлімі берілген: «Аталар жырының айғағы». «Тарих тұнығы тереңде». «Көне әдебиет көгіндегі көк бөрі». «Авеста» әлемі». II-бөлім: 1. «Түрік ескерткіштері». «Түрік қағанаты дәуіріндегі әдебиет». «Орхон ескерткіштері». 2. «Оғыз дәуіріндегі әдебиет («Қорқыт ата», «Оғыз қаған жыры»)). 3. «Ислам дәуіріндегі әдебиет (Сыр бойы әдебиеті, Әл-Фараби, Ахмет Йассауи, Ахмет Йгүнеки, Қарахан әдебиеті, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари»); «Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет. Сайф Сараи». III бөлім: «Қазақтың төл әдебиеті (XV-XVIII ғғ)». Бұл бөлім: Жыраулар поэзиясының зерттелу жайы: «Жыраудың әлеуметтік тұлғасы; Жырау поэзиясының басты сарындары, көркемдік ерекшеліктері; Жыраулар поэзиясының көркемдік негіздері, дәстүрлі арналары» атты тараулардан тұрады. Асан Қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марқасқа, Қожаберген, Ақтамберді, Тәтікара, Үмбетей, Бұқар жырау. IV бөлім XIX ғасырдағы әдебиет: Ұлт – азаттық күрес жырлары. Тарихи өлеңдер. Махамбет Өтемісұлы. 2. Зар – заман әдебиеті. Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы. 3. Қазан хандығы және әдебиет. Мәделі Жүсіпқожаұлы, Құлыншақ Кемелұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Сүйінбай Аронұлы. 4. Айтыс. 5. Сал – серілер поэзиясы. 6. Шешендік өнер табиғаты. 7. Қазақ арасына кең тараған шығыс кисса – дастандары. 8. Жаңа жазба әдебиет. Абай, Ыбырай, Шоқан. Оқу құралының екінші кітабында XX ғасыр басындағы Алаштың азатшыл әдебиеті қарастырылған: Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы,

Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсүпбек Аймауытов. Кенес дәуіріндегі әдебиет (С.Сейфуллин, І.Жансүгірұлы, Б.Майлин, Жамбыл, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов. Ш. Шетелдегі қазақ әдебиеті. Қазақ әдебиеті – әлем халықтары тілінде.

Қазақ әдебиеті сынының тарихы жалпы қазақ әдебиеттануы қашан, қай кезден басталады деген сауалға жауап береді: 1. «Қазақ әдеби сынының туу дәуірі және оның қазан төңкерісіне дейін созылғаны». 2. «Қазақ әдеби сынының жанр ретінде қалыптасуы және әдебиеттану ғылымының туу дәуірі (1917-1937)». 3. «Қазақ әдебиеті сынының өсіп өркендеуі және әдебиеттану ғылымының қалыптасуы – 1938-1985 жж.».

Совет кезіндегі әдебиеттану ғылымы тек Қазан төңкерісінен кейін басталды деген пікірге ғалым ашық тойтарыс беріп, репрессияға ұшыраған әдебиетшілердің есімдерін тұңғыш рет ғылыми айналымға осылай енгізді. Т.Кәкішевтің тікелей атсалысуымен «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» 1967 жылдан басталып, 1974 жылдан бері жалпы курс ретінде оқытылып келеді. Онын бағдарламасы 1982 жылы жасалып, бүкіл гуманитарлық оқу орындарында басшылыққа алынған.

Бұл ғылыми басылым оқулық ретінде тұңғыш рет 1994 жылы жарық көрген. Қазақтың сыни ой-пікірінің оянуы және әдебиет сынының тууы алты тарауға бөлініп зерттелген: I тарау: Сын арналары: халықтық эстетика; көне дәуірдегі сүбелі ойлар; қазақтың ұлы ағартушы-демократтарының сыни ойлары. II тарау: Баспасөз және сын. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің әдебиет сынын тудырудағы тарихи маңызы. III тарау: Жазба әдебиет және сын. Дәйектеме сын. Абай өнері – өсер сынға өрелі өрнек. Екінші кітап «Қазақ сынының жанрлық қалыптасуы және әдебиеттану» деп аталады. Бірінші тарауда 1920 жылдардағы қазақ әдеби сынының пікірсайысы мен дискуссиялары қамтылған. Бұл кітаптағы мұрағаттық тың деректер мен мәліметтер ұшан теңіз. «Ақжол», «Еңбекші қазақ», «Қызыл Қазақстан», «Лениншіл жас», «Жаңа мектеп», «Жаңа әдебиет», «Әдебиет майданы» басылымдарындағы пікірсайыс

толығымен тұңғыш рет осы Т.Кәкішұлы еңбегінде анықталып берілген. Бұл басылым сонау XX ғасырдың басындағы қазақ әдеби өмірінің шежіресі ғана емес, энциклопедиялық мұрасы екені бүгін мойындалып отыр. Қаншама әдебиетшілердің есімдері тұңғыш рет осы кітапқа енгізіліп қана қоймай, олардың шеккен тағдыр қасіреті сөз етілген. Сондықтан XX ғасыр басындағы әдеби процесті зерттейтін ғалымдардың Кәкішевтің бұл кітабына соқпай кетпеуі мүмкін емес. «Әдеби мұраны игеру мәселелері» атты тарау: «Әдеби өркендеудегі тарихи сабақтастық»; «Ауыз әдебиетінің үлгілерін жинау мен зерттеу мәселелері»; «Абайтану асулары» атты тараушаларынан тұрады.

Ғалымның сәкентануға қосқан үлесінің энциклопедиялық мәні де ерекше. Сәкеннің қай күні, қай жерде, қалай сөйлегеніне дейінгі құнды ғылыми мәліметтерді Т.Кәкішұлы еңбегінен табамыз. Ғалымның зерттеулерінің құнарлығы – мұрағат деректерінің молдығы, төте, латын жазудағы мәтіндерді парақтап шығуынан екені де айқын. Бұл бір институт атқарып отырған ғылыми жүйелеудің сараптамалық ісі.

Ғалымды мінез қалыптастырады деген сөз бар. Атақ, даңқ кумаған Т.Кәкішұлы қазақ әдебиеттануына үлкен үлес қосқан ғалым. Біреуге жалтақтаудан аулақ болуы шындықты айтуына байланысты екен. Не нәрсе болса да токөтерін тауып анықтап беру – ғалымның басты ғылыми мінезі. Бір ғылыми тұжырым жасау үшін мұрағаттардағы мындаған құжат мәліметтерді сүзіп шығу тек Түрсекеңе тән шарт. Олай болса, шындықты айтқанынан көп атақ, лауазымдардан айырылып жүрген ғалым тұлғасы бізге өнеге болары сөзсіз. Анық сөйлеп шынайылықты баяндау, әдеби деректің ақиқатына жету ғалым үшін басты талап. Түрсекеңнің қай аудиторияны болса да еркін менгеріп әкетуінің сыры да осында шығар.

1992 жылы Ақадыр мекенінде Ағыбай батырдың мерейтойы өтті. Ғылыми конференцияда сөйлегендердің сөзі әртүрлі деңгейде болды. Мінбеге Түрсекең шыққанда ел бір көтеріліп қалды. Қағазға қарамай жалпы жұртқа арналып айтылған сөздері ерекше әсер етті. Ұлттық рух

пен ұлттық мүддені алға тартып, батырлық дәстүрдің осы екі ұғымға тікелей қатысты екенін айқындап берген Тұрсекеңнің сөзін халық тік тұрып қол шапалақтаумен жалғастырды. Өкінішке орай кейін Ағыбай батыр туралы кітап шыққанда Тұрсекең сол сөздерін бере алмады. Атақ, даңқ, лауазымдарға қызықпай, тек ғылымның ақ жолын кесіп өтпеген ғалымға бізге үлгі боларлық зерттеулері мен халыққа арналған сөздері үшін бүгін алғыс айтамыз.

Т.Кәкішұлының «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (2003)¹. Екі кітаптің I-бөлімінде «Қазақтың сыни ой-пікірінің оянуы және әдебиет сынының туу тарихы» зерттелген. Әдебиетші әдеби-сын арналарын құрастырып, көне дәуірдегі келе жатқан «халықтық эстетика» түсінігін алға тартқан. «Қазақтың ағартушы-демократтарының сыни ойлары арнайы зерттелген. Шоқан, Ыбырай, Абай мұрасы осы тұрғыдан жаңаша сараланған. «Баспа сөз және сын» атты тарауда «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің әдебиет сынын тудырудағы тарихи маңыздылығы қарастырылған. Екі басылым бетінде қазақ әдеби сыни дамығаны талдаулар арқылы айқындалған.

«Жазба әдебиет және сын» тарауы – кәсібиленген әдебиет сынының теориялық талаптары анықталғанымен құнды. «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» атты II бөлімде Т.Кәкішұлы XX ғасыр басындағы кәсіби-әдеби сынның қалыптасқанын дәлелдеп шыққан. «Қазақ сынының жанрлық қалыптасуы және әдебиеттану» тарауында Алаш әдебиетшілерінің негізгі зерттеулері айғақталған. Саяси айтыс кәсіби әдеби айтыста орын алғаны – заман талабы ретінде анықталған.

«Эстетикалық-социологиялық сын» тарауында заман талабы – таптық-эстетикалық партияшыл шарттары сөз етілген. «Дерекі социологизмнің дауылы тез көтерілгенімен, саябырлап басылды. 1932 жылы партияның «Көркемөнер ұйымдарын қайта құру туралы» қаулысы шығып, шығармашылықты жақсартуға бағытталған қадамдар жасалды. Әдебиеттің сын саласына білімді жастардың, әсіресе, сынды өздерінің

¹ Кәкішұлы Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. II-бөлім. (Оқу құралы) – Алматы: Білім, 2003. 232-бет.

өнерпаздық арнасы деп таныған Есмағамбет Ысмайылов, Мұхамеджан Қаратаев, Қажым Жұмалиев, Темірғали Нұртазин, Белгібай Шалабаев, Құлмырза Өтепов, Рақымжан Жаманғұлов, Әлібек Қоңыратбаев, Мансұр Қатаулин, Рақым Уалиахметов сияқты сыншылардың, алғашқы қадамдарын сыннан бастаған Саттар Ерубай пен Зейін Шашкин, Хамза Есенжанов сынды жазушылардың қазақ әдебиетінің әлеміне келуіне байланысты білікті, мәдениетті, эстетикалық сауатты сын өріс алып, аз жылда жетекші тенденцияға ие болар деген үміт оты жылт етті. 20-жылдарда жемісті еңбек еткен көп сыншылар өзінің идеялық-эстетикалық нысанасын қайта қарап, өрелі, білімді сын жолына түсті. Ғ.Тоғжанов, Х.Жүсіпбеков, Б.Кенжебаев, Ә.Мәметова тағы басқалардың қаламдары құнарлана түсті. Қайсыбіреулері сынмен қош айтысты. 1933-1937 жылдар арасында талай мәнді еңбектер мен мақалалар жазылып, социологиялық-эстетикалық сын тез марқайды. Өзінің оңаша отау алуға жарап қалғанын, көмелетке толғанын Қазақстан Жазушылар одағының 1937 жылғы I пленумында арнайы талқыға түсуімен дәлелдеді. Бұл кезде сыншылар да, сыни пікір айтушылар да көбейіп, сын мақалалары мен рецензиялар мол және өнімді жазылды.

1920-жылдардағы творчестволық және ұйымдық айтыс-тартыстар кезінде сыни пікірдің қандай болуы керектігі жөнінде айтылған ойлардың жарықшағы ҚазАПП съезінде әкімшілік тұрғыдан сөйлеген сөздерден аңғарылып қалғанымен әдеби атмосфера жақсара бастағаны, мәдене, салмақтана, қомақтана түскені мақалалардан, өткізілген талқылаулардан айқын көрінеді.

Қазақ сынының шуақты кезеңі (1932 жылдың екінші – 1937 жылдың бірінші жартысы) шын шығармашылыққа бұрылды. М.Әуезов өзінің ашық хатымен жаңа әдебиетке қосылды» [95-96].

Т.Кәкішұлы тұңғыш рет 1920 жылғы әдеби айтыс қалай іске асқаны туралы толық мағлұмат берді. Архив деректеріне сүйеніп отырып жасалған тұжырымдар бүгінгі тәуелсіз әдебиеттануға қосылған жаңа сөз болып табылуда: «Сынның бүкіл қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-

эстетикалық ой-пікірдің додасында төңкерісшіл ақын-жазушылардың көшбасшысы Сәкенді, жаңа әдебиет өкілдерінің іс-әрекетіне серке болған Сәбитті көкпардай тартқан бір жарым-екі жылды қиястығы басқаларға тамтұмдап тигені, қайсыбірі қосақ арасында босқа кеткені белгілі. Сондықтан оларға тартылған «сыбағаны» ойлана әңгімелесек, бүкіл бір әдебиеттің шындығы қалай ойсырағаны, ластанғаны көрініп қалар.

Сәкен басына ала шарбы бұлт өзінің шығармашылық еңбегіне 20 жыл толарына дейін-ақ үйірілген болатын. Сәкеннің 1913 жылдан бергі танысы, сібірдің төңкерісшіл жазушысы Ф.Березовский пенделік өкпемен КСРО Жазушылар одағының 1936 жылдың басында Минскіде өткен I пленумында қазақ әдебиетінің жай-күйін әңгімелей келіп, Сейфуллиннің «Қызыл ат» поэмасы мен бірнеше шығармаларында троцкизмге іш тартатын саяси қателіктер бар. Қазір Сейфуллин бұл қателіктен арылды дегенмен, сол жиынның төрінде отырып, бұрын Қазақстан өлкелік партия комитетінде ұйымдастыру хатшысы болып істеген, енді КСРО-ның ішкі істер халық комиссары болған қанішер Н.Ежовтың көңілінің бір қыртысына қыстырылып қалған еді. Ол көп кешікпей «Қарағанды ісінде» көрініс берді. Қазақстанның бүкіл жұртшылығын шошындырған сот Ежовтың бақылауымен өтті. Өйткені Сәкеннің жан жолдасы Абдолла Асылбеков Қазақстан өлкелік комитетінде Ежовпен бір мезгілде қызмет істеп, талай мәселеде онымен керісіп, таласып қалатыны «Қарағанды ісінде» алдынан шықты» [121-122].

1930 жылдары сынның жағдайы туралы: «Қазақ сынының «бірінші саласы, – дейді Ғ.Мүсірепов, – ғылыми сын, тексеру-зерттеу арқылы ылғи алға сүйреп отыратын сын – әдебиет пен жазушының алдына жарығын түсіріп, бастап отыратын сын. Бұл сын сынауды ғана кәсіп етпей, сүйіп сынайды, үнемі соңына түсіп жалпы ғылымның өсуімен бірге өзі де өсіп отырды.

Екінші саласы – халық сыны, көпшілік сыны. Бұл әрине ғылыми сын емес, халықтың жүрегінің қалай соғуын көрсетіп отыратын сын, үкім сияқты сын.

Үшінші саласы – сынды кәсіп еткен, арзанқол, әдебиеттің өсуіне жәрдемі тимейтін құр айқай болып келеді. Міне, бізде осының үшеуі де бар» («Суреткер парызы», 1970, 184-185-бет). Бұл пікір – біздің сыншылық ой-пікіріміздің бар эволюциясын, өсу жолын, қалыптасу процесін дұрыс тұжырымдаған қорытынды» [127-128], деп санайды Т.Көкәшұлы.

Кеңес әдеби сынының басты тақырыбы – әдеби мұраны игеру екені арнайы мәселе етіліп қойылған. Кеңес өкіметі Абайды жоққа шығаруына қарсы болған әдеби қауым бүкіл әдеби мұраны қорғауға шықты. Әдеби мұраны игеру мәселелері әдеби өркендеудегі тарихи сабақтастық. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинау мен зерттеу. «Абайтану асулары» тарауларда аталған мәселе айқындала түскен.

«Сонымен, Ғаббас Тоғжановтың қазақ әдебиеті тарихындағы тұңғыш монографиясында қайшылықты ой-пікірлер, түйіндер кездесе де, Абайды ғылыми жолмен танудың белесті бір шығармасы болды. Ұлы Абайды ұлт ақыны деп тану және бар өнімді ой-пікірлерді осы тұжырым аясынан өрбіту келешектегі көп ізденістер мен зерттеулерге соқпақ салып берді. «Әдебиет майданы» журналындағы құнды материалдар, мектеп оқулықтарындағы соны деректер, Ғ.Тоғжановтың тұңғыш монографиясы көп мәселені айқындап, ендігі жерде көркемдік шеберліктің өнерпаздық биігіне Абайдың қалай көтерілгенін айқындау міндетін көлденең тартты» [226].

«Қалыптасу дәуірін өткеріп келе жатқан қазақ әдебиеттану ғылымына Ғаббас Тоғжановтың «Абай» атты 1935 жылы шыққан зерттеуі әжептәуір үлес қосты. Әрине бұл монографияны Абай шығармашылығының бар проблематикасын әңгімелеген, көбіне оңтайлы жауап берген ғылыми эстетикалық еңбектен гөрі социологиялық арқауы басым монографиялық очерк деп атаған орынды. Өйткені бұл еңбек алғашқы тәжірибе болса, екінші, – абайтанудың, революцияға және революциядан кейінгі жан-күйіне шолу жасалып, көп мәселелер жайында автордың өз ой-пікірі айтылады. Абайдың заманы, оның туып-өскен ортасы, қоғамдық-

әлеуметтік мәселелерге көзқарасы туралы автор көп тоқталады және бәріне де таптық тұрғыдан жауап іздейді, сөйтіп социологияға белшесінен батады. Оған Ғаббас «біздің көбіміз (бәріміз десек те өтірікші бола қойман) қазір универсалмыз. Көп білгендіктен универсал емеспіз, көп міндет жүктелгендіктен, амалсыздан универсалмыз. Қазақ тұрмысында жұртшылық алдына түспей, білінбей қараңғы, тұйық жатқан мәселелер көп. Соларды ашқың келеді, түсінгің келеді» («Абай», 10-бет) деп уәж айтпақ болады. Сонда да эстетикалық өңірден гөрі социологиялық арнаға бұрыла бергені анық байқалады» [223].

«Абай реализмін» сөз еткенде Ғаббас «сыншыл реализм» деген терминді қолданбағанымен, оның негізгі сын-сипатының негізгі айшықтарын атап, міселенің ішіне кіріп, көптеген тың бақылаулар, түйіндер жасайды. Абайдың «Жұрт ақыны болып, халық қамын қайғырғаны, өзі көрген әлеуметінің кем-кетігін жамауға тырысканы, жаманды түземек болғаны, кейінгі жасқа үлгі берем дегені, бар ақындығын осыған жұмсағандығы – бұл, әрине, Абайдың өзінен бұрынғы қазақтың феодал ақындарынан анағұрлым артықтығы» (55-бет) деп Ғаббас ой түйген уақытта, әдебиеттің қоғамдық функциясын дәл бағдарлап, өмір шындығын суреттеген шығарма ғана құнды, ғұмырлы болатындығын баяндайды. «Біз бүгін Абайдың атын көтеріп, қадірлесек, Абайдың осы өз тұсындағы көргенін, өткір тілмен жасырмай, жасқанбай айта білгендігіне сүйеніп қадірлейміз. Абайдың осы реалистігін, өз тұсының айнасы, көзі ашық үлгілі баласы болғанын көріп қадірлейміз» (55-бет) деп табады да, осы ойын «Абайға орыс культурасының қандай әсері болды» деген тарауына жалғастырып, дамытып алып кетеді» [224-225].

«1945 жылы Абайдың туғанына 100 жыл толуы бүкілхалықтық мерекеге айналды. Мерекеге арналып шыққан Абай шығармаларының толық жинағына С.Мұқанов «Абай – қазақ халқының данышпан ақыны» деген алғысөз жазуы, М.Әуезов пен Б.Кенжебаевтың «Абай – қазақ халқының ұлы ақыны» деген кітапша шығаруы, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Ә.Қоңыратбаев,

Қ.Мұхаметханов, Т.Нұртазин, Н.Сауранбаев, М.Сильченко, Ә.Тәжібаев, Т.Тәжібаевтай ғалымдардың, қоғам қайраткерлерінің, ақын-жазушылардың 300-ден астам мақала жариялауы Абайдың жазба әдебиет негізін қалаудағы еңбегін ғана айтып қоймай, бүкіл қазақ қоғамындағы, мәдениет тарихындағы орнын айқындап берді. Соның арқасында қазақ әдебиеттану ғылымында абайтану ілімінің өз алдына отау тігуіне жағдай жасалғаны айғақталған.

1945-1985 жылдарда абайтану саласындағы ізденіс-зерттеулердің барынша өркендей түскені соншалықты, ол өз алдына ілім ретінде қаралып, оның тарихы, басып өткен жолы М.Мырзахметовтің зерттеулерімен дамығаны қазақ әдебиеттану ғылымының жетістігінің көрсеткіші ретінде айғақталған.

Абайтанудың алғашқы кезеңінің ұзақ-сонар баяндалуының себебі – Абай жайындағы ғылыми-сыни ой-пікірдің эволюциясын көрсету болса, екінші жағынан, жеке ақын-жазушылардың шығармашылығын игеру ісі тап осындай болмағанымен, осыған ұқсас процесті басынан өткергенін аңғарту еді. Бұл жөнінен Сұлтанмахмұт Торайғыров, Спандияр Көбеев, Мұхаметжан Сералин, Сәбит Дөнентаев, Махамбет Өтемісов, Ыбырай Алтынсарин, Ақансері Қорамсаұлы, Ығылман Шөреков, бертінгі Баймағамбет, Ізтөлин мен Шолпан Иманбаева, т.б. жайында жазылған мақалалар, зерттеулер олардың шығармаларын жариялау қаншалықты мәнді екенін ескергенмен, олардың да тану-танылу процестері Абай «өнерпаздығының өткелдеріне ұқсас болғанын» ғалым ерекше атап өтеді.

Тұрсынбек Кәкішұлы қазақ әдебиеті сынының тарихын нақты талдаулары арқылы айқындап берген. Ғалымның қазіргі әдебиеттануға қосқан үлесі осылай анықталды.

Пайдаланған әдебиет

Кәкішұлы Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. II бөлім. (Оқу құралы). – Алматы: Білім, 2003. – 232 бет.

ӘДЕБИЕТШІ ҒАЛЫМЖАН МҰҚАНОВ

Тәуелсіз кезде қазақ әдебиеті мәтіндері шет елдерге тікелей қазақ тілі арқылы тұңғыш рет аударылды. Бұл істің басынан әдебиетші, ағылшын тілінің маманы Ғалымжан Мұқанов табылды. Дарынды аудармашы 1980 жылдардың ортасында Виктор Гюгоның «Бариккада» өлеңін аударған еді. 1991 жылы Клер Клермонттың (атақты лорд Байронның жұбайы) «Владимир и Зара» поэмасы қазақ тілінде Ғалымжан Мұқанов аудармасында жарық көрді. Аталған поэма Парижде 1836 жылы жарияланған еді. Қазақ әдебиеттануы анықтағандай, бұл қазақ тақырыбына арналған тұңғыш көркем туынды болып табылады. Байрон қайтыс болғаннан кейін Клер Мәскеуде тұрғаны белгілі. Сол кезде қазақ даласына серуенге шығып тұрған екен. Соның нәтижесінде Байрон, Шелли, Пушкин стиліне еліктенген “Владимир и Зара” жазылған. Оқиғалар желісі – Омбыға жер аударылған декабрист бірде аңға шығып қазақтардың қолына түседі. Әділ-Атил ханның нөкерлері Владимирді жылқышы етіп қояды. Қазақтармен етене араласып, олардың ішінде құрмет пен сыйға ие болады. Ханның Зара есімді қызы орыс тұтқынымен тіл табысып, біріне-бірі ғашық болады. Хан қызын өзіне лайықты дәрежелі адамға беруге ниеттенген еді. Қызының орыс тұтқынымен байланысын естіген хан оны өлім жазасына қияды. Бірақ жанашырлар табылып олар Владимир мен Зараны өлімнен құтқарады. Екі жас қашып шығып Ресей әскеріне жолығып, аман-есен қалады. Бұл мәтін Петербор кітапханасынан табылған (Салтыков-Шедрин атындағы кітапхана). Оны белгілі шығыстанушы академик Алексеев тауып, “Жұлдызда” ол туралы Ш.Сәтпаева мақала жазған болатын (1988).

Ғалымжан Мұқанов Корнельдың “Сид” трагедиясын,

Мопассанның бірнеше новелласын аударған. 1995 жылы Ғалымжан Мұқанов Абайдың “Ғақлиясын” – “Размышление в прозе” деп француз тіліне аударған, 1994 жылы бұл кітап “Рауан” баспасынан жарық көрді. Сол жылы Ғалымжан Мұқанов Париждегі халықаралық коллоквиумға қатысып, ЮНЕСКО жиынында аталған Абай аудармалары туралы француз тілінде баяндама жасады.

1997 жылы Ғалымжан Мұқанов Бургун университетінде “Дала және адам” атты қазақтың көшпелі мәдениеті туралы баяндама жасады (француз тілінде).

М.О.Әуезовтің 100 жылдығы қарсаңында 1997 жылы Ғалымжан Мұқанов “Қилы заманды” француз тіліне аударған. Бұл кітапқа А.Фишлер пікір жазған. Сонымен қатар Абай өлеңдерінің жинағын француз тілінде шығарды. Бұл кітапқа алғысөзді Т.Әбдіков жазған.

Махамбеттің 200 жылдық мерейтойына қатысты Ғалымжан Мұқанов Мәдениет Министрлігі тапсырмасымен ақынның өлеңдер жинағын француз тілінде Парижде сөйлетті. Әдебиетші Ғалымжан Мұқанов – қазақ-француз әдеби қарым-қатынастарын зерттеуші ғалым. Ол Ги де Мопассан, П.Корнель, Г.Апполинер, П.Верлен шығармаларын қазақ тіліне аударған. Ғалымжан Мұқанов Абайдың поэмаларын да француз тіліне аударған.

Негізгі еңбектері: К.Клермонт. “Владимир и Зара” (1988! “Слова назидания”, “Ескендір”, “Масғұт” (1994). “Поэзия – царица слов” өлеңдер жинағы.

Ғалымжан Мұқановтың аудармаларының деңгейі туралы былай делінген: “Следует отметить, что проза Абая, то есть его “Слова назидания” получили более широкое распространение за рубежом, чем поэтические произведения. Среди теоретиков и практиков перевода распространено мнение, что, не владея языком оригинала, переводить поэзию с другого перевода возьмется не каждый. Причина этого явления состоит в трудностях перевода поэтического произведения с другого языка. Поэтому факт прямого перевода поэтом,

журналистом, переводчиком Галымжаном Мукановым поэм и стихотворений Абая на французский язык столь знаменателен для истории художественного перевода в Казахстане. Кстати, в своем предисловии Альбер Фишлер прекрасно отозвался о качестве перевода, высказав свое мнение: “в конечном счете, мы должны поздравить с успехом переводчика Галымжана Муканова, сумевшего подчеркнуть глубину мысли этого незнакомого нам прежде поэта, философа и отважного моралиста” (Abai Kounanbaiouly. Reflexions en prose, poemes “Iskander” et “Masgoud”. – А.: Raouan, 1994. – Р. 6)

2003 жылы Парижде ЮНЕСКО үйіндегі Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығына арналған халықаралық конференцияда Галымжан Мұқанов аудармаларының тұсаукесер рәсімі өтті. Жан Жуэ өзінің сөзінде Галымжан Мұқановтың алғашқы аудармаларын негізге алғанын алға тартты.

Галымжан Мұқанов – Абай мен М.О.Әуезовті, Махамбетті дүниежүзілік деңгейге шығарған әдебиетші.



«ОЙ ТҮБІНДЕ ЖАТҚАН СӨЗ...» (Тұрсынжан Шапай)

Тұрсынжан Шапайдың «Ой түбінде жатқан сөз...» атты монографиясында Тәуелсіздік кездегі қазақ лирикасы теориялық талдауға арқау болған. Қазіргі қазақ лирикасы деген ұғым теориялық тұрғыда айқындалған. Лирикалық кейіпкер, лириканың даму тенденциялары, айшықтар мен ағыстары талданған. Ақын сөзі, ақын тұлғасы, лирикалық кейіпкер атты теориялық түсініктер талдаулар арқылы айқындалған.

Қ.Мырзалиев поэзиясын талдау арқылы ғалым сөз бен дәйек, тұлға мен тұтастық мәселесі анықтаған. «Қазақтың кара өлеңі – құдіретім» (поэзиядағы ұлттық сипаттың кей қыры) атты тараушада әр әдебиетке тән ұлттық сипат айғақталған. Қазіргі қазақ өлеңінің табиғаты, тақырыбы, өлең құрылысы, лирикалық кейіпкері мен автор ұстанымы осы зерттеуде тұңғыш рет теориялық тұрғыда айғақталған. Жас ақындар туралы тарауда келесі тұжырымдар бар: «Оқырман мен ақын арасындағы осындай кінәмшіл жайларды қапысыз сезіне білетін талантты жас ақындардың бірі – Есенғали Раушанов. «Жолаушылап емес, жоқ қарап жүрмін» дейтін лирикалық кейіпкер сыры – бір есептен, ұдайы ізденіс үстіндегі, құнарлы поэтикалық өрістерді тынымсыз барлау қарекетіндегі жас ақынның творчестволық кредосы іспетті. Оның іздеген жоғы – шын ақынды қай заманда да толғандырған өмір бедері, болмыс тұңғығында жатқан сырлар, адамгершілік, махаббат, ел сүю, жер сүю сияқты адам баласына тән қадір-қасиет, ізгі сезімдердің бастау-көздері, қордалы ұясы, әсемдік әлемі... Іздеген жоғын барлап ақын туған жер, туған ауыл келбетіне, ондағы өз болмысымен туыс қарапайым адамдар жанына зер салады, тарих қойнауына үніледі. Есенғали образдарының терең тамыры ұлттық құнарда

жататыны да содан. Өйткені ол із кескен ая (ауыл, тарих) – ұлттық үрдістердің, дәстүрлі таным негіздерінің мәйегі сақталған асыл көмбелер. Ауыл өмірі – бүгінгі кезеңде, XX ғасырдың соңғы ширегінде ғұмыр кешіп жатқан біздердің қоғамдық-рухани болмысымызды сипаттайтын кіндігі берік негіздердің бірі ғой. Сондықтан ол жасаған ауыл адамдарының образы – бүгінгі замандастарымыздың бейнесін жинақтаған өз алдына шағын портреттік галерея» [1. 174].

«Соңғы жылдары жыр-сүйер қауымның назарын аударған және бір талантты есім – Серік Ақсұңқарұлы. Оның публицистикалық ашық дауысы көп қатарластарынан оқшау естіледі. Сондықтан оның творчествосы туралы айтылып жүрген ілтипатты пікірлерді, көп ретте, орынды, әділетті деп білеміз. Дегенмен, оның «Жиырмасыншы ғасырдың жиырма күні» деген атпен жеке кітап болып шыққан поэма-панорамасы қазіргі жас ақындардың көбіне ортақ деп жүрген кемшіліктердің түп-тамырын байыптар біраз ойларға жетелегені анық.

Қанша шашыранды, жүйесіздеу десек те, поэмаға енген фрагменттік сипаттағы жеке өлеңдердің өзегінде үзілмей жіп тартқан ортақ арқау жоқ дей алмасaq керек. Ол – лирикалық кейіпкердің дүние тағдырына жаны ауырған алаң көңілі, беймаза, сезімтал жүрегі» [1. 178].

Ғалымның келесі талдауы да кәсібиліктің айғағы: «Кейбір сыншылардың, игі ниеттен туса да, әр ақынның мүмкіндігін, творчестволық ерекшелігін еске алмай, бәріне бірдей қоятын ортақ талаптарының (әсіресе, тақырыптық тұрғыда) сыңаржақ уағызының әсері ме, әлде ақындардың өз түсінік-өресінің тарлығына байланысты ма – әйтеуір бүгінде жастар поэзиясында (тек жастар поэзиясында ғана емес) әспетті «ақын-азамат» деген ұғымның өзінше бір образ-моделі қалыптасқанға ұқсайды. Оның айқын атрибуттары: 1) Сильдік-образдық тұрғыда: міндетті түрде публицистік сарын, бірыңғай декларация, данғаза пафос, әсіре патетика, әшкере памфлет; асқақ прозадағы плакаттық

«азамат-кейіпкер»... 2) тақырыптық ауқымда: міндетті түрде халықаралық, саяси, мәдени оқиғалар (жалпылама хабарлама сипатты), өзіміз күнделікті баспасөз, насихат арналары арқылы құлағдар болып отырған жалпыға мәлім жайлар, тарихи фактілер, олардың бүгіндік аналогиялары, адамзатты алаңдатып отырған «қоңыраулы» проблемалар: соғыс қатері, экологиялық дағдарыс....» [1. 186].

Бүгінгі кейіпкер кім? Оның ақыл-ойы қай деңгейде? Деген сауалдарға әдебиетші былай жауап береді: «Қазіргі замандас – өз өмірінің мәніне үнілетін, күнделікті күйбең тіршіліктің мағынасын парықтайтын, адам баласының қай-қайсысына да ортақ тіршілік қамытын киген, қарыз артқан, парыз ақтаған, қилы-қилы мақсат-мұрат ұстанған, пендеге тән сезім атаулыға жаттығы жоқ кәдімгі от пеп сүйектен жаратылған күрделі тұлға. Заман, дәуір сипаты оның ой жүйесіне, жан әлеміне өз ренін дарытқан. Ол – жоғары парасат иесі. Біз үлгі етер замандас дәуірдің дертті, толғақты мәселелерін өз басына түскен нәубеттей, өз жанының қасіретіндей сезініп, әлем тынысына, дүние тұңғиығына батыл бойлайды. Жас ақындарымыздың лирикалық кейіпкері осы өреге көтерілсе дейміз. Шығармаға орнықтылық, салмақ беріп тұратын шынайы терең білім, эрудиция, биік парасат – бүгінгі поэзия мәдениеті талап ететін сипаттар.

Ең бастысы, олардың бойынан жауапкершілікті, әрбір сөзге деген жауапкершіліктен туған әдебиет алдындағы жауапкершілікке дейінгі өреге көтерілер парасаттылықты көргің келеді. Ең бастысы, әдебиетте өзін жас сезінбеу, ұшан-теңіз фольклоры, тасқа жазып қалдырған дастандары, Шалкиізi, Абай, Илияс, Қасым, Мұқағали, Жұмекені бар әдебиеттің лайықты мұрагері деп ұғыну. Кесек ізденістерге ұмтылу. Есею. Тұлғалану» [1. 188-189]. Қазір тақырып іздеп жүрген жас ақындарға берілген кәсіби кеңес осылай тұжырымдалған.

Әдебиетші Тұрсынжан Шапайдың «Шын жүрек – бір жүрек» атты әдеби зерттеуінде Абай, Дулат ақындардан

бастап бүгінгі поэзия теориялық талдауға алынған. Келесі теориялық тұжырымдар абайтанудың теориялық бағытын анықтап тұр: «...Өмірбаян шығармашылықты түсіндірмейді. Сол сияқты шығарма да авторын адам ретінде анық таныта алмайды. Өмірдегі тірі ақын (адам) өлеңдегі бейнесіне я ұқсайды, я ұқсамайды (дәлірегі – ұқсайды-ұқсамайды). Ақынның өлеңде өзі туралы айтқан сырларына сене беруге болмайтынын адамзат кешірек аңғарған сияқты. Автор бейнесі, лирикалық кейіпкер (тұлға), ақындық «мен»... дегендер кейінгі, жетілген эстетикалық танымның, түсініктері. Өнерпаз өз өнерінің мазмұнымен әр уақыт сәйкес келе бермейді. Өнеріне қараңыз, өзіне қараңыз – қилы-қилы қызықты көресіз: өнерінің жанында – ергежейлі немесе өнері өзімен салыстырғанда қораш. Жібек құртын көрген емеспін. Бірақ, анық: жібегінің жанында – құбыжық. Немесе... Әйтеуір, өнер мен өмірдегі теңдестікті, айталық, өмірдегі пенде мен өлеңдегі бейненің мазмұндастығын табу – екіталай. Әрине, өкінішті!».

Мәтіндегі автор бейнесі қай деңгейде ашылған? Бұл теориялық мәселеге әдебиеттанушы өз пікірін айтады: «Автор тұлғасының ашылу мүмкіндігі жанрға да байланысты. Бұл тұрғыда, Абайдың өзі айтқан «өсекші» өлеңнің (лириканың) өрісі кең. Ұлы адамның тіршіліктегі тұлғасын өмірдің өзіне тән барша қаталдығымен, шырайсыз сұрқай шындығымен толық қалпына келтіріп көзге елестету мүмкін емес. Өйткені тірліктегі болмыс кейіннен аңыз кейпін алып, бүгінгінің көзі мен өткеннің арасында уақыт мұнары эстетикалық перде болып тартылады. Түпнұсқаға (прототип, ситуация, ой, сезім) көркем бейненің ажарын беретін қасиет – уақыттың күдірет-құзырын тәуелді. Әрине, бұл уақыттың мазмұны автордың дарынына байланысты. Материал (жан, рух, тәжірибесі) саналы-санасы түрде жиналуы керек, ол сұрыпталуы керек, толығып, көркейіп, өңін өзгертіп, басқа сапаға – эстетикалық болмысқа (өлеңге) айналуы керек. Мұның бәрі – уақыт. *Шығармашылық процесс – суреткердің санасында сарғайып, түйсігінде*

қордаланған уақыттың қозғалысқа түсіп, реттеліп, жаңа формада қайта тірілуі. Тоқтаусыз ағыннан суреткер іркіп қалған сәттер – мәңгіліктен үміткер уақыт...». Өмір мен мәтіндегі Абай бейнесінің ортақ қазығы – «толық адам» концепті былай анықталған: «Өлеңдегі Абай – өмірдегі Сыңарының тірлікте таппаған сырласы, жаны күніреніп іздеген досы, Батыс пен Шығысты шарлап, адамшылықтағы темірқазық бағдар осы-ау деп білген «толық адамы». Сол сырласымен қалтқысыз шер бөліскен, өзінің идеал-сыңарымен тұтасуға асыққан, өмірдің қайшылығы шырмап жеткізбеген арман, мақсұтын өнерге, мәңгілікке аманаттаған кемеңгердің тірліктегі қажыры – Абайды ұлы суреткер ғана емес, ұлы Адам ретінде де мойындатады...

Өлеңі мен қара сөздерінде айтқан уағызына, әділет, рақым, жақсылық туралы идеалдарына, жетілген құлықтың бейнесі – «толық адам» шарттарына өмірдегі Абай өзі сай болды ма деген сұрақты тіке қоюда мағына жоқ. Шығармашылық кемел ой, қуатты қиял, уақыт пен кеңістіктің әдепкі өлшемдерінен тыс еркін әлем. Еркін әлемдегі Абай да – пенделік жаратылысындағы қайшылықтардан, «жақсы өмірін әуре еткен» тіршілік сарсаңынан азат Абай. Өлеңдегі Абай – Абайдың өзі үшін де өмірде жете алмайтын, орта, қоғам барда, жетілмеген адам барда ешқашан жеткізбейтін идеал. Жаратылысында жұмыр басты Пенде, өнерінің, ақыл-ойының қуатымен өзі нұсқалаған кемелдікке жақындап-ақ баққанын көреміз» [2. 9-11].

Лириканың басқа өлеңнен қандай айырмашылығы бар? Ол туралы Абай мәтініне қатысты былай делінген: «Лириканың тікелей мазмұны – көңіл-күй, сезім, жан-дүние сыры. Жалпы поэзияда жалаңаш ой жоқ. Өлеңдегі жеке ой поэтикалық тұтас контексте қаралуы керек. Бұл – біздің қазіргі көптеген әдеби, ғылыми, философиялық «талдауларымызға», пілдің сауырын, сирағын, тұмсығын сипалған «ғалымдыққа» қатысты әңгіме. Өлеңнің тұтас дінінен «жапырақ» жұламыз деп,

Абайды кім жасамадық? Абай – діндар, Абай – әулие, Абай – философ екен. Пәлсапашы академик: «Гегель мен Кантты зерттеп ит болыппыз, өзіміздің Абай тұрғанда» деп салды 150 жылдық тойдың бір жиынында» [2. 15].

«Абай мен Дулат» тарауында екі ақын сөздері салыстырылып талданған:

Дулат: «Атаны бала аңдыды»; «Бай мен кедей аңдысып»;

Абай: «Атадан бала ойы өзге»; «Аңдыстырған екеуін Құдайым-ай».

Дулаттағы көп жұлге Абайда арна тартады. Дулат тілінің ажары Абай сөзінің шырайында тұр. Дулаттағы уайым Абайдың да сыры болып күңіренеді... Дулат – Абайдың ризашылығына анық лайық, ақын еді. Дулат кемеңгер інісінен мадақ дәметуге толық хақылы кісі еді. Есіл жырау, керісінше, Бұхар бабасы, Шортанбай замандасымен бір сапта данышпан ізбасарынан аяусыз «сөгіс» естіді! Жетілген, толған, озған шәкірттің, ұлы дарынның астамсуы емес (болса да, айып емес), бұл «сөгіс» – поэтикалық ұлы реформаның декларациясы еді. Ал бұл жарияның формасы – сөгіс бола ма, мадақ бола ма, мәселе онда емес. «Өлеңі бірі – жамау, бірі – құрауды» Абай анықтап өзі айтпаса да, Абай шығармашылығының рухы, жаңа поэтикалық мәдениеттің шырқау биігі айтар еді. Бұл – ескіні жерлеу емес, жаңаны жарлау. Ал, жарнаманың тілі жақынды, жатты танымайды – жарық дүниеге тек *жаңа* шығу керек!» [2. 29-31]. Тура осындай теориялық негізі бар талдаулар бүгінде қажет-ақ.

«Абайдың дидары» тараушасында келесі теориялық тұжырым жасалған: «Көк тұман алдындағы келер заман»... Келешек, кемеңгер үшін де – бұлдыр. Менің көңілімдегі «портреттің» сұлбасы – келешек туралы ой көзі үмітті шырақ қып тұтатып, алыстаған сайын, түнек тартқан көк тұман бұлыңғырға қадалған Кемеңгерді нұсқалайды. Оның жүзінде, жоғарыда келтірілген сипаттарға қосымша, заманы мен жаратылысының тымырсық, тұйық, қайғылы, қапас құрсауында бұлқынған жанкешті аңсар мен қуатты

ойдың қажыры бар. Абайдың келбеті – жетпесті шамалап, көрместі болжаған, дүние құмарынан азат, ақиқаттың өзіндей алыс Әулиенің айқын жүзі, тынық дидары емес, бойында ыстық қаны ойнап, өмір қуаты тепсінген, ызалы-қамырықты, арманды – уытты, сүйінішті – түңілісті, жайдары – назалы, қасіретті – қайратты, қызықшыл-күйшіл-сағынышты-назды-ойлы-қамқор... **Данышпанның** бейнесі.

Айқынның көмескіге түскен сәулесіндей өлеңдегі Абай, аңыздағы Абай, суретін салам деген кісіге, өмірдегі кемеңгердің де ғазиз рухын тірілтіп, ұлы жанының барша аңсар, күллі сұлулығымен анық Абайдың жүзін көрсетер еді...

Тағы не айтуға болады? Менің «портретімдегі» Абайдың дидарында сөнген жанартаудың, алыстан көз тартқан тынық көркіндей «классикалық» салқындық жоқ – тұсындағы қайғымен қарауытып, тіршілігіндегі көздің ашы жасы, жүректің ыстық қанымен буырқанып тұр.

Абайдың дидарында кешегі айтқаны бүгінге дөп келген Шыншылдың шырайы мен салтанаты бар.

...Ал, мына суреттегі әулие кім?...» [2. 36]. Осы сөйлемімен Т.Шапай абайтануға жаңа зерттеулер қажет дегенді меңзеп отыр. Әдебиетші Тұрсынжан Шапай қазіргі абайтануға жаңаша көзқарас керектігін осылай мәселе етіп көтерген.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Шапаев Т. Ой түбінде жатқан сөз: Әдеби-сын мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 192 бет.
2. Шапай Т. Шын жүрек – бір жүрек: Эссе. Әдеби сын. Зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1999. – 256 бет.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТЕОРИЯСЫ ҚАНШАЛЫҚТЫ ЗЕРТТЕЛДІ?

Қазақ әдебиеті теориясын Алаш әдебиетшілері «Әдебиетті таныту» деп түсіндірген. Совет кезінде Алаш әдебиет теориясына тыйым салынып, әдебиетті зерттейтін ғылым соцреалистік шарттарға сай дамыды. Тәуелсіздік тұсында Алаш әдебиеттануының басты зерттеулері ғылыми ортаға қайта оралды. Олар: А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» (1926), М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927), Х.Досмұхаммедұлының «Қазақ халық әдебиеті» (1928).

Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабай, Х.Досмұхаммедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, С.Сәдуақасұлы зерттеулеріндегі әдебиеториялық түсініктер қазақ әдебиеттануы кәсіби ғылым саласы ретінде совет заманына дейін қазақ тілінде «пән сөздері» арқылы қалыптасқанын дәлелдеп тұр. Осыдан 28 жыл бұрын тәуелсіз ғылымға қайта оралған «Әдебиет танытқыш» қазіргі әдебиеттанудың идеологиялық шарттардан арылу жолдарын көрсетті. «Әдебиет – адамның жан қоштау қажетінен туғанын» теориялық тұрғыда Алаш әдебиеттануы баяғыда дәлелдеп берген екен. Советтік біліммен шектелген бүгінгі бір академик «Одан бері ғылым алға кетті, А.Байтұрсынұлы ескірді» деген пікірінен күні бүгін қайтқан емес.

Тәуелсіз кездің жас әдебиетшілері керісінше «Әдебиет танытқышты» ғылыми жаңалық ретінде қарсы алдық. Өз басым бұрын М.М.Бахтин, А.Гинзбург, Б.Томашевскийлердің зерттеулеріндегі идеологиясыз әдебиеттануға риза болып жүргенде тура осындай үлгіні А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» мен Х.Досмұхаммедұлының «Қазақ халық әдебиетінен» тауып қайран қалдым. Совет кезінде күшпен жойылған бұл ұлттық әдебиеттанудың бар кінәсі – әдебиетті қазақтың ұлттық тарихы, діні, ділі, өткені мен келешегі контексте зерттегені. Бұл менің ғана жеке пікірім емес еді.

Совет кезінде Алаш әдебиет теориясының аталған теориялық ұстанымдары қолданыста болды ма? Соцреалистік

тәртіп пен партияның идеясын насихаттаған әдебиеттанумен қатар Алаш әдебиетшілерінің зерттеулерін қастерлеп ұстаған Б.Кенжебаев, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайыловтар «Әдебиет танытқыштың» негізгі түсініктерін өз еңбектерінде іске асырды. Қ.Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» (1942) мен «Әдебиет танытқышты» салыстыру арқылы бұған көзіміз жетті.

«Қазіргі қазақ тіл біліміндегі секілді, қазақ әдебиеттануындағы әдеби терминдердің басым көпшілігінің баламаларын ойлап тапқан да Ахаң: көріктеу, меңзеу, ауыстыру, алмастыру, кейіптеу, пернелеу, әсірелеу, шендестіру, дамыту, түйдектеу, т.б. бәрінің түп-тамыры Ахаңда жатыр. Мұхтар Әуезовтің «Ахаң түрлеген ана тілің дейтін әлдиінің әдебиет аясындағы бір нақты да затты көрінісі – осы». Демек, «Әдебиет танытқыштың» ең басты бағалылығы осылайша әдеби терминдерді қазақша қалыптастырғандығы» – дейді академик З.Қабдолов.

1926 жылы жарияланған «Әдебиет танытқыш» әдебиеттану, оның ішінде әдебиет теориясы саласында қазақ тілінде жарық көрген тұңғыш ғылыми еңбек екені даусыз. «Әдебиет танытқыш» деп атаудың өзінде үлкен мағына бар. Әдебиет – сөз өнері болса, оны халыққа түсіндіріп, оның көркемдік ерекшеліктерін, адамгершілік, кісілік яғни, имани, рухани сипаттарын таныту әдебиетшілердің, зерттеушілердің қасиетті парызы екенін А.Байтұрсынұлы осы екі сөзбен ғана түсіндіріп кетті.

Әдебиет деген не? Бұл сауалға бүгін дайын жауап бар ма? Осы орайда академик З.Қабдолов былай дейді: «Ахаң жоқта біздегі әдебиет теориясы басы жоқ кеуде секілді еді. Ал, басы жоқ дене бола ма? Қайтейік, болады деп келдік... Бүкіл дүниежүзілік әдебиет теориясында «Арнау» деген бір-ақ түр; шауып шықса, бұған «Шешендік сұрау» қосылып қана аздап ажарлануы мүмкін. Ал, қазақ поэзиясында Ахаң осының үстіне үш түр (сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау) қосып, құбылтып, тотының түгіндей құлпыртып әкетеді».

Әдеттегі дәстүр жалғастығының заңына орай осы үш түрлі арнауды әрқайсымыз өзімізше пайымдап, қисындап, кейде тіпті қиыннан қиыстырып, біз де (Жұмалиев те, Ысмайылов та, Қабдолов та) кітаптарымызға кіргіздік. Бірақ, амал не, бұл жаңалықты тапқан Ахаң екенін кезінде ашып айта алмай,

Қажекеңе сілтеме жасауға мәжбүр болдық...» (З.Қабдолов).

Қазақ өлең құрылысының теоретигі академик З.Ахметов «Әдебиет танытқыштың» құндылығын былай деп анықтады: «Әдебиет танытқышта» негізінен поэтика, стилистика, өлең құрылысына қатысты мәселелер көбірек сөз болады. Автор үлкен тілші-ғалым болғандықтан, оның қазақ поэзиясының ерекшеліктерін осы мәселелерге байланысты тексеріп талдайтыны түсінікті. Автор поэзия тілінің бейнелілігін, сөз қолдану тәсілдерін мұқият зерттеп, теңеу, ауыстыру (метафора), алмастыру (метонимия), шендестіру, арнау, қайталақтау, дамыту, бүкпелеу секілді ұғымдарды әдеби термин ретінде қолданады. Сөйлемдердің синтаксистік топ болып бірігуін, «оралым», «қайшы оралым» деген сияқты түрлерін ажыратып көрсетеді. Қазақ өлеңінің ырғақтық құрылыс-жүйесін айқындай, бунақ, тармақ, шумақ ұғымдарын қалыптастырады.

Демек, қазақ өлең құрылысының, қазақ әдебиет теориясының басты терминдерін Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған екен.

«Әдебиет танытқышта» бұл орайда көркем сөздің тектері мен түрлері «адамның жан қоштау керегінен шыққан» нәрселерге жатқызылады. «Нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады. Қазақша – асыл сөз, арабша – әдебиет, еуропаша – литература»... Және оның басқа өнер салаларымен айырмашылығын айта кетеді: «Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді».

«Әдебиет танытқышта» белгілі әдебиет терминдерінің қазақша баламасы көңілге қонымды әрі сәтті түрде қолданысқа енгізілген. Әр категория өзінің логикалық дамуы, қалыптасқан жүйесі бар түсінік ретінде айқындалады. Мысалы: «Байымдаманың зор мүшесі төртеу: бастамасы, ұсынбасы, баяндамасы, қорытпасы». Яғни әр тұжырымның ішкі заңдылықтары ашылып, парадигма ретінде дәлелденеді.

Қара сөз бен дарынды (көркем) сөздің айырмашылығын Ахмет Байтұрсынұлы нақтылап көрсетеді: «Қара сөз әдебиетте пікір, сүлде түрінде айтылады. Дарынды сөзде

пікір сурет түрінде шығады, яғни, сұлде үстіне өң, ажар, жан, мінез, қылық беріліп, тұрпайы тұлға, түс, бітім, тірі нәрсе болып шығады. Сондықтан да дарынды сөз – көркем сөз деп аталып, қара сөздер – жалаң сөздер деп айтылады». Ғалым мұнымен шектелмей, осы екі түрлі сөзді қалай тануды, олардың дұрыстығын қалай айқындауға болады деген сауалдарға жауап береді: «Қара сөздің сынында пікір дұрыстығы, істің растық жағы тексерілсе, көркем сөздің сынында пікір дұрыстығының үстіне пікірге берілген сурет, сұлулық жағы да тексеріледі. Көркем сөзді әрі сұлде, әрі сурет – екі жағынан да тексеруге тиіс болғандықтан, оның сынында мынандай сұраулар боларға керек».

Ахмет Байтұрсынұлы ғылыми түсініктің негізін жалғастырып, нақтылай түседі. Демек, қара сөз «шығарманың сұлде жағының сының болса, көркем сөзге басқа міндеттер жүктеледі: 1. «Мазмұны дұрыс па? Мұрат қалып па? Кейіп қалып па? Бұл – шығарманың сұлде жағының сыны. 2. Көркем сөз табына шын қосарлық сөз бе? Қиял жасаған тұрпаттар, ойдан үйлестірілген оқиғалар пікір санасына тура келіп, дұрыс суреттеп, өңдендіріп көрсете ала ма? Тілі өрнекті ме? Әуезді ме? Лұғаты таза ма? Анық па? Қысқасы ойды өрнектеп, көрнектеп, суреттеп көрсеткендей тілінде шеберлік бар ма? Ақылдың аңдағанын, қиялдың меңзегенін, көңілдің түйгенін тілі дұрыс жеткізе алған ба?». Әдебиет теориясындағы стиль, әдеби тіл, талдау, көркемдік, сюжет деген категорияларды Ахмет Байтұрсынұлы осылай түсіндіріп берген.

Көркемдік түсінігінің, көркем мәтіннің шарттары қандай деген сауалға Ахмет Байтұрсынұлы екі түрлі талап қою керек екенін айтады: «Көркем сөзде екі тысқы, екі ішкі сын болады. Тысқы сындар: 1) Тілдің лұғатының сыны яғни тілдің дұрыстығы, анықтығы, тазалығы, дәлдігі, көрнектілігі, әуезділігі, өрнектілігі жағының сыны». Яғни шығарма тілінің стильдік ерекшеліктері, бүгінгі стилистикалық талдауға сай тысқарғы жағын бөліп айтады. Ғалым бұдан ішкі сындарды бөліп алады, демек, бұл әдебиеттану, әдебиет теориясының еншісі, теориялық талдаудың объектісін нақтылайды: 2) «Суретінің сыны: кестесін келтіріп, ұнасымды түрде үйлестіріп, суреттеуінің сыны. Ішкі сындар: 2) Алынған мінез, айтылған қылық, көрсетілген қалып, жан жүйесінің жөнімен қарағанда, дұрыс, бүтіп шығу, шықпауының сыны.

2) Өмір жүзінде айтылған нәрсенің болатындығының себебін дұрыс көрсеткен-көрсетпегенінің, адам қауымындағы қалып түзелу жағына әсер етерлік (пайда-зиян келтіретіндік) қуаты бар-жоғының сыны. Көркем сөзді сынағанда, әдебиет түрінің осы төртеуі түгел жұмсалады».

Ахмет Байтұрсынұлы теориялық талдаудың, әдебиеттің, көркем сөздің басты мақсатын жоғарыдағы тұжырымның соңғы сөйлемінде қорытынды ретінде түйіндейді. Бүгінгі әдебиеттанудағы аксиологиялық әдістің мән-жайын Ахмет Байтұрсынұлы осылай алға тартады. Демек, тек маңызды, ұлағатты көркем сөз ғана сынға түсуі абзал. Және оның тысқы және ішкі сынға түсуіне лайықты көрнекті түрі мен ұлағатты мазмұны болуы шарт. Бүгінгі әдебиет теориясындағы «мазмұнды түр» – «содержательная форма» деген категорияның сырын Ахмет Байтұрсынұлы осылай түсіндірген.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыштағы» басты ойлары: «Әдебиеттің өз даму заңдылықтары бар екені және олар тікелей саясатқа, идеологияға байланысты емес екені жөніндегі тұжырымдар. Яғни, «сөз өнері» деген термин «халықтың ежелден келе жатқан әдебиеті» деген ұғымды білдіреді. Оны «ауызша», «жазбаша» деп бөлудің өзі ойдан шығарылғаны екені айтылады. Әдебиеттің ресми жазба түрі бар деп бөліп-жару соцреализмнің ойлап шығарғаны болып шықты: бір әдебиетті жоғарылату үшін екіншісін төмендету керек болды.

Біздің кейбір фольклортанушылар Діни әдебиет жанрларын осы күнге дейін фольклор деп атап келеді. Тәуелсіз кездің әдебиетшілері М.Жолдасбекұлы, А.Қыраубаева, М.Мағауин, Н.Келімбетовтер ежелгі қазақ әдебиет ұғымын бұлардан арашалап алды. А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Ауыз шығарманы «ауыз сөз» деп қана атап, жазба шығарманы «сыпайы әдебиет» деп танушылар бар. Бірақ қалай да асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебіне жүріледі».

Ғалым әдебиетті өз категориялары арқылы түсіндіруге шақырады, яғни, «пән сөздері» басты міндет атқаруын басып айтады. Сонда зерттеу мағыналы болып шығып, зерттеушінің жалпылама көпсөзділіктен бас тартуына әкеледі. Бұл қағида дәлелсіз бос мақтаулардан да сақтандырады. Көркемдік әлемнің құдіреті тікелей жазушының ішкі рухани бостандығымен

байланысты екенін айтып, осы орайда, Абайдың, Мағжанның шығармаларын мысал ретінде келтірудің бүгінгі мәні керемет емес пе? «Әдебиет танытқыштағы» біз бүгін ұмытқан діндар дәуір жанрларының атаулары: Қисса, хикаят, насихат, мінәжат, мақтау, дағтау, айтыс, толғау, намыс, яки соғыс толғауы, марқайыс толғауы, терме деген түсініктердің өзі ой салады.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» (XIV-XVI ғғ) еңбегі: «Хақ жолындағылар тарихы» деп аталса, оның соңы «Алла Тағалаға мінәжат айтумен» аяқталады. Совет кезінде өшірілген бұл мінәжат жанры туралы мәлімет А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» ғана кездеседі. Бұлар бізге бүгін қажетті әдеби талдаулардың үлгісі емес пе?!

Зерттеушінің кітабына кең ауқымды ойлау қабілеті тән. «Біздің қазақ Еуропа әдебиетінен үлгі алмай, әдебиетін өз бетімен жетілдіргенде, қазақ айтыс өлеңдері алаңға түсетүсе барып, алаң алданышына айналып, айтыс-тартыс түрге түсетіні даусыз еді. Үлгіні өзге жұрттан алғандықтан, алаң әдебиеті бізде төтеннен шығып қалды». Бүгінгі әдебиеттанудағы «сенкретизм», «типология», «әдебиеттердің қарым-қатынасы», «сюжеттердің ұқсастығы» деген мәселелер туралы «Әдебиет танытқышта» А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Жер жүзіндегі жұрттардың тіліндегі шығармалары бір-біріне көбінесе ұқсас келеді. Ондай ұқсас себебі: олар шыққан заманда халықтың бәрінің бір ананың қолында өскен балалар сияқты көрінгені, өнегесі, үлгісі бір болған».

А.Байтұрсынұлының пайымдауынша, көркемдік заңдылығы біреу ғана және ол барлық тілдегі әдебиеттерге ортақ. Демек, «адамның жан қоштау керегінен шыққан» әдебиет – «асыл сөз». Сондықтан, «Сөздің асыл болатын сырын білген адам сөзді сынай біледі». Өйткені: «Жүйірік аттың белгілі сипаттары сияқты асыл сөзде де белгілі сипаттар болады. Сөз сол сипаттарын дұрыс көрсетумен асыл болып шығады». Әдеби стиль, даралық стиль көркемдік шеберлік категорияларын ғалым осылай таныта түседі.

Б.Кенжебаевтың шәкірті Р.Нұрғалиға «Әдебиет танытқышты» аманат етіп тапсыруы алкен азаматтық іс. Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, Қ.Жұмалиевтердің ұлт-азаттық қозғалыстың бас қаһарманы Кенесары ханға қатысты кеңес

кезінде қуғынға ұшыраулары да тегін емес. Олар Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабай, Х.Досмұхаммедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, С.Сәдуақасұлы зерттеулеріндегі ұлттық ұранның жанғырығын жеткізушілер екен. Бұл үрдіс бүгінгі аға ұрпақ зерттеулерінде дамыды. Ә.Дербісәлі ежелгі әдебиет туралы түсінігіміздің шеңберін кеңейтіп, әл-Фарабидің жиырма еңбегін, әл-Таразилердің бірнеше еңбектерін бүгінгі ғылымға енгізді. С.Қирабаев ұстазы Қ.Жұмалиев сияқты көркем мәтіннің мазмұндысын ғана қарастырды, Т.Кәкішұлы мен Р.Нұрғали бүгінгі әдебиеттануға Алашшыл сарынды әкелді. Т.Кәкішұлы қазақ әдеби сыны түсінігін тұңғыш рет ғылыми сала ретінде анықтап берді. Д.Ысқақ пен О.Әбдіманұлы «Әдебиет танытқышты» тәуелсіз әдебиеттанудың басты кітабы ретінде айғақтады. Ж.Дәдебай М.Х.Дулатұлының «Тарихи Рашидий» – әдеби-көркем мәтін екенін тұңғыш рет теориялық тұрғыда дәлелдеп берді. С.Мақпырұлы, Қ.Әбдезұлы, Т.Шапай, Д.Қамзабекұлы мен Г.Пірәлиеваның қазіргі әдебиетті қазақша танытуы Алаш әдебиеттануының «пән сөздерінің» орынды қолдануын көрсетеді.

«Отан бірлігі, Отан сүю сезімі, әлеуметшілік міндеті секілді бүкіл мемлекетке керек сезімдерді менмендік, бәсекелік, ерегіс секілді аламандықтың жеңгенін ел арасынан жинаған ескі сөздер анықтап көрсетіп тұр. Ел әдебиетімен таныспайынша, өткеннің көбін де, бардың жарымын да тану қиын», деп Х.Досмұхаммедұлы айтқандай әдебиетті «Отанды сүю – иманнан» тұрғысынан зерттеу – бүгінгі әдебиет теориясының басты мақсаты болып табылуда.

*«Қазақ әдебиеті» № 52 (3163)
15-25 желтоқсан, 2009 жыл*

ҚАЛА МЕН ҚАЛАМҒЕР

Қазақ әдебиеті: Аристотель: «Қала бір-біріне «**ұксамайтындардың бірлігі**» десе, Десмонд Моррис: «Қала асфальтталған джунгли емес, ол адамдардан құрылған зоопарк», Декарт: «Оңашалық іздесең, қалаға бар», Франсуа Мориак: «Париж – миллиондардың жалғыздығы», енді біреулері: «Лос-Анджелес – орталығын таба алмаған жетпіс екі шеткі аудан» дейді. Әлемнің алпауыт қалаларын ойшылдар осылай көреді. Ал, Астана мен Алматы ше? Оларды қалайша бейнелеуге болар еді?

А.Серікқызы: ...Қала мен қазақ. Осы тақырыпты қанша қаузамақ болсақ та, тісіміз батпай қойды. Олай болуы заңды шығар. Әлемде үлкен іргелі әлеуметтік, экономикалық һәм философиялық зерттеулердің өзегіне айналып отырған қала тақырыбы бізде толыққанды ашылып, зерделенген жоқ. Осы күні қала тақырыбы қазаққа қаншалықты жақын болғанымен, соншалықты алыс. Жақын дейтініміз, күні кешегі далалық өркениеттен аз ғана уақыт мерзімінде қалалыққа ауыса бастаған елдің бұл тақырыпта ашуға тиісті шындығы, шешуге керекті мәселесі аз емес еді. Алыс дейтініміз, өзінің ұлттық мәселелерін әлі аяғынан тік тұрғыза алмай жатқан елдің қалалық өркениет пен оның өз ұлтына тигізіп жатқан әсерін зерттеп, сараптауға уақыты мен жігері жетпей жатқаны тағы шындық. Әлемдік ғалымдардың зерттеулеріне қарасақ, жалпы қалаларды тарихи, географиялық және экономикалық маңызына қарай бөліп, жіктейді. Сондай-ақ, әрбір қаланың жеке әлеуметтік-психологиялық ұстанымына қарай өзіндік «өмір салты», «қалалық қарым-қатынас үлгісі» және «қалалық дәстүрлері» қалыптасатын көрінеді. Үлкен шаһарларда өмір сүретін тұрғындардың күнделікті тұрмыс-тіршілігін зерттей келе, әлеуметтік психологияда

«қала менталитеті» атты жаңа ұғым пайда болды. Яғни әрбір қаланың өзіндік менталитеті болатыны айқындалды. Олай болса, тұрғындары күн санап өсіп, мәдени-рухани өмірі және әлеуметтік келбеті түрлене түскен еліміздегі екі ірі қала Алматы мен Астананың да өзіндік менталитеті қалыптасу үстінде екені анық. Екі қалада да қайнаған қызу тіршілік бар. Оның тамыр соғысын дәл басып, тіршілік ырғағын айқындау әлеуметтік зерттеу және статистикалық орталықтардың ғана емес, философтар мен психологтардың және қаламгерлердің де міндеті шығар...

«**Қазақ әдебиеті**»: Қаланың болмысы ол туралы мәліметтерге толы суретті альбомдардан гөрі, әдеби шығармаларда анығырақ ашылмақ. Өйткені, онда асфальт жолдар мен тас үйлер ғана емес, адам тағдырының сан-сүрлеуі соқпақтары адасып, тас қалаға қамалған жанның шектеуге келмейтін жан-дүниесі сайрап жатады. Қазақ қаламгерлері қала тақырыбына қаншалықты қалам сілтеді? Осы тақырып төңірегінде белгілі әдебиетшілер мен тарихшыны әңгімеге тартып, оған тұздық ретінде арнайы архитектордан пікір сұраған едік...

А.Серікқызы: Қазақ әдебиетінде дала мен қала тақырыбы сонау ХХ ғасырдың басында-ақ көтерілген. Мысалға Сұлтанмахмұт Торайғырұлының 1919 жылы жазылған «Айтыс» (дала ақыны мен қала ақыныны айтысқаны) поэмасы, «Қаладағы жебірлер» («Кедей» поэмасы) шығармаларына қатысты екі кейіпкердің дала мен қала болып айтысуын айтсақ болады. Осы аталған поэмаларында қала ақыны мен дала ақынының басты көзқарастары анықталған. Дала ақыны: *«Мен қазақ, қазақпын деп мақтанамын, Ұранға Алаш деген атты аламын. Сүйгенім қазақ өмірі, өзім қазақ, Мен неге қазақтықтан сақтанамын. Ерікті ен даланың құсыниша ұшып, Ер жеттім кеңшіліктің сүтін ішіп. Сен құсап сары масадай ілбиткен жоқ, Қаланың көшесінде жоқтық қысып»*, – дейді. Қазақтың далалық болмысы қалаға біржола сіңіп кете ме, жоқ әлде қалалық болмыс негізін даладан алып, өсіп-өркендей ме деген мәселені Алаш ғалымдары көтерген.

Енді Алаш зиялыларының аты аталмай келген советтік заманның өкілдері Әбіш Кекілбай, Дүкенбай Досжан, Сайын Мұратбеков, Мағзұм Сүндетов, Тәкен Әлімқұлов, Оралхан Бөкеев, Сәтімжан Санбаев, Қалихан Ысқақ секілді жазушылардың еңбектерінде қазақтың ауылы әдебиетте басты тақырып болып қайта жаңғырды. Қазақтың болмысы қандай деген сұраққа Әбіш Кекілбай мен Дүкенбай Досжанның, Сайын Мұратбековтің кейіпкерлері толығымен жауап берді. Олардың кейіпкерлері қазақтың ата-бабасынан келе жатқан тектілігін, *«Даламның мен сағынам бек пен ханын, Ел үшін аямайтын шыбын жанын, Сағынам билерімді кең ақылды»* – деп, осыларды аңсаған ауылдан шыққан асыл тұлғалар.

Әбіш Кекілбай шығармаларындағы атбегі мен жылқышыдан, тіпті ауылдың қарапайым құдықшысының бойынан қазақтың жанына жақын ұлттық түсініктерді табамыз. Және бұл қарапайым кейіпкерлер үшін қазақтың ұлттық мүддесі басты болып табылады. Дүкенбай Досжан өз шығармаларында көне қалаларды кейіпкер қылды. Оның кейіпкерлері Сұлтанмахмұт айтқандай: *«Пірді сағынам үйреткен Құдай жолын, Надандарға танытқан оң мен солын»*, – деп өмір сүрген текті тұлғалар. Жазушы қазақ жеріндегі көне шаһарлар дүниежүзілік руханиятта өзіндік орны бар мәдени-ғылыми орталықтар болғанын айтады. Әл-Фараби неге басты кейіпкер? Жазушы оны қаланың тұрғыны ретінде, ғылыми орталықтың бас кейіпкері ретінде дәріптейді. Біздің тарихшылар үндемей отырған кезде, Дүкенбай Досжан Әл-Фараби секілді адамзаттың ақыл-ойға үлес қосқан ғалымның қазақ жерінде туғанын айқындау үшін шығармаға басты кейіпкер етті.

Сайын Мұратбеков қазақ даласының жусанының исін көркем әдебиетте бейнелеп, оны қасиетті метафораға айналдырды. Жусан исін сағыну мен оны қастерлеу қазақ ауылының құдіреттілігін бейнелеумен тең түсті. Жусан исі мен киесі атамекен деген түсінікпен қатар жүретінін

айғақтап берді. Аты аталған жазушылардың бәрі ауылдан шыққан. Қаладан шыққан ақындар бар. Орыс тілді бір ақынымыздың шығармашылығынан қазақтың тарихын көргенімізбен, ауылдың, яғни қазақилықтың исін де таба алмаймыз. Бұл қалалық әдебиеттің жеткілікті түрде қазақтың ұлттық әдебиетінің үлгісі ретінде тарихта қалмай жатқанының белгісі. Дулат Исабеков «Қарғын» романында қалада ғұмыр кешіп жатқан ауылдан шыққан өз замандастары жөнінде жазды. Әбіш Кекілбай, Асқар Сүлейменов секілді қаламгерлер кейіпкерлердің прототипі етіп алып, 1960-жылдардағы қазақ жазушылары мен зиялыларының ұлттық мүддені аңсауын көркем әдебиетте бейнелеп берді. Оралхан Бөкей шығармаларындағы ауылдың қарапайым шалдары суреттелген. Бұл мәтіндерде ақсақал деген ұғым басқа да, жай қарапайым қарт бір басқа.

Оралхан Бөкей ұлттың болмысын жадына түйген, көкірегі қазына қарияларды күмбірлетіп жазады. Совет кезінде өмір сүріп жатқан ақсақал не ойлайды, соның ішкі толғаныстары мен күйзелістерін беруде шеберлік танытты. 1960-жылдардағы әдеби процесс өзінің болмыс тамырына үнілгенде, ұлттық құндылықтар мен тектілікті іздегенде ат басын ауылға тірегені тегін емес. Себебі қазақ даласында ұлттың киелі ұғымдары сол күйінде сақталған еді. Әрине, сол қаламгерлердің бәрі дерлік ауылдан келген қаланың тұрғындары болатын. Енді осы жазушылардан кейін келген буын бүгінгі қазақ даласы мен қаласы туралы жазғанда, әрине, қазіргі оқырманның талғамы мен сана-сезімін ескеріп жазуы тиіс. Бүгінгі қазақ әдебиеті ендігі жерде даналық қана емес, қазақы қалалық өмірді жазуға міндетті. Мысалы, Нұрғали Ораз, Мәдина Омарова, Дидар Амантай секілді жазушылар қала тақырыбына қалам сілтеп, мәдени оқырманға біршама танылған жандар. Бүгінгі қаланың тұрғыны да, оқырманы мен кейіпкерлері де қазақ тілді адам. Ал осыған дейінгі жазушылар ауылдан шыққан, саумалдың дәмін, жусан исінің қасиетін сезіп келген буын еді. Олар ұлттық әдебиетте қазақ ауылының киелі

бейнесін айқын қалыптастырып кетті. Бұл буын ұлттық мүдде тұрғысынан ауылдың қалаға қарағанда үстем екенін айқындап берді.

Қалалық прозаның кешеуілдеп жатуы заңдылық. Әбіш Кекілбаевтар қалаға 1960-жылдары орныкса, қазақ тілінде оқитын ұрпақ енді өсіп жатыр. Дидар Амантай тәрізді жазушылардың кейіпкерлері қала адамы. Олар өз кейіпкерлерін жақсы біледі, себебі асфальтта өскен жігіттер. Сондықтан Дидар Амантайдың кейіпкерлерінің тілі де өзгеше. Ал, Мәдина Омарованың шығармаларында қазақы ауылдан келген қыздың қалаға бейімделуі және қала ауылдан келген таза балаларды қалай қарсы алады? деген тақырыптарды қозғайды. Бүгінде басты құндылықтар ауылда қалды деп айту жеткіліксіз. Себебі қазақтың көбі қазір қалаға келді және қалада да қазақ әдебиетін қажет ететін оқырмандар бар екенін ескергеніміз жөн. Әдебиетте қала тақырыбының әлі меңгерілмей жатқанын мойындауға тиіспіз. Сол қазақшаланған қаланың тағдырын шығарманың өзегіне айналдырып, бүгінгі жас жазушылар ауқымды тақырыптарды игеруге ұмтылғандары абзал болар еді. Қаланың сауатты қазақтілді оқырманы қазір қалыптасты. Сол тұрғынның бүгінгі санасы қандай деген сауалға қазақ әдебиетінде жауап беріп жатқан шығармалар әлі аз. Тағы да Сұлтанмахмұттың жырына сүйенсек, «Сүйемін туған тілді – анам тілін, Бесікте жатқанымда-ақ берген білім». «Сүйемін қазағымның әдеттерін: Жасы үлкенді сыйлайтын әдептерін». «Даламда бар ұят, Құдай деген» қағидалар бүгінгі қала туралы жазушыларға басты болып табылуы тиіс.

ҰЛТ РУХЫНЫҢ ЖОҚШЫСЫ (Т.Жұртбай туралы)

Қазақстанның рухани тәуелсіздігін нығайтуда, тарихы мен мәдениетінің тарихын түбірлі зерттеуде алдыңғы қатарда жүрген қоғамдық ғылым саласындағы көрнекті ғалымдардың бірі – жазушы, ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Құдакелдіұлы Жұртбай. Ол өзінің саналы шығармашылық, ғылыми, педагогтік қызметінде Қазақстан Республикасының рухани тәуелсіздігін нығайту жолында тыңғылықты еңбектеніп келеді.

Т.Жұртбайдың «Абай шыңы – Мұхтар шыңы» атты алғашқы шығармасы 1966 жылы мектеп оқушыларының республикалық конкурсында бәйгеге ие болып, он бес жасында баспасөзде жарияланды. Содан бері ол қазақ сөз өнерінің барлық жанрында қалам тартып, өзіндік қолтаңбасын қалыптастырды.

Тұрсын Жұртбайдың шығармашылық жолы ақын ретінде басталды. Оның алғашқы өлеңдері он алты жасында республикалық «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде О.Бөкеевтің «Тұсаукесерімен» жарық көрді. «Қоңыр қаз», «Жүрегімде жұмыр жер» атты жыр жинақтары кезінде әдеби сыннан жақсы бағасын алды.

Проза саласындағы алғашқы туындылары «Бесқарагер» мен «Аэродром» хикаяттары жастарға арналған республикалық конкурста бірінші, екінші бәйгеге ие болды. Оның «Мөлдір көз», «Көгілдір әлем», «Шилі өзен қамыс-ай», «Қар астындағы көбелек», «Ұш, маған, ұш балалығым», «Қалампыр» сияқты прозалық шығармалары лирикалық сыршылдығымен, соны түрлік ізденісімен, философиялық ой иірімдерімен ерекшеленді. «Бір уыс жусан», «Болашақтың бәйтерегі», «Түйешінің қызы» әңгімелерінде өмір мен өлімнің мәнін толғайтын жалған мен фанидің арасындағы мәңгілік аңсарлы сағыныш суреттелген.

Т.Жұртбай 25 жасында «Жер – бесік» (1976) роман-новелласында саяси қысымның зардабына тап болған бунтарь Кербаланың тас-талқан болған тағдыры Кәрібоз абыз бен Саржан ақынның (прототипі Шәкәрім мен Мағжан) трагедиялық өмірімен желілес бейнеленеді. Әр тарауы жеке-жеке новелла тұрғысында құрылған бұл шығарма кеңестік тұста алаш идеясы, ұлттық тәуелсіздік, сенімге қысым, ашаршылық тақырыбына қалам тартқан алғашқы шығармалардың бірі болып табылады. 1980 жылы жазылған «Қар астындағы көбелек» роман-эссесіне кезінде: социалистік өмірдің көлеңке жағы трагедиялық сыпатта бейнеленген деген цензуралық тийым салынды. Кейін оның бұл шығармалары 1984 жылы Москвада өткен жас жазушылардың Бүкілодақтық кеңесінде жоғары бағаланып, «Литературная газета», «Комсомольская правда» басылымдары жақсы пікір білдірді.

Т.Жұртбайдың көркем туындыларының стилі ерекше. Әдебиетшінің көркемдік әлемі арнайы зерттеуді қажет ететіні сөзсіз. Жазушының объектісі қазақтың «қоңыр дала, қоңыр тіршілік иелері». Сондықтан да бұл шынайы шыншыл проза. Автордың лирикалық кейіпкері ағынан жарылып мөлдір сезімдерімен бөліседі. Көркем шығармалардың атауына да басты мазмұндық концепт алынған: Мысалы: «Жүрегімнің ыстық та мөлдір тамшылары», «Қар астындағы көбелек», «Ұш, ұш маған балалығым», «Күн – өмірдің жанары», «Мөлдір көз», «Беті тілінген тарғыл тастар» – деген атаулардың өзі адамды ойға жетелейді. «Қар астындағы көбелек» деген метафора жазушы Т.Жұртбайдың көркемдік стилінің формуласы іспетті. Семей полигонына қатысты шығарманың «Беті тілінген тарғыл тастар» аталуы да өте дәл тандалған теңеу ғана емес, шығарманың басты ойын қамтып тұрған басты дискурс – бейне. Кезінде бұл шығармаға «Тың мұңлы», «Жетімдікті жырлаған», «Совет кезінде жұт болған жоқ», деген «кінәлар» тағылғаны да тегін емес.

Алаштанушы ғалым, жазушы Т.Жұртбайдың совет кезінде сыналған бұл көркемдік әлемі тек тәуелсіздік тұсында ғана қайта жарық көрді. Автордың шындықты аңсаған кейіпкерлері тым шыншыл екен. «Беті тілінген тарғыл

тастар» – Семей полигонындағы сынақты басынан кешкен жасөспірімнің тағдыры туралы ғана емес. Бұл шығарма киелі Абай жерінің қасіретті мұңы бейнеленгенімен құнды. Т.Жұртбайдың кейіпкерлері маңайындағы әлемге ерекше жауапкершілікпен қарайды. Олар өздерінен есеп алып жүрушілер. Сондықтан кейін жазушының кәсіби әдеби-тарихи зерттеулерге бет бұрып кетуі де тегін емес.

1980-1991 жылдары «Жұлдыз» журналының сын бөлімінің қызметкері, бөлім меңгерушісі болып істеген он жыл аралығында қазақ әдебиетіндегі көркем сынының дамуы мен әдебиет тарихының зерттелуіне белсенді түрде араласты. Тарихи шығармалардың көркемдік ерекшеліктері мен тарихи негіздері, ұлттық нысана және тарихи шындық, прозадағы түрлік және жанрлық ізденістер, тілдік бояулар мен жастардың шығармашылығы туралы сыни мақалалар жазды. Сол тұстағы СССР Жазушылар одағының сын кеңесінің пленум мүшесі ретінде қазақ әдебиетіндегі үздік шығармалардың тек Қазақстанда ғана емес, Кеңестер одағының көлемінде танылуы мен насихатталуына атсалысып, одақтық басылымдарда сыни мақалалары мен шолулары жарияланды. І.Есенберлиннің, Ш.Әбеневтің, Қ.Мұхамедхановтың, Т.Әбдірахманованың, О.Сүлейменовтің, Ж.Жұмақановтың, С.Мұратбековтің, Қ.Жұмаділовтің, М.Мағауиннің, Б.Тілегеновтің, Р.Нұрғалидың, О.Бөкеевтің, А.Сейдімбектің, Қ.Салғариннің, А.Жақсыбаевтың, Р.Сейсенбаевтың, С.Әшімбаевтің, Ж.Әбдірәшевтің, Н.Айттың, Д.Әшімхановтың және т.б. шығармашылық өмірі мен шеберліктері хақындағы сыни эсселер жазды.

Т.Жұртбайдың бойындағы шығармашылық қабілет пен сыни көркем талдауға бейімділік, ұлы тұлғалардың шығармашылық өміріне деген ынта, архив мұраларымен жақсы таныстығы оның қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ілімінде бұрын нышан танытпаған роман-эссе жанрына қалам тартуына әсер етті. «Бесігіңді түзе!..», «Бесігіңді ая!..», «Бесігіңді аяла!..», «Бесігіңді ұмытпа!..», «Бұзылған бесік...», «Бейуақ», «Талқы» атты туындылары арқылы көркем саралаудың жаңа бағытының қалыптасуына ықпалын тигізді. М.Әуезовтің өмірі мен шығармаларының

жазылу тарихын салыстыра талдай отырып, жазушының қилы-қилы тағдыры мен туындыларының жазылу тарихына қатысты бұрын әдеби ортаға белгісіз екі жүзге тарта тың деректерді ғылыми айналымға түсірді.

Сыншы ретінде ғалым Т.Жұртбай тарихи және көркемдік шындық, өмірлік тартыс және көркемдік шешім, тарихи көркем баяндау, авторлық баяндау мен авторлық мәтін, қойын дәптер және қолжазба, түпнұсқалық және кітаптық мәтін, қаламгер мен шығарма тағдыры, көркем дүниедегі кеңістік пен уақыт, көркем түйсік пен көркем таным, тарихи көркем шындықтың теориялық мәселелері мен тарихи ойлау жүйесі, тұлға мен туынды тағдыры, тарихи шығармалардағы тарихи шындықтың, авторлық кейіпкердің, кеңістік пен уақыттың жағрафиялық, жетекші және басты кейіпкер іспетті жазушы психологиясына тереңдеп баруға мүмкіндік беретін әдебиеттанудағы күрделі мәселелерді көтерді.

Тұрсын Құдакелдіұлының өмірлік-шығармашылық мақсатына айналған үлкен тақырып абайтану мен әуезовтану саласы. Бұл бағытта ол «Бесігінді түзе!...», «Бесігінді ая!...», «Бесігінді аяла!...», «Бесігінді ұмытпа!...», «М.О.Әуезовтің шығармашылық өмірі мен көркемдік әлемі», «Мұхтар Омарханұлы Әуезов», «Абай және рухани тәуелсіздік мәселесі» атты монографиялар жазды. Жазушы-ғалымның ғылыми жетекшілігімен «М.О.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі» (1997), «Мұхтар Әуезов туралы естеліктер» (1997), «Әуезов әлемі» (1997), «Абай жолы» роман-эпопеясының ғылыми-текстологиялық салыстырудан өткен басылымы (1997), М.О.Әуезов шығармаларының 50 томдық толық жинағының 1-7 томы (1997-1998), М.О.Әуезовтің «Ескермедім, қабылдамадым...» (1998) атты ашық хаттар жинағы, «Құнанбай» (2004) монографиясы жарық көрді және оның қатысуымен «Атамұра» баспасында «Мұхтар Әуезов» энциклопедиясы дайындалды.

Т.Жұртбай Л.М.Әуезованың шақыруымен ҰҒА М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының М.О.Әуезов мұраларын зерттеу бөліміне аға ғылыми қызметкерлікке шақырылғаннан кейін М.О.Әуезовтің

мұражай-үйін «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталық ретінде қайта құруға жетекшілік етті. М.О.Әуезов шығармаларының елу томдық толық жинағының жарық көруін ұйымдастырып, осы саладағы ғылыми жобаның жүзеге асуына бастамашы болды, сөйтіп, тәуелсіз кездегі әуезовтануға жаңа тыныс қосты.

Ұлы Абайдың өмірі мен шығармашылығы Т.Жұртбайдың өмірлік мақсатына айналды. «Күйесің, жүрек... сүйесің!..», «Құнанбай», «Абай» роман-эсселерінде «жұмбақ жанның» тағдыры мен танымы, өскен ортасы, көшпелілердің көркем және тарихи-философиялық ойлау жүйесінің қалыптасуы, рухани тәуелсіздік, өлім мен өмір коллизиясы және өмірдің мәні туралы философиясы, жадиттік жаңа ағым мен исламият, Гете мен Ницшенің мәңгілік тіршілік және түркілік дүние пәлсафасының Абай шығармаларымен тоғысы, «толық адам» мәселесіне талдау жасаған. Құнанбай мен Абайдың өмір сүрген ортасына қатысты ғылымда бұрын белгісіз болып келген екі жүзден астам архив деректерін ғылыми айналымға түсіріп, олардың өмірбаяндық шежіресін жасады.

Әдебиеттанушы ғалым Т.Жұртбай Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылық өмірі туралы да арнайы зерттеу жүргізді.

Сонымен қатар Т.Қ.Жұртбайдың тарихи тақырыпта жазылған «Дулыға» (1-2 кітап, 1994, 2007), «Кетбұқа» (1996), «Бұзылған бесік!..» (2010), «Күйесің, жүрек... сүйесің!» (2001), «Бейуак» (1990, 2007), «Жегі», «Тез», «Талқы» атты үш бөлімнен тұратын «Ұраным – Алаш!..» (2007-2011) деректі трилогиясы қазақ ұлтының 3 мың жылдық рухани тарихын қамтыған тарихи көркем ой толғамдары болып табылады.

Т.Қ.Жұртбай «Бейуак» монографиясының негізінде «М.О.Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» және «Қилы заман» повестеріндегі көркемдік және тарихи шындық» деген тақырыпта кандидаттық (1992), «Бесігінді түзе» зерттеу кітабы негізінде «М.О.Әуезовтің шығармашылық өмірбаяны мен көркемдік әлемі» атты тақырыпта докторлық (2000) диссертация қорғады. 2002 жылы Т.Қ.Жұртбайға профессор ғылыми атағы берілді.

Ол 1990 жылдан бастап Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде, әл-Фараби атындағы қазақ мемлекеттік Ұлттық университетінде, Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттік қызмет Академиясында, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде абайтану, әуезовтану, жазушының шығармашылық психологиясы, әдеби шығармашылық, Еуразия романдары, Еуразия романдарының типологиясы, халық ауыз әдебиеті – тарихи дерек көзі ретінде, әдебиеттанудың өзекті мәселелері, туындыны ғылыми талдау, сөз мәдениеті (саяси шешендік), ХІХ ғасырдың ІІ-жартысындағы қазақ әдебиетінің тарихы, ХХ ғасырдың 1940-1960 жылдардағы қазақ әдебиеті, қазіргі әдеби процесс (магистратура), әдебиет және Алаш идеясы бойынша арнайы курстардан дәріс беруде.

«Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» 2 томдық оқу құралы (ұжымдық еңбек, 2000-2001), «Сөз мәдениеті» типтік бағдарламасы (2001) мен «Әдеби шығармашылық» (2002) атты оқу-әдістемелік құралы жарияланды. 2006 жылы ақпан-шілде айлары аралығында Қытай Халық Республикасының Орталық мемлекеттік Ұлттар университетінде (Пекин қаласында) профессор ретінде қазақ әдебиеті мен мәдениетінің тарихы, бүгінгі қазақ әдебиеті, абайтану, әуезовтану пәндері бойынша дәріс оқыды.

Тұрсын Құдакелдіұлы Жұртбай Александрия кітапханасынан кейінгі екінші білім ордасы атанған «Отырар кітапханасын» тәуелсіз кезде қайта қалпына келтіру және еліміздің рухани-тарихи жазба мұраларын сақтау, сирек қолжазбалар мен кітаптарды жинау, жүйелеу және кеңінен пайдалану, қазақстандық тарихтану мен деректанудың ғылыми базасын дамыту және кеңейту мақсатында қабылданған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 шілдегі № 924 Қаулысына орай құрылған Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының директоры ретінде игілікті еңбек етіп келеді.

2001-2010 жылдар аралығында профессор Т.Жұртбайдың жетекшілігімен Ғылыми орталықтың ғылыми-зерттеу,

ғылыми-мәдени, ғылыми-білім беру бағыттары үйлестіріле дамыды, аса көрнекті ғылым, мәдениет қайраткерлерінің мемориалдық кітапхана қорлары, кітап мұражайлары ашылды, оқу-әдістемелік «Жазу тарихы» мұражайы ашылды. Оларға 40 мыңға тарта сирек қолжазбалар мен кітаптар жинақталды. Ғалымның тікелей жетекшілігімен сирек қолжазбалар мен кітаптардың 31 басылымы, соның ішінде Нарманбеттің «Кер заман» (2004); «Жетінші қазына» (2004); Х.Болғамбаевтің «Шығармалары. Тағылымдары» (2005); Т.Қоңыровтың «Теңеулер табиғаты» (2005); Х.Тәкежановтың «Қазақтың салт-дәстүрлері» (2005); Ә.Марғұланның «Саят құстары» (2005); Ноғайбайдың «Елім үшін кектімін» (2007); Б.Бафиннің «Тарихи шежіре» (2007); И.Нұрахметтің «Ұлыстық әдебиеттен ұлттық әдебиетке» (2005); С.Кенжеахметұлының «Қазақтың салт-дәстүрлері» (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде, 2004); «Қазақтың дархан дастарханы» (қазақ, орыс тілдерінде, 2005) «Қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысы» (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде), «Қазақтың салт-дәстүрі (Энциклопедия), 2009; Қ.Сартқожаұлының «Түркі жазуының генезисі» (2007); Н.Ахметбековтің «Өлендері мен дастандары» (2007); К.Танатарұлының «Арман да арман, шын арман» тарихи жырлары (2011), Қ.Мұхамедхановтың 9 томдық (2004-2011), С.Бегалиннің 6 томдық шығармалар жинағы (2007 -2011), «Қазақ ұлт-азаттық көтерілісінің тарихы» атты 30 томдықтың 7, 11-15, 17 томдарын (2007, 2008, 2009, 2010 жылдары) құрастырып, ғылыми түсініктемелер жазылып, баспадан шығарылды.

Т.Жұртбай ҚР Білім және ғылым министрлігінің аясында ұйымдастырылған «Көне түркі жазба ескерткіштері мен шығыс қолжазбалары – Қазақстанның Тәуелсіздігінің рухани негізі» (2003-2005) және «Көне түркі жазба ескерткіштері мен шығыс қолжазбалары – Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық идеясының рухани негізі» (2007-2009) атты жобасына ғылыми жетекшілік етіп, түбірлі зерттеулер жүргізді.

Ғалым сонымен бірге қазір «Қазақ қолжазбалары (біздің дәуірімізге дейінгі Х ғ. бастап ХХІ ғ. дейін)» атты 10 томдық

ғылыми жобаның ғылыми айналымға түсіру бағытындағы жұмысқа ғылыми жетекшілік етіп келеді. Қазір ҮІІ-ІХ ғасырдың туындылары болып саналатын көне түркі тіліндегі драматургиялық «Маитрид смидт» туындысы қазақ тілінде ғылыми басылымға дайындалып жатыр.

Ғалым, сонымен бірге, қазір «Қазақ қолжазбалары (біздің дәуірімізге дейінгі Х ғ. бастап ХХІ ғ. дейін)» атты 10 томдық ғылыми жобаның ғылыми айналымға түсіру бағытындағы жұмысқа ғылыми жетекшілік етіп келеді. Қазір оның: «Қазақ қолжазбалары»: Ежелгі грек, көне қытай жазбаларындағы түркілік әдеби үлгілер, «Батыс өңіріндегі аз ұлт ақындарының таңдамалы өлендері» (51 акын), «Түркі және қазақ жазба әдеби мұралары», «Маитри смид», ҮІІІ ғасырдағы 20 көріністі пьеса. Транскрипция, аударма, түсінік», «Жеті қаған», «Мұзбұршақ» эпосы» (ІХ-ХІ ғ.) атты алғашқы ІҮ томы жарық көрді (Алматы. Ел-шежіре. 2011).

«Ұраным – Алаш!..» атты үш бөлімнен тұратын түрме әфсанасында ғалым 1922-1957 жылдары аралығындағы кеңестік идеялогиялық қысым мен саяси жазалау, ұлт зиялыларын қудалау мен қуғын-сүргінге ұшырату, ұлттық сана мен құндылықтарды жою бағытына арналған тұқым үзу (геноцидтік) мен халықтың жадын өшіру, әдебиеті мен мәдениетін рухсыздандыру тұрғысындағы репрессияны «Алаш» және «Алашорда» үкіметінің мүшелерінің Ә.Бөкейхановтың, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, Х.Досмұхамедовтың, Ж.Досмұхамедовтың, М.Тынышбаевтің, М.Есполовтың, М.Мұрзиннің, М.Жұмабаевтің, Ж.Аймауытовтың, Х.Ғаббасовтың, С.Қадырбаевтың, А.Юсуповтың, Х.Кемеңгеровтің, С.Сәдуақасовтың, Е.Омаровтың, Х.Болғанбаевтің, Ә.Ермековтің, М.Әуезовтің, К.Жәленовтің, Д.Әділевтің, А.Байтасовтың, М.Есполовтың, Д.Ысқақовтың, Ә.Байділдиннің т.б. жиыны 71 адамның үстінен жүргізілген тергеу істерінің негізінде патшалық отарлау мен жазалау саясатының заңды жалғасы ретінде қарастырып, шынайы ашып дәлелдеп берді. Өткен ғасырдың қырқыншы-елуінші жылдарындағы қысымның да астарлы себептерін әдебиетші барынша ашып көрсетті. Т.Жұртбай өзінің

«Ұраным – Алаш!..» атты 3 томдық (2008-2011) іргелі зерттеу еңбегі мен «Алаш ақиықтары» атты сирек деректер жинағының негізінде біртұтас алаш идеясының тұжырымдамасын жасады. Ғалым ретінде ғылымға қосқан негізгі үлесі осы Алаштану болып саналады.

«Отырар кітапханасы» Ғылыми орталығының директоры, филология ғылымының докторы, профессор Жұртбай Тұрсын Құдакелдіұлы – университет ұжымындағы оқу үрдісін үздіксіз әрі пәрменді түрде қамтамасыз ететін маңызды саланың басшысы және Еуразия ұлттық университеті жанындағы филология ғылымының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі (Д 14.31.03) диссертациялық кеңестің мүшесі ретінде (2001-2010) білім беру мен ғылыми зерттеу жұмыстарына белсенді түрде араласып жүрген республикаға танымал жетекші профессор.

«Көне түркі жазба ескерткіштері мен шығыс қолжазбалары Қазақстанның Тәуелсіздігінің рухани негізі» және «Көне түркі жазба ескерткіштері мен шығыс қолжазбалары – Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық идеясының рухани негізі» атты ғылыми жобаның нәтижелері шетел ғалымдарының да назарын аударды.

Профессор Т.Қ. Жұртбай еліміздің рухани-тарихи жазба мұраларын сақтау, сирек қолжазбалар мен кітаптарды жинау, жүйелеу және кеңінен пайдалану, қазақстандық тарихтану мен деректанудың ғылыми базасын дамыту және кеңейту мақсатында белсенді түрде еңбек етіп келеді. Оның көп жылдық ғылыми зерттеу еңбектері (31 әфсана мен монография) халқымыздың үш мың жылдық рухани тарихын қамтиды.

Ғылыми-ұйымдастырушылық қабілетінің нәтижесінде «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы, сондай-ақ «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы құрылды. Ғалым ғылыми зерттеу, ғылыми мәдени, ғылыми білім беру бағыттарын үйлестіретін жаңа үрдістегі ғылыми кітапхананың қалыптасуына негіз қалады. Ұлттық идеяның қалыптасуына белсене араласып келеді.

Профессор Т.Қ. Жұртбай Қазақстан Жазушылар одағының Ш.Құдайбердіұлы атындағы халықаралық «Алаш» және І.Жансүгіров атындағы әдеби сыйлықтардың лауреаты.

Халықаралық мәдени байланыстарды нығайтқаны үшін Пәкістан Республикасының (1996), ЮНЕСКО-ның (1997) Құрмет Грамотасымен марапатталған. ҚР ғылымына еңбек сіңірген қызметкер (2001).

Тұрсынқұдакелдіұлықоғамдықжұмыстармендебелсене араласты. 1987-1991 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының праволық комиссиясының төрағасы, 1991-1996 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының жанындағы сыншылар мен әдебиет зерттеушілері Ассоциациясының президенті, 1992-1997 жылдар аралығында М.О.Әуезов халықаралық қайырымдылық қорының президенті міндетін атқарды. 2001 жылдан Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жанындағы докторлық диссертация қорғау жөніндегі мамандандырылған ғылыми Кеңестің мүшесі.

Көркем шығармалары мен зерттеу еңбектері шет тіліне, ал «Мұхтар Омарханұлы Әуезов» өмірбаяндық-ғылыми очеркі ЮНЕСКО-ның ресми тілдеріне аударылып, таратылды.

Сонымен қатар Т.Жұртбай М.Икбал, Уль-Хасан Бадр, Я.Колас, Э.Межелайтис, С.Тогэ, Л.Шерали, В.Шефнер, Р.Рождественский, Н.Дамдинов, Пурэвсурен, С.Қапаев, У.Раджабтың өлеңдері мен Р.Брэдберид, Р.Жәлел, Қ.Жусубалиев, Ш.Шаваевтің шығармаларын қазақ тіліне аударған.

Ол Мәскеу, Санкт-Петербург, Киев, Одесса, Ташкент, Самархан, Баку, Бішкек, Станбол, Анкара, Ізмір, Тегеран, Каир, Александрия, Пекин, Хохот, Сиань, Үрімші, Ұланбатыр қалаларында өткен халықаралық ғылыми конференциялар мен симпозиумдарға қатысып, ғылыми баяндамалар жасады.

Ғалым, жазушы Т.Қ.Жұртбай қазір Александрия кітапханасынан кейінгі білім ордасы атанған «Отырар кітапханасын» қалпына келтіру мақсатында және қазіргі тәуелсіз Қазақстанның ұлттық идеологиясының қалыптасуына Алаш идеясының қажеттілігін өзінің басты кейіпкерлері Алаш қайраткерлеріндей дәлелдеп, азаматтық еңбек сіңіріп келеді.

ӘДЕБИЕТТАНУШЫ АСҚАР ЕГЕУБАЙ

Асқар Егеубай «Құлабыз: Поэтиканың тарихилығы» (2001) атты ғылыми зерттеуінде түркі әдеби мұраларының поэтикасын жүйелі зерделеп, ортақ құбылыстарды анықтаған. Аталған зерттеуде түркі әдебиеті тарихы мен теориясының көкейтесті мәселелері талданған. Әдебиетші ежелгі түркі дәстүріндегі әдебиеттің көркемдік жүйесін саралап, талдау арқылы қазіргі қазақ әдебиетінің поэтикалық заңдылықтарын анықтап береді. Нақты әдеби-мәтіндік салыстырулар арқылы поэтиканың тарихи эволюциясы сипатталған. Зерттеу келесі бөлімдерден тұрады: *«Поэтиканың тарихилығы. Көркемдік таным тіні; Көркем сөздің тарихилығы; Көркем сөздің тарихилығы; Ежелгі түрік әдеби мұраларындағы мифологиялық, фольклорлық сарындар; Тарихи, опонимикалық аңыздар, атаулар; Түркі баласының болмыс-сымбаты, кісілік келбеті (ежелгі түркі әдеби мұраларындағы қисындар); Түркі этнологиясы сипатының ежелгі әдеби ескерткіштеріндегі көрінісі мен кейбір шарттылықтары, ерекшеліктері; Көркемдік таным; Әдеби тіл құнары; Ежелгі түркі әдеби ескерткіштеріндегі дәстүрлі көркемдік заңдылықтар; Әдеби мұра табиғаты және көркемдік-эстетикалық таным. Құран және ежелгі түркі әдеби мұраларында ұшырасатын құран шарттары; Көркемдік-эстетикалық таным табиғаты; Парасат эстетикасы; Пайым эстетикасы; Қазақ тарихының қадым заманғы әдеби деректері; Көркемдік тыныс табиғаты. Әдеби-эстетикалық тағылым; Ұлттық әдебиет: тарихи сабақтастық. Рухани өркениет немесе ежелгі түркі әдебиетінің қазақ сөз өнеріндегі жаңғырту үрдісі және кейбір түркі тектес халықтар әдебиетімен байланыстылық, үндестік белгілері; Кейбір түркі тектес халықтар әдебиетімен байланыстылық, үндестік белгілері; Ежелгі түркі әдеби мұралары поэтикасының классикалық қазақ әдебиетінде (трансформациялануы) түлеп-түрленуі;*

Тарихи шындық пен көркемдік шындық. Әдеби әдеп. Түр мен мазмұн». Тәуелсіз кезде ғана іске асқан бұл зерттеудің негізгі теориялық тұжырымдары келесідей: «Кейінгі кезде қазақ әдебиетшілері де ежелгі түркі дәуіріндегі әдеби мұраларды қазіргі қазақ әдебиетінің де ертеректегі кезеңінің көрінісі ретінде атап, дәстүр мен жаңашылдық мәселесінде ықылымнан тартқан талдаулар жасай бастады.

Түркі дүниесінің тұтас елдік тарихы, түркі тектес, тілдес ұлыстар мен ұлттардың мәдениеті мен әдебиетінің жалпы тарихы мен теориясы адамзат тарихының үлкен шындығын ашары ақиқат.

Ежелгі түркі әдебиеті мен ұлттық қазақ әдебиетінің классикалық дәуірінің бірлігі мен даралық қасиеттерін зерделеп, зерттеу сол ортақ мүдденің көп қырлы тармақтарының бірі. Көне түркі рухани мұраларының поэтикасы мен қазақ ұлттық әдебиетінің арасындағы айырмашылықтар мен жалғастық һәм тұтастық, дәстүр мен жаңашылдық мәселелері де осы орайда өзектес желіде көрінеді.

Қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясында терең талданып қалыптаса қоймаған ғылыми тұжырымдардың бір парасы поэтиканың көркемдік мерзім санатындағы ерекшеліктеріне қатысты. Уақыт, мерзім, көркемдік мерзім ыңғайына көп бара бермейтініміз, солардың көбінесе философиялық ұғым санатында саналатындығынан болуы мүмкін. Әдебиеттің ежелгі дәуірі мен жаңа ағымдары арасындағы бірлік пен жаңашылдық мәселесінде көркемдік уақыт категориясының ерекше орны бар.

Ежелгі дәуір шығармаларында да осы айтулы тарихи оқиғалар мен құбылыстар басым көрінеді. Адамдардың іс-әрекеттері мен мінез-құлқы, құрал-жабдық, қару-жарақтары мен ой-толғамдары осы тарихи құбылыстар үстінде ашылып жатады. Психологиялық, көркемдік талдаулар мен толғаныстар осы тарихи оқиғалар ортасында танылады».

... Поэтика – шығарманың, тұтас бір әдеби кезеңдер мен құбылыстардың заңдылық шарттарын саралайтын кең ұғым. Ежелгі түркі әдебиеті кейінгі қырық тармақты

түркі тектес ұлттық әдебиеттердің өсіп-өнген топырағы.

Зерттеу жұмысында көне түркі мұралары мен классикалық қазақ әдебиеті арасындағы шығармашылық жалғастықтың табиғаты поэтиканың дәстүрлі заңдылықтары тұрғысынан қарастырылды. Шығармалардың көркемдік заңдылықтарын талдап, саралап зерделеу тарихи болмысымызға тұтастай эстетикалық таным мен талғам таразысынан қарап, тарихи шындықтардың терең сырларын пайымдауға көмектеседі.

Ғылыми зерттеу жұмысында ежелгі түркі әдеби мұраларының тарихи ерекшеліктері талданады. Олардың пайда болуының тарихи алғышарттарына болжам жасалып, эстетикалық мұраттары туралы талдауларға арнайы назар аударылды. Бірқатар ежелгі ірі мұралардың тарихи орыны мен мән-мағынасы, рухани даму жолындағы қызметі, көркемдік бітімдері сарапталды.

Сондай-ақ, ол шығармалардың тек өз дәуірі ғана емес, өзіне дейінгі һәм өзінен кейінгі тарихи кезеңдер аясындағы эстетикалық, шығармашылық, поэтикалық байланыстары нақтырақ талданған. Поэтиканың жаратылысы тарихи аспектіде қарастырылып, сонымен бірге қазақ ұлттық әдебиетінің заңдылықтарымен астастырыла отырып зерттеледі. Бұл сипаттағы талдаулар ана тілімізде алғаш рет қарастырылып отыр. Зерттеу жұмыстарының нәтижелері осы зерттеу аясында ғана шектеліп қалмайды. Ғылыми талдау жұмыстарымен бірге Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік», Махмұт Қашқаридың «Диуани-лұғат-ит-түрк» атты ежелгі түркі әдеби мұраларының толық мәтіндері біздің тарапымыздан тұңғыш рет қазақ тіліне аударылып, зерттелді. Монографиялар, талдау еңбектер жазумен қатар, басқа да әдеби мұралармен салыстырылған.

Жалпы түркі өркениеті аясында әдебиеттің даму ерекшеліктеріне, өзіндік заңдылықтарына назар аударылған. Ежелгі түркі ренессансы орайында (әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари, т.б.) талдаулармен қатар, түркі әдебиеті мен мәдениеті ұлттық әдебиеттерге жіктеле бастаған тұстағы классикалық қазақ әдеби туындыларына салыстырмалы талдау жасалған.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы «жыраулар поэзиясы» деген атпен мәлім XIV-XVII ғасырлар аралығындағы ақын-жыраулар шығармалары арқылы басымырақ байқалған рухани жігерлі, құбылысты кезең қайта жаңғыру алдындағы кезең ретінде қарастырылған. Бұл әдеби-көркемдік құбылыс тек жыраулар поэзиясымен шектеліп қалмағаны белгілі. Сол тұстағы жыр, дастандар, назирашылдық дәстүрінің қалыптаса бастауы, басқа да толып жатқан нақтылы зерттеу тақырыбының ауқымына кірмейтін көркемдік, рухани даму үрдістерінің түйінді құбылыстары назарда болатыны анық. Исі түркі әдебиеттерінде байқалған, ал соның бір күретамыры қазақ әдебиетінде тегеуірінді ағындылық танытқан жыраулар поэзиясы шынында да қайта рухани жаңғыру заңдылықтарын жеткілікті көрсеткен.

Дәуірлеу мәселесіне қатысты ғалымның келесі пікірі де құнды болып табылады: «Рухани дамудың бұл іргелі үрдісі XVIII-XIX-XX ғасырлар табалдырығында кенет үзілді де, дамудың өрлеу бағыты көлбеу сызыққа ауысты. Бұдан кейінгі тарихи кезеңдер шындығы қазақ ұлттық әдебиеті мен рухани дүниесінің, сонымен бірге Ресей ықпалына шырмалған басқа да ұсақ ұлттар әдебиетінің даму бағытын өзгеше арналарға бұрды. Ол кезеңнің жақсылығы мен кемшілігі басқа әңгіменің желісі.

Екіншіден, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, тағы басқа бірнеше ежелгі дәуір ойшылдарының шығармашылық келбеттері сараланып, шығармалары салыстырмалы талданған. Қазақ әдебиетінің көркемдік-рухани бастау арналары түркі, шығыс мифологияларынан тамыр тартады. Ғұндар заманының тарихи шындықтарынан туындаған ержүректілік рухы басым ежелгі тарихи дастандар мен аңыздардың рухының да бертінгі түркітілдес ұлттық әдебиеттің батырлық эпостарында жаңғырып оянғандығын, оның өзі тұтас та кең ауқымдағы құбылыс болғандығын поэтикалық заңдылықтың диалектикалық шарты ретінде алынған.

Үшіншіден, поэтиканың тарихилығы мәселесінде қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірлеріндегі, кейінгі ұлттық әдеби үрдістер кезіндегі көркемдік-эстетикалық

зандылықтарды тереңдете, өзіміз аударып зерттеген мұралар мәтініне сүйеніп, нақтылық сипатта айқындалған. Поэтикалық айшықтардың, троптар мен метафора секілді көркемдік тәсілдердің ежелгі мұралардағы үлгілері мен жаңа қазақ әдебиеті нұсқаларындағы құбылуы (трансформациялануы) үрдісіне арнайы тоқталдық. Ежелгі әдеби мұраларда байқалған көркемдік, жанрлық бітімдердің даму, өрбу табиғатын саралау, немесе кейінгі әдебиеттерде жоғалып, я жаңғырып соны қырынан көрініс беруі барынша күрделі де қызғылықты мәселе.

Төртіншіден, көне түркі тіліндегі мұраларды қазіргі түбі бір тектес тілдерге аударудың өзіндік ерекшеліктері жайында тәжірибеден түйген ғылыми тұжырымдарды ортаға салдық. Сонымен аударманың осындай өзгеше түрінің ішкі қалтарыстары мен ғылыми-әдістемелік құпияларына қатысты көзқарасымызды жүйелеп ұсындық.

Бесіншіден, ежелгі түркі әдебиетіндегі поэтикалық күретамырдың қазақ әдебиетінің классикалық дәуірі, жыраулар поэзиясы арасындағы дәстүр жалғастығы мен жаңашылдығына қатысты асыл арқау екендігіне талдаулар жасалды. Аталмыш мәселені 1989 жылы Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік (XI ғ.)» дастанының идеялық-көркемдік ерекшеліктері және оның классикалық қазақ әдебиетінің қалыптасуына ықпалы (Дәстүр, поэтика және аударма мәселелері)» деген тақырыпта жазып, қорғаған кандидаттық диссертациямызда да арнайы зерделеген едік. Бұл жолы сол пайымдауларды байыптап, ғылыми мәселені ауқымы жағынан тереңдетіп, жаңа байламдармен байыта түстік.

Алтыншыдан, әдебиетіміздің ежелгі дәуірлерінен бері қалыптасып, белгілі бір жанрлық түзілімдерге айналған ақылман-дидактикалық шығармалардың қазіргі заманға дейін жалғасқан дәстүрлі арналары түрлі шығармаларды талдай отырып сипатталды. Сол секілді батырлық, тарихи жырлар мен ғылыми-білімдарлық туындылар табиғаты да назардан тыс қалған жоқ.

Мақал-мәтелдер, даналық сөздер, қанатты сөздер, идиомдар өздерінің тұрақты құрылымдарымен ұзақ сақталып, табиғи бітімін жоғалтпайтынын танытады.

Ондай даналық сөздер мен мақал-мәтелдер Х-ХІ ғасырларға дейін кеңінен мәлім болған. Жүсіп Баласағұн мен Махмұт Қашқаридың ел ішіндегі даналық сөздер мен мақал-мәтелдерді молынан пайдаланғанын ашық жазуының өзі-ақ олардың ықылым замандардан өшпей сақталып келе жатқандығын білдіреді.

Сонымен, қорыта келгенде, айтарымыз, ежелгі көне түркі әдеби мұралары кейінгі, орта ғасырдың соңын ала тарамдалып тамыр тартқан түркі тілдес ұлттық әдебиеттердің өсіп-өнген құнарлы топырағы. Әсіресе, Ж.Баласағұн мен Махмұт Қашқари мұраларының орны ерекше маңызды» [1. 195-200].

Аталған зерттеуде әдебиетші А.Егеубаев А.Байтұрсынұлының теориясын орынды қолданған. Ежелгі әдеби мұраға қатысты келтірілген келесі теориялық тұжырым қазіргі әдебиеттануға қосылған қомақты үлес болып табылады: «Тіл (лұғат) әуезділігі, өлең ағындары (А.Байтұрсынұлының термин танымы) орайында да ежелгі мұралар мен классикалық қазақ әдеби шығармаларының арасындағы ұластықты аңғару қиын емес. Нақтырақ үнілсек, сөз әуезділігі, сөйлеу әуезділігі деп қарау дұрысырақ. Бертін келе бұл қара сөзде недәуір бұзылып, өлеңді сөзде көбірек сақталып қалған. Өлгі «өлеңді сөйлем интонациясы» деп бөле-жара атап-түстейтіндігіміз де сондықтан.

Мәселен: «Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз, Кісі көркі – жүз, жүздің көркі – көз (Ж.Баласағұн «Құтты білік», 274-бәйіт).

Қазіргі қазақ өлеңінен айырмасы жоқ. Түпнұсқада да – осы рет, осы синтаксистік құрылым, поэтикалық бітім. «Қыз ләззәті – неке қиған түндері, Ер ләззәті – жау қайырған күндері!.. (2380-бәйіт). Немесе: «Қарысқанда керек ірбіз білегі, Жауласқанда – арыстанның жүрегі! (2310-бәйіт). Бұлар түпнұсқасында да, аудармасында да өлеңді әуезін бұзбаған бәйіттер.

Шендестіру («Әдебиет танытқыш») ұғымын көпке дейін қазақ әдебиетшілері біресе «контраст» деп, біресе қарама-қайшы баламалар арқылы көркемдік әсерді үдету деп, тағысын-тағы мағыналық жағынан түсіндіре

қолданып жүрді. Осы шендестіру жалпы ежелгі түркі әдебиетінің дәстүрлі көрінісі. «Құтадғу білікте» ұғымдар мен ой, өмір, таным бәрі-бәрі осы шендестіру жолымен ширатылып, толымды шыққан. Ол дүние мен бұл дүние, күн мен түн, қылыш пен қалам, надандық пен парасат, жақсылық пен жамандық, қыс пен жаз, ер мен ез, бай мен шығай, зұлымдық пен адалдық... Ежелгі замандарда да, қазір де тұрмыс-тіршілікте кездесетін сипаттар. Зандылықтар. Соның бәрі де дастанның тұла бойында шендестіру арқылы көзге ілініп, көңілден кетпестей түйінделген.

Ұғымдарды, суреттерді, теңеулерді шендестіре, кейде тіпті шарпыстыра қолдану Жүсіп Баласағұнның шебер қолданатын машықты көркемдік әдісі: «Жақсы атты ер, білсең алғыс алады. Жаман атты өлсе, қарғыс табады (246-бәйіт). «Ақылды-есті – кісілердің кісісі, Білімділер – кісілердің кішісі (2873-бәйіт). «Көп сөйлесең «Езбесің» деп, жек көрер. Сөйлемесең «Мылқау екен» деп сөгер (174-бәйіт).

Кейде шендестіру қазіргі поэзиямызда көрінгендей сипатта кездеспегенмен мағыналық шарпыстыру жиі. Мәселен: «Қыс пенен Жаз жанасты. Қыңыр көзбен қарасты, Ұстасқалы тақасты. Ұтыспаққа беттесті... (12, 202 б.).

Шендестіруге мысалдың бірінде Ахмет Байтұрсынұлына сілтеме берілген: «Ер Тарғындағы» Ақжүністің Қартқожаққа әуелі жастықтағы күйін айтып келіп, сонан соң барып қартайғандағы күйін айтуын ақындықтың әдісі ретінде келтірген. «Бес жасында Қартқожақ, жас шыбықтай жай тарттың» – деп басталатын бұл толғауда Ақжүніс Қартқожақтың «Жиырма беске...» «Отыз беске...», «Қырық бес жасқа...», «Елу беске...», «Алпыс беске...» келгендегі жай-күйін термелейді. Орхон-Енисей жазбаларындағы, Жүсіп Баласағұн дастанындағы, қазақ ақын-жазушыларының шығармаларындағы дәстүрлі қисындар».

А.Егеубайдың келесі тұжырымының да ғылыми негізі ерекше: «Бейнелеу тәсілдеріне келгенде дәстүрлі теңеу, баламалау, алмастыру секілді үлгілер жиі. «Алып Ер

Тоңға», «Жаман дүние», «Ұзақ шөл, ұлы қыр», «Көркем тон», «Тәтті ас» (М.Қашқари) сынды түзілімдер түрі күні бүгінге дейін әдеби шығармалардан бастап ауызекі сөзге дейін жиі кездеседі. Күрделі теңеу, өрнектілік (троптар) түйдек-түйдегімен үдете қолданылады. Мысалы: «Тартар мені құмар көз, Қара менді қызыл жүз. Одан түгел нұр тamar, Арбар, қайта қашар ол».

Немесе: «Құман басы қаздайын, Сағадан толы көздейін, Қайғыны терең көмейін, Сүйінейін күні-түн» (12,6.88,130).

«Құмар көз», «Қара менді қызыл жүз» де дәстүрлі поэтикалық өрнектерден тыс, жеке адамның көркемдік көзқарас, талғамынан туған суреттер. Құманның мойнын қазға теңеу, әрі сол құманның мөлтілдеп жас толған көз секілді екендігін білдіру, қайғыны көму, күні-түні сүйіну таза поэзия нәштері. Бұл мысалдар ежелгі түркі жазба мұраларының үлгі, канондарының ортасынан өзгеше көрініп, жеке адам жан-дүниесін жеткізуге бейім тұрған жаңа әдебиеттің қайсыбір ілкі сәттегі деректері.

Тегі бір әдебиеттер, тамыры тұтас мәдениеттер десек те, әр кезеңнің өз сипаты да болатыны сөзсіз. Мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер мен идиомдар, метафора, теңеулердің өзінен байқалатын екі-үш түрлі ерекшелікті атап айтар едік. Олардың ішінде ежелгі замандарда да қолданылған, қазіргі жаңа ұлттық әдебиетте де орнын, қолданылу аясын жоғалтпағандары бар. Шығарма авторының жеке шығармашылық қабілетінен туындағандары бар. Ұтқыр, тұрақты метафора, теңеулердің ғасырлар бойына қолданыла-қолданыла семиотикалық таңбаға айналып кеткендері де кездеседі. Жанрлық жаратылысы, жалпы поэтикасы дегенге келсек, «Құтадғу білік», «Диуани-лұғат-ит-түрк», «Диуани хикмет», «Хибатул-хакайық», «Бабырнама» белгілі бір әдеби канондарды ұстанады. Кей-кейде, жазушы адамның жеке-дара қабілет-қарымының сол әдеби-танымдық дәстүрге, кітап жазудың белгілі бір шарттарына бағыныштылығы да байқалатындай. Қай кітапта да міндетті дәстүрлі тақырыптардың қозғалмай қалмайтыны, кісілік, біліктілік һәм ақлиқат орайында гадатты толғамдардың әртүрлі деңгейде болса да

қайталанып келіп отыруы, сөз өрнектілігі мен теңеулердегі көркемдік шарттылықтар осыны мегзейді. Әсіресе, Абай тұсында бетін айқындай түскен жаңа ұлттық қазақ әдебиеті осы сипаттармен бірге жеке қаламгер, данагөй жазушы тұлғасының жеке-дара шығармашылық, дарын қасиеттерін қосты».

Ғалым осы ретте теориялық нақтылықты ұстанғанын айқын: «Қарахандар дәуірінде сақталып, бізге жеткен мұралардың қаншама жоғары жазу мәдениетін білдірсе де, сол замандағы өркениет мәуесі ретінде өзгеше үздік бітімді болса да кітабилықтың, дәстүрліліктің, әлдебір әмбебап «академиялықтың» жақсы белгілерін танытады. Орхон-Енисей жазуларындағы, ХІҮ-ХҮІІІ ғасырлар жырауларындағы, фольклордағы тегеурінді тебіреністерден де осы сипаттары даралап тұр. Бұл жерде, әдеби жаратылысы мен поэтикасындағы ішкі тектестікті де мансұқ ету мүмкін емес.

Ежелгі түркі әдеби мұралары мен жаңа ұлттық әдебиеттердегі поэтикалық ортақ заңдылықтары, поэтиканың тарихилығы жаратылысының біртектілігінен туындайтыны күмән туғызбаса керек. Поэтиканың тарихилығы, генезисі мен трансформациясы мәселелері оны барынша айқын білдірді. Ежелгі дәуір мұраларының поэтикасындағы шарттылықтар, ерекшеліктер ұлттық әдебиетте көрініс тауып, белгілі бір дәрежеде өрбіп, дамып жатса ол да бірді-екілі шығармалар арасындағы байланыстылық емес, тұтас бір әдебиеттің әр кезендердегі шығармашылық ерекшеліктері» [182-185].

Асқар Егеубайдың бұл зерттеуінің теориялық деңгейі ерекше болғандықтан қазіргі әдебиеттануға қосылған нақты үлес. Ежелгі түркі әдеби мұрасын тура осылай нақты теориялық талдаулар арқылы саралап шығу зерттеудің негізгі ғылыми жаңалығы болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Егеубаев Асқар. Құлабыз: Монография. – Алматы: Жазушы, 2001. – 216 бет.

ӘДЕБИЕТТАНУШЫ БЕКЕН ЫБЫРАЙЫМ

Бекен Ыбырайымның «Сырлы әлем» (1997) атты жарық көрген ғылыми еңбегінде балалар прозасының зерттелу ерекшеліктері қарастырылған. Аталған еңбекте қазақ әдебиетіндегі балалар прозасының даму жолдары, қыры мен сыры бүгінгі әдебиеттанулық тұрғыдан сараланған. Автор бұл еңбектің ішкі құрылымын III бөлімге бөлген.

I-бөлімде қазақ прозасындағы балалар әңгімелеріне байланысты талдаулар мен пайымдаулар, эстетикалық ой-тұжырымдар жасайды. Бұл бөлімді 2 тараушаға топтастырған. 1. Көркемдік байыптау; 2. Көркемдік ой-рухани өрлеу өрнегі.

II-бөлімде автор қазақ балалар повесінің ішкі иірімдеріне көңіл бөлген. Бұл бөлімде зерттеуші Б.Ыбырайым балалар повесінің көркемдік тәсілдерін, бағыт-бағдарын сөз ете келе «Образ және көркемдік шындық» және «Адамгершілік мұраттың эстетикалық тұрғыдан бейнеленуі» деген тараушаларда көркем әдебиеттегі адамзаттық құндылықтардың балалар өміріне қалай әсер еткені ғылыми зерттеулермен байыптаған.

Зерттеуші III-бөлімде «Заман», «Қоғам», «Бала» мәселелеріне баса назар аударып, тараушаларды «Ғылыми-техникалық өрлеу және көркемдік қабылдау» және «Ұлттық әдебиет және әлемдік рухани даму» деп бөлген.

«Сырлы әлем» кітабында балалар прозасының көркемдік ерекшеліктері, оған қойылатын қазіргі талаптармен қатар ұлттық дәстүрге, имандылыққа шақыру сөз болған. Ғалым балалар әдебиеті мен ересектер әдебиетінің өзіндік ерекшеліктерін мынадай ойлармен парықтайды: «Өмір шындығын көркем кестелеу немесе

көркемдік шындыққа айналдыру ересектер әдебиетінде түрлі тұрғыдан жүзеге асатыны мәлім. Ал балалар әдебиетінде бұл принцип, біздіңше, бөлекше болуға тиіс. Өйткені бала қаншама сезімтал, әсерленгіш, қаншама зерделі болғанымен, өмірлік тәжірибенің аздығы, білім-білік деңгейінің төмендігіне байланысты сыни қабылдау, таразылау қабілеті ересектерден кем соғатыны, соның салдарынан көркем шығарманың эстетикалық әлемін түйсінгенімен идеялық сыр-сипатын, концептуалдық әлемін толық байыптай алмайтыны түсінікті. Сол себепті көркемдік шындықты «мызғымас», ақиқат әлем ретінде қабылдауға бейім. Әдебиеттің, әсіресе, балалар үшін тәлім-тәрбиелік маңызы айрықшалығы, қуаттылығы балалардың көркемдік қабылдауындағы осындай ерекшеліктерге байланысты. Сондықтан өмір шындығы балалар әдебиетінде қай тұрғыдан суреттелуге тиіс және суреттелуде деген мәселенің практикалық мәні үлкен»¹.

Бекен Ыбырайым – балалар әдебиетін алғаш әдебиеттануда қарастырған, оның құндылықтары мен маңыздылығын айқындаған ғалымдардың бірі.

Б.Ыбырайым «Отызыншы жылдардағы қазақ поэзиясы» (2001) атты оқу құралында қазақ ақындарының рухани биіктігін, адамдық тектілігін, өлең өріміндегі шынайылығын айқындайды. Совет кезінде айтылмаған шындықтардың бетін ашады.

Әдебиетші Б.Ыбырайым «Қазақ әдебиеті» (2007) атты 11-сынып оқушыларына арналған оқулықтың құрастырушысы. Аталған оқу құралында ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі тұлғалардың өмірі мен шығармашылығы жинақталған. Бұл оқулық қазіргі қазақ оқушылары үшін таптырмас мұра.

Қазақ поэзия шыңында ізгілікті із қалдырған ақындардың бірі Қасым Аманжоловтың өлеңдері қазіргі қазақ әдебиеттануында ерекше орын алады. Ақын шығармаларын зерттеуге әдебиетші Б.Ыбырайым да ат салысты. Автордың «Қасым Аманжолов» (2007) атты оқу құралы Тәуелсіздік кезеңдегі қазақ әдебиеттануына

¹ Ыбырайым Б. Сырлы өлем. (Қазіргі қазақ балалар прозасы). – Алматы: Ана тілі, 1997. 78-79 б.б.

қосылған зор үлес. Зерттеуші аталған еңбегінде Қ.Аманжоловтың поэзиясындағы дәстүршілдік, ұлттық ерекшеліктерді айқындай келе Абай өлеңдерімен сабақтастығын көрсетеді. Қ.Аманжоловтың өлеңдері Абай өлеңдерінен нәр алғанын зерттеуші былай тұжырымдайды: «Бала кезінен халықтың ән-жырынан, бай фольклоры мен ауыз әдебиеті шығармаларынан сусындап өскен Қасымның хат танығаннан кейін поэзия алыптарының шығармаларын зер сала оқығаны, олардың творчествосынан нәр алғаны анық. Бұл ретте алдында өткен айтулы ақындар поэзиясының ықпалы айқын байқалады. Мәселен, ««Сұлудың сымбатынан» (Орал, 1935) Абайдың «Қақтаған ақ күмістей кең мандайлы» өлеңінің ізі көрінеді. «Қара көз, қиылған қас, жазық мандай, Алма бет, ақша жүзі нұр тамғандай. Қыр мұрын, оймақ ерін, меруерт тіс, Бейне мақпал қызыл тіл шекер балдай. Төгілер иығына қара шашы, Жібектей жүз құлпырған дамыл алмай» (Қасым Аманжолов. Шығармаларының толық жинағы. Үш томдық. Алматы, 1955. 1-том. 167-бет)» немесе «Шықтым өмір шыңына» (аяғы жоқ) өлеңін оқығанда, Абайдың әйгілі «Сегіз аяқ» үлгісі алдан шығады. «Қырандай өрлеп, Құлаштай сермеп, Шықтым өмір шыңына! Қиырды болжап, Тереңнен толғап, Қандым өмір сырына! Көпті көрдім, көп білдім, Жүзінен өттім өткірдің...».

Немесе «Біз кім?» деген әзіл өлеңіндегі: «Осымыз да япырм-ау дұрыс боп па? Көңіл тежер уақытымыз жеткен жоқ па? Желігуден жалықты жаным менің, Сап-сап көңілім, лепірме, тоқта-тоқта!» – деген шумақта Абайдың «Сап, сап көңілімдегі» сабырға шақыру, өзіне өзі сын көзбен қарау талабына еліктеу сезіледі»².

Ғалымның ғылыми тілі анық және нақтылығымен ерекшеленген. Бұған дәлел соңғы жылдардағы жамбылтану саласындағы зерттеулері. Басқа әдебиеттанушылардан Б.Ыбырайым зерттеулерінде аналитикалық талдаулар басым екені айқын.

² Ыбырайым Б. Қасым Аманжолов. Оқу құралы. – Павлодар: ПМПИ, 2007. 6 б.

ШЫНАЙЫ ҒЫЛЫМ ІЗДЕП ЖҮРГЕНДЕРДІ ҚАЗІРГІ КЕЗДІҢ ДОН КИХОТТАРЫ ДЕУГЕ БОЛАДЫ

– «Әдебиет және өнер институты тек фольклормен айналысып, бүгінгі заманның өнері мен әдебиетіне, оның сынына араласа алмай отыр» деген пікірді ақын-жазушылардың аузынан жиі естіміз. Жыл сайын қаншама әдеби кітап шығады. Соны зерделеп, әдеби сынға араласып отыру – әдебиеттанушылардың бір міндетіне кіруі тиіс емес пе? Бұл тұрғыда Әдебиет институты және өзіңіз не тындырудасыз?

Тәуелсіздік алғаннан кейін әдебиеттану ғылымына совет кезінде тыйым салынып келген ақтандақтар қайта оралды. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабай, С.Асфендияров, М.Тынышбаев зерттеулеріндегі Алаш ғылымы қазақ әдебиеті «младописьменный», тек «Совет кезінде ғана туды» деген жалған және соцреалистік пікірдің де жалған екені 1991 жылдан бері теріске шықты.

Әдебиеттану ғылымы ата-бабамыздың ғибратты асыл сөзін таныту тарихын осы кезде ғана өз ретіне келтіріп, қайта зерттей бастады. Соңғы жылдары Елбасының арнайы тапсырмасымен «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында 100 томдық «Бабалар сөзі» жарық көрді. Қазақтың сан ғасырлық асыл сөз үлгілері тұңғыш рет қазіргі қазақ тілінде жарияланып, электронды версиясымен келешек ұрпаққа ұсынылды. Репрессияға ұшыраған Алаш ғалымдарының зерттеулері мен шығармалары қазіргі қазақ тілінде қайта басылды. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты осындай істердің басында болды.

Қазіргі жазушылардың сауалда қойылған назы да орынды. Институтта 12 ғылыми жоба іске асты, соның кеуі ғана «Бабалар сөзі» және ауыз әдебиетімен

айналысса, қалған жобалар аясында қазіргі заман әдебиеті зерттелінеді.

Өткенімізді түгендеп алу үшін бабалардың ақыл-парасат мұрасы қазіргі бізге ғана емес, әлемге өзімізді таныту үшін де керек. Тәуелсіз кездегі ғылымның ата-баба аманатын айқындап алу қажеттілігі осылай туды. Қазақ қандай ел? деген сауалға жауап іздеген жат жұрт біздің асыл сөз тарихымыз он ғасырды қамтығанын ескеретін болады.

Өзім меңгерушісі болып отырған «Әдебиет теориясы» бөлімі «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы (1-том – XX ғасыр, 2008) 2-том – Тәуелсіздік кезеңі (2009)» атты жобаны бітірді. «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихының» 1-томында келесі мәселелер зерттелді: Қазақ әдебиеті туралы ғылым қашан басталды? Оның арғы бастаулары қандай? Кәсіби әдебиеттану қашан қалыптасты? Алаш әдебиеттануы ғылымға не қосты? Совет әдебиеттануы қалай дамыды? Бұл кезде неге Абайды зерттеуге тыйым салынып, не насихатталды? Бұл мәселелер келесі ретпен қарастырылды: «Ежелгі дәуірдегі әдеби таным арналары (VI-XIV); Қазақ әдебиеттану ғылымының бастауы (Шоқан Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы); Кәсіби қазақ әдебиеттануының қалыптасуы (1900-1932)». Осыны дәлелдеп тұрған Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгер, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабай, М.Дулатұлы, Р.Мәрсеков, Ы.Мұстамбайұлы, С.Торайғырұлы, І.Жансүгіров, Б.Майлин, М.Әуезов, С.Сейфуллиннің әдебиеттанушылық зерттеулері қайта сараланды. Мәселе тек мазмұндап шығу емес, қазіргі ғылым талаптары тұрғысынан ұлттық ілімнің қажет екенін айғақтап алу. Осы тұрғыдан алғанда біз Кеңес кезімен шектеліп жүрген әдебиеттің қай саласын алсақ та, оның бастауы Алаш ғылымында екенін анықтадық. Абайтануды біз М.О.Әуезовтен бастап келсек, оның басында К.Ысқақұлы мен Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, Қ.Кемеңгер, С.Торайғырұлы, І.Жансүгірұлы, Р.Мәрсеқұлы мен Ы.Мұстамбайұлы тұрғаны осылай айғақтала түсті (1905). «Алланың өзі де

рас, сөзі де рас», «Әуелі аят, хадис сөздің басы» деген Абайдың асыл сөзге қойған талаптарын Алаш тұлғалары іскі асырды. Олар Абайдың бұл ойын ХХ ғасыр басында жаңаша дамытты. Олар «Отанды сүю – иманнан» атты қағидасын «Оян, қазақ!» ұранымен еңбектерінде анықтады.

Қазақ әдебиет теориясы тек совет кезінде қалыптасты деп жүрдік. Бұл да жалған пікір екен. 1926 жылы жарық көрген А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» қазақ сөз өнерінің қайсысы асыл екенін ажыратып бергенімен ғана емес, әдебиет «асыл сөз – адамның жан қоштау қажетінен» туған ілім ретінде теориялық тұрғыда дәлелденіп берілгенімен құнды. Шынайы асыл сөзді тану үшін оның негізгі шарттары да осы ретте келтірілген.

«Совет дәуіріндегі қазақ әдебиеттануының дамуы (1932-1956)» кітаптың негізгі бөлімі болды. 1957-1991 жылдардағы қазақ совет әдебиеттануы да арнайы зерттелді. «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (Тәуелсіздік кезеңі, 2009) атты 2-томда қазіргі 1991 жылдан бергі қазақ әдебиеттану ғылымының негізгі бағыттары зерттелді. Бұл келесі тараулардан тұрады: «Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттанудың теориялық мәселелері. Ежелгі әдебиет үлгілерінің қазіргі зерттелуі; Тәуелсіздік кезеңіндегі абайтану; Қазіргі кезеңдегі әдебиет тарихы мен әдебиеттануының теориялық мәселелері; Қазақ әдебиеттануының зерттелуі; Әдеби байланыстардың теориялық негізі; Бүгінгі постмодернистік зерттеулер; «Әдебиет танытқыштың» қазіргі әдебиеттану ғылымындағы орны. Теориялық аспект; Қазіргі әдебиеттану ғылымындағы структуралистік, герменевтикалық және семиотикалық зерттеу тәсілдері; Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеті тарихын жаңаша жазу. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдеби-теориялық байланыстар; Тәуелсіздік кезеңіндегі әдеби сын. Халықаралық ғылыми-теориялық конференциялардағы қазіргі әдебиеттану».

Институттың ғылыми кеңесінің шешімі І-том ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануын тек Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы және С.Сейфуллин шығармашылығымен шектеуді ұйғарды. Бұл кезеңге сай аталған жобаға енбей

қалған зерттеу мәтіндерін «Алаш әдебиеттануы» деп бөліп алып 2009 жылы осы атаумен жеке монографиямды жариялауға мәжбүр болдым. Бұл кітаптың жарыққа шығуына демеушілік жасаған азаматтарға Алла разы болғай!

Мұншама ұлттық рух пен тәуелсіздікті аңсаған деп Алаш ғылымын аттап кету оң болмас еді. Бұл ғылымның басты шарты әдебиет – асыл сөз Отанды сүйоге, Отанды қорғауға, Отан деген киелі ұғым төңірегінде бірігуге шақыратын ілім делінген. Сондықтан институт жобасына енбей қалған зерттеу жеке монографияға арқау болды. «Қазақ әдебиеттануының бастау көздері» тарауда әл-Фараби, Абай, Ыбырай, Шоқан еңбектері әдебиет туралы ғылымға қосқан үлестері тұрғысынан сараланды.

«XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануының кәсіби қалыптасу кезеңі (1905-1930)» бөлімінде А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедұлы, С.Сәдуақасұлы, М.Жұмабай, Қ.Кемелгерұлылардан басталатын Алаш әдебиеттануының негізгі зерттеулері қарастырылды. Монография соңы «Алаш абайтануы» деген тараумен түйінделген. Х.Досмұхамедұлы сонау 1928 жылы «Аламан» атты ғылыми-зерттеуінде «Отан сезімі, мемлекет сезімі кем, менмендік сезімі күйлі құлықты аламандық дейміз» деп ғалым мұндайдан аулақ болуға шақырады. Әдебиет негізгі міндеті – «Отан бірлігі, Отан намысы, Отанды сақтау сезімдері екенін Алаш әдебиетшілері бізге осылай аманат етіп кетті.

Абайша әдебиет – Отанды иманмен сүюдің үлгісі. «Отан бірлігі, Отан сүю сезімі, әлеуметшілік міндеті секілді бүтін мемлекетке керек сезімдерді, менмендік, бәсекелестік, ерегіс басып кетпесін» дейді Алаш ғалымы Х.Досмұхамедұлы.

– Қазақтың көркем сөзді қастерлеген ата-баба сөзі қашаннан басталады? Алаш әдебиеттануы деген ұғым қашан қалыптасты? Алаш ғалымдары ғылымға қандай үлес қосты? Тәуелсіздік кезеңінің қазіргі ғылымына Алаш ғылыми мұрасы несімен қажетті болып табылуда? Кітап осы сауалдарға да жауап бере ме?

– Кітапта қазақ көркем сөзінің көрнекті өкілдерінің әр бірінің ғылыми шығармашылық тұлғасы бүгінгі ХХІ ғасырдағы әдебиеттанулық талаптар тұрғысынан сараланған. Сонымен қатар А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедұлы, С.Сәдуақасұлы, М.Жұмабаев, Қ.Кемеңгерұлынан басталатын Алаш әдебиеттануының шынайы келбеті әл-Фараби, Абай, Ыбырай, Шоканнан таратылып, ұлтәдебиетінің тарихи негізі ажырамас бірлікте жүйеленген. Кітаптағы әрбір алаш әдебиеттанушының қазақ әдебиетіндегі көркемсөз күдіретін зерттеуге қосқан үлесі ғылыми, әдеби-теориялық ой-тұжырымдары жан-жақты тұңғыш рет айқындалған. Асыл сөздің басты міндетін айғақтап, оны іс жүзінде қазақ тілінде көрсетіп берген де осы Алаш әдебиеттанушылары екені нақты, ғылыми дәйектер мен тұжырымдар арқылы хрестоматиялық тұрғыда осы кітапта дәлелденген.

А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» (1926), М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927), Х.Досмұхамедұлының «Қазақ халық әдебиеті» (1928) атты зерттеулері қазақ әдебиетінің тарихын, теориялық негіздерін сонау ХХ ғасырдың басында қалыптастырған. А.Байтұрсынұлы – қазақ тіліндегі пән сөздерін анықтап берген ғалым. Совет әдебиеттануы осы үш кітапсыз күн кешкені сол ғылымның дәрежесін аңғартады. Осының нәтижесінде, біз «Әдебиетіміз қашан туған? Қалай қалыптасқан? Келешегіміз қандай?» деген сауалға жауап бере алмай, он ғасырлық көркем сөзі бар әдебиетті «младописьменный» деп, тек совет кезімен шектеліп келіппіз.

Әдебиет теориясы жоқ халық болып саналдық. Қазақ тілі мен әдебиеттануының біз бүгін қазақша пайдаланып келе жатқан ең негізгі теориялық пән сөздерді: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, шылау, одағай, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыштарды, т.б. А.Байтұрсынұлы анықтап бергені де осы ретте нақтыланған. Аталған үш кітап керісінше, ұлттың көркем сөз тарихын атам заманнан бастап, дүниежүзі әдебиеті төңірегінде қазақтың асыл сөзінің ерекшеліктерін баяғыда жан-жақты қарастырып беріпті.

– «Әдебиет танытқыш» деген атауда тұрған «әдебиет» деген не, оны не үшін «таныту» керек деген екі сөзде тұрған жауап – біздің бүгінгі әдебиеттанудың анықтап айта алмай келе жатқан күрделі ғылыми танымдық мәселесі емес пе?

– Қазақ халқының он ғасырлық асыл сөзі кімге қажет? Сөздің асыл болуы несімен? Әдебиеттің негізгі міндеті неде? Көркем сөздің басқадан айырмашылығы қандай? Бүгін әдебиет қажет пе? Осы сауалдардың бәріне «Әдебиет танытқышта» нақты жауаптар берілген.

Қазақ неге «сөз сүйектен өтеді» деген? «Өнердің ең алды – сөз өнері» деп саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз қадірін білгендіктен айтқан», – дейді А.Байтұрсынұлы. Себебі әдебиеттанушының айтуы бойынша, сөз өнері «адамның жан қоштау керегінен шыққан». Адам жанына иманды ілім қажет екенін Абай анықтап берген.

Қазақ сөз өнерінің он ғасырлық мұрасының басты құндылығы және ескірмеуінің сыры – бұл асыл сөздің Абай сияқты «хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалыбында жазғаны». Сондықтан А.Байтұрсынұлы Абайды «Қазақтың Бас ақыны» деген.

Ұлт ұстазы атанған А.Байтұрсынұлының бай шығармалары туралы айтқан сөздері бүгінгі абайтанудың негізгі тұжырымы болып табылады: «Сөзі аз, мағынасы көп, терең... Не нәрсе жайынан жазса да, Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды сынамайды. Қазақ әдебиетінің көркем, асыл сөзінің он ғасыр тарихы бар екені бүгінде ғылыми дәлелденген тұжырым. Аталған көркем сөз шын мағынасындағы ұлттық рухани құндылықтардың әдеби шежіресі болып табылады. «Халықтың құлқы, мінезі, ойы заманындағы әдебиетінен білінеді. Әдебиет – халықтың түрлі қимылдарының айнасы» – дейді бірнеше еуропалық тілді меңгерген профессор әдебиеттанушы Х.Досмұхамедұлы.

Л.Гинзбургтің лириканы: «Адамның ішкі әлемінің

күйі», – деуіне риза болушы едім. Ал А. Байтұрсынұлының лириканы: «Жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі», – дегені қандай дәл және нақты. Л. Гинзбург пен М. Бахтин: «Әдебиет – адамның жаны, оның ішкі әлемінің өзгеруі, санасының көркем бейнеленуі», – дейді. Асыл сөздің үлгілісі – өмірдің ғибратты болуын алға тартатыны – дейді Х. Досмұхамедұлы. М. М. Бахтин: «Әдебиет – адамның істері, қылықтарының табиғатын, себебін танытатын өнер түрі» десе, А. Байтұрсынұлы: «Асыл сөз адам санасының үш негізіне тіреледі: ақылға, қиялға, көңілге», – дейді. Себебі, «ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – тую, талғау». Осы тұрғыдан қарағанда, А. Байтұрсынұлы, М. Бахтин, Х. Досмұхамедұлы үшін, әдебиет – адамзаттың мәңгілік сауалдарына жауап іздеуші ілім.

Қазіргі әлемдік әдебиеттанудың негізгі ұстанымдары қандай? Қазақ әдебиетінің қазіргі бағыты мен беталысы қалай? Қазіргі абайтанудың негізгі өзегі неге Алаш абайтануынан басталады? Ежелгі әдебиет үлгілерінің зерттелуі тәуелсіздік тұрғысынан қалай іске асып жатыр? Бұл сауалдарға да жауаптар осы басылымда берілген.

2009 жылы «Асыл сөздің теориясы» атты кітабым жарық көрді. Әлем әдебиетінің теориялық мәселелері» атты I-бөлімінде «орыс ұлтының жаңа пайғамбары» деп атаған Ф. М. Достоевскийдің «Ағайынды Карамазовтар» атты соңғы романы; Эрнест Хемингуэй – «lost generation», – «жоғалған ұрпақтың» ең ірі өкілі; Натурализм және XX ғасырдың көркемдік құндылығы; Бүгінгі постмодернизм; О критическом реализме; «Ағайынды Карамазовтардың» қазақша аудармасы; қазіргі әдеби сынның теориялық мәселелері; Бүгінгі әдебиеттің басты міндеті; Бүгінгі дүниежүзілік әдебиеттану ғылымының мәселелері; Бүгінгі компаративистика: жаһандану – интертекст – мәдениеттер диалогы; Классикалық стиль: Абай мен Пушкин; Ахмет Байтұрсынұлы мен Михаил Бахтин; Ортақ теориялық ойлар» атты зерттеулер негізге алынған.

«Қазақ әдебиетінің теориялық мәселелері» бөлімі қазақ әдеби сынының мәселелері; Шәкәрім аудармалары жөнінде; Жүсіпбек Аймауытұлының «Қартқожа» романының стилі; А.Байтұрсынұлы және көркем сөздің теориялық мәні; А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» мен Қ.Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы»; Ғ.Мүсірепов әңгімелеріндегі автор мен кейіпкер мәселесі; Зейнолла Қабдолов және Алаш әдебиеттануы (А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы); З.Ахметов – әдебиет теоретигі; Көркем аударма мен мәтін, (Ә.Кекілбаев) «Өмірзая» (Баққожа Мұқай); Әкім Тарази прозасы; Жұмабай Шаштайұлы туындыларының мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктері; ХХ ғасыр соңындағы қазақ романы (Сәкен Жүнісов, Софы Сматаев, Рамазан Токтаров); Алаш ақыны – Мұқағали Мақатаев; Мұхтар Мағауин және қазіргі прозадағы асыл сөз («Қыпшақ аруы») атты тараулардан тұрады.

Ұлт прозасы деген ұғым осы ретте қазіргі тұрғыдан нақтыланды. Бұл да қазіргі әдебиетті таныту деп санаймын.

– Алаштанушы ғалым ретінде Алаш қайраткерлеріне толыққанды баға берілді деп ойлайсыз ба? Республикалық мәртебесі бар Астанада немесе Алматыда Әлихан Бөкейхан атында әлі күнге дейін не кітапхана, не жоғары оқу орнының болмауы қалай?

– Алаш Орда мемлекет қайраткерлері, Алаш ғалымдарының ғылыми мұрасын зерттеуге тосқауыл жоқ. Бірақ мектеп бағдарламасында не Ә.Бөкейхан, не А.Байтұрсынұлының кім екенін танытып беруге уақыт берілмеген. Не Астана, не Алматыда Ә.Бөкейхан есіміне не кітапхана, не ЖОО орны аталмаған. Ә.Бөкейхан – қазақ ғылымының қалуыптасуына тікелей әсер еткен тарихи тұлға. «Найзаның ұшымен, айбалтаның күшімен келген заманда біз елдің көзін ашудан басқаға қолымыз қысқа ғой», – деген Ә.Бөкейхан А.Байтұрсынұлына жазған хатында. Өзі ғалым, әдебиеттанушы, ормантанушы, саясаткер, қоғам қайраткері, көсемсөз шебері, аудармашы, тарихшы, экономист, ауыл шаруашылығының маманы Ә.Бөкейханның есімі Алматыдағы Ауыл шаруашылығы

институтына лайық деп айтудан мен де жалықпай келе жатырмын. Осы ұсынысты ең алғаш 1998 жылы қазақ радиосында болған сұхбатымда айтым едім.

– *Алаш ғалымдары ұлттық ғылым мен білім беру саласын мемлекеттік деңгейге қаншалықты көтере алды?*

– Біз қазір Алаш ғалымдары аңсап кеткен тәуелсіздік заманда өмір сүріп жатырмыз. Алаш Орда мемлекет қайраткерлері ұлттық ғылым мен білім беру саласын мемлекеттік деңгейге көтеріп кетті. Олардың әр ісі ұлттық пен мемлекеттік мүдденің бірігуін аңғартады. Олардың сөзі мен ісі бірдей болды. Бұлар қазақ тіліндегі ғылымды бастап берді. Саясаттану саласы – Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Тынышбаев, С.Асфендияров, М.Шоқай, С.Сәдуақасұлының көсемсөздері мен баяндамаларында қалыптасты.

Ежелгі заманнан атам қазақ пайдаланып келе жатқан араб графикасы негізінде А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің әліпбиін жасап берді. А.Байтұрсынұлы қазақ тілі фонетикасын «Құран» әріптеріне сай екенін осылай дәлелдеп берді. Бұл жазумен шет елдегі қандастарымыз күні бүгін кітаптарын шығарып келеді.

Алаш ғалымдарының қай еңбегін алсаңыз – мемлекеттілік пен ұлт тәуелсіздігі көзделген. Қазақ елінің тәуелсіз мемлекетін құру, ұлттық мүдденің мемлекеттікпен бір екенін Алаш тұлғаларының әр еңбектері айғақтап тұр. «Жаздым сөз жаным ашып Алашыма...» тұрғысынан күмбірлеген Алаш әдебиеттануы – бүгінгі ғылымға сын болып табылып, ұлттың ғибратты ілімінің бойын түзеуін талап етеді. Олай болса, «Отанды сүю – иманнан», «Оян, қазақ!» тұрғысынан іске асқан Алаш ғылымын олар аңсаған тәуелсіз кезде іске асыру бізге парыз. Алаш ғалымдары сияқты әр қазақ өз ұлты үшін, өз ісі үшін, өз кезені мен заманы үшін жауапты екенін сезіне білейік.

– *Ғылым саласында жалған ғалымдар көбейіп кетті, оның үстіне қазақ ғылымы қартайып барады деген пікірлермен келісесіз бе?*

– Өткенде бір айтылғандай, ғылыми атағы жоқ

министр қазір жоқ сияқты. Еш жерде ғылыми еңбектері жарияланбаған, қай салада қорғағаны да белгісіз ғылым докторлары аз емес. Бірақ шынайы ғылым іздеп жүргендер де бар, бұларды қазіргі кездің Дон Кихоттары деуге болады. Олар атақ алу үшін емес, өз беттерімен ілім іздеушілер. Өкінішке орай, енді қабылданған ғылым туралы заңда бұл ғылымға енді келіп жатқан жастардың құқықтары туралы ештеңе айтылмаған. Ақшасы аз ғылымнан жастар кезінде кетіп қалғандықтан, саясаттану мен экономикадан басқа салаларда ғылым докторының жасы ұлғайғаны жаңалық емес.

– *Ғылым жүйесін еуропалық стандарттарға көшіруді құптайсыз ба, әлде бұған қарсысыз ба?*

– Еуропалық PhD жүйеге көшу – уақыт талабы, ал Ресей бұрынғы жүйені де сақтап отыр. PhD жүйесі бойынша қорғалған жұмыстардың көбінің шарттары бұрынғы жүйеге қарағанда үстірттеу.

Еуропалық стандарттардың бір ерекшелігі шет елдің қай университетіне барсаңыз ғылыми атағыңызды қайта дәлелдеу қажет. Бұл әр ғалымның іздену үстінде жүруіне тікелей әсер етеді. Жасыратыны жоқ, қазіргі көп докторлар сол баяғы совет кезіндегі зерттеулерін малданып жүр. Шет елде бұған жол жоқ. Онда сіздің баяғы бір кезде алынған атағыңызға емес, нақты қазіргі заманға қажет зерттеулеріңізге мән беріледі.

– *«Бүгінгі әдебиет тоқырап тұр» деген пікірге қалай қарайсыз?*

– 1988 жылы «Әдебиетте тоқырау бар ма?» деген пікірталас болған. Бұл әр заманда қойылатын сауал. Әдебиет – заманға сай даму үстінде. Әр кез өзінің басты тақырыптарымен ерекшеленеді. Себебі бұл ата-баба аңсаған, бірақ олар көре алмай кеткен арман. Осыны есте сақтау бізге парыз. Қазіргі кездегі басты концепт ұлт тәуелсіздігіне қызмет ету. Заман талабы өзгергенін сезген де бар, сезбегендер де бар. Қазақ поэзиясы мен прозасы қазір жаңарған. Біреу айтыпты деп әдебиет өз дамуын тоқтата алмайды. Мысалы, қазіргі заманның кейіпкері кім? Бас кейіпкері демей-ақ қояйық.

ЖОО-да сол баяғы социалистік негізге құрылған

бағдарламалар оқытылуының себебі, оны оқулық авторлары жасайтын болуы керек. Оқулық авторларының көбі сол советтік кезде қалыптасқан аға ұрпақ. Ресейде қазір қорғалып жатқан ұлттық сөз өнерінің бүгінгі қажетін айғақтаған жұмыстар міндетті түрде қосымша оқу құрал ретінде мектептерге дереу жетіп жатыр. Яғни ғылым мен білім беру саласы тығыз байланысты болуының көрінісі. «Алаш әдебиеттануы» кітабын (хрестоматия оқулық) оқу бағдарламасына енгізу үшін бір Аллаға жалбарынуымыз керек сияқты.

– *Қазақ сөз өнерінің ұлы ұстындарының бірі Ғабит Мүсірепов «Әдебиеті ұлы болмай, халық ұлы болмайды» деген қағиданы қадап айтып кеткен еді. Былтыр Мемлекеттік сыйлық әдебиет саласында ешкімге берілмеді. Өнердің басқа салаларында лайықты азаматтар болғанмен, сөз өнерінде сүйекті ешкім болмай шықты. Сонымен, сыйлыққа сай туынды шынымен дүниеге келмеді ме, әлде екі жылда бір берілетін Мемлекеттік сыйлықтың мәртебесін арттырамыз деп, сын таразысының салмағын қолдан бұзып алдық па?*

– М.Дулатұлы: «Қай жұртта болса да оның жаны – әдебиет, жансыз тән жасамақ емес. Қайдан өрбігенін, қайдан өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа бұл талас-тартыстар заманда арнаулы орын жоқ. Сондықтан Абайдың аты жоғалуы, мұнан кейін шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмытылу ықтималы қазақтың жоғалуымен, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей» деген.

Мемлекеттік сыйлықтың берілмеуі қазіргі замандағы ақынның мойындалмауынан да шығар. Мысалы, С.Ақсұңқарұлы – заманның шынайы сөзін толғап жүрген ақын. Оның атақ алмағаны үлкен абырой болуы да ықтимал, себебі бүгін сыйлық алуды мамандыққа айналдырғандар да аз емес. Абай, Мағжан, Ғұмар, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Ілиясты өз-өздерін атаққа ұсынуын елестете аласыз ба? Мен елестете алмаймын.

– *Қазақтың классикалық әдебиетін барлық мамандықтарға міндетті түрде оқыту қаншалықты қажетті деп ойлайсыз?*

– Ресейде орыс классикалық әдебиеті барлық мамандықтарға міндетті түрде оқытылады. Тіпті жоғары лауазымды шенеуніктер оқитын жерде де. Себебі ұлттық әдебиетте ұлттық пен мемлекеттілікті біріктіріп тұратын басты құндылықтар айқындалған. Сондықтан Абай мен Міржақыпты санасына түйген саясатшы, экономист, қаржыгер, бизнесші міндетті түрде оның асыл сөзінде қазақ тілінде шегеленген басты ұлттық этикалық адамдық құндылықтарды аттап өте алмайды. Ол ұлттық пен мемлекеттілікті бірге ұстана алады. Қазақтың жанын, ұлттық намысын түсінбеген кәсіпкер тек қарабасының қамымен ғана шектеліп жатыр. Қазақ әдебиетін оқыту арқылы бабалардың асыл сөзіндегі қазақты ұлт, мемлекет қылып тұрған түсініктерді жаңғыртып отырамыз. Бұл құндылықтар жалпы адамзаттың екені де жаңалық емес. Бүгінгі көп бизнесшілерде Отан ұғымы өзгерген. Себебі олардың көбіне ақша мен мүлкін сақтайтын жер ғана қажет сияқты.

– *«Оралмандар» деген тіркес турасында талас көп. Сіз қай жағындасыз?*

– Оралмандар деген сөзді қандай безбүйрек шығарған екен? Қандастар деген сөз орынды сияқты. Біз өз жерімізде, өз шаңырағымызда отырып аштықты, репрессияның қуғын-сүргінін көрдік. Ал қазір келіп жатқан қандастарымыздың ғұмыры бөтен жұртта елді сағынып, құсада жүріп ата-жұртты аңсаумен өтті. Тәуелсіздік пен Елбасының осыны түсініп кеңпейілді іске асырылған бағдарламасы арқасында оларға Отанына жол ашылды. Мұндай қасірет шегіп келген қазаққа біз қалай осыншама салғырт сөз қолданамыз? Ақыт Үлімжіұлының өлеңдері А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлының «Оян қазақ!» рухымен бірдей. Тіпті қолданған сөздері де ортақ. Алаштың тілін сақтап қалған біз емес, осы шет елде жүрген қазақтар екен.

– *Кейбіреулер әдебиетті «иманды және имансыз әдебиет» немесе «оралмандар әдебиеті», «қыздар поэзиясы» дегендей бөліп жүр. Әдебиетті осылай бөлуге бола ма?*

– Әдебиетті әйелдер мен ерлердікі деп бөлу де советтік

заман тәртібі. Ф.Оңғарсынованың қазіргі азаматтық толғауларын қай ер адам қайталай алады? Бұл толғауларды қыздар поэзиясының көрінісі деп шектеу бүгін түсініксіз болар еді.

Қазақтың 10 ғасырлық асыл сөзі ғибратты мағынамен көркемделген. Әдебиет о баста тектілердің ісі болғанын Алаш әдебиеттануы толық дәлелдеген. Күлтегіннен басталған қазақ жазбаларында текті сөз ғана өмір сүрді. Ол атадан балаға тікелей беріліп отырды. Бұл қазақ елінің мәртебесін, мерейін үстем ету үшін айтылған бабаларымыздың асыл сөзі еді.

– *Қазақ әдебиеті теориясының жетістіктері мен кемшіліктері неде?*

– Қазақ әдебиетінің теориясының жетістіктері Алаш әдебиеттануында қалыптасқан. Осы текті ғылыммен табысып, қазіргі заманға сай қажетін жаңғырта білу қажет.

Кемшіліктері – қазіргі постмодернистік терминдерді орынды, орынсыз қолдану көп. Кейбіреулер баяғы совет заманындағы зерттеуін малданып –революциялық романдарды талдау арқылы қазіргі дискурс жасаймын деп әлектенуде. Әр заманға сай өз зерттеу жүйесін ескерген жөн екені дәлелденген аксиома.

– *Тәуелсіздік тудырған әдебиеттің жетістігі мен кемшілігін айтсаңыз?*

– Тәуелсіздік тудырған әдебиеттің жетістігі көп. Ең біріншісі – рухани еркіндік. Бұрын тыйым салынған тақырыптар батыл жазылуда: отарлау, бодандық, таптық ,т.б. Кемшілігі қазіргі күннің нұрлы екені бейнеленбеуде. Қазіргі санасы таза замандасымызға не үлгі болуы керек? Қазақтың ұлттық идеясын бүгін қалай анықтар едік? Бұл басты мәселені бір топ белсенділерге беріп қоймай, бүкіл ел болып айғақтап алуымыз керек. Бұл қазіргі ғылым мен әдебиеттің басты мәселесі.

– *Әңгімеңізге рақмет!*

**Сұхбаттасқан
Төреғали ТӘШЕНОВ**

ЖЕР ЖӘННАТЫ ЖЕТІСУДЫҢ АСЫЛ СӨЗІН ЖАҢҒЫРТУШЫ

Қазіргі әдебиет туралы ғылым дағдарысы (кризис) тікелей әдебиетпен байланысты екені әбден мойындалды. Қазіргі әдебиет екі жолмен дамып келеді: 1) Әдебиет бір жағынан тобырлық болып барады – оқырмандарды сауықтыратын пляжда, самолетте, метрода оқуға лайықталған жеңіл және шағын мәтіндер; 2) эсселік, ғылыми-танымдық құжаттық негізі бар мәтіндер; 3) классикалық көркем мәтіндер.

Қазіргі әлем жылдам өзгеруде. Прагматикалық даму ілгерілеп, эстетикалық шығармашылық ұмытылып барады. Бүгін ең маңыздысы интеллект емес, жеңіске жету маңыздылау. Жеңістің стратегиясы мәңгілік құндылықтардың стратегиясынан басым болып барады. Тұлғаның еркіндігі не рухани тәуелсіздігі емес, оның қалай әр жағдайда ұтымды бір әрекеттерге барғанын сөз етеміз және ол кім болса сол болуы мүмкін. Қалай болғанда да жеңіске жеткен кейіпкер ғана алға шығуда. Сондықтан қазіргі әлем әдебиетінде екі кейіпкер бар: лидер және жолы болмайтын лузер.

Әдебиет қазіргі қоғамдық өмірдің прагматизациясын осылай нақты мәтіндерде айқындап беруде. Қазір көзіміз жеткендей, әлемдік саяси аренада қай саясаткер ұтымды болып көрінеді? Ең қажетті бағдарламасы бар емес, тек ақшасы көбірек, сондықтан саяси амалдары яғни политехнологиялар жағынан қулауы алға шығуда. Бұл әлемдік тенденция, глобализация контексті тудырған прагматизмнің салтанаты.

Осы тұрғыдан алғанда жазушы Бексұлтан Нұржекеұлының ғылыми-танымдық, құжаттық негізі бар эсселерінің қазіргі заманда жазылуы да тегін емес. Қазақ елінің тарихы, өлкелік тарих, нақты жерге катысты тарихи тұлғалардың кім болғандары туралы

мағлұматтарды қазақ әдебиеті осылай жаңғыртып келеді. Бұл эсселердегі автордың қазіргі күнге қажетті рухани Отансүйгіштік мысалдарды алға тартуы бұл мәтіндердің негізгі құндылығы.

Бексұлтан Нұржекеұлы – жазушы, қазақ елі тарихының ақтаңдақ беттерін зерттеуші, қазақ батырларының жоқтаушысы, көсемсөзші, мұқағалитанушы, райымбектанушы, жер жәннаты Жетісудың тарихын, осында туып, көрешек көрген ата-бабаларымыздың тағдырын қазіргі замандастарына ғибрат болсын деп жазып жүрген психолог прозаик. Әр заман әдебиеті өзіне тән тақырып пен басты сөздермен ерекшеленеді.

Қазақ тарихшылары совет кезінде ауыз аша алмай отырғанда қазақ жазушылары қасиетті атамекенге қатысты мағлұматтарды айтуды өздеріне міндет етіп алды. Ілияс Есенберлин бастаған жазушылар көшпенділер деп аталған қазақ батырларының «Отанды сүю – иманнан» деген істерін көркем шығармаға басты тақырып етті. «Жер жәннаты Жетісу» деген қасиетті мекенге қатысты тарихи оқиғалар анықталмаған кезде Б.Нұржекеұлы нақты деректерге негізделген «Тарихқа тағзым» кітабын жазды. Жинаққа енгізілген Жетісуға қатысты, атамекені Баркөрнеу туралы тарихшылар шатастырып жүрген мағлұматтарды осылай айқындап берді: «Тарихи төбе», «Ереуілтөбе үстіндегі қызыл ту», «Көшпенді шаруалар» қайдан шықты?», «Ақжазық ауылының тағдыры», «Тарих билікпен емес, білікпен танылмақ», «Топырақ басқан тарих», «Қасіретті күндердің бір белгісі», «Елі алқалаған Ыдырыс», «Салқам Жәңгір соғысқан жер», «Отар ма едік, әлде қатар ма едік», «Құжатқа қатысты бірер сөз», «Ежелден елге сүйікті өлке», «Жәңгірге қатысты жәдігерлер», «Елдестірмен – елшіден», «Ақтабан шұбырындыға» 270 жыл», Жәңгір мен Жалаңтөс қол бастаған ұлы жеңіске 350 жыл», «Құмтөкейдің құпиясы құм астында қала бере ме?», «Қазақ қай кезде күшті?», «Дана батыр» (Қанжығалы Бөгенбай), «Қаһары қатты Қабанбай», «Бұхар жырлаған батырлар», «Қазақы соғыстар», «Шежіре», «Президент», «Бөдес батыр және оның ұрпақтары», «Ырайымбек батыр, Мұқағали

және Аухадиев», «Қасиетті Орбұлақ», «Бөлек батыр», «Алматының тарихы тереңде», «Қазылған қорғандар қараусыз қалмасын», «Ат аунаған жерде түк қалады», «Қайдан шыққан елміз?».

«Ежелден елге сүйікті өлке» мақаласы ақын Сара Тастанбекқызының туған жылына қатысты келесі тарихи негізі бар әдеби дерек келтірілгенімен құнды: «Сара Тастанбекқызы 1878 жылы туды деген дерек түбірімен қате. Ол кісі 1916 жылы жасы ұлғайып барып өлді деген сөз шындыққа үйлесімді. Оған біріншіден, Төрөбайдың айтысы куә. Екіншіден, Қанабек Байсейітов өзінің «Құштар көңіл» атты кітабында Сараны 1911-1912 жылдар шамасында көргендігін, сонда оның егде кісі екендігін айтады. Үшіншіден, ғалым Балташ Ысқақов та Сараны көрген адамдардың соған сүйеніп 1910 жылдары оның 50-ге жақындап қалған әйел екенін дәлелдейді. Төртіншіден, Сараның бес бала көтерген кісі екенін де естен шығармау керек шығар. Біздің ойымызша, Сара 1878 жылы туып, 38 жасында 1916 жылы қайтыс болмаған; 1853 жылы туылып, 63 жасында 1916 жылы қайтыс болған. Оның үстіне бұл дерек «Біржан-Сараның» айтысындағы деректермен еш қайшы келмейді яғни айтыстың болғандығын қосымша күдіксіз нақпа-нақ дәлелдейді. Төрөбаймен айтысқанда: «Біржанға он сегізде мұным шағып, Ақыры Жиенқұлдан азат болғам», – деп, бұл шындықты Сараның өзі де мойындайды. Ал егер 1878 жылы туса, онда ол 18-ге 1896 жылы толып, 1894 жылы өліп қалған Біржанмен қалай айтыспақ» [1. 11-117].

«Бұхар жырлаған батырлар» тарауында жырау толғауларындағы Абылай бастаған қазақ батырларының нақты ерліктері тарихи мағлұматтарға негізделіп сөз етілген.

«Тарихи төбе» Ереуілтөбе екені М.О. Әуезовтің «Қилы заманындағы» 1916 жылғы әйгілі Қарқара көтерілісі өткен жер екені осы ретте айқындалған: «Қарқара көтерілісіне қатысқан азаматтардың ерлігі, елдігі, намысы бүгінгі ұрпақ үшін сөз жоқ, бағалы, тәрбиелік факт. Елді сүю, жерді сүю деген үлкен сезімдерді халқымыз ежелден тарихи оқиғалармен тікелей байланыстырып келген

жоқ па? Ендеше: «Біздің ауылымызда 1916-жылы әйгілі Қарқара көтерілісі болған, оны Жәмеңке Мәмбетов, Ұзақ Саурықов сынды батыр бабаларымыз бастаған» деп неге мақтанбасқа?! «Сол бабаларымыздың ерлігін көрсететін «Қилы заман» атты шығармасын жазуға материал жинап жүрген сапарында халқымыздың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов ана жерде болған, мына жерге қонған, бәлен кісімен сөйлескен, түген адаммен жолыққан» деген сияқты мақтаныш сезімге неге бөленбеске?!» [1. 20-21].

«Қайдан шыққан елміз?» мақаласында Б.Нұржекеұлы Қ.Тауасарұлының «Түп-тұқияннан өзіме шейін» (1993) кітабына сүйеніп, келесі мағлұматтар берген: «Қазбек бек келтірген Ата шежіреде Жан деген кісіден (Арыстың ортаншы баласы) Ар мен Құн деген екі бала болыпты... Қазіргі Арғын деп жүргеніміз осы екі ұлы адамның алты баласынан тараған ұрпақ. Олардың бірігіп (Ар + Құн = Арқұн) Арғын аталуы Алтайға ауған заманнан қалған» делініпті (46-бет). «Ұлықтауды (Ұлытау) мекендеген Ар тұқымының жасаған қарулары (темірден)», мылтықтары қазақ елі айналасындағы бөтен, бөгде жұртты тітіреткен» депті Қазыбек бек.

Осындағы Арымыз Геродот айтып отырған арлар немесе арийлар емес деп қалайша кесіп айта аламыз? Арийлықтардың астанасы деп жүрген Арқайым мекенінің Қостанайдың қасында ғана жатуы осы пікірді бекіте түспей ме?! Мен, тіпті Орхон деп жүргеніміздің дұрыс аталуы Арқұн емес пе екен деп те қиялданам» [1. 409]. Бұл гипотезаның да жөні бар сияқты.

Б.Нұржекеұлының танымдық эсселерінде (10-том) Геродот, Марко Поло, Қытай тарихшылары, Бичурин, Аристов айтты деген мағлұматтар орынды келтірілген. Автордың: «Кеудемізге ұят ұяласа екен», «Неге бабаларымыз Орбұлақты таңдаған!», «Сақ-үйсін бейіттері табылды», «Ордың бұлағы – тарихи орын», «Суан тайпасы туралы», «Кәмпескенің шын беті», «Арыс», «Ұмай Ене», «Майқы би», «Абылайдың өмірбаянына анықтама», «Қазақ мемлекетінің тұңғыш ханы кім?», «Алтын адамға» тарихи үнілсек», «Орбұлақ шайқасы: аңыз бен ақиқат», «Қазыбек бек және қазақ тарихы»,

«Аңырақай шайқасын кім басқарды?», «Қазақ және Отан сүйгіштік», «Райымбек батыр серіктестері», «Шыңғыс хан – Іле өңірінің ұланы», «Шыңғыс ханның атамекенін неге білмей келдік?», «Шыңғыс хан туралы тарихшылар не дейді, тарих не дейді?», «Ел бірлігіне қарсы шығуға бола ма?», «Сақта, қазақ бірлігін!» автордың ғылыми-танымдық көркем эсселерінде қазақ тарихының тәуелсіз кезге қажетті тәжірибелері сөз етілген.

Жазушы Б.Нұржекеұлы қазіргі тарихшылар үндемей отырғандықтан осыншама тарихи маңызды деректерді замандастарымыздың назарына ұсынып келе жатыр. Бір өзі бір институт атқаратын жұмысты осылай көтеріп келеді.

«Ұмай Ене», «Майқы би» эсселерінің тарихи негізі бар. Ұмай Ене «қазақтың ежелгі тарихында әулие атанған тұңғыш әйел. Қазақ халқының ұл сұрап сиынатын тұңғыш енесі». Осы ретте автор Сәбетқазы Ақатаев, М.Жолдасбеков, Қ.Тауасарұлы, Т.Жұртбаев деректеріне сүйеніп, қазақ менталитетіндегі Ұмай Ана бейнесін анықтап берген: «Қалай болған да Ұмай Ана әлдебір аспандағы аңыз бейне емес, нақты тарихи тұлға екендігін, жай әйел емес, ел-жұрттың басын біріктірген, артына мол ұрпақ қалдырған әулие ене екендігін біле жүргеніміз, әруақ алдында басымызды ие жүргеніміз – тәрбие» [2. 70].

«Майқы би» туралы ғылыми-танымдық эсседе жазушы «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген өте үлкен қасиетті сөздерді келтіре отырып, тарихи тұлғаның бейнесін анықтайды. Автор Майқы би бабамыздың тарихи тұлғасына қатысты Қ.Тауасарұлы, Н.Мынжан, И.Бичурин, О.Қаймолдин, Қ.Өмірәлиев, Т.Жұртбаев еңбектеріне сүйене отырып, жүйеленген ақпаратты өз пікірімен толықтырады.

Жазушы Б.Нұржекеұлының «Абылайдың өмірбаянына анықтама» эссесі Абылай ханның өмір деректері тарихи оқиғалар негізінде айқындалғанымен құнды. Автор ұлттық энциклопедияда кеткен ағаттыққа нақты жауап берген: «Абылай ханның 23 мамырда қайтыс болды» [2. 88] деп көрсетілген деректі өрескел қате деп санайды. Осы ретте автор Абылайдың 69 жасында қайтыс болғаны орта

жүз сұлтаны Абылайдың үлкен ұлы Уәлидің Екатерина II-ге өзін хан етуді сұрап, өтініші негізінде дәлелдейді.

Қаламгердің әнші Күләш Байсейітованың соңғы күндеріне арналған «Күләштің соңғы көктемі» атты әңгімесі ел ішіндегі құпия және отбасылық өліміне қатысты деректерді анықтағанымен құнды. Әңгімеде отбасылық түсіністік, береке-бірлік, сыйластық меңзелген. Күләштің Қанабекке Сәкен, Илияс, Бейімбеттің ақталатыны туралы мағлұматты келесі сөздерімен жеткізуі маңызды болып табылады: «Дәл осы үйде отырғанда әулие Жәкемнің айтқаны есінде ме? «Жақсының жауы көп, жамандасын-ақ, әй, бірақ сол балалар жазықсыз еді. Ақыр түбі ақталады ғой, дәл қазір арашалайтын дәрмен жоқ, амал не, ақырын күтейік» демеп пе еді? Айтқаны келді» [3. 309]. Күләшқа қарсы көре алмаушылықтан ұйымдастырылған арызқойлардың өсек-аяңынан Қанабектің қорғап жүргені нанымды бейнеленген. Осы орайда Республика Совминінің төрағасының сөздері келтірілген: «Совминнің төрағасы сәл сұрланып, сөзін бөлмей тыңдады. Ренжігені ме, әлде ойланғаны ма – бұл айтып біткенде білінер-білінбес қана қабағын шытты.

– Күләшті мұқатуға қақымыз жоқ! – деді Қанабекті қолтығынан ала орнынан қозғалып. Барған соң бәрін өзім анықтап білермін. Күләшқа айтыңыз жасымасын, бір қазақ аяғынан шалса, бір қазақ қолтығынан демейді...» [3. 315].

Қазақ тарихын қастерлеп, ел арасындағы анықталмаған тарихи тұлғаларға қатысты шындықты нақты деректерге сүйеніп, айғақтап келе жатқан Б.Нұржекеұлының көркем туындыларының да деңгейі жоғары. Осыншама елге қорған болып жүрген Бексұлтан аға қандай жазушы? Бұл туралы академик М.Қаратаев, Ж.Дәдебаев, Д.Исабеков, Қ.Құрманғалиев, М.Байғұт, С.Жұмабеков, Б.Кәрібаева, Г.Пірәлі жазғаны белгілі.

Жазушының «Күтумен кешкен ғұмыр», «Бір ғана махаббат», «Суреттегі сұлулық», «Сағынғаным-ай!», «Қиын сұрақ», «Күй толғақ», «Жастық – жыл құсы емес», «Не үшін?», «Жолтөбелес» шығармаларында адам психологиясы түрлі оқиғалар негізінде нақты іс-

әрекеттері арқылы ашылған. Осы ретте ғалым Ж.Дәдебаев былай деген: «Б.Нұржекеев – сезім мен ойды, пайым мен парасатты тең ұстап, оларды өзара тұтастырып толғануды, бірін-біріне ұластырып толғауды сүйетін, сүйіп қана қоймай, мұның өзін өнерінің өзегін түзетін басты машыққа айналдырған. ...шығармаларындағы адамның ойы мен сөзінің, ісі мен түсінің шындығы өмірдегі шындықтың өзгерген немесе өңделген түрі емес, өскен, өнген, болымсыз белгілерінен толық тазарып, арылған, сөйтіп жарық шашқан асыл шындық» [3. 7; 9].

1966 жылы жазылған «Күй толғақ» әңгімесінің жөні ерекше екен. Мектептен қайтып келе жатқан жасөспірім Манап пен Сараның ауыл шетіндегі арыққа келіп тынығулары, ұл мен қыздың диалогы, су шашып ойнауы арқылы есейген балалар сезімі аңғарылады. Бас кейіпкер Манап осы серуеннен кейін үйіне келгенде жалғыз қалуға асығып, домбырасымен сезімін бөліседі. Бар болғаны екі жарым-ақ беттік әңгімедегі алғашқы сезімнің оянуы, оның адам жанына аяқ астынан әсер етуі бейнеленген. Ер бала есейгенін енді түсінгендей: «... Велосипедін үй сыртына сүйей салып, Манап үйге асығып кірді. – Апа, ешкімді кіргізбеңізші!, – деп ішкі үйге оңаша еніп кетті. Төсектің үстіне, қара домбыраның қасына келіп отырды. Жан түкпірі күн шуағындай мейірбан. Пішіні де маңғаз. Бас-аяғы белгісіз бір саз жігіт зердесінде сағымдай сәулеленеді» [3. 252]. Бұл сөздер кейіпкерге жанымен жақын досы нарратордыкі. Бәрін көріп тұрған нарратор Манаптың қолындағы домбыраның «қанбақтай жеңіл, қол тигенде бес жасынан таныс екені, соғыста екі аяғын тізесінен беріп, сол жылдары «жалғыз ұлға жақсы мұрам осы болар деп, қаршадайынан мұны күй тартуға үйреткен» әкесі туралы мағлұмат берілген. Келесі сөйлемде кейіпкердің ішкі сезімі туралы: «Дәл қазір бала жігіттің кеудесінде қат-қабат сезім: елесі көз алдынан кетпей, Сараны аңсайды; сағыныш, ынта, әкеге де ағыл-тегіл. Айналадан шым-шым аулақтап барады».

Кейіпкер сезімінің сыртқы көрінісі домбыра тарту арқылы берілген. Күйдің орындалуы былай суреттелген: «Бес саусақ жоғары-төмен жеңіл ырғып, тәтті әуезді

төгіп-төгіп жіберді де, көп ұзамай қайта кібіртіктеді. Сол сәт Манаптың да қабақ қыртысы қоюланып, ет-бауыры домбыра ішегімен бірге ширатылды. Күй сазы жерден бауырын көтере беріп, кілт тоқтады. Отырып-отырып қайта тартады. Тың ырғақ перне бойын таптұп басып келіп тағы тұтықты. Манап күй мақамын бастан-аяқ қайыра өрнектеді. Етек-жеңі таралып, балаң күй бүтінделе түсті. Өстіп ол ұзақ, қас қарайғанға дейін арпалысты» [3. 253]. Осы тұста кейіпкердің ішкі әлеміндегі сезім күйі былай суреттелген: «Өзімен-өзі болып, күйден өзгеге Манап мүлде керең. Жеңіл, жайма шуақ лебіз домбырадан аңқылдап төгіледі. Бұлғақтап, бұраландап бір бойжеткен қарсы алдынан кетпей, тұрып алатын сияқты. Ентігіп, есінен танып, әлдекім қызға қиылғандай ма, қалай? Әйтеуір бір ерке, бір ынтық сезім қатар жарысып, күй ырғағы сылқым құбылады. Жаңа мақамға ауысатындай емексітіп келіп күй тіпті, кенет аяқталады. Соңғы сөйлемдер бәрін бақылап, кейіпкерге жаны ашып отырған нарратордікі.

Жүрек жарған қуаныштан жігіт жүзі арайланып, ал-гүл жанады. Бұл ұлылық болмас, бірақ ұлы сезімнің уық шаншар толғағы еді» [3. 253]. «Күй толғақта» жазушының болашақ шығармаларының «уық шаншар толғағы» сезіледі.

Қазіргі постмодернизм зерттеушілері, оның ішінде Лакан әр мәтіннің ерекше мағынасы бар дейді: «Чего бы ни добивался психоанализ – среда у него одна: речь пациента». Осы пікірді дамытқан В.П.Руднев: «Смысл как травма: психоанализ и философия текста» (2000) зерттеуінде былай дейді: «Смысл текста – это потаенная травма, пережитая автором. Тем сложнее текст, тем глубже травма, чем она серьезнее. Что же это за травма, которую скрывает бессознательное и потаенный смысл текста? Можно было бы сказать, что в каждом случае это разные травмы и невроты. Можно однако предположить, что травма всегда одна – наиболее универсальная травма рождения, присущая каждому человеческому существу» [4. 246].

Осы «Күй толғақ» әңгімесіндегі махаббат сезімінің алғашқы «уық шаншар толғағы» жас баланың жүрегіне

түскен сызат екені түсінікті. Жазушы өз басынан осындай сезімдерді кешпесе, ол тура осылай сезімнің тууын бейнелей алар ма еді?! Адамның есеюінің өзі оның өмірден көрген соққы-сынақтарымен байланысты. Өмірдің өзі де оң мен сол, дұрыс пен бұрыс бірге жүретін сезімдердің жеңілісі мен жеңістерінен тұратыны айқын. Ғалым Г.Пірәлі айтқандай, Бексұлтан жазушы тек әйел-ана-махаббатын жазады дегенімен осы ретте келісу қиын. Ол Ж.Дәдебай жазғандай Б.Нұржекеұлы «жан байлығын ойлаған жазушы».

Мен оқыған көркем мәтіндерде Бексұлтан ағаның кейіпкерлері жан мен тән арпалысын кешіп жүргендер. Әйел кейіпкерлеріне көбірек мән берген жазушы шығармаларында тек еркектікке тән күштілігі деп жүргендер де бар. Жазушы шығармаларындағы осындай екі аяқтылардың қателіктерінен туылған балалар, соры қайнаған әйелдер қазақ әдебиетінде тұңғыш рет осыншама шынайы суреттелген дер едім. Дегенмен, осындайларға қарсы тұратын, елді ел ғып отырған есі дұрыс Нұржанның әкесі Әти сияқтылар бар. Ермұқандай («Күнәлі махаббат») ерлер де жеткілікті. Жесір келіннің үш әкеден туылған үш ұлын өз немересімен қатар бір үйдің ұрпағы етіп мойындаған ақсақалдың ақылдылығы емес пе?!

«Күтумен кешкен ғұмыр» романы не туралы? 1916 жылғы Жетісудағы ұлт-азаттық қозғалыс кезіндегі елдің хал-ахуалымен қатар, ел қорғайды дегендердің қара басының қамын күйттеп кеткен іс-әрекеттері, қараусыз, қорғансыз қалған қазақ ауылының тыныс-тіршілігі бейнеленген. Роман оқиғалары Алтын Емел, Іле, Баркөрнеуде өтеді. Баркөрнеу тауы былай суреттелген: «Бұл төңіректе бәрінен Баркөрнеу оқшау: ұзын сәукелесі өзге таулардың еңсесін басып, ұшар басы озық тұрады. Мына жазыққа көлбей жалғасып, оның теріскей жағы түйетайлы келгенмен, күнгей беті құзар биік, төменге қарасаң төбең шымырлайды. «Ілені көреміз, Алатауға қараймыз» деп бала кездерінде оның басына шығуға бәрі құмартатын...» [3. 27].

Бас кейіпкер Әтікенің тау басына шыққандағы сезімдері

былай берілген: «Әтіке ат шалдырым уақыт аялдады. Алыстан мұнартқан Алатауға жыланның түлеп түскен қабығы құсап, жылтырап жатқан Іле өзеніне ерекше мұңды сағынышпен қарады. Айсары болысқа беріп келген уәдесін шаншудан тыжырынғандай тағы есіне алды. Сәлден соң «Зәруді мына көп жартастың қайсысынан құлатты екен» деп соны іздеді. Қапылыс итеріп жіберуге бәрі қолайлы сияқты. Бір биігірегіннің үстіне шығып, құз төменге көз тастады. Жартастың табаны да жалтыр тас, еңкейіп қарағаныңда құйқа тамырлары қорқыныштан шымырлап қоя берді. Сол сәтте ту сыртынан әлдекімнің таяу келіп қалғанын тітіркене, бүкіл тұлабойымен сезді. Жаны алқымына тығылып, жалт бұрылды. Жан адам жоқ. Қорыққаны көшкін бұлттың көлеңкесі болып шықты...» [3. 28].

Жазушы Б.Нұржекеұлының шығармаларындағы осындай көркем нақыштар қазіргі прозадағы асыл сөздің жоғары деңгейін айқындап тұр. Роман басындағы бас кейіпкердің қыз-келіншектермен кездесіп, әзілдесуі, жеңге мен қайын арасындағы араласу мәдениеті, тұспалмен сөйлесуде қазаққа тән ұлттық менталитет жақсы бейнеленген. Жамалхан, Әтіке, Қайныкештің алғашқы кездесулері ат үсті әңгіме болса да диалог арқылы шеберлігі ашылған. Ата-бабаларымыздың бізге қазір ұмыт болған араласу мәдениеті былай берілген: «Қайныкешті көзімен аймалап, Әтіке әдептен аса алмай амалсыз қоштасты» [3. 32].

Қыз бен жігіттің танысуы, әзіл арқылы ақпарат алып жақындасуы, қазақтың жеңгелік дәстүрі, ұлттық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары романда кеңінен суреттелген. Қазақтың мәдениетті, парасатты ел екендігін роман айқындай түседі.

Қазақ елін төңкеріске дейін мәдениетсіз, жабайы халық ретінде насихаттағандарға елдің араласу мәдениеті, үлкеннің сөзіне тоқтау, үлкеннің алдын кеспеу, қазақтың той салтанатын өткізу мәдениеті, біреудің ала жібін аттамау сияқты ұлттық ұстанымдар мен оқиғалар романға арқау болған.

Жазушының өлең мен күй орындау мәдениетін

бейнелеуі, адамдар арасындағы сыйластықты көрсететін істері біз ұмытқан бабаларымыздың тектілігін еске қайта салады. «Үш ай жазға ұқсап әй-күй дегенше өте шығатын қайран, жастық дәурен-ай!» [3. 45] сияқты сөздер текті кейіпкер ауызынан шығуы да заңдылық. Романда әннің орындалуы көркем сөзбен суреттелген. Осыншама нақтылықты көрсету үшін жазушы өзі де орындаушы қабылетіне ие болуы да түсінікті. «Тегінде адам баласы тілі жетпейтін нәрсенің бәрін әнге салып айту керек сияқты» [3. 45] дейді кейіпкер. Бәрін көріп-біліп жүрген нарратордың сөзі: «Көңілдері босап, талай сыйлы бастар төмен салбырап кетті. Сөздің қисыны талайға меңзеп, талайды дөп басты. Бей-жай тыңдаған бір жан болмады» [3. 51]. Бұл «Баркөрнеу» әні орындалғаннан кейінгі көрініс. Сақан Байсиық пен Байтараққа қарап: «Ән емес, ақыл ғой айтқаны» деді басын күрсіне шайқап. Романда ұлттық киім үлгілері, киіну дәстүрі де әдемі суреттелген. Үмбетей қажының қызы Әуестің киім кию үлгісі сурет салғандай келтірілген. Қайныкеш туралы былай делінген: «Қыз сөзі Өтікенің жүрегін қамшымен осып жібергендей әсер етті» [3. 69].

Романда қарапайым адамдар тағдырымен қатар қоғамдағы дау-дамай, тартыстар, 1916 жылғы көтеріліс бейнеленген. Осы ретте Айсарының келесі сөздері келтірілген: «Өтікеден естіген Айсарының сөзі есіне түсті. «Мен басымды тіктім!» депті осы жолға. Басқа айтса бір сәрі, болыс айтыпты. Мансап, атаққа ұмтылды дейтін емес, өзінде бәрі бар адам сол барынан айырылар жолға қалай тәуекел етті екен?! Жеңілерін де жобалап отыр. «Ақ патшаны тағынан құлатпаспыз, бірақ ол да ел екенімізді білсін, санассын!» [3. 105] дейді. Бұл сөзі мен ісі бір жерден табылатын ел жақсыларының ұлт намысы үшін бас көтерген кезі.

Әйелдің адалдығы деген не? Ол жайында романда былай деген: «Әйелдің адалдығы дегенді еркек атаулы ең алдымен тән тазалығы деп түсінеді. Өтікенің де ұғымы солай, бірақ өмірінде бірінші рет сол ойына шүбә келтіріп, адалдық пен ақ ниет тәнінен бұрын көңілдің кірсіздігімен өлшенбес пе деген ойға келе бастады. Тәнге түскен

дақтың сезімді былғайтыны да хақ, бірақ мейірім, ынта секілді ілкі сезімдер адамның тәнінде емес, жанында болса керек-ті» [3. 125]. Бұл сөздер жазушы психолог үшін басты ұстаным екені айқын.

«Сағынғаным-ай!» (1966) әңгімесінде жазушы көктем мен жастық, жүрек пен нәпсі екі түрлі күш екенін нақты оқиғалар арқылы айқындаған. Мен деп басталған Ержан мен Көкеннің таза сезімдері, адалдық пен тұрақсыздық, ер азаматтың сөзінде тұруы, кейіпкерлердің жас кездегі албырт сезімнің сынынан өтуі, ең бастысы қатесін дер кезінде мойындап, кешірім сұрауы баяндалған. Мәтіндегі: «Қылмысты нәпсі істесе, шындықты жүрек істейді» деген сөздерді түсіну үшін бас кейіпкер қандай сынақтардан өтеді? Бұл қарапайым кейіпкердің өмірді тану жолы және адалдық басты ұстаным екеніне көзі жетуі.

Бексұлтан Нұржекеұлының көркем шығармаларын түсіну үшін жазушының эсселік, көсемсөздік мұрасына да шолу жасадық. Жазушылық –жүректен шығатын күдіретті күш екені осы ретте тағы да айқындалады. Қазіргі қазақтың жанына, оның ұлттық намысына қажетті мәтіндер тудырып келе жатқан Бексұлтан ағамыздың келесі асыл сөздерін оқырман асыға күтетіні хақ.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Нұржекеұлы Б. Шығармалар жинағы. Т. 8. Тарихқа тағзым. – Алматы: Жалын, 2011. – 416 б
2. Нұржекеұлы Б. Шығармалар жинағы. 10-том. Тарих іздері. – Алматы: Жалын, 2011. – 400 б
3. Нұржекеұлы Б. Шығармалар жинағы. 1-том. Күнәлі махаббат. . – Алматы: Жалын, 2016. – 320 б
4. Руднев В.П. Прочь от реальности: исследования по философии текста. II. – Москва: Аграф, 2000.

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗДЕГІ ЖАМБЫЛТАНУ

Қазіргі жамбылтануға А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыштағы» (1926) толғауға қойылған шарттармен, одан кейін Қ.Жұмалиевтің «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» (1945), Е.Ысмайыловтың «Ақындар» (1956) атты зерттеулер тұрғысынан қайта қарау қажет.

Қ.Жұмалиев Абайды «өз заманының айқын айнасы» деп түсіндірген. Бұл түсінік Жамбыл поэзиясына да тікелей қатысты. Е.Ысмайылов ақын-жыраулар табиғатын теориялық талдаулар арқылы анықтап берді. Осы ретте ғалым ақын импровизатор, жырау, жыршы, әнші, ақындар, сал-серілер және өлеңшілдер деген пән сөздерін ажыратып берді. Ғалымның пайымдауынша, «ақын» деген ұғымға әңгімеші, жыршы, импровизатор кіреді. Әнші ақындар деп сал-серілерді санаған. Бұларды шынайы халық өнерінің өкілдері деп есептеген. Е.Ысмайылов ақындық мектеп пен дәстүрге қатысты Кемпірбай, Шашубай, Нартай, Жамбыл, Мұрын жырау, Сүйінбай, Кенен және Ағаш аяқтың шығармашылықтарын айғақтап берген.

Тәуелсіздік кездегі ақын-жыраулар дәстүрінің негізгі зерттеушісі С.Негимов Жамбыл Жабаев поэзиясын Нұрпейіс Байғанин, Кенен Әзірбаев, Иса Байзақовтармен бір контексте қарастырады. Ғалым бұл поэзияның «көркемдік құрылымын, синкретті өнер табиғатын, XX ғасырдағы айтыс өлеңдерінің сөздік, образдық жүйесін» теориялық талдаулар арқылы анықтап берді¹.

Ж.Жабаев ата-баба аманатын есте сақтап отырып, советтік заман сөзін де жырлай білген. Қазақтың жыраулық дәстүрін совет кезінде дамыта түскен ақын толғауларында тарихи мағлұматтарды ерекше ұстанған. Осы ретте Кенесары-Наурызбайға қатысты көзқарасы анық болды.

¹ Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы: Генезис. Стилистика. Поэтика. Оқу құралы. – Алматы: Ғылым, 2001. 14-б.

Ақын Саурық батырға қатысты Жантайдың да опасыздығын тарихи мәліметтер негізінде бейнелеп берген.

1946 жылғы жинаққа кірген Жамбылдың «Сыздық Сұлтанға» деген арнау-толғауы осының бір айғағы. 1996 жылғы Ж.Жабаевтың 2 томдық таңдамалы шығармалар жинағының 1 томындағы кітаптың түсініктемесінде Сыздық төре Кенесарыұлы туралы толық тарихи мәлімет берілген: «Сыздық – Кенесары баласы орыс әдебиетінде Садық, Сыдық дейді атақты батыр, жауынгер. Ол россиялық отарлау саясатына және жергілікті хандарға, Қытай империясына қарсы халықтың азаттық күресін басқарған (1860-1877) көрнекті батыр. Сыздық Жамбылмен 1880 жылдары кездескен»². Сыздықтың батырлығы жайында халық әңгімелері, аңыз-жырлар ел аузында әлі де көп тарағаны белгілі. С.Негимов 1946 жылғы жинаққа қатысты былай дейді: «Бұдан әрі арнау өлеңнің шығу тарихына, Сыздық сұлтан мен Жамбыл жыраудың арақатынасына тоқталады. Сыздық Кенесары баласы 1880 жылдар шамасында Жамбылмен жолығып, дидактасып, ең соңында жолдас болып кеткен. Сыздық батыр 1884 жылдарда қырғыз жеріне, Сарыбағыш биі Орман ауылына келеді. Қырғыздар үй тігіп, мал сойып, құрметтейді. Қырғыз бен қазақтан он жеті ақын жиналыпты. Солардың ішінде Жамбыл да болып, кейін өзінің хатшысы Ғали Ормановқа Сыздық сұлтан жөнінде былайша баяндапты: – Мен сендермен шабысқалы келгем жоқ, табысқалы келдім. Сендер де туысқанымсың. Жан ашуы үстінде әкемді өлтірдің деп кінә қояр жайым жоқ, жалғыз-ақ тілегім: әкемнің сүйегін бер, аталарына қосайын, алтын жүзігін бер – қолыма салайын, сарқасқа ерін бер – астыма мінейін, бұйымтайым осы-ақ еді – дейді. Содан Кенесарының ері мен жүзігін беріпті, сүйегін қай жерде екенін білетін кісі дүниеден өтіпті дейді.

Сыздық сұлтан ердің басын қанжармен қақ тіліп, жіліншік-жіліншік алтындарды алады. Сонан соң: «Әкемді өлтіруін білесіңдер де, алтынын алуды білмеген екенсіңдер, уақасы жоқ, бұйырған нәсіп қой», – деп қалтасына

² Жамбыл. Таңдамалы шығармалары, 1-том. А., Ғылым, 1996. 54 б.

салды дейді»³. С.Негимов 1946 жылғы жинақтан өлеңді келтірген. Бұл өлең 1996 жылғы жинақта қысқартылып қалған. С.Негимов келтірген өлең: «*Он бір жыры» деген жер, оны да айтты ағайын, іштен шыққан қайғы-шер. Атаның не арманы, іздеп келіп артынан бата қылса сіздей ер!*»⁴. Бұл өлеңде ақын бүкіл қазақтың атынан сөйлеп халық үшін шаһид болған Кенесары Наурызбайды ерекше құрметпен еске алады: «Сен бір қалған көз едің Кенесары асылдан», «айбатыңды көргенде, дұшпандарың бас ұрған», «ақ жүзінді көрген соң, енді мауқым басылған». 1996 жылғы жинақта түсіп қалған өлең жолдары елдің рухы мен намысын көтереді: «Оны да айтты ағайын, іштен шыққан қайғы – шер. Атаның не арманы, іздеп келіп артынан бата қылса сіздей Ер!» Бұл ата-бабадан келе жатқан жыраулық сөздер. 1996 жылы шыққан нұсқада бұл өлеңнің соңғы 5 жолы түсіп қалған. Яғни тәуелсіз кезде Ж.Жабаевқа тағы да цензура жасалған.

Кенесары хан бейнесі ақын шығармаларында осындай халық қорғаушысы бейнесінде көп кездеседі. Осы ретте С.Негимов Жамбыл поэзиясындағы Кенесары бейнесіне қатысты қайшылықты да атап өтеді: «Ал Жамбыл шығармаларының басылымдарында қайшылықтар да кездеседі. Ақынның «Менің өмірім» деген жыр-хикаясы бар. Осындағы мына бір шумақ: «Қазақтың қанға құмар Кене ханы, кеше ғана басылды шыққан шаңы. Хан болмады, қан ішер қасқыр болды, белгісі жоқ көмілген мола сәні», – дегені 1946 жылғы басылымда жоқ. 1955 жылы жарияланған үш томдығының екінші томында (252-б.) және 1982 жылы жарық көрген екі томдық шығармалар жинағында (т. 2, 393-б.) берілген. Алайда екі түрлі сөйлеу Жамбыл тәрізді мінезді ақынға тән емес. Бұл әдеби хатшының қосып жібергені ме, әлде газет редакциясының ісі ме немесе баспа қызметкерлерінің «жақсылығы» ма ... Қалай болған күнде де, себебі – біреу. Ол – отаршылдық саясатқа құлдық ұрудан туған ғой»⁵.

3 Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы: Генезис. Стилистика. Поэтика. Оқу құралы. – Алматы: Ғылым, 2001. 147-148-бб.

4 Сонда, 148-149-бб.

5 Сонда, 149-б.

Шынында да, Жамбыл Жабаев социализм жетістіктерін жырлаған. Бұл туралы С.Негимов былай дейді: «Ленин тұлғасын мейлінше мінсіз сомдап, Сталиннің жеке басқа табынушылығын жүйрік жырлағаны анық. Әрі оларды Отан, партия бейнесі ретінде ұқты. Халық ақыны бұлар турасындағы мәліметтерді радио хабарларынан, әдеби хатшылардың аузынан естіді. Көптеген жыр-толғауларын үкімет пен партияның тапсырмасы бойынша шығарды. Сөйтіп, ақынның жыр-толғаулары ұраншылдық, жалаң патетикалық, үгіт-насихаттық сипатқа ие болды. Мысалы, Клим батырды былайша жырға қосады: «Ескендірді мақтаман, Рүстемді даттаман. Олар біздің Климдей, бола алмаған, болмаған. Манас шыққан қырғыздан Кенесары, Наурызбай жауына қарсы оқ атқан, оғын қардай боратқан, олар да мұндай болмаған.

Сырттай қарағанда ақын асыра әсірелеп жіберген сияқты. Бірақ халықтық-фольклорлық дәстүрді ұстанған жыршыны әсте сөгуге болмайды». С.Негимов бұл орайда М.Дүйсеновті алға тартып былай дейді: «Фольклорлық дәстүрден сусындаған ақын сол дәстүрдің шарттарын берік сақтауға тиісті болды. Ал фольклорлық туындыларда әдетте бар ғана емес, болуға тиісті идеал бейнеленеді, сондықтан да жырланып отырған қаһарман бейнесі идеализацияланып, өзінің шырқау биік шыңына жеткізілді. Жалғыз Жамбыл ғана емес, ауыз әдебиеті өкілдерінің қай-қайсысы да бұл заңдылықты аттап өте алмас еді» (М.Дүйсенов. Жамбылтану өрісі // Жамбыл Жабаев творчествосы. Алматы: Ғылым, 1989. 31-б.)⁶.

Жамбыл Жабаев Саурық батырды ұлттың қаһарманы етіп бейнелейді: «Саурық еді арыстан», «Саурықтай болат батырдың, алтын нұр толған ішіне»

Досмағамбетпен айтысында Ж.Жабаев былай дейді: «*Аз сөздің тәттілігі болар балдай*» (93. I т.). «*Өлеңім асау теңіздей, өрге қарай шатшысын. Толқындай сөзді сапырып, арыстандай ақырып, шығайын енді айтысқа*»⁷. «*Пірім*

⁶ Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы: Генезис. Стилистика. Поэтика. Оқу құралы. – Алматы: Ғылым, 2001.149-150-бб.

⁷ Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы.1-т. – Алматы: Ғылым,1996. 86-б.

бар жыр нөсерін аспанға атқан, сұңқардай саңқылдаған ер Сүйінбай» (1-том, 312 б.)⁸. «...Сүйінбай ақын ұстазым, сөз қанжарын суырып дұшпанға өстіп күш қылды»⁹. Ораза, зікір, жаназа, підия, екінті, бесін, құптан сияқты діни түсініктер Жамбыл ақын өлеңдері мен айтысында көп колданылған¹⁰.

«Ел қорғайтын ерлерін»¹¹. Аңсаған ақын оларды ел билеушілеріне қарсы қояды. Бұл ақынның негізгі ұстанымы: «Сендей-сендей ақынның, Сөзбен жанын емдеймін, өлеңмен шын тасысам, ағып бір жатқан селдеймін. Халықтың досы кім десең, айтайын мен білмесең. Өлгенменен барабар, бір басыңды кірлесең, көмусіз бір күн қаласың, көпшілікті тілдесең, көпшілік – дария көл дейтін, сол дариядан қансам деп, әркім-ақ аңсап шөлдейтін. Елді жауға бермейтін, шетіне дұшпан келмейтін. Ерегіскен ерлердің, қанша дұшпан жабылса, шыбын құрлы көрмейтін. Бақытын жұрттың өрлетіп, мәңгі рухы сөнбейтін. Есеңгіреп жүрмесең, елді неге даттайсың. Екі жүзді болмасаң, байды неге мақтайсың? Қайры көпке тимеген, әкімдікпен билеген, жарлы-жалшыны сүймеген. Ханды неге жақтайсың? Жегені көп шашыңнан, қылмысың үлкен басыңнан. Халыққа тиген пайдан жоқ, қайтып тұзын ақтайсың?! Екі ұртыңды қамптып, сөйлейсің сен аптығып. Еліңде ер бар ма деп, сұрайсың және шаптығып, жердің шелін сел жуар, елдің кегін ер қуар. Дауыл тұрса, бұлт қуар. Жердегі жауды жұрт қуар, ерліктің оты лапылдап. Аспанға шығар күн туар»¹².

Сарыбаспен айтысында ел шежіресімен қатар Домалақ ананың парасаты жырланған. Сарыбас ақын: «Шапырашты ел едің, Үш жүз үйге толмаған. Қыдыр мен бақ о баста, басыңа тіпті қонбаған. Дулат деген ел едім, ат үстінен түспеген. Ерегіскендер менімен. Бармақтарын тістеген»

⁸ Сонда, 81-б.

⁹ Сонда, 88-б.

¹⁰ Сонда, 91-б.

¹¹ Сонда, 100-б.

¹² Жабаяев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы.1-т. — Алматы:

«Шапырашты сықылды, қолы қысқа мен емес»¹³, – дейді. Жамбыл Жабаев оған былай деп қайырады: «Домалақтан қозғашы, Жарықшақтан озбашы. Бет алдына бақырып, таңдайыңнан тозбашы»¹⁴. Осы ретте келесі түсінік берілген: «Домалақ ана – Нұрила, Бәйдібектің зайыбы, оның ұлы Жарықшақтан Албан, Суан, Дулат тарайды»¹⁵. «Бесін уақыты болғанда қырғыздан шыққан Аққошқар» бәйбішеден жапа шегіп жүрген Домалақ анадан бата сұрап келеді. «Қуанышы сенде деп, түп қазығы менде деп, қол жайып бата береді». Айдалған жылқы ішінен Домалақ ана сары айғырды ғана қалайды.

«Асауды қалай ұстайсың, жүген құрық тимеген? – Ұстасам, ұстап алайын, ұстамасам қалайын. «Құр айт, құр-құр жануар», құтың менде, жануар! Бері келші бізге деп, күдеріңді үзбе деп, қазығың қалды менде деп, еңбегім кетті сенде деп, Құрайттады Домалақ, айғыр сонда келеді, омырауын иіскей береді. Алды айғырды жүгендеп, Айдады жылқының өзгесін»¹⁶.

Бидің сегіз ұлы келіп басқа жылқы қайда деп ашуланады. Сонда Домалақ жайын айтыпты: *«Балалар, оған бармаңдар, түп қазығы бізде деп, таңға жуық болғанда, жылқың келер мұнда деп, арттан қуып барсаңдар, мерт боларсың, балалар!»¹⁷. Ендігі сөздер баяндаушыныкі: «Шылбырына оралып, жалынып анам айтады. Бірақ тілін алмадым, барамыз деп болмады. Сегізі бірден жөнелді, сағаға таман келеді. Саға судан өтеді, сонда қырғыз құлары, бұқтырма қойып жүз кісі, бір тасаға кетеді. Алдына аңдап түсіріп, сегізін ұстап алады, сегізін бірдей бауыздап, жосадай гып салады. Бәйдібек бай артынан, бір ұлымен келеді: – Балаларың тіл алмай, осы жерден жөнелді. Балаларың мерт болды, қайтпайтұғын серт болды, барып қара ұлыңды, жалған деме мұнымды. Бәйдібек те жөнелді, қайта оралып келеді. «Балалар тегіс өліпті», деп жауабын береді. Домалақ енем бас болып, сүйреткі сап айғырға:*

¹³ Сонда, 111-112-бб.

¹⁴ Сонда, 114-б.

¹⁵ Сонда, 114-б.

¹⁶ Сонда, 115-б.

¹⁷ Сонда, 116-б.

– Өлгенге енді қайғырма, деп жұбатып әл беріп, дереу жинап өлікті, бір жерге әкеп көміпті»¹⁸.

Домалақ ананың ақылына Ж.Жабаев ерекше тоқталады: «Домалақтай енемнің, Қасиеті көп еді. Таңға жуық болғанда, жылқың келер деп еді. Ел ұйықтап жатқанда, түн ортасы болғанда, «Құрайт» салды Домалақ. сары айғырдың даусына, тас жаңғырды домалап. Таң сарғайып келгенде, қалың жылқы шұрқырап, келеді шаңы бұрқырап. Көшіп ауыл жөнелді, күндіз-түні тыным жоқ, тыным қылған күні жоқ. Кіші жүз бен Орта жүз маңына барып қонады. Домалақ сонда толғатты, сырық-бақан орнатты. Беубеулетіп ананы, бала келді дүниеге. Ашылып ана қабағы, қолына алып баланы, бар денесін қарады: Еркек бала тауыпты, бірақ басы жаралы, ана болды назалы. Сары бәйбішеден болғанын, сонда ақылмен табады. Кіші жүз бен Орта жүз, Бәйдібекті көшіріп аламыз деп ауылға, ат терлетіп келеді. Кіші жүзде көпке аян, бір оташы бар еді. Кейде еміп, кейде ембей, талып жатқан баланы оташы кеп көреді. Суық қолдың орны деп, жарық жерін басының, ойып алып оташы – тасбақаның сүйегін, жамап соған егеді. Бала оңалды үш айда, төбесі жарық болды деп, «Жарықшақ» деп қойды көп. Жарықшақтан туды үш ұл: Бірі – Дулат, бірі – Албан, Бірі – Суан білсең, бұл. Бұрынғыдан естіген, ата жайы, ел сөзі. Домалақтай ананың, ата жайын ұқпастан, құр мақтанға жармасқан, сен Дулаттың бір езі»¹⁹.

Ақын Сарыбасқа былай дейді: «Қайда сенің түп бабаң, тұлпар мініп, ту алған?! Мен Шапырашты ұлы едім, алтыннан қылыш сермеген! Көп Дулаттың баласы, рас, сенен аз едім, аз да болсам, аз едім. Топты жерге барғанда, саулап тұрған сөз едім! Жаулы жерге барғанда, атамын деп оқталған көк береннің өзі едім! Келді менің кезегім. Келсе, айтайын шешіліп, кезекті бермей манадан, өртенді менің өзегім. Сақалыңмен жалтылдап, тересің Жамбыл тезегін. Шапырашты мен едім, қалың Дулат сен едің.

18 Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы.1-т. — Алматы: Ғылым,1996. 116-117-бб.

19 Сонда, 117-118-бб.

Аз да болсам, қашан сен ширегіме кеп едің?! Бір қадалған жерімнен, қан алмай кетер демегін»²⁰. Айтыстың осы жерінде Саурық батыр туралы ақын былай деп сипаттама берген: «Асыл, гауһар кеткен жоқ, әсте менің жерімнен. Саурық шыққан басынан, көк шыбықтай иіліп, ерлік қылған жасынан. Батыр Саурық²¹ дегенде, күндік жерден дұшпанын, дабылымен қашырған! Ал, ол Саурық, дегенде, қалтырамады қандай жау. Қарсыласып келгеннің, қайтқаны бар ма аман-сау?! Мінген атын жаратқан, жұртты аузына қаратқан, қылышы қия шабылған, жүйрік аттың бәрі де, пұшпағынан сабылған. Найзасын тасқа түйреген, мақтанбағын, Сарбас жан»²².

Саурық батыр туралы тарихи түсініктеме де келтірілген²³. Жамбыл ру арасындағы тарихтан ұлт намысын қорғағандарды алға тартады: «Қалың Дулат көргенде, қорқып, бұққан сиқынан! Сұраншыдай батырдың, жан жұрмеген шенінен. Алмастан соққан ақ қылыш, еш кетпеген белінен. Ашуланған кісіге, қабағы жаман түйілген, досы қатты сүйінген, дұшпаны жаман күйінген. Сұраншыны көргенде, аузын ешкім ашпаған, аяғын қадам баспаған. Қарсы келген кісіні, сүйретіп жерге тастаған. Сабырлықпен саспаған, көлденең атқан мылтықтан, жан сауғалап қашпаған. Тілеуқабыл, Майемер, Сарыкемерде шабылған. Қоқанның ханы Құдиярға, Албан, Дулат жиылып, көп болғанда, не қылған?!»²⁴.

Тарихтан белгілі оқиғалар осы ретте нақты айтылған. Елін қорғаудан гөрі қара басын сауғалағандар туралы Ж.Жабаев былай деп айтады: «Үш бөлінді бұл Дулат: бір бөлігі Іле өтті, Айсаның қарын өрледі. Батыр деген Сыпатай, жау қарасын көрмеді. Сыпатайдай батырың, қашқаннан соң өлгені! Сарбұлақтың қасында, Аңырақайдың басында,

20 118-119-бб.

21 Саурық Ыстанбекұлы (1798-1854) – Ұлы жүз, Шапырашты тайпасының атақты батыры, Қоқан хандығы мен Қырғыз феодалдарының шапқыншылығына қарсы шаруалар қозғалысын басқарған.

22 Сонда, 120-б.

23 Сонда, 119-б.

24 Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. I-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 120-121-бб.

қоянға ұсап ерлері, тығылған жерден келмеді»²⁵.

Ел қорғаны бола білген Сұраншының ерлігі туралы былай делінген: «Жауға біткен асыл ер, найзасын тасқа таянды. Қасқарауда Кәрібоз, Баукеменен екеуі – Сұраншыға барады: – сенен қайрат болмаса, тағы да жау шабады. Біздің Дулат көп жылап, сенен басқа пана жоқ, баруыңды тұр сұрап. Батыр деген Сыпатай, Аңырақайдан шықпады, жалғыз басын жүр ұрлап. Сенен қайрат болмаса, ел намысын, ел кегін, жоқтар кісі болмады. Шағатайдай халықты, жібермеді Тойшыбек, барайын десе, барма деп. Ойлағаны оның тек – өз қамы зой, оңбады»²⁶.

Сұраншы батыр туралы мағлұмат осы ретте келтірілген: «Сұраншы Ақынбекұлы (1815-1854) – Ұлы жүз Шапырашты тайпасының даңқты батыры, Жетісу жерін Қоқан хандығының қысымынан құтқару жорықтарында қолбасшы болған»²⁷. Сұраншының тұлғасы келесіндей бейнеленген: «Жауды көрсе қуанған, тұлпар мініп, ту алған. Дұшпанды жерді көргенде, миықтан күліп қуанған. Сұраншыдай батырға, Қасқарауда Кәрібоз, Бауке келіп жылаған: «Жүр, батыр!» деп сұраған. Жауды жерде тап берген, дұшпанға жетер жақ берген, таңдайына сөз берген, асыл гауһар жалтылдап, от ұшқынды көз берген. Құтылар ма сенен жау, қан майданда кез келген. Қатын, бала кетті деп, жарамдысын алды деп, сенен қайрат болмаса, бердік жауға арды деп, айтқан сырын оңаша. Көп Дулаттың баласы, көп болғанмен күші жоқ, шабылған елде ісі жоқ, сенен қайрат болмаса, Дулаттың өңі-түсі жоқ. Құлағың сал сөзіме: баққа біткен батырсың, қырылып біз жатқанда, қайтып шыдап жатырсың?! Найзаңды тастан өткізген, артық туған ұл едің. Сенен қайрат болмаса, ажалымыз жетті деп, қыз-келінішек, қыруар мал, жау қолында кетті деп. Сенен рақым сұраймын, айтпай қалай шыдаймын. Қалың Дулат дегенмен, жауды көрсе жасызған. Бақыт берген жігіт ең, даңқың шыққан жасыңнан. Қырық мың қолға қаймықпай, қарсы шығар

²⁵ Сонда, 121-б.

²⁶ Сонда, 122-б.

²⁷ Сонда, 122-б.

ешкім жоқ. Атыңа мін, батырым, жәрдем берер бір Құдай!.. Жауға шабар кім қалды?! «Тек», дейтұғын кісі жоқ. Қалың Дулат белгілі, ерлігінен саны көп, жауға шабар жаны жоқ, жаудан қорқып жосыды, Аңырақайда тағы боп. Жылап, шулап біздің ел, деді саған хабар бер!»²⁸.

Саурық батырдың тектілігі туралы Ж.Жабаев былай деп толғанады: *«Мұны естіген батырдың, Түгі шықты сыртына, тілі сыймады ұртына. Жаудың көріп қырғанын, жаны ашыды жұртына. Қол ұстасып келгенде, қалың қазақ өз елім! Ел намысын қорғамау – ер жігітке ез өлім! Қайраты тасып батырдың: арыстандай ақырды, жолдастарын шақырды. Қасына үш жүз қол ертіп, ақтұяққа мінеді, он мың қолға тиеді. Үш күн, үш түн соғысып, жауды шөптей жапырды. Қырым-жойып қалғанын, ел шетінен қашырды. Жау шапқанда өз елін, жымиып қашқан қояндай, Дулаттың батыр дегенін, сол уақытта сақтаған, Сұраншы біздің ер еді! Кәне, осындай ерді айтпай, Жатқа намыс бермеген, құр созасың өңешті. Байларын айтып еліңнің, қолынан түк келмеген. Дулат деген ел екен, Жадағай, жайдақ дер екен. Шапырашты ел екен, батыр туған дер екен! Ерегіскен дұшпанды, Найзаменен шанышқан. Күні-түні тынбаған, дұшпаннан сағы сынбаған»²⁹.*

Сұраншы батырдың істері мен тұлғасы туралы: *«Жауды көрсе тап берген, маңдайыңа бақ берген. Шешен қылып жақ берген, өзіне еркін шақ берген. Қырық жасқа келгенше, сөзін жаман демеген. Ешбір төре еріксіз, шеніне оның келмеген. Ерлік пенен намысқа, ат бауырын бермеген! Жандаралдың алдында, қаймықпай сөзін жөндеген. Төре, қара жиылып, құм төбедей үйіліп, ешбір адам болмады, Сұраншы білсін демеген! Қайрап қойған ақ болат, сермегенде жау кесер, жаудан асып тау кесер. Тастан өтер қылышы, қырық тоғызға келгенше, ерлігі оның өрлеген»³⁰.* Осы ретте Ж.Жабаев Саурық батырдың ел ішінде жас кезінен мойындалғанын еске алады: *«Есқожа*

²⁸ Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы.1-т. – Алматы: Ғылым,1996. 122-124-бб.

²⁹ Сонда, 124-125-бб.

³⁰ Сонда, 125-б.

деген елімнен, ерлер шыққан еңіреген кім келген менің шеніме?! Саурық та менің батырым, он жеті жасқа келгенде, аттың қонды беліне, белгілі болды еліне»³¹.

Айтыстың келесі толғауы тарихты еске салуымен құнды. Осы ретте Жамбыл жырау қазақ тарихының күнгірт кездерін былай деп суреттейді: «Жетісуда қазақтың көрген күні кем еді. Жан-жағынан күнде жау, елге тыныштық бермеді. Бір жағынан қалмақтың ұрылары талады. Бір жағынан қырғыздың Орман ханы ойқастап, күнде мазаны алады. Үшінші жақтан Қоқанның Бегілер бегі қоқаңдап, әскерімен топырлап, ауыр салмақ салады. Күнде тонау, шабыстан, ел титығы құрыды. Мал мен жаннан түңілді, жер мен судан қуылды. Ел басына күн туды. Қатын-бала, жас-кәрі, беті жаспен жуылды. Міне, сондай заманда, екіталай күн туып, ел қыспақта тұрғанда, ел намысын жоқтаған батыр туған кім еді?! Ел шетінен жау қуып, ерлікпен қайрат жұмсаған, батыр туған кім еді?! Қалың жаудан қаптаған, қаймығып беті қайтпаған. Ел тыныштығын сақтаған, халқы сүйіп мақтаған. Ардагер батыр кім еді?! Саурық еді, арыстан, Туысы Шапыраштыдан. Дулатпын деп мақтанба, кеше елді шапқанда, сақтап қалған кім еді, қырғын, талау, шабыстан?! Саурық еді, ардагер, туа бермес ондай ер! Дулатпын деп, көпсінбе, бай, бекпін деп тепсінбе! Саурықтай болат батырдың, алтын нұр толған ішіне. Жаулы жерге барғанда, кіреді екен күшіне. Мың қарғаның тұяғы бір тұйғынға өтпейді. Ашуы келген жерінде ойран салмай кетпейді. Тамам қарға жиылса, бір сұңқарға жетпейді. Саурықтай ер батырым, маңдайына бақ берген. Дұшпанды көрсе өшігіп, талқандауға тап берген! Амалменен ер Саурық, шөгіп жатқан Орманды пенде қып алдына ап келген. Көбелектей көп Дулат, көптігіңмен ісің жоқ, дұшпанға қылар күшің жоқ. Мың болсаң да бір гана, Саурықтай берен кісің жоқ! Жау жағына ел бермей, дау жағына сөз бермей, қай дұшпаның кетіп еді, Саурық ерге бой бермей. Сауыт-сайман сайланып, жалаң қылыш байланып, найзасын тасқа түйреткен, Саурыққа ерден

³¹Сонда, 125-б.

кім жеткен?! Ашуы жерді күңіреткен, жігіттің бәрін түзеткен. Маңдайына бақ берген. Саурықтай күшті батырға, Дулат түгіл қазақта, кім бар еді шақ келген?! Аз Шапырашты мен едім, елдің шетін қыстаған, Көлденең найза ұстаған, дұшпанынан қашпаған, ақыл, қайрат іс қылып, кезеңді жерде саспаған. Ерегіскен дұшпанды тарттырған қара текедей, шоқытып қана тастаған. Шапырашты мен едім, етімде бар тірлігім, бойымда бар бірлігім!»³².

Ата данқын еске салған ақын былай дейді: «Ақ найзаның басына, желекті ту байладым. Қаптаған қалың жауыңды, бір шыбықпен айдадым. Уа, қауым жұрт, жиылған! Ақылменен ойлаймын: ешкімнен сағым сынбады, ерегіскен дұшпанды – түбіне жетпей тынбадым»³³.

Ақын өзінің толғауы туралы былай деп осы сөздің күдіретін бейнелейді: «Ағыным ақбоз аттың арынындай, дауысым аққан судың сарынындай. Екі бетте тамтық жоқ, Құдай ұрған, қазып алған қурайдың орынындай. Мен сөйлеймін адырдың өріндей боп, орыным, үлкен үйдің төріндей боп»³⁴.

Айтыста қарсыласын тарихи мағлұматтармен жығуды Ж.Жабаев орынды колданады: «Жұртқа аян менің дабысым, кеткен жоқ жанға намысым. Би-болыстан кем емес, жөні келсе танысым. Бәйге атынан кем емес, екпіндесе шабысым. Мақтана берме, сен Сарыбас, ерегесіп Саурықпен... Сөз мәнісін қарашы, кешегі дәу Сыпатай, Ботпайдың ол баласы. Оны Ләшкер Құсбегі, таңып алып арбаға, өлтірем деп әуре еткен, «Өлім» десіп жазасы. Сыпатайдың «жазығы», қалмаққа қашып кетті деп, Дулаттың салған жаласы. Сонда сенің Дулаттың Саурыққа келіп жалынды. Сенен қайрат болмаса, Сыпатай батыр кетті деп, Сыпатай бұған не етті деп. Саурық батыр барыңыз, зарға құлақ салыңыз. Деген сөзді есітіп, Саурық барды артынан. Сыпатайды босатып, алғыс алды халқынан. Саурықтай шын батырым, көзіңді

³² Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы.1-т. – Алматы: Ғылым,1996. 125-127-бб.

³³ Сонда, 128-б.

³⁴ Сонда, 129-б.

оттай жандырған. Ерегiскен кiсiнi ес-түсiнен тандырған. Атты мiнген қылаңнан, сұлуды құшқан бұраңнан, жiгiт жiгiт өндiрден. Жалаңдатқан найза ұшынан, қай дұшпанға ежелден кетiп едi намысың?! Жер жарады дабысың, Саурықтан асып нең кеттi, қолыңдағы асылдың бiлмейсiң гой мәнiсiн... Саурықтай бiздiң батырдан, қозғайын оның затынан. Саурық барып жауды алса, сөздi шешiп дауды алса, iлесушi ең артынан. Мойны озған ерлер гой, қатардағы халқынан. Айбаты оның кем емес, темiрден соққан талқыдан. Жауды көрсе тоқтатқан, дауды көрсе сөз тапқан. Елге залал қылмаған, шашылғанын жинаған. Меймандарын сыйлаған, қай iсi бар Саурықтың, бұл халыққа сыймаған?!»³⁵. Ата даңқын, тектiлiгiн алға тартқан Жамбыл жырау осылай жеңiп шығады.

Майкөтпен айтысында Ж.Жабаев iзеттiлiктi сақтап былай дейдi: «Сәлем, уағалайкүм, Майкөт аға! Есiтiп дауысыңды келдiм жаңа. Алдынан үлкендердiң өтпейiн деп, аялдап, әдеп еттiм бiр аз ғана. Сiз бе едi, ақын аға Майкөт деген. Бiр сөзi бiр сөзiнен қайта өтпеген. Саңқылдап сарайыңнан өлең шықса, именiп өзге ақындар бәйпектеген. Келiнсiз бiздiң елге әдейi iздеп, мейманды құрметтейтiн кәдеміз ед. Сүйреңдеп алдыңызда сөз сөйлемей, етейiн деп ойладымыз, әдеп-iзет. Сөйлеген аға тұрып iнiден без, ежелден елде сондай бар едi сөз! Аралау ағайынды бiр бұл емес, әлi де сiзбен талай болармыз кез»³⁶.

Бақтыбай ақынға да Ж.Жабаев iзеттiлiк көрсетiп: «Әуелi сәлем берейiн, Жасыңыз үлкен аға деп. Өлең сөзге желейiн, тұрғанында шама кеп. Бойда қайрат барында, ойдан өлең төгiлсiн... Алдыңызда сөйлейiн, өлең бойы көрiнсiн. Егер сөзiм ұнаса, оң батаңыз берiлсiн. Ұнамаса өлеңiм: онда менен жерiрсiң. Мен жөнiмдi айтайын: Шапырашты елiнде, Қарақыстақ қонысым, Майтөбенiң төрiнде. Өлеңменен шырқадым Алатаудың өрiне. Тастап кеттiм бiр сарын, қырғыз, қазақ елiне. Қаздай қалқып ерiнбей өлең тердiм жасымнан, Майкөт ақын, Құлманбет, орын бердi

³⁵ Жабаев Ж. Екi томдық таңдамалы шығармалар жинағы. I-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 129-130-бб.

³⁶ Сонда, 132-б.

қасынан. Майлықожа, Құлыншақ, пірім еді бас ұрған!
Айтқандары нұсқа еді, сөз жаралған асылдан! Айтар
сөзім қысқа еді. тоқтатайын осыған»³⁷.

Сары ақынмен айтысында Ж.Жабаев қарсыласын бірден беттен алып былай дейді: «Сарыкемді³⁸ састырып, Сүйекемнен³⁹ сүрінген. сізге жауап берейін, жақтырсаңыз, бүгін мен. Ақындарды жеңгенде, ісіңіз оңға жүргізген. Сүйекемді көргенде, жүрегіңіз түңілген! Соның ебін таба алмай, ой алысқа үңілген. Жеңілгенді намыс қып, аш беліңіз бүгілген. Сүйекем жоқ бұл жерде, дәрі берер тілінен! Сол емес пе шешуі. өзіңізге-ақ, жүгінем»⁴⁰.

Бөлтірікпен айтысында Ж.Жабаев тоқетерін былай деп алға тартады: «Уа, Бөлтірік, Бөлтірік!⁴¹ сөз жүйесін келтіріп, бір сөйлесең нетеді. Сүйегімді жасыттың, кетейін бе, «өлтіріп!» қалай жасып қайтайын, осы өңірде сен тұрып. Ақын атың бар еді, сөйлесеңші серпіліп! Жасыл жайлау, ақ орда, қалсын біраз желпініп. Неге отырсың үндемей, Дәркембайдың алдында, дәтің бармай іркіліп?!»⁴².

Жамбыл мен Шашубай айтысында да тектілік алға шығады. Шашубай былай дейді: «Ақынның сүйір келер тіл мен жағы, іркілмей осы күнде сөйлер шағы. Көрмекке бізге уажып⁴³ нұр дидарың, Жетісу, аманбысың, ел саңлағы?!.. Сұрасаң, менің атым Шашубаймын, болғанмен үйде кедей, түзде баймын. Баласын Орта жүздің айдап жедім, қалтамның түбі тесік байымаймын. Желге ұқсап, ұйытқып соққан зуылдаймын. Ешнәрсе сондадағы тындырмаймын. Саңлағын Жетісудың көргеннен соң сағыңды өлең жақтан сындырмаймын. Сайратқан Орта жүздің бұлбұлымын, табаным қызған сайын бұлдырлаймын»⁴⁴.

37 Сонда, 135-б.

38 Сарыкем – Сарыбай би.

39 Сүйекем – Сүйінбай ақын.

40 Сонда, 1-т. 136-б.

41 Бөлтірік – ақын, Ұлы жүз, Албан ішіндегі Қызылбөрік. Ол 1870 жылы қазіргі Кеген ауданы Қарабұлақ деген жерде туған. 1928 жылы қайтыс болған. Әкесінің аты Атыхан.

42 Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 137-б.

43 Уажып – араб сөзі – міндетті болған іс.

44 Сонда, 145-146-бб.

Шашубай қарсыласының тектілігін де айта кетеді: «Сұраншы қарсы шыққан атқан оққа, Шашубай көп сөйлеген талай топқа. Компания, Байбұлан, той қылыпсың, бізбенен қармасарға ақын жоқ па?! Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын! Халқымның топтан озған дүлдүлімін! Ұлы сарын жүйіріктің біреуімін, жұртыма жән көрсеткен үлгілімін!.. Орта жүз Ұлы жүзден көп келеді, бәрі де Орта жүздің бек келеді. Аянбай барың болса қамдана бер, шапандай қанжығаға бөктереді. Бәрі де көрініп тұр, беп-белгілі, мақтанба, көрмегендей к... белгілі. Ақсұңқардай қырындап мен тұрғанда, тышқан алған мақтайды бөктергіні. Арқада мен айтайын салдығымды, мұнда келсем бек, төре хандығымды. Ашулансаң аспанды тастап жібер, сен де аянбай қимылда барлығыңды... Сөйлесе сөз келеді Шашубайдан, сен оңайсың Жамбылым, ішкен шайдан. Байлығым мен бектігім сенен артық, бір зырқырап жүгірейін әлдеқайдан... Басамын осыменен қарқыныңды, аузымнан шығарайын алтынымды. Ерден шыққан қатындай неме екенсің, езермін бала құстай алқымыңды!»⁴⁵. Оған Жамбыл былай деп жауап береді: «Зырқырап Жамбыл сөйлесін, өрге жүзген қайықтай. Сынға түссін сөзіміз, осы отырған, халыққа-ай! Бақ дәулетім басылма-ай... Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, соларға кезек бермеген, Ұлы жүздің ішінде Ұраным менің Қарасай! Қарасайдың ұлымын, айтулының бірімін! Нар кілемнің түгімін, қызыл тілін безеген, найзасын тасқа егеген! Алды-артыңды буамын, сені асырмай кезеңнен!»⁴⁶.

Ақындар айтысына төрелік еткен Жырау Жамбыл ұстаздың батасын Нұрилла ақынға былай деп береді: «Жамбылдың жасы жетті жетпістерге, мұндай бала көргем жоқ өткір тілге! Дауысың көкке жетіп, аспанға өрлеп, естідік әуезіңді бір түн бізде. Олай болса тоқтату мүмкін емес, бар, шырағым, рұқсат бердім сізге. Қара табан болғанда қарашығың, шақырармын, кел сонда біздікіне! Сөзіңнен сорғалаған тамады алтын, аңқылдаған

⁴⁵ Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 147-151-бб.

⁴⁶ Сонда, 151-152-бб.

адамға көңілің жарқын! Бала жастан өлеңге Жамбыл құмар, басылатын жайым бар әнмен мауқым. Тербеткен жүрегімді жас баладай, құлағымда тұрады осы даусың! Барғын, балам, аман бол, жолыққанша, бәрекелді! Үстіңе көп нұр жаусын!»⁴⁷.

Совет заманында Саурық батырды үлгі етіп көрсету Жамбыл Жабаевтың ата-бабаның ерліктерін еске салу ғана емес еді. Ата-баба даңқы мен тектілігі туралы Ж.Жабаев былай деген: «Ел көшкенде қазынасын, алтыс нарға арттырған. Асыл кілем жаптырған, жібектен арқан тарттырған, әлемді алып байлығы, әсемдігін арттырған... Ағысы судай өрлеген Сұраншы, Саурық батырым, шеніне дұшпан келмеген. Ақ кіреуке жамылып, ат кетпеген кермеден... Қилыбай ұлы Қожамбет, көк берендей түтеген, көкірегіне Құдайым, тоқымай нұрды бітеген. Айға білеп ауызын, аспанға қолын сілтеген!»⁴⁸.

«Саурық шыққан басынан, көк шыбықтай иіліп, ерлік қылған жасынан. Күндік жерден дұшпанын, дабылымен қашырған... Қылышы қия шабылған... Найзасын тасқа түйреген»⁴⁹. «Сұраншы, Саурық батырым, шетіне дұшпан келмеген. Ақ кіреуке жамылып, ат кетпеген кермеден. Қамын ойлап халықтың, тар кезеңді бермеген»⁵⁰ (том 1, 1996). Сұраншы батыр, Сарыбай би туралы тарихи мағлұматтар құнды болып табылады. Совет кездегі қазақ тарихы бұл есімдерді ол кезде атамайтын.

«Сұраншы Ақынбекұлы – XIX ғасырда Жетісу жерін Қоқан, Хиуа хандықтарының басқыншылығынан құтқару жорығында үлкен ерліктер көрсеткен батыр. Сарыбай Айдосұлы – XIX ғасырда би болған, Шапырашты Екей руынан. Ол Жетісу жерін Қоқан, Хиуа хандықтарының басқыншылықтарынан азат ету жорығына қатынасқан, Сайрам қаласында жараланған»⁵¹.

⁴⁷ Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1996. 1-т. 166-б.

⁴⁸ Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы: Генезис. Стилистика. Поэтика. Оқу құралы. – Алматы: Ғылым, 2001. 155-б.

⁴⁹ Сонда, 152-б.

⁵⁰ Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1996. 1-т. 75-б.

⁵¹ Сонда, 77-б.

Ж.Жабаев Құлманбетпен айтысында былай деген: *«Сұраншы, Саурық пенен жаудан өлген, халық үшін шайт болып жанын берген. Елді қорғап өлгеннің арманы не, қалың қазақ құрметтеп соңына ерген»*⁵².

Халық мүддесін басты санау – ер үшін ең басты абырой екені осылай айғақтала түседі. Тура осындай пікір ақынның айтыстарында да орын алған. Досмағамбетпен айтысында: *«Шын қызсам, сөзім – жалын, домбырам – найза», «Құйындап көкке шапқан мен бір пырақ», «Өткір қылыш алмаспын», «Ағып бір жатқан селдеймін». «Сөз атасы Сүйінбай»* деп қадірлеген ұстазын Ж.Жабаев саңқылдаған сұңқарға, ал өзімен айтысып отырған Досмағамбетті жалаңдаған аш бөріге, шықылдаған сауысқанға ұқсатады. *«Менің пірім – Сүйінбай, сөз сөйлемен сиынбай. Сырлы, сұлу сөздері, маған тартқан сыйындай. Сүйінбай деп сөйлесем, сөз келеді бұрқырап, қара дауыл құйындай»*⁵³, – деген.

*«Сүйеке, сүйенішім, өнерпазым, әйгілі, ақылгөй, желді сөздің. Әкежан, сен де тіле, бата берсін, балаңа өлең қонып, атақ ерсін! ...Батаңды маған бер, әке, тіліме менің ер, әке! Жапаның ұлы ақын боп, жақсы істепті дер, әке! Домбыра алып сөйлейін, күнде жасап мереке. Мерекелі болған соң, елде болар береке. Ұрлық түбі – қорлық деп, болармыз құр келеке»*⁵⁴.

Асыл сөз туралы ақын былай дейді: *«Жайдың оғы», «Сөз дауыл», «сөз қанжар», «сөзбен жанын емдеймін», «қызыл тілін безеген», «найзасын тасқа егеген». «Сөйлесем, өленімді түптеп бермен, Құйылар сөз нөсері көктен, жерден», «Ағыным ақ боз аттың ағынындай», «Дауысым аққан судың сарынындай». Асыл мен ер сөзі көбіне қатар қолданылған: *«Сұраншы біздің ер еді. Қабағы жаман түксиген, досы қатты сүйінген. Душпаны жаман күйінген... Сауыт-сайман сайланып, жалаң қылыш байланып, найзасын тасқа түйреткен, саурыққа ерден кім жеткен?»*. Сондықтан: *«ерліктің оты», «тілім – шырын, жырым – кент». «Өлеңім топан суындай», «Сымға**

⁵² Сонда, 1-т. 78-б.

⁵³ Сонда, 8-б.

⁵⁴ Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 24-б.

тартқан күмістей», «өткір сөзім қылыштай, қырандайын қалықтап, ақ бөкендей желгенім». «Бүркіттей қанат қаққан қарлы аязда», «Таудан соққан дауылдай, сорғалап құйған жауындай».

Ж.Жабаев дастандарында асыл сөздің көркемдігін ұстанған. Сөзді нақты қолдана білуді ақын өзіне ұстаным етіп алған. Сондықтан өзі туралы былай дейді: «Қазақтың тиеп алған көп мақалын, мен өзім көпті көрген ақсақалмын», «Өтеген батыр» дастаны былай басталады: *«Ақ көбікке оранып, толқыны тоқсан бұралып, арықтай аққан арналы, Жамбыл бір жыр жырласын. Жұрт хикая тыңдасын, Өтеген батыр туралы. Хикая емес бұл өзі, өз жанымнан шығарған, есімде жоқ осы жыр – қайдан, қалай алынған. Мұны, ызыңдап даладан, – жырлаған, ескен жел маған. Бұл жырды мен естігем – тағы құлжа үнінен. Бұл жырды мен естігем – бұлбұлдың тәтті күйінен. Бұл жырды мен естігем – Ер Өтеген туралы, Саңқылдап шыңның қыраны, Аңыз еткен күнінен. Бұл жырды мен естігем – тулаған толқын дөңінен. Бұл жырды мен естігем – Шөбінен, дала гүлінен. бұл жырды мен естігем – жұлдыздың аққан көгінен. Бұл жырды мен естігем – өрінен ескен желінен. Бұл жырды мен естігем – сай-саланың шегінен. Бұл жырды мен естігем – безіп жүріп ауылдан. Бұл жырды мен естігем – жыршыдан, ақын қауымнан. Жыл айналып, жыл озып, Өтеген өліп, қол үзіп, Сапар шекті келместей. Алайдағы тарихтың, ауызында халықтың – аңыз қалды өлместей»⁵⁵.*

Батыр тұлғасын ақын былай бейнелейді: «Жолбарыстай қарулы, қырандайтын қырағы, арыстандай айбарлы».

«Өтеген батыр» жырындағы тарихтағы ер тұлғасы туралы былай делінген: *«Өсті батыр тұлғалы, жолбарыстай қарулы. Қырандайын қырағы, арыстандай айбарлы. Жүз кісінің ішінде, ол бір жүрген дөрегей, бір өзі батпан бірегей. Аң аулауда, бәйгіде, атағы шыққан әйгілі. Жан еді бір думанда жабықпаған жалғанда. Мейірімді ана иетін, бөбегін сүйіп өрімін. Сондай-ақ о да сүйетін, көшпелі қазақ өмірін»⁵⁶.*

«Өтеген батыр» (хикая) деп аталған тарихи толғауда

⁵⁵ Сонда, 168-169-бб.

⁵⁶ Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 169-170-бб.

(1-том. 168-195) Тарихи оқиғалар былай суреттеген: *«Жетісу қазақ қонысы ед, мамығы майда оралған, күндер болған бір кезде сол жер қанға боялған. Бір кездерде алакөз – болған сол жер аймағы. Ұрыс-қағыс болған кез, қырғыз, қазақ, қалмағы. Найза ұшталып тұлпарлар, жортып, жебе жарқылдар. Күндер болған өлікке. Қара қарға қарқылдар. Он сегізінші ғасырда, далада, қырдың басында, ақ жағалы, жез топшы, патша⁵⁷ жорық ашуда. Дүре соғып дүрілдеп, бүлдірген елді біріндеп, атуға да, асуға. Көшпелі елді қырғандай, бұзып, қырып, өртеді. Ол күн қара борандай, болып кетті ертегі. Еміренген дала күңіреніп, жайлауларда, тауларда, Жетісу бойы тебіреніп, қуырылған патша, хандарға. Өтеген сонда ойқастай, талабынан таймастай, ызаланып, өршігіп, тұлғыбы тола тершігіп, бұл өртке оған болмады, халықпен бірге жанбастай. Күшінен бірақ танбады, суарылған алмастай»⁵⁸.*

Батырдың билік пен халық арасындағы ел қорғаушысы екені осы ретте анықталады: *«Жұрттан бұрын ол сезді. Қайғыға халық түсерін. Патша алдында бас иіп, хандардың ант ішерін. Өтеген сезді хандардың, арам, насық ниеттерін. Халықты сатып, патшаның, киерін шенін, шекпенін. Ер Өтеген олардан, қорықпады – шынықты. Ұзақ сапар шегуге, дайындады жорықты. Жинап болып нөкерін, жарқылдады ол қырандай. Батыр барлық халықпен, ақылдасты, ұрандай: «Арыным – батыр арыны, дабылым – халық дабылы! Ақ жағалы патшаның. Жақындап тұр жорығы. Жетісуға жендеттің, түскелі тұр құрығы»⁵⁹.*

Батыр жай ғана қорғаушы емес, сонымен қатар ел тағдыры үшін жауапты тұлға екені былай суреттелген: *«Өтегеннің талабы, келген кезде кезегі, дүние жүзін кезеді. Қара қазан, сар бала, қамы үшін қамдана – қонысқа жер табады. «Мен табамын-табамын, бұлақ аққан жерлерді! Көгі көктеп, гүл жарып, құрақ атқан жерлерді! Төрт*

⁵⁷Патша – XVIII ғасырдағы Ресей мемлекетінің әскери әкімшілігі.

⁵⁸ Сонда, 170-171-66.

⁵⁹ Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 171-б.

түлікке ыңғайлы, толқын көлі, тоғайлы, көгінен нәубет, жерден нұр, құлап жатқан жерлерді. Жұт болғызбай, құт қонған, қой үстіне боз торғай, жұмыртқалап, бақ қонған, сүйікті қазақ халқына, ұнап жатқан жерлерді! Өтеген қарап жатпады, пайдасыз сөз айтпады. Ұрандап елді шақырды, батыр кірпік қақпады. Елу жігіт бел байлап, мақұлдасып, ыңғайлап, ақылға айтқан тоқтады»⁶⁰.

Бағыр бір шеті Қытай, бір шеті Еділ арасында қазаққа жайлы қоныс іздейді: «Ол кез Ресей патшасы, Еділге бұғау салғаны. Сезілді езіп зарлатқан, салғаны елге найзаны. Осыдан бастап патшаның, тігілді орда, іргесі. Көшпелі қазақ еліне, ол орда болды түрмесі. Арандайын ашылды, қорқау патша құлқыны. Қызды күң ғып зарлатып, айдап алды жылқыны. Онан да әрі алғалап, Өтеген батыр айқайлап, түсті Сыпыра жортуға, дабыл ұрып жарқылдап. Тағы тау, құз жол тосып, алдында жел аңқылдап, үйсіз-күйсіз Өтеген, Жиһан кезіп ертеден, кешке дейін салпылдап. Суыққа тоңып, қысты күн, ыстыққа күйіп, жазды күн, қобызындай Қорқыттың, безілдейді қалтылдап. Таң атып, күн батқаниа, жұлдыз сөніп жатқаниа, жел аударған қаңбақтай, жортуылда жортақтай. Аттың басын тартпады, су суалып, шөп қурап, күн жер көнін қақтады. Сол жердің барып шөліне, Өтеген қазақ еліне, қоныстар жерді таппады! Аттың басын доғарып, тойғызып, жемдеп суарып. Өтеген енді бет қойды, Ақтөбеге қайтқалы»⁶¹.

Қазақ даласын кезіп еліне қуатты қоныс іздеген батыр былай деп толғанады: «Мен халқымды сүйемін, оған қоныс табармын, шалқып жатқан шалғынның, шұрайлы жерін алармын!» деген ойда маужырап, Өтеген отыр тұнжырап. түн көрпесін тұйықтап, үнсіз дала, көк шатыр, астында аспан жұрт жатыр, жігіттер қалды ұйықтап. Көктегі нәзік алтын ай, құлындай сұлу айқын ай! Жұлдызды көгін жайлауын, жайлаған жанып жарқырай. Тынышы кете жыбырлап, сөйлескендей сыбырлап, жұлдыз бен жұлдыз қалтырай»⁶².

Ер мұраты деген ұғым осы ретте айғақтала түседі: «Мен

⁶⁰ Сонда, 172-173-бб.

⁶¹ Жабаяев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 174-175-бб.

⁶² Сонда, 176-б.

бір батыр Өтеген, Жетісуда жұртым бар. Шалқардан шалқып қайнаған. Қуатты менің халқым бар... Қондыру үшін ел барып, бақыт келіп, бақ дарып, тұратұғын оңдалып, халқымды, қазақ елімді! Қарасам сондай іреңің, сенің де мендей жүрегің, іздегендей тыныш жер. Жүрер шағым жетіп тұр; Ойымда өмір бекіп тұр. Халқым асу күтіп тұр, бөгеме, өткіз, жолды бер!»⁶³.

Батыр айдаһарды жеңіп Ғайып-Еренмен кездеседі: «Қарсы алып, Ғайып-Ерен⁶⁴. деген кәрі көрінді. Аппақ құдай сақалды, жарқыратып ақ басын. Үйдің жары жақпардай, қырау шалған ақ қардай. Сәлем беріп Өтеген, жөн сұрауға төтеден, сөйледі, тіл қатқандай: «Ақ сақалды, ақ шаашты, қария, ата, көп жасты. Жортар жолым мың тарау, шаршадым рас, өң қаашты, маған қажет ел табу, кері қайту, үй табу, жүретін жолым тұйықтау, қиынырақ жол табу. Жиһанда жол көп, я өлу – керек, иә маған жер табу. Жетісу, елім аймағым, қыстауым да жайлауым. Сөзгән алып баратқан, бар жаңалық хабарым. Елім жаңа қонысқа, қонса ұшырап ырысқа. Күткен өмір жайнауын, құмырысқа да илеуін. Шегіртке де жырасын, іздемей ме жайлы орын, бозторғай да ұясын. Әркім жайды көздеген, балық та су іздеген. Халқым үшін мен қалай, сұлу жерді іздемен?! Көрдім, талай көремін, жиһан кезіп келемін. Халқым үшін бас қиып, не де болса көнемін!» деді оған Ғайып-Ерен: «Жолың болсың, Өтеген! Сен мұзбалақ қырансың түйілетін төтеден. Алтайы жүйірік маралдай, қаишаң құтылып, қуғанға қас қаққанша жетеген. Алдыңда сенің майдан бар, оған айтар, айлам бар: Түнде барма үйіңе, күндіз барсаң жайдан бар. Жұмыста да соғыста, ақылыңды ашу қыспасын. Аиушаң болсаң, сол қолың оң қолыңды ұстасын!» Өтеген иіліп, бүгіле, ұқсап туган ұлына. Рахмет айтып кәріге, аттанды жортып жолына»⁶⁵.

Жыланды жеңіп, айдаһарды құтқарған Өтеген батырдың жәйі былай бейнеленген: «Жігіттер жетті қасына,

⁶³ Сонда, 179-180-бб.

⁶⁴ Ғайып-Ерен – ислам діні бойынша, көрінбей жүріп қолдайтын әулие мағынасында.

⁶⁵ Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 184-185-бб.

айдаһардың үстіне. Қараса басын ішіне, жиырып алып, шықпаған. Жыланның басы талпынған, қапталған толып алтыннан. Адам ойлап таппаған, сары құмандай алтынды, Өтеген алып жалқынды, деді Өтеген: «Бұл екен, Айдаһардың сыйы екен, беруге бізге сақтаған. Ізгілік, достық істесек, алтын, күміс береді. Егер қастық істесек, зұлымдық уын төгеді. Ізгі болсақ, біз егер, әділдіктің жолында. Ешуақытта болмаймыз, зұлымдықтың торында. Халық үшін қасық қанымыз, аяусыз болсын жанымыз. Болысалық әрдайым, жетім-жесір момынға. Еңбек еткен емеді, еңбексіз жан өледі. Жалқау болсаң жабылып, жұрт өзіңе күледі». Өтеген батыр атақты, нөкерге осы сөзді айтты»⁶⁶.

Жырау осылай «Халық үшін қасық қанымыз, Аяусыз болсын жанымыз» деген ердің түсінігін айқындап береді. Келесі сынақ – ғайыптан пайда болған сұлулармен кездесу. Бұл сиқырдың сынағынан да батыр аман өтеді: «Манағы келген сұлулар, сиқыр екен деді шын. Ол жезтырнақ болғаны, сұлу боп түнде жүргені, сиқырлана күлгені. Жанды бүред болаттай, тырнағымен бүргені. Біз сөйлесіп тұрғанда, көздері жанды жарқырап. Олар нағыз жезтырнақ. Келгені бізді шолғаны. Жылмаңдаған жезтырнақ, жауызырақ аңдардан»⁶⁷.

«Ортекедей орғытып», «Шыңнан шыққан шынардай» (192. 1-том) жер кезген батыр елі үшін құтты жер табады: «Қоршап алдын тұрғанда, Өтеген батыр түн қатып, қырық күншілік жол қатып, көктей өтіп орманды, тауды, тасты жарғанда. Ақыры, жаздың көктемі, қара орманның көктеуі, түлеп тоғай, шалқар көл, сезілді жаздың жеткені. Бұлақ ағып таулардан, гүлдер жарып баулардан. Тұрған шақта Өтеген, жолды тауып төтеден. Жиделібайсын еліне – көрінді көзге жеткені. – Өтеген сенің іздеуің, жер-жиһанды кезгенің іздегенде осындай – жер еді зой көздеуің! Жер жаннаты кез болды. Көре ме сенің көздерің? Қарашы қызыл арайға, көресің бе, ұнай ма? дақсыз ашық аспанда, балықша бұлттың жүзгенін? Көрдің бе таң шапағын,

⁶⁶ Сонда, 187-188-бб.

⁶⁷ Жабаяев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 190-б.

жердегі гүлдің тізбегін. Малынған бау-бақшада, жемістің жерді сүзгенін. Ауызға түскен жалғанда, жемісі тәтті балдан да. Жерді жыртып егілген, дәмі тәтті дәннен де. Ақ мақтасы – күмістей, жері кілем – пүліштей. Өтеген, анық көрдің бе, мұнан басқа тағы да, бар ма артық іздерің?! Ту тушадай қояны, қырандай ірі торғайы. Көресің бе, әнеки, жсайбарақат малдары. Жайлауда жусап жандары, рахатта жүргенін. Ешкілері жылқыдай, ылағы бағлан тоқтыдай. Ертегі болған Домбай да, осы жерді сүйіп ыңғайға, қоныстауға меңзеген. Меруерттей суында, қаз бен қу жоқ жүзбеген. Туған шақта жаздары, қоңыр ала қаздары, көздеген жерден кез келген. Қазақ халқы белгілі, осы жерден бақыт ілгелі, тұрғандай-ақ сездірген: «Осы жерде, Өтеген, деміңді ал, көзің сал. Кезе бермей қияны, осы жерде деміңді ал!» арпалысқан атынан Өтеген түсіп өрім тал, жанаттанып құлпыра, шөбін иіскеп қарады, жайлы ма деп жылқыға. Жылқыға жайлы емес деп, қайтып келді жұлқына. Жылқыға шөбі жақпаса, жылқыға жайлым таппаса, шоғы сөнген отындай, келмейді деп қалтына. Отыра қалып сол жерде, қоныс таппай бұл елден, Өтеген батыр жылады, балапандай талпына. Ойын күңгірт басқандай, тілегі оның ұшқандай. Алтын ойын мыс қылып, салы суға кеткендей. Астында тұлпар аты өліп, ақырғы демі біткендей, састы батыр сарқыла...»⁶⁸.

«Сұраншы батыр» тарихи поэмасында жырау қазақтың тарихының тағы бір белгісіз беттерін ашып береді: «Ақ домбыра қолға алып, ай мен апта толғанып. Жылға құйған теңіздей, жырдың селі қорланып. Ақ семсердей жалтылдап, шағылысқан күн шалып. Құрағындай айдынның, жел шайқаған ырғалып. Терең теңіз тұнбасы, тұнбада жатқан нұр тасы, таратқан Жамбыл жырды алып. Жиырмада жырға жел беріп, аударған желмен сең болып. Кесегімен қопарып, таусылмастай кен болып. Үздіксіз болған он күн той, тыңдағанда ел болып. Ақ бидай терген тауықтай, елге жырым жем болып. Алатаудың аясы балауса шырғай саясы, үнімен шыңы жаңғырып.

⁶⁸ Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 192-194-бб.

Ақын Жамбыл мен болып, өскен ем өрем кең болып. Өзен деген ат болмас, ат жалдарлық су ақпай. Ғалым деген ат болмас айтқаны тұрмай шырақтай. Әниі деген ат болмас, әуезі көңіл жұбатпай. Ақын деген ат болмас, қандырмай мейір суатпай. Жыры болмай бұлақтай, тұнығы болмай сынаптай, Алатаудан арындап, асқан судай құлатпай. Алабұртқан көңілдің, қытығын таппай сұратпай досың болса, күлдіріп, сүйсіндіріп жұбатпай. Жауың болса, бүлдіріп. Домбыраң берен, жырың оқ, дәл тигізіп сұлатпай. Домбырасы иіңкілдеп, жағына сөйлеп күңкілдеп»⁶⁹. Осы ретте Ж.Жабаев асыл сөз күдіретін былай деп анықтап береді: «Айтқан өлең-өлең бе, бақылдаған лақтай?! Ақындардың ақыны, айдын көлдей ақылы. Жыр тұлпары Сүйінбай, осылай айтқан уағызы, қалғанда жырды ұнатпай. Ескіден есте қалғаннан, жасымда айтқан жырлардан. Ескерткіш еді батырға, қиядан шауып, қырды алған, қиынға шауып, жол салған. Бөрі басқан бүркіттей, қансыратып жауды алған. Батырдың жыры сүйікті, қатықтай ұйып тыңдалған. Жамбыл-Жамбыл болғанда, жыр дауылы қозғанда, қырғыз, қазақ еліне, талай рет жырланған. Бата берген Сүйінбай, жырдың тіккен туындай! Айтқанда маған ақылды, жырла деген батырды, есімде мәңгі сол қалған. Бойға қуат болғанда, жиырма бестің жалыны, тебінсе темір үзгендей, толысқанда қаруы»⁷⁰.

Ата-бабадан келе жатқан толғаудың күдіретті домбырамен қосылып шығатын асыл сөзі туралы ақын былай деген: «Сия-сауыт, қаламсыз – дәптер, кітап, қағазсыз, ой қозғаған домбыра, сөз қозғаған домбыра. Болған кезде Жамбылдың, домбырамен жазуы, жырланып еді осы жыр. Жырламайын десем де, ел тілегі қоймады. Таудан құлап тарғыл тас, тарығып шығып, көзден жас тарыққанда сүйенер, ел батырын ойлады, ойламасқа болмады. Қабағы түсіп, қамығып, батыр ұлын сағынып, ескіні еске түсіріп, жырым еді сондағы»⁷¹. Бұл жыраудың өз тарихи жырларына берген түсінігі: «Қарасаң, балам,

⁶⁹ Сонда, 196-бб.

⁷⁰ Сонда, 196-б.

⁷¹ Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 196-197-бб.

жоғары, көтеріліп қабағың. Мүз – дулыға, қар – сауыт, Алатаудың алабын. желкілдеген қарағай, көп майсалы тамағын. Жұпар иіс, боз жусан, бетеге басқан балағын. Ескі күнді сонау бір, шығарып естен барамын. Алатаудың аты көп, созылып жатқан қарлы жал!»⁷².

Қазақтың бодандыққа түсуі, елдің еркінен айырылғаны туралы «Өмір бейнесін» ақын былай деп суреттеген: «Бейне өмірдің бейнесі, бүгін шаттық, кеше зар. Жайлағалы мұны адам, санап бітпес не заман. Неше халық, неше хан, тапты қырғын талай жан. Толып жатқан оқиға, соның бірі айтылар. Заман-заман дегенде, заманға қожа адам зой! Наразы болса, заманға, бар кінәні соған зой! Жырға желі заман сол, елдің күні қараң зой. Қақпалап елді хан мінген, қайғы басқан заман зой, «зар-заман» деп ат қойған. Зарлануы халықтың, шектен асып ушықты: айдаһар жұтып аюды, шоңбас жеді шымшықты. Лек-лек солдат айдаатып. Мойнына шекпен байлатып, Оралдан өрлеп Алтайға, алуға патша ынтықты»⁷³.

Елге қырғидай тиген Құдияр қожа мен Колпаков⁷⁴ пен Черняев⁷⁵ істері тарихи негізде берілген: «Тілеуқабыл, Қасқарау Сарыкемерде шабылды. Шапқынишының аттары, Сауырынынан аққан тер, Пұшағынан сабылды. Бейқам жатқан қалың ел, Қарсы тұрмай жалынды. «Жаудан куту жақсылық – Зарықанның салдары. Байдан куту жақсылық – Тарықанның салдары»⁷⁶. Осындайда ел бірлігі болмағанына жырау жүрегінен кынжылады: «Бектерде жатқан көп Дулат, бүлінді де жарылды. Есеңгіреп ер кетті, кемпір, шалды еңіретті. Керегі талап алынды. Дулатта батыр Сыпатай⁷⁷, жаудан қорқып сенделіп, Сарыбұлақтың басына, Аңырақайдың тасына,

72 Сонда, 197-б.

73 Сонда, 198-б.

74Колпаковский Г.А. (1819-1896) – XIX ғасырдың алпысыншы жылдарындағы Жетісу облысының әскері губернаторы және казачествоның атаманы, қазақ-қырғыздарды қарудың күшімен жаулаған, Ресей монархиясының зорлықшыл генералы.

75Черняев М.Г. (1828-1898) – Ресей империясының Қазақстанды отарлау саясатына белсене араласқан әскери генерал, ол 1864 жылы 5 маусымда Әулиеатаны (қазіргі Жамбыл қаласы), 1864 жылы 21 қыркүйекте Шымкентті, 1865 жылы 9 мамырда Ташкент қалаларын қарулы күшпен басып алған

76 Сонда, 1-т. 199-б.

77Сыпатай Әлібекұлы (1781-1868) – қазақ батыры, Дулат тайпасының Ботпай руынан.

түнде барып, тығылды. Батыры тұлға бола алмай, елдің түгі жығылды. Үш бөлінді көп Дулат: бір бөлегі бері өтпей, тауда қалды қамалып. Қалың жаудан жасқанып, айсаның қырын өрледі. Бір бөлегі қаймығып, жау қарасын көрмеді. Шапырашты – Қарасай, жаудан қорқар ер ме еді?! Қиратып жау жатқанын, Дулат жақтан білмеді, тездеп хабар келмеді. Бір бөлегі Дулаттың, Маямердің ауылы. Іледегі тоғайдың, түбегіне тығылды. Қарсы тұрар жігіттер, жау қолынан қырылды. Жеті жігіт, жеті қыз, жас жандарын қорғаштап, түйелерге мінгесіп, ағын суға бұрылды. Су деген де тілсіз жау, бұрқыраған су асау. Ақ көбігін атқылап, жын қаққандай жұлынды. Қызды көріп, қырық әскер, қылыштарын суырды. Аhalасып ұмтылып, иектерін жымырды. Жауды көріп өңкей жас, асау суға ұрынды. Қарғып түскен жеті нар, тұңғиыққа жызылды. Қызғалдақтай он төрт жас, қалды судың түбінде»⁷⁸.

Тарихи оқиғалар – соғыс шайқастары осылай нақты бейнеленгенімен құнды мағлұмат болып табылады. «Ел тарықса ежелден, батыр түсер есіне! Батыр болған түйінді іс, қалғандай еді шешіле. Жер шұқысты тоналған, төмен қарап тесіле. Жаңа өспірім, жас батыр, елге салған несібе. Арыстан жүрек Сұраншы, шыңда жатыр алыста. Оны шыңға шығарған, қонысы жоқ, қол қысқа. Жаз жайласа Үшқоңыр, қыс көшеді Арысқа. Шапырашты аз ата, Ұлы жүзде туысқа. Өз әкесі Қашке еді, арғы атасы Қарасай! Бір жақыны Саурық, жауды көрсе шалады-ай. Тұқым қуған батырлық, үзілмей аққан сағадай! Ұлы жүзі қазақтың, ық жағына қорадай, жел жағына панадай. Сол сияқты батырға, алыстан қонақ келгенде, қалатын күні көп еді, қонақасы табылмай. Жайшылықта ел көйсе, батыр ауылы көліксіз. Дулат, Албан, Суанмен, кетер еді қарамай. Сондықтан батыр шында еді, Ақберенмен құс атып, қыранға марал ұстатып, малы барға жалпақтап, жалынды көрші бола алмай аңсады ел батырды. Жатсадағы алыста, жақын болса Сұраншы, қызбас па еді дабысқа!»⁷⁹.

⁷⁸ Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 200-201-бб.

⁷⁹ Сонда, 203-бб.

«Намазын оқып жол алды», «Намаздыгер болғанда» батырды іздеген қарттар Сұраншы ауылына жетті. Батыр оларды былай қарсы алады: *«Ақ сақалы су болды, сорғалап аққан жасынан. Арыстан мүше жас батыр, сүйеді келіп басынан. Төрге алаша төсетіп, орын берді қасынан. Әлденеден тарығып, бейнесін көрді жасыған. Мейірімді туған Сұраншы, елі сүйіп жасынан. Жетім мен жесірді, атына артып көшірген. Ерегіскен жауларын, су құйғандай өшірген. Тарығып келген қарттарға қайғырып жаны ашыған. Қабағынан қар жауды, кірпігіне мұз қатты. «Кім еді» деп басынған. Беттеріне су сеуіп, екі қарт есін жиған соң, оқигасын сұрады. Ес танып, өткен басынан, көз құрғатып екі қарт, арсаланып сүйегі, кемсең қағып иегі, сүйеуім тыңда, ер, деді. Ерді тауып өсірген, атасы мен анасы, жалпақ жатқан ел, деді. Олай болса, жан ботам, арқалықтай сүйенген, елдің ұлы сен, деді. Желеу болған ақ сақал, зарлап, мұңды бұл сапар таудан іздеп батырды, жайбарақат келеді. Заманнан заман асқынып, зәрін барад жасюга»⁸⁰.*

Ж.Жабаев қай өлеңінде болсын халықтың қамын ең басты деп санайды: *«Хандар шауып қандатып, қан қақсатып зарлатып, елдің басын доп қылып, айналдырды ойынға. Сап-сап тұрып солдатты, сартылдасып арбасы. Серейіскен зеңбірек, бетке ұстаған айбаты. Патша кірді қойынға. Тезек төре⁸¹ жол беріп, қарғы тақты мойынға. Қоқанды құртқан Құдияр, Оратөбе тәжігін, көкпар етіп тойында. Патшаға қарсы тұратын, қуаты жоқ бойында. Қырғызды қанға батырған, әркімге бір сатылған, орманхан бар қолында. «Қазақты барып талайық, патшадан бұрын алайық», деген мақсат ойында. Арам туған зәнталақ, екі көзі қанталап, қасапшының итіндей, қоразданып анталап. Салып жатыр ылаңды Сарыкемердің бойында»⁸².*

Елін сатқан Сыпатай туралы ақын былай деп өкінеді: *«Кең жайылым өрісі. Басына күн туғанда, көрінеді елдің кемісі. Батыр деген Сыпатай, қара басын сауғалап, тауға*

⁸⁰ Сонда, 205-б.

⁸¹ Тезек төре – Абылай тұқымы, Ұлы жүздің бір бөлігінің ханы, Ресей империясының Жетісу және Қырғыз жерін жаулауына белсене араласқан адам.

⁸² Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. I-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 206-б.

кіріп, жоғалып, шықпай кетті дыбысы. Арқауы ұзын атаның, келте келді ер ісі. Келеді деп ойламай, қағынған ханның перісі. Бейқам болып, ел жатты. Жаудан күші кем жатты. Бейқам жатқан сол елді, абайсызда жау шапты. Күртіде⁸³ жатқан көп елді, түнде басып, сорлатты, қыз-келіншекті қатарда, мінгізіп нарға, атанға, құсбегі мен бегінің, шатырына жолдатты. Жан сауғалап қорынып, қас жауынан торығып, суға түсіп обығып, қатын-бала зар қақты. Қарсы тұрған кісіні. Атты, шапты кескілеп, Күрті бойын қандатты. Тұлымдыны құл қылып, даланы мұңлы үн қылып, ата-ананы аңыратты. Қатар жатқан қарындас, бөліп ішкен аяқ ас, ақ қалпақты, қырғызым, «Өзбек деген өз ұлым», халық іші дос жарлы. Дос жар халық сүймеуші ед, қан төгетін дұшпанды. Қырғыз-қазақ бірігіп, күшін қосып ұстады. Жүрегі қара Құдияр, Орман бұзық тағы бар. Достыққа тағы өрт салды. Қамап жатқан хан әне, қамалып тұрған жан әне, басшысы жоқ Дулаттың, қыларлық айла қысқарды»⁸⁴.

Сыпатайға ел қорғаны болған Сұраншы қарсы койылады: «Сұраншы батыр тістеніп, көбін алаң қылмады. Батырға Андас сөйледі, жақсы кеңес бергелі: құмырсақдай мынау қол. Топырақ шапсаң жетер ме?! Ақбереннен оқ атсаң, мыңына бірден өтер ме?! Үш жүз кісі ат қойсақ, жиырма мыңдай нөкерге инемен құдық қазғандай, оған әсер ете ме?! Көбелектей отқа ұрып, өртенеміз бекерге. Әлі де ойлан, батырым, осы сөзім бекер ме?! Жетпес біздің күшіміз, өтпес біздің тісіміз»⁸⁵.

Ел қорғаны өзін елі үшін жауапты екенін анығынан сезінеді: «Ашуы қысып Сұраншы, ақ семсерін суырды. Қит етсе, кесіп тастауға, Андас жаққа бұрылды. Енжар болған қорқақтың, үнжырғасы жығылды, қойнына басы тығылды. Жігіттерге сөйледі: – Ел жақтамас көп жаудың, көптігінің себеі жоқ. Оның аты – боркемік, талмасқа шыдар белі жоқ. Озып шабар жүйрікке, ылдиы мен өрі жоқ. Батыр туған жігітке, шабатын жаудың көбі

⁸³ Күрті – жер аты. Алматы облысы, Күрті ауданы.

⁸⁴ Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 207-208-бб.

⁸⁵ Сонда, 209-б.

жоқ. Уайым жауға алғызар, тұңғиық болып, түбі жоқ!
Осы қолдың несі көп, қуарып тұрған шірік шөп. Суырып
қылыш, ат қойсаң, қарсы тұрар бірі жоқ. Қорықпа да,
қашпа да, текке ұшпасын үрейің. Қарада тұр топтанып,
жалғыз өзім кірейін. Мың жау маған бірге есеп, мың
қарғаға бір кесек. Кесек болып көрейін, қорғасынды мен
сақа, ұшырамын кенейін! Жұртым үшін мен құрбан,
жазасын жаудың берейін. Жаулар – қоян, мен – сырттан,
арасына енейін. Еңкілдеген шал анау, шырылдаған бала
анау! Қуыршақ болған бектерге, келіншек пен қыз анау!
Көзім тірі тұрғанда, қорлыққа қалай көнейін?! Жауым
көп деп жасқансаң, сендерді дос демеймін. Қашар болсаң,
қырамын кетпейсің тірі біреуің. Ел үшін жанды қилмасаң, ер
деп қалай сенейін. Сенімсіз болсаң, жоқ қылып, ақтұяқты
шаптырып, жауға қарсы желейін. Қарсы семсер салысып,
жағаласып, алысып, не босатып, елді алып, не тұтқын
боп, мен қалып, халық үшін мен лақ, жау қолында өлейін!
Ақ сүт берген анам – ел, үлгі берген атам – ел! Адалдығым
ісіммен, бойдағы қару, күшіммен. Перзенттік борышымды
өтейін! Батыр тұрып толғанды, терең-терең ойланды.
Теңізден тұрған желдейін, күтірлеп кеткен сеңдейін.
Жалын шашқан таудайын, айбарланып қозғалды»⁸⁶.

Ата-бабарухын қастерлеу дәстүрі осы ретте де сақталған:
«Батыр соған сөз салды: – Бабам менің, Қарасай, Шапқанда
елді жау талай, айырып алған батыры. «Арыстан болсаң,
жау үшін. Түлкідей болсын әдісің», дейтін бар-ды ақылы
– Сіздерден сұрар көмегім, бұйрық қылды демегім. Қанқор
патша қажытқан, сендер де елдің жақыны. Бектер
тіккен шатырға, шапқым келді ел жата... Елі үшін туған
– ер болса, елін бүгін қорғасын!» Осыны айтып Сұраншы,
ағын судай тасынып, ашулы көзі жалтылдап. Жайнаған
шоқтай шашылып. ...Намазшамнан өткенде, құтпаннан
уақыт жеткенде, Ақберенді сайлады. Жар қабақта
жалтыр тас, қарына найза байлады, семсерін соған
қайрады. Жібекпен басын бір тартып, ат қойды батыр
ақырып. Ақырған даусын есітіп, жау айнала қарады.
Есінен әбден танады... Астына мінген Ақтұяқ, тоздырып

⁸⁶ Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. I-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 210-211-66.

тозаң бұрқырап, атқан оқтай жұтынды. Аш қасқырдай батырдан, қай жау қашып құтылды?!»⁸⁷.

Елді қорғау – батыр үшін ең басты міндет екені осылай анықтала түседі. «Ел жақтаған батырдың, сағы жаудан сынбады. Қашқан жаудың артынан, Ақтұяқ атты бір қара, Қарасайлап қалмады. Өлексемен үйілді, Алатаудың сайлары. Тозаңдай тозып жыртылды, ханның ала байрағы, қасқырға шауып арыстан, Қанқордың шықты ойраны»⁸⁸.

Ақын шешен сөздерді орынды қолдана отырады: «Жарымаған жарлының, Байығаны – тойғаны. Қымыз, боза аралас, кекірініп кілең жас. Арнап тіккен үйлерде, отырысты бойдағы. Хан бұйырған жыршылар, бірде күлкі, бірде зар. Қызыл тілмен балқытып, бұлбұл болып сайрады. Сөзаяғы бір соғыс, ел аяғы сол соғыс. Енжар көңіл қырғызды, итермелеп қоймады. Ишан, молда бастысы. Ақ меруерт тәспісі, өлгендерің шейіт деп, өлмегенің қазы деп, сатылды ханға иманы. Соғыспақ болды ақыры, сауыт киді батыры. Сұранишыға хат жазған, «шүкір» деді Орман хан. Орындап ісін ойдағы, бек біткенді жайлады. Елге келген бүлікті, дауылдай тиіп айдады. Жалынның бетін қайтарып, қасқырдан елді айырып, көтеріп көңіл жайлады! Сүймейтін хан мен байларды, хан билеген заманның, қанын ішкен адамның, осылай еді, жайлары!»⁸⁹.

Елдің мүддесін таптағандардың жәйін ақын осылай түсіндіреді. А.Байтұрсынұлы айтқан толғау жанрының ерекшелігі туралы ақын Ж.Жабаев былай дейді: «Сауылдап құйған жауындай, жырды Жамбыл қозғасын. Жырдың тәтті жаясы, батырлар жыры баяғы. Жау дегенде жайнаған, наркескенін қайраған. Сұңқардан болат қияғы, өрге салса, талмайтын, қияға салса, таймайтын, құрыштан соққан тұяғы. Сол батырлар жыр басы, үзілмей аққан жылғасы, Майтөбенің бұлағы. О, балалар, балалар, ақылды туған даналар, Жамбылдан тыңда, мынаны: Әсерлі күйдей аңқытып, тасыған селдей шалқытып, тыңдаушыға жыр төкпей, Жамбыл қашан аяды?! Қартайдым дейтін назым жоқ, тыңдаушы көпте

⁸⁷ Сонда, 215-60.

⁸⁸ Сонда, 215-216-66.

⁸⁹ Сонда, 216-217-66.

жазық жоқ. «Айтшы, Жәке!» дегенін мен өлгенде қояды. Сүйекемнің сүресі – сөйлегенде, міне, осы. Жырдың сұлтан төресі, биіктердің төбесі»⁹⁰.

Асыл сөздің қасиетті болуының бір сырын ақын осылай айғақтап берген. Соғыстың негізгі себебін ақын былай деп тұжырымдаған: «Батыр елді аяпты, сондықтан қосын алмапты». Елден елге ұшқан сөз, қырғызға түгел тараған. «Сұраншының дұшпаны қырғыз емес, хан екен! Елдің жауы дегені – Хандар жапқан жала екен» деген сөзді есітіп, ақ қалпақты қырғыздар, біріне-бірі қараған, соғысты қойып тараған, елге қайтыпты Ордадан... Күн төбеден ауғанда, бесіндікке барғанда, бұрқыраған шаң көрді. Жұлдыздай атын ағызып, жаразы күнге шағылып, келе жатқан жан көрді. Жауым көп деп жасқанбай, кісесінен басқандай, келген ерді таң көрді. Бәрі бірдей ат қойып, салуға соғыс лап қойып, жабылуды жалғызға, бойларына ар көрді»⁹¹.

Сұраншының Орман ханға айтқан сөздерді былай берілген: «–Неге мені шақырдың, жсай шақырсаң келмейтін, ханға сәлем бермейтін, халық үшін туған батырмын! Хан деп сені сыйлар ем, басың үшін сатылды. Арасына өрт болдың, ала бүлік дерт салдың. Қырғыз, қазақ жақынның бейбіт елге тигізіп, жендетке басын қиғзып, қаннан сусын сапырдың! Ел бүлігі – Орман деп, аман қалсын мың жан деп, төгіліп тынсын бір қан деп, қара басыңды алғалы, жекелеп келе жатырмын. Міне, менің семсерім, қайрап қойдым хан үшін, қайратыма мінгенім, қалың елдің қамы үшін! Басым тіксем, қан алмай кеткен емес, намысым! Сүттей елді ірітпей, таза майды шірітпей, жекпе-жекке өзің шық! Менің жауым сен ғана, салмаймын елге мен жара. Сенсің менің дұшпаным, сенсің менің жауымсың! Қасқыр көрген күшіктей, хан жалтақтап қарады. Терең ойға шомылып, жерге қарап үңіліп, жапырылды адамы. Жел көтерген бұлыттай, шеттегілер тарады»⁹².

Битұғанның мына сөздері Сұраншының намысын оятады: «– Сен Сұраншы, құлақ сал, қарайып келдім қаныма! Мына тұрған Байтігім, көмекіім бар жанымда... Ағызайын

⁹⁰ Жабаяв Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 217-б.

⁹¹ Сонда, 221-б.

⁹² Сонда, 222-б.

қаныңды! Мен жүрмеген тау бар ма, мен алмаған жау бар ма?! Шығарайын жаныңды! Талай жаумен алысып, күрескенді жыққанмын. Кенесарыңды өлтіріп, топыраққа тыққанмын! Тұрлыбай соққан алмаспен, қыл мойынын шапқанмын. Абыройын кетіріп, ханыма сөйтіп жаққанмын. Бесікпен қырған баланы, өртеп, бұзған моланы, ел бүлдірген бұзықтың, жазасын сөйтіп тапқанмын! Ботбайдан шыққан Сыпатай, көмегіне жарамай. Байұзақтай батырың. О да қашқан қарамай. Арғыннан шыққан Ағыбай. Ыстыдан шыққан Бұғыбай, Табыннан шыққан Бұқарбай келе алмаған қасыма!»⁹³, – деп қазақты табалайды. Сұраншыға бұл ерекше әсер етті: «Орманнан келген үш батыр, үш жағынан тап берді. Ашу қысып Сұраншы астыңғы ернін тістенді. Бір сілмеді найзасын, белі үзілген күзендей. Алдымен келген Битұған, бетін баса бүктелді. Кеудеге найза күмп берді, екі батыр найзасын. Шатыр-шұтыр салысты. Сайлап мінген болды аттар, тізе бүгіп қалысты! Жараланып Боқайлар, аттың жалына жабысты. Оны көріп хан тобы, ат қойып бәрі – шабысты. Аш қасқырдай батырды, ортасына алысты. Ханның тобы жүз кісі, ортасында бір кісі, түс ауғанша ұрысты. Күн төбеден өткенде, бесіндікке жеткенде. Жау қампаған Сұраншы, көзін қаптап қан алды, тұла бойын жара алды. Орман ханға ұмтылды, алыстан салған найзасы, ту сыртынан бір тиді. Сегіз көздің қон еті, кере қарыс жыртылды. Топтан шығып, хан кетті, Сұраншыдан әл кетті. Соны сезіп Ақтұяқ. Жан-жағына қарады, жал-құйрығын тарады. Оң аяғын тарпыды, ортекедей ойнақтап, көк жайындай бұлқынды, арыстандай жұлқынды! Жау жібермей орап ап, шығармады қамалап. Тұрып алып айнала, ілмек болды найзаға»⁹⁴.

Соғыстың осы қасіретті кезінде қазаққа көмек келеді: «Күрсілдеді бір дабыл, жер мен көкке жаңғыра. Жалт қарады Орман хан, есі-түсін тандыра. Алатауды қақ жарып, дабыл ұрып, кәр шашып, шыға келді топ қара. Топ қараның алдында, жандай досы – Жағоры. Жанына

⁹³ Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 224-225-бб.

⁹⁴ Сонда, 225-226-бб.

ерген қырық жігіт, Сұранишының нөкері. Жанына жақын келген соң, қамаған жауды көрген соң, беренге білте тигізіп, Басып-басып жіберді. Хан қасында тұрғаннан, кім жаралы, кім өлді? Онысы бізге белгісіз. Батырды қамап тұрғандар сырт айнала жөнелді. Манаптардың көбі өлді. Жаралы ханын өңгеріп, құтылуды жөн көріп, ордаға қайтты Орман хан. Найза тиген жерінен, қағынып кетіп, ем қонбай, ордасына кеп өлді. Жолдасына қосылып, Сұранишы қайтты тауына. Ақырғы болды соғысы, хан, манаптай жауына. Қырымнан шалған қырандай келген батыр бабына! Ақыры келіп, о да өлді, Алатауда көмілді, атын түгел ел білді! Адам туып, адамнан, елу жылда жаңарған, жаман күнді өткізген, жақсылыққа жеткізген. Қан сасытқан ханы жоқ, ашу, араз зәрі жоқ: балдай тәтті туысқан, жеттім тату таңыма!»⁹⁵.

«Көрұғлының» (күллі түркі тектес елдерге ортақ жәдігер) Жамбыл нұсқасы ерекше көркем баяндалған. Басты ой ханнан қорлық көрген елдің намысы. Бұл келесіндей ретпен берілген: «Ханнан қорлық ел көрді, демесін біреу ертегі. Міне, осындай әңгіме, елестетер ертені. Хандар билеп қаланы, ұшан-теңіз даланы. Хан билеген халықтар, қайғылы және азалы. Айға шапқан арыстан, ерегісіп алыстан, ашулы және ызалы. Аш-жалаңаш күйзелген, хан аямас қараны. Ханнан қайғы тартқан ол – жүректері жаралы. Хандар ашу шақырса, халықтан өшін алады. Бұлтқа сілтеп қылышын, найзасын көкке тіреген. Қан төгуге құмартып, күнде соғыс тілеген. Үстемдік етіп Бозайхан, асқақтап шалқып тасады»⁹⁶.

С.Садырбаев осы ретте былай дейді: «Көрұғлы» – (Жамбыл жырлаған нұсқасы) – Ташкент қаласындағы «Терме» деген журнал-альманахтың 1924 жылғы бір санында Жамбыл Жабаев туралы тұңғыш рет мағлұмат берілген. Мағлұматтың қысқаша мазмұны төмендегідей: 1922 жылы 9 маусымда (июньде) Жетісу облыстық Қосшы одағының Ұзынағашта (Алматы облысы) съезі болады. Алматы уезінен 19 ақын қатысады, солардың арасында

⁹⁵ Сонда, 226-227-бб.

⁹⁶ Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. I-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 229-б.

жасы жетпіске келген Жамбыл да бар.

Сонымен бірге журналда Жамбылдың туған жері, руы, ақындық мектебі туралы қысқаша айтылады, репертуарындағы эпостық шығармаларының аттары аталады. Олар «Ерназар меп Бекет», «Садыр патша мен Жамбыл патша», «Шалтабай» және «Көрұғлы».

«Көрұғлы» дастанын Жамбыл 15 күн жырлаған дейді журнал. Бір өкініштісі: жоғарыда аттары аталған шығармалардың түпнұсқалары табылмай отыр. Тек қана, Жамбыл жырлаған «Көрұғлы» дастанының 1813 жолдық үш-төрт тарауы ақынның музейі мен республика академиясының текстология бөлімінен табылды.

Тұтас алғанда, қазақ халқының ақындары мен жыршылары жырлайтын Көрұғлының екі сатылық өмірі (жер асты, жер үсті) әр жырда әртүрлі айтылады. Мәселен, Рахмет Мазхожаевтан жазып алынған нұсқада Раушанбек бір соғыста Иранның ханы Шағдаттың қолына тұтқынға түседі, ретін тауып, қашып шығады, еліме келсе әйелі Ақанай қайғы-қападан өлген екен. Көрде жас нәресте дүниеге келеді.

Қазақстан академиясына 1940 жылы тапсырылған Айдархановтың «Көрұғлы» киссасында түрікмен елінің батыры Мұңлыбек 12 мың қалмақпен соғыста қаза болады, әйелі Алтыншаш ауырып, ол да өледі, бала көрде туады. Анасының ақ сүтін еміп, ол жеті жасқа келеді.

Ақтөбе қаласында тұратын Әміреш Жұмағазин «Көрұғлының» бір нұсқасын 1930 жылы республика академиясына тапсырған. Бұл нұсқада Бозай батыр ретінде көрсетіледі. Ол арабтардың Көзей деген патшасына құдалыққа кеткенде, отбасы тырысқақ ауруына ұшырап, бәрі қырылады. Бозай қайтып келген соң 4 моланың бетін ашады: қараса әйелі шалажансар, көрде бала туған, ол ананың тамшы сүтін талшық еткен. Екеуін Бозай көрден қазып алады.

Қазақтар айтатын «Көрұғлы» дастаны 1885 жыл мен 1905 жылғы аралықта Қазан қаласында тоғыз рет жарияланған. 1905 жылы «Торғай газетінде» «Бозай батыр и сын его Коруғлы» деген атпен (№ 32, 33, 34 санында)

В.Мещенскийдің ел аузынан жазып алған нұсқасы жарияланды. В.Мещенский нұсқасында Бозай деген батыр болады, ол соғысқа аттанғанда елін жау шауып, Бозайдың әйелін тірідей көмеді. Бозай жорықтан аман оралады, Айсұлудың қабірінің басында ойнап отырған баланы көреді, оны үйіне әкелген соң, көрден шыққандықтан Көрұғлы деп атайды. Бұдан соңғы тарауларда Көрұғлының ерліктері мен батырлық істері баяндалады.

«Көрұғлының» Жамбыл жырлаған нұсқасында Бозай батыр емес, ол – хан. Бозайдың әйелі басқа жырларда жау қолынан, немесе аурудан апатқа ұшыраса, Жамбыл жырлаған «Көрұғлы» нұсқасында Көрұғлының көрде тууына тікелей хандардың зұлымдық, сенімсіздіктері себеп болған деп түсіндіріледі.

Жамбыл басқа жыршыларды қайталамайды, өзінше жаңа мазмұнда айтқан. Академияның Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында Көрұғлы туралы он бес дастан, үш ертегі нұсқалары бар. Ең көркемі Жамбыл жырлаған «Көрұғлы» дастаны.

Жамбылдың «Көрұғлы» нұсқасы алғаш рет 1982 жылы ақынның екі томдық шығармалар жинағында басылды⁹⁷.

Ж.Жабаевтың «Бақ, дәулет, ақыл» (аныз) атты шығармасы туралы С.Садырбаев былай дейді: «Бақ, дәулет, ақыл» – Жамбылдың айтуынан жазып алынған бұл ертегі-аныз дастан ертеде халық арасына кең тараған сюжет. Әдетте, қазақ фольклорында насихат, назира жанрында айтылатын бұл тектес аңыз-ертекттер, кейде «Ақыл, ғылым, бақыт» деп те аталады, көбінесе қарасөзбен айтылады.

Жамбыл және Жамбыл бастаған Жетісу ақындары Кенен, Үмбетәлі, Бармақ, Шүкітай, Өмірзақ секілді жүйрік ақындар да осы тақырыпта жарыса жырлаған тұстары болған.

Фольклорлық қарасөзбен айтылатын шығарманы өлеңмен айтып берген Жамбылдың «Бақ, дәулет, ақыл» деген бұл дастанының түпнұсқасы Жамбылдың мемлекеттік музейінің қолжазба қорынан алынды. Алғаш рет 1982 жылы Жамбылдың екі томдық шығармалар

⁹⁷ Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 307-308-бб.

жинағында жарияланды»⁹⁸.

Ж.Баласағұн, Қ.Яссауи, Абайлардан келе жатқан парасаттық уағызды Ж.Жабаев осы шығармада жалғастырған. Ақын бақ, дәулет пен ақыл айтысын асыл сөзбен бейнелеген: *«Қолыма еріккен соң домбыра алдым, өлең қып хикаяны айтып салдым. Бақ, дәулет, ақылменен серт байласқан, көп іздеп, бұл үшеуін бек сандалдым. Үшеуін кез келтірген бұлайша атап: Бірі – дәулет, екісі – ақыл мен бақ. Бас қосқан өздерінің мәжілісінде, «мен артық», «мен артық» деп болды жақ-жақ. Ақыл айтты: мен артық сендерден де, тұратын менің орным көкірек, кеуде. Сіздер сыртта жүресіз жылжып қонып, сенен оға көрген жоқ ешбір пенде. Бақ айтады: артықпын менің өзім, еш далаға кетпейді айтқан сөзім. Өзім мықты, сөзім нұл, алдымда топ, құр бекер мақтанасың жетпей көзің. Екеуіңнен мен артық дейді дәулет, мен орнасам табылар күллі сәулет. Үйде мүлік, ат пен ас, өрісте мал, бәрі тоқ; қатын-бала, тұқым, әулет. Ақыл айтты, таласпа, екі ақымақ, саған қайда мендей боп өнер таппақ. Екеуің бірік-тағы заклад сал, озармын сонда-дағы жұмыс нақтап»⁹⁹.*

Башардың малын күзеткен нақұрыс Мекейдің тарихы осыған жауап бергендей: *«Екеуі келе жатыр жатқан тасқа, әркімнің парасаты басқа-басқа. Хакім ойлап келеді ақылға сап. Көрсетпесем екен деп дос пен қасқа»¹⁰⁰.*

Хакімге перзент болған Мекейдің тарихы былай баяндалған: *«Ей, Мекей, дәулетім көп жұрттан асқан, перзент жоқ, кемшілік көп болған бастан. Арманда Хакім ұлға деген болса, не пайда киген киім, ішкен астан. Тұқымың, әке-шешең бар ма сенің, мынау зой кемшілікпен көрген күнің. Егерде сені жоқтар жан болмаса, жалғанда перзент еді менің мұңым! Дүнием бар бір басыма менің жетер, сөзімде айтып тұрған жоқ-ты бекер. Көрмедім екі қатыннан жалғыз бала, шырағым, маған перзент болсаң нетер?»¹⁰¹.*

Мекей Хакімге бала болып оның саудасын жүргізеді: *«Гауһарды тазалады маймен жуып, кетірді топырағын*

⁹⁸ Сонда, 308-б.

⁹⁹ Сонда, 265-б.

¹⁰⁰ Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 267-б.

¹⁰¹ Сонда, 268-б.

бәрін жуып. Бір магазин гауһарға жеке салып, тұрады Мекей сонда сауда қылып. Осындай саудаменен үш жыл тұрды, серілік, үлкен базар, дүкен құрды. Баса алмай серіліктен екі аяғын, шаһарда қыз біткеннің бәрін көрді. Тоқтатпас ақылға сап өзін-өзі, ешкімді ұнатпайды түссе көзі. Айнымалы бүркіттей мінезі бар, бір күн оң, бір күн теріс айтқан сөзі. Хакім айтты: «Сен бұйтпе, балам, дейді, көңілің болып жүр зой алаң дейді. Қай қызды алам десең әперемін, бұл күнде келіп тұр зой шамам» – дейді. Мекей айтты: «Қыздардан қыз алмаймын шаһардың көп қызына көз салмаймын. Асылзада патшаның тұқымы зой, патша қызын алмасам қыз алмаймын!»¹⁰².

Хакім патшаның қызын беруіне келісімін алады: «Баламды мен беремін өзің үшін, бересің жүз пұт гауһар меһер үшін. Екеуміз қол ұстасып дос болған соң, барайық Мединаға Құдай үшін. Берейік балаларға мал мен бақты, ел-жұртпен және дағы тәж бен тақты. Жас өтті, неше жылдай болдық надан, болайық біз де енді зибадатты»... Той болды, қол ұстасар, шаш сипатар, оңаша бір сарайда Мекең жатыр. Жиылған қыз, келіншек қынаменді, ешбірін теңсінбейді Мекең батыр... Осындай қызықпенен үш күн өтті, Мекеңнің ақымақтығы жұртқа жетті. Бір түні қызды әкеліп берді-дағы, жиылған көп қатындар шығып кетті... Ағалар, мен айтайын кепті дейді. Қыз сондай бек тамаша епті дейді. «Мырза-еке, сөйлессеңші» деген екен, аузынан бишараның тепті дейді. Қыз кетті тепкен кезде мұрттай ұшып, қан ақты күрек тістің бірі түсіп. «Қор болдым, бір наданға, дариға» деп, келеді атасына құстай ұшып. Атасы мұны көріп, шошып кетті, басыңа не күн туды, балам, депті. Өнебойы қызыл қан, тісі кетік, қызы өкпелеп «ұятты болдым» депті. Қорлықтың бүгін келдім дәмін татып, байқадым күйеуімді үш күн жатып: «Доңыз екен қыздың байы, тәңірі-ай» деп, жіберер, пұлы келсе арзан сатып. Екі күн жазығым жоқ, ұрып шықты, ауыма бүгінгі күн қатты тепті. Меруерттей қайран тісім болды кетік, көрермін қалайшадан енді көпті? Шақырды жендеттерін патша сонда, хабарсыз Мекең жатқан бір сарайда. «Бар да күзет, өлтірем дарға асын! Айрылма,

¹⁰² Сонда, 270-271-бб.

сол күйеуден бүгін таңда». Жендеттер шығып кетті сөз ұқан соң, ашуланса патшаның мінезі тон. «Жазалап халық алдында өлтіремін, алып кел, дар басына, күн шыққан соң». Жасауыл таң атқан соң алды байлап, темірлеп қол-аяғын, һәм бажайлап. Шошқаның қабанындай есер шіркін, беталды жалынып жүр «ағатайлап». Сүйретіп алып келді дар басына, мінді зой, Мекең батыр шар басына. Бақ, Дәулет, Ақылменен серт байласқан, дәл келді үшеуінің уағдасына. Аяңдап келді ақыл, дәулет – баққа: «Мұнша обал қылдыңдар зой бұл бейбаққа, жай жүрген бишараны әуре қылып, ажалға өлтірдіңдер мұғаллаққа. Бақ, Дәулет ұялады төмен қарап, ақылға сөз айтпады тура қарап. «Сіз мұның ажалынан алып қалсаң, жеңілген болар едік сізге тарап». «Қой сендер, таласарсың әлі маған, алып қал екеуіңнің келсе шамаң. Келмесе қолдарыңнан қарманайын, өнерің екеуіңнің бітсе тамам». «Тоқтайық, бекер босқа кетер өліп, байғұстың ажалына болдық серік, сіз мұның кеудесіне кіріп алып, алып қал патшамен сөзге келіп». Ақыл барып кеудеге қонып қалды, ой ойлап, іші сөзге толып қалды. Жасауылдар сүйретіп дар басында, патша да уәзірімен келіп қалды»¹⁰³.

Ақыл кеудеге қонған соң ғана дүние реттеледі: «Патша әмір қылды тақта тұрып, жендет тұрды мойнына шынжыр ұрып. Үш ауыз айтатын арыз бар деп, алдында Мекей тұрды қол құсырып, «Ей, тақсыр, өлтірсеңіз, міне, басым! Дер уақыт осы күнде келген жасым. Мен тептім балаңыздың аузына, айтайын тепкенімнің хикаясын. Дүниеге бұл балаңыз келген екен, бұрын да сан балаңыз өлген екен. Рәсім, ырым қылып өлмесін деп, әуелде ит емшегін берген екен. Ағалар, мен айтайын кепті дейді, майда тіл Мекең болды епті дейді. Аузынан «арам тиген» қан шықсын деп, ойға сап, соның үшін тептім дейді. Екінші сөзім мынау ойыма алған, ей, патша, қызықтырды сізді жалған. Заңына шаригаттың жатпайтын іс, жарай ма, жүз пұт гауһар меһер алған? Үшінші, сөзім арты бітсін тамам, айырар ақ-қараны сіздеі адам. Қайсы бір надандарша түк білмейтін, некесіз қызыңды

¹⁰³ Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 272-275-бб.

әкеп бердің маған. Алдыға кез болыптын бүгінге дәл, хакімнің шарбағында мен жалғыз гүл, өлім халге таянған соң сөзімді айттым, жә, өлтір, жә өлтірме өзіңіз біл». Патша да бәйбішесін шақырады, жендетке тез әкет, деп бақырады. Мәнісін тексерместен күші қылдым деп, ісіне бұрынғы өткен қапы ұрады! Бәйбіше айтты: «Бірталай жасқа жеттім, күн-түні перзент сұрап үміт еттім. Алдыңғы балаларым тұрмаған соң, біреудің айтуымен ырым еттім». Патша ұялды өзінің бұл ісінен, амалсыз айырылғандай өз күшінен. Мекейді сарайына қоя беріп, үйіне қайтып кетті көп кісімен. Шақырды бәйбішесі мен патша қызын, айтады ақылымен жақсы сөзін, «Ақылы, парасаты түгел екен. Көрсетті жорта тентек Мекей өзін. Алғаның құтты болсын, жаным балам! Сөзіңнен қатты ұялдым мен де жаман, ақылың екеуіңнің бірдей болды. Ризалық берді саған ата-анаң». Ел жиып, патша сонда той қылдырды. Атағын, патшалығын, һәм білдірді, Мекейге патша беріп, тәж бен тақты. Патшалық қағазына қол қойылды. Екі бай Мекке жаққа жүріп кетті, мал-мүлкін екеуіне тастап кетті. Бақ, дәулет, ақылменен таласса да, ақырында екеуінен ақыл озды. «Ал, жігіттер, бұл сөздің шешуін тап, бай болғанмен не боларсың, болсаң ақымақ ақымаққа мал бітсе, мас болады, ақылсыз түк бітірмес, мал менен бақ»¹⁰⁴. Ақылдың басты екенін ақын осылай аңыз арқылы уағыздаған.

Ақынның келесі тіркестері де асыл сөз үлгісі: «түн көрпесін тұйықтап», «Қобызындай Қорқыттың», «Алтайы жүйрік маралдай», «ортекедей орғыпты», «ақ бұлттайын алысқа» [173], «Шыңнан шыққан шынардай», «Балықша бұлттың жүзгенін», «ақ матасы – күмістей, жері кілем – пүліштей», «меруерттей суында», «қара шашы құндыздай». «Қазақтың тиеп алған көп мақалын, Мен өзім көпті көрген ақсақалмын...».

Ж.Жабаевтың сөздері ғибратты: «Пайдалы іске кез болсаң, халқыңа тарт, жасырма!», «Ерінбе, көпке қызмет қыл, жетесің істің расына, жетілдім деп, жеттім деп, қар суындай тасыма! Аспен атып жауап бер. Дұшпанның атқан

¹⁰⁴ Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. I-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 275-277-бб.

тасына!». Өтеген батыр: «Халқыма жайлы қоныс, жер табамын». Нұр сөзі тіркестері: нұр тамшылау, нұр орнау, нұр ойнау, жырдан жаңбыр жауғызу, айдай балқып, жыр ағызып толғау, бұлбұлдай төгілту, тау тебірену, т.б. Алтын сөзіне қатысты: алтын ауа, алтын ғасыр, алтын заман, алтын бесік, алтын сәуле, алтын таң, алтын орда, алтын домбыра, алтын сөз, алтын жұлдыз, алтын балық, алтын сарай.

«Білімді мыңды жығады, батырдан дұшпан ығады. Халықпен жаны бір адам, қажымай қорғап намысты, қалайда жеңіп шығады. (Қызыл жұлдыз) газетіне»¹⁰⁵.

«Ән күйімді тыңдашы, батырлықтың үніндей», «Желпу соққан желдеймін, жол бермейтін белдеймін».

Ж.Жабаевтың шешендік сөздері асыл сөзбен берілгенімен ерекше: Шешендік сөздер: *«Халық қарғысын алғанға, қара жерден орын жоқ.*

* * *

Мың қарғаның тұяғы, бір тұйғынға өтпейді. Тамам қарға жыйылып, бір сұңқарға жетпейді.

* * *

Ақылыңды ашу қыспасын, ашушаң болсаң, сол қолың оң қолыңды ұстасын...

* * *

Жасықтан асыл шықпас қайрағанмен, жабыдан жүйрік шықпас байлағанмен...

* * *

Шамшырақ деген тас жатыр, теңіздің терең түбінде. Май құйған шам сөнсе де, шамшырақ сөнбес өмірде...

* * *

Шешен кісі сөз бастар, адал кісі ел бастар. Адал туған ұл болсаң, халық сүйіп қолға ұстар... Білімді мыңды жығады, халықпен жаны бір адам, қажымай қорғап намысты, қалайда жеңіп шығады... Жақсы сөз бейне шамшырақ, ақын деген бір бұлақ, көмілер көзін ашпаса. Алтын сөз де ас болмас, елеусіз жерге тастаса.

* * *

Жаудың інін жемірген, жауар күндей түнеріп. Жорыққа жойқын үдеріп.

¹⁰⁵ Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы: Генезис. Стилистика. Поэтика. Оқу құралы. – Алматы: Ғылым, 2001. 181-б.

* * *

*Желти соққан желдеймін, жел бермейтін белдеймін.
Жамбылды, қане, тыңдаңдар! Жатқан жаздай еліме.
Жеңімпаз кілең еріме, жастай жайнай сөйлеймін...*

* * *

*Көңілімді, өзімді, өмірімді, өзімді, Отанымның сәулеті,
шамшырақтай жандырған»¹⁰⁶.*

Ақын өзі туралы («Ақын болдым», 1922) өлеңінде асыл сөз туралы былай деген: «Ақын болдым он үште, алтын құстай тарандым! Алды-артыма қарандым, шарықтадым әр жерде, келгеніңше шамамның. Жауап бергім келмейді, десе қайда барасың? Байқадым біраз аралап, Шапырашты, Екей баласын. Ақындық қонбай тұрғанда, жалтақтап Жамбыл тұратын, ұлық пенен төренің, ұрлағандай танасын. Шарласын Жамбыл шарықтап, қырандайын қалықтап, байқасын үні, шамасын. Ағайын елдің ішінен, сөз ұқпайтын кісіден, таппады Жамбыл бағасын. Жасымадым, өрледім, домбырамды сермедім. Ақындармен таласып, жүйрікпенен жанасып, жалған ақын кез болса, жасқанып жол бермедім. Тасқындады өлеңім, дамыды шалқып өнерім. Толтыруға ұмтылдым, өлеңімнің олқы кемерін. Садақтайын сайланып, сөз өткірін ойланып, ататын оқтай безендім. Жел сөзден тауып табысты, жібермедім намысты. Қисықты түзеп мінедім, артықты тілмен теңедім. Арқасында жел сөздің, жақын еттім алысты, жас Жамбылмен танысты. Өтірікті сүймедім, дүние үшін күймедім. Алтынына біреудің, жолда жатса тимедім. Жыртық киім кигенім, арық, жауыр мінгенім. Думан топты қақ жарып, жастық шақта жүргенім. Ақ бөкендей желгенім, ақынның көріп мергенін. Өмірменен жанасып, жарлыменен санасып, ақиқатты сөйледім. Ақ домбыра ермегім, сөздің оғын кезесем, алыстан атып жеткіздім. Дұшпанға арнап кезесем, өңменінен өткіздім. Мерген болдым, атқышпын, көздедім көрсем қылаңды. Шешен болдым, тапқышпын, төте жолмен төтелеп, елдің сырын жетелеп, арқадан-арқа қыр асып, егескенге шыдасып, Жамбылдан кім бар шыдамды?! Он жеті мен

¹⁰⁶ Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы: Генезис. Стилистика. Поэтика. Оқу құралы. – Алматы: Ғылым, 2001. 167-169-бб.

он сегіз, тал шыбықтай бұралған. Жас ақын Жамбыл атақты, он үштен бастап сыналған. Жүйесін тапқан жел сөзді Үйсін, Найман құп алған. Көргұлы Сұлтан, Өтеген, Шежіресінтыңдаса, шығушы еді құмардан. Өлеңді жастан дарытқан. Малға қашан жарытқан. Жамбыл ақын нәсібі өзімді сүйген халықтан. Қазынасы кең дүние, Жамбыл қашан тарыққан. Көңілін ашып кетейін, біраз қызмет етейін, халыққа мұңлы зарыққан. Шер-құмардан шығарып. Шертемін күйді өлеңді, жасымнан бойға дарытқан. Өлең деген өнерді, дәулет – елдің ырысы, сарқылмас қазан кемерлі. Шаршамастан шалдығып, араладым әр елді... Жиырма беске асқанда, ай ілесті аспанда! Жұлдыздар тұрды сығалап, шырқап әнге басқанда! Талқанда бұздым бөгеуді, кемелге келіп тасқанда. Үлгі беріп өлеңнен, елге ұрық шашқанда. Жарыспақ болып келгендер, шаңға ілеспей қашқанда. Домбыраның пернесін, дами берді он саусақ. Дем алмастан басқанда. Жолдас болған домбыра. Жамбыл да қалмас болдыра отыз да жатыр ойланып, шақырып мені қам қыла. Заманыңнан қалыспай. Сілтеп құлаш алысқа-ай, ...Отыздан асты жасасымыз, ақылға толып басымыз. Ақыра шауып ағындап, бәйге атындай арындап, ақын жанның жүрегі, жас баладай мінезі, балалық қашан арылмақ. Өткір сөзім қылыштай, толгадым сөзді тыныстай. Сөздің қоры ұлғайды, тағдыр берген ырыстай. Жүрмедім босқа сайыспай, жасым кетті алысқа-ай, көңіш болдым өмірге, мінезім – шылғи қайыстай. Асылдан соққан ақ семсер, келемін мен де қайыспай! Тот баспадым, сынбадым, өзімді-өзім шыңдадым. Қырғыз-қазақ жиылыса, топты жарып жырыладым. Топтан озған ақынды, топ ішінде тыңдадым. Бәйге атындай жұлынып, шаппай қарап тұрмадым. Қойды өмір жаратып, жел сөзімді таратып. Тоқтамадым қызғанда, тыңдауға халық тұрғанда. Түн артынан түн кетті, күн артынан күн кетті, кешилер батып, таң атып. Келгенде жүйрік бабына, бәйге бермес шапқанда. Кім тура кеп тоқтатар, қызып тұрған шағына! Көрді Жамбыл қырықты, кезек күтіп тұрыпты. Сымға тартқан күмістей, сынымды бұзбай тұрғанда. Жиырма бес қайта келгендей, қырықта

қылаң ұрамын. Шалғандай таудың қыранын. Өлеңім кетті селдей боп, жердің жүзін қаптаған. Суға аққан сеңдей боп, жері жоқ барып жатпаған. Қырық бес те келіп жолықты, елу де келді еркіндеп, Жамбылды елу ойлантпақ, елуді жас деп еске алмай, жұмсадым мол қайратты, асау тайдай ойнақтап. Сақтадым есте ойланып, елудің есіп өтерін. Қызыл көзі алақтап, қызыл тілі салақтап, азу тісі сылқылдап, буындары былқылдап, ақкөбік шашып аузынан, арыстандай ақырып, кәрілікті шақырып, алпыстың білдім жетерін... Жетпіс те жетті желгендей. Қажымастай бұл тағдыр, қасиетін бергендей. Кәрілік емес сол күнде, қажытқан мені замана. ...Қартайдым деп өмірде, қайғыланып жатпадым. Жастық шіркін көңілді, сонда да болды мақтаным. Мақтаным емей немене, көңілдің күйін жақтадым. Жетпістен асып, сексенге жылжыдым, ештеп беттедім. Кәрілікке еңістеп, мойындап мен де кетпедім. Көптен көксіп тарыққан, қажыған ел зарыққан. Теңдік берген заманға. Аман-тірі жеткенім! Бетіме шырай әр берді, жан денеме нәр берді. Теңгеріп нашар кедейді, «Мен ұлықпын» демейді. Біз тілеген заң шықты, кісі еңбегін жемейді!»¹⁰⁷.

«Кісі енбегін жемейтін» заманды аңсаған ақынның бұл басты ұстанымы бүкіл шығармашылығына тән ұстаным. «Өмір жыры» (1937) өлеңінде осы ой дамытылған: «Өшпейді халық жыры, қартаймайды, өшед деп оны ешкім айта алмайды. Халықтың жүрегiнiң түкпірінен, төгілген күй – шын жорға, тайпалмайды. Алтындай ел ішінде сақталынған, сұлу жыр, судан тұнық, шайқалмайды. Еске алсам, ертегідей ертеңі өткен, талай жан жүрегiнiң жырын төккен. Еңіреп ен даладан бақыт іздеп, – таба алмай, аңсап Асан қайғы да өткен. Құландай қақтан безген Қорқыт қаңғып, кездеспей көрден басқа ол да кеткен»¹⁰⁸.

Ақын Шота Руставели, Тарас Шевченко, Пушкин, Абайды кейіпкер етіп жырлайды: «Пушкиннің сайрап кеткен жырын талай, шырқаған даланы өрлей ақын Абай. Тамсанта Онегин мен Татьяна, алабын Алатаудың

¹⁰⁷ Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 2-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 21-26-бб.

¹⁰⁸ Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 2-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 108-б.

енге орай. Күреске шақырмаған ақын ба ақын, ақын болса халыққа болсын жақын!»¹⁰⁹. Соңғы сөйлемде Жамбыл жыраудың басты ұстанымы айтылған.

«Шын жүректен» (1938) өлеңінде асыл сөз туралы былай делінген: «*Көзіңді салшы далама, түкті кілем түгіндей. Тауыма сұлу, қарашы – қыздардың жиган жүгіндей! Өзеніме қарашы – ағып жатқан гүрлдей. Ауылыма қарашы – қырдың қызыл гүліндей. Ән, күйімді тыңдашы – батырлардың үніндей!*»¹¹⁰. Ақынның асыл сөзінің негізгі тақырыбы осы соңғы сөздерде айғақталған.

«Толғау» (1938) өлеңінде әр ақын заманның ойын бейнелеуі қажет екені туралы былай деп міндет айтады: «*Мен құс емес – адаммын, гүліне қонған заманның – шаттық күйін сайраймын, жүзге келдім демеймін...*»¹¹¹.

Халық мүддесін басты тақырып еткен ақын «Халық – менің шын атым» (1938) өлеңінде былай дейді: «*Жамбыл деген жәй атым, халық – менің шын атым! Жал-құйрығым, қанатым, Қазақстан Отаным*»¹¹².

«Біздің дәуір батырлары» (1939) өлеңінде ақын Отанды қорғау міндетін еске салады: «*Әскердің берген антындай, найзағайдай жарқылдай, жауға қарсы тартынбай, Отан үшін құйылған, Жамбылдың да жыры бар*»¹¹³.

Жыраулық дәстүр «Жыр толғауы» (1939) өлеңінде былай меңзелген: «*Домбырамды қолға алсам, айналама көз салсам, ағыл-тегіл жыр келер, қартайған бұл шағымда*»¹¹⁴.

«Үндеу» (1939) өлеңінде осы ой дами түседі: «*Кәне, Жамбыл қозғасын, кәне, даусың, самғасын! Ақтарылсын асыл сөз, айтылмай жыр қалмасын. Ақындықты сынар кез! Уа, Нұрпейіс, қайдасың? Уа, Орынбай, шырқа сен! Қалқа, Нартай, Нұрлыбек, жырларыңды нөсерлет, ақтарыңдар арнасын! Шежіре шешен ақындар! Дауысыма дауыс қосыңдар!*»¹¹⁵.

«Абайдың суреті» (1940) өлеңінде қазақтың «Бас ақынына» ілтифат көрсетілген: «*Мынау тұрған Абайдың*

¹⁰⁹ Сонда, 108-110-бб.

¹¹⁰ Сонда, 133-б.

¹¹¹ Сонда, 141-142-бб.

¹¹² Сонда, 152-б.

¹¹³ Сонда, 172-б.

¹¹⁴ Сонда, 189-б.

¹¹⁵ Сонда, 194-195-бб.

суреті ме? Өлең-сөздің ұқсаған құдіретіне. Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған, қарсы келер Абайдың кім бетіне! Ақын атын таратқан әрбір тұсқа, соңғыларға қалдырған үлгі-нұсқа, Арғын, Найман сөзіне таңырқазған – қандай арман бар дейсің бұл туыста! Терең ойдың түбінде теңізі бар, тесіле кеп қарасаң көңіл ұзар. Сол тереңге сүйісініп жан үңілмей, есіл сабаз ызамен өткен шығар!»¹¹⁶.

Ақын тұлғасы туралы «Біздің дәуірдің батырлары» өлеңінде былай делінген: «Ал, тыңдаңыз кәнеки! Сөйлейін деп келеді тіл менен жақ, көмекей. Ұрыс шығар мияттан¹¹⁷, сөз атасы құлақтан, су атасы бұлақтан, ер туады халықтан. Нұр шығады жарықтан, сөз келеді икеммен, ақ болат шығар дүкеннен. Тоқсаннан асқан жасымда жалынды қызыл ер көрдім, дұшпанға қылыш сілтеген. Қазіргі қызыл батырдың, айбыны жауды қайырып, қара тасты айырып, көк берендей түтеген. Халық үшін туды да, халық үшін майданға, белді берен буды да, қызыләскер ерлерге, беріп қызыл туды да, самғаған сайын қырандай, шақырып майданға ұрандай, жаңғыртты тау мен шыңды да... Әскердің берген антындай, найзағайдай жарқылдай, жауға қарсы тартынбай, Отан үшін құйылған, Жамбылдың да жыры бар»¹¹⁸.

Ақын Жамбыл Жабаев өзінің асыл сөзге қойған талабын былай деп тұжырымдаған: «Замана жайы – терең сыр, замана жыры – бітпес жыр. Жамбыл деген – жай атым, халық – менің шын атым!»¹¹⁹.

Майдан жырларында басты сөз: Отан, халық, ерлік, ұрпақ, т.б. Сондықтан Ж.Жабаев былай дейді: «ата-баба мұрасы, көздің қара, ағындай!». «Көк найзалар үйірген, мұздай темір киінген», «Мұздай темір құрсаңған, алыптарға ұқсаған», «Қардан кебін кигізу», «найзағайша ойнау», «мүзбалақтай толғану». Кеңес Одағының Батыры Төлеген Тоқтаровқа арналған өлеңінде – жас ұланды жас қыранға, қайраулы алмасқа теңейді. Батыр туралы: өткір тұяқ, болат тұяқ, өткір қияқ дей келе: «*Көрем ерлер тұрпатын,*

¹¹⁶ Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 2-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 217-б.

¹¹⁷ Мият – тілектес, достас, көңілдес мағынасында.

¹¹⁸ Сонда, 170-172-бб.

¹¹⁹ Сонда, 170-б.

тас болатша үйірілген. Алдаспанды үйірген, алдында су жырылып, ұмтылса тау иілген. От шашылған демінен, тас түйілген қаһарлы мұздай темір құрсаңған, алыптарға ұқсаған»¹²⁰.

Ақынның келесі өлеңіндегі лирикалық толғаулардың жөні ерекше (1943): *«Сарғайып атқан таң ба екен, сары-аяқ болған бар ма екен, сарғайып қана шақырсам, алғадайым келердей күн бар ма екен?! Бозарып атқан таң ба екен, бозар-аяқ болған бар ма екен, мінген атың кер ме екен, кекілден аққан тер ме екен, қиырға бір шығып шақырсам, «Тәтемнің даусы» дер ме екен?!»¹²¹.*

«Қызыл жұлдызға» құттықтау (1943): *«Қолымда көне домбырам, сөйлесе, нақыл сөз ұғам. Білімді – мыңды жығады! Батырдан дұшпан ығады! Халықпен жаны бір адам, қажымай қорғап намысты, қалайда жеңіп шығады!»¹²².*

«Ақындарға арнау» (1943) өлеңінде асыл сөзге қатысты былай делінген: *«Жүйрік жүйрік болар ма, Шаршы төске сермемей?! Қыран қыран болар ма, тас қияға өрлемей?! Жорға жорға болар ма, төрт аяғы тайпалмай?! Батыр батыр болар ма, қалың жауды қайтармай! Ақын ақын болар ма, арқа қызып, ән салмай! Жиылған көп халайық, сөзіне ұйып тамсанбай?! Ақындар, көз салыңдар, қиуаны шалыңдар, қиқу салып талайдан, келе жатқан сарын бар. Ұзын жолда біз өткен, өренге кеп тәлім бар. Сүйінбай мен Қатаған – қара өлеңді матаған, атын жаттап балалар, әлі күнге атаған. Кеншімбай мен Орымбай, өлең, сөздің қорындай, көрінеді сорабы керуен көшкен жолындай. Құл, Құлмамбет, Құлынишақ, Майкөт, Сарбас, Қуандық, бұлдырайды туга ұқсап, көңілімізді құмар ғып. Шәже менен Кемпірбай, өлең-жырдың жұртындай! Біз солардың өрені көк дауылдай боратып, сөз бастаңдар келелі. Жырға лайық елің бар, елге лайық ерің бар, төрі толған түлікке. Ұлан-байтақ жерің бар. Көкорайлы белің бар, айдын шалқар көлің бар, сабасы мол көп өзен, өлке толған егін бар. Жаз өрісін көк жайлау, қыс қонысы – соның бар.*

¹²⁰ Сонда, 179-б.

¹²¹ Сонда, 296-б.

¹²² Сонда, 301-б.

Тау мен далаң сақтаған, қойны толған кенің бар. Алтын, күміс, қорғасын, мұнай мен мыс, көмір бар, осы дәулет тұрғанда, неменеден кемің бар?! Осыларды толғайтын, ақындарым, жөнің бар!.. Батырларға қараңдар. Жас арыстан пішінді – жауға ойран салған бар. Батыр сынды, мүсінді, Мәліктей¹²³ көп балаң бар. Қаһарман қып жасаған, халқымызды заман бар. Не болғанын бүгінде, бөбектердің білуге, Бәйт¹²⁴ қылып тараңдар, замананың жыршысы сендерде не арман бар?! Уа, Орымбай, Шашубай, сендер өзен басындай. Ағытыңдар өлеңді! Жазғытұрғы тасқындай. Нартай, Кенен, Нұрлыбек, Маясар, Қуат, Жақсыбай! Өлең-жырды дүрілдет – жарқылдатып жасындай. Сөздеріңнің күшінен, жау жүрегі түршіксің. Жырларыңды естіген, дос құмардан бір шықсын!»¹²⁵.

«Замана ағымы» (1927) деген өлеңінде де асыл сөз туралы: «Сексен бірге жас келген, не заманды бас көрген, солар арқау жырыма. Артта қаған сөзім бар. Сөзімді айтар кезім бар. Кімді жұтпас қара жер. Ақылыңмен ойлай бер. Ойы жеткен ой тігер, Жамбыл ақын сөйлеген, сөзді бекер демендер. Жамбыл айтты қиссаны, өлең десе Жамбылың, қанат байлап ұшады. Неше түрлі ел өтті, неше түрлі жан өтті, жұрт билеген хан өтті. Тілдерінен бал тамған, жорға, жүйрік майталман, шешен де өтті дүниеден. Иегіне түк жұқпай, көсе де өтті дүниеден. Ел шетінің қорғаны, жау бетінің айбары, сауыт-сайман асынған, ерлігін жаннан асырған, батыр да өтті дүниеден. Ойы дана асылдан, сөзі бұлақ тасыған, Ақан да өтті дүниеден. Замана деп толғанған, ел қайғысын қолға алған, Абылайдың алдында, сөз сөйлеген болжаудан, Бұқар жырау о да өтті. Шернияз бен Шортанбай, Досқожа мен Нысанбай, Дулат пенен Сүйінбай – сөздері жел-құйындай, өтті еңіреп олар да. Жақсы да өтті дүниеден, жаман да өтті дүниеден... Ой жіберсем соларға... Замана жайы – терең сыр, замана жыры – бітпес жыр»¹²⁶.

«Жамбыл Жабаев шығармашылығына қатысты қазіргі

¹²³ Мәлік – Мәлік Ғабдуллин, Совет Одағының Батыры, ғалым.

¹²⁴ Бәйт (арабша) - өлең, уақиғалы сарынмен айтылатын жыр.

¹²⁵ Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 2-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 303-304-бб.

¹²⁶ Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 2-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 312-314-бб.

әдебиеттануда екі түрлі көзқарас бар. Советтік қазақ әдебиеттануы Жамбылды партия мен коммунизмді мақтаған, советтік дәуірді жырлаған ақын ретінде ғана таныстырады. Ал тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеттануының басты мәселелерінің бірі – Жамбылдың советтік әдебиеттану анықтамай кеткен ақынның көркемдік әлемін зерттеп білу. Кезінде тек партия мен коммунизмді, Сталин мен Ленинді ғана мадақтады деген халық ақынының көркемдік әлемі тек сол тақырыптарға ғана бағытталмағанын қазір анық айтуымыз керек. Жамбыл Жабаевтың шығармашылық ерекшелігін анықтап берген зерттеулердің бірі ғалым Серік Негимовтің «Ақын-жыраулар поэзиясы» (2001) монографиясы. Осы еңбекте Жамбыл шығармашылығы жаңа көзқарас тұрғысынан сараланған. Ақын шығармаларының көбі көзі тірісінде редакциялауға көп түскені айтылады. Маңайындағы хатшылары жыр алыбының көмейінен төгілген күміс жырларына «партия», «пленум» деген сияқты сөздерді қосып отырған. Шынында да Бұқар жырау, Ақтамбердіден келе жатқан жыраулық дәстүрдің ізімен «Отан», «қазақ», «халық», «ұрпақ», «тарих», «дәуір», ұлттық мүдде: «елдің мүддесін жоқтап келдім» деген мәселелерді қозғаған ұлы ақын тек партияны жырлады дегенге кім сенеді? Кейде тақырыпқа қатысты Отанын, яғни Совет үкіметін жырлаған шығар, сол кездегі Сталин мен Лениннің халыққа жасаған істерін сол қоғамның азаматы ретінде айтқан шығар. Бірақ «Менің пірім – Сүйінбай, сөз сөйлеймін сыйынбай! Сырлы сұлу сөздері маған тартқан сыйындай!» дейтін Жамбылды күні-түні тек сол екі көсемді жырлады дегенге, қазір біз сенбейміз. Өйткені, ол мүмкін емес. Мәселен, Марк Тарковский Жамбыл туралы былай деген: «Көшпелі сөз зергері, жыр айтудың көшпелі академиясы Жамбыл туған жерінің тауы мен даласын ұзақ жылдар талмастан кезумен өткізген». Менің бір байқағаным, Жамбылдың қай шығармасы болсын, айтысы болсын, біреуге қаратып айтқан сөзі болсын, басты тақырыбы – елдің, қазақтың мүддесін көздеген. Оған бір дәлел – «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», «Саурық батыр» сияқты тарихи тұлғаларға

арнаған дастандары. Совет үкіметі кезінде осындай батырларды жоқтауының өзі неге тұрады. Яғни ақынның басты тақырыбы ұлт мүддесі болғандықтан тарихи толғаған. 1946 жылы «Сыздыққа» деген өлеңі шыққан. Өлеңнің басты кейіпкері – Кенесары Қасымұлының ұлы Сыздық төре. Осы өлеңде қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының көсемдері Кенесары мен Наурызбай сұлтан бейнелері халық батырлары ретінде алынған. Сыздық сұлтан мен Жамбыл достық қатынаста болған. 1880 жылы Сыздық Кенесарыұлы ақынмен бірге қырғыздардың Орман ауылына барғаны белгілі. Осы сапардағы айтыста Жамбыл ақын Кенесары, Наурызбай батырлардың ұлт қозғалысының қаһарманы болғанын жырлаған. Егер ақын советтік заманға риза болған болса, сол кезде атын айтуға тыйым салынған Кенесарыны жырлап несі бар? Жамбыл Сыздық төренің басынан өткен тарихының бәрін осы жырында бізге аманат етіп қалдырды. Күні бүгін Сыздық төренің қырғызға барып андай істер атқарғаны, тағы да басқа өмірі жайлы Жамбыл жырларынан басқа нақты тарихи деректер бізде жоқ. Совет кезеңінің тарихшылары мұны жазған емес, жазбайды да.

Ақын шығармаларына үнілсеңіз, халықтық сөздерді көп кездестіресіз. Соның ішінде осы күнде қолданыстан түсіп қалған керемет тіркестер көп кездеседі. Мәселен, *«балықша бұлттың жүзгені»*, *«ақ матасы – күмістей, жері кілем – пүліштей»* дейді ақын «Өтеген батыр» дастанында. Дастанды ақын *«Жырлаған ескен жел маған, бұл жырды мен естігем жұлдыздың аққан көгінен»*, деп бастайды. Мұндағы жыр ескен желмен келеді деуі ата-бабадан келе жатқан дәстүр. Тәуелсіздік кезеңінің қазақ әдебиеттануы Жамбыл Жабаевтың көркемдік әлемін зерттеуге көбірек мән беруі керек. Бұрынғы идеологияға ұшыраған өлеңдерін қайта қарап өз қалпына келтіру қажеттілігі тұр. Ақынның әр өлеңін алып қарасаңыз, «ақ», «алмаз», «асыл» деген сөздер көп кездеседі. Соғыс кезіндегі ленинградтықтарға арнаған өлеңдерінде Отанға деген үлкен сүйіспеншілік сезімі көрінеді. Ұлтына, жеріне қарамай, бүкіл халыққа келіп тұрған қасіретті бір Отанға төнген қауіп деп қабылдауы,

Отан деген қасиетті ұғымды ерекше құрметпен сөз етуі, қазаққа ғана тән үлкен аталығының белгісі. «Қазақтың тиеп алған көп мақалын, мен өзім көпті көрген ақ сақалмын». Төлеген Тоқтаровқа арнаған өлеңінде «өткір қияқ», «болат қияқ» деген тіркестер бар. Бұл жерде майдан алаңындағы қазақ жастарының қолдың артында жүрмей, жарқылдап алғы шепте қол бастаған батырлығын айтып отыр.

«Кеңес гвардеецтеріне»: «Қазақстан ұлдары, желбіреп қолда тулары. Ақ алмастай жарқылдап. Жеңгенін жауды алқымдап көрдім тағы, көрген ем. Жауынгерлік жүрекпен, майданда күшті бірлікпен, ажалды жеңген арменен, өмір берген нұрменен, жігерлен, жайна жігіттер»¹²⁷.

«Ерлерім, көріп қуанам, жауға сұсты түріңді. Ер туған ата-бабаның, түріне ұқсас қадамың, жыры түгіл жыраудың, ел сізге несін қимасын. Ақ сүтін беріп емізген, өсіріп батыр дегізген, сылап, сыйтап майданға, аттандырып өргізген – анаға сендер сүйеніш»¹²⁸.

«Кеңес гвардеецтеріне» деген өлеңінде «кардан кебін кигізген» деген тіркес кездеседі. Мен мұндай тіркесті басқа ешбір жерден кездестірген емеспін. Майданда шаһит боп кеткен боздақтарға айтылған мұндай бейнелі сөз, тіпті орыс поэзиясында да жоқ шығар деп ойлаймын. Қай өлеңін алсақ та, атадан қалған асыл сөзді жаңғыртып айтуымен құнды. Оны ақын «Ата-баба мұраты – көздің қара-ағындай» деп өлеңінде де көрсетіп кеткен. «Өтеген батыр» дастанында ел мүддесін жоқтағалы келдім дейді ақын. Ақынның ақындық әлемін анықтап алу қазіргі күннің қажеттілігі. Өйткені, көзі тірісінде мұндай қиянатқа ұшыраған ақын көп емес. Жырларын оқып келе жатқанда толғауларының ішіндегі өзгертілген сөздер анық байқалып тұратыны рас. Ақын совет кезеңінде сый-құрметті көрді ғой, сол да жеткілікті деп, ол кісіге жасалған қиянатты айтпай қалуға болмайды. Жамбыл – бабалар сөзін жалғастырушы. Жамбылды осы тұрғыдан қарастырудың негізін бізге ғалым С.Негимов салып берді. Өлеңдері мен дастандарын сүзіп, өз қалпына келтіру қазақ әдебиеттануының алдында

¹²⁷ Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 2-т. – Алматы: Ғылым, 1996. 253-б.

¹²⁸ Сонда, 255-256-бб.

тұрған үлкен міндет. Біз осыны мәселе ретінде көтеруіміз керек» («Қазақ әдебиеті», № 8 (3224). 6-бет. 25.02.2011). Қазақтың ғана емес, соғыстарда шаһит болып кеткен боздақтар туралы: «Қардан кебін кигізген» дейді ақын. Бұл шаһит болып кеткен Алаш ақындарына да қатысты. Осы ретте М.Жұмабайдың Жамбыл Жабаевқа арнайы жазылған өлеңі еске түседі.

М.Жұмабай өз заманының абызы Жамбылға 24 шумақ өлең жазған деген дерек бар. 1937 жылы Жамбыл атағы кеңінен танымал болған кезде, қарт ақыннан рухани демеу күткен Алаш ақыны аталған өлеңдерін арнаған екен. Содан сақталғаны келесі шумақ қана: «*Жамбылға*»: ...Жан аға! Шықтым өлімнен, халімді менің көрсейші. Жаның нұрға көмілген, нұрыңнан ұшқын берсейші!..¹²⁹.

¹²⁹ Жұмабаев М. Үш томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Жазушы, 2003.116-бет.

АЛАШ АҚЫНЫ МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ: «БІР ӨЛЕҢІ – БІР ЕЛДІҢ МҰРАСЫНДАЙ»

*Лай су шаймайтын арым бар, дауылдан қорықпас
«жаным бар!»*, – дейді ақын Мұқағали Мақатаев. Бұл сөздер ақынның лирикалық кейіпкерінің де басты азаматтық ұстанымы. Отан туралы ақынның өлеңдері циклды құрайды. Отан киелі ұғым екенін қазақ әдебиетінде Алаш ақындары айғақтап берген болатын. Олар қазақ жыраулары мен Абай жырлаған «Отанды сүю – иманнан» деген концептіні қалыптастырды.

Совет кезінде Отанды осы тұрғыдан жүрегімен сезіне отырып жырлағандар көп емес. Алаш ақындарының «Оян, қазақ!» деген ұранын Отанды кастерлей білу тұрғысынан совет кезінде жалғастырған М.Мақатаев екені айқын. Отан ұғымын совет кезіндегідей тек декларациялық түрде емес, оның киелі, құдіретті екенін жүрегімен сезінген ақын былай деп толғанады: *«Оңай сөз ғой «Отанды сүйем» деген, не тындырдың «басымды иемменен?» Оңай сөз ғой, құрбым-ау, оңай сөз ғой, «Отан үшін өлемін, күйем» деген. Өлем деген ерліктің қорегі ме? Өлмей-ақ қой, бос сөздің керегі не. ...Егер Отан сыңсыған орман болса, жапырақ боп жармасқын терегіне. Самалы бол, Отанның салқындаған, сандугаш бол, сайратсын алтын далаң. Семсері бол Отанның қынабында, сертке ұстаса, селт етпей жалтылдаған»¹.*

Отан тек мақтану үшін ғана емес, оны көркейте білу де әр азаматтың міндеті екенін ақын қадап айтады: *«Шетсіз, шексіз, қиырсыз ұлы дала, шуақ болып шашылмай жылына ма? Сүю Отанды. Шыныңмен сүйіп өт те, гүл боп қадал ойына, қырына да!»².*

Отанды сүю деген түсінікті де ақын осы ретте айқындап береді: *«Жүз толғанып, күніне мың ойласам, ақ басты алып анаммен шырайласам. Қалай оны сүйем деп айта аламын, бірге күліп, қуанып, мұңаймасам?! ...Оңай сөз ғой «Отанды*

¹Мақатаев Мұқағали. Жүрек арызы: Өлеңдер. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. 21-б.

² Сонда, 21-22-бб.

сүйем» деген, іс тынбайды «жанамын, күйемменен»... Өгей әке емес қой Отан деген, Отанды мен Атамдай иемденем»³. ... «Отаным, сенің ұлыңмын, сен үшін, Отан, бел бекем!»⁴. Ақынның лирикалық кейіпкері үшін Отан ең жақын жан досы. Сондықтан ол мұңын, қайғысын, үмітін онымен бірге бөліседі. «Отан! Отан! Сен болмасаң, не етер ем? Мәңгілікке бақытсыз боп өтер ем, өмірден бұл өксіменен кетер ем. Құс ұясыз, жыртықш інсіз болмайды. Отансыз жан өмірінде оңбайды. Өзін-өзі қорлайды да, сорлайды. Тірі адамға – сол қайғы!»⁵. Осы ретте ақын отансыз жат жерде өмір сүру қасірет екенін ерекше айтады: «Күн көреді, әкесіз де, анасыз, Өмір сүрер. Әйелсіз де, баласыз, ал, Отансыз – нағыз сорлы панасыз? Білесің бе, Отанның сен не екенін? (Екі өмір жоқ, әрине, жоқ екі өлім). Екі Отан жоқ. Жалғыз Отан – мекенің!»⁵.

Совет кезінде азаматтық лирика деп аталған бұл өлеңдердің жөні ерекше. Отанды абстракциялық емес, жанымен құрметтей білу көп кездесе бермейді. Ақын осы ретте отансүйгіштік басқаның да қадірін түсіне білу екенін ескерте кетеді. Бұл бүгін де қажет ұғым. Өз Отанын қадірлемеген басқа жерде де көгермес. «Мейлі тундер, күн етсін, мейлі өмірім жүдетсін. Сен, сен Отан Сен, Отан – кеудемдегі жүрексің. Сеніменен бірге мен, бірге өл десең, бірге өлем. Қайтып сезер өзгені, өз Отанын білмеген. Құлың емес, ұлыңмын, уызыңа жуындым. Еркесімін еліңнің, жерің менен суыңның. Егер сені білмесем, мен жер басып жүрмес ем. Қай құрлыққа барсам да, қайырымды Анам, бірге сен. Сенде тұып, сенде өстім, таласа алмас енді ешкім, бұзбайынша кеудемді, сені ешкімге бермеспін!!!»⁶.

«Ерлікті аңсаймын» өлеңінде бұл ұғым кейіпкерге айналып кетеді: «Саялы Отан... Кешір, Отан?»⁷. ...Сая – Отан! Самалың кеп бір өпкенде, миым мен жүрегімде дір еткен не?! Міндеттімін миымнан тоқ өргізіп, жеткізуге сендегі жүректерге («Шуағым менің», 2010). Отан ақын үшін – қасиетті ұғым. Ақынның міндеті осыны «жеткізуге жүректерге».

³ Сонда, 122-б.

⁴ Сонда, 204-205-бб.

⁵ Сонда, 205-б.

⁶ Мақатаев Мұқағали. Жүрек арызы: Өлеңдер. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. 285-286-бб.

⁷ Мақатаев М. Шуағым менің: Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: ҚазАқпарат, 2010. 101-б.

М.Мақатаевтың «Бір ән бар бүгінгі ұрпақ естімеген» өлеңі Шәкәрімнің белгілі әнін еске салады. Несімен? Тақырыбымен, ата-баба үнін еске алумен. *«Бір ән бар бүгінгі ұрпақ естімеген (Сонау бір соғыс жылы естіген ем) Әрәдік, әлдеқалай есіме алсам, қос басы, қою қара кеітті көрем. Шар тастар, шалғынды сай Қарағайлы, Шулы өзен шомылдырған шағала – Айды. Жөтеліп бұлттар көшіп өтетұғын, жетектеп жетегінде қара қайғы. Жел тынған, жапырақ та сілкінбеген, тауға кеп түн ұйытын кілкілдеген. Әр жүректі сол бір ән мазалайтын, әр көмейде сол бір ән бүлкілдеген. Қос басында қауымның бәрісі де, қосылатын жасы да, кәрісі де, сіңір тірсек біздер де шырқаушы едік, түсінбестен сол әннің мәнісіне. Күндізгі зор бейнеттің түні келіп, әр кеш сайын ән тыңдап жүріп едік. Көз ұйқыға кеткенше сол бір әннен сай-сала тұратұғын күңіреніп, жүректің шыңырауында қоздайтұғын, шыбыны бар кеудені қозғайтұғын, қауым айтқан сол әнді естігенде, боталы інген борықта боздайтұғын»⁸.*

Поэзияның әсері *«Жүректің шыңырауында қоздайтұғын, шыбыны бар кеудені қозғайтұғын»* асыл сөздерді тауып алуымен құнды екенін ақын осы ретте ерекше атап өткендей. Осы ретте М.Бахтин айтқан асыл сөздің «внесловесный контекст» тұжырымы еске түседі. Ақын сөздеріндегі қос басындағы қауымның ауыр тіршілігіне қарамай жүректеріндегі жанға қажетті әнді тебіреніп тыңдауын көзбен ғана көріп емес, өзіміз де сол ортаға еніп кеткендей боламыз. Бұл шынайы тыңдаушысын елестетіп жазған өлеңнің қасиеті. *«Бір ән бар бүгінгі ұрпақ естімеген, (Сонау бір соғыс жылы естіген ем) Сол бір ән көмейіме кептелгенде, өмір дейтін керуен, көітті көрем»⁹.*

Өмір тек қиялдың арпалысы ғана емес. Ойдың елесі мен өмір көшінің бейнеленуін ақын нақты заттық әлемнің қозғалысы арқылы осылай бейнелеген: *«Жөтеліп бұлттар көшіп өтетұғын», «Жетектеп жетегінде қара қайғы». «Жел тынған, жапырақ та сілкінбеген», «Тауға кеп түн ұйытын кілкілдеген». «Күндізгі зор бейнеттің түні келіп», «Боталы інген борықта боздайтұғын».*

⁸ Мақатаев Мұқағали. Жүрек арызы: Өлеңдер. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. 29-30-бб.

⁹ Сонда, 30-б.

Қазақ қыздарын Абай бастаған Алаш ақындары «көзімнің қарасы, көңілімнің санасы», «сәулем» десе, Мұқағали қазақ қыздарын «Арулар» деп атап, өз бағасын осылай беріпті. Анасы, әжесі, қызы, қарындасы, замандасын осы сөзбен көркейткен ақын бұл өлеңімен қазақ әйеліне деген атабабадан келе жатқан ізгілікті көзқарасты совет кезінде орнықтырып кетті. Партияның түсінігіндегі советтік әйел тракторшы, белсенді депутат, озат сауыншы, құрылысшы болуы тиіс деп бағаланып жатқанда М.Мақатаев қазақ қызының о баста берілген міндеттері мен қоғамдағы орны бұлардың бәрінен де қасиетті екенін былай деп «Арулар» атты өлеңінде мойындатып берді: *«Арулар – асыл жандар! Шуақ боп шашылғандар, қуат боп тасынғандар, құшақ боп ашылғандар, арулар – асыл жандар! Арулар – асыл жарлар! Арулар – әрбір үйдің шаңырағы, әрбір үйге от болып жағғылады. Әрбір үйде таң болып атты-дағы, әрбір үйге сәуле боп жамырады. Жимайды-ау бір шашылған шуақтарын, саясына келеді-ау, шуақтағың. Жамандыққа қиярсың қалай ғана, жайнаған бір-бір үйдің шырақтарын. Арулар – асыл жарлар, сағыныштар, өтініштер, құшақтар, жалыныштар... Жек көрсе олар жүрегін мұз жасайды, жақсы көрсе балқытып, жанына ұстар. Арулар – аяулылар, ардақтылар, өмірдің жылуы боп қалмақ бұлар. Арулар – тіршілікке күре тамыр, өмірді бір-біріне жалған тұрар»¹⁰. Өлеңдегі тек М.Мақатаевқа тән бейнелілік ерекше: *«Әрбір үйде таң болып атты-дағы, әрбір үйге сәуле боп жамырады. Жимайды-ау бір шашылған шуақтарын, жайнаған бір-бір үйдің шырақтарын. Жек көрсе олар жүрегін мұз жасайды, жақсы көрсе балқытып, жанына ұстар»¹¹.**

Арулар жәй сәуле ғана емес, олар «Сәуле боп жамыраған, Сондықтан да «жимайды-ау бір шашылған шуақтарын». М.Мақатаев өлеңдерінде «сәуле», «таң» сияқты бейнелі сөздер нақты етістіктер арқылы дамытыла түскен. Абай «көзімнің қарасы» десе, М.Мақатаев: *«Арулар – тіршілікке күре тамыр, өмірді бір-біріне жалған тұрар»* деп нақтылай түседі. «Өмірдің жылуы боп қалмақ бұлар» деген мейірімді

¹⁰ Мақатаев Мұқағали. Жүрек арызы: Өлеңдер. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. 28-29-бб.

¹¹ Сонда, 28-б.

жандардың негізгі ерекшелігін ақын осылай совет заманында айқындап берді.

М.Мақатаевтың жүрегінде ұстаған, сөзін соған арнап жазған тыңдаушысы, оқырманы кім? Ол – «ойлы жас!» Ол туралы ақын былай дейді: *«Адамды адам түсінбеу – бір ақырет. Ойлы жас, түсінісің, рахмет! Рахмет! Жассың зой жалыны мол, жалыны мол және де қуаты көп. Ойлы жас! Өлең – менің бар тынысым, жақсы сөзім – жаны игі халқым үшін. Атақ қуып, бақ қуып, даңқ қуып, біреулерден жүргем жоқ арту үшін»*¹².

Ақын өзіне дейінгілерді де жокқа шығармайды: *«Оңашада ойларын тыным еткен, біздейлердің мыңы кеп, мыңы кеткен. Ақындар бар амалсыз бұғып өткен, ақындар бар ішінен тынып өткен. Біздейлердің мыңы кеп, мыңы кеткен»*¹³.

Алаш ақындары сияқты М.Мақатаев Абайдың «басты ақын» екенін осылай тағы бір еске салады. (Абай, бірақ, қайтадан тіріле ме...). Өлеңшілер атақ үшін жазса, ақындар үшін «өлең менің сырласымдай»... Айтып өткен ақында арман бар ма жүрегінің түбіне кір жасырмай», – дейді ақын.

*«Бізді олардың балама біріне де, ұлыға да санама, іріге де. Қалам тартқан қазақтың бәрі де ақын, Абай, бірақ, қайтадан тіріле ме... Ойлы жас! Өлең менің сырласымдай, сырлассам да құмарым жүр басылмай айтып өткен ақында арман бар ма? Жүрегінің түбіне кір жасырмай...»*¹⁴.

Асыл сөздің тылсым қасиеті туралы М.Мақатаев ақын былай деп толғанады: *«Өлең деген тұмайды жайшылықта, өлең деген тулайды қайшылықта. Ақын болсаң, жарқыным, алысқа аттан, күнделікті тірлікке бой суытпа»*¹⁵.

Ақын тек көз алдындағыны ғана емес, мәңгілік тіршілікке кеткен тарихи уақытты да есте сақтауы қажет дейді ақын: *«Айшылық жол... Шөлдейсің, зарығасың. Армандайсың, аңсайсың, сағынасың. Жол азабын көресің, көресің де ашынасың, біресе бағынасың»*¹⁶.

¹² Сонда, 40-41-66.

¹³ Мақатаев Мұқағали. Жүрек арызы: Өлеңдер. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. , 41-б.

¹⁴ Сонда, 41-б.

¹⁵ Сонда, 42-б.

¹⁶ Сонда, 42-б.

Ақын үшін өмір ұзақ сапар көші, оның биігі мен аласасы бар дейді ол: *«Даламенен жүресің, тау асасың, сезесің биігін де аласасын. Кенезең кепкенде бір, лай суға кез-келген мақұлықпен таласасың. Сапар ұзақ. Тағы да аяңдайсың, алыпқаштаң басылып, баяулайсың. Ел шетіне жетесің, жетесің де көргеніңнің бәрісін баяндайсың»*¹⁷.

Өлеңнің кілті деген ұғымды М.Мақатаев осы ретте қолданған: *«Міне осылай өлеңнің кілті деген, құйттай жүйең қалмайды сілкімеген. Аттанам деп алысқа, айдалада адаспаса болғай-ды шіркін өлең»*¹⁸.

«Өлең кілті» табылмай, ақынның асыл сөзді іздеп қиналуы тек бір сәттік емес екенін М.Мақатаев осылай нақтылап берген. «Ой бұлағы да ағады» деуі өлеңнің тууының ретін меңзейді.

«Өлең деген тулайды қайшылықта» екенін М.Мақатаев бізге осылай баяндап кетті, себебі ақын өзі айтқандай: *«Тау бұлағы да ағады, ой бұлағы да ағады. Әрқайсысы өзінше тепкілейді жағаны. Бірі жылжып барады, бірі мөңкіп барады»*¹⁹.

Ақын қалай қалыптасады, оған не әсер етеді? Ол туралы ақын былай деп бөліседі: *«Сонау бір жазда, жайлауда, соғыстың кезі, қой баққам. Көңілім келмей байламға, көп нәрсені ойлантқан ...Қойнымда дәптер, қаламым, қайтатын үйге жазылмай. Сағымы сабыр даланың айта алмай жүрген назымдай. Жүгірген төмен құлдырап көрдім де таудың бұлағын. Көзімнің алды бұлдырап, қалқайып екі құлағым, қабаржып, үнсіз жыладым. Сондағы көздің жасынан ләззат алғам, нансаңыз. Сұраңыз әрбір тасынан еліме менің барсаңыз. Сұрапыл, сұрғылт, ашулы сұраңыз таудан, асқардан. Сондағы тамшы жасымды кем көрмен ұлы дастаннан. Бұлақтан барып сұраңыз, көрді екен, кімді білді екен... Бұғынып қалған бір аңыз бұйығып тағы жүр ме екен. Жартастың жонын ұрғылап, кеудесін сайдың тепкілеп. Сұрар ма екен сұм-бұлақ – сол бала қайда кетті? – деп»*²⁰.

Ақынның лирикалық кейіпкері – қазақ жайлауы, сағымы

¹⁷ Сонда, 42-б.

¹⁸ Сонда, 42-б.

¹⁹ Сонда, 44-б.

²⁰ Мақатаев Мұқағали. Жүрек арызы: Өлеңдер. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. 48-49-бб.

бар сабыр дала, көңілдің ойлантуы, туған елінің тау мен тасы («сұрапыл, сұрғылт, ашулы, сұраңыз таудан, асқардан»), тау бұлағының құлдырауында «бұғынып қалған бір аңыз» іздеуші. Жүрегін мұң шалған баланың бұл күйіне куә болған да қазақ даласы. Табиғат бала жүрегінің есеюінің куәгері ғана емес. Ол ақын жүрегінен орын алған жақын дос. Бала кезінен тілсіз табиғаттың құдіретін жүрегімен сезінген ақынның көз жасы сондықтан да жеңілдік әкелген.

Сабыр Даланың ұлы дастанын асыл сөзбен бейнелей білген М.Мақатаев Алаш поэзиясының ұлттық рухын советтік кезде жүрегінен сөйлеген лирикалық кейіпкерлерімен дамыта түсті. Ақын өлеңдері соқырға таяқ ұстатқандай, саясатпен шегеленген тас жүректердің есігін осылай қақты.

Адам баласы қай кезде шын бақытты еді деп Шәкәрім қойған сауалына өзі тек балалық шақта деп жауап берген еді. М.Мақатаевтың «Сағым» өлеңінде осы ой дамытыла түседі: *«Есімде ессіз менің бала шағым, болмасқа әжемменен таласамын. Қиыры жоқ даланың сахнасында, сағым болып ойнайтын болашағым. Теңіз болып жер беті тербелетін, қыбыр-қыбыр дүние сенделетін. Таулар алып кемедей жүзетұғын, желпіндіріп желкені желге бетін. Сиқырлы сан мың сәуле төгілетін, сан мың өрнек сәнімен өрілетін. Көз ұшында мазарлар көтеріліп, тәжімақал сияқты көрінетін. Сағым ойнап тұратын көпке дейін, бірде жылжып, шегініп шетке кейін. Көрші ауылдар ғайып боп алыстайтын, аңсап өткен моллалар Меккедейін. ...Табиғат сиқырына аңырғанмын аңырғанмын, алысты сағынғанмын. Жоққа сенгіш сәбилік қайдан білсін, сағымнан әрі тағы сағым барын»²¹.*

Шәкәрім тек балалық шақ адам жүрегінің таза кезі десе, М.Мақатаев былай дейді: *«Жоққа сенгіш сәбилік қайдан білсін, сағымнан әрі тағы сағым барын»*. «Тобын жазбаған топ балалық шақты» ақын былай деп еске алады: *«Жалаңаяқ жар кешіп, қызылаяқ қыр кешіп, қыр гүлімен бірге өсіп, қыр желімен бірге есіп, торғайлармен тілдесіп, торы тайға мінгесіп, тобын жазбай топ бала, жүретін ек гүлесіп»²².*

Бұларға ең бастысы – ол кездегі ортақ құндылықтар: *«Орман, таулы туған жер – ортақ бізге бір бесік, оны да*

²¹ Сонда, 51-б.

²² Сонда, 52-б.

біз атқардық, жігіт болдық, мақтандық, тартып мініп ат жалын, жеке-жеке аттандық, «Өнерімізді» ақтардық, өршелендік мақтан ғып, өкінішті сол ғана – өзді-өзіміз таң қалдық»²³.

Ақын үшін ең маңыздысы сол сәби кездегі жүрек тазалығы мен құрбылар бірлігін сақтап қалу: *«...Орақ мұрын, қыр маңдай, маңғаз жігіт жүр бүгін. Өзі ұстап тұрғандай туған жердің түңлігін. Сақтап қалса, жарады, азаматтың тірлігін, сәби шақтың бірлігін...»²⁴.*

«Сәби шақтың бірлігін» қастерлеп мойындаған ақынның хронотопы – «Өтіп жатыр зымырап зырлауық күн» деп уақытты дәл бағалауы болып табылады.

М.Мақатаев күнделіктерінен байқағанымыздай ақын Құран аяттарын жатқа оқыған азамат. Сондықтан ақынның өлеңдеріндегі: «Жел маған сыбырлайды аят оқып: «Бір күні айрыласың, қара да тұр» деуі де тек анадан айырылып қалуды меңзеу емес, өмірдің өткінші екенін еске салу.

М.Мақатаевтың достық туралы ойы да айқын: «Достық деген – адамның көрігі екен, достық деген ақылдың серігі екен»²⁵. «Бұлданба, жүрек, бұлданба! Жиылып досың тұрғанда»²⁶.

Заман мен уақытты М.Мақатаев тарихи контексте қабылдайды. Уақыт ақын үшін бір күн ғана емес. Адамның өмірі шектеулі екенін, бұл «жүз құбылған сағым» өмірдің керуен болып өтіп бара жатқанын лирикалық кейіпкер жақсы түсінеді.

«Тоқта, ботам! Атаң келеді артыңда! Бұр мойныңды қалжыраған қарт ұлға. Сенің сәби сәттеріңнің мысқалын айырбастап ала алмай жүр алтынға. Тоқта, ботам! Атаң келеді артыңда! Жүзе жүріп, жүз құбылған сағымда, жастық дейтін көктеменің шағында, өскен едік сенің анаң екеуіміз осы қарттың мәпелеген бағында. Қарттың бағын жайлайтынбыз иен тегін, таңдайтынбыз алуан-алуан ертегін. Жинап алып жүрер еді жарықтық күллі ауылдың елтеңі мен селтеңін»²⁷.

²³ Сонда, 52-б.

²⁴ Мақатаев Мұқағали. Жүрек арызы: Өлеңдер. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. 52-53-бб.

²⁵ Сонда, 59-б.

²⁶ Сонда, 61-б.

²⁷ Сонда, 66-б.

Ақын замандастары мен болашаққа ата-бабаның ақылын еске салады. Не істесең де «Атаң келеді артыңда!» – осыны ұмытпа дейді ақын. Бабалар сөзі мен олардың абыройлы істеріне сай өмір кешу – бүгінгілердің міндеті дейді ақын М.Мақатаев. *«Ей, болашақ! Қарт келеді зиялы, кейімесін ата-қыран ұялы. Сен сыйласаң, сәби шақтың бір сәтін, атаң саған ұзақ өмірін қияды. Ақылына айырбаста күлкіңді, қайтесің сол күлкі дейтін шіркінді?! Бейқам күліп өспеген соң өз басым, бос күлкіні ұнатпаймын бір түрлі... Тоқта, ботам! Атаң келеді артыңда! Дария шалқар даналығын ал, тыңда! Сенің сәби сәттеріңнің мысқалын айырбастап таба алмай жүр алтынға. Тоқта, ботам! Атаң келеді артыңда!»*²⁸.

М.Мақатаевтың лирикалық кейіпкері өмірге өз көзқарасы мен талабы бар тұлға. Сондықтан оның «мені» де анық меңзеледі: *«Кең дүние, төсіңді аш, мен келемін, алынбаған ақым бар сенде менің. Бұйрат құмдар – бұйығып шөлдегенім, бура бұлттар – бусанып терлегенім аспаныңдай кей сәтте күрсінемін, жас талыңдай жауқазын бүршік едім. Кең дүние, керемет қалтыңменен, жүрек болып кеудеме кірші менің. Байтақ ел, балауса тау, бозаң далам, секілді бәрі менен көз алмаған, кең дүние, кенде етсең сыбағамнан, шырылдаған сәбидей мазаңды алам»*²⁹.

Ақынның кейіпкері менмендеп тұрған тәкаппар біреу емес. Ол шынайы сезім мен ұлттық дәстүрдің құлы: *«Анам маған: – үлкенді сыйла, – деген, сол сөз маған ізгілік құйған ерен. Үлкендерден ауысқан кішілікті, үлкендердің өзіне сыйға берем. Атамнан қалған мұра – ізеттілік, арымды соған қойғам күзеттіріп. Адалдық – менің сәби айбарым гой, маңдайынан жүргені жүз өттіріп»*³⁰.

Ақынның лирикалық кейіпкері шынайы мен жалғанды ажырата біледі. Сондықтан ол адалдықты талдайды. *«Сен менің жүрегімді жазалама, шыдайды ол қуанышқа, қазаға да, жүрек деген – сезім гой, сезіміме, сезіммен кел, болмаса мазалама»*³¹.

²⁸ Сонда, 66-67-66.

²⁹ Мақатаев Мұқағали. Жүрек арызы: Өлеңдер. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. 157-б.

³⁰ Сонда, 157-158-66.

³¹ Сонда, 158-б.

Ұрпақ ауысуын, алдыңғылардың даналығын меңгеру қажет екенін ақын еске сала отырып, не істесең де ата-бабанды жерге қаратпа дегенді алға тартады. «Мен қарапайым қарттарды сүйем» толғауында ақын осы ойларды меңзейді: *«Мен қарапайым қарттарды сүйем, не деген керім еді! Не біледі осы жұрт, не біледі?! Бабалардың баласы – қариялар сиреп бара жатқандай көрінеді. Сақалыңнан айналдым, қарт-бабалар, ұрпағыңа не айтасың артта қалар? О, тірі шежірелер, қалдырыңдар, қанеки, нелерің бар салтқа жарар? Қанеки, нелерің бар, аталарым? Ұрпағыңа ұран қып апарамын. Сенімдеріңді ақтаймын, ақтаймын да, сендердің мұрагерің атанамын»*³².

«Бабалардың баласы – қариялар» – ақынның тағы бір бейнелі хронотопы.

М.Мақатаев қарттардан соғыста шаһид болып бабалар жасына келмей кеткен әкесін көргендей. Қарт, қариялар, бабалар деген үш ұғымды ақын айғақтап қолданады. «Бабалардың баласы – қариялар» дегені бұрын-соңды қолданбаған тіркес. А.Байтұрсынұлының «Біздің заман – өткен заманның баласы, келер заманның атасы» деген пікірін асыл сөзбен М.Мақатаев осылай бейнелеп беріпті: *«Осылай деп қарттардан қалап келем, өнеге, өсиетін санап көрем. Санап көрем... тоймаймын... сұранамын, себебі мен де бір күн жауап берем. Қарттар бізді тастайды-ау, күйінемін, ой, өмір-ай, неғылған қиын едің!? Сондықтан да садақ боп иілемін, сауыт болам, тек қана киіне біл»*³³.

Ақын өзінің де уақыты шектеулі екенін жақсы түсінеді: «Себебі мен де бір күн жауап берем». Өмір – өте шығатын серуен емес екенін о баста мойындаған ақын: *«Сондықтан да садақ боп иілемін, сауыт болам, тек қана киіне біл...»*, – дейді. Өткінші өмірде иілген садақ болып өту тек М.Мақатаевқа тән метафора.

«Садақ боп иілемін» деген ақының әр өлені асыл сөздің оғындай әсер етуі де сондықтан болар. «Адамдық диканшысын» жазған А.Байтұрсынұлы: «Біле-білсең анаң – халық» деген. Осы ойды «Армысыздар, адамдар» толғауына қазақ ақыны М.Мақатаев былай деп дамытып

³² Сонда, 134-135-б.

³³ Сонда, 134-135-бб.

әкеткен: «Күн батты ма, түн келді ме, таң атты ма қайтадан, құдіретті тірлігіңе кірістің бе қайта Адам? Арма, өмір, бар әлемді бауырына алып шайқаған! Әрбір әрпі қанға шомған тарихыңа қараңдар, Отырардай опат болған қала жоқ па, жарандар? Тату-тәтті бармысыңдар, армысыңдар, адамдар! Әлем – дархан, саялаңдар, бәріңе де орын бар, қорған емес, салтанатты, сәнді сарай соғыңдар. Ей, Адамдар, сендер тату, сендер тату болыңдар!»³⁴.

XXI ғасырда адамзат бір планетаның тұрғындары ретінде бірін-бірі мойындауы керек деген қазіргі ой. Бұны ақын М.Мақатаев осыдан елу жыл бұрын ерекше сезінген екен: «Анамыз – Жер, сол Анадан жаратылды, туыстық, алайда біз қан да төктік, қалжырадық, ұрыстық... Армысың, сен, арамызда жалғыз перзент – тыныштық!»³⁵.

М.Мақатаевтың замандасы О.Сүлейменов сол жылдары, «Жер, адамға иіліп сәлем бер» десе, М.Мақатаев: «Қайырлы түн! Жер Анам», «Ақ аспан!», «Алып жер», «Қайырлы түн, Тіршілік» – дейді. Екі түрлі көзқарас, екі түрлі бір өмірдің мойындалуы. М.Жұмабайдың бесік жыры «әлдиле мені өлім, әлдиле» деп өмірден түнілсе, М.Мақатаев жер ана мен тіршіліктің тыныштығын әлдилейді: «Қайырлы түн! Жер-Анам, көк аспанды жамыл да, таңға дейін дін аман, тәтті ұйқыда дамылда. Орманың да шуламасын, суларың да туламасын. Ақ басты ала тауларың да, күңіренбесін, жыламасын. Шамыңды өшір, түсіре зой пердеңді. Қайырлы түн, алып жер! Дүбірлетіп сенің ұлы кеудеңді, таптамасын танктер. Қайырлы түн, көк аспан, алып жерді төсен де, таңға дейін тәтті ұйқыда толаста, ұшырама кеселге. Қайырлы түн, ақ аспан! Боз көрпеңді айқара жап иыққа, сенің нұрың тыныштықпен жарасқан, қайырлы түн, ұйықта! Шашу болып жұлдыздарың шашылды, айың келіп ақ мойныңа асылды. Шәйге орап әлдилесін құс жолы тыныштық деп аталатын жас ұлды»³⁶.

Ақын үшін адам баласы тек бейбітшілік, тыныштық үшін өмір сүруі керек. Сондықтан ғалымдар да ақыл білімін осы ретте пайдалануы абзал дейді ақын: «атомды ажал

³⁴ Мақатаев Мұқағали. Жүрек арызы: Өлеңдер. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. 141-б.

³⁵ Сонда, 140-141-б.

³⁶ Сонда, 142-143-бб.

етпеуін ойландар». *«Қайырлы түн, қойлы ауыл, фабрика, заводтар! Бейбіт еңбек шалқысын, лаула, лаула, жан, оттар. Қорытылсын болаттар, шойындар да балқысын. Тыныштық үшін, халық үшін! Қайырлы түн, ғалымдар! Ақтарыңдар ақылды, тыныштықты тойлаңдар. Рахмет, әкеліңдер атомды, енді соны ажал етпеуді ойлаңдар. Қайырлы түн! Саған айтам, мамық түн, саған айтам, әрине. Тыныштығын қымтап ал да халықтың, әлдиле, түн, әлдиле. Тыныштық. Тыныштық. Тыныштық. Жабырқама күрсініп. Қайырлы түн, тыныштық! Қайырлы түн, Тіршілік!»³⁷.*

«Шашу болып жұлдыздарың шашылды, Айың келіп ақ мойныға асылды. Шәйіге орап әлдилесіп құс жолы тыныштық деп аталатын жас ұлды». Мағжаннан келе жатқан сезімнің жылжуын асыл сөзбен кестелеуді М.Мақатаев осылай дамытып әкетеді. Екі заманға сай айтылған екі түрлі көзқарас, екі түрлі концепттер.

М.Мақатаевтың лирикалық кейіпкері Жер-ананың адал перзенті іспеттес. Оның басты ойы халыққа қызмет ету, ғылымды да ажал етпеуге бағындыру, халықтың бейбітшілік тыныштығын тілеу.

Абай қысты ақ сақалдыға теңесе, Мұқағали: «Демін-ай жігіт қыстың», – дейді. *«Жүр досым, аяңдайық баққа қарай, күн көзін тұман тағы қаптағаны-ай! Аяз Атаң тәттісін үлестіріп, ащысын екеумізге сақтағаны-ай! Тұрғызбастай тұмшалап қаралықты, жердің бетін ақ ұлпа қар алыпты. Кеше біздер жылатып тастап кеткен, ойнатып жүр сәбилер балалықты. Топ шымшық тал басына үймеледі, (Көрінген сауысқаннан именеді). Бір орында бір биді мың қайталап, секектеп олар қашан билегелі... Аяңдайық ауылымыз жаққа қарай қайың да ақ, терек те ақ, ақ қарағай, пай, пай шіркін! Демін-ай жігіт қыстың! Қари ма-ау, күйдіре ме-ау, от па, қалай?..»³⁸.* Өлеңнің әр тармағына бір-бір сурет салуға болары сөзсіз. Өлеңмен сурет салу деген сөздер осы ретте еріксіз еске түседі.

А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлы өлеңдеріндегі отаншылдық рух М.Мақатаев өлеңінде тура сол Алаш

³⁷ Сонда, 143-144-бб.

³⁸ Мақатаев Мұқағали. Жүрек арызы: Өлеңдер. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. 172-173-

ұғымында жырланады: «Қадірлім, қасиеттім, ордам менің!
Отаным, арқа сүйер қорған-белім. Заңғар көгім, сая бақ,
орман-көлім, жем жеген алақаннан ақ кептерім – боз құсым
иығыма қонған менің! Рухым – бар пәледен қорғар мені!
Кеіір, шеше! Мәңгілік майдандамын. Жауға олжа болмасын
деп жайған малым, Отан деп аталатын сайран-бағым,
қаламаймын біреулер ойрандауын, сол үшін күзеттемін,
майдандамын, мың есе намысымды қайраудамын. Түсін,
шеше! Мен емес жаман бала, ренжіме маған да, заманға
да! Қарызынан Отанның құтылайын, Отан деген – маған
да, саған да Ана!»³⁹.

Абай айтқан әкең емес адамның перзенті болу ойын
М.Мақатаев осы ретте Отанға қатысты келтіреді: «Қи
мені Отаныма, алаңдама. Сен – менің жаратушыым
құндақтаған, мен сенің ұлыңмын деп кіл мақтанам.
Кеіір, ана! Бір сенің еркең болмай, Отаныма ұл болу –
қымбат маған. Сеніменен Отаным егіз деймін, сенен
Отан, Отаннан – сені іздеймін. Отаныма бер мені басы
бүтін, нашар әйел тапқан ұл дегізбеймін! Кінәлілар бар
әлі, күнәлілар, сақ болмасаң, салатын ылаңы бар. Алып
жердің бір бұрышы мекендеген, жұмыртқасын шайқаған
жылан бар. Қаламаймын әждаһа тірілгенін, таптағым
бар апатты күн ілгері. Музыканың сазымен сендіргім бар,
дабыл қаққан соғыстың дүбірлерін. Ұйқысыз өтсін, мейлі,
бірнеше түн, қақым жоқ бейқамдықпен күн кешетін.
Әлемдік бейбітшілік керек маған, үнімен Отанымның
үндесетін»⁴⁰. Келесі жолдар Алаштың шаһидтік істерін
еске салады: Қашан да тыныштығын қара бастың, сірә
да, тыныштыққа баламасын. Сондықтан, Сонгмидің
сәбиін мен, аузынан арыстанның ала қаптым, жасқанбай
жауыздықпен жағаластым. Солай, шеше. Мен мәңгі
күзеттемін. Жаз өткенін білмеймін, күз өткенін. Кешегі
әкелердің жеңіс бағы, тапжылмай күн-түні күзеткенім.
Мен сақпын. Күзеттемін, көз ілмеймін. Өзіңнен,
Отанымнан безінбеймін. Өзіңсіз, Отанымсыз өмірде мен,
сірә да, өмірім деп сезінбеймін. Кеіір, Ана, табынбан
саған ғана, Отан деген – маған да, саған да Ана! Алдымен

³⁹ Мақатаев М. Шуағым менің: Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: ҚазАқпарат, 2010. 5-б.

⁴⁰ Сонда, 5-6-бб.

Отанымды ырза етейін, бер мені Отаныма, алаңдама. Ана-Отан нарқыңменен, салтыңменен, қарсы алам мына келген мартыңменен! Ана-Отан аяңдамын, қасыңдамын, біргемін өзіңменен, халқыңменен!..»⁴¹.

Абай «Өкеңнің баласы болма – адамның ұлы бол» дегенді М.Мақатаев: «Отаныма ұл болу – қымбат маған... *Наишар әйел тапқан ұл дегізбеймін... Мен сақпын. Күзеттемін, Көз ілмеймін*», – дейді.

А.Байтұрсынұлы айтқандай: «Жігіттер, біле білсең анаң – халық, Келіңіз ана сүтін адалдалық», – деген ойды М.Мақатаев осылай дамытып әкеткен екен. Совет кезінде тектілік пен адалдықты аңсаған М.Мақатаев: «жасқанбай жауыздықпен жағаластым», – дейді. Себебі: «Отан деген – маған да, саған да Ана!» А.Байтұрсынұлынша М.Мақатаев нақтылай түседі: «Отаным, арқа артар қорған – белім... Боз құсым иығыма қонған менің!» Алаш ойы келесіндей дамыған: «Отаныма ұл болу – қымбат маған».

«Отанды сую иманнан» атты ойды М.Мақатаев совет кезінде осылай уағыздап беріпті. Сондықтан ақын Отанды қорғауды басты парыз санайды: «Мәңгілік майдандамын. Жауға олжа болмасын деп жайған малым». «Мен мәңгі күзеттемін».

Ақын өмірді «Ей, менің қиын өткелім» – деп бағалайды: «*Ей, менің сайран мекенім! Адамға бермес екі өмір, (Әрине, болмас екі өлім) Мен сенен ертең кетемін, айдынын қимас аққудай, айналып ұшып, өтемін. Суыңғам, бірде жылыңғам, жүсіргем, бір жығылғам жиырма бесімде ұзыңғам, он алты жастың не екенін ей, менің сайран мекенім! Ей, жастық, ердің серті едің, ерке едің, елдің көркі едің, лапылдап тұрған өрт едің, қанишама жанды жылытып, қанишама жанды өртедің? Арыма, менің аяулым – елуге толар ертеңім! Жауқазын ғұмыр, жыр-жастық, қанишада біздер қыр бастық, қанишама рет қар жауды, қайтадан бізді тұрмас қып?! Сонда да біздер жырластық, сонда да біздер сырластық, он сегіз бенен отызды, өзара бөліп, құрдас қып. Қанишама қыстан өтпедік, қанишама рет көктедік?!»⁴².*

Өмір тек шеру ғана емес. Ол майдан алаңы деген алдыңғы

⁴¹ Мақатаев М. Шуағым менің: Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: ҚазАқпарат, 2010. 6-7-бб.

⁴² Сонда, 13-б.

өлеңдегі ойды ақын осы ретте жалғастырады. Өмір – ақиқат майданы. Ел мен ер сынағы осы ақиқат алаңында өтеді. Ақиқат үшін шайқаста онынан табылдың дейді лирикалық кейіпкер: *«Еркесі болдық біз елдің, есерсоқ болып кетпедік. Қиянды қалап, шептегі қиындықтарға беттедік. Ер сыналар майданда, ениімізге дөп келіп, қаншама қыришын кетті өліп. Ақиқат дейтін ауылдың, қасынан дәйім табылдық. Ауырдан сауыт жамылдық, сонда да бізді жауыр ғып, жоғалта алмады ауырлық»*⁴³.

Ел ішіндегі кеңпейілділікте өткен шақты ақын сағынышпен еске алады: *Бір-бірімізді бауыр ғып, сонда да біздер сағындық. Ошағы сөнген үйлердің оты болдық та, жазылдық. Махаббатқа да сенгенбіз, гашық та болып көргеміз. Баяны бар ауылға Қозы болып та келгеміз. Есерсоқ болып кетпедік, еркелей білдік елге біз!»*⁴⁴.

М.Мақатаев үшін өмір: «Ей, менің сайран мекенім», «Ерке едің, елдің көркі едің», «Лапылдап тұрған өрт едің», «Жауқазын ғұмыр, жыр-жастық». Өмірге деген осындай ағыл-тегіл пейіл сонау совет заманында қалай, қайдан келген күдірет? М.Мақатаевтың лирикалық кейіпкері өзі жырлап кеткен батыр ата-бабаларының, шаһид болып кеткен Алаш арыстарының үнін жеткізгендей: *«Еркесі болдық біз елдің, есерсоқ болып кетпедік... Қиындықтарға беттедік»*. Олардың басқалардан айырмашылығы: *«Қиянды қалап шептегі қиындықтарға беттедік. Ер сыналар майданда, ениімізге дөп келіп. Қаншама қыришын кетті өліп. Ақиқат дейтін ауылдың, қасынан дәйім табылдық. Ауырдан сауыт жамылдық. Сонда да бізді жауыр ғып, жоғалта алмады ауырлық»*.

М.Мақатаев үшін: өмір – жай ғана қиын өткел емес, ол мәңгілік таңдау, ар мен арсыздықтың мәңгілік күзеті. Бірақ өмір сонымен қатар махаббат алаңы екенін де меңзейді. *«Баяны бар ауылға, Қозы да болып келгеміз. Есерсоқ болып кетпедік, Еркелей білдік елге біз»*.

«Ей менің нұрлы ғұмырым!.. Қай жерде жүрсің, құлыным?!» деген ақынның лирикалық кейіпкері өзінің жанының тазалығы мен мәрттігімен ерекшеленеді.

⁴³ Мақатаев М. Шуағым менің: Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: ҚазАқпарат, 2010. 13-14-бб.

⁴⁴ Сонда, 14-б.

Сондықтан ол бізді «Өз үйі – өзінің болмай түрмесі» дегеннен сақтандырады. *«Қашанда көктем келгенде, тұрасың көптеп сен – менде, жарылмай жатқан жауқазын, тулайды менің кеудемде, көктемді мынау көргенде, қабірімді қақ жарып, шығарсың сен... Ей, менің қиын өткелім!»*⁴⁵.

Алаш ақындары сияқты сонау совет заманында Отан ұғымын алға қоя білген ақындардың бірегейі М.Мақатаев. Отан ақын үшін абстракциялық ұғым емес. Отан деген қасиетті ұғым енді лирикалық кейіпкерге айналған. «Отаным, саған айтам» өлеңі осыған дәлел.

Ақының «Отаным, саған айтамын» деп ағынан жарылған лирикалық кейіпкерінің «әппақ арманы» бар. Ол: «Өзіндей жаным – Аққала... алдыңда ақ қой, ақ балаң... Ақ балаң, Отан! Ақ болам!». *«Айхайда ақын өмірі, абыржып қалса көңілі. Ақырын шығар неге үні?! Сүріну бар да, самғау бар, ақиқат бар да, алдау бар, ынтымақ бар да, даулар бар, бірін-бірі арбау бар. Қойсаңшы ақын серіні сау жүріп естен танғандар Отаным, саған айтамын: Менде бір әппақ арман бар ақтығы – алғаш жауған қар. Өмір бер маған аздаған, бақыт бер маған аздаған? Мольнан ырыс беріп ең, өртеніп кете жаздағам. Азғанаңа да мәз балаң. Ошағы сөнбей қоздаған, жалын бер аздап маздаған?»*⁴⁶.

Лирикалық кейіпкер өмірді бар қалпында қабылдайды. Бұл өмірде «сүріну бар да, самғау бар. Ақиқат бар да, алдау бар. Ынтымақ бар да, даулар бар. Бірін бірі арбау бар». Ақынның кейіпкері отанымен сырласады: «Менде бір әппақ арман бар. Ақтығы – алғаш жауған қар...». «Отаным, саған айтамын», деп басталатын сөйлемдермен ол тек мұнымен бөліспейді. Лирикалық кейіпкер үшін бұл басты мәселе: «Сен үшін Отан, сертім сол – Неден де болса тайынбан! Бәрі де, Отан, сен үшін!». *«Атырау-жаным – жайылма, нәр берген терек, қайыңға. Отаным, саған айтамын. Адамгершілік жайында. Салмайын сары уайымға, адамдығымнан айырма? Сен үшін Отан, сертім сол – неден де болса тайынбан! Бәрі де, Отан, сен үшін! Мәуелеп тұрған жемісім, еселеп жатқан жеңісім – бәрі де, Отан, сен үшін! Біреуге берсең жең ұшың, беремін мен де*

⁴⁵ Мақатаев М. Шуағым менің: Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: ҚазАқпарат, 2010. 16-б.

⁴⁶ Мақатаев М. Шуағым менің: Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: ҚазАқпарат, 2010. 18-19-бб.

*жең ұшыын. Бермесең өзің келісім, бермеймін мен де келісім!
Кіндігім мәңгі байланған, киелі менің өрісім! Адамдық арды
сақтаған, қилы бір қиын шақта да, ала жібін ешкімнің,
баса-көктеп аттаман. Досыма көзімді алартып, жұдырық
түймен жатқа да. Алдында ақ қой, ақ балаң... Ақ балаң,
Отан! Ақ болам!!!»⁴⁷.*

Алаш ақындары үшін «Отанды сүю иманнан» болса, М.Мақатаев былай деп нақтылай түседі: «Кіндігім мәңгі байланған, киелі менің өрісім! Адамдық арды сақтаған қилы бір қиын шақта да, Өзіңдей жаным – Аққала». Бұл кейіпкер үшін басты мәселе: «Өзіңдей жаным – Аққала. Алдында ақ қой, ақ балаң... Ақ балаң, Отан! Ақ болам!!!»

Лирикалық кейіпкер Отан тарихынан да хабардар, сондықтан балалық шағы «Отаным жылап жатқанда», деп рефрен болып қайталанатын тармақта соғыс кезінің ауыртпашылығын меңзейді. Соғыс тек ерлердің шайқасы ғана емес, ауылдағы жесір қалған аналардың өмір мен ұрпақ үшін жан арпалысы болғанын бала кезінен өз көзімен көрген ақын былай деп еске салады: «*Дихан-Аналар қосынан, мұң бағып өстім жосыған. Көз жас пен тердің тұқымы – қазіргі біздің осы нан. Жесірдің тері – осы дән, осы тұқымға қосылам, сенесің бе, Отан, осыған? Сонау бір бала шақтарда, қарлығаш қанат қаққанда, шілдеде, я ақпанда, көз жасын маған көрсетпей, Отаным жылап жатқанда, қарағай толы қапталда, дәмепіп болашақтардан, қараушы ем атқан ақ таңға»⁴⁸.*

«Отаным жылап жатқанда» не істедім деген сауалға ол былай деп ағынан жарылады: «Сап болып сәби күлкім де». «Аяулы менің Отаным, Көзінің жасын іркуде, көңілінің мұңын бүркеуде». Ел болып: «*Дәрменсіз едім онда мен, көзінің жасын сұртуге. Қайғыра жүріп, қайрат қып, кеудеде бұлбұл сайраттық... Отанның ортақ қазанын, ортаға алып қайнаттық». «Қара суды қаймақ қып, қанағатымызды жайнаттық». Қазақтың қиындыққа төзімділік көрсеткені осылай бала кейіпкердің сөздерімен берілген: «Өлмедік біздер аш қаңғып, жасамай жанға қастандық. Туылдық, қайта басталдық. Сабаннан көрпе жамылып, сабаннан жастық жастандық».*

⁴⁷ Сонда, 19-20-бб.

⁴⁸ Мақатаев М. Шуағым менің: Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: ҚазАқпарат, 2010. 22-б.

Алаш ағалары сияқты бұл ұрпақ адамдықты басты етіп алды. Сондықтан ақын: «Жасамай жанға қастандық» деуге құқықты. Соғыс кезінде ел ішіндегі бірауыздылықтың себебін, қазіргі кейбір жыртқыштық сананың соңында кетпей олар үшін басты құндылық адамдық пен «*Өлмесін дедік жабылып, өзің берген Бостандық*» болғанын ақын осылай айқындап береді.

М.Мақатаевтың лирикалық тұлғасы Отанымен бүгінгі сырымен былай бөліседі: «*Кешіргін Отан, кей-кейде, басып бір кетсем гөй-гөйге*»⁴⁹.

Ақын қазақтың ата-бабалардан о баста келе жатқан тектілігін еске салады. Олар үшін ең бастысы арының тазалығы еді: «*Ашынам, қайта басылам, басылам-дағы, тасынам. Адамдықтарын алтынмен, өлшегендерге ашынам! Мансапқорлардың қасынан шықпайтындарға ашынам! Жалданып өскен жасынан, жағымпаздарға ашынам!*»⁵⁰. Бұл ойы да А.Байтұрсынұлының белгілі өлеңі мен Ж.Аймауытұлының мансапқорларын еске түсіреді. Себебі адам әр сәт оң мен солды таңдауға мәжбүр болуының салдарынан шығатын мәңгілік мәселе. Адамдықты аяқ асты ететін мансапқорлар мен жағымпаздар әр заманда тура жолдан тайғызуға ілескендер. Атеистік заманда Отан ұғымының қастерлі екенін жүрегімен жырлаған М.Мақатаев Алаш идеясын осылай жалғастыра түсті. «Сенесің бе, Отан, осыған!» сияқты Отанына қаратып айтқан сөйлемдерінде Алаш ақындарының үні де қосылғандай: «*Өзіңе ғана бас ұрам, сенесің бе, Отан, осыған! Айрылған адал досынан, алаяқтарға ашынам! Ашынам-дағы тасынам, тасынып барып, басылам... Мұңымды несін жасырам*»⁵¹. Сонымен бірге М.Мақатаевтың лирикалық кейіпкері өзі кінәсіз болуды ойламайды: «*Отаным, мені кешіргін? Кей-кейде мен де кесірмін. Есімнен шығып сонау кез, ессіз де түссіз есірдім. Шешінбес жерге шешіндім, көсілмес жерге көсілдім... Кеткенін білмей есімнің*»⁵².

Бұл тұлға үшін ең маңыздысы «Өзіңмен ғана сырласам.

⁴⁹ Мақатаев М. Шуағым менің: Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: ҚазАқпарат, 2010. 22-б.

⁵⁰ Сонда, 22-23-б.

⁵¹ Сонда, 23-б.

⁵² Сонда, 23-б.

Өзіңсіз менде тума ән. Кешіргін, Отан, кеше гөр». *«Отаным сенің алдыңда, өртендім бе, әлде жандым ба?! Бас ұрып көзсіз тағдырға, барымды бермей қалдым ба?! Сәуле бер менің жаным!»*⁵³.

Абай өз оқырманын кеудесінде сәулесі бар біреу деп айтқан болса, М.Мақатаев осы сөзді тура сол мағынасында қолданады. Адалдықты аңсау – «Сәуле бер менің жаным».

«Райымбек, Райымбек!» поэмасын жазып Отанының тарихи жадын еске сақтаған лирикалық кейіпкер тек бүгінгісімен шектелмейді. Оның жүрегінде қазақтың жоңғардан Отанды қорғаған есіл ерлерінің даңқы да орын алғаны осы ретте аңғарылады: *«Жанбаған жалын бар мұнда, аунаған толқын бар мұнда өзіңмен ғана сырласам, өзіңсіз менде тумас ән. Кешіргін, Отан, кеше гөр! Еркелеп кейде туласам. Өзегім иіріп өлер ем, өзіңнен егер тумасам...»*⁵⁴.

М.Мақатаев Отанды «Ақ жаным! Ардағым» дейді. Совет кезінде бұл сирек кездесетін метафора. *«Сенесің бе, Отан? Ақ жаным!.. Арқаңда сенің ардағым, ақ нұрға толы жан-жағым. Әппақ нұр атқан таңдарым ақ жаным – жалғыз арманым!»*⁵⁵.

«Отаным, саған айтам» атты толғау басындағы ақын өзі үшін ең басты түсініктерді тағы бір айғақтаумен тәмамдалады: *«...Сүріну бар да, самғау бар, тірлікте кейде алдау бар. Отаным, саған айтамын, менде бір әппақ арман бар, ақтығы – алғаш жауған қар. Ақ жырым – әппақ құстарым ақ көңілдерге самғаңдар. Бұтаға қонып қалмаңдар! Алдарыңда әлі таңдар бар, зымырап құстар заулаңдар!»*⁵⁶.

«Ақтығы – алғаш жауған қардай» ниетпен жазылып бізге жолданған ақынның асыл ойлары («ақ жырым – әппақ құстарым, ақ көңілдерге салғандар!») Тәуелсіз кезде Отан деген ұғымды қастерлеуге арнаған аманаты іспеттес. Отанды Мұқағалиша сүйе білу, оның киесін түсіне білу бүгін аса қажет. Сондықтан ақынның осы асыл сөзі – «әппақ құстары» тәуелсіз кезге қажетті болып табылуы да тегін емес.

⁵³ Сонда, 23-б.

⁵⁴ Мақатаев М. Шуағым менің: Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: ҚазАқпарат, 2010. 23-26-б.

⁵⁵ Сонда, 26-б.

⁵⁶ Сонда, 26-27-б.

Сәкен, Ілияс, Бейімбеттердің қайта ақталуына байланысты идеологиялық оқиғаларды М.Мақатаев жақсы білген. Репрессия туралы мағлұмат ақынның «Аңсап жүріп кездестік» өлеңінде орын алған. Өлең Сәкенге арнау: *«Өзің бе?.. Өзің гажапсың! От кешкен алғаш азатсың. Халқыңа келген азатсың тап жауынан өш алып, өшің де кеткен қазақсың! «Тар жол, тайғақ кешуді», кешіп кеткен қазақсың! Есіл өткен қазақсың!!! Сойылдыға соқтырмай, қарулыға аттырмай, арашалап жұртыңды, алпауытқа аттың жай»*⁵⁷.

«От кешкен алғаш азатсың» – деген сөйлемде Сәкеннің ақталуы алдыңғы ғана қадам екені мензелгендей. Келесі сөздерде советтік репрессия аңғарылады: «Арашалап жұртыңды, Алпауытқа аттың жай». «Айырылып қалыппыз, Күләш салған «Гәккудай», өзің жазған «Ақкудай».

Ақынның ақталуын ел ерекше қабылдағаны да осы ретте айтылған: *«Мынау қазақ даласы, Алтай, Арқа арасы, Алатау мен Атырау, тойлап жатыр, қарашы, естисің бе, ағасы? Бүкіл қазақ баласы, сені еске алып, ағасы, думандатты, қарашы. Аспанынан нұр тамған, сені еске алып тұр таулар... ..Айқай, Қызыл сұңқарлар! Пай-пай, дүлдүл тұлпарлар! Ортаға алып Сәкенді, жас қазақтың ұранын, жаңарта бір шырқандар!»*⁵⁸.

«Жас қазақ» деген интертекстік мәтінде бұл өлеңге ерекше мән берілген. «Жас қазақтың ұранын» деген сөйлемде «Оян, қазақ!» деген ұраны мензеліп тұрғандай.

«Тар жол, тайғақ кешуді» бастан өткізгендердің рухты поэзиясын М.Мақатаев совет кезінде өзі де осылай жалғастырды.

А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» толғау – «жүрек құсының сайрауы» дейді. «Толғағанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады. Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін – мұңын, мүддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып, шер тарқату үшін толғайды; екінші, ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып, басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халін түсіндіру

⁵⁷ Сонда, 31-32-б.

⁵⁸ Сонда, 33-б.

мақсатпен толғайды. Толғау қысқасынан айтқанда, іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып толғай алуда.

Өуезе тысқарғы ғаламның жыры, толғау – ішкергі ғаламның күйі деп екі айырғанымызбен, екі ғаламның ісінің арасында зор іліктік бар нәрсені танығанда, сол тануымыздың өзі екі жақты болатындығын жоғарыда «Қара сөз», «Дарынды сөз» деген бапта айтылды. Әр нәрсені саңылап санамызға алған уақытта, ол нәрселер турасындағы ұғымдарымызға көңіл кіріспей тұрмайды. Адам дүниедегі көрген, білген нәрселерін тек байқап, тек пікірлеп, тек саңлаулап қана қоймайды, ол нәрселермен қатар адамның көңіліне күй де жасалады. Адам көрген-білген нәрсенің иә істің біріне күйінеді, біріне сүйінеді, бірінен сескенеді, бірінен шошынады. Сезіліп тұрған тысқарғы ғалам мен сезіп тұрған ішкергі ғаламның екі арасы санаға келіп түйіскен жерде жыртылып айрылғысыз болып бірігеді. Тысқарғы ғаламнан санаға түскен саңлау мен сана жанында тұрған көңілдің күйін бір-біріне қатыстырмай, бөлектеп қоюға мүмкін емес. Адамның санасы фотография (сүгірет машинасы) емес, нәрсенің тұрпатын ғана түсіріп қоятын; нәрсенің саңылауы келіп адамның санасына түскенде, адамның ойын да, көңілін де бірдей оятады. Адамның көңілін оятпаған нәрсе тіпті сезілмей, дерексіз өтеді. Бірақ адамның ілтипаты тысқарғы ғаламға, бірде ішкергі ғаламға көбірек ауатын орындары болады. Кейде тысқарғы нәрсе өте қорқытса, яки өте қуантса, иә болмаса өте тамаша күйде болып таңдандырса, адамның есін алып, ілтипатын өзіне аударып кетеді. Кейде қайта адам өз ойы, өз қиялы, өз көңілінің күйімен болып, айналасындағы болып жатқан уақиғаларды, істеліп жатқан істерді, тамашалы, тысқарғы ғаламды байқамай қалады. Бұл адамның ілтипатын тысқарғы ғаламнан ішкергі ғалам аударып алып кеткен уақытта болады. Ондай адамдардың көбі ілтипатын көбінесе ішкі ғалам жағына салатын адамдар болады. Кейде тысқарғы, ішкергі екі ғаламның да күші бірдей болып, ілтипатымызды бірдей түсіреді. Мәселен, бір нәрсе, яки іс қандай көркем,

әдемі болса, сондай оған сүйінеміз. Қанша сүйкімсіз, жаман болса, сонша жек көреміз. Сүйтіп, манағыдан бергі айтылған сөздің қорытуы мынау болады: ертек – тысқарғы ғаламның жыры деп, толғау ішкергі ғаламның күйі деп екі бөлгенімізде, тіпті сорпасы қосылмайтын бөлектік бар деп ұқпасқа керек»⁵⁹.

Мұқағали Мақатаевтың «Бір күніммен қоштастым» өлеңінде ақын поэзияны – жүрек құсына былай деп теңейді: *«Тағы міне қоштастым бір күніммен, қош айтыстым бір күнгі тірлігіммен. Тоқтатып көр толассыз қозғалысты, түссең дағы тәңірдің кіндігінен. Айлар, жылдар, засырлар алға аттаған, алға аттады күнім де ардақтаған. Мынау жарық әлеммен бірге айналып, заулап барам, бір күні аунап қалам. Аунап қалам... Білемін, білемін мен! Ажыраймын жармасқан тірегімнен. Құлай білем, себебі, жүре білгем, құсым ұшса болғаны жүрегімнен. Бір құсым бар кеудемде-зыңданымда, бірге туған менімен, туғанымда. Байғұсыма бостандық берсем болды, аунап кетпей әзірге тұрғанымда...»*⁶⁰.

Мұқағали ақын А.Байтұрсынұлының толғауға берілген түсінігін білуі мүмкін бе? Бұны бір Алла біледі. Бірақ асыл сөзді «құсым ұшса болғаны жүрегімнен» деп түсіну Алаштың екі ақынының жүректен шыққан сөзді осылай бейнелеуі тегін емес болар.

«Толғанғанда айтағын нәрсесін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, тішкергі ғаламнан алады. Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін – мұңын, мүддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып, шер тарқату үшін толғайды; екінші, ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып, басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халін түсіндіру мақсатпен толғайды. Толғау, қысқасынан айтқанда, іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартағын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып толғай алуда»⁶¹, – дейді А.Байтұрсынұлы.

⁵⁹ А.Байтұрсынұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Алаш, 2003. 273-274-бб.

⁶⁰ Мақатаев М. Шуағым менің: Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: ҚазАқпарат, 2010. 40-б.

⁶¹ А.Байтұрсынұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Алаш, 2003. 273-274-бб.

А.Байтұрсынұлы айтқан «толғау – жүректің лебі» деген ойы тура осы ретте меңзелгендей. Ақын «Ақтығы – алғаш жауған қардай» сияқты әппақ арманды «лай» деген сөзге қарсы қояды. Лай сөзі М.Мақатаев лирикасында жиі кездеседі: «Лай су шаймайтын арым бар», не болмаса: «*Көңіліміздің лайын, құрғатар жан табылғай*»⁶². Бұл тек М.Мақатаевқа тән метафора.

Ақынның «Мен-дағы өлең жазбаймын» өлеңі Абайдың белгілі классикалық мәтінін еске салады. М.Мақатаев Абайша бастап, оны өзіне үлгі еткенін анықтап береді: «*Мен-дағы өлең жазбаймын ермек үшін, ермек үшін, немесе өлмеу үшін. Жазсам, жазам жырды мен, жассырмаймын, жаралы жүректерді емдеу үшін. Ермек үшін белгілі жырламасым, ермек десе, ел мейлі тыңдамасын. Өтсем болды арқалап, адамдардың, қуанышын, шаттығын, мұң-наласын қуат алып Абайдың тіл-күшінен, жыр жазғанмын Абайдың үлгісімен Абай болып табынсам бір кісіге, Абай болып түңілем бір кісіден. Өлмеу үшін – құлқынды жемдеу үшін. Мен-дағы өлең жазбаймын ермек үшін. Жаздым үлгі жастарға бермек үшін*» Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін»⁶³.

Абайдың асыл сөзге қойған талабына сай М.Мақатаев өз жырымен жауап берген бұл мәтінде олар былай деп айқындалған: «*Жаралы жүректерді емдеу үшін*». «*Өтсем болды арқалап, адамдардың, қуанышын, шаттығын, мұң-наласын*».

М.Мақатаев өзіне кімді үлгі етті деген сауалға да ақын анық пікірін осы ретте айғақтап беріпті: «*Қуат алып Абайдың тіл-күшінен, жыр жазғанмын Абайдың үлгісімен*».

Алаш ғалымдары Абайды қазақтың «басты ақыны» деп түсіндіріп кетсе, М.Мақатаев совет кезінде осы ойды дамыта түседі. Ақын Абайға жай еліктемейді, тек үлгісіне жүгінбейді. Оның мақсаты: «*Жаздым үлгі жастарға бермек үшін*» Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін». Бұл да М.Мақатаевтың Алаш дәстүрін жалғастырғанының тағы бір айғағы болып табылады.

Алаш әдебиетшілері Абайды «Қазақтың басты ақыны» деп бағаласа, М.Мақатаев «Абай жаққан бір сәуле сөнбеу

⁶² Мақатаев М. Шуағым менің: Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: ҚазАқпарат, 2010. 42-б.

⁶³ Сонда, 61-б.

үшін» деп совет кезіндегі асыл сөз иелерінің атынан ағынан жарылады. Себебі: «Өнер керек ұрпаққа, өлең керек!».

«Өлең керек» мәтінінде акынның асыл сөзге қойған түсініктері айқындалған: *«Сая болып жаныңа емен, терек, жетер енді жатқаның көлеңкелеп. Өгейсінбей өзі боп қалу үшін, өнер керек ұрпаққа, өлең керек! Есіңде ме, түндерің көз ілмеген? Кезуде ойың өмірді, кезуде өлең. Арғы атасы адамның – сезім болса, адам емес, сезімді сезінбеген. Арғы атасы ақынның жырдан туған, жыр жолында жанын да қылған құрбан. Жырлар тұнған хандардың сарайында, жыр айтылған бесікте құлдар тұрған. Ұзатылып жат жұртқа барғаныңда, жыр айтылған қыздардың жар-жарында. Жырлап, жылап, жыраулар жан тапсырған, жыр мен күйі күйзеліп бармағында. Көкейкесті жырлар жаз жез киіктей, мақтау, даттау, жәдігөй сөзді күтпей. Өлең керек ұрпаққа, өзің мейлі, көлеңкеде қалсаң қал, көзге ілікпей!»*⁶⁴.

«Өнер керек ұрпаққа, өлең керек!» деген лирикалық кейіпкер үшін: «Арғы атасы адамның – «сезім болса, Адам емес, сезімді сезінбеген». Ата-баба асыл сөзінің табиғаты да осы ретте еске салынған: «Арғы атасы акынның жырдан туған. Жыр жолында жанын да қылған құрбан».

Ә.Бөкейхан мен А.Байтұрсынұлы айтқан өлең адамның тал бесіктен жер бесігіне дейін жан жолдасы деген тұжырымды М.Мақатаев былай деп анықтаған: *«Жырлар тұнған хандардың сарайында, жыр айтылған бесікте құлдар тұрған. Ұзатылып жат жұртқа барғаныңда, жыр айтылған қыздардың жар-жарында. Жырлап, жылап, жыраулар жан тапсырған, жар мен күйі күйзеліп бармағында»*.

М.Мақатаев Абай айтқандай асыл сөзді арзандатып мадақтауға құлдыратпай өз орнына жұмсауды ұйғарады: «Мақтау, даттау, жәді ғой сөзді күтпей. Өлең керек ұрпаққа, өзің мейлі, көлеңкеде қалсаң да, көзге ілікпей!»

Мұқағали ақын көз тірісінде өзі айтқан көлеңкеде қалып өткен! Замандастарының іштарлығынан көп жапа шеккенін білеміз. Ақынның асыл сөзін жалған жаққа бұру үшін ақынды ішімдікке арнайы салу жоспары іске асырылды. Шынайы сөзіне ел еріп кетпес үшін, ол қоғамнан осылай алыстатылды.

⁶⁴ Мақатаев М. Шуағым менің: Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: ҚазАқпарат, 2010. 63-б.

Ресми биліктің ішімдікке салып жіберу жобасының совет кезіндегі құрбаны қазақ жерінде М.Мақатаев болды (замандастары В.Высоцкий, Б.Окуджавалар сияқты). Осы өлеңдегі «Көкейкесті жырлар жаз жез киіктей» тіркесі өте сәтті метафора. Жырлары жез киік болып ғасырлар аралап кеткен М.Мақатаевтың бұл өлеңі қашан жазылды екен деген сауалды алға шығарды. Себебі шамамен осы кезде ақын К.Салықовтың «Жез киігі» дүниеге келген еді. Бұл да анықтауды қажет ететін мәлімет. Екі ақын да совет кезінде даланың киігін жезге теңеуі тек технократтық стиль емес екені анық. Киік бейнесі келесі өлеңде де орын алған. «Мүйісте» өлеңі нәзіктігімен таңғалдырады: *«Селк етіп, секем алып қарадың-ау, қай таудың киігі едің қарағым-ау?! Төбеңде шыр айналып бала қыран, мүйісте мергені бар қала мынау. Сондықтан секем алып қарадың-ау. Кел, менің қасыма кел, қасыма кел, жеңдіріп үрейіңді, басыла гөр. Сұлулыққа сұқтанған жат көздерден, жалт еткен жанарыңды жасыра бер. Панала, қасыма кел, қасыма кел. От-суы, отауы ырғын жатқан қырдан, нендей күш сені мұнда аттандырған?! Абайлап, адымыңды сақтандырған, бұл маңға несін келдің қақпан құрған?! Арман гош сені мұнда аттандырған?! Үмітің, арманың да бәрі қалып, ауылды ойлап құр бекер налымалық. ...Жеткізіп тастайын ба тауыңа алып, құныңды, құралайым, таны барып. Қарағым-ау, қай таудың киігі едің?! Сыртыңнан қараймын да, сүйінемін. Ғайып болып қай жаққа баратырсың, әлде бір домбыраның күйі ме едің?!»⁶⁵.*

М.Мақатаевтың «Қарағым-ау, қай таудың киігі едің?! Сыртыңнан қараймында, сүйінемін» атты тармақтары Ш.Сариевтің Тәуелсіз кезде жазылған «Қарағым-ау» өлеңінде жалғасқанын аңғару қиын емес.

Аруды тау киігі бейнесіне ұқсатқанын «Қарағым-ау, қай таудың киігі едің?» кейін Ш.Сариев «Қарағым-ай» өлеңінде дамытып әкеткендей. «Қарағым-ау, қай таудың киігі едің?!» «Арулар», «Ақ күмбездер – әжелер» бейнесіне қосылған келесі метафора «Аякөз-ару» өлеңінде де орын алған. *«Аякөз, сірә, аядай бұлақ көзі емес, аяулы, сірә, қыз болар. Ақиқат бағып, анықтап жатар кез емес. Белгісіз, досым,*

⁶⁵ Мақатаев М. Шуағым менің: Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: ҚазАқпарат, 2010. 69-70-бб.

белгісіз тұр ғой бізге олар. Белінде мынау бірігіп жатқан қырлардың. Бәйіттен бөлек, белгісі жоқ-ты қыздардың. Кезінде, сірә, қызғалдақ болып гүл жарды, түндігін тесіп туырсып жатқан мұз-қардың. Бұр жарды, кетті. Өмірді мәңгі мансұқ қып, соларды іздеп, сорларды талай қаңсыттық. Қойғаны-ай, шіркін, өмірдің қатал заңының, оларды бізге, оларға бізді Таңсық қып. Аякөз – деген – аядай бұлақ деседі. (Жұрттарда қалған жұмбақты кімдер шешеді!) Аякөз болып гасырлар алға көшеді, ая, көз, ая, – арулар елі кешегі!»⁶⁶. Аякөз сөзінің төркініне үнілген ақын бұл сөзге ерекше мағына береді: «ая, көз, ая – Арулар елі кешегі». Бұл да тек М.Мақатаевқа тән метафора.

Жұрттарда қалған жұмбақты кімдер шешеді? деген сауал ақынның көкірегінде әрқашан сайрап тұрған өзіне қойған серті іспеттес. «Белгісіз, досым, белгісіз тұр ғой бізге олар. Белінде мынау берігіп жатқан қырлардың. Бейіттен бөлек, белгісі жоқ-ты қыздардың. Кезінде, сірә, қызғалдақ болып гүл жарды, Түндігін тесіп туырсып жатқан мұз-қарды». «Белгісіз, досым» деген сөз де бізге, қазіргі оқырманына қаратып айтылған. Елдің тарихын, мұратын осындай жырларымен жоқтай білген ақын совет кезінде әрине қолдау таппады. Партия мен коммунизмды жырлаған совет поэзиясында мұндай Алаш рухындағы тектілікке орын болмағаны да түсінікті. Қазақ даласы – Арулар елі кешегі» деп еске салып кеткен ақынның сөздері Тәуелсіз кезге айтып кеткен аманаты.

Ақын М.Мақатаев үшін жыр: «Аққудың қанатындай сыңқылдаған, үйінен сол ақынның жыр тыңдағам» болса, ата-баба даласы да киелі ұғым: «Жыр тыңдаған: Тың далам – сылқым далам. Ақ Есіл бір толастап, бір тулаған» (71). «Ақынның ауылы» толғауында М.Мақатаев қазіргі Астананы жырлағандай: «Сән түзеген Есілдің өңірінде, ақ қайыңдар әлі жүр көңілімде. Ерекше еді ол жердің көлі мүлде, ерекше еді сол жердің елі мүлде, ерекше орын алып жүр көңілімде. Суып барғам суытқан қылықтардан, жылып қайтып кеткен ем, (Суып барғам...) арасынан орманның ақын көрдім, жырын іздеп жүр екен ұмыт қалған... Жағасында Есілдің тұрыпты арлан!.. Аққудың қанатындай сыңқылдаған,

⁶⁶ Сонда, 138-139-бб.

үнінен сол ақынның жыр тыңдағам. Жыр тыңдаған: тың далам – сұлқым далам, ақ Есіл бір толастап, бір тулаған, жағада ақ қайың мас, былқылдаған, ... Өтінем, сол ақынның тағдырын бер, өзгені қимасаң да жұртым маған?.. Ақ Есіл – ақ отауым, алқа көлім, қайың бақ, ойдым орман, қамқа жерім. Ақынның аманат бір жырындай-ақ, аңсаймын да тұрамын Арқа желін»⁶⁷.

Шәкәрім адамның балалық шағы оның ең адал кезі деп дәлелдеп берсе, М.Мақатаев үшін де балалық шақ – нағыз әділ шақ: «Ей, бейтаныс, мақтаным, армысыңдар, әппағым, менің бала шақтарым! Менің болашақтарым!»⁶⁸.

Шәкәрім «Кәрі Шыңғыс тау» деп сырласса, ақын М.Мақатаев табиғатты тура осылай қабылдайды. «Егістікке» өлеңінде ақсақалдардың сөзімен сөйлейді: «– Өзер шығып, әлсіреп күн батады, тұмау тиіп қалған ба күнге тағы?! Амандығын сұраспай бір-бірінің, осылай деп, екі қарт үн қатады. Жаз аспаны жабыңқы, түнеріп тұр, жатыр дала шаңытып, күреңіп қыр. Аузын ашып, шөлдеген аңызаққа, сәл-пәл тамшы сараң бұлт жіберіп тұр. Түңліктенген қара бұлт түнеріп кеп, ауыр қару атылды, үдеріп көк. Шатыр-шұтыр шатынап аспан кетті, жауыны мен жасынын жіберіп тек. Тамашалап ашуын, жасынын да, ата-жердің ажары ашылуда. Тұмауратқан күн келіп, егістікте екі қартқа еңіреп бас ұруда»⁶⁹.

Күн, бұлт, ата-жері өлеңнің кейіпкері болып кетеді: «Тұмау тиіп қалған ба Күнге тағы?» «Түңліктенген қара бұлт түнеріп кеп» «Ата-жердің ажары ашылуда». «Тұмауратқан күн келіп, егістікте Екі қартқа еңіреп бас ұруда».

М.Мақатаев тарихты да өзінің кейіпкері ретінде сезінеді. Оның қасіретін «Алтын адам» өлеңінде былай деп сезінеді: «Шежіремді ұрлапты... Зулапты күн. Ғасырлардан бір ызың тыңдап тұрмын». Сондықтан ақын «Нені аңсаймын?!» [84] өлеңінде былай дейді: «Нені аңсаймын?! Тұрған өлке, туған жұрт, сені аңсаймын. Ұл де, мейлің, ағасқан құл де, мейлің, сені аңсаймын, туған ел, онан сайын! Неге аңсаймын, білмеймін, неге аңсаймын. Қуат берген дәмің

⁶⁷ Мақатаев М. Шуағым менің: Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: ҚазАқпарат, 2010. 70-71-бб.

⁶⁸ Сонда, 2010. 75-б.

⁶⁹ Сонда, 79-80-бб.

мен тұзың маған, қаймағыңды аңсаймын бұзылмаған.
Гүлін сүйем, шалғынның бүрін сүйем, үнін сүйем масаңның
ызыңдаған. Сені аңсаймын, қайнаған ақ бастаулар, ақ бас
таулар – самайын ақ басқандар. Сені аңсаймын, қазіргі ақ
бас шалдар, бұрынғы өреден құрт ап қашқандар, су кешіп,
жалаң аяқ от басқандар!»⁷⁰.

Ақынның «Су кешіп, жалаңаяқ от басқандарды» есте
сақтап отырып жазылған жырлары әрине ерекше.

«Чили – шуағым менің!» Пабло Нерудаға ескерткіш» атты
өлеңінде М.Мақатаев ақын деген түсінік туралы ойларын
былай деп тұжырымдаған: «Барлық ақын – баласы бір
ананың», «Барлық ақын – бауыры тірі адамның», Ақын сөз
киелі деген концепт осы ретте анықталған: «Ақын – халық
перзенті қашаннан да! Халқыменен қартайған, жасарған
да. Болашағын халқымен қоса армандап, ақын туған, дүние
жасалғанда. Момын өтпес ақыннан қашаннан да, өмірге
нұр, қаһарын шашар жауға. Өткен, сірә, ақыннан асау бар
ма?! Жазмыш деген жоқ қой, Жоқ! Бар болса егер, тиме
дер ем ақынға, асау жанға!»⁷¹. Бұл жолдарда ата-баба сөзі
– жыраулардың билікке қаратып айтқан асыл сөздері ғана
емес, адамзат тарихындағы ақын деген халықтың киесі
түсіндірілгендей. Шынайы асыл сөз иелері үшін (Байрон,
Пушкин, Пабло, Хосе, Лорка, Эренбург, Хэмингуей – бұл
өлеңнің басты кейіпкерлері) «Әр өлеңі – ақынның соңғы
өлеңі». Себебі: «Намыс үшін шын ақын сонда өледі».

«Ақын күнде қоштасар өмірменен, ақын үшін белгілі
өлім деген. Ақын, әсте, өлем деп қорықпайды, кете ме
деп қорқады көңілде өлең, аяқасты ажалмен, өлімменен.
Әр өлеңі – ақынның соңғы өлеңі, соңғы рет жөндегені,
өңдегені. Өзі тірі кезінде жылы өлсе егер, намыс үшін шын
ақын сонда өледі. Шын ақынның көңілін сол бөледі»⁷².

Нағыз ақын үшін «Әрбір жыры – ақынның соңғы жыры.
Соңғы жырды жазуға жүрек керек»⁷³. М.Цветаева айтқандай:
«на каторгу к любимому столу» деген ойды М.Мақатаев
былай дейді: «Ақау түсті ақынның жүрегіне, (Әлдеқашан

⁷⁰ Мақатаев М. Шуағым менің: Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: ҚазАқпарат, 2010. 86-87-бб.

⁷¹ Сонда, 88-б.

⁷² Сонда, 92-93-бб.

⁷³ Сонда, 94-б.

халқы оны біледі де). Қараң қалған столда қараң қалған, қаламына қарайды, тірегіне... Сапар шегіп кетеді жыр еліне»⁷⁴.

«Түсінемін сені мен, бауырласым, сен ауырсаң, ел үшін ауырғансың. Айтар сөзін айтсын да, өлсін ақын, ақындардың Отаны ауырмасын! Соңғы жыры ақынның жазылғасын, дамылдасын, қара жер қабылдасын, Отан! Отан! Отаны ауырмасын! Ойран болса егерде жер бетінде, ол – алдымен ақынның келбетінде. Жер жарасын болар-ау жөндетуге, ақын жанын болмайды емдетуге!»⁷⁵.

Ақын деген ұғым бір ұлттың емес, жалпы адамзаттық екенін М.Мақатаев осылай совет кезінде алға тартады: «Түсінемін сені мен, бауырласым. Сен ауырсаң, ел үшін ауырғансың». Асыл сөздің жоғалмауының себебін былай деп түсіндіреді: «Айтар сөзін айтсын да, өлсін ақын, Ақындардың Отаны ауырмасын! Жер жарасын болар-ау жөндетуге, Ақын жанын болмайды емдетуге!»⁷⁶.

«Ерлікті аңсаймын» циклында: «Саялы Отан! Самалың кеп бір өпкенде...», «Кешір, Отан?» деген сөздерде қазақтың тарихы кейіпкер болып кетеді. Ерлікті аңсаған лирикалық кейіпкер үшін: «*Санамда бір саңлау жоқ жатқа – бөтен, ақ арымды алдыңда сақтап өтем. Жалған айтсам, жазалар тұрып келіп, бауырлар моласында жатқан әкем*»⁷⁷.

Ерліктің жырын жазған ата-баба істерін бұл кейіпкер жүрегімен аңсайды: «*Ерлікті аңсаймын! Жауда кеткен кектерім көп. Әке жолын мен әлі өткенім жоқ. Жаса, сен, мәңгі шуақ көктемім боп, менің барар сапарым, өткелім көп... Ұмытпаймын! Даламды қан сасыған. Анамды, айғайымды жан шошыған, аруларды ұмытпай ақтай өлген, төсекке байлағанда жау шашынан. Тәйірі! Кетсінші сол тамұқ күндер. Өтті зой... Біреу – куә, табыт кімдер*»⁷⁸.

Ақын үшін ерлік тек соғыста емес. «*Соғыс құрсын! Тек қана сонда ма ерлік?! Ерлік, ерлік... Айналам толған ерлік... Кешір, Отан? Кей-кейде дірілдедім, дірілдедім, жат оймен*

⁷⁴ Сонда, 94-б.

⁷⁵ Мақатаев М. Шуағым менің: Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: ҚазАқпарат, 2010. 98-б.

⁷⁶ Сонда, 98-б.

⁷⁷ Сонда, 102-б.

⁷⁸ Мақатаев М. Шуағым менің: Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: ҚазАқпарат, 2010. 103-б.

бүлінбедім. Дарылдадым, орынсыз дүрілдедім. Алдыңа кеп асыр сап, күлімдедім. Жат ойдың қармағына ілінбедім! Арт жүгіңді. Өлмесің жүк артқаннан, өлейін, өте алмасам сынақтардан. Есіп кетсем, кейде бір бөсіп кетсем, әммесі оның – ерлікке құмартқаннан»⁷⁹.

«Үйім – Халқым», «Халқыма еркелеймін» деген сөздерде ақынның Отан мен Халқым деген егіз ұғымдардың тоғысуын аңғарамыз. Отан – киелі жер болса, оны тұрақтаушы – қазақ елін халқым деп егілген ақын үшін бұл да қасиетті концепт: «Үйім – Халқым», Үйім – Тауым, Үйім – Ордам, Үйім – Отаным» градациялық ретпен бейнеленген: халқым, тауым, ордам, Отаным деп дамыту асыл сөздің нақтылануы болып табылады.

Совет кезінде Орда сөзі көп қолданбағаны белгілі. Алаш Орда сөзін еске салатын сөзді тек Мұқағали ғана осылай батыл қолданған. *Үйім – Халқым. Халқыма еркелеймін. (Мен – кедеймін) Бүлдірсем бірдемесін, мен төлеймін. Үйім – Тауым. Тауыма сүйенемін. (Жоқ болса, сүйенерім) Келеді тауымды да күйелегім. Үйім – Ордам. Ордамда сайрандаймын. (Болмаса сайран дәйім) Мінгескен Көтібарға Аймандаймын. Үйім – Отаным! Отаннан жай табамын. Отанға не айта аламын, Отанға не айта аламын»⁸⁰.*

Туған жердің табиғаты ақынның кейіпкеріне айналғанын аңғару қиын емес: *«Япырай! Неткен көктем! Көктем! Көктем! Дүние-ау, сен осылай көкпеңбек пе ең! Мәңгі-бақи түлеген қаз қалпында, табиғат керемет ең неткен, неткен?!»⁸¹.*

Ақын қазақ жерін былай деп құрметтейді: *«Әр көдеңе бір қонып, ұшар едім, әттең-шіркін, құс болып жаралмадым...»⁸².*

Таулар М.Мақатаев үшін ерекше сырлас кейіпкерлер. Ақынның келесі өлеңінен сурет салуға болады. Сөзбен сурет салу деген А.Байтұрсынұлының теориясы осы ретте айтылғандай әсер етеді: *«Біздің таулар – керуендей шұбалған,*

⁷⁹ Сонда, 104-105-бб., 107-б.

⁸⁰ Сонда, 107-108-бб.

⁸¹ Мақатаев М. Шуағым менің: Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: ҚазАқпарат, 2010. 122-б.

⁸² Сонда, 116-б.

күнді өздері батырған да, шығарған. Тұлғаларын тұңғышқа суарған, олар биік тұманнан да мұнардан. Сенсең бөрік, сәлде шалған – атамдар, желкен – бұлттар – желкілдеген сақалдар. Өркем-өркем маң-маң басқан – атандар, біздің таулар – аяқталмас сапарлар. Көшін тартып, көше-көше сабылып, көш бастаушы бағытынан жаңылып, біздің таулар – тоқтап қалған керуен, сахараның сағымына аңырып»⁸³.

«Арманың бар ма?» циклында өзі тау жерінде туған ақын тау атауларын ажыратып береді: «Адырлар, жондар, шатқалдар, аспанды тіреп жатқандар, айтылды нелер мақтаулар, арманың бар ма, ақ таулар? Сапарды солай жалғаңдар, шарлаңдар, мәңгі шарлаңдар, аспанды кезген тарландар, ақ бұлттар, сенде не арман бар? Армандап адам сұрады. Ақ таулар – іштен тынады, азан сап тұрып ақ бұлттар, ағыл да-тегіл жылады. Ақ нөсер, бар ма арманың?..»⁸⁴.

Тауды биіктікке теңеу жиі кездесетін тіркес. Ал бұлттардың «Азан сап тұрып, Ағыл да-тегіл жылауы» тек М.Мақатаевқа бұйырған асыл сөз үлгісі.

«Жігіттер, дем алайық тауға барып» өлеңінде ақын Алатауды «ақ шалға» теңейді. «Жігіттер, дем алайық тауға барып, балақты жүреміз бе шаңға малып?! Алматының қарайық төбесінен, алдымен көк майсаға аунап алып Алатау ашып тастап гүл кілемін, мұртына мұздақ қатып тұр білемін. Тым құрыса леппен жібітейік, ерітейік мұртының сүңгілерін. Балақты жүреміз бе шаңға малып? Сәлемдесіп қайтайық шалға барып. Алматының қарайық төбесінен, ақ шалдың кілеміне аунап алып»⁸⁵. Майсадан майда, шіркін, мақпал бар ма, масайрап шығайықшы шатқалдарға. Жылылық апарайық біздер де бір, мәңгілік жатқан мұзға, жатқан қарға»⁸⁶, – дейді ақын.

«Жер жәннаты – Жетісу» деген ұғымды ақын «Ақ қайың әні» поэмасында: «Әлі есімде жазы еді Алматының, Аясы еді Алатау жәннатының...»⁸⁷, – деп нақтылап өтеді.

⁸³ Мақатаев М. Шуағым менің: Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: ҚазАқпарат, 2010. 116-б.

⁸⁴ Сонда, 123-124-бб.

⁸⁵ Сонда, 125-б.

⁸⁶ Сонда, 124-б.

⁸⁷ Сонда, 184-б.

Асыл сөздің құдіретін көтеретін ақын туралы түсінігін М.Мақатаев әр өлеңінде меңзегенмен, келесі тармақтарында айғақтап берген: *«Туады, туады әлі нағыз ақын, нағыз ақын бал мен у тамызатын. Жесірдің айырылмас сырласы боп, жендеттің көзінен жас ағызатын. Туады, туады әлі нағыз ақын! Жыр сөздері жай болып атылғанда, атылғанда, аспаннан оқылғанда, мылқауларға тіл бітіп, керең естіп, жанар пайда болады соқырларға»*⁸⁸.

Өлеңші емес, нағыз ақын «бал мен у тамызатын» ғана емес «жендеттің көзінен жас ағызатын» деп М.Мақатаев бізге шынайы асыл сөз иесін осылай танытып береді. Бұл сөздердің біз бүгін ақиық ақынның өзіне де тиесілі екенін мойындауымыз керек. Соцреалистік шеңберде құрсауланған қазақ совет поэзиясының қатарынан суырылып шығып ерлікті аңсап Райымбек батырдың Отанды қорғаған істерін сол кездегі партияға ғана бас ұрған мылқауларға түсіндіріп кеткен ақынға Алла разы болсын.

«Махамбеттер, Абайлар-ай» атты толғауында ақындық дерт былай түсіндіріледі: *«Өмірдің қысы, жазы, көктемдері, қысылтаяң шақтары, өткелдері, адамның аққан қаны, төккен тері, мұратқа жетпегені, жеткендері – жанымды жеп жүр менің көптен бері. Атысу, аңдысу мен таласудың, санасу, табысу мен жарасудың, тінезін мынау адам баласының білсем деп құпиясын аласұрдым»*⁸⁹.

Ақын есіл ата-баба даңқын ғана есте сақтамайды, ол «адамның аққан қаны, төккен тері, мұратқа жетпегені, жеткендері» себебін талдайды. Атысу, аңдысу мен таласудың «білсем деп құпиясын аласұрдым», – дейді ақын. Совет кезіндегі замандастарын ақын былай деп бейнелеген: *«Алдында алуан-алуан мінездердің, амалсыздан келеді мың өзгергің. Әркім өзін балайды данышпанға, бір-бір Құдай санайды бір өздерін»*⁹⁰. Сондықтан ақын өзін тыюды жөн санаған: *«Білмейді екем... Қолымнан келмейді екен, жоқты аңсап, жоқ сусынға шөлдейді екем. Қой енді, тыйылайын, бұғынайын, ойымды орасанға бөлмей бекен»*⁹¹.

⁸⁸ Сонда, 170-б.

⁸⁹ Сонда, 219-б.

⁹⁰ Сонда, 220-б.

⁹¹ Сонда, 220-б.

«Величие апеллирует к потомкам» деген кезінде А.Байтұрсынұлының замандасы М.М.Бахтин. Ақын М.Мақатаев өзіне дейінгілердің батылдығына құрсаулы совет кезінде өз бағасын былай береді: *«Жасырмай ойымды айттым талай-талай, қайтейін кетті бәрі қарайламай. ...Айтарын ашып айтқан абайламай, Дарига-ай, Махамбеттер, Абайлар-ай!!!»*⁹².

Замандастары «кетті бәрі қарайламай» деген ақынның мұрасы тек Тәуелсіздік кезінде өзінің шынайы бағасын алды. Өзі айтқан Махамбет, Абай сияқты абайламай сөйлеген ақындар қатарына біз енді Алаш ақыны М.Мақатаевты қосамыз. Көз тірісінде өлеңінің оң бағасын ести алмай кеткен М.Мақатаевтың аңсаған кезі – қазіргі қазақ елінің тәуелсіздігі. Ақынның бізге жүрегімен арыз жазып кеткенін сезінуіміз керек. Ақындарды көзі тірісінде қадірін білу үшін. Жылы пейілімізді көз тірісінде жеткізгенге не жетсін! Замандастары баға беруге сараң болған заманда өмір кешкен ақынның шынайы бағаланатын кезі Тәуелсіздік заманы. Ақын уақыт шектеулі екенін ерекше сезінген: *«Қай күні менің тәмамдалады дастаным? Бітпесе екен, жаңадан ғана бастадым. Биіктей берсін, биіктей берсін, Өкінбен, мұнартып тұрған шыңдарым менен асқарым. Сапарға сапар, жалғана берсе екен деп, жалынам күнде, жазмышқа тағзым етем көп. Адасу болар, таласу болар өмірде, жүрсем болғаны ата жерімді мекендеп. Атақ-даңқтың керегі маған шамалы. Қалады досым, қалады, бәрі қалады... Қай күні менің тәмамдалады дастаным? Уақыт өтіп, уақыт өтіп барады»*⁹³.

«Жүрек арызы» өлеңінде жан иесіне қаратып жүрек арызы баяндалған: *«Оу, ием менің, Өзіңнен бұрын жаралғам. Алдымен – менмін, сонан соң – сенсің жаралған. Басың мен миың, ақылың, есің, қимылың, аяқ пен қолың – барлығы менен нәр алған. Балғын шағында, өмірге жаңа аттанған, бағыңа бастар адамдық жолға ап барғам. Кезім де болды қайғырған, әрі шаттанған, кезің де болды, қайтейін, маған да, салған. Келеді сенің кей-кейде мені мұз еткің, бәріне көндім, қателігіңді түзеттім. Төсек тартқызып, төнгенде*

⁹² Мақатаев М. Шуағым менің: Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: ҚазАқпарат, 2010. 220-б.

⁹³ Мақатаев М. Шуағым менің: Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: ҚазАқпарат, 2010. 240-б.

қатер басыңа, айнымай соқтым, аялап сені күзеттім. Жалындым саған жақыны бол деп баршаның, жан-ием, сенің жақсылығыңды аңсадым, өткіздім сені қаниама қауіп-қатерден ал енді, маған, демалыс берші, шаршадым!.. ...Қақың жоқ сенің демалуға да, соқпауға, қарсы барамыз оқтарға, әлі оттарға. Қақым жоқ менің демалыс саған беруге, қақың жоқ сенің қалдырып мені тоқтауға!!!»⁹⁴.

«Оу, ием менің» деп басталған өлеңде жүректің монологі асыл сөзбен берілген. Соңғы сөзді шаршаған жүрекке жан иесі беруі де тегін емес. Өзі Құран сүрелерін білген М.Мақатаев жүректі – жанына бағындырады.

«Арыз жазып кетейін» өлеңінде өмірдің қасіреттері мен әділетсіздікті көп көрген ақын өмірге деген назын айтып кеткен: «Бүгін менің туған күнім. Ой, бәле-ай! Мына адамдар неге жатыр тойламай?! Банкет жасап берер едім өзім-ақ, Тәңірдің бір жарытпай-ақ қойғаны-ай. Мына дүние неге жатыр үндемей?! Алаулатып тойдың шоғын үрлемей, құшақ-құшақ гүл шоқтарын лақтырып, – мынау – шапан, – мынау – атың, мін! – демей?! Мына жұртқа жақпады ма әлде нем? Бекер өмір сүргемін бе, әлде мен? Халқым, сенің қасиетіңді білем деп, босқа өмірім өтті ме екен әуремен?! Айтамын деп қуанышың, мұңыңды. Басқа арнаға бұрдым ба әлде жсырымды мен, бәрібір, өзіңменен бір болам, өзегіне тепсең-дағы ұлыңды. ...Тойланбаса тойланбасын, не етейін. Той көрмей-ақ сый көрмей-ақ, өтейін. Қаламымды берші маған, бәйбіше, болашаққа арыз жазып кетейін...»⁹⁵.

М.Мақатаевтың көктем, наурызға арналған өлеңдері ерекше нұрлы. «Ұқсастық» өлеңінде ақын көктемді – босанған анаға теңейді. Бұл ерекше метафора: «Босанған Ана. Көктемде дала босанып, біріне-бірі болар ма ұқсас мұнишалық. Толғатып дала, есен-сау Ана ұл тауып, бара жатады көктемнің көкішіл бұлты ауып, теришіді Ана, теришіді дала қымтанып. Тамыры иіп, тәтті бір ұйықтап алғасын, ана шайына, дала нөсерге қанғасын, далаға – дихан, анаға адал жолдасы, тыңайтпақ болып, даярлап жатыр қалжасын. Өскенде сәби Анадан таусап

⁹⁴ Сонда, 241-б.

⁹⁵ Сонда, 244-245-бб.

қорегін, далада тәй-тәй саусағын жаяр көк егін. Жерді – Анама, Анамды жерге теңедім, Екеуінен де егіз ұқсастық көремін»⁹⁶.

Көктемнің қыстың құрсауын бұзып шығуының ретін асыл сөзбен суреттеген ақынның әр өлең жолынан Ана Жер Ананың сымбатты келбетін кескіндеуге болады. Мұндай сөзбен сурет салу Мағжанға ғана тән көркемдік үлгісі екенін осы ретте атап айту қажет.

М.Мақатаевтың бүкіл шығармашылығы А.Байтұрсынұлы тұжырымдаған толғауға сәйкес. Советтік кезде толғау деп тек жыраулар поэзиясын айтқанбыз. А.Байтұрсынұлы толғаудың асыл сөз үлгісі екенін «Әдебиет танытқышта» анықтап берді. Советтік әдебиеттану азаматтық лирика деген түсініктің үлгісін ақынның «Үш бақытым» туындысынан көреміз: *«Ең бірінші бақытым – халқым менің, соған берем ойымның алтын кенін. Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын, қымбаттырақ алтыннан нарқым менің. Ал, екінші бақытым – тілім менің, тас жүректі тіліммен тілімдедім, кей-кейде дүниеден түңілсем де, қасиетті тілімнен түңілмедім. «Бақытым бар үшінші – Отан деген, Құдай деген кім десе, Отан дер ем! ...Оты сөнген жалғанда жан барсың ба? Ойланбай-ақ кел-дағы от ал менен. Түтін түтет, өс, өрбі, көгере бер, немерелер көбейсін, шөберелер. Жадыңда ұста, жақсылық күтпегейсің! От емес, оқ сұрасаң менен егер! Үш бірдей бақытым бар алақанда, (Мені мұндай бақытты жаратар ма!) үш күн нұрын төгеді аспанымнан, Атырау, Алтай, Арқа, Алатауға!!!»⁹⁷.*

Әр заманда ең басты болған осы үш құндылық – «Халқым, Тілім, Отаным» ақынның басты концепттері болып табылады. Бұл түсініктерді қастерлеуді Алаш ардақтылары ХХ ғасыр басында бізге аманат етіп кеткен. Совет заманында бұл қасиетті, елді ел ғып тұрған, ұғымдарды Алаш дәстүрін жаңғырта білген М.Мақатаев жырлап өтіпті.

Ақынның осы үш қастерлі ұғым мен асыл сөздің қасиеті туралы заманды бейнелеген ойлары оның күнделіктерінде тұрғаны анық. М.Мақатаевтың асыл сөзге қойған басты шарты ақынның күнделігінде былай деп тұжырымдалыпты:

⁹⁶ Мақатаев М. Шуағым менің: Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: ҚазАқпарат, 2010. 261-б.

⁹⁷ Сонда, 286-287-бб.

«Поэзия махаббатпен басталып, парасатпен аяқталуы тиісті» (27.ІІІ.1972). Поэзия туралы: «В жизни – не знаю, в поэзии – не врать!» (30.ІІІ.1972).

М.Мақатаевтың күнделіктерінен біз асыл сөздің табиғаты, әдебиеттің негізгі мәселелері туралы мағлұматтарды теріп алдық. Ақынның бұл әдебиеттанулық пікірлері қазіргі заманға да қажетті екені айқын.

Тырнарлардың түнде ұшатынын да ақын күнделігінен аңғарамыз: «Бүгін (дәл қазір, 2 сәуір, түнгі он екілерде) тырнарлар ұшып өтті. Столға отырғаным да сол еді, тырнаның даусын естідім. Біздің жаққа қарай ұшып кетті. «Ақ тырнарлар аспанға сына қағып...» ұшып кетті... (17 сәуір 1972 жыл)⁹⁸.

Ақын кімдерді көп оқыған? Ол туралы: «Пушкин мен Абайға айналып соға берем, соға берем. Апырм-ай, Пушкин-ай, соншаның бәрін қашан жазып үлгерді екен?...» (2 сәуір 1972 жыл)⁹⁹.

Ақын тек сезім емес, өмірден түйгенімен бізбен бөлісуші екені туралы былай делінген: «...Ақынның өмірді зерттегені – алдымен өзін зерттегені. Ақын құдіреті – өмірден өзін, өзінен өмір жасай білуінде. Бұл – ақынның әлеуметтік-экономикалық көзқарасы» (17 сәуір 1972 жыл)¹⁰⁰.

Совет кезінде ата-бабасына Құран бағыштағандар көп болмағанын жақсы білеміз. Солардың бірегейі М.Мақатаев екен: «Атам мен апамның қабіріне барып, мен Құран оқыдым» (19 июнь, Талды)¹⁰¹, – дейді ақын.

Асыл сөз иесінің ең басты міндеті – елінің қамы, оның намысы екенін ақын жақсы білген: «*Ей, қалам ұстаған, қаламдас бауыр-қарндастарым, халықты ұмытпаңдар! Халықсыз күндерің қараң! Оны сүйемін деп байбалам салмаңдар. Оған тек гашиқ бола біліңдер!*» (22 ақпан 1973 жыл)¹⁰². Совет кезіндегі декларацияларға ақын еліне деген нәзік сезімді қарсы қоя білген.

«...Поэзия – ғылым. Зерттеу керек. Адам өмірінің, адам

⁹⁸ Мұқағали. Күнделік. – Алматы: ҚазАқпарат, 2009. 3-б.

⁹⁹ Мұқағали. Күнделік. – Алматы: ҚазАқпарат, 2009. 3-б.

¹⁰⁰ Сонда, 4-б.

¹⁰¹ Сонда, 13-б.

¹⁰² Сонда, 15-б.

жанының зерттелмеген, қалам тартылмаған несі қалды? Соны табу, соны зерттеу керек. Адам сезімін жан-жақты зерттейтін құдірет болса, ол – тек поэзия. Басқа ешқандай да ғылымның қолынан келмейтін шаруа бұл!» (6 наурыз 1973 жыл)¹⁰³.

«Адам өмірінің бақыты – балалық шақ. Балалық шақ бақытсыздықпен өтсе, санасы бар пенденің бүкіл ғұмырына ақау түскені!..» (9 сәуір 1973 жыл)¹⁰⁴. Пушкин айтқандай: «Горести в детстве – хорошая школа, а счастливая детства – лучший университет». Екі ақынның бірдей ойлануы да тегін болмас.

«Өз творчествомда қай жерде әлсіз, қай жерде күшті екендігімді өзім жақсы білем. Әлсіз жерім менің кінәм емес, ал күшті жерім өмір сүріп отырған ортаның еңбегі емес. Үнемі өзімді өзіме қадағалатып, мәңгі мені қауіптендірумен келе жатқан уақыттың да еңбегі емес.

Қазір ақын болу қиын...» (3 қаңтар 1974 жыл)¹⁰⁵.

Бұған қосатынымыз: ақын болу әр заманда қасірет болған. Тура осылай Абай да егілгенін еске алсақ, ақын елдің ары деген Алаш әдебиетшісінің сөзі бәрін орнына қойғандай әсер етеді.

«Будь ты проклята, моя поэтическая судьба! Будь ты трижды проклята, среда, окружающая меня! Среда, которой душой и сердцем я отдался, поверил, надеялся на лучшее. Коротаяю свои униженные дни, дни, которые мне ничего не принесли, кроме горечи да страданий. Теперь-то я понял, что нет человека на свете несчастнее меня. Не знаю, чем все это кончится. Одно мое желание – успеть, воспеть свою лебединую песню.

Сегодня, 27 января 1974 г., написана поэма под названием «Чили, свет мой!». За один присест, без перерыва, без единой помарки, с 10 утра до 12 ночи. Попробуйте-ка сразиться со мной...» (27 қаңтар 1974 жыл)¹⁰⁶.

«Қазақтың жаны – әдебиет» деген М. Дулатұлы. Олай болса М.Мақатаев совет кезіндегі саясиланбаған қазақтың жанын

¹⁰³ Сонда, 17-б.

¹⁰⁴ Сонда, 20-б.

¹⁰⁵ Мұқағали. Күнделік. – Алматы: ҚазАқпарат, 2009. 27-б.

¹⁰⁶ Мұқағали. Күнделік. – Алматы: ҚазАқпарат, 2009. 27-б.

сақтап қалған тұлға. Ақынның даралығын қызғанғандардың пенделік әрекеттері туралы М.Мақатаев былай деп бізге жазып кетіпті.

Күнделіктерінде де жүрекпен түсінетін оқырманын ақын есте сақтап отырады: «Бауырым», дейді ақын оған. Алаш арыстары сияқты М.Мақатаев та түрменің қасіретін шеккен. Не үшін? Совет заманына сай тек партияны жырламағаны үшін.

«Білгендерін істеп бағуда. Не жаза бар, бәрін қолдануда. Милицияға да бірнеше рет тапсырды. Енді қаматпақ ойлары. Көлеңкемен қорқатын халге жеткізді. Милиция қашан келіп, қашан алып кетер деген қауіптемін. Әнеу күні милицияда асылып өлмек те болдым, балаларымды қимадым. Мойныма тұзақ салып сәл тұрдым да, ойландым... Бұл халге де жеткізді. Соншама не істеп қойдым бұларға?! Себепсіз адам өлмейді... О, не деген қиын уақытта өмірге келгенбіз, бауырым...» (2 мамыр 1974 жыл)¹⁰⁷.

«Келесі жылдың осы күні қандай күйде болатыным маған мүлдем белгісіз. Жалпы, менің бүкіл саналы өмірім осы күдікті шыр айналумен келеді. Мен тіпті дәл ертең не болатынын да білмеймін. Әрдайым белгісіз бір күйде қалам.

Биыл 19 майда өмірімде бірінші рет, бәлки соңғы рет үлкен кісіге өтініш білдірдім. Оның атына орысша жазып, үлкен хат жібердім. Шынымды айтып, ашына бәрін мойындадым. Ешкімге шағым айтпадым. Бұл әрекетімнен не шығатыны, мені алдымда не күтіп тұрғаны – белгісіз. Хатым қолына тие ме, білмеймін, ол өзі оқып танысар ма екен, әлде жоқ па? Мені тек бір нәрсе үміттендіреді; егер ол өзі танысса, сондай үлкен адамда қалайша үлкен жүрек болмайды?! Оған өтініш білдіріп отырған көптің бірі емес, ақын ғой, нәзік жанды ақын... Әзірше күтудемін.

«Чили, шуағым менің!» 27 ақпанда (1974) «Социалистік Қазақстанда» толық басылды... Жұрттың бәрі бір адамдай жақсы қабылдады. Көргісі келмегендер көрмей-ақ қойсын.

Бір нәрсеге өзіме-өзім дән ырзамын.

Ол – өзімнің ақындық болжамым, ақындық интуициям. Пабло туралы менің поэмамнан кейін одақтық баспасөзде көп материалдар жарияланды. Әрине, олардың бірімен де

мен таныс болған емес. Солармен кейін таныса отырып, дәл басып, бұрын білмеген жайттарымды алдын-ала нақ айтқанымға мақтанам. Неруданың сүйегін қабірінен қазып, ұрлап әкетіпті, кітаптарын өртепті. Мен мұны білгем...» (25 мамыр 1974 жыл)¹⁰⁸.

Ақын елден бұрын қауіпті сезінетін жүрек иесі екені баяғыда мойындалған қағида. «Мен мұны білгем», – дейді ақын Неруданың мәйітінің қорлануын. «Ақын нәзік жан иесі», – дейді М.Мақатаев. Өкінішке орай үлкен кісілер ақындардан алыс жүреді. Ақынның жазған хаты шенеуніктердің қолына тиіп олар оны тағы да қорлайды.

«Сүйікті балаларым менің! Ақылсыз болмаңдар! Өмір тола қауіп, абай болыңдар! Өмірдің әрбір құбылысына байыппен, ақылмен қараңдар! Жөні жоқ мейірбан, жұмсақ болмаңдар. Өмір барда жауыздық та бар. Мейірбандықпен, жұмсақтықпен жауыздықты жеңуге болмайды... Бір сөзбен айтқанда, сүйе де, жек көре де біліңдер, бірақ әрқашанда адам қалыптарында қалыңдар! Әрдайым сақ болып, әрдайым өздеріңді қорғай біліңдер!

Балаларым менің! Балаларым менің! Егер сендер түсінсеңдер ғой мені...» (25 мамыр 1974 жыл)¹⁰⁹.

Ең бастысы адам болып қалуды ұрпағына аманат еткен ақын бұны бізге де қаратып айтқандай.

«Бойында бір тамшы таланты жоқ бола тұра талантты әдебиетшілердің қатарында тұрғысы келгендер ақымақ емес, өз творчествосын бүгінгі күнмен және өзінің ұрапатриотизмімен өлшейтін, сөйте тұрып, әдебиетте қалғысы келетіндер ақымақ. Үнемі іздеп жүретін және ылғи әдебиеттегі «бос орынды» тауып ала қоятындар ақымақ. Осы күні талантты адамдар әдебиетте аз роль атқарады. Қазіргі біздің әдебиетке құлдық ұра беретін құлдар қажет. Олар, әрине, «борзданы бүлдірмейді». Осы күнгі ережелер оларды толық қанағаттандырады. Рұқсатпен жазады, жұмыс істейді, тамақ ішеді және жүріп-тұрады. Олар тәртіпті. Өйтпегенде ше, талант буырқанса, ол өз жолымен қозғалғысы келеді және жолдан шығып кетіп, бірдемені бүлдіріп те алады, сондайда құлдар аяқ асты табыла кетеді.

108 Сонда, 28-29-66.

109 Мұқағали. Күнделік. – Алматы: ҚазАқпарат, 2009. 29-30-66.

Ұятсыздар, олар таланттың «орнын басады» да. Орынға отырады да, таланттарды үстінен бұйыра бастайды. О, қандай өкінішті! Одан өткен өкініш болмайды...» (1 қазан 1974 жыл)¹¹⁰.

Бұл схемада құлдық сананың психологиясы ашылған. Құл болу – билікке жағыну екенін ақын бізге анық білдіреді. Бұл да мәңгілік мәселе.

«Әдебиетімізді арамшөптерден тазартатын күн туар ма екен?! Қайдам? Осы күнгі әдебиет нағыз таланттардың әдебиеті емес, пысықтардың, жерлестер мен достардың, жағымпаздар мен қорқақтардың шатпағы. Әдебиеттің көкжиегіне өйтіп-бүйтіп бір алаяқ іліне қалса, ол өзі сияқты бір Санчо сыншысымақты сүйрелей келеді. Ол «сыншысымақ» белгілі бір уақытқа дейін өз шәркейін сол салада сүйретіп жүріп жатады. Жағдайы барда айтап-жайпап қалуға тырысады...»

Қашанға дейін осылай созыла бермек? Арамшөптерді түп-тамырымен жұлып тастауға әлдекімнің батылы жете ме? Менің ойымша, ол бір ғана кісінің қолынан келетін іс емес. Сондықтан мен әдебиетіміздің тазалығы үшін қиналатындарды, ашылық таланттарды мынаған шақырам: Достар, таланттар! Бірігіңдер! Барлық шатпақайшыларға қарсы майдан ашайық! Олардың желеп-жебеушілерін түгелдей әшкерелейік! Ұқсаңдаршы, біздің әдебиетіміз тұншыға бастады!» (6 қазан 1974 жыл)¹¹¹.

Арамшөптер болмаса шынайы дарынды айырып алу да оңай болмас. Қолдан жасалған даңқ, атаққұмарлық туралы аңыз осылай күйзелген. Соцреализм тұрғысынан белсенділер атақ алу үшін кәсіп еткен қазақ әдебиеттануы туралы мұндай пікір айту тек шынайы ақынның қолынан келетіні анық.

«...Айналып келгенде, поэзияда рух үлкен роль атқаруға тиіс. Қалғаны ақынның өзіне байланысты. Кімде рух болмаса, ол поэзиядан аулақ жүруі керек, оған ол салада істейтін ештеңе жоқ. Өкінішке орай егер олар өз ұяттары оянып, өздері солай шешпесе, біздің мына ғасырда оларды қуып тастау қиын. Өйткені біздің ғасыр қаталдығы болғанмен, бәрібір мейірбан...»

¹¹⁰ Сонда, 37-б.

¹¹¹ Мұқағали. Күнделік. – Алматы: ҚазАқпарат, 2009. 38-б.

* * *

«Тәңірім-ай, бізде ақын мен жазушы қаншама? Бәрі де атақты болғысы келеді. Бәрінің де халыққа танымал болғылары бар. Алайда сол әрекеттеріне халықтың қалай қарайтынына бұрылып бір өздері көз салмайды-ау.

Қайран әдебиетіміз қазір не боп кетті? Ол бәрін асыраушы: талантты да, талантсызды да, пенсионерлерді де, тағы-тағыларды. Екі-үш өлеңін алып жаңа жаза бастаған жас келеді, бірер жерге көрсетеді де, бұл істен ештеңе өнбейтін, өтіп кетудің мүмкін еместігіне көзі жетеді. Сонан соң өз күшін проза жазып байқайды. Ол да алдында алынбас қамалдай тұрып алады. Ашынған, жаңа жаза бастаған жас сонан соң сынға жармасады. Поэзия мен прозадағы беделділердің біріне болмаса біріне жағымпаздандудың оңай еместігін біліп, ол сын саласын ыңғайлы, әрі тиімді санайды. Сонымен өз әрекетін бастап кеп жібереді. Кейде тіпті біреуді (әрине, онша қауіпті еместі), яғни қызметі жоқты, қорқытып та тастайды, сөйтіп күндердің күнінде біздің әдебиетіміздің «білгіші» болып шыға келеді. Және әдебиетімізге пікір айта бастайды.

Мен кейде дүмбілездердің әдебиетке қандай жолмен келгенін, кімнің бақшасында өскенін, кімнің қанаты астында қатайғанын, оның қамқоры кім екенін, бүкіл кезген жолын зерттегім келеді, әттең, уақытым жоқ... Бұлай болса біреуі мүмкін де емес. Түптің түбінде бәрінің де ақыры болады, шыда, күт...» (26 қаңтар 1975)¹¹².

Совет кезіндегі гонорар жүйесі дамыған әдебиетке күн көру үшін жармасқандардың іс-әрекеттерін ақын ашып берген.

«...Бар өмірімді жоқшылықта, жоқшылықтан үнемі үрейленуде өткіздім. Қысқасы, туғанда да, өмір сүргенде де және өлгенде де біркелкі болу: ештеңе көрмеу, ештеңе өзгермеу – қашанда қорлық қой...» (31 қаңтар 1975 жыл)¹¹³.

А.Байтұрсынұлы әдебиет – адамның жан қажетінен туған ілім десе. М.Мақатаев «Поэзия – жан бұлқынысы» деп толықтыра түседі.

«Мен өлеңді үзіп-жұлқып, орайы келгенде, кезі келген

¹¹² Сонда, 41-42-66.

¹¹³ Сонда, 43-б.

жерде жазуға әрекеттенбегем. Жоқ! Поэзия – жан бұлқынысы, бұлқыныс пайда болғанда қаламнан қол үзбей отыру керек. Кімнің қайтетінін қайдан білейін, мен өзім шабыттың бүкіл сөлін сығып алып, құр сүлдерін қалдырғаниша орнымнан тұрмаймын. Аурудың аты ауру, бірақ жұмыс өте жақсы істелді. Кейде ол творчество мені бүкіл сырқаттан сауықтырып жібереді.

Өлең – ең әуелі шығармашылық, қажырлы еңбек. Азапты, жүйкеге салмақ салатын жұмыс. Оңашалануды және тыныштықты сүйеді. Егер мен ондай толғақ үстінде жарым жолда тоқтап қалсам, кейін онда ой соңынан қуалау маған қиын. Алғашқы құмарлықтан ажырап қалам» (12 ақпан 1976 жыл)¹¹⁴.

«Егер бір кездерде менің өмірім, творчеством әлдекімнің көңілін аударса, оларға былай дер едім:

– Менің қымбатты достарым! Егер сіздер шынымен менің өмірбаянымды, творчествомды зерттемек болсаңдар, онда мен не жазсам, соның бәрін түгел оқып шығуды ұмытпағайсыздар. Мені өз өлеңдерімнен бөліп қарамауларыңызды өтінем. Естеріңізде болсын, менің өлеңім жеке тұрғанында түк те емес. Біріктіріп қарағанда ол поэма іспетті. Басы және аяғы бар. Ол кейде күлімдеген, кейде түңілген жанымның құдды дауысындай. Жалған күйініш, жалған махаббат пен қуаныш, өтірік патриотизм және тағы-тағылар поэзияның жасуалары. Көпшіліктің көңілін аулау үшін, рухыңның ыңғайын табу үшін жазу керек. Әрбір жазатын адам оқырманды күлдіріп абыржыта алады (бәрі оның шеберлігіне байланысты), бірақ оның жанына кіріп, есінде мықтап қалу үшін барынша ашық, сезімтал әрі түсінікті болу қажет. Кейде қарапайым түсіне білетін көпшілік сенің образдарың мен прообраздарыңды артқы қатарға ысырып тастайды. Әрбір оқырман көркем шығармадан өзін, өз жанының бөлшегін іздейді. Сондықтан мен өзімнің «Менім» арқылы жасаспай, жаптай өмірімнің шежіресін жасап шықтым. Жанымның мұңы мен қуанышы – бәрі сонда. Солар басқа жүректерге өз сәулесін түсіруге тиіс деп ойлаймын.

Сонымен, достар, бүкіл менің жазғаным – бар-жоғы

бір ғана бүтін поэма. Адамның өмірі мен өлімі, қасіреті мен қуанышы туралы поэма. Егер, нанбасаңдар, барлық өлеңімді жинап, бір жинаққа топтастырып көріңдерші. Естеріңде болсын, әрбір өлеңім өз орнында тұрсын. Яғни жылына және бойына қарай, сонан соң көз алмай оқыңдар. Сюжетіне көңіл аудармай-ақ қоюларыңа болады, ал композициясы мен архитектуронасына зер салыңдаршы. Егер мені содан таппасаңдар, онда ақын болмағаным!» (14 ақпан 1976 жыл)¹¹⁵¹¹⁶.

М.Мақатаев осылай өз шығармашылығына түсініктеме беріп кеткен әдебиетші. Ақынды түсіну үшін оның шығармаларын толық біртұтастық ретінде қарау керек. Бүкіл мұрасы – өлең, поэмалары, толғаулары, хаттары мен күнделігі шынында да – бір тағдырдың поэмасы – ақын «жанының құдды дауысы».

«Көркем сынсыз көркем әдебиет өмір сүрмейді. Сын өз мойнына талай нәрсені алуға тиіс.

Сын қазы да, адвокат та болуы керек, ал қажет болса қалған жағдайда ол өте қатал, мейірімсіз айыптаушы да бола білуі керек. Әйтпесе, әдебиет, жалпы өнер атаулы алғашқы қоғам құрылысын елестетеді. Әркім өз білгенінше, әйтеуір сезікпен, көркем еместігін және жақсы еместігін біле тұра әрекет жасайды. Ойтырмай-ай, қоймайды-ау қоймайды. Соның бәріне сын кінәлі. Бізде дұрыс сын жоқ. Оның таза, әділ, білгір өкілдері жоқ. Тек жағымпаздар бар. Олар беделділерді мақтау үшін өзара жарысқа түседі. Олар сол арқылы әдебиеттің асырауында өздерінің қала беруін қамтамасыз етеді. Бұл урашыл-сыншылар көркем шығарманы шатпақтан ажырата алмайды. Олар үшін автор бірінші орында тұрады. Оның кім, қандай қызметте екеніне көңіл аударарды. Ал ондай шатпақайлардың көлеңкесінде таланттар бірте-бірте сөне береді.

Өмірге, өзі өмір сүріп отырған қоғамға белгілі бір көзқарасы жоқ адам ақын емес. Ондай адамның өзін ақын ғана емес, қоғамның ойлай білетін азаматымын деуге де хақысы жоқ.

Қазіргі нағыз ақын алдымен ойшыл, яғни философ болуы қажет. Поэзияның жалаң сұлулығы жалаңаш сұлуға ұқсайды.

Оған тек таңдана қарауға ғана болады. Ақынның міндеті суреттеп шығу, баяндап беру емес, қайта сол сұлулықтың құпиясын, оның ар жағындағы нақ сол жасырынды ашып беруде. Осы заманғы ақын, тәжірибелі құбылнамашыдай уақыт тамырын дәл басып, дәуірдің, қоғамның дертін өз дертіндей қабылдауға тиіс. Поэзияда философ болу деген сөз өзін қоршаған әлемді ұғыну, әр заттың мәнін білу. Алайда салқынқанды, ақылгөй философ болу жарамайды, ақырына дейін «адам жанының инженері» болып қалу керек» (16 ақпан 1976 жыл)¹¹⁶.

Көркем әдебиет пен көркем сын қандай болу керек деген сауалға ақын өз пікірін осылай берген. Заман сынының негізгі кемшіліктерін ақын дәл атаған. Совет заманында сынға ұшырағандардың алды сотталып кеткенін білеміз. Олай болса биліктің қол шоқпары болған сыннан қасірет шеккендер ең бірінші М.Мақатаев сияқты дарындар болды.

«Что должен иметь поэт, чтобы быть поэтом?

Первое: Талант, Талант и образование, эрудиция. Диплом необязательно.

Второе: совесть, чтоб стыдиться сам перед собою, прочтя свои слабые вещи.

Третье: простоту. Пусть не гениальную, как у Пушкина и Абая, но простоту человеческую, чтобы быть понятным другим. Не умничать, не рассуждать а воспеть!

Четвертое: интуицию. Чего не видят другие, увидеть и познать.

Пятое: труд, чтобы постоянно совершенствоваться.

Шестое: дух.

«Менің денсаулығым қираған үй сияқты. Әзірше түзелген сиқым байқалмайды. Әсіресе, таңға жуық қиын. Кеудемді тас басып жатқандай ауыр, оң жақ қабырғамның астынан әлдене сыздайды. Бауыр ма, өкпе ме, білмеймін.

Жүрек! Менің жалғыз тірегім – тек сол» (17 ақпан 1976 жыл)¹¹⁷.

Ақын болу үшін не керек деген сауалға ақын өз жауабын берген: дарындылық, білім, ұят, қарапайымдылық, еңбекқорлық түйсік және рух. Бұның бәрі М.Мақатаев

¹¹⁶ Мұқағали. Күнделік. – Алматы: ҚазАқпарат, 2009. 47-48-бб.

¹¹⁷ Мұқағали. Күнделік. – Алматы: ҚазАқпарат, 2009. 49-51-бб.

ақынның өз бойында болған қасиеттер екенін айтуымыз керек. Денсаулығы нашарлаған ақынның уайымы да ауырған дерті емес. Ең бастысы ақын үшін – жүрегі, оның тазалығы.

«Фольклорымыздың бай екені даусыз. Оны кез келген халықтың кез келген фольклорымен қатар қоюға болады. Егер фольклорымызды әдебиетімізбен салыстырсақ, онда соңғысы көп кедей көрінеді. Ол оның әлі жасаңдығынан, буыны қатпағанынан. Жазғыштар көп болғанмен, жазылғаны (мәнді, толыққандысы) әлі аз. Біз жазылған нәрсенің санына қарап қарықпыз. *Көркем әдебиет коллективті еңбек емес екенін ойлайтын уақыт жетпеді ме? Ол мейлінше даралықтан туады. Және белгілі уақыттың есебі де, фотографиясы да емес. Ол қоғамның, дәуірдің сынынан өтуге тиіс.*

...Егер қадір-қасиеті миллиметрлік қана болса, шақырымға созылған тізімдер әдебиетті құрай алмайды» (25 ақпан 1976 жыл)¹¹⁸.

Совет әдебиеттануы кезінде айтылған бұл пікір бүгінде аса қажет. Мәселе жанрлардың санында емес, санасында, мойындалуында. Әдебиет – фотография емес дейді ақын. Соцреализмге ол шынайы асыл сөзді осылай қарсы қояды.

Алаш ардақтысы Х.Досмұхамедұлының «Қазақ тіліндегі сингармонизм заңдылығы» зерттеуі бойынша қазақтағы Мұқағали, Махмуд, Мұхтар есімдері Пайғамбарымыз (с.а.с.) атының қысқартылған бір түрі болып табылады. Демек, Мұқағали Мақатаев адамзаттың соңғы Пайғамбары (с.а.с.) атына сай есімге ие болған.

Мұқағали Мақатаев поэзиясымен мен тек 1980 жылдары таныстым. Мәскеуде оқып жүрген кезімде Б.Окуджава мен Вл.Высоцкийдің оқырмандарын көріп қайран қалатынымын. Біздің тура сол кеңес заманында шындықты айтып, кеңестік талаптарға істері мен қылықтары, сондықтан өлең-жырлары сай емес ақындар қайда екен, – деп ойланатынымын. Мұқағали туралы естідім, бірақ сол кездегі ресми пікірге байланысты болу керек, кітаптары қолға тимеді.

1988 жылы қазақ әдебиеттануында төңкеріс болды: «Алаш» атты асыл әдебиет пен әдебиеттану өз төл арнасына қайта оралды. Менің қатарластарыма бұлар аспаннан

¹¹⁸ Сонда, 51-б.

түскендей әсер етті. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Жүсіпбек Аймауытұлының шығармалары шынайы көркемдіктің үлгісін әкелді. Сол кездегі атақтары дардай көп жазушылардың туындылары бұларға қарағанда ортаңқолды болып шыға келді.

Осы Алаш әдебиетімен танысқаннан кейін мен көпке дейін бүгінгілерді оқи алмай қалдым. Себебі бүгінгі әдебиетте рух жоқ, жігерлілік жоқ, бізге керек ой мен бағыт жоқ. Керісінше, ХХ ғасыр басындағы «Оян, қазақ!» ұраны 1986 жылғы оқиғалардан кейін қазақ үшін нағыз қажетті болып табылды!

Мәскеулік математик аспирант замандасым аспиранттар арасында отырғанда Мұқағалиды жатқа айтатын.

1990 жылдың басында Мұқағали өлеңдерін, тіпті «Райымбек» поэмасын отырыстарда жатқа білетін замандастарымды көргенде ойлана бастадым. Қолыма «Қош, махаббат» жинағын алып қарасам Алаш әдебиетінің рухы, еңсесі биік тұлғалы ойлар алдымнан шыға келді. Оқыған сайын ақынның сөзді орынды, нақты пайдалана білуі, қазақтың намысын оятатын сөздер таба білуі мойындата түсті. Міржақыптың «Оян, қазақ!» ұранын жалғастырған осы Мұқағали екеніне көзім жетті! Ол оның әр өлеңінде дәлелденіп тұр. Екеуі тура бір кезеңнің азаматтары іспеттес!

Алаш ұранына кеңес саясаты ресми тыйым салғанымен біржола тұншықтыра алмайтын. Ол ұран Қасым Аманжолов пен Мұқағали Мақатаев өлеңдерінде орын алған екен.

Біз Абай дәстүрі деп көп жағдайда орынсыз айта береміз. Абайға арналған бірінші ғылыми мақалалардың авторлары кім деген сауалға жауап іздесек, олар Алаш зиялылары: Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Сұлтанмахмұт Торайғырұлы, Ілияс Жансүгірұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы. Мағжан ақынның «Хакім Абай» деп анықтап берген сөзі бүгінгі қаншама философиялық еңбектерге арқау болды?! Осы бір ауыз сөз – абайтануға қосылған ғылыми үлес екенін айтпай, Мағжан ақын ғой деп оған да абайтануды қимаймыз.

Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «Қазақтың бас ақыны» – Абайдың дәстүрі кеңес кезінде де жалғасын тауыпты. Абай

қазақтың кей қылықтарына көңілінің толмауы, «хақиқатты хақиқат қалпында» танытудың жалғасын Алаш әдебиетінен көрсек, бұл үрдіс Қасым, Сырбайдан басталып Мұқағали өлеңдерінде толығымен орнығыпты.

Мұқағали өлеңдерінде Ахметтің саяси-азаматтық үні, Мағжанның мұны, сезімді бейнелеудегі шынайылығы мен дәлдігі, Міржақыптың «Оян, қазақ!» ұраны қайта тірілгендей!

Алаш әдебиетінің дәстүрі өз зерттеушілерін күтіп тұрған ғылымға қажет тақырыптар! Себебі ойлары ортақ: қазақ қалай өзін ел болып сақтай алады, қазақ жұрты нені аңсап, неден жиреніп өткен? Ата-баба аманаты деген ұғым қандай? Қасиетті даланың бастан кешкен тарихын біз не үшін жаңғыртып отыруымыз керек? Біз кеңес өкіметі сендіргендей тек ХХ ғасырдың басында мол қалыптасқан елміз бе, әлде тарихында рухани үлгілі істердің басында тұрған асыл Ер тұлғалардың мирасқорларымыз ба? Осы рухтың қазіргі замандағы үні Мұқағали мұрасында тұр екен.

Өткен жылы «Он ғасыр жырлайды» атты жинақ шықты. Біз онда Отан, адамдық, иман, ата-баба сөзі, атамекеннің құдіретін сезіну, өзін соның асыранды емес, төл перзенті болып толғану дәстүрі кімдердің жыр-өлеңдерінде іске асқан екен деген сауалды алға қойдық. Бұл кітаптың басы Жүсіп Баласағұни өлеңімен ашылса, кітаптың соңғы беттері Мұқағали Мақатаевпен тәмамдалып тұр. Бұл жеке бір ұйымдасқан топтың келісіп алуы емес еді. Алла, Құбыла, адамдық, мінежат, әдеп, намаз, Отаншылдық, атамекен, иман сөздерін кеңес кезінде тек Мұқағали өлеңдерінде ғана бар екен!

Атеистер Дарвин теориясын алға тартқан заманда: «Мен маймылдан жаралған жоқпын, мен Адам ата мен Хауа ана ұрпағымын деп сол кездегі ресми білімге өзінің имани сенімін де қарсы қойып кеткен тек Мұқағали ғана!

Мұқағалиды біз не үшін оқуымыз керек? Себебі бүгінгі біздің көңіл-күйіміз, қазақтың мүддесі, оның күйініш, сүйініші, шері ақын лирикасының басты тақырыптары. Бұл біздің өзіміз үшін қажет өлеңдер!

Мұқағалиды оқыған оқырман шынайы әдебиет – асыл

сөзбен жазылған бір күндік, не атақ үшін жазылған мәтіндердің ерекшелігін өзі танып ажыратып алады. Ақын сөздері көркемдігі төмен, мәні жалаң өлеңдерден жиренуге үйретеді. Бұл өлеңдер нағыз әдебиет пен жалған дүниелердің арасын ашып беруімен де құнды.

Бүгінгі кейбір жазушылардың атағы жер жарғандай. Өткенде бір ақынның есімінің алдындағы атақтары қазақ радиосынан 2 минут айтылды. Бұл кім екен деп шыдаммен күтіп отырдым. Органқолды бүгінгі той-думанда әркімге өлең шығарып жүрген ақын екен.

Мұқағалидың қызғаншақ замандастарының арқасында болу керек, Алла Тағала бұндай күнәдан оны сақтаған екен! Ақынды адамдар берген атағымен емес, өз сөзінің рухы, нәрі, мазмұндығымен ғана бағалануы қажет екенін Мұқағали бізге бүгін дәлелдеп бергендей. Олай болса өлеңдерін жатқа білетін қазақ халқы бар кезде, біз әдебиетшілер, ұятқа қалмай бұл мұраны бүгінгі тұрғыдан түсіндіре, насихаттай білейік. Өзіміздің кісілігімізді де Мұқағалимен тексере білейік. Бұл да нағыз көркем әдебиеттің тағы бір шарты. Атеизм салтанат құрып, ата-баба дәстүрі құрсауланған заманда Мұқағали ақынның «Райымбек» поэмасын жазып кетуі, бүгінгі тұрғыдан ерлік деп саналу керек. «Ер» мен «Ерлік» сөзінің бүгін біз түбі бір екенін ұмытып кеткен кезде, аталған поэма бұл ұғымдардың егіз екенін және қазақ ер бала туса, оны ез емес ер болып өсуін, бүкіл әулет намысы деп санағанын еске салады.

Райымбек – тарихи тұлға, бірақ тарихшылардың еңбектерінде ол туралы дерек тым аз, және нақты емес. Тарих ғылымы қай заманда да саясатқа тікелей бағынған ғылым ғой. Әдебиет болса көркем бейне арқылы тарихи тұлғаның шынайы, халық берген бағасын бейнелі сөздермен келістіріп айта алады. Әрине, бұл Алла Тағала әдебиетке – асыл сөз деп берген қасиеті – о замандарда тарихи тұлға бүгінгі сияқты сайлаумен немесе жоғарыдан тағайындалмайды. Ол жастайынан отбасы, әулет ішінде мойындалуы, бүкіл ұлт үшін, елдің намысы мен абыройы үшін өмір сүретін тұлға. Райымбек батыр бейнесі поэмада толығымен осы тұрғыда ашылған. Жастық шағынан ерен істерімен өзін мойындата білген батыр өсе келе тұлғаланып,

бүкіл қазақ елін жоңғарлардан қаша беру емес, керісінше оларды атамекеннен қуу жолын бастаған тарихи тұлға. Кеңес кезінде ата-бабаның осындай істерін аңсап, оның есімін кеңес тарихшылары жойып жібермес үшін ақын осындай көркем бейнені поэманың бас кейіпкері қылып ресми заманға көлденең қоя білген! Есінді жи елім, осындай батырлары болған елдің тарихи жадын жою мүмкін емес дегендей!

Көркем әдебиеттің тарих сақтай алмай қалған деректері мен нағыз ерлердің істерін осылай сақтай алатын қабілетін Алаш ақын Мұқағали бізге және бір рет дәлелдеп беріп кетті.

Алатауға жақындаған сайын ол төбе-төбе болып кете береді. Көтерілген сайын жақын көрінеді. Алыстан қарасақ Алланың жерге орнықтырған қазығы іспеттес Алатау боп арулана түседі. Кезінде М.М.Бахтин айтқандай «величие аппелирует к потомкам» Мұқағалидың замандастары күншілдікпен: *«Ту ғып ұстап топастықтың танымын, қаламдастар қазып жатты – қабірін»*.

Жүсіпбек 42, Достоевский 60-қа жуық, Мұқағали 45 жас өмір сүріпті. Олардың мұрасы алыстаған сайын бізге аса қажетті ғибратты ілімге айналуда. Олай болса біреуге қиянат жасамай, Мұқағалиша өмірді бағалай білейік. Бұлар «Адал құлы бола білген арының». Сондықтан да біз үшін кісіліктің, әділдіктің, отансүйгіштіктің үлгісі болып қала бермек.

Мұқағали 1931 жылы 9 ақпанда туылған екен. Бұл жылы Жүсіпбек Аймауытұлы Алаш зиялылары ішінен бірінші болып атылған еді. 9 ақпан ресейлік замандастары өздерінің пайғамбарларына ұқсатып «Жаңа пайғамбар» атаған Федор Михайлович Достоевскийдің дүниеге келген күні. Әдебиетте де, еліне де осы үш тұлғаның істерін бір күн болса да еске салатын күн екенін білген қауым – Мұқағалидың оқырмандары: оқушылар, студенттер, зиялы қауым осы күні аталған тұлғалардың иманды, ғибратты, отансүйгіштіктен туған мұрасын соның иегерлері ретінде таныта білейік! Олар айтарын айтып бізге «арыз жазып кетті». Соны түсініп, бүгінгі тәуелсіз қазақ елінің азаматы екенімізді саналы түрде ұғына білейікші...

Осы тұста айта кетер тағы бір жәй бар. Біз осындай иманды сөздерді кестелеген, жадымызға кісілік пен тектілікті, әділдік пен шынайылықтың үлгісі болатын ақын-жазушылар, ғалымдар туралы ресми жиындарды сол мұраға сай рәсімде өткізсек деймін. Шетелдерде қайтыс болып кеткен тұлға туралы жиын 1 минуттық үн үзілісі, не болмаса Құран, не басқа дін өкілдерінің сөздерімен ашылады. Бұл мәдениеттілік пен парасаттылықтың белгісі және аруақ алдындағы бүгінгі тірі жүргендердің парызы. Бұл тек осы жиынға қатысты ғана емес, бірақ келешекте мұндай ғибратты мұраны қорламас үшін айтылған ой.

«Әдебиет танытқыштағы» мінәжат жанры мүлдем жоғалған екен деп жүрсем. Мұқағалидың келесі мінәжаты бұл жанрдың сонау М.Х.Дулатидың «Тарихи Рашиди» еңбегінде ғана үзіліп қалмай, кеңес кезінде де жаңғырған үлгісі барына көз жеткізеді: *«Я, Жаратушы Аллам! Қолдай гөр, сүйей гөр мені, сүйей гөр! Қолдары да, қорғаны да жоқ жан ем. Жасаған ием! Құлап барам, сүйей бер! Пенделерге табына-табына болған ем. Жаратушы жалғыз ием, қуат бер, азабымды, тозағымды жеңейін. Жаратушы жалғыз ием, шуақ бер, өзіме де, өзеге де төгейін. Я, Аллам! Жаратушыым, Қорғаушыым, өзің – өмір, өзің – қуат, қорғансың. Іші өртенсін, дұшпандарым долдансын, достарым кеп демесін бір, қолға алсын. Я, Аллам! Адамдарға қас қылма, сорлы қылма, көк аспанның астында. Я, Аллам! Жауыздықтан сақтай гөр, жамандыққа, жауыздыққа бастырма! ...Я, Аллам! Жаратушы жалғыз Ием, Медет бер, жапандағы жалғыз үй ем! Хал сұрар, жәй түсінер бір пенде жоқ, жүрек жүн, ойым опат, жанды жүйем. Я, Алла\Г\! Жарылқай гөр, жалғыз Ием, көнейін, көндігейін тапшылыққа, жат жұртта, күн кешейін жатшылықта. Я, Алла\Г\! ...Ақырын соқтыра гөр жақсылыққа, сақтай гөр, соғындырма жат қылыққа!»¹¹⁹.*

Мұқағалиды оқиық, бұл жырлармен өзіміздің кісілігімізді тексерейік, бүгінгі тек атақ, лауазым үшін жүргендер кім екенін тани білейік!

Кейбір әдебиетшілер айтқандай, әдебиеттегі асыл сөз дәстүрі біреуді тандап мираскор ретінде берілмейді. Абай

¹¹⁹Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. 400-401-бб.

дәстүрі Алаш әдебиетінде және кеңес кезінде Мұқағали өлеңдерінде нақты орын алған екен. Бұл дәлелдеуді қажет етпейтін, бірақ пенделер үшін кәсіби талдаулар арқылы түсіндіруді күтіп тұрған ғылыми мәселе.

Кеңес кезінде имандылықты өлеңінде жырлаған, Райымбек батырдың тұлғасын, оның қазақ елі үшін істеген ерлігін аңсаған ақынға Аллаһ Тағаланың рақымы, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) шапағаты болғай!

М.Мақатаевтың «Райымбек, Райымбек» поэмасында Отанын қорғаған халық батырының көркем бейнесін қалыптастырған. Совет кезінде қазақ тарихы толық айтылмай шектеліп келгені белгілі. Борис Годунов пен Иван Грозный тарихы ғана оқытылатын заманда М.Мақатаев ата-бабасының «Отанды қорғау иманнан» атты істерін замандастарының есіне салды. Қазақтың тарихы, жоңғар шапқыншылығы туралы тарихи мағлұматтар айтылмайтын, ата-баба дәстүрі мен тектілігі ұмыт қалған совет дәуірінде Алаш ақыны М.Мақатаев елдің санасын ояту үшін осы поэманы жазды. XVIII ғасырдағы қазақтың басына түскен қасірет былай суреттелген: *«...Көш келеді, боздатып боз даланы, көз ұшында боз сағым қозғалады. Әлдекімнің естілсе созған әні, әлдекімдер аңырап жоқтау айтса, әр кеудеде бір шемен қозданады әр қазақтың естіліп боздағаны. «Қауқары жоқ қайран жұрт, қайран халық, сайран салып жатушы ең, жайлау барып. Опа болып, ақ ордаң ойранданып, қара жауың әкеліп қара қайғы, тас уатты-ау төбеңе тайраң қағып, аңырауды доғарып, аттан, қазақ! Алты жасар ұлыңды майданға алып». Шұбатылған шаң көріп алыстағы, қабай жырау жар сала дауыстады: – жау келеді, жұртым-ау, жау келеді! Жаудан қалған жемтікке жабысқалы, тағдырыңды біржола тауысқалы... Сап түзеді қажыған нар боздақтар, қара жаумен қайтадан алысқалы, қайта қозып қазақтың намыстары. Қайта шулап, жамырап, қатын, бала, қанға шөлдеп, қаңырсып жатыр дала. Қайта жауып, жай оты шатырлаған, қайта төнген тамұқтың сотын қара. Қара жауы қайтадан лап қойды, кезек бермей пақырға, батырға да. Қазақ қанын сылқытып жатыр дала...»¹²⁰.*

¹²⁰ Райымбек. Ұжымдық жинақ. – Астана: Елорда, 2005. 52-53-бб.

Қабай жырау сөздері монолог ретінде берілгенімен құнды: «Қан сасыған далаға қарайды да, қуған боп жүр құзғынды Қабай жырау: пәруәрдігер, неғылған сұмдық еді! Өңім бе, әлде түсім бе, қалай мынау?! Боздақтардың даланы бояп қаны, құзғындар да әнеки тояттады... Өңім болса, тәңірім, тарт жанымды, түсім болса, ұйқыңнан оятпағын? Оятпағын, мәңгілік оятпағын?! О, тәңірім! Неғылған шаққа айналды?! Бір өзіңе жалынып, жақ байланды, түнің тұтып, ақ таңың атпай қалды, не қылығы жұртымның жақпай қалды? Көлім кеуіп, өзенім ақпай қалды»¹²¹.

Қасірет шеккен елдің жырау былай деп толғанады: «Қабай жырау басы ауған жаққа кетті, Құзғындарға қалдырып боздақтарын!.. Кете барған, артына бұрылмаған, аят оқып, ішінен сыбырлаған Қозыкөш жер қырғыннан ұзағанда, құлын дауыс естілді шырылдаған»¹²².

Өліктердің ішінен тірі қалған баланы көріп жырау батасын соған береді: «— Сен жанасың, құлыным, сен жанасың, мен де көпке бармаспын, сен қаласың. Ойран болған ордаңның орнына кеп, отау тігіп, оттарын сен жағасың!»¹²³.

Қазақ қай заманда да әулиелеріне зиярат етіп, рухани демеуді Алладан, одан кейін ата-бабадан тілеген. Қабай жырау осыны сақтап отырып былай дейді: «Әулиенің бас иіп мекеніне, мұсылмандық парызын өтеді де Қабай жырау қайтадан еріп кетті, қажап тұрған ойының жетегіне... Қыздарымды қатын ғып, шаңырағымды отын ғып, отауымды топыр ғып, Отанымды қоқыр ғып, ойран етті, әулие! Қан сасыған даламның қатын менен баламның, кегін қайтіп алармын? Жебеп жібер, әулие! Елінің есін кіргізер, Жерінің малын өргізер, жауына зауал төнгізер, қырықшышақ хандарды, қылығына көнгізер, дегеніне сенгізер, соңынан жұртын ергізер, бар қазақтан бір қазақ тумас па екен, әулие?! Бас ауған жаққа барамын, көзімнің асты көлкілдеп, ақ сақалым желтілдеп, кәрі басым селкілдеп, көкірегім күркілдеп, іздесем кімді табамын? Бағыт сілте, әулие?! Айтса тілін алдырған. Алмастан оғын жондырған ата-

¹²¹Райымбек. Ұжымдық жинақ. – Астана: Елорда, 2005. 53-54-бб.

¹²²Сонда, 54-б.

¹²³ Сонда, 55-б.

қазақ баласын алақанға қондырған бар қазақтан бір қазақ, табар ма екем, әулие?»¹²⁴.

Ел бірлігінен айырылу себебі де осы ретте былай деп айтылады: «Жерімізді жау алып, елімізді қырды ғой, қанатымыз қайырылып, топшасынан сынды ғой. Ата-қазақ бір-бірін арашалай алмай-ақ, алауыз боп өзді-өзі Құдай бізді ұрды ғой. Қара жаумен іргелес ел едіңдер, қарағым, ойран болып сендер де, бұзылды ма қамалың? Мынау азған заманда, амал нешік, бұл қазақ, білуден де қалды ғой бір-бірінің хабарын. Суырдайын күн кешіп әркім ойлап өз басын, тұлпарларды тұқыртып, тұғырлары озгасын, бүйрегіндеі сыырдың бөлішектенген бұл қазақ, құмалақтай бытырап, қалай ғана тозбасын»¹²⁵. Осылай егілген қария он үштегі Райымбек баламен кездеседі. Отаны үшін күйінген Райымбектің сөзіне риза болған қария былай дейді: «– Осыншама ақылды кімнен, балам, үйрендің? – Ішіндегі шалдардан, анау қараша үйлердің. Бірін төре, бірін би етсем деген ойым бар. Бабам қолдап, бір кезде маған билік тиген күн – қара жауың қайтадан шапса еліңді не етер ең? – Хас батырын бауыздап, қанын судай етер ем. Қатын болып күн кешіп жүргеннен де, қырқысып, қылиа мойным талиа боп, қанжығада кетер ем! – Өзің бала болсаң да, сөзің дана отты екен, ақ күн тусын алдыңнан, басқа айтарым жоқ бөтен. Қалдым сенің ығыңда, мынау екі гәріпке, барар жер мен басар тау, басқа пана жоқ мекен...»¹²⁶.

Келесі бөлімде бәйгеге түсіп қатарын жеңіп келе жатқан Райымбекті көреміз: «Қу даладағы құйын ба дерсің, ойнаған, қыран ба дерсің, қылт еткен құсты қоймаған. Өз атын өзі ұрандап бала келеді, қамшы сабына жейдесін ту ғып байлаған. Жайына қалып, өлі аруақ пенен тірі аруақ, келеді бала, есімін өзі ұрандап. Тірілер шошып, жағасын ұстап, тұр аулақ, өлгендер көрде, түскен де болар бір аунап келеді қыршыын есімін өзі ұрандап. Дозара қойып, ойын мен дырду, сауықты, бір сәтке қауым ішінен тына қалыпты. Он үшке

¹²⁴Сонда, 55-56-бб.

¹²⁵Райымбек. Ұжымдық жинақ. – Астана: Елорда, 2005. 57-б.

¹²⁶Сонда, 58-б.

толған Түкенің ұлы Райымбек, Албанға алғаш өстіп өзін танытты»¹²⁷.

Әлмерек ата бастағандар үлкендер баланың бұл ісін сөгеді: «Е-е-е, Түкенің ұлы – түлейдің ұлы сен бе едің? Осы болған зой түлей әкеңнен көргенің. Сасық көкектей өз атыңды өзің ұрандап... Сырымбет пенен Қангелді сенен кем бе еді?!»¹²⁸.

Сонда Қабай жырау келешек батырды қолдап оған болысады: «Оу, ағайындар! Жәбірлемендер баланы, жәбірлейтіндей қайсыңа тиді залалы?! Бұл да бір асау, құрық көрмеген құлын зой, желісін үзіп сендерден қайда барады. Бара да қоймас, ұзай да қоймас сендерден, сендермен бірге тағдырын тәңір тең бөлген өз атын өзі ұрандағанның несі айып? Аузына салып, періште шығар дем берген. Жауына шапса өз атын өзі ұрандап, қолдамас па еді өлі аруақ түгіл тірі аруақ. Есі бар тентек есейе келе ер болар, ерік беріңдер, неғыласыңдар бұғаулап...»¹²⁹.

Сүйеніш алған жас батыр жұртқа өз атын ұрандағанының себебін былай түсіндіреді: «Күреңменен атылып шетке шықты да, айғайлап тұрып, анықтап, нақ-нақ, ұқтыра: Дәрменсіз сорлы кедей-кепшікті бұқтыра, күшік тазыдай жылмаңдайсыңдар мықтыға! Ата жауларың арқаңа бәлем, шықты ма, әкелеріңнің көріне, бәлем, тықты ма! Қызыңды сатып, қымызға мас боп жатыңдар, халықпысыңдар?! Қазан аңдыған қатындар! Қорқау қасқырдай бірісін-бірі талаған, бірісін-бірі тонаған, тозған пақырлар! – деді де, бала күреңіменен самғады, өз атын өзі ұрандауынан танбады тетір де болса, тентек баланың аруағы шашылып жатқан ауылды тегіс шарлады»¹³⁰.

Бұл батырдың он үштегі ісі еді. Он сегізге келген Райымбек туралы былай делінген: «Білігі, бітімі де бөтен екен, бар күні мал соңынан өтеді екен. Ерін – жастық, тоқымын төсеніш етіп, белін шеіпей, қисая кетеді екен ел арасы дау-шарға араласпай, лоқ беріп, ағайынмен жағаласпай, қайсар болып, қатты боп өсті жігіт, қатыгез құмға біткен

¹²⁷ Сонда, 59-60-б.

¹²⁸ Сонда, 60-б.

¹²⁹ Сонда, 60-б.

¹³⁰ Райымбек. Ұжымдық жинақ. – Астана: Елорда, 2005. 61-б.

қарағаштай ...Қалқалап, қадір тұтып естілерді, талайды түйді жігіт, өсті, көрді. Қазақтарды жасау шауып жатыр деген, үзік-үзік хабарды естіген-ді. Ойлап тұрса, сол жасауы іргесінде, ойлап тұрса, сол жасаудың түрмесінде «Айламен алдарқатып кеткен дұшпан, кім кепіл шауып кірмесіне?!»¹³¹.

Намысына тиген жас батыр былай деп толғанады: «Қиын екен өмірдің сұраулары, Ойланды балаң-жігіт, біле алмады. «Белінен дұшпан аттап баратқанда біздің ел неге қарсы тұра алмады?! Қайда жүр баяғының батырлары? Бас қойып, неге ұранын шақырмады?! Жігер тайып жігіттің жетесінен, сарқылды ма қарттардың ақылдары?! Неге бірі садақ боп атылмады?! Қайта шапқан жасауыңды танығасын, Құдайыңа шынымен табынасың. Атамекен, жұртыңды сағынасың. Бұралқы боп, жат жерде зарығарсың. Құланыңды бауыздар желіге айдап. Құраныңның өртенер соры қайнап, қайда барсаң Қорқыттың көрі болып, Қонысыңнан ауарсың «Елім-айлап». Қайтсем екен? «Аттан!» – деп ағайынға, Құрбандыққа басымды шалайын ба?! Қабай жырау қайда екен, не дер екен?! Ақыл сұрап көрейін барайын да»¹³².

Ел қорғау ісін қолына алуды міндет санаған батыр бата сұрап келеді: «– Ар ма, ата! Арнай келдім, батаңды бер! Қасыма балаңды қос, қатар жүрер! Жол сілте, ақылыңды айт, қысылғанда аятым болсын менің атап жүрер. Сырымбет әулетінен таралғанмын, қангелді қасиетінен нәр алғанмын әкемдей мал жанды боп, өріс күйттеп, жарамас жабағы үйде қамалғаным, жанымды тұншықтырған бар арманым.. ... – Кенедейден көзімді ашқан жасауым, еске түсіп, бойымды басқанға мұң, деген ой «жастығымды ала жатсам» жоқтұғын менің мүлде басқа арманым»¹³³.

Қабай жырау жас батырдың еңсесін көтеретін ақыл береді: «Ақылымнан танғанда, Азуымнан шалғанда. Кәрі қойдың жасындай, аз гұмырым қалғанда, нендей ақыл айтармын?! Ата жасауың қалмақ-ты, ел-жұртыңды зарлатты. Ата-қазақ ұрпағын аяқ асты қорлапты, аспаныңды торлапты, Жазираңды шаңдапты, жазықсыз елді қандапты. Жалғыз

¹³¹ Сонда, 61-62-б.

¹³² Сонда, 62-63-б.

¹³³ Сонда, 63-б.

қайда барарсың! Жауыңды қалай табарсың! Ауызданбаған арланым, абайсызда шабарсың, Айлалы жаудың алдында тұзаққа түсіп қаларсың! Соңыңнан жұртың ермесе, қолының ұшың бермесе, дегеніңе көнбесе, ауызданбаған арланым, жауыңа жалғыз бармағын, қиылып қалар арманың!»¹³⁴.

«Жауыңа жөнсіз ұрынбай, ұрымтал жерден шап, балам» деп отырып жырау соғысудың амалдарын былай деп үйретеді: «Беліңнен бір-ақ аттаған, берекеңді таптаған, қулығын ішке сақтаған, құмырсқадай қаптаған, жауыңа жөнсіз ұрынбай, ұрымтал жерден шап, балам! Жауыңның күшің аңдамай, бетпе-бет ұрыс салмағай! Ол көп-тағы, сен азсың, опық жеп, балам, қалмағай, алды-артыңды барламай, орынсыз іске бармағай! Тұтқиылдан лап беріп, томаға-тұйық шап келіп. Жауыңның есі кіргенше, қара түнді қақ бөліп, ізіңді жасыр жалт беріп. Алды-артыңды аңғармай, айқаспай тұрып қорғанбай, қолайлы жерде қамданбай, ашкөзденіп, мерт болма, қораға түскен арландай! Шабарыңды білдірме, шаужайыңнан ілдірме! Жекпе-жек күтіп, ділгірме! Жер қайысқан жауыңды жеңемін деме бір күнде! Көзсіздік іске татыр ма? Айласыз батыр батыр ма?! Отырып қалар тақырға. Күндіз ұйықтап, түнде жорт. Қарасын Күннің батыр да, – кегіңді қайра ақылға, жалғыз жортып, шатылма аттанып жар сал, ер ұлым, ел-жұртыңды шақыр да. Дүниеқоңыз, енші бер, соңыңнан ерген пақырға»¹³⁵. Бұл сөздерде тек соғыс тәсілі емес, сонынан ел ерту үшін не істеу керек деген ақыл да бар.

Жиналған ел Райымбек батырға соғысқа аттану алдында шарт қояды: «Бидің үйі, Іленің жағасында. Жақсы менен жайсаңның бәрі осында. Қарасақал, ақсақал – алқалы топ, алдына алып бір істі қарасуда, бірі көнсе, біреуі таласуда... Ұйқылы-ояу би отыр данасының, қақ төріне қауымның дара шығып ...Би билігін күтуде Райымбек, алып ұшып, жүрегі аласұрып»¹³⁶.

Ақсақалдар батырды сынап – «Ілені кесіп өтсін» деген талап қояды: «Басын тартпас, «батыр» зой несі кетсін,

¹³⁴Сонда, 64-б.

¹³⁵Райымбек. Ұжымдық жинақ. – Астана: Елорда, 2005. 64-65-бб.

¹³⁶ Райымбек. Ұжымдық жинақ. – Астана: Елорда, 2005. 66-б.

басын тартса, сөз басқа, есі кетсін топ ішінен таңдаған атын мініп, мына жатқан Ілені кесіп өтсін! Кесіп өтсін, қайтадан оралсын да, дуылдасқан дау-шарды доғарсын да, ақ күн тусын алдынан, тарта берсін, таңдап-таңдап елінен қол алсын да. Шартым – осы! Осыған шыдайсың ба? Шыдамасаң тынасың, құлайсың да. Болсаң сосын боларсың, қол бастарсың. Алдыменен бағыңды сынайсың да. Шыдайсың ба! Бағыңды сынайсың ба!..»¹³⁷.

Бұл сыннан жас батыр абыроймен шығады. «Қайда барсаң, бәрібір, кірерің көр, қабылдайды қойнына түнеріп жер. Қапталына түсіріп күреңімнің, қамыс артып, жігіттер, жіберіңдер! Жарлы менен жақыбай намысты ойлап, артып берді екі тең қамыс байлап. Тілсіз жауға тірексіз тура тартса, жылым жұтып, жігіттің бағы ұшпай ма?.. Тұрғанда ашу, намыс, сезім арбап, тоқтасын ба, қауымның сөзін аңдап, қамшы басып күреңге суға атылды, өз есімін айқайлап, өзі ұрандап... Артқан қамыс тірліктің белгісі боп, демеу жасап, жылымға бергісі жоқ. Ақ айдыннан екі бас көрінеді, адамның да, аттың да өлгісі жоқ. Күрең жүзіп барады өлгісі жоқ. Жұрт назары – осынау ақ айдында, екі басқа еміне қарайды да, аруақтарды көрінен шақырады, талай аят оқылып, талай дұға. Күрең менен жігіттің бағын ойлап, жалынады жағалау «а, құдайлап». Екі басты қақпақыл қағып алып, әлдеқайда барады ағын айдап»¹³⁸.

Ілені аман өткен батырға ақсақалдың батасы беріледі: «– Дауасы жоқ жан екен, оты жанған, ілесіңдер осыған оты барлар! Су жол берген батырға мен жол бермей, қамауда ұстап қыранды отыра алман... Қангелдінің сауытын кигізіңдер, қыннан алып, қылышын сүйгізіңдер. Сырымбеттің туының алдына әкеп, тәубе еткізіп, басын да игізіңдер. Шауламаған шабыты бала қыран, балалықпен қапыда қалары бар. Баптап өзің, батырды қалауыңа ал бас болғайсың балаға, дана-жырау... Би кесті. Қара халық қабылдады, қару алып, қол жимақ қабырғалы. Жорыққа әзірленіп жатты қауым, қасынан Райымбек табылғалы»¹³⁹.

Ақтабан шұбырынды деген тарихи ұғым көркем сөзбен

¹³⁷ Сонда, 66-67-66.

¹³⁸ Райымбек. Ұжымдық жинақ. – Астана: Елорда, 2005. 68-69-66.

¹³⁹ Сонда, 69-70-66.

былай бейнеленген: «Ақтабан шұбырынды. Ақтабан шұбырынды... Қадарсың қайда барып тұғырыңды?! Қазақ жері – алып бір қара қазан, Қазанда қайран жұрттым қуырылды. Ақтабан шұбырынды. Қарғаған кім болды екен жұмырыңды! Жортпай тұрып, үйрендің жығылуды, шаппай тұрып, үйрендің тығылуды. Ақтабан шұбырынды, ақ туың жығылуды. Олақ қатын тоқыған алашадай, өрмегінің арқауы суырылды... Ақтық байлап, табынып тал-қайыңға, өтті күнің, сор қатып маңдайыңда. Кетті қымыз жауыңның таңдайында, кетті қызың жауыңның борбайында... Ертіс, Есіл, Жайық, Жем, Сағызға бар, бәрібір, пана болмас ауызға алар. Бәрібір, моңғол шапсын, жоңғар шапсын, әйтеуір, қазақ алдымен бауыздалар. Тобыл, Шу, Сыр мен Іле, Нұраға бар, арнасында наласы жылап ағар. Қандай жаудың болса да қарауылы – қазақ байғұс қалқайып тұра қалар»¹⁴⁰.

Қазақ тарихы туралы нақты мағлұмат беретін бұл поэма 1981 жылы жарияланған екен (ЛЖ, 26 қараша, 1981). Совет кезіндегі қазақтың өз еркінен айырылған рухани мүшкіл жағдайын М.Мақатаев тарихтың қайғылы кезеңін бейнелеу арқылы меңзегендей: «Өзіңнің тұрмағасын уысыңда, өз жерің өзіңе жат, құрысын да!.. Жер шетімен шекараң шектелсе зой. Жатса зой алып мұхит шығысында. ...Жалғанның жартысындай мынау өлкең кім білсін, сорың ба, әлде ырысың ба! Пайдаланып былығың-шылығыңды Жауың кеп, шырылдатты шыбыныңды. Жау да, өзің де ластап тұнығыңды, жаяу ұстап қолыңа құрығыңды, қайда босып барасың, қайда, қайда? Ақтабан шұбырынды! Ақтабан шұбырынды!!! Ақтабан шұбырынды!!! ...Боса берген. Артына қарамаған. Өзіне жат өз жерін сағалаған. Бірі барып құл болып Хиуаға, екіншісі орысты паналаған»¹⁴¹¹⁴¹. Бұл шағын поэманың өзінде том-томға жетерлік тарихи деректер келтірілген. Ол XVIII ғасырда қазақтың жоңғарлардан көрген қорлығы, тозған елдің ішінен намысын қайрап ел қамын ойлаған жастардың шығуы да таңдалып алынған тақырып. Қазақ өз заманы үшін жауапты екенін М.Мақатаев жас батыр Райымбектің тұлғасы арқылы

¹⁴⁰ Сонда, 70-б.

¹⁴¹ Сонда, 71-б.

совет заманына қарсы қояды. Елдің тарихы мен оны қорғай алған ерлердің көркем шежіресі осылай баяндалғанымен құнды.

Ақынның жас Райымбек батырдың топты жарып ел қорғаған ерлігін алға тартуы осындай Ер тұлғаны аңсауы ғана емес еді. Қазақ тілі мен қазақ деп айтуға қорланған совет дәуірінде ата-бабаның тектілі ісін елдің есіне салуды М.Мақатаев өзіне міндет деп санағандай. Үрейленген ақсақалдар заманға ыңғайланып бара жатқанын көрген ақын замандастарынан жас Райымбектің намысы бардай біреуді аңсайды. Бұл да ақынның көрегендігі еді. 1986 жылдың желтоқсанында ұлттық намысын арқалаған жастар алаңға шықты. Демек, қазақтың елді қорғаған жастарының рухы осылай тағы бір рет серпіліп қалды. Мағжан Жұмабай айтқандай «Мен жастарға сенемін!» деген сөздерде Отан қорғау міндеті меңзелгенін М.Мақатаев совет кезеңінде бізге аманат етіп кетіпті.

АҚЫН МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Алаш ардақтысы Х.Досмұхамедұлының «Қазақ тіліндегі сингармонизм заңдылығы» зерттеуі бойынша, қазақтағы Мұқағали, Махмуд, Мұхтар есімдері Пайғамбарымыз (с.а.с.) атының қысқартылған бір түрі болып табылады. Демек, Мұқағали Мақатаев адамзаттың соңғы Пайғамбары (с.а.с.) атына сай есімге ие болған.

Мұқағали Мақатаев поэзиясымен мен тек 1980 жылдары таныстым. Мәскеуде оқып жүрген кезімде Б.Окуджава мен Вл. Высоцкийдің оқырмандарын көріп қайран қалатынымын. Біздің тура сол совет заманында шындықты айтып, советтік талаптарға істері мен қылықтары, өлең-жырлары сай емес ақындар қайда екен, – деп ойланатынымын. Мұқағали туралы естідім, бірақ сол кездегі ресми пікірге байланысты болу керек, кітапатары қолға тимеді.

1988 жылы қазақ әдебиеттануында төңкеріс болды: «Алаш» атты асыл әдебиет пен әдебиеттану өз төл арнасына қайта оралды. Менің қатарластарыма бұл аспаннан түскендей әсер етті. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабай, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Жүсіпбек Аймауытұлының шығармалары шынайы көркемдіктің үлгісін әкелді. Сол кездегі атақтары дардай көп жазушылардың туындылары бұларға қарағанда ортаңқолды болып шыға келді.

Осы Алаш әдебиетімен танысқаннан кейін мен көпке дейін бүгінгілерді оқи алмай қалдым. Себебі қазіргі әдебиетте рух жоқ, жігерлік жоқ, бізге керек ой мен бағыт жоқ. Керісінше, XX ғасыр басындағы «Оян, қазақ!» ұраны 1986 жылғы оқиғалардан кейін қазақ үшін нағыз қажетті болып табылды!

Мәскеуде бірге оқыған замандастарымның көбі орыстілді екені түсінікті. Мен өзім де Мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының орыс филологиясы факультетін бітіргенімді күні бүгінге дейін мақтаныш тұтамын. Ауылдан келген қыздар тек сабақта ғана орысша сөйлеп, әр жердің жергілікті диалектісінің бар екенін танытушы еді (Арқаның қыздары – бара жатыр,

келе жатыр десе, оңтүстіктің – шыли, өлә, жіде, т.с. сөздерін естіп мээ боп қалушы едік). Сол мәскеулік математик ғалым аспиранттар арасында отырғанда Мұқағалиды жатқа айтатын. 1990 жылдың басында Мұқағали өлеңдерін, тіпті «Райымбек» поэмасын отырыстарда жатқа айтатын замандастарымды көргенде ойлана бастадым. Қолыма «Қош, махаббат!» жинағын алып қарасам Алаш әдебиетінің рухы, еңсесі биік тұлғалы ойлар алдымнан шыға келді. Оқыған сайын ақынның сөзді орынды, нақты пайдалана білуі, қазақтың намысын оятатын сөздер таба білуі мойындата түсті. Міржақыптың «Оян, қазақ!» ұранын жалғастырған, осы Мұқағали екеніне көзім жетті! Ол оның әр өлеңінде дәлелденіп тұр. Екеуі тура бір кезеңнің азаматтары іспеттес!

Алаш ұранына кеңес саясаты ресми тыйым салғанымен, тұншықтыра алмайтын оны Қасым Аманжолов пен Мұқағали Мақатаев екен.

Біз Абай дәстүрі деп көп жерде орынды, орынсыз айта береміз. Абайға арналған бірінші ғылыми мақалалардың авторлары кім деген сауалға жауап іздесек, Алаш зиялылары. Олар: Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Сұлтанмахмұт Торайғырұлы, Илияс Жансүгірұлы, Мағжан ақынның «Хакім Абай» деп анықтап берген бірауыз сөзі бүгінгі қаншама философиялық еңбектерге арқау болды?! Бұл абайтануға қосылған үлес екенін айтқан Мағжан ақын ғана деп оған да абайтануды қимаймыз.

Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «Қазақтың Бас ақыны» – Абайдың дәстүрі совет кезінде де жалғасын тауыпты. Абайдың қазақтың кей қылықтарына көңілі толмауы, «хақиқатты хақиқат қалпында» танытудың жалғасын Алаш әдебиетінен көрсек, бұл үрдіс Қасым, Сырбайдан басталып Мұқағали өлеңдерінде толығымен орын алыпты.

Мұқағали өлеңдерінен Ахметтің саяси-азаматтық үнін, Мағжанның мұңын, сезімін бейнелеудегі шынайылығы мен дәлдігін байқап, Міржақыптың «Оян, қазақ!» ұраны қайта тірілгендей әсерде қалатынымыз рас. Алаш әдебиеті дәстүрі өз зерттеушілерін күтіп тұрған ғылымға қажет тақырыптар! Себебі ойлары ортақ: қазақ қалай өзін ел болып сақтай алады, қазақ жұрты нені аңсап, неден жиреніп өткен? Ата-баба аманаты деген ұғым қандай? Қасиеті даланың бастан кешкен

тарихын біз не үшін жаңғыртып отыруымыз керек? Біз кеңес өкіметті сендіргендей тек XX ғасырдың басында қалыптасқан елміз бе, әлде тарихында мол рухани үлгілі істердің басында тұрған асыл Ер тұлғалардың мирасқорларымыз ба? Осы рухтың қазіргі замандағы үні Мұқағали мұрасында тұр.

«100 ғасыр жырлайды» атты жинақ құрастырылған еді. Мақсатым – Отан, адамдық иман, ата-баба, атамекеннің құдіретін сезіндіру! Өзін соның асыранды емес, төл перзенті болып толғану дәстүрі кімдердің жыр-өлеңдерінде іске асқан екен деген сауалды алға қойдық. Бұл кітаптың басында Жүсіп Баласағұн тұрса, кітаптың соңғы беттері Мұқағали Мақатаевпен тәмамдалып тұр. Бұл жеке бір ұйымдасқан топтың келісіп алуы емес. Алла, Құбыла, мінәжат, әдеп, намаз, отаншылдық, атамекен, иман сөздері совет кезінде тек Мұқағали өлеңдерінде ғана бар екен!

Атеистер «Дарвин теориясын» алға тартқан заманда: «Мен маймылдан жаралған жоқпын, мен Адам ата мен Хауа ана ұрпағымын!» деп сол кездегі ресми ілімге өзінің имани сенімін де қарсы қойып кеткен тек Мұқағали ғана!

Мұқағалиды біз не үшін оқуымыз керек? Бүгінгі біздің көңіл-күйіміз, қазақтың мүддесі, оның күйініш, сүйініші, шері ақын лирикасының басты тақырыптары. Бұл біздің өзіміз үшін қажет!

Мұқағалиды оқыған оқырман шынайы әдебиет – асыл сөзбен жалған, бір күндік не атақ үшін жазылған мәтіндердің ерекшелігін өзі танып алады. Ақын сөздері көркем емес өлеңдерден жиренуге үйретеді. Нағыз әдебиет пен жалған дүниелердің арасын ашып беруімен де құнды. Бүгінгі кейбір жазушылардың атағы жер жарғандай. Өткенде бір ақынның есімінің алдындағы атағы қазақ радиосынан 15 минут айтылды. Бұл кім екен деп шыдаммен күтіп отырдым. Бүгінгі той-думанда жүрген ақынның бірі екен.

Мұқағали да қызғаншақ замандастарының ортасында өмір сүрді. Ақындық адам берген атақ емес, өз сөзінің нәрі, мазмұны ғана бағалануы қажет екенін Мұқағали бізге бүгін дәлелдеп бергендей. Олай болса, өлеңдерін жатқа білетін қазақ халқы бар кезде біз, әдебиетшілер ұятқа қалмай бұл мұраны бүгінгі күн тұрғысынан түсіндіріп, насихаттай білейік. Өзіміздің кісілігімізді де Мұқағалимен тексере білейік. Бұл да нағыз көркем әдебиеттің тағы бір шарты.

Атеизм салтанат құрып, ата-баба дәстүрі толығымен күшпен үзілген заманда Мұқағали ақынның «Райымбек» поэмасын жазып кетуі қазіргі тұрғыдан ерлік деп саналу керек. «Ер» мен «Ерлік» сөзінің бүгін түбі бір екенін ұмытып кеткен кезде осы поэма аяқталмаған болса да бұл ұғымдардың егіз екенін және қазақ ер бала туса оны ез емес ер болып өсуін бүкіл әулет намысы деп санағанын еске салады. Райымбек – тарихи тұлға, бірақ тарихшылардың еңбектерінде ол туралы дерек тым аз және нақты емес. Тарих ғылымы саясатқа тікелей бағынған ғылым ғой. Әдебиет болса көркем бейне арқылы тарихи тұлғаның шынайы, халық берген бағасын бейнелі сөздермен келістіріп айта алады. Әрине, бұл Алла Тағала әдебиетке асыл сөз деп берген қасиеті тарихи тұлға бүгінгі іспеттес сайлаумен, не жоғарыдан тағайындалмайды. Ол жастайынан отбасы, әулет ішінде мойындалған, бүкіл ұлт үшін, елдің намысы мен абыройы үшін өмір сүретін тұлға. Райымбек батыр бейнесі поэмада толығымен ашылған. Жастық шағынан ерен істерімен өзін мойындата білген батыр өсе келе тұлғаланып, бүкіл қазақ елін жоңғарлардан қаша беру емес, керісінше оларды атамекеннен қуып бастаған тарихи тұлға. Совет кезінде ата-бабаның осындай істерін аңсап, оның есімін совет тарихшылары жойып жібермес үшін ақын осындай көркем бейнелі поэманың бас кейіпкері етіп ресми заманға көлденең қоя білген! Есіңді жи, елім, осындай батырлары болған елдің тарихи жадын жою мүмкін емес дегендей!

Көркем әдебиеттің тарихты сақтай алмай қалған деректері мен нағыз ерлердің істерін осылай сақтай ала алатын қабілетін Мұқағали ақын бізге осылай тағы да дәлелдеп беріп кетті.

Алатауға жақындаған сайын ол төбе-төбе болып кете береді. Алыстан қарасақ, Алланың жерге орнықтырған қазығы іспеттес Алатау боп арулана түседі. Кезінде М.М.Бахтин айтқандай, «величие апеллирует к потомкам» Мұқағалидың замандастары күншілдікпен «Ту ғып ұстап топастықтың танымын, қаламдастар қазып жатты – қабірін».

Жүсіпбек 42 жыл, Достоевский 60 жылға жуық, Мұқағали 45 жас өмір сүріпті. Олардың мұрасы алыстаған сайын бізге қажет ғибратты ілімге айналды. Олай болса біреуге қиянат жасамай, Мұқағалиша өмірді бағалай білейік. Бұлар «Адал құлы бола білген арының». Сондықтан да біз үшін кісіліктің,

әділдіктің, Отан сүйгіштіктің үлгісі болып қала бермек.

Мұқағали 1931 жылы 9 ақпанда туылған, ол жылы Жүсіпбек Аймауытұлы Алаш зиялылары ішінен бірінші болып атылған еді. 9 ақпан ресейлік замандастары өздерінің «пайғамбарларына» ұқсатып «Жаңа пайғамбар» атаған Федор Михайлович Достоевскийдің дүниеге келген күні. Әдебиетке де, еліне де осы үш тұлғаның істерін бір күн болса да еске салатынын білген қауым – Мұқағалидың оқырмандары: оқушылары, студенттер, зиялы қауым осы күні аталған тұлғалардың иманды, ғибратты, Отан сүйгіштіктен туған мұрасын соның иегерлері ретінде таныта білейік! Олар айтарын айтып бізге «арыз жазып кетті». Соны түсініп, бүгінгі тәуелсіз қазақ елінің азаматы екенімізді санамызбен түсіне білейікші...

Осы тұста айта кетер тағы бір жай бар. Біз осындай иманды сөздерді кестелеген, жадымызға кісілік пен тектілікті, әділдік пен шынайылықтың үлгісі болатын ақын-жазушылар, ғалымдар туралы ресми жиындарды сол мұраға сай рәсімдесе деймін. Шет елдерде қайтыс болып кеткен тұлға туралы жиын 1 минуттық үн үзілісі не болмаса Құран, не басқа дін өкілдерінің сөздерімен ашылады. Бұл мәдениеттілік пен парасаттылықтың белгісі және әруақ алдындағы бүгінгі тірі жүргендердің парызы. Бұл тек осы жиынға қатысты ғана емес, бірақ келешекте мұндай ғибратты мұраны қорламас үшін айтылған ой.

«Әдебиет танытқыштағы» мінәжат пән сөзі мүлдем жоғалған екен деп жүрген едім. Мұқағалидың келесі мінәжаты осы жанрдың сонау М.Х.Дулатидің «Тарихи Рашидиінде» ғана үзіліп қалмай, совет кезінде де жаңғырған үлгісі барына көз жеткізеді.

Мұқағалиды оқиық, бұл жырлармен өзіміздің кісілігімізді тексерейік, бүгін тек атақ, лауазым үшін жүргендердің кім екенін тани білейік!

Кейбір әдебиетшілер айтқандай, әдебиеттегі асыл сөз дәстүрі біреулердің келісімімен таңдалып мирасқор ретінде берілмейді. Кейбір әдебиетшілер айтқандай, Абай дәстүрі Алаш әдебиетіне және совет кезінде Мұқағали өлеңдерінде нақты орын алған. Бұл дәлелдеуді қажет етпейтін, бірақ пенделер үшін кәсіби талдаулар арқылы түсіндіруді күтіп тұрған ғылыми мәселе.

ӘДЕБИЕТТАНУШЫ ҒАЛЫМ, МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ МҮСІЛІМ БАЗАРБАЕВ

Мүсілім Базарбаев (1927-1995) зерттеген қазақ әдебиеті тәжірибелері көп емес. Ғалым талғамы қандай болды деген сауалға жауап іздесек оның басты зерттеу тақырыбына мән берейік. Ол совет кезіндегі кейіпкердің еңбек арқылы кәсібилікке, адамдықтың тұғырына көтерілуінің көркемдік бейнеленуі. Әдебиеттанушы М.Базарбаев социализм, партиялық, демократтық революциялық деген пән сөздерден бас тартып, сол кездегі саяси түсініктерден өзінің кәсібилік талғамымен еңбек адамын зерттеу қажет деп ажыратып алуы әрине үлкен батылдық пен қайсарлық. Замандастары қазақ әдебиетіндегі революция, социалистік реализмның пролетарлық шарттары үшін атақ алып жатқанда М.Базарбаев мәңгілік болып саналатын тақырыпты өзіне айқындап алған екен.

Ғалым ресми қызметін Алаш арыстары сияқты ғылыми іспен тоғыстыра білді. Маған өзі көзі тірісінде қолтаңбасымен ұсынған 1994 жылы жарық көрген «Көрікті ойдан – көркем сөз» атты соңғы кітабында кімдер зерттелген? Олар: Мағжан, Шәкәрім, Сәкен, Мұхтар, Жамбыл, К.Аманжол, Х.Есенжанов, Ж.Молдағалиев, Ғ.Мүсірепов, А.Нұркат, С.Шәймерден, С.Елубай («Ақ боз үй») мен Қ.Найманбаевтың «Отпен ойын» романдарының талдаулары.

Кітаптың соңғы бөлімі «Ұлттық сипат, мазмұн және форма» мен «Тіл тамырлары» атты екі теориялық зерттеулерден тұрады. Бүгін «қазақстандық ұлттық мүдде» деп жүргендерге Мүсекеңнің зерттеуін оқып шығу қажет-ақ. Ұлттық сипатты дәлелдеу үшін ғалым «Қыз Жібек» лироэпосы, Абай, Шәңгірей, Пушкин, Дулат, Майлықожа, Базар жырау, Мұрат Мөңкеұлы, халық әндері, Бұқар жырау, Шал ақын, Шернияз, Ақан Сері, Сүйінбай, Жамбыл, Шортанбай, Шөже туындыларын негізге алған.

Мүсілім Базарбаев өзі дүниеден кеткеннен кейін жарық көрген «Замана тудырған әдебиет» (1997) кітабының басты

тақырыбы қазақтың арғы атасы Аттиладан басталып, Алаш әдебиетіне тірелуі де заңдылық іспеттес. Монографияда тыңнан жазылған мақала, зерттеулері топтастырылған: «Қазіргі қазақ әдебиетінің алғашқы кезеңі (жаңаша бажайлау)», «Замана тудырған поэзия (кешегі поэзияға бүгінгі көзқарас)», «Әдебиеттер жалғастығы», «Көркем шығарма тілі», «Ұстаз қаламгер (Сәбит Мұқанов)», «Мезгілмен үндес ақын» (А.Тоқмағамбет)», «Әдебиетші, ғалым, қоғам қайраткері (Ә.Бөкейхан) және «Атилла кім?» атты еңбек.

Ақтаңдақтар қайта оралып, бұрынғы қазақ әдебиеті тарихы толық емес екенін мойындаған ғылыми қауым оны жаңаша зерттеуге мәжбүр болған. Осы мәселені батыл көтерген Мүслім Базарбаев еді. Кешегі әдебиетке бүгінгі көзқарас, жаңаша бажайлау қажет деп мәселенің басын ғалым анық қояды.

Сонау 1990 жылдары қазақ тарихшылары Аттиланың қазақтарға қандай қатысы бар деп ойланып отырғанда, Мүсекең бұл тарихи тұлғаның кім, қандай болғанын дүниежүзілік әдеби жәдігерлерге сүйене отырып нақтылап берді. Зерттеу келесі тараулардан тұрады: «Аты-жөні», «Тегі», «Төңірегі», «Басқа елдермен қатынасы», «Кейіпі», «Өлімі». «Атилла туралы эпостар».

Атилла кім? деген сауалға М.Базарбаев: «Қалай болғанда да Атилла біздің арғы атамыз», – деп ерен жауапкершілікті көтеріп алады. Белгілі тарихшылардың еңбектерін негізге алған зерттеуші осы ретте Х.Ахмед Шмидт деген неміс ғалымының сөзіне жүгінеді. Ол туралы былай дейді: «Түрік азаматтығын алған Х.Ахмед Шмидт деген неміс ғалымы – өзі ислам дінін қабылдаған – «Ғұндардың Германияда қалған іздері туралы» атты зерттеуінде «Ғұндар тайпа емес, түрлі ұлт өкілдерінен құралған әр текті қауым болған» деген. Тарихи деректерді жүйелей келе М.Базарбаев Аттиланың қазаққа қатысты екенін былай түсіндіреді: «Атилла қолының құрамында әртүрлі ұлыстар болған, ат үстінде өмір сүретіні, аттың құлағында ойнайтыны жиі айтылады. Арба, жылқы, түйе, өгіз, мыңдаған қой айдап жүретінін, бие ұстайтын, қымыз ішетін, киіз үйлері болатын, бастарына тымақ киетін». Осы тұста Аттиланың ғұнша, латынша, готша сөйлегені де анықтала түседі.

Атиланың аты-жөні туралы оның әртүрлі жазылуына дейін де да нақты мәлімет берілген: Атила, Атилла, Атли, Эйтель, Еділ, Аттылы. Осы тұста қазақ әдебиеттанушысы былай дейді: «Аттылар деген түрік сөзінен шыққан деген жорамал бар. Мұны жоққа шығармай, жоғарыда айтылған Ахмед Шмидт, Атиланың түбірі «атаға» келеді, дейді. Латын тіліндегі «атавустан» келіп шыққан «атта» деген гот сөзі түркілердегі «ата» тәрізді сөз, оның мағынасы «әке». Христиан болғаннан кейін готтар баталарында Құдайға «Атта унзере» («әкеміз біздің») деп мінажат қылар еді. «Ла» қосымшасы қазіргі неміс тіліндегі «Ле ин» қосымшасының көне түрі. Яғни Атиланың есімі готтарша «әкетай» болып шығады». Европаны билеген ғұндар герман нәсілімен араласып кеткені белгілі. Осы тұрғыда М.Базарбаев ХХ ғасырдағы деректерді де алға тартады: «Неміс фашистерімен соғыс кезінде Англия радиосы олар туралы ылғи: «Ғұндар барлық майданда шабуыл жасауда», «Ла Манш теңізіндегі аралдарымыз бүгін ертеңгісін тағы да ғұндардың әуе шабуылына ұшырады» деп хабарлап тұрыпты. Бұны М.Базарбаев: «неміс шапқыншыларын ертедегі жойқын ғұндармен теңеудің үстіне, сол немістердің өзін, айналып келгенде, ғұндар тұқымы, солардың немерелері деп мойындау» [1. 485], – дейді. Осыған байланысты М.Базарбаев бүгінгі компаративистикаға қажет типологиялық негіздеме жасайды: «Шынығында да Атиланың арғы атасы Баламірден бастап, бүткіл ғұндар неміс тұқымдас жұртпен сіңісіп кеткен. Милан, Равенше, Вормс, Барп маңайында, Рейн, Одер, Висла бойында готтармен туыстас ондаған ғұн жұрты қалған. Гот, Сакс, Дат, Исланд фольклорында Атилла аты сақталған. Скандинавия эпосы «Үлкен Эдда» жырында оның есімі Атли. Көне Герман туындысы «Нибелунгтар туралы жырда» – Этцель. Бүгінгі қазақ бауырымыз Шыңжан жазушысы Тұрсынхан Зәкон «Балқан тауға барғандар» деген хикаятында Еділ деп алыпты. Қайсыбір жазбаларда Италья деген де ұшырасады. Айналып келгенде, Атила немесе Атилла деген негізгі есім тарихи құжаттарда өзгермей сақталған. Басқа аттардың бәріде әр халықтың өзіне лайықтап, ыңғайлап алған сөйлеу, айту түрі болса керек» [1. 485].

«Тегі, төңірегі» атты тарауда М.Базарбаев Атилла аксүйектер тұқымынан дейді. Мұнда Аттиланың ата тегі, билікке келу тарихы баяндалған. Арғы атасы Баламір герман қызына үйленгені, европалық ғұн патшалығын құрғаны, оның немересі Мұңшық германдық гот ханзадасына үйленгені, онан Атилла дүниеге келгені анықталған.

Мұңшықтың сармат әйелінің қолынан қаза тапқаны Феликс Данның (неміс жазушысы) туындысы арқылы дәлелденген. «Оның басын алған жендеттер аман-ды. Сонан барып ұлы ханның, масқара болғанда, ажалы әйел қолынан келгені жұртқа мәлім болып кеткен. Бұл ғұн сенімі бойынша қарғыс таңба басылғанмен бірдей екен. Хан әйел қолынан қаза тапса, бүкіл елге қырсық келгені. Мұны жақсы білетін Атилла ылғи секемшіл. Кейін бұл жай өз басына да келеді».

Ғалым Аттиланың тегі, төңірегі, алысы мен жақыны, әйелдері мен ұрпағы туралы нақты тарихи мәліметтерді көркем әдебиет пен халық мұрасы жәдігерлерімен толықтырып отырады. (Феликс Данн «Атилла», Т.Зэкон, Нибелунгтар туралы жыр, т.с.)

«Басқа елдермен қатынасы» деген тараушада М.Базарбаев Аттиланың тек жаулап алу ғана емес, «бейбіт қатынас құрып, алым-салым алумен тынып отырған» кезін анықтайды. Тарихы деректі әдебиеттерге сипаттама жасай отырып М.Базарбаев Ф.Данның туындысына сүйеніп Аттиланың әділдігін, ақылдылығын сөз етеді: «Осы жолы римдіктер Атиллаға он арба алтын алып келген екен. Елші: «Сендер тағы да алтын бер дейсіңдер, Римнің өзі жүдеп-жадап бітті, деп қорқа-қорқа империя жайын айтады. Оған Атилла: ішіп-жегенге, күні-түні бітпейтін ойын-күлкіге, мээ-мейрам өмірге құнықпандар, сонда азбайсыңдар депті» [1. 453].

«Кейпі» атты тараушаның да ғылыми мәні зор: оның «моңғол іспетті» екені батыс әдебиетінде көп кездесетінін де М.Базарбаев айрықша айтуды жөн санайды: «Шығыстан келген соң, бар өмірі ат үстінде өтетін, тұрмыс-тіршілігі көшпелі болған соң, осылай айта беретін болса керек», дей келе нақты келбетін былай берген: «Қазақша айтқанда, төртбақ, тығыз денелі, шымыр, бойы биік емес, шапшаң қимылдайтын, шешімі де жылдам адам болса керек. Бұған

қосып айтатындары қалың ерін, сығырайған көзі суық қарайтын, қоңырқай жүзді». Ф.Данн бейнелеген портретті де келтіруді М.Базарбаев ұмытпайды: «Тұлғасы көрнекті, қасқыр ауызды, Аттила, әрине, тажал, бірақ ұлылығы да бар, қайырымдылық пен мейірбандықтан да құр емес. Жай түскендей күркіреген Аттиланың дауысы шықты, аса қатал қатыгездігіне қарамастан, Аттила өз халқының сүйіктісі еді, жаман да, жақсы да жағы бар өз ұлысынан шыққан нағыз таза ғұн болатын». Ғалым бұл сипаттамалардың тарихи деректерге сүйеніп берілгенін де атап өтеді.

Ғалым осымен қатар Аттиланың жорықтары, жауға деген айла-тәсілдерін яғни «ұлы қолбасы, жаһангер болған соң қас-дұшпанына деген көзқарасты анықтайтын жазбаларға сүйенген: жауға деген оның бірден-бір қояр шарты біреу-ақ – берілу, тізе бұғу. Онсыз жағдайда жойқын, қырғын, қантөгіс» [1. 494]. Осы тұста Аттиланың жауға шабар алдында ерекше үнді ескі ғұн әнін айтқызатыны да айқындалған. Осыған орай Каталауын даласындағы соғыс кезінде Аттила қардай бораған оқ астында тұрған. Бір де садақ оғы оған тимеген. Мұны көрген екі жақтың да сарбаздары қайран қалып, оқ қағары бар деп жағаларын ұстаған» [1. 495].

«Ат үстінде жүргенде ғұндарды аттарынан ажаратып алу қиын екен. Құйып қойғандай ат та, адам да бір жаралған сипатты. Римдіктер оларды: «кентавр» депті». Басы адам, денесі жылқы, бір тұтас мақұлық дегені. Ғұндар көбіне жалаң аяқ, атқа жайдақ отырады», деген соңғы дерекке М.Базарбаев келіспейді: «Бұған сену қиын. Себебі есеп-қисапсыз мал терісі тұрғанда, содан аяққа бірдеңе тігіп кимеді деу қисынға келмейді. Ал бастарына қой терісінен төбеден төгіле, екі шығыңқы жақтарын жауып тұрады. Жүздері қоңыр, көздері қысыңқы, қастары жоқтың қасында. Киімдеріне әртүрлі металл сынықтарын, алтын, күміс теңгелер тағады. Әсіресе бұл бас киімде көп. Ал Аттиланың үстінде де, ер-тұрманында да мұндай әлем-жәлем ештеңе болмаған. Тек өзін де, аттың сауытында жауып тұратын мол қызыл жамылғы болатын – дейді М.Базарбаев Ф.Данның «Аттила» туындысынан үзіндіні негізге алып. Әдебиетші ғалым Аттиланың қандай адам болғанын зерттеу соңында береді: «Өз басы аса сақы

өмір сүріпті. Ішіп-жеу, тойынып секіру деген болмаған Есіртетін нәрсенің бәрінен аулақ болған. Жейтіні жылқы еті. Бірде: міне қырық жыл болды, тек қара су ішемін, арақ-шарап маған арам десе, өлер түні: міне қырық алты жыл болды арақ-шарап татпағаныма дейді» [1. 497].

«Өлімі» атты тараушада М.Базарбаев көп тарихи әдебиетті негізге алып, оның ортақ мазмұнын береді. Ғалым көптеген тарихи деректер мен көркем хикаяттардағы сюжеттерді жүйелейді. Т.Зэкон, Ф.Данн жазуларына сүйеніп, Аттиланың Ильдия (Ильдека, Ильдико, Илодия) қолынан қаза тапқаны айтылады. «Аттила туралы эпостар» атты тарауша Скандинавия елдері шығарған «Үлкен Эдданың» бас кейіпкері Атти (Аттила) және бұл эпостық Нидерланд, Дат, Швеция, Исландияға ортақ екені анықталады. Бұл эпос 1200 жылы туған деседі яғни ғұн патшалығы құрығаннан 800 жылдан кейін.

«Нибелунгтар туралы жыр» 1000 жылдары пайда болған. Аттила өлгеннен кейін 600 жылдар шамасы. Мұнда Аттила Этцель деп аталады... дей келе оның бүкіл орта ғасыр бойына ең белгілі, ең даңқты адам болғаны, ол құдіретті, қайырымды патша ретінде суреттеледі. Аталған екі туындымен қатар Т.Зэкон шығармасы салыстырылып талданады: аңыз бен тарихи фактілердің арасы айқындала түседі.

Зерттеу соңында М.Базарбаев: «әдейі зерттеген адам әрине, көптеген қосымша мәліметтер табуы мүмкін. Осы ой-жорамалдарымыз Аттила сынды ғұн патшасының бейнесіне қызыққандықтан, оның таңғажайып алпауыт істеріне, орасан күш-жігеріне, өзі айтқандай, көктен соғыс Құдайының қолындағы семсер-қылыш бол деп аян алған және тағдырдың сол жазымышына мойынсұнып, талай ел, талай жерлерді дүрліктірген, ақыры өзі трагедиялық қазаға ұшыраған алып тұлғасына таңқалғаннан туған», – деп анығын айтқан. Бұл зерттеу қандай мақсатпен жазылды? деген сауалға жауабын М.Базарбаев соңында берген. Ғалым Кир, Ескендір, Юлий Цезарь, Аттила, Шыңғыс хан, Ақсақ Темір, Наполеон, Гитлердің қалай өлгендерін айта келе: «... әңгіме осылардың бәрінің қашан өлгенінде емес, әңгіме қашанда қан төгіс, қырғын, жойқын, соғыспен ұлан-байтақ жерді өздеріне қаратып алса да, солардың бірінің де

баян болмай, өздері өлген соң пара-парасы шығып тозып кетуінде. Бүкіл дүниені билеймін деуінде». Бірақ осы тұста М.Базарбаев Алтын Орданың бүкіл орыс қауымына да орталық Азияға да прогресстік рөл атқарғанын айрықша айтады. Зерттеудің соңғы сөздерінде М.Базарбаев өзінің басты ойын айтқан: «Дегенмен, айналып келгенде, ешқайсысы да, қай империя болса да, мәңгілік бұйрық орната алмаған. Ал, Наполеон мен Гитлер тек тарих қатесі ретінде танылды. Мұнан озбырлықтың, дандайсудың түбі өз басын жұтуға апаратынын, жалпы адам табиғатына жат нәрсе екенін аңғаруға болады» [1. 502].

Соңғы сөйлемде зерттеуші М.Базарбаевтың кісілік, азаматтық тұлғасы айқындала түседі. Өзі осылай түйгенімен бұл зерттеу бүгінгі бізге ой салсын деп жазғаны да біз үшін аманат. Зерттеудің басында тұрған Аттила кім? деген сауалға ғалым нақты жауап берумен шектелмей, оның парасатты, батыр ата-баба, текті тұлға болғанын бізге мойындатып береді.

Әдебиеттанушы, мемлекет қайраткері Мүсілім Базарбаев аттилатанудың басын салып қана берген жоқ. Шәкәрім 1958 жылы қазанда ақталғаннан кейін ғалым оның мұрасына ерекше зейін қойды. Ол совет кезінде қорғалған докторлық диссертациясында (1971) сол кезде атын атауға тыйым салынған Шәкәрімге бір тарау арнаған. Бұл батылдық қана емес, шындық үшін күрес. Сондықтан совет кезіндегі қазақ әдебиеттануындағы шәкәрімтанудың негізін қалаған да Мүсілім Базарбаев болып табылады (Қайым Мұхамедханұлымен бірге).

1960 жылдарыдың басында ҚКП орталық комитеті Әдебиет және өнер институтына тапсырма бергені белгілі. Бұл жөнінде ғалым былай дейді: «1966-1969 жылдары институт үш жыл бойы Шәкәрім шығармаларын жинап зерттеп, ақырында 164 өлеңін, 3 поэмасын, бірнеше аудармаларын мамандар талқысына салды» [1. 226]. 1969 жылдың үшінші желтоқсанында өткен үлкен кеңестің мәжілісінде Шәкәрім шығармаларында «...идеялық я басқа саяси қате жоқ, көркемдігі жоғары, осы себепті ақынның қазір институт жинаған 706 беттік мұрасы бір кітап болып басылсын» деген шешім қабылдаған [1. 226]. Себебі

1958 жылы ақын ресми ақталған еді, бірақ М.Базарбаев әдебиетші ретінде қаншама әрекет етсе де іс сол бойы қалған: «Сонда да қара дүлей күштер сондай заң қағаздың өзін жоққа шығарып, ақын атын 30 жыл бойы ататпай келді. Ол әлі саяси ақтау емес деп, аңқау елге арамза молдалар өктемдік етті. Мәдениет, әдебиет майданында айтса адам сенбейтін жайлар бастан кешілді», – дейді ғалым.

«Шәкәрім ақын» атты 1969 жылы жазылып, 1990 жылы толықтырылған зерттеуінде заманға осындай әділ баға беру ғалымның әділдігі мен шыншылдығының белгісі. Басқа бір замандастары іспеттес Мүсекеңнің де сол кезде рұхсат етілгенмен ғана шектеліп, лауазым, атаққа ие болуына да болар еді. Саясаттан гөрі шынайы көркемдікті басты ту еткен ғалымның Ахатты жоқтауы да орынды: «Енді міне, ақын шығармалары халық игілігіне айналған кезде, бар күш-жігерін осыған жұмсаған Шәкәрімнің баласы Ахат та арамызда жоқ. 1984 жылы 80 нен асқан жасында дүние салды. Оның бармаған, жазбаған, кезбеген жері кем-ақ. 1958 жылғы ақтау да соның көп ізденіп, сұрауына байланысты еді. Абайдың Жидебайдағы қыстағын қайта қалпына келтіріп, Семейдің мұражайлық филиалы болғанда Ахатты соның меңгерушісі, қараушысы етіп бекітіп едік (*Мәдениет министрлігінде істеп жүрген шағымызда*) [1. 227]. Әдебиетші ғалым мемлекеттік істі осындай абыройлы істерге жұмсағаны бүгінгілерге кісіліктің үлгісі болып қала бермей ме? М.Базарбаевтың Шәкәрім туралы бұл зерттеуі бүгінгі әдебиеттануда өз қайталанбас орны бар еңбек. Шәкәрімді сопы ғып насихаттап жүргендерге бұл ақынның келбетін, шығармашылығын айқындап беретін кәсібилік деңгейі үлгілі әдебиеттанулық мұра.

Мүсекеңнің Д.А.Қонаевқа Қазақстан компартиясының Орталық комитетіне, Ахатқа жазған хаттарынан ердің әділет үшін күресі аңғарылады. Ахат өліміне қатысты жіберілген көңіл айтуда былай делінген: «Со скорбью узнал о кончии Ахата Кудайбердиева, бывшего работника музея Абая на Жидебая, собирателя, проповандиста творчества большого поэта Шакарима, крупного представителя казахской поэзии послебаевского периода. Ахат был неутомимым тружеником, хранителем культурного наследия родного народа. Хорошо знал его, неоднократно беседовавши о

наследии Шакарима, я глубоко опечален, что лишились такого знатока творчества своего отца, помощника для нас» (7.IX.1984). Шәкәрімнің ақталуына 4 жыл қалған еді. Мүсекендей күңіреніп, әділдікті іздеген, Шәкәрім үшін сонау совет кезінде күрескен әдебиеттанушы бар ма?!

Абайшығармаларымен салыстырыла талданған Шәкәрімнің әдеби мұрасында ақынның өзіндік даралығы анықталған, сондықтан да болар ақын келбеті тұлғаланып шыға келеді.

Ғалым М.Базарбаевтың Х.Есенжанов туралы зерттеу еңбегінің де орны ерекше. Репрессияға ұшыраған жазушы шығармашылығын зерттеген еңбектер жоқтың қасы. Әдебиеттанушы М.Базарбаев «Өршіл талант» мақаласында «Ақ жайық» аталған романның әдеби талдауын берген. Романдан келтірілген жазушының Ақ жайықты суреттеп бейнелеуі әрине, асыл сөз үлгісі. 1928 жылы алғаш қалам тартқан жазушының бес романы небәрі 10 жыл ішінде яғни 1959-1969 жылдары жарық көріпті: «Ақ жайық» трилогиясы мен «Көп жылдар өткен соң» деп аталатын дилогия.

1978 жылы жазылған еңбегінде М.Базарабаев жазушының 1928 бен 1968 жылдар аралығы туралы былай дейді: «... табаны күректей 40 жыл жатыр. Қырық жыл – Хамзаекеннің парасатты прозаға келу жолы, өзін-өзі табу жолы. Шығармашылық азабын шеккен жол» [1. 431]. Бұл сөйлемдерде Мүсекең анығын заманға сай айта алмай отырған ойлары тұр. Жазушының жазықсыз зардап шегуі, Алаш зиялыларымен қатар сотталғаны осылай астарлап меңзеліп тұр. Соңғы сөйлемде ғалым жазушының шеккен қасіреті үшін тағзым еткендей. Әдебиетші оқырман алдында совет кезінде Орал-Урал аталған өзенге Ақ Жайық деген төл атауын жаңғыртқан жазушының азаматтық тұлғасын айқындап берді. Сол жылдары Ақ Жайық сөзі өзен емес, Х.Есенжанов романы деп көбірек аталуы да сондықтан болар.

«Халық тарихының бір қиын-қыстау кезеңін автор шеберлікпен, асқан шыдамдылықпен хикая еткен. Қат-қабат оқиғалар мен сан алуан тағдырлар, ескі мен жаңаның бітіспес айқасы, ту даладағы ғаламат шайқастар жазушы шеберлігінің арқасында ғаламат кең, эпикалық суреттерге айналған», – дейді әдебиетші [1. 433].

Ағайынды Жүнісовтер, Мәмбет, Құныскерей, Хәкім,

Шойқара, Әйтиев, Б.Қаратаев сияқты тарихи тұлғалардың істерінің көркемдік бейнелеуі жан-жақты әдеби талдауға ұласқан. Яғни: «Ақ Жайық – кешегі азаматтық тарихымыздың шежіресі, тек бұл тарих тілімен емес, көркем бейне, сурет тілімен жазылған шежіре. Көркем тіл құдыретінен сол жылдар дүбірі қайта тірілтілген. Төңкерісті қазақ даласы мүлгіген қалпында қарсы алды деп ешкім айта алмас. Ен дала еңку-еңку шабыстың майдайы болып кеткен» [1. 435]. Әдебиеттанушы Солтүстік, Шығыс, Оңтүстік, Жетісу, Піспектегі оқиғаларды атап өтіп: «Ал Батыс Қазақстан, Орал бойы ерекше аймақтың аренасы болғанын кім білмейді. Аңызға айналған көне тарихы, батырлығын байқатқан жаңа тарихы бола тұрса да бұл аймақ суреткерін күтулі еді. Осы іске Хамзаекең қадам ұрды да, әдебиетке кесек-кесек тұлғалар, жаңа образ, бейнелер, сурет, мінездер әкелді, ең бастысы – сол бір дәуірдің әрі қатал, әрі қысылтаяң күндерін көз алдымызға елестетті» [1. 436].

Бұл әдебиеттің негізгі міндетін айқындау екені де анық. Әдебиетшінің осындай теориялық түсінікпен зерттеуін түйіндеп беруді негізгі кәсіби әдеті. «Хамзаекеңнің әдебиеттегі еңбектеріне қарағанда ғалымдай зерттеушілігін, зергердей шеберлігін көріп қуанамыз. Сауатты, ақылды сөзді оқып сүйсінеміз». Бұл жазушы стиліне берілген жоғары баға.

Әдебиеттанушы М.Базарбаевтың С.Садуақасов, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, Қ.Кемелгеров, Ғ.Қараш, Ғ.Тоқжан туралы жазғандары бүгінгілер атынан оларға тағзым ету сияқты. Алаш әдебиетін кімдер құртты? оларды қаралау қалай іске асты? деген сауал ғалым үшін ең басты болғандай. Сәкен, Ілияс, Бейімбеттердің портреттерін өзі басқарған бөлімде іліп қойған да – Мүсекең болатын. Ғалым: «Біз Сәкенді қалай түсінеміз? деп бастаған зерттеуінің басына «Теңдік, бақыт, әділдік орнаталық» деген тақырып қойған. Әдебиеттанушы Сәкеннің өмірі, шығармашылық жолын зерттей келе ақынның саясат құрбаны болғанын күңірене айтады. Келесі пікірдің жөні де ерекше: «Сәкен Сейфуллин жаңа мазмұнды еркін менгеріп, оған сай орамды форма табу нәтижесінде қазақ өлеңі мен қара сөзін соны әуен, өзгеше лекпен сөйлетті, тың ұғым, терминологияны пайдалана отырып жекелеген сөздердің мағыналық ауқымын, мүмкіндік мөлшерін барынша арттыра түсті, өмір құбылыстарын дәл

суреттейтін бейнелі тіркестер легін кең қолданды. Осы қасиеттері қаламгерді жаңа әдебиеттің нағыз көш бастаушы қайраткері есебінде танытты» [1. 115].

Ғалым «Замана тудырған әдебиет» (1997) атты зерттеуінде: «С.Сейфуллин айтатынын түгел айта алмай кеткен талант», – деп жоқтайды ғалым. Себебі, «біркелкілік, ұқсастық, көркем ойдың сүрендігі, айқай, ұранның басымдығы» үстем болып, ойдан табылған соцреализм деп аталған көркемдік әдіс әрбір адамның ойлау, жазу еркіндігін жойды, нағыз таланттарға тұсау салды» [2. 4].

Мүсекеңнің «Әдебиетші, ғалым, қоғам қайраткері» еңбегі тек Әлихан Бөкейхан ғана емес, өзінің де қайраткерлік, ғалымдық, әдебиеттанушылық ойларының көрінісі.

Шәкәрімді ақтауға бар күш-жігерін жұмсаған мемлекет қайраткері, әдебиетші М.Базарбаев Ә.Бөкейхан туралы өзіне жаны жақын тұлға ретінде, Алаш ардақтысына деген зор ілтипатпен жазды. Ғалым Ә.Бөкейханды ХХ ғасыр басындағы қазақ ұлт-азаттық қозғалысының көсемі деп, оның назарынан Кенесары-Наурызбай көтерілісі де тыс қалмағанын заңдылық деп санайды. Алаш аяулысының бұл тақырыпты бірнеше рет көтеруі тегін емес дейді: «Әлихан өзі бастаған ұлт-азаттық қозғалысында Кенесары мен Наурызбайдың әруақтарына табынғаны орынды да. Көтерілістің көздеген мақсат-мүддесі оған, бір жағынан үлгі болса, екінші жағынан жеңіліске ұшырауы үлкен сабақ болғаны хақ. Кенесары-Наурызбай қозғалысының бүкіл халық арасынан қолдау таба алмағандығы, көтерілістің жеңіліске ұшырауы оны теңдікке, ұлттық тәуелсіздікке жетудің басқа бейбіт, саяси жолын қарастыруға итермеледі. Қуатты Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы ашық қарулы көтерілістің әлі де болса заманы тұмағанын ол жақсы түсінді. Теңдік пен ұлттық тәуелсіздіктің төте жолы деп Әлихан өркениетті елдердің мәдениетінен үлгі алу, сөйтіп халықтың ұлттық мәдениетін өркендету, өнер-білім көтеру, ұлттық сана-сезімін оятуды ұлт-азаматтық қозғалыстың жаңа стратегиялық бағыты етіп алған. Оның 1916 жылғы қарулы көтеріліске түбегейлі қарсы шығуының негізгі себептері де міне, осында жатыр»! [3]. М.Базарбаев Ә.Бөкейханның жазушылық, ғалымдық, әдебиеттанулық,

қоғамдық, саяси істеріне осы тұрғыдан баға береді. Алаш зиялыларына рухани, саяси көсем болуына Ә.Бөкейханның осы стратегиясы қолдау болғанын анықтап береді.

М.Базарбаев «Женщина по киргизской былине Кобыланды» атты зерттеуге жоғары баға ғана беріп қоймай көлемді сілтемелер берді. Зерттеу келесі тараулардан тұрады: Ә.Бөкейханов – ормантанушы ғалым экономист.

Ә.Бөкейханов – қазақтың мал шаруашылығының зерттеуді ғылыми жолға қойған бірегей ғалым. Ә.Бөкейханов – тарихшы-ғалым. Ә.Бөкейханов – қазақтың тұңғыш энциклопедисті. Ә.Бөкейханов – фольклоршы. Ол қазақ эпосы мен фольклорын ғылыми тұрғыдан зерттеген тұңғыш ғалым еді. Ә.Бөкейханов – тұңғыш абайтанушы. Ә.Бөкейханов – көркем аудармашы. Ә.Бөкейханов – қазақ және орыс тілдерінде қатар жазған публицист.

Ә.Бөкейханов 1927 жылы орталық Баспадағы жұмысынан қысқартылуын басқа жұмыс берілмегенін айта келе, Мүсекең оның 10 жыл бойы 1927. I. X – 1937.VIII дейін пәтерінде қамауда ұсталғанын мәлімдейді. 1937 жылдың тамызында Бутыр түрмесіне жабылған кезінде қолындағы бай мұрасы көмпескеленгені, өлім жазасына кесілгені, «... үкім сол – күні-ақ 1937 жылы 27-қыркүйегінде жүзеге асырылды» [3. 28]. деп толғанады әдебиетші. Әлиханға қандай ресми кінә тағылды деген сауалға ғалым құжатты келтіреді: «1937 жылы 27 қыркүйекте КСРО Жоғары сотының әскери коллегиясы: «возглавил контрреволюционную борьбу против Советской власти, установил связи с руководителями террористического центра в Казахстане и в Москве» деген айып тағылған. Қазақтың ұлттық азаттық қозғалысының негізін салған аса көрнекті қоғам, мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым – ормантанушы, тарихшы, экономист Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханды елінен тыс жерде Мәскеуде ату жазасына кесті». «Сөйтіп, жаңа үкімет Алты Алаштың көсемі Әлиханды өлімге кесе отырып, қазақ халқының ұлттық, ұлт-азаттық қозғалысының күре тамырын шауып тұншықтырмақ болды, қазақтың ұлттық намысын, сана-сезімін аяққа таптамақ ниетін танытты. Бірақ 1937 жылдың қыркүйегінде өшкендей болған ол үн 1986 жылдың желтоқсанында бүкіл әлемді дүр сілкіндіріп, Кеңес империясының бытырап тарауына бірден-бір себеп, түрткі

болды», – дейді ғалым Мүсілім Базарбаев [3. 29]. Зерттеу Сұлтанмахмұттың келесі өлеңімен бітеді: «Заманда басқан аяқ кейін кеткен. Жасымай Алашына қызмет еткен. Болса да қалың тұман, қараңғы түн, Туатын бақ жұлдызына көзі жеткен. Түйемеге жарқылдаған алданбаған, «Қайткенде Алаш көркейер» деген ойдан басқа ойды өмірінде малданбаған». Бұл ой әдебиеттанушы, қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым Мүсілім Базарбаев шығармашылығының басты тақырыбы ғана емес, бүгінгі тәуелсіз әдебиеттануға біздер үшін айтылған ғылыми аманат.

Ғалым М.Базарбаевтың ҚССР мәдениет министрі (1970-1976), сыртқы істер министрі (1976-1981) болған кезінде мәдениет пен өнерге арналған халықаралық конференциялар мен конгрестердің ұйымдастырушысы ғана емес, тұрақты баяндаушысы болғаны белгілі. Екі тілді еркін меңгерген ғалым әлемдік симпозиумдарда Совет одағы атынан Швеция (1966), ФРГ (1972), Индонезия (1973), Чехословакия (1973), Дания (1975), Конго (1980) елдерінде сол кездегі әдебиетті дүниежүзілік әдебиет пен өнер контекстінде таныта білді. Мұндай мүмкіншілік маңдайына жазылған қазақ әдебиетшісі өз ұлтының мүддесін насихаттамауы мүмкін емес еді.

М.Базарбаевтың қазақ әдебиетінен іздеген басты ойлары осылай тектіленіп тұр. Аттиланы жазғаны, ата-тегіміздің бүкіл әлемге әлі келген батыр болғандығын біздің есімізге салғаны, Әлиханды зерттеу арқылы ұлт-азаттық намысымыздың шежіресін түгелдеп бергені. Бұқар, Дулат, Абай, Шәкәрім, Сәкен, Мағжан, Бернияз, Ілияс, Шаңгерей, Ғұмар, Майлықожа, Шернияз, Ақан Сері, Сүйінбай, Жамбыл, Жұбан өлеңдеріндегі рухымыздың өрлеуін еске салу, қазақтың еңсесі биік ел екенін мойындату. Еңбегін атақ алу үшін емес, шындықты айту үшін жазған ғалымның бұл ісіне Алланың рақымы Пайғамбарымыз (с.а.с.) шапағаты болғай!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Базарбаев М. Көрікті ойдан – көркем сөз. – Алматы, 1994.
2. Базарбаев М. *Замана тудырған әдебиет*. – Алматы: Ғылым, 1997. – 504 б.
3. Бөкейхан Ә.Н. Таңдамалы. – Алматы: Қазақэнциклопедиясы, 1995. – 485 б.

ҚАЗІРГІ ПРОЗА ЖӘНЕ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ

Әлем әдебиеттануы қазір 3 бағытта дамып келеді: Неориторика, нарраталогия, интертекст теориясы. Неориториканы бельгиялық әдебиет теоретиктері қалыптастырған, таза еуропалық теория. Бұлар дәстүрлі Аристотель ілімін дамытушылар. Нарраталогия мен интертекст теориясы – әлемдік ілім, 1920-1940 жылдардағы ресейлік әдебиет теориясы негізінде қалыптасқан ағым. Нарраталогия Пропптың «Морфология сказки» (1928) зерттеуінен бастау алады, осының негізінде Греймас нарратив теориясын қалыптастырды. Интертекст теориясын Ю.Кристева тұжырымдап берсе, өзі айтқандай, бұл теория – әр мәтіннің диалогтық табиғаты бар деген қағида М.М.Бахтин теориясынан сөз өнері эстетикасынан бастау алады. Әр мәдениет пен өнер түрлері, әдебиеттің өмір сүруі тек диалогтық жағдайда ғана мүмкін деген пікір 1926 жылғы «Әдебиет танытқышта» да тұжырымдалған. А.Байтұрсынұлының әдеби байланыс пен сабақтастықсыз өнер түрлерінің дамуы мүмкін емес дегені тағы бар.

Осыдан 10 жыл бұрын Берлин университетінің профессоры И.П.Смирнов (ИМЛИ-дің түлегі): әлем прагматикалыққа бас ұрғанымен білімнің мәңгілік трансляциясы-сабақтастығы тоқтамайды деген еді.

Әдебиет теориясының әдебиет мойындалмай тұрған заманда қажеттілігі де шамалы. Әдебиет мойындалған қоғамда ғана әдебиет теориясы өзінің әдебиетті таныту міндеті арқылы қоғамға әсер ете алады. Ойын-сауық қуып кеткен қазіргі заманда ішіп-жеуді насихаттап кеткен ортада әдебиет өзінің тәуелсіздігінен айырылып, прагматикалық қоғамға қызмет ете бастады.

Әдебиет теориясыз әдебиет қалай дамуы мүмкін? Еш ғылым саласы теориясыз дамуы мүмкін емес. Қазіргі әлемдік әдебиеттану теориясы 4 бағытта дамып келеді:

1) европалық *cultural studies* яғни мәдениетті әркім өзінше түсінуге құқылы. Бұл антропологияға қарсы теория, сондықтан бұл микс: кино тарихы, мәдениетті күнделікті тіршілікке бейімдеу, т.с.с. Сондықтан бұл пән осымен шектеулі, ал әдебиет жалпыадамзаттық құбылыс болғандықтан бұл шеңберге сыймай келеді;

2) геопэтика, геокультурология, геолитературоведение. *Cultural studies* – постсемиология, геопэтика-постмимезис мағынасына ие. Геопэтикада әдебиет миметика тұрғысынан түсіндіріледі. Әдебиеттегі өмірдің көрінісі тікелей нақты саясиландырған хронотопқа байланыстырылады. Қазіргі әдебиеттануда осындай зерттеулер басым. Геопэтика негізін неміс ғалымы (Карл Хаусхофер) тудырған сала және қазіргі ресей әдебиеттануында қарқынды дамып келеді;

3) Әдебиеттің философиясы. Деррида ұсынғандай, философия әдебиет сияқты түсіндіріледі. Деррида айтқандай, жазушы мен философтың айырмашылығы жоқ. Осы ретте философияның әдебиетке әсері арнайы зерттелуде: Лиотардың «Жест и комментарий» зерттеуінде әдебиет өзін философиялық тұрғыдан түсіндірілуін қажет етеді. Дерриданың пікірінше, философ пен жазушының айырмашылығы шамалы;

4) Гендерлік зерттеулер. Бұл ең қарапайым түрі.

Осы 4 түрлі ғылыми иірімдері әдебиеттануды басқа салалармен араластырып, оның тәуелсіздігінен айыруда. Дегенмен, қазіргі әдебиеттануда нақты бір авторға қатысты, не архивтік жарияланымға тиесілі, не белгілі мәтіндер анализі таза әдебиеттанулық ұстанымда болуы да заңдылық ретінде іске асып келеді.

Қазіргі әдебиеттану дегенмен өзін-өзі жойған емес. Әдебиет туралы ғылым дағдарысы (кризис) тікелей әдебиетпен байланысты екені әбден мойындалды. Қазіргі әдебиет екі жолмен дамып келеді: 1) Әдебиет бір жағынан тобырлық болып барады – оқырмандарды сауықтыратын, пляж, самолетте, метрода оқуға лайықталған мәтіндер; 2) документалды мәтіндер.

Қазіргі әлем жылдам өзгеруде. Прагматикалық даму ілгерілеп, эстетикалық шығармашылық ұмытылып барады. Бүгін ең маңыздысы интеллект емес, жеңіске

жету маңыздылау. Жеңістің стратегиясы мәңгілік құндылықтардың стратегиясынан басым болып барады. Тұлғаның еркіндігі не рухани тәуелсіздігі емес, оның қалай әр жағдайда ұтымды бір әрекеттерге барғанын сөз етеміз және ол кім болса сол болуы мүмкін. Қалай болғанда да жеңіске жеткен кейіпкер ғана алға шығуда. Сондықтан қазіргі әлем әдебиетінде екі кейіпкер бар: лидер және лузер.

Әдебиет өмірдің прагматизациясын осылай нақты мәтіндерде айқындап беруде. Қазір көзіміз жеткендей, әлемдік саяси аренада қай саясаткер ұтымды болып көрінеді? Ең қажетті бағдарламасы бар емес, тек ақшасы көбірек, сондықтан саяси амалдары яғни политехнологиялар жағынан құлауы алға шығуда. Бұл әлемдік тенденция, глобализация контексті тудырған прагматизмнің салтанаты.

Әлемдегі прагматикалық даму ілгерілеп, эстетикалық шығармашылық ұмытылып барады. Бүгін ең маңыздысы адамның жан тазалығы не интеллект емес, жеңіске жету маңызды. Тұлғаның еркіндігі не рухани тәуелсіздігі емес, оның ұтымды әрекеттері ғана алға шығуда. Қалай болғанда да жеңіске жету қазіргі әдеби кейіпкердің басты мақсаты. Геосаясиленген қоғамда әдебиетке деген сұраныс өзгергені жаңалық емес. Қазіргі әлем әдебиетінде шынайы көркем мәтіндерден гөрі шапшаңдықпен жеңіске жеткен кейіпкердің әрекеттері сұранысқа ие болып келеді. Бұл ретте көркемдік мәселесі екінші планға шығып отыр. Осы тұрғыдан келгенде қазіргі қазақ прозаның хал-ахуалы қандай екен?!

Мен 2014 жылы шыққан кітаптармен танысып, оларды 4 топқа бөлуді жөн көрдім: 1. Тарихи дискурс: ұлт-азаттық қозғалыс, тарихи тұлғалардың істері, мұрағат деректеріне негізделген тарихи шындықты бейнелеген проза. 2. Классикалық дискурс – оқырман жанына әсер ететін дәстүрлі көркемдік мәтіндер. 3. Ғылыми-танымдық құжаттық негізі бар эсселер мен жастар дискурсы. 4. Гендерлік дискурс.

1. Көркем прозадаға тарихи дискурс қазақ әдебиетінің тарихи сюжеттерге, тарихи оқиғаларды тақырып етіп алуымен сипатталады. Сонау М.О.Әуезов бастаған І.Есенберлин совет кезінде жалғастырған ұлт-азаттық

қозғалыстың әртүрлі кезеңдерін бейнелеу қазір тәуелсіз кезде де қарқынды дамып келеді. Біреулер айтқандай, тарихқа кетіп, бүгінгі заманды бейнелемеу емес. Қазақ елі тарихы күні бүгін болған қалпында жазылмағандықтан, қазақ әдебиеті осы ауыр міндетті өзі көтеріп келеді. Қазіргі қай тарихи еңбектен қазақтың ұлт-азаттық көтерілістің басты кейіпкерлері қазақ хандары мен батырлары туралы шынайы мағлұмат таба аламыз?

Бәрін қойғанның өзінде қазақ хандарының ұлт-азаттық жолындағы нақты істері туралы не білеміз? Совет кезінде қатаң тиым салынғанның өзінде І.Есенберлин «Қаһарды» неге жазып кетті?

Бүгінгі қазақ тарихшылары заманға жалтақтап отырған кезде қазіргі прозаиктер қолдарынан келгенше біраз іс тындырып тастапты.

Тарихи дискурстық мәтіндер: *Әбдісамтар Садуақасұлы Оспановтың* «Наркескен» (тарихи көркем трилогия) романы 3 кітаптан тұрады: «Бас кескен балта» атты бірінші кітапта Сыр-Арал өңіріндегі қазақтың Хиуа, Қоқан хандықтары мен Ресейдің патшалық отарлық езгісіне қарсы ұлт-азаттық күрестің оқиғалары бейнеленген. Жанқожа Нұрмұхамедұлының (1774-1860) қазақ азаттығы үшін күресі тарихи құжаттар негізінде романға арқау болған.

Әкесі Нұрмұхамед Киікбайұлы баласын жасынан әділдік пен ұлт-азаттығы жолында күресуге ақылы мен намысы бар екенін байқайды. Келешек батырға бата берген Қылышбай Жұмағұлұлының кім болғаны, қаруластары Толыбай Мықтыбайұлы, Дабыл Бекшеұлы, Ақтан Ақайұлы, Беласар Рысбайұлы, Дәрменқұл ахун Қосымұлы, Бекарыстан би Амалдықұлы, Есет Көтібарұлы, Қызылбас балуан, Шабак Қазанбайұлы, Төремұрат жырау, Еспембетұлы сияқты билер, батырлар мен ақын-жыраулардың бейнелері сомдалған. Бұл кітапта 1792-1841 жылдар аралығындағы Созақты қоқандықтардан азат ету кезіндегі шайқас суреттелген. Батыр ерлердің нақты істері мен азаматтық тұлғалары, шешен абыздарының асыл сөздерінің тууына себеп болған оқиғалар да сөз етілген. Ел басына күн туғанда қазақ ерлері Жанқожа батырдың қасынан табылғаны нақты тарихи оқиғалар арқылы көрсетілген. Батыр, би, жыраулар

қатынасы да осы ретте ұлт ақыл иелерінің қатынастары ретінде айқындалған.

Кітапта Жанқожа батырдың Кенесары хан, Наурызбай сұлтанмен қарым-қатынастары да нанымды сипатталған. Наурызбай сұлтанды көрген Жанқожа батыр былай деп сүйсінеді: «Осы алып тұлғалы, сұлу мүсінді, жай оғындай жарқылдап тұрған, екі иығына екі кісі мінгендей жас жігітті ағасымен салыстыра қарап отыр. Жігіттің нағыз сұлтаны! Құдай Тағала бір адамның басына үйіп-төгіп бере салған екен, сірә. Сәл қызбалықтың табы бар ма, қалай? Шу асаудай басылмаған шағы ғой. Тау мен тастан да, от пен судан да қайтпайтын нағыз шыңның қабыланы боларсың! Ғұмырың ұзақ болсын, балам!» деп, батыр іштей еміреніп кетті» (1-кіт. 290-бет). Бұл сөздер бәрін көріп, кейіпкелердің қасында жүрген нарратордікі.

Қазақ әдебиетіндегі Наурызбай сұлтанның бейнесі бұған дейін арнайы сомдалмағаны белгілі. Жанқожа батырдың көзімен берілген суреттеу романда ұтымды келтірілген. Кене хан бастаған ұлт-азаттық соғыс оқиғалары Сыр өңірінде қалай өтті? Ер болып, ел басқарған Жанқожа батыр қандай істердің басынан табылды? Романда осы оқиғалар камтылған.

Романның «Адыра қалған үміт» атты 2-кітабында 1842-1852 жылдар аралығындағы Хиуалық бектердің Сыр бойындағы қазаққа жасаған шапқыншылықтары, оған қарсы тұрған Жанқожа батырдың ерліктері баяндалған. Ресей патшасының Райым, Қазалы, Қармақшы форттарын салып, отарлаудың іске асыру әрекеттері көрсетілген. Сол кездегі Сыр өңірінің аштыққа, басқыншылыққа ұшырау себептері де әшкереленген. Бұл кітапта да мұрағаттық деректер мен тарихи мағлұматтар келтірілген. Кенесары ұлт-қозғалыстың хас батырлары қандай болғаны, Кенесарының әскери, адами тұлғасы, Наурызбай мен Бопай ханша бейнелері де сомдалған. Кенесары көтерілісінің Сыр өңіріндегі іздері нақты тарихи шайқастары арқылы айқындалған.

1844 жылы көктемде Кенесары ханның Қарақұмға келуі, оның алды «күзде қарындасы Бопайды бірнеше төленгіттермен жіберіп, жайлау тандатып, Қарақұмнан

шегенді құдық қаздырғаны» (2-кіт. 81-бет.) осы ретте айтылған.

Төремұрат жыраудың толғаулары романда орынды келтірілген. Романда ақын-жыраулардың Хан мен батыр, ел арасындағы бітімгерлігі жақсы бейнеленген. Төремұрат пен Доғалақ айтысы ел ішіндегі дауларға тиым салуға себеп болғандығы осы ретте берілген.

Романның бұл бөлімінде Жанқожаның қарындасы Батпаны Кене хан қатындарының алауыздығынан төркініне қайтарғаны үшін екеуінің араздығы осыдан басталғаны туралы тарихи негізі бар оқиға келтірілген. Дегенмен, романда елдің қамын жеген хан мен батырдың текті бейнелері сақталған.

Шығармада Кене ханның Жанқожаға жазған хаты да келтірілген. Ел бірлігіне қол жеткізе алмаған Кене хан туралы Жанқожа батыр: « Иә, бұл барар жер, басар тауы қалмаған жаралы жолбарыстың ең соңғы жанталасы екен ғой. Жарасы жанына қатты батқан ол, енді өзін өзі тағынан тастаудан да тайынбас, - деді Жанқожа алдыңғы күні ауылдарында болған оқиғаны асыға-аптыға айтып берген Ботабайға қарап» (2-кіт. 110).

Кіші жүзден зекет бермегені үшін 2 үйір жылқы айдап әкеткен Кене ханды сөгіп жатқан елге Жанқожа батыр былай деп тоқтау салады: «Хиуа мен Қоқан бектері мал түгілі жаныңды да мыңдап-мыңдап айдаған жоқ па, ана жылы? Қайда барса да Қорқыттың көріне тап болып жүрген Кенесарыға бұл жұрттың 2 үйір жылқысын да қимаймысың? Төре тұқымы ұрпағының бәрі қазаққа жиен екенін білмеуші ме едің? Көп болса, жиендік жасаған шығар?!» (111). Бұл сөздер Ер азаматтың ауызынан ғана шығуы мүмкін екені аян.

Романда Кене ханға жаны ашып жүрген Жанқожа батырдың көрген түсі келтірілген: «Батыр сәл ойланып отырды да Ботабайға: – Балам, бері қара. Өткен түнде бір қолайсыз түс көрдім. Тау басынан алысқа көз жіберіп тұрған Кененің басын көзді ашып-жұмғанша найзағайдың оты қиып түсті. Жанындағы Наурызбай сасқалақтап жан жағына алақ-жұлақ қарай беріп еді, басында ақ сәлдесі бар бір қария жетіп келіп: «Неғып аласұрып тұрсың? Бар,

ізде ағаңның сайға түскен шақша басын!» деп қолындағы қанжарымен Наурызбай батырдың кеудесін қақ айырды. Сол кезде Құдайдың күдіретімен кеудеден бұлқына шыққан жүрек терең сайды жап-жарық кылып жіберді. Күреkteй қара сақалы қызыл қанға боялып, тастан тасқа соғылып, төмен қарай құлдырап бара жатқан басын көргенде: «Аға-а-а!» деп шыңғыра айқайлайды. Қарлы шындар қақ айырылардай күніреніп кетті де, бүкіл әлемді қара түнек басып бара жатты. Мен Науанның дауысынан шошып ояндым. Кене оны еркелетіп осылай айтатын, бірақ балам, мұны ешқашан да тісіңнен шығарушы болма, түсіндің ба?!» (111-112).

Жанқожа батырдың тектілігі келесі сөздерінен аңғарыла түседі: «— Ой, қайран ерлерім-ай! Қайда барып тұрақтар екенсіңдер? Әлде ажал айдап бара ма, сендерді? Осы жақта кідірсеңдер болмас па еді?! Ағайынмен айтысып-тартыспай-ақ бәріміз біріксек, аз-кем күн болса да, ең болмаса осы өңірдегі қазақтарға қорған бола тұрар едік қой. Жортуылға үйренген жолбарыстарым-ай, сүйектерің қай таудың қуысында қалар екен?! Құм-құмды қуалап, жөңкіліп жүрген қазақтың көрінгенге жем болған қазақтың бастарын қоса алмай, әлі-ақ талайымыз жалғаншы мына өмірден өтерміз. Біз кеткен соң артта қалған ұрпақтарымыз қайтеді?! Келіп қалды ғой тұс-тұстан қаптап, өңшең өңмендеген доңыздар! Түп-тамырымызбен жерімізбен қоса жұтар ма екен?! Не болмаса да бір кездері жалмауыздың аранын бітеп, тепкісіне шыдайтын ұлдар туып, санаулысы тірі қалса да жабыла жармасып, жығылған туды жоғары көтеріп: «Мен – қазақпын! Мен – алдын болжаған әулие Майқы би мен қаракыпшақ Қобыландының, аты шулы Абылай мен әлімнің әйгілі баһадүрі Жалаңтөстің, шапырашты Қарасай батыр мен қаракерей Қабанбайдың, қанжығалы Бөгенбай мен арғын Ағыбайдың, тама Есет пен қыр шектісі Көтібардың, қарасақал Ақша мен кішкене шекті Киікбайдың ұрпағымын! Менде де осы бабалардың білегі бар, қайтпас қайсар жүрегі мен қайнаған қаны бар! Таны мені, таны, еркіндік алған қазақты!» деп жар салатын азат күн келе ме екен?! Шіркін-ай, менің ұрпақтарым сол заманды көрер ме екен?! Жанқожа қатты тебіреніп кетті...» (112-113).

Қазіргі қазақ тарихишылары Кенесары көтерілісінің қалай іске асқанын күні бүгін толық бір ретке келтірілмегені белгілі. Ол ұлт-азаттық қозғалыс қалай іске асты? Қазақтың батыр деп мойындалған Ерлері қандай істердің басынан табылды? Ел бірлігі үшін олар қандай қасірет шекті? Әдебиеттің ерекшелігі тарихи оқиғаның адам жанына қалай әсер еткенін бейнелеу болып табылады. 10 жылға созылған Кенесары көтерілісінің Сыр өңіріндегі ізі осы романда Жанқожа батырдың қатысуымен нақты бейнеленген.

Романда бізге жетпей жатқан Отансүйгіштік пен ел қамы үшін адал қызмет ету, қара бастың қамы емес, ел бірлігі, ұрпақ үшін деген ұстанымдар тарихи оқиғалардағы басты шарт ретінде көрсетілгенімен құнды. Сондықтан «Наркескен» романындағы ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптардың, шешендік пен ділмарлық, тарихи тұлғалардың Отан үшін жанын пида ету істері мен адалдықтан аттамаған ерліктері қазіргі замандастарға қажетті рухани тәжірибе екені де айқын.

Трилогияның «Сатқындық құрбандары» атты 3-томында нақты тарихи оқиғалар бейнеленген. Сыр өңірі қазағының Ресейдің отарлық езгісіне қарсы шыққан Жанқожа батыр көтерілісі (1856-1857) нақты оқиғалар көрсетілген. Қазалы форты жанындағы қазақтардың жазалануы, Жанқожа батырдың ерлігі, 1860 жылы батырдың сатқындар қолынан қаза табуы сияқты шерлі оқиғалар баяндалған. Роман соңында: «Қош, туған жер! Қош, азаптан көзін шел қаптаған, өз ішінен басқа жерде жау таппаған, сорлы қазағым! Өзіңе өзін жау болғанды тоқтатқан түні ғана азаттыққа қолдарын жететіні жетелеріне жеткізе алмай-ақ кеттім-а-а-а-у, қайтейін». Бірақ оны естіген бір де бір жан болмады» (3-кіт. 330).

Қазіргі тарихшылар нақтылап бере алмай отырған Жанқожа батырдың ұлт-азаттық қозғалыстағы ерлігіне Тәуелсіздік кезде қазақ әдебиетінде Ә.Оспанов «Наркескен» романымен ескерткіш орнатты.

Қазіргі шет елдік блокбастерлердің басты тақырыбы тарихи сюжеттерді қазіргі дискурсқа салып қайта жаңғырту болып табылады. Біз болсақ күні бүгін қазақ жеріндегі әл-Фараби бастаған ілім иелерінің кім болғанын да меңгере

алмай келеміз. Жазушы Дүкенбай Досжан мен Әнуар Әлімжановтың әл-Фарабиге арналған шығармаларынан басқа қазақ әдебиетінде бұл ілім иесіне арналған нақты көркем мәтін жоқ.

Қазақ даласында өмір сүріп кеткен қасиетті бабаларымыз туралы да тарихта мағлұматтар ала-құла. Осы ретте *Ұзақбай Бегімбайдың* «Алдаспан рухы» деген атпен шыққан тарихи романдарының орны ерекше. Кітапқа 3 роман енгізілген: Қара бура, Сопы Өзіз пір, Марал баба. Кітапта аталған 3 тарихи тұлғаның көркем бейнелері сомдалған. Хан-батыр Қара бура, имандылықты басты еткен Мүсірәлі, әулие Марал баба, Арыстан баб бастаған роман кейіпкерлері қазақ жеріндегі ілім иелері болғандығы нақты оқиғалар арқылы нанымды суреттелген. Романда Қара бура, Қожа Ахмет Яссауи, Айша бибі, Арыстан баб, Жүсіп Баласағұни, Сүлеймен Бақырғани сияқты тарихи тұлғалар бейнесі сомдалған. Қарабураның «бүкіл таманы мұсылман етіп, ислам дінін қабылдатқаны» нақтылана түскен. Қарахан мемлекетінің басты идеологиясы ислам болғаны да романда айқындалған.

Сопы Өзіз пір кім болған? Қандай істердің басынан табылған? Бұл «Сопы Өзіз пір» атты романның басты тақырыбы. Өз Тәуке хан, қазақтың билері Төле, Қазыбек, Әйтекенің ата жолындағы биліктері, Қожаберген жырау, Сопы Өзіз Мүсірәлі замандастарының қатысуымен болған тарихи оқиғалар суреттелген. Осы ретте Сопы Өзіз Мүсірәлінің ханға қарата айтқан келесі сөздері келтірілген: «Әлемге әйгілі Әмір Темір: ел-жұртының кім болуы басшысына байланысты. Жолбарыс басқарған жұрт жолбарыс, шибөрі басқарған жұрт шибөрі болады» деген. Дұрыс басқарып, дұрыс жөн сілтеуге де байланысты екенін менен артық білесің тақсыр! деген сопы Өзіз ханға сынай қарайды. Асып-саспай бұл сөзді мұқият тындап, зердесіне түйіп, сұрыптап талқылағандай біраз уақыт үндемей отырды».

Басты кейіпкердің келесі ақыл сөздері қазақ хандары ұстануға мәжбүр болған үкім: «Халық – Құдайдың бір аты. Халық қорқытады, терең – батырады. Не айтып, не бұйырсаң да тобыр деп қарама! Андамасаң мойының үзіліп, тірсегін

сынады. Орынсыз айға шапшығандай болма, деп алдынала ескерткенің-ау, пірім, – деп жан жағына басқалардың болмағанынан шүкірлік етті» (260).

«Марал баба» романында автор келесі тарихи тұлғаның бейнесін сомдаған. XIX ғасырдағы оқиғалар Кенесары ханның замандасы Марал бабаның белгілі тарихи тұлғалармен ара қатынасы басты кейіпкердің көзімен суреттелген.

«Шоған абыз – тарихи тұлға» *Қондыбай Ілияс Дәркембайұлы*. Бұл кітапта да тарихи мағлұматтар мол. Осы ретте Майқы би туралы автор Шыңжандық ғалым Ж.Мырзахановтың «Тарих қойнауынан» еңбегіне алға тартып, Майқы бидің сөздері келтірілген: «... Ол Ұлы жүз үйсінге – жалау, Орта жүз арғынға – көз, Кіші жүз алшынға – найза таңбасын беріпті» (11).

Осыған қоса *Д.Дүйсенбаевтың* «Домалақ Ана» еңбегіне сүйеніп, Майқы би – мемлекет тұлғасы, Шыңғыс хан империясының ең мәртебелісі болғаны нақтыланған. Майқы бидің 7 ханды қолынан өткеріп, бар ғұмырын ел тағдырын ойлауға жұмсаған, 3 жүздің еншісін беріп, таңбасын таратқандығы айтылған: «Ұлы жүзге ту ұстатты, орта жүзге қауырсын қалам, кіші жүзге найза берді. Осы бөлістен соң Майқы би туралы «Хан біткеннің қазығы – бұқара жұрттың азығы» деген мақал қалған делінген (15). Кітапта автор қазақтың шығу тегі, Бәйдібек баба, Нұрилла ана, Шоған абыз туралы шежіре деректер мен аңыз-әпсана келтірген.

Қазіргі әлем әдебиетінде ең көп оқылып келе жатқан кітаптардың көбісі тарихи тұлғалар туралы ғылыми-деректі мәтіндер. 2014 жылы жарық көрген *Әнуар Тарақтың* «Абылай ханы» осы тектес. Қазіргі оқырманды тек көркемдікпен қызықтыру жеткіліксіз. Интеллектуалды оқырманға нақты құжатты деректер мен мағлұматтар керек. Автор Абылай хан билік құрған 18 ғасырдағы тарихи оқиғаларды сол кездегі ресей, қытай, құжаттары және қазақтың ақын-жыраулар поэзиясы негізінде қазақ мемлекеттілігінің ахуалын бейнелеп шыққан. Абылай хан қандай тұлға болған? Оның қандай адами, ер азаматтық, батырлық қасиеттері мемлекет басшысы хан болуға себеп

болды? Қазақтың басын біріктіру үшін қандай істер атқарды? Автор осы ретте Абылайханның сол кезде ұстанған саясатын, қолбасшылық, дипломатиялық, мемлекетке ие болу қайраткерлігін қазіргі Тәуелсіздік тұрғысынан саралап шыққан. Тарихи құжаттармен қатар қазақ толғаулары мен шешен сөзіндегі құнды мағлұматтар осы ретте келтірілген.

Күні бүгінге дейінгі қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі Абылай хан бейнесі жаңаша сұрыпталған. М.О.Әуезов, С.Мұқанов, І.Есенберлин, Ә.Кекілбаев, С.Сматаев, Қ.Жұмаділов туындыларындағы Абылай хан бейнесі жаңа тұрғыдан сипатталған. Сонымен қатар С.Торайғыров, С.Сейфуллин, М.Жұмабай, Ә.Тәңірбергенов, М.Айтбаев поэмаларындағы Абылай дәуірі мен хан тұлғасының бейнеленуі нақты тарихи деректермен салыстырылып, хан бейнесінің қалай сомдалғаны айқындалған.

Бұл кітап ғылыми зерттеумен қатар қазақтың Абылай ханы туралы тың мағлұматтар мен мемлекет басқарған Ер Азаматты үлгі етіп, қазіргі заманда еске салатын көркем мәтін. Кітаптың қазіргі талғамы мен талабы биік оқырмандарға берері мол.

Абылай қандай тарихи істердің басынан табылды? Қолбасшылық, саясаткерлік, қайраткерлік өнегесі неде? Абылай ханның тағдыры, өмір сүрген тәжірибесі қазіргі бізге несімен құнды? Отан үшін, Қазақ Елі үшін мемлекет қайраткері, мемлекет басшысы қандай құрбандықтарға баруға мәжбүр? Қара басы, не бір тап, не әулеттің мүддесі емес, қарайған елдің келешегі, біртұтастығын көздеу үшін қандай ақыл мен парасат керек болды?

Ресей мен Қытай арасында тұрған Қазақ Елінің мемлекеттілігін іске асыратын саясат жүргізе алған Абылай хан аттан түспеген батырлығымен елдің сүйіспеншілігіне көзі тірісінде ие болған асыл Ер. Автор ресми деректерге сүйене отырып «Абылайдың саясатының негізі – Ел мүддесін қорғау» екенін дәлелдеп шыққан (27). Ресей мен қытайдың айдағандарына жүретін, айтқандарына көнетін хан керек еді, бірақ Абылай хан қазақ мемлекетінің билігін іске асырды. Ресей мен қытай құжаттарынан келтірілген деректерден Абылай ханның аттан түспей қазақ елі үшін жанталасып өткен өміріне қуә боламыз. Қалмақтармен

шайқасы батырлығының ғана куәсі емес, ресей бодандығына бойұсынбаудың амалдарын таба білгені. Еділ қалмақтарының қытайға бара жатқан жолын кесіп, тас талқан ету арқылы Абылай хан елін үлкен қауіптен сақтап қалғаны саяси стратегия ретінде айқындалған.

Автор Абылай хан стратегиясының ең басты қасиеті: 1. «Ханның Алланы ардақтап, дінге, ислам қағидаларына қалтқысыз беріктігі»; 2. «Ел жақсыларымен ақылдасатындығы»; 3. «Әділдігі: түскен олжаны тең бөліп отыруы» деген қорытындыға келген. Майқы би сөзімен айтқанда, «Хан – халықтың қазығы» болған дәуір – Абылай хан дәуірі. Тағы да Майқы биге сүйенсек, «Хан әділ болса, халық ынтымақты болады» (151). Хан болу Алланың сынынан өту екені осы ретте айғақталған.

Бұл кітаптың эсселік дискурсы қазіргі әдебиетті іздеп жүріп оқитын талаптарға сай. Қазіргі оқырманға қазақ ханы Абылай туралы қолпаштаған сөздер ғана емес, нақты дәлелдер мен құжаттық айғақтар да қажет. Сондықтан Тәуелсіз кездегі Абылай хан бейнесін Ә.Тарақтың кітабы қазақ мемлекеттілігінің де тарихы. Үш жүздің басын қосып, елді біріктерген ханның тектілігі мен өнегелі істері қазіргі біз мақтанш ететін Отанға қызмет етудің үлгі ретінде айғақталған.

Қазіргі замандастарымызға үлгі боларлық кейіпкерлер қажет-ақ. Бұл кітаптағы Абылай хан бейнесі осы тұрғыдан айғақталғанымен кітап сұранысқа ие болуы да айқын.

Момбек Әбдікәкімұлы «Күн тұтылған мезгіл» тарихи романның 1-кітабы нақты тарихи оқиғаларға арналған. Оңтүстік Қазақстан шекарасына қатысты мағлұматтар сөз етілген. Тәшкентте 25 жыл бектік еткен Қожамжар би қандай тұлға болған? Жоғарыда айтып өткендей қазіргі тарихшылар айта алмай жүрген тарихи деректер де бұл кітапта баршылық. XIX ғасырдағы Оңтүстік Қазақстан тарихы, Ташкент шаһары қазақ жері болғандығы романның негізгі тақырыбы. Кітаптың анықтамасында былай делінген: +2

Романда атақты Төле би бабамыздың баласы Қожамжардың Ташкентке бек болғаны тарихи құжаттар негізінде суреттелген. Біз тек қысқа қайырылған тарихи

деректерді малданумен шектеліп келдік. Бұл романда қазақ жерінің қадірін білген бабаларымыздың молаларының қай жерде екенінің өзінен қазіргі ұрпақ мағлұмат алуы тиіс деген тектілер ісін көреміз. Бұған дәлел Төле би бабамыздың Ташкентте жерленуі. Романда қазақ билерінің ақылмен билікке ықпал етулері, ел қамын ханға жеткізе білулері ұтымды көрсетілген. Романда хан Абылай, қазақ билері мен батырларының бейнелері нанымды сомдалған. Қазіргі қазақ жастары ата-бабалар істерін мақтаныш ететін оқиғалар Отан үшін, ел үшін деген жан пидалық істері нақты тарихи оқиғалар негізінде суреттелген. Ханның әділ саясаты тек сыртқы саясатта емес, ел ішіндегі істерде ұстанылған кісілігі нақты оқиғалар арқылы айғақталған.

Ата бабалардың тек қара басының қамы емес, елі үшін ат үстінде бейнетпен өткізген күндері туралы нақты мысалдар келтірілген. Қазақтың Оңтүстік шекарасына қалмақ кеткелі маза бермеген Манас ұрпағын да Абылай хан өз орнына қойғаны осы ретте нақтыланған. Абылай хан мен Төле би реттеген бұл мемлекет ісі абыройлы болған. Осының нәтижесінде Қожамжардың Ташкентке 25 жыл билік еткені романда көркем суреттелген. Бірақ Абылай өмірден өткеннен кейін бір жылдан кейін жау бас көтеріп, Жүніскожаның: «өз қалауыңмен Ташкеннен кет. Кетпесең көз алдында әкеңнің зиратын күл-талқан етем» дегені іске аспас үшін Қожамжар Ташкентті тастап кетуге мәжбүр болады.

Тарихи оқиғаларды тура осылай сөз ету қазіргі оқырманның танымдық қажетін өтейтінінде анық.

Қайранбай Жұмабай Қоқанұлы «Өмір керуен». Хикаят. Бұл мәтінде де тарихи сюжет орын алған. XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастап, XX асырдың 30-жылдарына дейінгі хронотоп қамтылған. Әкелі-балалы Сапай мен Батырхан тағдыры арқылы қазақ өмірі суреттелген. Тар жол, тайғақ кешу, шаш ал десе бас алған қуғын-сүргіндер тартымды баяндалған. Белгілі тарихи оқиғалар кейіпкерлердің көрген қасіреттері арқылы берілгенімен роман өз жүгін көтергені анық.

2. Классикалық дискурс.

Қазақ прозасының дәстүрлі дискурсын жалғастырып

келе жатқан *Қабдеш Жұмаділовтің* «Аққуды атпас болар» (хикаяттар, әңгімелер, ой-толғамдар) кітабы қазір жазылғандығымен ерекше. «Аққуды атпас болар» хикаятында Шәкәрім Құдайбердіұлының Саятқорадағы соңғы күндерінің қалай өткені баяндалған.

Шәкәрімнің: «шамасы, Қарашегір бірдене сезетін секілді. Сіз өз өміріңізде құс баласының күрсінгенін көрдіңіз бе? Ал, Қарашегір кейінгі кезде уақ-уақ күрсінетін болып жүр. Шәкәрім соны бірнеше рет естіді: « Көк жүзіне көтерілмегелі көп болды. Іші толып, құса болып отыр-ау? – дейді Шәкәрім ондайда. – Өзі олай-бұлай болып кетсе, бұған кім ие болады? Әлдебір дәлдүрішке қор қылғанша, аспан айдынына ұшырып қоя берген дұрыс шығар» (6). Құстың күрсінгенін суреттеу қазақ әдебиетінде бұған дейін бар екені мен үшін белгісіз. Белгілі оқиғалар бәрін көріп, куәгер болып жүрген нарратордың сөздерімен берілген. Ол Шәкәрімге жаны ашып, болған оқиғалардың куәгері ғана емес, ол кейіпкерлердің қасында жүріп ойларын бағушы. Жазықсыз атылған қажы ақынның елі үшін күңіренген ойлары мен жаңа билікті мойындамаған себептерінің куәсі боламыз.

Қ.Жұмаділов қазіргі тақырыпты да батыл көтеріп келеді. «Шырмауық» атты хикаяттың бірінші сөйлемдері: «Нұрқанат пен Еркебұланның қарым-қатынасын шынайы достық деп атауға келе қоймас» деп басталады. Хикаятта осы сөйлемдегі ой нақтылана түседі. Астанда жүрген екі жас шенеуніктің қазіргі нарық заманға сай қалыптасқан пенделік арақатынастары айғақталады. «Баяғы мектепте, университетте оқып жүргенде, Нұрғанат – тал, Еркебұлан соған оралған шырмауық сияқты еді. Енді Еркебұлан – тал, Нұрғанат шырмауыққа айналғаны ма? Не істейсің, «дүние-кезек» деген сол. Әйткенмен, бұл тірлікте тал бол, шырмауық бол, жарық дүниеге талпынып, өніп-өскенге не жетсін!» Шығармада қазіргі тақырып бүгінгі шен мен қарны тоқтықты ғана мақсат еткен шенділер бейнесін Қ.Жұмаділов әдемілеп, күрсініп отырып бетімізге басқан. Өмірінің қалай өтіп жатқанын ойлауға мұршасы болмай жүрген қазіргі жастарымыздың пенделік «достығы» осылай айқындалған.

Дулат Исабеков. Әңгімелер. «Шойынқұлақ» әңгімесінде бір қарағанда мін жоқ, әдемі. Жүсіпбек Аймауытовша қырағылық пен сөзді орынды пайдалана білу бар. Мен деп, I-жақтан баяндалған әңгімеде жас механизатор жігіттің жұмыс бабында ұстазы болған Шойынқұлақпен ара қатынасындағы шынайылық пен ер азаматтар арасындағы сөзге сараң, бірақ сезімдерін білдірмей түсінісу сияқты оқиғалар суреттелген. Д.Исабеков кейіпкері туралы жетім бала деп айтпайды. Диалогта біреуге жауап беру арқылы бұл туралы мағлұмат береді. Өзінен үлкен Шойынқұлақтың ұстаздығын көрген жасөспірім шығарманың соңында өзі де есейіп қалады. Сұлтан мен Алданыш (Шойынқұлақ) трактормен жер жырттып жүріп өмірді және бірін-бірі тани түседі. Бұл шығармада қарапайым ауыл тіршілігі нақты бригададағы ер азаматтар тірлігі арқылы ашыла түседі. Екеуінің Назираға хат жазуы, жауаптың үзіліп кетулері, Сұлтанның хат тасып, Шойынқұлақтың құсалануы, жұмысын тастап қоштаспай кетіп қалуы, бірақ соңында қайта оралуы – негізгі оқиғалар. Соңғы сөйлемдер: «Адамда осындай мінез бен махаббат кездесе береді екен-ау!»... «Шынын айту керек, анада «ауылға жүрсеңші» деп келіп кеткен ағамды мен мұншалықты сағынышпен құшақтамаған едім» дейді кейіпкер. Д.Исабеков осындай детальдар арқылы ер азаматтардың есейгенін, өмірді танудағы таза қарым-қатынастардың бар екенін шағын әңгімеде жаңғыртып берді.

Әлібек Асқаров «Алтайда алтын күз еді». Поэма деп атау қойылған кітапты бастаған бетте соңына дейін бір деммен оқып шықтым. Нағыз қазір оқылатын постмодернистік проза екен. Шынында да поэма деген атауға сай мәтін, жеңіл оқылады. Бас кейіпкер суретшілер әулетінен, Алматы көркемсурет училищесін бітірген. Өзі туралы: «Өнертанушы бір замандасым менің бітіміме «жазушылар ішіндегі суретші, суретшілер арасындағы жазушы» дейді. Алматыға кезекті іссапармен бір келгенде жалбыр шаш әлгіндей бір таныс суретшімен күн ұзақ сырласқаным бар. Жалпы әдебиетке қатысты менің басымда да бір жағдай өтіп еді», – деді күмілжіп. «Олай болса, айт» деп, мен де тілінен тартып, жетелей түстім. Айтар әңгімесін *арқан*

жұтқандай ыңыранып ауыр бастап еді, артынша ағыл-тегіл ақтарылды-ай дерсің».

«Астанаға келісімен бұл әңгімені ақ қағазға түсірдім» деп оқырманға ұсынған: «Сондағы Жәнімқан атты суретші жерлесімнің айтқан әңгімесі мынау еді» деп бастайды баяндаушы (4).

Шығарманың хронотопы нақты көрсетілген 1998 жыл: «Шығармашылық дәуреннің жалыны түгілі шоғы да сөне бастады» деген кез. «Шақша басым шарадай болып, бір нәрсені шарқ ұрып іздегендеймін, бірақ нені іздеп, нені аңсайтынымды өзім де білмей дал ұрам» (5) дейді бас кейіпкер.

Алматыда отбасылық және шығармашылық дағдарысқа ұшыраған суретшіні туған жеріне кездейсоқ кезіккен әкім ауылдасы шақырады. Жүсіпбек Аймауытұлының суреттеген қасиетті Алтай тауының етегінде суретші замандасымыздың басынан өткен бүгінгі оқиғаларына куә боламыз. Аршат ауылындағы қаладан келген суретшінің таза табиғат аясында демалып, ауылдағы адамдармен араласып, күйзелістен шығуы сөз етілген. Алтайдың айлы түні кейіпкерге Куинджидің суретін еске салуы да орынды, себебі басты кейіпкер көркемсурет училищесін тәмамдаған маман иесі.

Тауға шығу, табиғатты тамашалау, маңайындағы жан-жануардың дыбыстарын ажырата білу, аңшылықтың қыр-сырымен таныс болу сияқты оқиғалар әдемі келтірілген. Суретші кейіпкердің маңайына этюд ретінде қарауы да сөзбен сурет салғандай берілген. Алтай күзінің сұлулығы ғана емес, тек өсімдік аттары ғана емес, мал мен аң-құстар туралы да неше түрлі танымдық мағлұматтар келтірілген. Аңшылық туралы түсінік те осы ретте ашыла түскен. Алтайдағы аңдардың әдеттері мен тіршілігі туралы да деректер бар. Осы ретте күзгі Алтай туралы былай делінген: «Ауада танау жарғандай бір хош иіс сезіледі. Шайыр иісі ме екен? Жоқ, шайыр болмаса керек-ті, ол жоғарыдағы тау белдеуінде ғана. Әлде балдың иісі ме? Оған да келмейді. Құдай біледі, мынау хош иіс Алтай күзінің иісі...» (33).

Баяндаушы Алтай күзінің суретін ғана тамашаламай өзі де шым-шытырық оқиғалардың куәгері болады. Жазушы

суретшінің басынан кешкен оқиғаларды адам тағдырының оң мен солды таңдауынан тұратынын сөз еткен. Бұғылар сайысының жекпе-жегі оқырманның көз алдында болып жатқандай суреттелген. «Өнер жолын мұрат етем деп жүріп әйел затын, махаббат деген ұғымды саналы түрде тәрк еткенім шындық-ты... Сағымдай арбап, сабындай құбылған мынау алақұйын заманның бұралаң соқпағы көп екен...» (175) дейді кейіпкер.

«Дариға, дәурен-ай, бұл тірліктің тұрлауын енді қайдан іздеймін, қайда барам, қайдан табам?» (180). Суретшінің осы сапардан кейін туған суреттерін көрмеден көрген баяндаушы ол суреттерге келесі сараптама береді: «Бұл алып сурет шын мәнінде табиғат Анаға арналған гимн еді». Шығарманың тілі жеңіл, кейіпкердің сөздері, оның қасында жүрген нарратордыңкінен ерекшеленіп тұрады.

Қуандық Түменбаев. 6 томдық шығармалар жинағы. Жазушының 2-томдағы «Қояншық» әңгімесі психологиялық проза. Тіс емхананың күзетшісі Доғалақ жұмысқа келгелі Христофор Ивановичтің «бөтелкемен үйде сырласыңыз, бұл жерде спирттің иісі онсыз да мұрын жарады» деп, жұмыс орнын тазартып шығуы кейіпкердің орынсыз жатқан заттар мазасын алмасын деген ниетпен іске асырылған. «Есі кіргесін білгені – өзі некесіз туған бала екен. Кейін білгені әкесі өмір бойы опера театрының жалпы хорында айғайлап тұрып зейнетке шықса керек» (143) деген дерек. Есімін Доғалақ қойған да шешесі тұрған пәтер иесі, жалғыз басты кемпір екен. ... Доғалақ дегенің не мағына беретінін әліге дейін білмейді; «түсіндірме сөздіктен» көрсем деп андасанда оқталып та қояды, бірақ әке көрмеген жалтақтығы жеңіп кете береді, ең дұрысы өмірге тура келмей Доғалақ келгесін азан шақырып Доғалақ қойса керек деп түйіндейді» (143). Бұл – кейіпкердің жанында жүрген нарратор берген мағлұмат. Тіс жұлатын емханада адамның жан дауысы жиі шығады, кейіпкер ол туралы: «Осы күні адамдар тісіне емес, жүректеріне құрт түсіп жатқанын білер ме екен?! Бәрі адамның өзінен...». Өзін алдап ақшасын алып қойған қайнағасына: «Үй әпермесең де, ақшамды қайтармасаң да адамның бетіне тура қара!» (146) деуі тәні кемтар болса да, ішкі сарайын таза сақтауды талап етеді.

Қояншық ұстамасы басталар алдында: «Құлағы азан шақырып әкетіп барады»... «Бала кезінен үрейшіл бала терезеден қараса, ағаш бастары тербетіліп, билеп тұратын, бісмілла десе талдар тербелетін қылып, жердүние мамыражай күйге ауыса бастады» (147). Баяндаушы «кейіпкер талып қалды» демейді, оның қиналғанын сөз етеді: «Ирек-ирек жіңішке дыбыстар тиылып, Доғалақ естүсіз қалды. Езуінен аққан қызыл қан еденге тамды. Бұл адамзаттың кірлі дүниеден қажып, бір сәт өзімен-өзі болып, кірпік айқастырып жатқан бір сәті еді. Жүрекке түскен мың батпан салмақтан өмірдің өнін айналдырған арсыз кейпіне қараудан жанары талып, ештеңені көрмей-білмей, бәрін де санадан шығару амалы еді бұл» (147-148). Қояншық ауруы болған, Наполеон, Достоевский, Леонардо да Винчи, Сталин, Смоктуновскийлерді ағайды. Қайнағасының өтірігінен шаршаған Доғалақ жұмыста талмасы ұстап, елес көріп, өмірі көрмеген әкесінің әруағымен сөйлеседі. Көп ұзамай ақсақ, кемтар Доғалақтың эпилепсия дерті анықталғанына көзі жеткен әйелі ұлын алып тайып тұрады. Осыны естіген Доғалақ ұлап бара жатып: «Мұндайда Наполеон ауызына жұмсақ орамал тістей қояды екен...» (156) деп ойлап үлгереді.

Классикалық прозада ол есінен танып құлады, әйелінің оңбағандығы бірнеше бетке баяндалатын еді. Мұнда басқаша. Достоевскийдің есінен танып жүретін князь Мышкин сияқты адамның есінен айырылған кезі баяндалған: «Ол санасын ойрандаған зіл-заладан арылу үшін Жерден шуағын аямаған Көкпен тілдесіп, көк аспаннан көмек сұраған тілеуқор күйде еді» (157). Бұл дәстүрлі психологизм, бірақ бұрынғыдай кейіпкердің жанталасқан істері емес, жанының қиналуы, ессіз күйдін адам қатыгездігіне қарсы тұрғанын көреміз.

Қ.Түменбаевтің «*Бекеттегі бейкүнәлер*» романында 1986 жылғы көтеріліс қана емес, қазақтан шыққан алғашқы диссиденттің бірі Халелдің бұл жолға қалай түсіп, қандай қасірет шеккені баяндалған. Романда тәуелсіздікке жеткенімізге дейінгі Халелдің басына түскен саяси оқиғалар оның диссидент болып қалыптасуына ықпал еткені баяндалған. Сөз басына В.Гюго мен Ілияс Жансүгіровтен эпиграф берілген: Ерте-ерте ерте еді, Ел шапқанның еркі

еді, Хан қаһарлы еді, Қан матаулы еді. Би беделді еді, Бейкүнә не көрмеді?!

Бас кейіпкер консерватория студенті Халел Мұнайпасов «Дала симфониясын» құйқылжыта жөнелді». Ұстазына ұнамаған қазақи үн «примитивный» болатынына қарсы пікір айтқан студент емтиханнан құлатылып кете береді. Бычковтің басты шарты – ұлтшыл музыка жазбау» дегеніне қарсы тұрған студент оқудан қуылады. Осыдан басталған ұлттық музыка, қазақ тілі үшін күресі әскерде де жалғасады. Күн көру үшін жүк түсірген оған тағы да ақысы әділ берілмеген кейіпкер: «Неге менің жолым ылғи күресуден тұрады? Керіссіз ештеңеге де қол жеткізе алмаймын. Неге менің жолым сондай ауыр?» (10) деп күніренеді.

Армияда қазақ жігіттерін сабаған орыс тілділерден көрген әділетсіздікке шыдай алмай Қадіржан Халықұлына (Бауыржан Момышұлы) атақты батырға айтам деп Алматыға қашып келеді, бірақ түрмеден бір-ақ шығады. Армияда қазақтарды шеттетіп, ауыл балаларын қорлағандарға қарсы тұрғаны үшін таяқ жейді. Осы ретте Алматылық орыс тілді қансыз қазақтардың басқаларға жаны ашымай, бөлектеніп жүретіндеріне бас кейіпкер қайран қалады: «Менің шешем белорусь болса да, орысшаны сөйлей алмаймын, өйткені әкем қазақ, өскен ортам қазақ». Әскерде теңдік орнатам дегеннен басталған саяси күрес бас кейіпкерді түрмеге түсіреді, қаншама қасірет көрсетіп, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне жеткізеді. Кейіпкер өзі туралы: «Осыншама жақсылықты осыншама жамандықтан үйрендім» деген Лұқпан Хакім. Бір жақсылық болар деп тағы да өз көңілін жұбатып». Роман соңында бас кейіпкер журналист сұрақтарына былай деп жауап береді:

– Өмірдегі ең жақсы көретін нәрсенің?

– Теміржол бекетіне адамдарды шығарып салып, күтіп алу... (200-б.).

– Ең жақсы көрмейтін нәрсенің?

– Бекеттен тұтқын боп аттану.

– Армия – өмір мектебі емес.

Ал, түрмеден келген адам бізде ең соңғы Адам, оның қоғамда алатын орны жоқ» деп ағынан жарылады бас кейіпкер.

Қазіргі бізбен бірге өмір сүріп жатқан осыншама қасірет шеккен азаматтың бұл сынақтардан аман шыққанына ғана емес, оның жан арпалысының куәсі боламыз. 1986 жылғы алаңға шыққан топтың ішінде осындай саяси жағынан шыныққан азаматтар болғаны да рас екені анық.

Қуандық Түменбаев «Қасқыр мен қояншық» атты шығармасында қояншық ауруы бар Міржақыптың жан азабын көреміз. 25 жасында осы дертке ұшыраған ауыл мұғалім елден шеттетіліп, жалғыздыққа ұшырайды. Балалардың алдынада «П» әрпін түсіндіріп тұрған мұғалім мысал ретінде пайғамбар сөзін айтып қалған кезде «екі құлағы шың етіп» біреу осы сөзді қайталап тұрғандай ес-түссіз құлайды. Содан бері ұстаздықтан шеттетіліп, ауру адам ретінде маңайына үрейлі болып күн кешеді. Ауылдастары ауылға қасқыр жақындады деп үрейленген кезде кейіпкер сол қасқырды іздеп барып онымен тілдеседі. Осы ретте кейіпкер: «Адамдар неге бір-біріне қасқыр?» деген сауалға жауап іздейді. Адамдардан қашқан Міржақып жыртқыш болса да қасқырды жанымен түсінеді. Қалай болғанда да Қ.Түменбаев кейіпкерлерінің істері ішкі жан дүниесінде қалыптасып, содан кейін ғана сыртқы әрекеттерде іске асуда. Адамның сезімі мен оның сыртқы әрекеттері тікелей байланысты екені осы ретте психологиялық тұрғыдан айқындала түскен.

Ұзақбай Доспанбетов «Асылдың сынығы». Бұл шығармада қазіргі қазақ ауылындағы дәстүр мен дәстүрсіздік сөз етілген. Оңтүстікте қазақилық сақталды ғой деп барған журналист кейіпкер саясат қуған ақсақалдар мен қазақи дәстүрден қол үзіп қалған қазіргі замандастарымыздың пенделіктерімен ғана кездеседі. Қазіргі ауылдағы бұрынғы қазақтың қонақжайлығынан айырылып қалуы қасірет ретінде бейнеленген. Шығармада қазіргі тақырып нанымды, нақты көтерілген. «Алтынның сынығы, ескінің сөзін біледі» деп таныстырылған кейіпкердің бүгінгі мүшкіл халі – қазіргі дәстүрден айырылып бара жатқан қазақ ауылының символы.

Қазиев Қарауылбек. Таңдамалы. Бұл жинақтағы «Иманжапырақ» пен «Ақ бантик» мәтіндері классикалық прозаның лирикалық дискурсы атауына лайық. «Ақ

бантиктегі» ауыл жастары жас қыз бен жігіттің бір түндегі серуені кезіндегі шынайы сезімдері бейнеленген. Сонымен қатар бұл шығармада келесідей теңеулер ерекше болып табылды: «Тозған кигізше сетіней бастаған қалың бұлт жыртығынан таңғы шық тамшысындай бір жұлдыз су түбінен көрінді» (83). Үш жарым беттік әдемі көркем проза сезім тазалығы, шынайылық, бірақ сонымен қатар балалықпен қоштасу – ақ бантикті ағаш түбіне қалдыру сияқты символдармен көркемделген.

Мамытбек Қалдыбаев. «Жорға мінген жолаушы». Деректі роман. Қазіргі қазақ ауылындағы қарапайым қазақтың тағдырдың ауыр талқысынан өткен, бірақ өзінің қолынан келетін жақсылықтарымен ел құрметіне ие болуына себеп болған істері бейнеленген. Әр қазақ өз ауылы үшін не істей алады деген сауалға бұл шығарма нақты жауап берілгендей. Қазіргі заман кейіпкері – ол міндетті түрде қалталы адам емес, ол пейілі мен кең болуды және қазақ балаларының жолын ашуды өзіне мақсат етіп қойған кейіпкер.

Көсемәлі Сәттібайұлының «Хауа Ананың көз жасы». Әңгімелер. Кітапқа алғысөзді Мархабат Байғұт сияқты қазіргі қазақ прозасының төрінде жүрген азамат жазыпты. «Жазушының «Шарбақтының жалғызы» бүгінгі қазақ әңгімесінің үздік үлгілерінің қатарына жатады. Бұл шығарма Альберт Камюдің «Еркіндік дегеніміз – жалғыздық» және Ф.Достоевскийдің «Біз неғұрлым ұлтжанды болсақ, соғұрлым бүкіл адамзаттық бола түсеміз» деген сөздерін қағидалай қадап келтіріп эпиграф еткен. Байшыкештердің жүгірмектерін бір шымшып өтіп, Шарбақтының ки сасыған мал базарына топ еткізеді сізді. Ғақлия мен ертегілері өз алдына бөлек әңгіме. Көркем әңгіменің әуелгі зергерлері Бейімбет Майлин, Жүсіпбек Аймауытов, қазіргі шеберлері Дулаг Исабеков, Тынымбай Нұрмағамбетов, Несіпбек Дәутайұлынан, т.б. үйрене білген, оларға әрі ұқсайтын, әрі мүлде ұқсамай, өзіндік өрнектерін тапқан талант иесінің жаңа кітабы – жаңа биігі, тың тынысы». Бұл жинақтағы мәтіндер қазіргі әңгіме жанрына қойылатын талаптарға сай жазылған. Шығармаларында қазіргі тақырып пен замандастарымызды ойландырып жүрген рухани мәселелер батыл көтерілген.

Бейбіт Сарыбай. Мейірім. Әңгімелер. Меноқыған «Бейкүнә күнәһарлар» әңгімесінде ауылдағы жасөспірімдердің өмірі бейнеленген. Ауылдағы ересек балалар уақытын қалай өткізеді? Олардың басты құндылықтары қандай? Қыз балалармен тұңғыш рет ер балалар ретінде араласу қандай қиыншылықтар туғызған? Ер бала үшін алғашқы сезім несімен есінде қалған? Жас балалар үшін адалдық деген несімен ерекше? Сүйрікке өзінің алтыншы Б класында оқитын қызды жақсы көретінін айту адалдықты ұстанғанының белгісі ме? «Мен оны жақсы көріп жүре берем. Кейін ол жігітімен ұрсып қалғанда менімен жүреді. Соған дейін мен оны күтемін дедім». Б.Сарыбай әңгімесі келесі сөйлеммен басталып, осы сөйлеммен аяқталады: «Ей, самолет! Алматыға ала кет!». Бұл лирикалық рефрен ауыл балаларының жаңа өмірге деген үміті!

Әлсейіт Оспан. «Шырағым менің» әңгімелер. «Бақыт» пен «Былғары күрте» әңгімелерінде қазіргі замандастарымыздың бейнелері суреттелген. Ер азаматтың қадірін білмейтін әйелдер мен отбасылық береке бірліктің әйел үшін басты екенін түсінген екі әйел кейіпкердің әңгімелері баяндалған. Қазіргі қаладағы қазақ әйелдерінің күйеулеріне бұйыра сөйлейтіндерін өздері байқамай осымен де отбасының берекесін кетіріп жатқандарына көздері жетеді. Шағын әңгімелерде жазушы қазіргі отбасындағы отағасы мен әйел ананың асығыстық өмірде бірінің-бірі қадірін білмей өтіп жатқан күндерін сөз еткен.

Ұзақов Бегабат. «Жантаза». Әңгімелер. Бұл жинақтағы «Балуан қыз» мәтіні көркемдігімен ерекше. Шағын әңгімеде автор нағашыларынан жұққан балуандыққа ие болған Бәтима мен ағасы Абылайдың балуандық тағдыры баяндалған. Ауылдағы тойдың бірінде Алдағұл балуанның қасақана ниетінен Абылай ел алдында мерт болады. Қарсыласы мойын омыртқасын үзіп жібереді. Осылай жеңіске жеткен Алдағұлды кейін Абылайдың ата-анасы кешіреді. Бірақ балуан Бәтима Алдағұлдың арам ниетін есте сақтап, қаншама жыл кәсіби түрде шынығып, қапыда кеткен ағасының кегін қайтарды. Қалай болғанда да жеңіске жетуді мақсат еткен Алдағұлды осылай жөнге салады. Балуан қызбен күресуге шыққан Алдағұл бұлай болады деп

ойламаған еді. Жазушы күресті сөзбен бейнелеген кезде күресшілердің әр қозғалысына дейін мән берілген. Бұл кек алу емес, опасыздық жасаған Алдағұлды орнына қою еді: «Бәтима балуан жерде ыңырсып жатқан Алдағұл балуанның қайта тұра алмасын білді де ешкімге қайырылмай құрды қақ жарып шығып, бағанаға байлаулы тұрған күрең аттың шылбырын шешіп ап қарғып мінді. Батысқа қарай құйғыта жөнелді. Он бес шақырым жердегі Сұлтан Баба әулиенің қорымына ағасының қабіріне бармақ, шамасы».

Ыбырайымұлы Әділбек. «Зауқайыр» роман триллер. Бір отбасының тағыдыры арқылы қазіргі қоғамдағы қатігездік пен немқұрайдылық сөз етілген. Романның бейнелеу дәрежесі піспеген, жанрға қойылатын талаптарға жауап бермейді.

Қамбасов Сейіт. «Ел басына күн туса». Роман. Үшінші жақтан баяндалған оқиғалар бас кейіпкер Әбусейіт өмірінің қыспақтарын баяндаған. Романда саяси науқандардан көз ашпаған Қытай жеріндегі қазақтар көрген аласапыран қасірет бейнеленген.

Үсен Серік «Ақшатың суы мөп-мөлдір. Өңгіме хикаялар. «Жарық дүние» әңгімесі 3-ақ беттік. Емхана ауласында ойнап жүрген бүлдіршіндерді көріп тұрған ауру қыздың қасіретін автор диалог арқылы берген. Гүлтекше шетінде бар дүниені ұмытып, емін-еркін ойнап жүрген сүйкімді қос бүлдіршінге телміре қарап тұрған науқас Сәулеге ақыл айтқан мейірбике кеін өзі де ойланып қалады. Оған себеп, Сәуленің бірауыз сөзі еді: әйел ана болғанда ғана бақытты болады деген пікір еді. Мейірбике Сәуленің сөздерінен өзі ауру, дімкәс деп кеміткен Сәуленің сөзінен кейін ғана өз баласының қадірін енді түсінгендей. Қысқа мәтіннің тілі көркем, ойы терең.

3. Ғылыми-танымдық құжаттық негізі бар эсселер мен жастар дискурсы.

«Хан Тәңірінің мұзбалағы». Естеліктер. Құрастырған *Айтақын Әбдіқалов.* Кітапта Мұқағали ақын туралы ең соңғы зерттеулер қамтылған. Осы ретте Ғаббас Қабышұлының мақаласында Мұқағали Жазушылар одағынан шығарылған жоқ деген ақпарат нақты құжаттармен дәлелденген. Бұл дерек Мұқағалитанудағы тың мағлұмат болып табылады.

Құлтөлеу Мұқаш. «Ақдарига». Хикаят, әңгіме, эссе. «Қас батырдың мінезі» атты эссе халық қаһарманы Қасым Қайсеновтен алған сұбхаттың автор ойымен толықтырылуы. Жазушы Құлтөлеу журналистің сұбхат кезінде ойлап отырған ішкі ойларын, халық қаһарманының тұлғасын оқырманға түсіндіруге тырысқан әрекеттері осы ретте баяндалған. Шынында да соғыста ерлік көрсету үшін қандай ер мінезге ие болу керек. «Кімде кім халқын сүйсе, Отаны үшін жан аямай соғысса, сол батыр болады. Өлсе батыр болып өледі, тірі қалса, батыр болып жүреді». Батырдың келесі ойы да бұл эссенің басты тақырыбы іспеттес: «Мың өліп, мың тірілген деп жағамыз. Сол дұрыс сөз. Оның үстіне рухымыз биік халықпыз. Көрмейсің бе, қазақтың анау екі қызының батырлығын. Әлия мен Мәншүкті айтам. Басқа халықтан неге шықпайды сол Әлия мен Мәншүктей ержүрек қыздар» (273). Автор үшін бұл эссенің ішкі тақырыбы келесіде: «Жалғыз ғана тілек бар: ата-баба қаны төгілген жер мен елдің дербестігінен айырылып қалмауымыз керек. Ол үшін жас ұрпақ мықты болуға тиісті». Құлтөлеу Мұқаштың бұл мәтінінде көбіміз айтып жүрген, нақты кім айтқаны белгісіз келесі мағлұмат берілген. Илья Эренбургтің «Истра жағасында» (Правда газеті, 1942) очеркінде былай делінген: «Один фриц мне сказал: против нас были странные солдаты – их не мог остановить никакой огонь, они бежали прямо на нас. Потом мне сказали, что это казахи. Я не знал прежде, что существует такой народ».

Құлтөлеу Мұқаштың «Бөртегүлдің иісі» эссесінің бас кейіпкері – 35 жастағы Сағат Әшімбаев. Шәкірт пен ұстаз арақатынастары шынайы рухани туыстық пен таза ер-азаматтар арасында болатын ерекше сыйластыққа ұласқан. Автор бөртегүл-сирень екенін тұңғыш рет Сағат Әшімбаевтан естігенін де осы ретте әдемі келтірген. Қазіргі постмодернистік эсселердің көп оқылуы осындай рухани ара қатынастарды қамтуында.

4. *Гендерлік дискурс. Зейнеп Ахметова* «Әзіліңді сағындым». Белгілі жазушы дүниеден өткен жұбайы Бақытжан Момышұлымен өткізген отбасылық ғұмырындағы қарым-қатынастағы бір-бірінің қадірін түсіне білген ерлі-зайыптылардың сыйластығы туралы

естеліктерін оқырманға ұсынған. Бұл естеліктерден қандай да бір қиыншылықта екі адамның парасаттылықты ұстанған жандар екенін аңғарамыз. Кейде бірге күліп те аламыз, себебі бұл ерекше қалжыңмен көркемделген естелік. Отағасына Басием деп айту үшін де соған сай азамат болу керек және ер-азаматтың қадірін түсінетін ақылды әйел болу қажет: «Бұл кітап Басиемнің көзі тірісінде «Бәкеңнің бірқақпайлары» деген атаумен жазыла бастаған болатын» дейді автор. «Алтынның сынығы да алтын» деген аңдатпасында автор былай деп ағынан жарылған: «Тосылып айтпай басып айтатын сөзге ұста, ойға жүйрік Бәкеңнің бірқақпай әзілдері тез тарап кететін. Сықақшылардың кейбіреуі Бәкеңнің айтқандарын сәл-пәл өзгертіп, сахнаға пайдаланғанын талай көріп, құлағымыз естіді. Газет-журналдарда «... деген екен» айдарымен басқа біреулердің иелігімен жазылғанын да оқыдық. Ойдан шығарылған ештеңе жоқ».

Автор Бәкеңнің ащы қалжыңына өкпелеген кезін еске алып, осы ретте атасы Бауыржан Момышұлының айтқан сөздерін былай деп келтірген: «Балам, кейде әзіл де адамды өкпелетеді. Қалжыңға келгенде Бақытжанның жатыпатар, жертесер екенін өзің де білесің. Сөйлеп қалған ауыз жыбырлағанын қоймайды дегендей, ол бәрібір қалжың мен қағытпасын тоқтатпайды. Әсіресе, сен жылаған сайын ол өршелене түседі. Сондықтан оған қарсы қалқан қойғын. Қандай қалқан дейсің ғой? Өзің қосыла күлгін. Сонда оның қолынан қаруы түсіп қалады. Өзіне-өзі күле алатын адам – ақылды адам. Білемін, әдептісің, бірақ әдептілік пен жасқаншақтық ара салмағы бөлек екенін түсінгін, – деді». Ата сөзін былай деп түйіндеді: «Әдемі әзіл ақылдан шығады. Аузында әзілі жоқтың қолында шоқпары бар, – деді».

Жазушы Зейнеп Ахметова қайын атасы Бауыржан Момышұлы мен отағасы Бақытжан Момышұлы сияқты қазақ ерлерінің парасатты ақылы мен кісілігінен көрген адамдық мінездерін осы шағын қалжындар арқылы қазіргі замандастарының назарына салады.

Жазушының келесі ойы бәрімізге қажет: «Түсінісу – рухани бірлікке әкеледі. Ерлі-зайыптылар арасында оған

жетер байлық жоқ. Аз күнгі тіршілікте сол рухани бірлікке, үйлесімділікке жете алмай кететіндер қаншама! Судай ағып, желдей есіп, қас пен көздің арасында өте шығатын қысқа өмірді бағалай алмай келеміз. Жұбын жазбай жарасып жүрген аққулар да, андысып жүріп ит пен мысық та өтетін жалған дүние ғой». Кітаптың аңдатпасында үйге телефон соғып: «Аға, басыңыздан соғыста өткен бір эпизодты айтып беріңізші» дейтіндер мен алдарынан камерамен шығып: «Аға, сізді әдейі күтіп тұрмыз. Бауыржан атаның балалық шағы туралы әңгіме айтып беріңізші» дейтіндерге автор өкпелегенін жасырмайды. Қай бала әкесінің балалық шағынан әңгіме айтуға құқылы?

Қазіргі журналистердің әкесі мен баласын шатастырып алулары да заманның кемшілігі шығар. Сондықтан Зейнеп Ахметова былай дейді: «Түйенің арқалағаны алтын болса да, жегені тікен дегендей, даңқымен жер жарған әкесі болғанымен Бақытжан тән азабы мен жан азабын қос қабат тартып, жығылып, сүрініп жүріп, өздігінен еңсесін көтерген. Алдында ақыл айтар ағасы, тыныс болар інісі жоқ, медет тұтып сүйенерге мықты панасы жоқ болса да, «Тағдырым ауыр болды» деп ешкімге шағынбапты. Жерде қанша жатса да тот баспайтын алтын секілді өзінің тектілігін, бекзаттығын сақтады. «Хас бекзаттың белгісі – қайғысын жұртқа білгізбес» деген нақыл Бақытжанға арналғандай көрінеді».

Бұл жеңіл оқылатын кітапта қысқа, нақты әзіл мәтіндер келтірілген. Өке мен бала ара қатынасы келесі бір мәтінде орын алған. Астананың он жылдығында Жамбыл облысы Бауыржан Момышұлының еңселі ескерткішін Елорданың өте бір көрікті жеріне орнатқаны белгілі. Ашылуында көп кісі болыпты. Ертесіне тағы бір көрейік деп арнайы барған кезде жігіттердің біреуі: «Қандай керемет! Сарыарқа төсінде, ерке Есілдің жағасында атамыздың бейнесі қасқайып тұр!» деп желпіне мақтанған. Жайбарақат тұрған Бәкең-Бақытжан Момышұлы былай депті: «Немене, соншама даурығып тұрсыңдар? Аталарыңның үш әйелі Арқаның қызы еді, енді міне, қайынжұртқа келіп, күшік күйеу болып, қоқырайып тұрған жоқ па?!» депті (22-23). Қазіргі оқырманға асыл сөздерді тура осылай қысқа да нұсқа етіп жеткізе білу қажет-ақ.

Сәуле Досжан. «Үлкен үйдегі үрей». Роман. Қарқаралыдағы ХХ ғасыр басындағы татар көпесі Ахметов салған қос қабатты үйдің үрейлі тарихы және оны мекендеген адамдардың түсініксіз жағдайда қайтыс болу себептері романда сөз етілген. Кейіпкерлері ай толған кезде бұл үйде жүретін елестен үрейленеді. Ресейде қазір көп оқылатын Донцова, Толстая сияқты Сәуле Досжан да өз тақырыбын тапқандай. Бұл тарихи ғимараттың бірінші иесінің жоғалып кетуі, одан кейінгі тұрғындардың да бақытсыздыққа ұшырап жату себептері нақты отбасының тарихы, заманмен ғасырлық оқиғалар шеңберінде сөз етілген. Қазан төңкерісінен кейін қазақ жеріне келген тарихи оқиғалар бір үйдің тарихы ретінде қамтылған. Ахметов деген татар саудагер салған үйді мекендеген қазақ әйелдері, совет үкіметінің белсенділері, қарапайым адамдардың бәрі қазақ ауылының тарихын бастан кешушілер: сатқындық, опасыздық, тексіздік, нәпсіқұмарлық осы ретте кейіпкерлерге сын болып табылады.

Сәуле Досжанның «Екі күйеулі келіншек» атты хикаяты қазіргі заман шындығы. Атауына қарағанда бұл еркектерге ерегіс емес, қазіргі көп балалы ананың басына түскен тағдыр тәлкегі. Анасынан ерте жетім қалған ауыл қызы Гүлжанның тарихы: жетімдік, жоқшылық, менингит, өгей шеше алдын көру, қалаға келгенде еркектерден көрген қорлығы. Біз қазіргі маңайымызда күнде көріп жүрген ауылдан келген балалардың басына түсетін қасіреттер. Үйдің үлкені Гүлжан тұрмыс қиыншылығына қарсы тұра біліп, бауырларының келешегі үшін қалаға келіп, асханаға даяшы болып жұмысқа тұрады. Білімі жоқ қыз адал еңбегімен бауырларына қамқоршы болуды көздейді, бірақ қалада басына түскен қиыншылықтарға да қарсы тұра алатын әрекеттерге тап болады. Хикаятта көрсетілгендей, дұрыс адамдар Гүлжанның өмірінде көбірек кездеседі. Гүлжанның басынан өткізген оқиғалар күнде теледидардан көретін: зорлық, алдау, арбау, қол астындағыларға құл ретінде, қызға тек еркектің көзімен қарау. Бас кейіпкердің тағдырын қазіргі замандағы қорғансыздың күні деуге де болады. Қалай болғанда да Гүлжан о бастағы жан тазалығын сақтап, өзі сүйген қалалық жігіт Ерікке тұрмысқа шығып, отбасылы болып, ана болады. Бірақ кейін

де ішімдікке салынып кеткен қала баласы Ерік отбасына ие болудан қалады. Топты баланы асырау үшін Гүлжан қазіргі заманның жалғыз басты ананың басына түсетін қиыншылықтарын басынан шегеді. Хикаяттың соңында екінші рет тұрмысқа шыққан Гүлжан өзін іздеп келген тозып кеткен бірінші күйеуіне жаны ашып, бес баласының әкесі ретінде оны асырауды өзіне жүктеп алады. Жазушы бұл сюжетті кабинетте отырып ойдан шығармағаны анық. Қазіргі ер азаматтардың заман қиыншылығына төзе алмай өз бала шағаларын асырауға қауқарсыз болып жатқандығын жазушы хикаятта мәселе етіп көтере алған.

Сәуле Досжанның «Жатқа туған бала» шығармасында қазіргі прозада тұңғыш рет құрсағын жалға берген ана мен ұрпақсыз қасірет шеккен отбасы бейнеленген. Автор қазіргі заман кейпкерлерін тауып, қарапайымауыл қыздарының көріп жатқан қасіреттерін, нарық заманының әйел мен еркектерге салған сынағын нақты сюжеттер арқылы алдымызға тартқан. Сондықтан бұл шығармалардың оқырманы бар екені анық.

Жанар Әбдішева «Өмір сүргім келеді» әңгімелер. Жазушының әңгімелері қысқа, шағын, нақты қазіргі заман оқиғаларын қамтыған. Жанардың «Хобби», «Аққуана», «Қорқыныш», «Кәрі қыздың хикаясы» әңгімелерінде қазіргі заман шындықтары бейнеленген: жемқорлық, алдау, арбау, сонымен қатар қазақ салт-дәстүрі, ырымдары да бар. Басты кейпкерлері – әйелдер. Күнделікті күйбең тіршіліктегі көрген қуаныштары, күйініштері, қасіреттері сөз етілген. «Сырты бүтін, іші түтін» қазіргі әйел бейнесі нақты суреттелген. Маған әсер еткен «Интернет» әңгімесі. Өмірде мен тура осындай сюжет естіген едім. Жазушы қазіргі қазақ атқамінерлердің екінші әйелге ие болып, бұрынғы отбасын тастап кетіп жатқан мәселесін жақсы көтере білген. Есейген балалары тоздың деп тірі жесір болып жүрген сол балалардың анасы, тоқалдыққа алған қыздың туған нәрестесінің кемтар болып туылуы сияқты оқиғалар қамтылған. Әкесінің бұл «сатқындығынан» күйзелген балалардың іс-әрекеттері де сөз етілген. Интернеттен өзімді сіз сияқты қор қылып, қартайғанда тастап кетпейді деп кемтар күйеу тауып, шетелге соған әйел болуға кеткен

үлкен қызының күйін көрген әкесі ұрпағы алдындағы зор кінәсін сезінеді. Автор қазіргі қоғамдағы осы мәселерді батыл көтере білген.

Мира Шүйіншіәлиева «Өкініш» (повесть әңгімелер). Жазушының «Адасқан ару» әңгімесінің сюжеті бүгінгі өмірде жиі кездесетін оқиға. «Райханның Нүкіс деген молдаға ерте тұрмысқа шығып, бөгде дінді қабылдап, өзге жанды таңдағанына сырттай тістерін қайрап жүрген құрбылары ашуымен екеуін де сыбап-сыбап алды...» (557). «Қатын! Бөтен үйде неғып жүрсін» деп сөйлейтін бұл молданың кім екенін бірден түсінесің. «Төбенді оямын. Қаныңды сорамын!» деп жалғасатын диалогтан қазіргі ерлі-зайыптылардың отбасылық сырын аңғарамыз.

«Өзіңнен жасы кіші жігітті отағам деп не болды сонша?! Сегіз бала тусаң да әйелім деп сыйлап жатқан ол жоқ!». Құрбыларының осы сөздерінен кезінде бәрінен де сауатты, әдепті, жақсы оқитын Райхан осындай күйге қалай түскеніне ойлауға мұршасы жоқ кейіпкер. Өке-шешесімен де араласуға тиым салған күйеуіне қарсы тұруға дәрмен жоқ. Шариғат заңын өзіне ғана икемдеп алған: «Отағасының айтқаны заң. Оның алдында әйел – күн. Әйел – құл!» деген «молданың» іс-әрекеттері оқырманды бей-жай қалдырмайды. Бұл сюжет өмірде жоқ деп айта алмаймыз.

Өріс Әшүкірқызы. «Ескі қоныстағы ел». Әңгімелер. Бұл шағын кітапта қазіргі ауылдағы әкесін сағынған, әжесінің сырғасын көзінің қарашығындай сақтап жүрген балалардың қылықтары қарапайым түрде бейнеленген.

АБАЙТАНУШЫ ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНҰЛЫ

Қайым (Ғабдулқайым) Мұхамедханұлы ұстазы Қ.М.О.Әуезовтің қолдауымен 1939 жылдан бастап бүкіл ғұмырын Абай мұрасын, Абай мектебін, Абай шығармаларының текстологиясын зерттеуге арнаған ғалым. Оны келесі еңбектерінен көруге болады: «Қазақ әдебиеті тарихындағы абайтану ғылымының келелі мәселелері: Абайдың әдеби мектебі, ақыншығармаларының текстологиясы, шығармаларына түсінік беру және Абайдың жанадан табылған өлеңдері»; «Абайдың әдеби мектебі» (Семей облыстық «Екпінді» газетінің 1940 жылғы № 233-239 сандарында жарияланған), Ақылбайдың «Дағыстан», «Зұлыс», Мағауияның «Медғат-Қасым», «Еңлік-Кебек», Әубәкір мен Әріптің шығармашылық өмірлеріне арналған мақалалары. Ғалымның мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген әдебиеттің жалпы мәселелері, әдеби процесс пен әдебиетті танытушылар, әдебиеттер байланысы туралы ой-пікірлерді қамтитын зерттеу мақалалары: Қазақ әдебиеті тарихына арналған зерттеу мақалалары (Ш.Уәлиханов, Бұхар жырау, М.Әуезов, М.Өтемісов, Ы.Алтынсарин, С.Торайғыров, С.Дөнентаев, М.Сералин, Ы.Шөреков, Ы.Мұстамбаев, И.Қазанғапов т.б.); Жазба әдебиет пен ауыз әдебиетінің байланысы, өнер иелеріне байланысты сын-зерттеулері («Жүсіп – Зылиха» поэмасы, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры, айтыс ақындары: Орынбай, Кемпірбай, Шөже, Сәдір, Сапарғали; әншілер: Әміре, Майра т.б. туралы дерек мақалалары); Ел тарихына байланысты зерттеулері: С.Ғаббасов, А.Көшкінбаева, Б.Байғаранова, А.Ермұхаметов, У.Жәнібеков т.б.); Шет елдер әдебиеті жөніндегі ғылыми пікірлері (А.С.Пушкин, И.А.Крылов, М.Ю.Лермонтов, Ф.М.Достоевский, сондай-ақ татар әдебиеті өкілдері: Ғ.Тоқай, Қ.Насыри, Ш.Камал т.б.). Қ.Мұхамедханұлы әзірбайжан драматургы

У.Гаджибековтің «Аршын мал алан» (1941), татар жазушысы Ш.Камалдың «Қажы әпенді үйленеді» (1967) пьесаларын қазақ тіліне аударған.

Абайдың акын шәкірттерінің қатарына әдебиетші тұңғыш рет Ақылбай Абайұлы Құнанбаев, Мағауия Абайұлы Құнанбаев, Әсет Найманбаев, Әріп Тәңірбергенов, Көкбай Жанатаевтарды, ал диссертацияға қосымшаға Халиолла Өскенбаев, Кәкітай Ысқақұлы, Мұхамеджан Майбасаров, Бейсембай Жәнібеков, Баймағамбет Мырзаханов, Мұқа Әділханов, Әубәкір, Әлмағамбет Сексенбаевтарды енгізді.

Абайдың шәкірттерін зерттеуші төмендегідей екі топқа бөле қарайды: 1. Әдеби мұрасын қалдырып, акын дәстүрін дамытушылар; 2. Абайға шәкірт болған, бірақ артына шығармашылық мұра қалдырмағандар.

Көркем шығармалары мен әдеби мұра қалдырып, акын дәстүрін жалғастырушылар қатарына зерттеуші Ақылбай Абайұлы Құнанбаев, Мағауия Абайұлы Құнанбаев, Әсет Найманбаев, Әріп Тәңірбергенов, Әубәкір, Көкбай Жанатаевтарды жатқызады.

Ал, Абайға шәкірт болған, бірақ артына шығармашылық мұра қалдырмаған әнші шәкірттері қатарына төмендегілерді жатқызады: Мұқа Әділханов (1857-1927), Бейсембай Жәнібеков (1858-1917), Әлмағамбет Сексенбаев (1869-1930), Мұхамеджан Майбасаров (1852-1917).

Қ.Мұхамедханұлы Абайдың бұрын белгісіз болып келген 6 өлеңін тауып, 1945 жылғы жинаққа енгізген.

1951 жылы Қайым Мұхамедханұлы «Абайдың акын шәкірттері» атты кандидаттық диссертация қорғады. Ғылыми жетекшісі М.О.Әуезов болды.

Зерттеушінің бұл еңбектері кесірлі саясаттың құрбаны болды. Қазақ ССР Ғылым академиясы мен Қазақстан Жазушылар Одағы Президиумдарының «Қазақ әдебиетінің классигі А.Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығын ғылыми жолмен зерттеу жөніндегі айтыстың қорытындысы туралы» біріккен қаулысында ұлтшылдық сипатта жазылған деген тұжырымға келеді. Қайым Мұхамедханұлы Абай мұражай директорылығы (1947-1956) қызметінен босайды.

Қазақ ССР ҒА Президиумы мәжілісінің 28-тамыз 1951 жылғы № 28 хаттамасында мұражай басшылығы (директор Қ.Мұхамедханов; ғылыми хатшы Аккерман) мұражай жұмысында маркстік көзқарастан алшақтап, ұлтшылдық-буржуазиялық концепцияны көздегендігі айтыла келіп, қызметінен босату туралы қаулы шығарады.

1951 жылы алғы сөзін М.О.Әуезов жазған Қ.Мұхамедханұлының «Абайдың шәкірттері» кітабы баспадан шықпай жатып жойылады. НКВД-нің Семей облыстық басқармасы Қ.Мұхамедхановты 1951 жылы желтоқсанның бірінде «антисоветтік ұлтшылдық қызметі» үшін тұтқынға алады.

Жоғарыда аталған кітабына «ұлтшыл ақындарды» енгізгені үшін ғалым 25 жылға сотталады. Кейін Сталин өліміне байланысты 1954 жылдың 9 желтоқсанында Қазақ ССР Жоғары Сотының Қаулысы бойынша Қ.Мұхамедханұлына қатысты 1952 жылдың 29-31 мамырындағы КСРО Жоғарғы Сотының үкімі күшін жойды, бірақ «тұтқынды» босатуға асыға қоймады. Ол тек 1955 жылы ғана түрмеден босап, еліне қайтып оралады.

Қ.Мұхамедханұлы 1958 жылы «Абай төңірегіндегі ақындар» деген тақырыпта екінші рет кандидаттық диссертация қорғайды. Осы кезде «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» (1959), «Мағауия Абайұлы Құнанбаев» (1959) атты еңбектері жарық көрді.

Семей педагогикалық институтында оқытушылығын 1952 жылы қайта жалғастырған Қ.Мұхамедханов Абай шығармаларының текстологиясы жайында ғылыми еңбек жазуға кіріседі. 1959 жылы басылып шыққан «Абай шығармаларының текстологиясы» еңбегі күні бүгін абайтанудағы сирек кітаптардың бірі болып саналады.

Текстолог аталған зерттеуінде нысанаға алған 1954 жылғы жинақ пен 1909 жылы жарық көрген жинақты, Мүрсейіт, О.Уақбаев, Р.Жандыбаевтардың қолжазбаларымен салыстырып, соңғы басылымда ақын шығармаларына енген, бұрмаланған «бөтен сөздерді» нақты деректер арқылы дәлелдейді. Негізгі мазмұны, көркемдігі астасып жатқан ақын шығармаларының әр түрлі нұсқада басылуы – оны мазмұн жағынан да, өлеңдік қисын жағынан да ойсыратып

тұрғанын дәлелдейді. Қ.Мұхамедханұлының ақын шығармаларындағы текстологиялық мәселелерге арналған зерттеуі абайтанудағы күні бүгінге дейін құнын жоймаған еңбек болып табылады. Ғалым айғақты деректерімен Абай өлеңдерінің бұрмаланып берілген тұстарын, арасына енгізілген сөздерін осылай айқындап берді.

Абай мұрасы жөнінде табылған тың деректердің бірі – ақынның жаңадан табылған өлеңдері. Бұл өлеңдер Абай мұрасын толықтыруда, кей жақтарын тереңірек танып-білуге сүбелі мәні бар құнды деректер. Қ.Мұхамедханов тарапынан табылған 80 жол өлеңі немесе 1961 жылы шыққан Абайдың бір томдығына тыңнан тағы да алты өлең қосылуы, ақын шығармаларын толықтырып, ақын өмірінің кей жақтарын айқындауға жаңа мүмкіндік берді.

Абай өлеңдері деп елаузында жатталып қалған өлеңдерді Қ.Мұхамедханұлы «Қазақстан мұғалімі» газетінде (1955, 12 мамыр) және «Әдебиет және искусство» (1956, № 9) журналында жариялап, жұртшылық талқысына ұсынады.

Советтік идеологияның құрбаны болған «Абайдың ақын шәкірттері» атты зерттеу тек 1993 жылы ғана «Дәуір» баспасынан төрт кітап болып шықты. Тәуелсіздік кезінде ғана ақын шәкірттері араға 42 жыл салып оқырмандарымен қайта қауышты. «Абайдың ақын шәкірттері» атты бұл төрт кітап Абайдың өз тәрбиесінде болған, оның өсиеттерін өз аузынан естіп, тағылым алған, ұлы ұстаз ақынның алдын көрген ақын шәкірттерінің өмірі мен шығармашылық еңбектеріне арналған.

1-кітапқа Абайдың ақын балалары Ақылбай, Мағауия және Тұрағұл; 2-кітапқа Кәкітай, Көкбай, Уәйіс; 3-кітапқа Әріп, Әсет, Мұқа, Әубәкір; 4-кітапқа Тайыр Жомартбаев, Баймағамбет Айтқожаұлы, Иманбазар Қазанғапұлы, Әрхам Кәкітайұлы есімдері енді.

Жарты ғасырдан артық Абайдың ақын шәкірттерінің мұрасын зерттеген Қайым Мұхамедханов бұл зерттеуінде ақынның шәкірттері қатарын Уәйіс Шондыбаев, Тайыр Жомартбаев, Әрхам Кәкітайұлы, Иманбазар Қазанғапұлы т.б. сынды жаңа есімдерімен толықтырады.

«Абайдың ақын шәкірттері» еңбегінің ғылыми негізі ерекше: «... Ол кезде Көкбайдың, Мағауияның қай кезде,

қайда оқығаны жөнінде де нақтылы тарихи мағлұмат жоқ болатын. Ақылбайдың «Зұлыс» поэмасының кейінгі табылған бір тарауын Мұхтар көре алмады. Қазір Көкбайдың бірталай шығармалары жиналып, зерттелді. Көкбай мен Мағауияның өмірбаяны жайында архивтен нақты деректер табылды. Абайдың басқа да шәкірттерінің шығармалары жиналып, өмір тарихтары туралы архив материалдары мағлұм болып отыр». Бұл пікір қазіргі абайтануға қосылған үлес болып табылады. Қ. Мұхамедханұлының зерттеуі арқасында Тұрағұл, Ақылбай, Мағауия, Көкбай, Әріп бастаған ақындар «Абайдың мектебінің» өкілдері ретінде қазақ әдебиетіне қайта оралды.

«Атамұра» баспасынан 1995 жылы шыққан «Абай мұрагерлері» деп аталатын кітапқа Алаш қайраткерлерінің жолында болған, Шәкәрім бастаған Абай шәкірттері: Кәкітай, Тұрағұл, Көкбай және Абай мұрагерлері ретінде Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабай және Жүсіпбек Аймауытұлы кірді. Бұл М. Дулатұлының XX ғасырдың қазақ әдебиеті – «Абай дәуірін» бастан кешеді деген тұжырымының айғақталуы болып табылды.

1988 жылы ақталып, қазақ әдебиетіне қайта оралған Алаш әдебиеттанушылары Абай шәкірттері ретінде осылай айқындала түсті.

Алаш абайтануына кеңес кезінде тыйым салынды, бірақ Алаш абайтануының негізгі ұстанымдарын кеңес кезінде ұстазы М. О. Әуезовтің қолдауымен іске асырған Қайым Мұхамедханұлы болды. Кезінде М. О. Әуезов анықтаған Абайдың ақындық мектебі деген ұғымды Қ. Мұхамедханұлы нақтылады. Сонымен қатар Қ. Мұхамедханұлы кеңес кезінде М. Әуезовтің жетекшілігімен берілген тақырыпқа қоса Абай шығармаларының текстологиясын тиянақты зерттеген бірегей әдебиетші. Тілі мен қолы байлаулы болған М. Әуезов шәкірті Қ. Мұхамедханұлы арқылы Алаш абайтануының кеңес кезінде дамуына осылай нақты үлес қосты.

Абайтанулық зерттеулері үшін Қ. Мұхамедханұлы ұстазымен бірге қуғынға да ұшырады. 1959 жылы жойылған «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» зерттеуін Қ. Мұхамедханұлы тек тәуелсіздік кезде жалғастыруға

мүмкіншілік алды. Тәуелсіздік кезеңінде ғана абайтанушы Қ.Мұхамедханұлы кеңес кезінде репрессияға ұшыраған зерттеулерін аяқтауға еркіндік алды.

Қ.Мұхамедханұлы совет кезіндегі «Абайдың ақындық мектебі» мен «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» атты зерттеулері үшін репрессияға ұшыраған әдебиеттанушы ғалым. Осы зерттеулері әдебиеттанушыға тағылып, сол үшін түрмеде отырып Карлагтың зардабын шекті, бірақ одан оралғаннан кейін де басқа тақырыпқа бармай Абайдың мектебі мен әдеби айналасы, поэзиясының текстологиясын зерттеуді жалғастыра түсті. Басқалары сол кезде атақ алуға ыңғайлы тақырыптарды алып жатқан кезде ғалым о бастағы ісіне адалдық танытты.

1995 жылы жарық көрген Абай шығармаларының екі томдық жаңа басылымының дайындалуына байланысты Қ.Мұхамедханұлы Семейден Алматыға арнайы шақыртылып, осы істің басында болуы да тегін емес еді. Өзінің ұстазы – М.Әуезов берген ғылыми тақырыпты тыңғылықты іске асырған Қ.Мұхамедханұлы ғылымда үлгі боларлық тұлға болып табылуы осындайдан.

1995, (2002) жылдары қайта жарияланған Абайдың шығармаларының 2 томдығындағы ақынның өлеңдері мен поэмаларына қатысты ғылыми түсініктерді Қ.Мұхамедханұлы жазыпты. I-томдағы ғылыми түсініктер 175-287, II-том 172-282 дейінгі беттерді қамтиды. Бұл ғылыми мәтіндер кітаптің жартысын алып тұр.

1995 жылы жарық көрген Абайдың екі томдық шығармалар жинағындағы ақынның өлеңдеріне қатысты түсініктерін Қ.Мұхамедханұлы жазған деген мәлімет бар [1:5]. Ал поэмаларға қатысты оның есімі түсініксіз себептермен аталмаған.

Ұсынылып отырған басылымда Қ.Мұхамедханұлының Абай өлеңдері мен поэмаларына берілген түсініктемелерінің толық нұсқасы тұңғыш рет жарияланып отыр. Салыстыру негізінде айқындалғандай Қ.Мұхамедханұлының мәтіні көп өзгеріске ұшыраған.

Қазіргі тәуелсіздік кезіндегі әдебиеттанудың негізгі мақсатының бірі – Абай текстологиясын айқындап алу болып табылады, сондықтан бүкіл ғұмырын осыған

арнаған Қ.Мұхамедханұлының өз қолжазбасын сол қалпында жариялау қажетті ғылыми мәселе.

Қ.Мұхамедханұлының түсініктерінің толық нұсқасын салыстыру нәтижесінде 1-2 томға енген өлеңге қатысты түсініктемелердің ішінде академик З.Ахметовке қатыстысы да анықтала түсті. Бұлар Қ.Мұхамедханұлы түсініктемесінде жоқ мәтіндер. Стили бойынша З.Ахметовтің Лермонтовқа қатысты зерттеуіне тиесілі. Келешекте З.Ахметовтің бұл түсініктемелерін академиктің 1995 жылғы жинаққа жазған авторлық Алғысөзімен бірге қайта шығару – қазіргі әдебиеттануға қажет екені де айқын.

Қ.Мұхамедханұлы түсініктері түпнұсқа қолжазбасымен салыстырғанда 1995 жылғы 2 томдық жинаққа толық кірмей қалған. Негізгі ғылыми мәтін сол қалпында сақталған. «Түсініктемелер жайында біраз сөз» атты Қ.Мұхамедханұлының алғысөзін сол бетінде беруді жөн санадық, себебі негізгі мәтін көп өзгеріске ұшыраған. Бұл алғысөзде Абай текстологы Қ.Мұхамедханұлының негізгі ұстанымдары айқындалған. Олар келесі: «Абай шығармаларының екі томдық толық жинағының соңғы рет 1977 жылы «Ғылым» баспасынан басылып шыққаны мәлім. Осы басылымның I-томының басында: «Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаев шығармаларының екі томдығын баспаға дайындау үстінде бұрынғы басылымдарындағы жетістіктері мен кемшіліктер түгелдей ескеріле отырып, тыңнан текстологиялық тексерулер жүргізілді, түсіндірме сөздер толықтырылып, түзетілді. Сондай-ақ, Абай шығармаларының текстологиясы жөнінде бұрын-соңды айтылып келген орынды пікір мен ұтымды ұсыныстар қабылданды», – делінген, бірақ, бұл айтылғандар іс жүзінде орындалмаған. Орындалмағанын жинақтың «Түсініктер» бөлімінен көреміз. «Түсіндірме сөздер толықтырылып, түзетілді» десе, толықтырудың орнына, бұрынғы жинақтарда (1933, 1939, 1945) Абай өлеңдеріне берілген толық түсініктемелер мүлдем қысқартылып тасталған. Мысалы, «Кім екен деп келіп ем, түйе қуған» деген өлеңге 1933 жылғы және 1939, 1945 жылғы жинақтарда берілген түсініктемеде: өлеңнің айтылған уақытын (1855), айтылуына себеп болған уақиғаны көрсетіп, Тұрағұл Абайұлы мен Мұхтар Әуезов толық баяндап берген болса, осы берілген дүние және толық



түсініктеме 1977 жылғы жинақта қабылданбаған. Оның орнына берілген түсініктемеде: «Кім екен деп келіп ем, түйе қуған». Ел аузынан алынып, 1933 жылғы жинақта тұңғыш рет жарияланған ...» (353-бет), – деген ғана өлең туралы нақтылы түсінік бере алмайтын жалаң сөздермен шектелген.

Сол сияқты 1977 жылғы жинақта: «Йузи – рәушан, көзі – гәуһәр», «Әлиф би», «Абыралыға» дейтін өлеңдерге берілген түсініктемелерде де, бұрынғы жинақтарда (1939, 1945) толық берілген түсініктемелер ескертілмеген. Әсіресе «Әлиф би» сияқты толық түсініктеме беруді қажет ететін өлең туралы: «Өлең алғаш 1933 жылғы жинаққа енген» деген хабардан басқа ештеңе де айтылмаған. Қысқасы, 1977 жылғы жинақтағы Абай өлеңдеріне берілген түсініктемелердің осы айтылғандай, үстірт, тиянақсыз екенін көреміз.

«Тыңнан текстологиялық тексерулер жүргізілді» деген мәселеге келетін болсақ, текстологиялық тексеруде сүйенген ең негізгі дерек Мүрсейіт қолжазбалары болғанын көреміз. 1977 жылғы жинақтың «Алғы сөзінде»: «Ең алдымен ... Мүрсейіт Бікейұлының үш көшірмесін (1905, 1907, 1910) негізгі дерек ретінде атаған дұрыс» (6-бет), – деп айтылған. Абай өлеңдерін көшіріп жазуда Мүрсейіт еңбегінің зор екені белгілі, бірақ, ақын өлеңдерін көшіріп жазған жалғыз Мүрсейіт қана болмағанын да естен шығармау керек».

Бұдан кейінгі түсініктің үзіндісі 1995 жылғы жинаққа енген, бірақ келесі маңыздылауы енбей қалған: «Мұхтар Әуезов былай дейді: «... жұртшылығымыз үшін бірнеше тарихтық дәл деректер, мәліметтер айтайық. Мүрсейіттің өзі жасы жағынан алғанда Абайдан 10-15 жас кіші адам болған. Өмірі Абайдың өз қасында өткен емес, Абай ағайындарының бірнеше ауылдарында кезектеп бала оқытып жүрген. Ал, Абай жинағы тек 1896 жылы ғана қағазға топталып жиналатын болған. Ол істі істеген Мүрсейіт емес, Мағауия, Ақылбай, Кәкітай, Көкбайлар. Бұлар алғашқы істі Абайдың өзінің тапсыруымен сол 1896 жылы бастайды. Сонда 1896 жылға шейін Абай өлеңдері қайда кеткен? Ондағы Абайдың қарындашпен жеке қағазға жазған өлеңдері Абай маңындағы жас ақын, өнерпаз хат таныған ақын шәкірттердің, жастардың қолды-қолына тарап кетіп отырған. Кейін 1896 жылы көшірілгенде сол тарап кеткен өлеңдері жиналған, бірақ, бәрі түгел жиналып

үлгермеген» (жоғарыда аталған кітап, 281-бет)».

Осыдан кейінгі жарты бет мағлұмат 1995 жылғы жинаққа енген. Өкінішке орай Қ.Мұхамедханұлының келесі іргелі мәтіні қалып қойған. Мүрсейіт Абай шығармаларын ақын қайтыс болғаннан кейін 1905 жылдан бері көшірген деген Кәкітайдің пікірі: «Сөйтіп, Мүрсейіт Абай шығармаларын ақын қайтыс болғаннан кейін, 1905 жылдан бастап көшіріп жаза бастаған және «асыл түпнұсқадан тікелей» көшірмеген. Сондықтан Абай шығармаларындағы әртүрлі жазылып, басылып жүрген сөздердің дәлдігін анықтау үшін текстологиялық талдау жасау ісінде Мүрсейіт жазбаларын негізгі дерек деп біліп, бір ғана Мүрсейітке сүйену жеткіліксіз және біржақтылық болады.

Біреу ғана мысал келтірейік. «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» өлеңнің алтыншы шумағының соңғы жолы 1909 жылғы жинақта:

Ала жылан, аш бақа күпілдектер,
Кісі екен деп ұлықтан ұялмай жүр, –

деп дұрыс басылған. Ал, 1977 жылғы жинақта осы өлең жолына берілген түсініктемеде: «Алтыншы шумақтың соңғы жолы Мүрсейіт қолжазбаларына сүйеніп:

Кісі екен деп үлкеннен ұялмай жүр, –
деп қалдырылды. Бұл жол 1909 жылғы жинақта:

Кісі екен деп ұлықтан ұялмай жүр, –
делініпті», – дейді (I том, 362-бет).

Сөйтіп, Мүрсейітке шексіз сенудің салдарынан, 1909 жылғы кітапта дұрыс басылған Абай сөзі, 1977 жылғы жинақта өрескел бұрмаланған. Өлеңнің ең соңғы шумағының бастапқы екі жолын оқып көрейік:

Жасы кіші үлкеннен ұялмай жүр,
Сұрамсақтар нәпсісін тыя алмай жүр, –

дейді ғой Абай. Бұл арада біз Мүрсейітке емес, Абайдың өзіне сүйендік.

«Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» деген өлеңнің үшінші шумағының соңғы жолы 1909 жылғы жинақта (32-бет):

Биде тақпақ, мақал бар, *ойлап* қара, –

деп дұрыс басылған. Ал, 1977 жылғы жинақта, Абайдың «ойлап қара» деген терең мағыналы сөзі, тағы Мүрсейітке сүйеніп, өзгертіліп берілген түсініктемеде: «...үшінші шумақтың соңғы жолы Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

Биде тақпақ, мақал бар, *байқап* қара, –

деп алынды. Бұл жол 1909 жылғы жинақта:

Биде тақпақ, мақал бар, *ойлап* қара, –

деп басылыпты» депті (371-бет). Сөйтіп, Абайдың асыл сөзі тағы да өрескел бұрмаланған.

Абайдың дүниеге келген күнін анықтап берген де Қ.Мұхамедханұлы. Қ.Мұхамедханұлының «Ақынның дүниеге келген күні» атты мақаласы 1991 жылы жарияланған. Абайтанушы Қ.Мұхамедханұлы ақынның «қай айда, қай күні туғаны, қай жерде дүниеге келгені туралы нақты тарихтық дерек анықталып осы күнге шейін бірқалыпқа түскен жоқ, тұрақты қорытынды пікір жазылған жоқ»¹ [1:69], – дейді.

Абайтанудағы тұңғыш әдеби деректер осы ретте келтірілген: «Абайдың өмір тарихы ақын қайтыс болғаннан кейін жазылып, 1905 жылы орыс тілінде Семей газетінде жарияланды. (Абай (Ибраһим) Құнанбаев (некролог), «Семипалатинский листок», 250-252). Осы мақала екінші рет 1907 жылы жарияланды. («Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Русского географического общества». Выпуск III, 1907 г., стр. 1-8). Бұл екі мақаланы да жазған Әлихан Бөкейханов екенін, оған Абай өмірі туралы мағлұмат берген Тұрағұл, Кәкітайлар екенін де бұдан бұрын жазып, баспасөз жүзінде толық баяндағанбыз.

1908 жылы Орынборда шығатын татар газеті «Ибраһим Құнанбаев» – деп аталған мақала жариялап, Абайдың өмірі, ақындық өнері туралы жақсы мағлұмат берген («Уақыт» газеті, 338, 1908 ж., Орынбор)» [1:69-70].

Қ.Мұхамедханұлы Абай өлеңдерінің ең алғашқы таңдамалы жинағы бірінші рет Петерборда Илияс Бораганский баспаханасынан 1909 жылы жарық көргені осы ретте келтірілген. Аталған кітаптағы мағлұматқа

¹ Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.5. Мақалалар. Зерттеулер. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – 344 б.

Қ.Мұхамедханұлы ерекше мән берген: «Сол жинақтың соңында Кәкітай жазған Абайдың өмірбаяны берілген. «Абай (Ибраһим) Құнанбай ұғылының өмірі» деп аталған мақаласының басында: «23 июньде 1904 жылда туған жері Шыңғыс тауында дүниеден қайтты, атақты қазақ ақыны, Шыңғыс елінің қазағы Абай Құнанбай ұғылы. Кітапта шын аты – Ибраһим, бірақ қазақ әдеті бойынша шешесінің еркелетіп қойған «Абай» атын халық атап кеткендіктен біз де Абай дейміз, – деген. Сөйтіп, Абайдың дүниеден қайтқан күні нақты белгілі яғни ескіше 23 июнь (маусым) жаңаша – 6 июль (шілде). Ал Кәкітай Абайдың қай айда, қай күні туғанын атап айтпайды. «Абай 1845 жылы, жылан жылында туды, 1904 жылы ұлу жылында 60 жасында дүниеден қайтты» – дейді. Әлихан Бөкейханов жазған, жоғарыда аталған мақалада да Абайдың туған, дүниеден қайтқан уақыты туралы Кәкітай жазған мағлұмат берілген [1:70].

1922 жылы Қазанда және Ташкентте басылып шыққан Абай жинағында 1909 жылы жарияланған Кәкітай жазған Абай өмірбаяны өзгеріссіз көшіріліп басылған. Сөйтіп, Абайдың өмір тарихын алғашқы жазушылар (Әлихан, Кәкітай, Тұрағұл) ақынның қай айда, қай күні, қай жерде дүниеге келгенін атап жазбаған» [1:70].

Қ.Мұхамедханұлы осыны анықтап алып Абайтанушы М.Әуезов туралы келесі дерек берілген: «Абайдың 1933 жылы шыққан «Толық жинақ» деп аталатын кітабының соңында жарияланған Мұхтар Әуезовтің үлкен мақаласында да ақынның туған айы, күні, дүниеге келген жері көрсетілмеген: «Абай 1845 жылы әкесі Құнанбайдың 41 жасында Ұлжан деген бәйбішесінен туған» делінген. Мұхтар Әуезов сол 1933 жылдан бастап, өмірінің соңғы жылдарына дейін Абайға арнаған мақалаларында (тегінде Мұхтардың Абай өмір тарихына арналған еңбегінің төрт нұсқасы (варианты) бар: 1933, 1940, 1943 және 1950 жылы жазғандары) ең соңғы монографиялық үлкен еңбегінде де Абайдың туған айын, күнін атап жазған емес» [1:70].

Қ.Мұхамедханұлының осындай мағлұматтарды анықтап алуы да ғылыми құнды дерек. Біз күні бүгін Абайдың туған күні – 10 тамыз деп келеміз. Бұл мағлұмат кімдікі? Бұл туралы да нақты мәліметті Қ.Мұхамедханұлы береді: «Бұл

мағлұматты берген адам – Әрхам Кәкітайұлы Ысқақов. Әрхам 1885 жылы туған. Оның әкесі Кәкітай (Ғабдулхәкім) Ысқақұлы туралы Мұхтар Әуезов Абайға арнаған зерттеу еңбегінде: «Қай ақынды болса да ең мол танытатын баспаға шығу болғандықтан, алдымен революциядан бұрын Абайды баспа жүзінде танытқан еңбекке тоқтайық. Бұл жөнінде қазақтың мәдениет тарихына, Абай мұрасына ерекше еңбек сіңірген, Абай тәрбиелеп баулыған жас жұртшылықтың көрнекті өкілі болған Кәкітай Ысқақұлының еңбегін айырықша айту керек» дейді.

Ал, Әрхам әкесі туралы: «Абай Кәкітайдың 10 жасында өзі бала ғып қолына алып, содан 24 жыл бойы қасына ұстап, тәлім-тәрбие берді», – дейді.

Әрхам өзі де жас шағынан Абайды көріп, ақынның немере балаларының біріндей болып өскен адам. Абай дүниеден қайтқан жылы (1904) Әрхам 19 жастағы жігіт болатын. Сондықтан ұлы ақын атасын өз көзімен көріп, естіген, білгені бар, одан кейін әкесі Кәкітайдан Абай туралы естіп, біліп, көңіліне тоқығаны бар Әрхам Абай жайында тарихтық құнды мағлұмат, мол дерек қалдырып кетті. Ол әкесі Кәкітай қайтыс болған жылы (1915) 30 жаста еді. 1963 жылы 78 жасында дүниеден көшті.

Әрхам «Абайдың өмір жолы» (Абайдың өмірінен естігенім, білгенім және көргенім) – деген еңбек жазып қалдырды. Оның осы қолжазбасының ішінде Абайдың өмірбаянын толықтыруға себебі тиетін мағлұмат, тарихи деректер аз емес» [1:70-71].

Әрхам Абайдың туған айы, күні, дүниеге келген жерін нақты атап берген. Ол туралы Қ.Мұхамедханұлы былай депті: «Әрхам жазбасында Абайдың туған айы, күні, дүниеге келген жері нақтылы көрсетіліп жазылған: «Құнанбай ауылы Қасқабұлаққа келіп қонғаннан кейін, 1845 жылы ескіше 10 август күні Құнанбайдың екінші әйелі Ұлжан толғатып, бір ұл дүниеге келді... Құнанбайдың бұдан бұрын туып, ер жетіп қалған екі ұлы болатын. Өзінің алғашқы бәйбішесі Күңкеден туған ұлының аты Құдайберді. Ұлжанның тұңғыш ұлының атын Тәңірберді қойған. Мынау үшінші ұлының атын Ибраһим деп арабшалап қояды» – дейді.

Сөйтіп, Әрхамның берген мағлұматы бойынша Абайдың дүниеге келген жері – Қасқабұлақ, қазіргі Мұхтар Әуезов атындағы совхоздың орталығы, туған күні ескіше 10 август (тамыз), жаңаша – тамыздың 23 болады» [1:71].

Совет кезінде түсінікті себептермен (КСЭ – Абай туған уақыт – 10 август 1945 деп жазылған) бұл деректің анықталмауы түсінікті. Қ.Мұхамедханұлы кезінде бұл дерек нақты емес деп жазған еді: «Ал, ҚСЭ-сында Абайдың туған уақыты 10 август (?) 1845 жыл деп жазылған. Мұндай шалағайлық туралы кезінде жазып, газет, журналда жариялағанбыз. Абайдың туған күнін, дүниеден қайтқан күнін зерттеп, анықтап бұрын да жазғанбыз. Онымызды елеп-ескеріп, мән берген ешкім болған жоқ. Ал қазақ календары 1975, 1976 жылдары және 1985 жылдан 1990 жылға шейін Абайдың туған күнін 8 август деп жазып, жалған мағлұмат беріп келді де, 1991 жылы календарда Абайдың туған күнін атауды мүлдем тоқтатыпты. Абай туралы жалған мағлұмат беріп, елді алаңдатқанша, үндемей қалғаны дұрыс болған. Алдағы уақытта ғылыми-тарихтық тұрғыдан зерттеліп, дәлелденген шындықты мойындай қабыл алып: Абай өмір тарихын баяндауға арналған еңбектерде кеткен олқылық-кемшіліктерді, көрнеу бұрмалаушылықтар мен қарама-қайшылықтарды батыл ашып айтып, Мұхтар Әуезов негізін салған ұлы ақынның ғылыми өмірбаяны дұрысталып жазылуы керек. Бұл өз алдына сөз болатын күрделі мәселе.

Бүгін тек бір ғана мәселені – Абайдың дүниеге келген айын, күнін, дүниеден көшкен уақытын тағы да анықтап айтып, қайталап жазып, бұдан былай бұл мәселе жөнінде алауыздық болмаса екен дейміз» [1: 71-72)].

Қ.Мұхамедханұлының бұл зерттеуі жазылғанына он жыл болды. Тәуелсіздік алғалы бері бұл мәселені анықтап алатын кез келді. Сондықтан бұл олқылықтың орнын жойып қазақтың бас ақыны Абайдың туған күнін 23-тамыз деп нақтылауға тұжырымды пікір білдіретін кез жетті.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.5. Мақалалар. Зерттеулер. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – 344 б.

ҚАЗІРГІ ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТТАНУЫ: ПРАГМАТИКАЛЫҚ ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЛІМНІҢ МӘҢГІЛІК ТРАНСЛЯЦИЯСЫ

Әлем әдебиеттануы қазір 3 бағытта дамып келеді: Неориторика, нарраталогия, интертекст теориясы. Неориториканы бельгиялық әдебиет теоретиктері қалыптастырған таза европалық теория. Бұлар дәстүрлі Аристотель ілімін дамытушылар. Нарраталогия мен интертекст теориясы – әлемдік ілім, 1920-1940 жылдардағы ресейлік әдебиет теориясы негізінде қалыптасқан ағым. Нарраталогия Пропттың «Морфология сказки» (1928) зерттеуінен бастау алады, осының негізінде Греймас нарратив теориясын қалыптастырды. Интертекст теориясын Ю.Кристева тұжырымдап берсе, ол өзі айтқандай, бұл теория – әр мәтіннің диалогтық табиғаты бар деген қағида М.М.Бахтин теориясынан сөз өнері эстетикасынан бастау алады. Әр мәдениет пен өнер түрлері, әдебиеттің өмір сүруі тек диалогтық жағдайда ғана мүмкін деген пікір 1926 жылғы «Әдебиет танытқышта» да тұжырымдалған. Ахмет Байтұрсынұлының әдеби байланыс пен сабақтастықсыз өнер түрлерінің дамуы мүмкін емес дегені тағы бар.

Осыдан 10 жыл бұрын Берлин университетінің профессоры И.П.Смирнов (ИМЛИ-дің түлегі): әлем прагматикалыққа бас ұрғанымен білімнің мәңгілік трансляциясы-сабақтастығы тоқтамайды деген еді.

Әдебиет теориясының әдебиет мойындалмай тұрған заманда қажеттілігі де шамалы. Әдебиет мойындалған қоғамда ғана әдебиет теориясы өзінің әдебиетті таныту міндеті арқылы қоғамға әсер ете алады. Ойын-сауық қуып кеткен қазіргі заманда ішіп-жеуді насихаттап кеткен ортада әдебиет өзінің тәуелсіздігінен айырылып, прагматикалық қоғамға қызмет ете бастады.

Әдебиет теориясыз әдебиет қалай дамуы мүмкін? Еш ғылым саласы теориясыз дамуы мүмкін емес. Қазіргі әлемдік әдебиеттану теориясы 4 бағытта дамып келеді: 1) европалық

cultural studies яғни мәдениетті әркім өзінше түсінуге құқылы. Бұл антропологияға қарсы теория, сондықтан бұл микс: кино тарихы, мәдениетті күнделікті тіршілікке бейімдеу, т.с.с. Сондықтан бұл пән осымен шектеулі, ал әдебиет жалпыадамзаттыққұбылыс болғандықтан бұлшенберге сыймай келеді; 2) геопозтика, геокультурология, геолитературоведение. *Cultural studies* – постсемиология, геопозтика-постмимезис мағынасына ие. Геопозтикада әдебиет миметика тұрғысынан түсіндіріледі. Әдебиеттегі өмірдің көрінісі тікелей нақты саясиландырған хронотопқа байланыстырылады. Қазіргі әдебиеттануда осындай зерттеулер басым. Геопозтика негізін неміс ғалымы (Карл Хаусхофер) тудырған сала және қазіргі ресей әдебиеттануында қарқынды дамып келеді; 3) Әдебиеттің философиясы. Деррида ұсынғандай, философия әдебиет сияқты түсіндіріледі. Деррида айтқандай, жазушы мен философтың айырмашылығы жоқ. Осы ретте философияның әдебиетке әсері арнайы зерттелуде: Лиотардың «Жест и комментарий» зерттеуінде әдебиет өзін философиялық тұрғыдан түсіндірілуін қажет етеді. Дерриданың пікірінше, философ пен жазушының айырмашылығы шамалы; 4) Гендерлік зерттеулер. Бұл ең қарапайым түрі.

Осы 4 түрлі ғылыми иірімдері әдебиеттануды басқа салалармен араластырып, оның тәуелсіздігінен айыруда. Дегенмен, қазіргі әдебиеттануда нақты бір авторға қатысты, не архивтік жарияланымға тиесілі, не белгілі мәтіндер анализі таза әдебиеттанулық ұстанымда болуы да заңдылық ретінде іске асып келеді. Рецептивтік эстетика, нарратология, неориторика бұрынғы таза түрінде қазір жоқтың қасы. Әдебиеттану қазір басқа салаларға тәуелді түрде өмір сүріп келеді. Ең бірінші ол кино, радио, теледидар, БАҚ тығыз байланыста екені анық.

Қазіргі әдебиеттану дегенмен өзін-өзі жойған емес. Әдебиет туралы ғылым дағдарысы (кризис) тікелей әдебиетпен байланысты екені әбден мойындалды. Қазіргі әдебиет екі жолмен дамып келеді: 1) Әдебиет бір жағынан тобырлық болып барады – оқырмандарды сауықтыратын, пляж, самолётте, метрода оқуға лайықталған мәтіндер; 2) документалды мәтіндер.

Осы ретте недокументализм кітап түрінде ғана емес, блог түрінде жылдам дамып барады. Блог жанр ретінде мойындалып отыр. Қазір блогерлер көбеюде, себебі ол блог: факт-дерек пен құжаттың жаңа өмір сүру түрі. Дағдарыс кезінде документтік-

құжаттық қажеттілікке ерекше сұраныс бар. Өкінішке орай қазіргі оқырман үшін таза, көркем мәтіндер құжаттылық пен сауықтыру не жай оқитын мәтіндерден кейінгі орында тұр.

Бүгін өнердің қай саласы алда? деген сауалға жауап іздесек, өнердің прагматикалық құндылығы өміршең екенін аңғарамыз.

Қазіргі әлем жылдам өзгеруде. Прагматикалық даму ілгерілеп, эстетикалық шығармашылық ұмытылып барады. Бүгін ең маңыздысы интеллект емес, жеңіске жету маңыздылау. Жеңістің стратегиясы мәңгілік құндылықтардың стратегиясынан басым болып барады. Тұлғаның еркіндігі не рухани тәуелсіздігі емес, оның қалай әр жағдайда ұтымды бір әрекеттерге барғанын сөз етеміз және ол кім болса сол болуы мүмкін. Қалай болғанда да жеңіске жеткен кейіпкер ғана алға шығуда. Сондықтан қазіргі әлем әдебиетінде екі кейіпкер бар: лидер және лузер.

Әдебиет өмірдің прагматизациясын осылай нақты мәтіндерде айқындап беруде. Қазір көзіміз жеткендей, әлемдік саяси аренада қай саясаткер ұтымды болып көрінеді? Ең қажетті бағдарламасы бар емес, тек ақшасы көбірек, сондықтан саяси амалдары яғни политехнологиялар жағынан қулауы алға шығуда. Бұл әлемдік тенденция, глобализация контексті тудырған прагматизмнің салтанаты.

Қазіргі ғалымдар бұл уақытша нәрсе, жалған жеңістерден ғылымды, қоғамды не құтқарады? деген сауалға жауап іздеуде. Осы ретте бірауыздан тек іргелі академиялық ғылым құтқаруы мүмкін деген тұжырымға келуде. Академиялық ғылымның уақыттан тыс қабілеті ғылымның құтқарушысы болып табылады. Сондықтан академиялық ғылым мәдениет пен әдебиетті ұрпақтан ұрпаққа аманат ету қабілетіне ие ілім ретінде насихатталуда.

Қазіргі әлемдік әдебиеттану прагматикалық әлем мен асыл сөздің трансляциясын іске асыратын ғылым саласы ретінде өз қажеттілігі дәлелдей түсуде. Мысалы, совет кезінде Медеу Құрманов «Фаусты» (1962) түпнұсқадан қазақшаға аударған. Бұл аудармаға Германияда жоғары баға берілген. Бұл аудармашының Г.Гейне өлеңдерін, Вилли Бредел прозасын, Реймган, Ульмер, Эрлих, Ваккер мәтіндерін аударуы да кәсіби деңгейде деп танылған. Бұл аудармалар туралы Герольд Бельгер (1994) орыс және қазақ тілінде жоғары кәсіби баға берген. М.Құрмановтың Жуковский, Грибоедов, Пастернак, Ященко, Холодовскийлерден кейін аударған Гетенің «Фаусты»

екі тілді жетік меңгерген маманның қолынан шыққан үлгілі аударма ретінде Германияда насихатталуда. Соцреализм тұсында болса да қазақ аудармашысы «Фаусты» аударып, Гетенің мәтінін қазақ ғылымының айналымына енгізді. Бұл білімнің трансляциясына мысал бола алады.

2012 жылы Ясная Полянада өткен XI-толстойтанушылар симпозиумы Л.Н.Толстой кітапханасында өткізілді. Осы ретте басты баяндамада Гете кітаптарына Толстойдың әр жылдары жазған ескертпе-пікірлері сараланды. Бұл пікірлерден Толстой мен Гетеге ортақ мәңгілік құндылықтарға деген көзқарастар анықталды. Томас Маннның Гете мен Толстойға қатысты «Божественные олимпийцы» дегені еске түсірілді.

2014 жылғы Ясная Полянада өткен сипозиумда мен Гете-Толстой-Абай-Шәкәрімге қатысты әдебиеттегі диалогтың іске асқаны туралы баяндама жасадым. Бұл диалогқа уақыт пен кеңістік не саясат кедергі бола алмағаны айқындалды. Шынайы әдеби экзистенциалдық диалогтың үлгісі ретінде танытылды. Экзистенциалдық диалогқа түсу үшін замандас болу қажет еместігі тағы да анықтала түсті.

Аталған классиктер диалогынан қазіргі әдебиет теориясы ұйғарған «рухани туыстық» (Хемингуэй) анықталады.

Гете, Толстой, Абай, Шәкәрімдерге ортақ: туған жерге деген сүйіспеншілік, табиғатты жақын дос ретінде сезініп онымен сырласу, ақсақалдыққа ақылмен жету. Қазіргі әлемдік әдебиеттануда бұл тектілік – «аристократия духа» деп мойындалуда. Бұлардың өмір, тарих, саясат, өнер, әдебиетке деген көзқарастарында осындай ұқсастық басым. Гете үшін тарих – тарихи тұлғалардың өмірбаяны. Толстой тарихты – халық қозғалысы деп санаған, сондықтан Гетемен диалогқа түскен Толстой былай деген: «Читаю Гете и роятся мысли». Абай үшін «Алланың өзі де рас, сөзі де рас». «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» (18-сөз). Өзін Абайдың шәкіртімін деп санаған Шәкәрім әлемді тарихи тұлғалардың өмірбаяны не халық қозғалысы емес, тек Ар білімі ғана құтқарады деп адамзат алдына осы білімді қалыптастыруды қажет деп санаған.

Осы есімдер диалогын қазіргі әдебиет теориясы тұжырым ретінде ұйғарып, XXI ғасырға қажетті рухани азық ретінде ұсынуда.

Қазіргі әдебиет туралы ғылым анықтағандай,

маңайымыздағы әлем ортақ, адамзат бір кемеде. Сондықтан прагматикалық саясатқа біз жалпыадамзаттық құндылықтарды қарсы қоямыз: біреуге қиянат жасауға қарап отыру жеткіліксіз, ол қиянат бәрімізге қарсы жасалған әрекет, себебі адамзатқа ортақ қасірет болып саналады.

Бүгінгі ақпарат теориясы анықтағандай, қандай да бір ақпарат жойылмайды, ол галограмма ретінде ғаламда сақталады, сондықтан ол қазіргі бізге ғана емес, келешек пен өткенге де әсер ете алады. Бұл біздің бүгінгі материалистік хронотопымыздан жоғары тұрған жаңа хронотоптық өлшем. Осы теорияның бізге қандай әсері бар?

Кез келген ақпараттың өткенге, қазірге, келешекке әсер ету мүмкіншілігі бар болса, руханилық – әркімнің өз шаруасы ғана емес, бұл жалпы адамзат қоғамының келешегіне әсер ете алатын қажетті қару. Рухани ізгілік – тек адамдық қана емес, әркімнің маңайымыздағы әлеммен бірлікте екендігін жаңаша сезіну. Мысалы, осыны сезінген саясаткер өзінің қарым-қатынастарын тек бейбітшілікке бейімдеуі әбден мүмкін.

Ғылым дәлелдегендей, ізгілікті болу қазіргі тіршіліктің қажеттілігі деп түсіну ХХІ ғасырда бізді жаңа белестерге жеткізетін шешуші күш ретінде мойындалуда. Бұл қарапайым адамдарға да тікелей әсер етеді, себебі пенденің ішіп-жеуі ғана емес, рухани өсуіне де жол ашады. Осыны сезіну жай тәртіпке шақырудан да күштірек екені айқын.

Қазіргі антропология мен онтологиялық зерттеулер мойындаған тағы бір ғылыми жаңалық бар. Британдық астрофизиктер Леонард Саскинг пен Стивен Хокинг көп жылдық зерттеу негізінде ақпарат феномені қара тесіктерде ғайып болып кете ме? деген сауалға жауап іздеген. Адамзат тарихы өтіп жатыр, ақпарат феномені қара тесіктерде жойылып жатыр ма? Осы пікірталаста Лео Саскинг жеңіске ие болды. С.Хокиннгтің пікірінше, ақпарат жойылып кетеді, себебі адамзат тарихы алдыңғы қателіктерін ескермеуде. Ал, Л.Саскинг керісінше, ақпарат жойылмайтындығын математикалық тұрғыда дәлелдеп шықты. Адамзат тарихындағы оқиғалар ғаламның шетінде галограмма түрінде пленкада жинақталады екен және ол бізден тыс ғаламдық әлемге де ортақ. Осы ретте ғалым сақталған ақпараттар қазіргі бізге ғана керек емес, келешекке және өткенге де әсер ете алады деп айқындап берді. Астрофизик ғалымдардың бұл жаңалығы бізге үйреншікті уақыт пен мекендік өлшемдерден басқа өлшемдер бар екеніне

көзімізді жеткізді. Сондықтан бұл қазіргі ғылымда сенсация жасаған революциялық жаңалық әдебиетте де орнығып келеді.

Бұл ғылыми жаңалықтың қазіргі өркениеттің дамуына тікелей әсері бар екені де анық. Қазіргі өркениет өзінің прагматикалық дамуын қоя тұрып, енді рухани даму жағына мән беруге тиісті. Астрофизиктердің жаңалығын мойындаған интеллектуалдар адамзатқа рухани даму аса қажет деп санауда. Рухани даму жай ғана адамгершілік емес. Бұл түсінік жаңа мазмұнмен толықтырылуда. Ендігі ретте ізгілік пен руханилық адамның қара басының мәселесі емес, ол өз маңайыңмен біртұтас екенінді жауапкершілік ретінде сезіну. Сондықтан бейбітшілікте өмір сүру, қоршаған ортаны қорғау, басқаны түсініп, оған мейірімді болу әр адамның өзі үшін тиімді болып саналады.

Қазіргі қоғамның рухани бағытын осылай деп анықтау әдеби-теориялық зерттеулерде іске асуда. Осының нәтижесінде ендігі мақсат адамзаттың рухани дамуына жол ашу. Осы ретте әлем әдебиетіндегі айтылған ізгілікті ұрандар да еске салынуда. Сондықтан бүгін Абай, Гете, Шекспир, Толстой, Шәкәрім, Достоевский, Чеховтің әлемді тану мен өмір сүру туралы асыл сөздері қайта жанғыруда.

XXI ғасырдың алғашқы он жылдығы өтті. Әлеммен бірге әдебиетпен қатар әдебиетті танытатын ғылым талаптары да өзгерді. XX ғасырдағы әдебиеттанулық жетістіктермен шектелу қазіргі уақытта жеткіліксіз. Осы ретте қазіргі қазақ әдебиетінің постмодернистік кезеңі күні бүгін арнайы зерттелмей келеді. Қазақ әдебиетінің тарихын ғана зерттеумен шектелу қазақ әдебиетін әлемге танытудың жолы емес екені де айдай анық. Кәсібиленген әдеби-теориялық зерттеулерсіз әлем әдебиеттануында ұлт әдебиетіндегі басты рухани құндылықтарды таныту мүмкін емес.

Жоғарыда аталған әлемдік ғылыммен тығыз байланыста іске асып жатқан әдеби-теориялық зерттеулерде орын алған XXI ғасырға қажетті ізгілікті-рухани қажеттіліктер қазақ әдебиетін танытатын ғылымда да дамуы тиіс. Қазақтың толғауы, тарихи жырлары, дастандары мен бабалардың асыл сөзінде орын алған ізгілікті дәріптейтін мәтіндердегі рухани дискурсты жалпыадамзаттық құндылықтар ретінде қазіргі пән сөздер арқылы насихаттайтын кез жетті.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ: ҚАСЫМХАН БЕГМАН

Тилік пен халық арасында тұрған біздің тіреуішіміз Өкешан да асыл сөз иелері ақын-жыраулар болған. Қазіргі қазақ поэзиясында да бабалардың рухын жаңғыртқан қасиетті сөз иелері баршылық. Жас кездегі алыпұшпа сезімді 60-70 жасқа дейін созып, соны махаббат деп, әйелдерге деген сезіммен шектелген ақындар да бар. Сонымен қатар қазіргі заманға сай, бүгінгі оқырманға ХХІ ғасырдың қазағына қажетті ойларды айта білетін ақындар көп емес. Қара басының қамын емес, қазақ тарихындағы қасиетті бабалардың даңқты істерін сағынып, осындай тектілікті жүрегімен аңсаған ақындардың бірегейі – Қасымхан Бегманов. Тәуелсіздік кездің ақыны Ақтамберді жыраудай толғайды: *«Ханменен кеше тең болған, зұрпың мен ата салтың-ай! Қарға-құзғынға жем болған қайран да менің халқым-ай!»* [1. 242].

Ақынның «Күреңбел» кітабын оқып шыққан соң қазіргі қазақ поэзиясында шынында да бір үлкен өзгерістер бар екеніне анық көзім жетті. Себебі, Қасымхан Бегманов ел айтып жүргендей лирикалық бағыттағы ғана ақын емес, оның лирикалық кейіпкері өзінің жас кезіндегі шынайы бозбалалық сезімін сақтай отырып, Ана, Атамекен, Отан деген концептерді басты қазық етіп алған шынайы ақын. Ақынның мақсаты қазір маңайымызда болып жатқан тіршілікке өз көзқарасын оқырманның көзіне тіке қарап бүкпей білдіру.

Бұл үшін азаматтық ұстаныммен қатар асыл бабаларымыздың рухын сезініп, оларды қазіргі адам құндылығы төмендеп кеткен заманда қажет кезде қорғай ала білу керек. Сондықтан тура Қасымханның Мұстафа Шоқай туралы жазуы да заңдылық. Мұстафа Шоқай туралы жазу үшін оның кім болғанын түсіну жеткіліксіз. Осы ретте Алаштанушы ғалым М.Қойгелді былай деген: «Мұстафа Шоқай. Оның өмірі, Түркістан үшін жүргізген арпалысты

күресі, шығармашылық мұрасы, кейінгі ұрпаққа қалдырған өсиеті – бүтін бір университет. Міне, осы көп салалы шоқайтануда көрнекті ақын Қасымхан Бегмановтың орны бар. «Мұстафа Шоқай жолымен» деп аталатын екі томдық кітаптан тұратын айтулы еңбегі Наршоқыдан Берлинге дейін жүріп түсірген 4 бөлімді деректі фильмі, ең негізгісі Өскемен қаласында болып өткен шулы сот процесінде М.Шоқай есіміне жеке араша түсіп, сотта жеңіп шығуы оның бұл тақырыпқа деген адалдығының анық көрінісі. Енді міне, «Шерлі Түркістан» деп аталатын тарихи дастаны дүниеге келді.

Қасымхан ақын бір нәрсеге иманындай сенеді: Мұстафа Шоқайдың биік тұлғасы үшін күрес – бұл идея үшін күрес, Түркістан халықтарының тұтастығы мен болашағы үшін күрес. Бұл мәңгілік тоқтамайтын майдан. Ақын Қасымхан Бегмановтың бұл дастаны Мұстафа Шоқайға, Мұстафа Шоқай сүйген Ұлы Түркістанға арналған. Мағжан, Шолпан, Абдолла Қадыри сынды алыптар жырлаған гөзал Түркістанға.

Ендеше, біздің қазақта кеше тебіреніп Мағжан Жұмабаев, бүгін буырқанып Қасымхан Бегманов толғай жырлаған, Мұстафа Шоқай шексіз сүйген, Мұстафа Шоқай армандаған Ұлы Түркістанның амандығын тілейікші, ағайын» [1. 14].

Мұстафа Шоқайдың кім болғанын сезіну үшін бабаларымыздың «Отан үшін! Ел үшін!» істерін қазіргі заманда жоқтай отырып, мақтаныш ететін ақындық жүрек керек. Қазақ елінің мемлекеттілігі мен мерейі үстем болуы үшін әр қазақ не істей алады дегенде ақын Қасымхан Бегманов Мұстафа Шоқайдың асыл бейнесін алға тартады.

Ақынның «Шерлі Түркістан» дастаны Тәуелсіздік кездегі көзі ашық, көкірегі ояу ұрпақтың Мұстафа Шоқайдай Ерге асыл сөзден қойылған ескерткіші. Бұл толғау-поэмада оқырманның жүрегіне Алашорда үкіметі болғандығын, Алашордалықтар қандай зардап шеккендігін және олар тек атақ, лауазым үшін емес, аумалы-төкпелі тұрған заманда Отанға қызмет етудің жарқын үлгісін көрсетіп кеткен шаһидтік ғұмыр кешкендер туралы қазіргі немқұрайлы замандастарымызға тура осындай жалынды ақындық сөздермен айту қажет.

Мұстафа Шоқайдың жолымен оны Европаға дейін жоқтап барған ақын жүрегі былай тебіренеді: «... Түнгі Париж, қаңғыдым жалғыз Шанзелия көшесіменен. Шарпты тартты шайырлар кесесіменен, жоғалаған уақыт толады есесі немен?! Мұстафа Шоқай сан жүрген жабырқап жалғыз, Шелде Мария, Берлинде Мұстафа... қабір қап жалғыз. Жүз жылдықтар... жанымды ауыртты менің. Арманым оның дос түгіл жау ұқты дедім» [1. 218-219].

Қасымханның басты тақырыбы келесі сөздерде айқындалған: «Талай сырды ұғарсыңдар жырымнан, астамсынған үн естіліп қырымнан. Бар биліктен шеттетілген, сырылған, осы тұста Алашорда үкіметі құрылған! Әлихан мен Мұстафалар күресті, Империямен тіресті! Сұрасаңыз Мұстафаның аталары би болған, Хан түсетін үй болған. Ер Мұстафа осы жолға текке түсті дейсің бе?! Кекке түсті дейсің бе?!» [1. 224]. М.Шоқайдың басты күрескерлік ұстанымы былай деп айғақталған: «Жүріп өткен жолына басыңды иіп құласаң, бұл Мұстафа Шоқайдың түп атасын сұрасаң, сүт анасын сұрасаң, құт анасын сұрасаң, түбі оның Ер Түрік! Дұшпандарын алдына тізерлетіп келтіріп, дандайсыған неменің басын шауып өлтіріп, кеткен біздің бабамыз айналайын Ер Түрік!» [1. 225]. Ер Түріктің алдында кімдер тұрғаны туралы былай толғайды: «Ойнағаның, күлгенің, бақытты боп өміріңді сүргенің. Ен далада алашаң басып жүргенің жеңістерін әр жыл сайын тойлаған. Арқасы зой ұрпақ қамын ойлаған, Ер Күлтегін, Тонькөк пен Білгенің!» [1. 225].

Ақын үшін Ер Түрік бастаған бабалар ісі бүгінгі бізге ұлт даңқы ғана емес, соларға қарап бой түзейтін рухани Темірқазак. Ақынның толғау-поэмадағы басты сөздері: «Ел үмітін ақтадым, жер үмітін ақтадым. Ана тарих, саған деген сезімді жүрегімнің түкпірінде сақтадым» [1. 225]. Толғау-поэмада Мұстафаның істерін мақтаныш етумен қатар қазіргі ұрпақтың қабылдауына құжаттар негізінде қажетті мағлұматтар келтірілген: Өскемендегі сот шешімі, Мухторият, Шоқайдың күнделіктерінен үзінділер, автордың түнгі Батуми, Стамбұл, Берлиндегі бейіт басындағы монологы, Мұстафаның Марияға жазған хаттары мен естеліктері, мұрағат деректері, ауыл қариясының әңгімесі. Бұл мәтіндер толғау-поэманың дискурстық ерекшелігі болып табылады.

Қазіргі постмодернистік шығармалардың құрылымы әр тектен тура осылай құралады: қарасөздік деректер мен өлең сөздер қатар жүріп отырады. Автордың өз кейіпкеріне деген көзқарасы келесі жолдарда: *«Мұстафаны бұл қырғыннан сақтап қалған Құдайым! Ғайбат, жала, өсектерден ақтап та алған Құдайым! Айтыс-тартыс, қуғын-сүргін оттарынан тозақтың. Артық туған асылымды қақтап та алған Құдайым!»* [1. 234]. *«Асу да, асу бел жатыр, шалқар да шалқар көл жатыр. Топырағында немістің татпаған дәмін жеңістің Елім деп өткен Ер жатыр!»* [1. 258]. Ақынның замандастарына аманаты: *«Жасамаса жасамасын, сұрамайды кешірім, айқара ашқан жасқанбастан екі дүние есігін. Түркістанды шексіз сүйген, осы жолда жан қиған, Шоқайұлы Мұстафаның қастерлеңдер есімін! Осы жолда жанын берген, барын берген асылым!»* [1. 235]. Осы поэмадағы Мұстафаның Марияға жазған хатынан Анасы туралы келесі мағлұматы мәтінге ерекше лирикалық күй берген: *«... Оның менің өз анам емес екенін, алайда оны өз анамдай жақсы көретінімді сен әрине, білесің. Ол идеал Ана болатын. Әлі есімде, кішкентай кезімде шешекпен ауырғанымда, о мені үш апта бойы тізесіне жатқызып қараған-ды. Соның еңбегі мен күтімінің арқасында біз бәріміз де тәніміз бен жанымыз сау боп өстік. Бала кезімде таңертең ерте сабаққа кетер алдында мен ұйықтап жатқанда, түнде ішіне өкпе-бауыр салып пісірген шелпектерін жегізіп, ыстық сүт беретін...»* [1. 252].

Қазіргі ағылшын тіліндегі постмодернистік поэзияда ақын сөзінің тууына себеп болған деректерді келтіру баяғыда-ақ енген. Қ.Бегман поэмасының көркемдік деңгейін осы дерек-мәтіндер әсірелеп тұрғаны анық. Бүгінгі оқырманға Мұстафа Шоқайды осылай танытатын дерек пен асыл сөзді қатар қолдану қажет. Поэманың «Тұяқ серпу» бөлімінде ақынның басты тақырыбы былай айқындалған: *«Әсім басқан жесірдей құба далам, ұрпақ жоқ бұл қайғыны сұрамаған. Толғамау бұл тарихты күнә маған, жырламау бұл тарихты күнә саған! Қайтейін, бір күнің жоқ сенің-дағы, өксігін ішке тартып, жыламаған»* [1. 283].

«Күреңбел» кітабының көркемдік, ақындық дәрежесі қандай деген сауалға кітаптың алғысөзінде қазақтың заңғар

ақындары Қадыр Мырза Әли («Ташкентпен қоштасу – поэтикалық құбылыс») мен Тұманбай Молдағалиевтің («Махаббат ақыны») кәсіби пікірлері жауап бола алады. Бұл пікірлермен келіспеу мүмкін емес.

Қасымхан Бегмановтың «Ташкентпен қоштасу» толғауының орны да ерекше. Мен жас кезімде «Неге Төле би атамыз Ташкентте жерленген? Неге Әйтеке би Самарқанға таяу жердегі Нұратада жатыр?» деп ойлайтынмын. Тарихшылар айтпай келе жатқан мағлұматтарды қазіргі ақын-жазушылар осылай өлеңнің басты тақырыбы етіп айтып жүр. «Ташкентпен қоштасудың» соңында лирикалық кейіпкердің төгілген көз жасы: Алаш арыстарының ізі қалған қасиетті жер екені, қазақтың мәдениеті, саяси өмірі өткендігін жаны егіліп жоқтауы оқырманға ерекше әсер етеді. Жүрегі ауырып, жан дүниесі қопарыла құлазиды. Қазіргі Тәуелсіздіктің қадірін түсіну үшін бізге осындай рухты сөздер керек. Өлең Қазтуған жыраудың келесі сөздерімен басталады: «Кіндігімді кескен жер, кір-қоңымды жуған жер». Бұл интертекст жыраулар поэзиясының басты мақсатын еске салып, қазіргі оқырманның көкірек көзін ашу үшін келтірілген. Замана толғауы оқырманға қаратылған келесі сөздермен басталады: *«Тәшкенге қарап жылағым келді, ардақтым! Әлденелерді өзіңнен сұрағым келді ардақтым. ... Алишандай басып Алашордашыл осында жүрді-ау, асылдар. Асылдарымды бізден бөліп түбіне тартты гасырлар. Орындалмаған ақ армандары Абылай мен Кененің. Сағынышымды басып бір кетсем деп едім. Сарыағаш жақтан қалаға мынау қабырғасынан қарадым, бойымды билеп, өзегімді өртеп нала-мұң. Ұлы Даладан бөлініп қалған жерменен Тәңірі бізге бермеген!»*. Автор өз оқырманын «ардақтым» деп интеллектуалдық дәрежеге көтеріп, оған жүрек сырын айтады. Бұл өлең жолдары нені меңзейді? Қазақтың тарихын қастерлеп танымаған замандастарына ақын бабалар тарихынан сыр шертеді. Ұлы Дала тарихындағы біз мақтаныш ететін бабалар ісін тура осылай асыл сөзбен ақпақұлақтардың құлағына құю керек. Бұл өлең Мағжанның күңіренген толғау сарынымен жазылғандай. Автор өткенді ғана жоқтамайды, бүгінгімізге ие болуымызға шақырады. Шынында да, бұл толғаудың астарында үлкен мән бар, біз бүгін айта алмай жүрген шырқыраған шындықтар жатыр.

Қасымхан Бегмановтың басты мақсаты қай жағынан алсаңыз да ұлттық мүдде мен тарихты этикалық рухани күш ретінде алға тарту. Ол – тарихты көркем жырлай білетін ақын. Ақын кітабындағы әрбір сөзі өз орнында, ретімен тұрғандығына анық көзім жетті. Өз басым тиісетін бір қисық тұрған сөз таба алмадым. Автор сөзді таңдап, шебер талдай алады, әбден електен өткізіп сұрыптап пайдаланады. Қазақ тілінің құдіреті осындай мәтіндерде танылады. «Ташкентпен қоштасу» мен «Шерлі Түркістан» мәтіндерінде Қасымхан Бегмановтың басты тақырыбы айқындалған. Бұл Мұстафа Шоқайға деген ілтипат қана емес, Мұстафа Шоқайдың армандап, өкінішпен өткен ғұмыры қазіргі Тәуелсіздіктің қадірін түсіну керектігін еске салады.

Осы ретте *Қазақстанның халық жазушысы Қадыр Мырза Әлі былай деген: «Ташкентпен қоштасу»* қатардағы көп өлеңдердің бірі емес. Бұл өзі жеке-дара дүние, поэтикалық құбылыс. Оның жанрлық тамыры тым тереңде, тіптен әріде. Өткен ғасырларда өмір сүрген көне қазақ ақындарының жырларында, қопарыла айтылатын телегей толғауларында жатыр.

Қасымхан Бегманов поэзиясында үстірттік, асығыстық, фрагменттік, салғырттық мүлдем жат құбылыс. Ол, нені болса да, жаны өртеніп, егіліп, төгіліп жазады».

Ақынның «Дүние» өлеңінде лирикалық кейіпкер қазақ тарихын жан-тәнімен, сағынышпен былай деп еске салады: *«Өткізіп қилы ғасырды, ырысым жатқа шашылды. Тау мен тасқа соқтым мен, халқым деп газиз басымды. Ноғайлы болып аңырадым, Отырар болып қаңырадым. Ақтабан болып шұбырып, далада қалды саңлағым. Төрі ме деп жұмақтың дүние, сені ұнаттым. Асанқайғыны зарлатып, Йасауді жылаттың»* [1. 116]. Бұл жай мұң емес, қазіргілерге шаңыраққа қарап, ойлы істердің басында болуын талап ететін ақыл сөз.

Қазақ тарихының, даңқты бабаларымыздың іздеушісі болып жүрген ақынның лирикалық кейіпкері тура Мағжанша былай тебіренеді: *«Дүние-ай, сені нетермін, мен-дағы бір күн өтермін. Керуен де керуен ұзаған бабаларыма жетермін»* [1. 117]. Келесі өлең жолдарында ақын Есенинше жырлайды: *«Нарын да болып ұлыдым, Арал да болып құрыдым. Желтоқсан болып борадым, лақтырып тағдыр құрығын»* [1. 116].

Түбінде арым таза болуы үшін «осыны айттым ғой» дейтін ақынның лирикалық кейіпкері біздің бүкіл тарихтағы текті бабаларымыздың ісін өзінің жүрегінен өткізіп отырып оқырман санасына шебер жеткізуге тырысады: *«Дүниесі, сені нетермін, көз жұмар мәңгі жетер күн. Сайын да сайын даламды кімдерге тастап кетермін. Алдыма түсті-ау жабылар, жабылардан да жалызар. «Қазақтың зарын айтты-ау» - деп, мені де жоқтар, сағынар»* [1. 117].

Өзін терең түсінетін, тыңдайтын оқырманына қарата ақын былай деп мұң шағады: *«Көзімде мұңның табы бар, ернімде шөлдің зары бар. Жетім ботадай боздадым, сөз ұзар біреу табылар»* [1. 117].

Қасымхан шығармаларында қасиетті бабаларымыздың Ташкент, Отырар, Йасауи қалаларының тарихымен қатар көне қалалар мен жер-су, өсімдік атаулары ерекше нақышталған. Лирикалық кейіпкердің Махамбет пен Кенесарыны жоқтауы да ерекше: *«Түсімде кейде... сарбаз боп еріп кеткім кеп, көзімнің жасын көл қылып үнсіз төктім көп. Ағыл да-тегіл жастығым су боп ояндым, жаныңа сенің Наурызбай болып жеткім кеп...»* [1. 185]. Бұл сөздерде қазіргі қазақтың осы бабалар істеріне сай болу керектігі меңзелген. Кезінде Кенесарыны жазғаны үшін жапа шеккендер туралы былай делінген: *«Айтпайды әлі, айтпесе бұл ел біледі. Құптаса бірі, парықсыздауы күледі. Әуезов сынды алыптар шекті азапты, Кенесарыны сүйгені үшін жүрегі»* [1. 186].

Өлеңнің соңғы тармағында қазіргі қазаққа айтылған аманат бар: *«Айналып көкті жүргендей әлі жебе бір, тербейді мені көне бір тарих, көне жыр. Нысанбай жырау жырлаған осы жорыққа ағажан сен де көңіліңді ештеп бөле жүр. Айналып көкті жүргендей кекті жебе бір!...»* [1. 186]. Бұл сөздерде Тәуелсіздік кезеңдегі поэзияның дискурсы ғана емес, бүгінгі дүние қуған заманға ата-бабалардың тектілігі мен бекзаттығын қарсы қойған рухани-этикалық күш жағыр.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бегманов Қ. Күреңбел: өлеңдер, дастандар, толғаулар. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШ; Дәстүр, 2014. – 296 б.

ЖҰМАБАЙ ШАШТАЙҰЛЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

Қазіргі саясатқа соғұрлым шапшаң қарқынмен бет бұрған уақытта замана тақырыбына жазылған шыншыл шығарманы кездестіре қоюдың өзі оңайға соқпайды. Осы орайда, әзірге бірді-екілі кітаптарымен ғана көрініп үлгерген жас прозаиктердің үні барған сайын айқын естіле бастады. «Алпысыншы жылғылардың» өкшесін баса әдебиетке келген ұрпақтың жас мөлшері қырықтарда, олардың жаңа қаһармандары өзіндік ерекшеліктерімен көзге түседі. Аталмыш жазушылардың бас кейіпкерлері үшін тыйым салынған тақырып жоқтың қасы. Олар ненің де «түпкі мәніне» терең бойлауға тырысады. «Алпысыншы жылғылар» үнсіз айналып өткен жәйттер немесе тыйым салынған тақырыптар кейінгі толқынды не себепті толғандыратыны түсінікті де...

Бұл жалғасын таппай үзіліп қалған немесе жасанды түрде кері шегерілген халықтың рухани мәдениеті болатын. Міне, соның салдарынан әкелер мен бабалардың бір кездегі іс-әрекеттерінің мәнін айқын ұғына алмаған ұрпақ өсіп жетілді.

Бүгінгі таңда жұртшылық атаулының ой-санасын саяси және публицистикалық құштарлық билеп алған, әйтсе де, шынайы көркем шығармаларда бейнеленген әлемнің өзіндік өзгеше қуаты бар. Бұл жас жазушыларымыздың да шығармаларына қатысты.

Қазақ «неоралистері» беймәлімділік, еркіндікке ұмтылу, тіпті кейде әлем туралы бұрмаланған көзқарастары арқылы шынайы өмірді өзіндік тұрғыдан сезініп-түйсінуге ұмталған-ды.

М.Байғұтов, Ж.Шаштайұлы, С.Асылбеков, Б.Ыбырайым, Д.Әшімхан, Ж.Қорғасбек, Н.Ораз шығармаларындағы қаһармандар авторлық идеяның кернейшісі емес. Бұл жазушылар өз кейіпкерлерін әдеттегідей дайын үлгідегі идеялар мен ұрандар құрсауынан құтқарып қалғысы келеді. Сондай-ақ, «автор – қаһарман» жүйесіндегі қарым-қатынастар өзгеріске ұшырауы кездейсоқ болмаса керек. Сол себепті де негізгі сөз ең әуелі кейіпкер атынан сөйленеді де, ал автор өз шығармасына әдейі енгізілген әңгімелеуші онымен қатар көрінеді.

Сөйтіп қазіргі қазақ прозасындағы ілгеріде – кейіпкердің күллі әрекетіне киліге кетіп, сол үшін шешім қабылдап жататын бәрін білгіш автордың өктемдігі өзгерді. Мәселен, жазушы Жұмабай Шаштайұлының шынайы өмір болмысын сезінуге ұмтылған қаһармандары өзіндік рухани өмірімен назар аудартады.

Аталған жазушылардың кейіпкерлері ұжымдық ой-санамен (топ арасында жүру қолайлы болса да) өмір сүрмейді міне, сол үшін де шындықтың аулына ат басын бұруға бейім келеді. Әрине, бұл шығармалардың бір-бірінен стильдік тұрғыдан ерекшеленіп тұратыны белгілі. Сонымен бірге әрбір кейіпкердің өзіне ғана тән бөлекше сөз саптауы бар. Кейіпкерлердің тілдік айшықтары бір-бірінен өзгеше болуы да заңдылық.

Жұмабай Шаштайұлының 1990 жылы «Жалын» баспасынан жарық көрген кітабында прозаның осы іспетті стильдік ерекшеліктері айқын байқалады. Кітап авторына кезінде малшылар өмірінің көңілсіз көріністерін суреттегені үшін, былайша айтқанда, «... жер бауырлап жатып қалған қайдағы бір татымсыз» тақырыпқа барғаны жөнінде оған аса жоғарғы мінберден тым қатал сын айтылды. Жас жазушының 1970-жылдардың жықпыл-жықпылы мол, күрделі де көмескілеу шындығына бойласам деген игі ұмтылысы сол тұстағы бәрі де «ойдағыдай» болуы тиіс деп ұғынатын, «асқақ» идеяларға бой үйреткен кейбіреулерді шамдандырды.

Ж.Шаштайұлы айналасында өтіп жатқан жайттарға ой көзімен үнілуге бейім. Оның үстіне өзі де ауылда туып-өскендіктен, әншейінде жиі айтылып жүрген шат-шадыман ұрандардан басқа да өмір болмысының бар екенін жақсы білетін. Сонау 1970-ші жылдар түгілі, қазіргі қазақ аулының өмірі де аса бір биік белеске көтерілді деп айту қиын. Жазушы қашанда өзінің өмірлік тәжірибесіне арқа сүйейді. Ең бастысы – идеализациялау емес, алған тақырыбына деген адалдық...

Жинақ «Жала мен нала» атты повестпен ашылады. Мұндағы басты түйін – атының өзіне-ақ көрініп тұрғандай, «мәңгілік» тақырыптардың бірі – Жала мен Наланың қатар өрбуі арқылы таратылып отырады. Баяндаушы бас қаһарман – жас мұғалім Райыспен бірге жала тырнағына іліккен жадау кейіптегі жанның көңіл-күйіне ортақтасады; осының бәрі оқиға өрбуінің табиғи дамуы барысында айқындалмайынша ол да өкпе-реніштен арыла алмайды.

Повесть кейіпкері жас мұғалім өзі оқыған мектеп қабырғасына қайтадан оралады да, қаршадай кезден әкесі жайлы айтылып, жанын азапқа салып жүрген ғайбат сөздерді еріксіз еске алады. Бұл көпшіліктің көз алдында әкесін сатқын деп жариялаған бала кейіпкердің қорлық пен мазаққа душар болған сәтін жадында жаңғыртуы ғана емес. Біз жігіттің ширығуының, өзін қорлаған адамға деген жеккөрушілігінің, әйтсе де, оның түп тамыры – халықтық тәрбиеден бастау алатын айырықша ұстамдылығының куәсі боламыз. Осының тікелей көз алдымыздан қайта бір өтіп жататын драмалық уақиғаларға ой көзімен үнілуге түрткі болады.

«Осының өзі қалай басталған еді?» Бұдан арғы еске алу – алға тартылған сауалға жауап беруге саяды да, балаң жігіт Райыс пен бүгінгі таңдағы өмірлік тәжірибесі молыға түскен жас мұғалім қылаң береді. Балаң жігіт кезінде әкесі немістерге сатылып кеткендігі жөніндегі айыпты еске алып қиналады. Мұғалім Досаев өзі соғысқа қатыспағанымен қоймай, балалардың кезекті әзіліне (оның басына есіктің ішкі жағынан ілінген таяқша түсіп кетеді) сүйектен өтетін уытты сөзбен «қарымта қайтарып» үлгереді. Енді оның бұрынғыдан да бетер ұнжырғасы түсіп, өзімен қатар құрбы-достарының алдында төменшіктей береді, сөйтіп, Райыстың көкірегінде өз әкесіне деген жеккөрушілік сезімі мен сенімсіздігі өрши түскен.

«Досаев сенің папанды немістерге сатылған, менің папамды тұтқында болған, – деуін дегенмен, Серік басын тұқыртқан күйі қимылсыз отырды да қойды» (29-бет). Мұғалім аузынан шыққан осы жалғыз ауыз сөздің өзі бала жүрегінде қаншама жылдар бойы айықпас шерге айналатынын кім білген?!..

Повестегі әрбір кейіпкердің өзгеден оқшауланып тұратын өзіндік тілдік «айшығы» бар. Әке мен бала арасында әңгіме бола қалған күнде де бұлардың әрбір сөзінің ішкі интонациясы сезіліп тұрады. Ж.Шаштайұлының повесінде біздің прозада жетіп артылатын «жалаң» диалог жоқтың қасы. Сөйтіп кез-келген кейіпкерлерлер екеуара сөйлесу барысында бірі екіншісінің сөзінің төркініне қарай ішкі жан-дүниесімен тілдескісі-ақ келеді. Әрі сонымен бірге бұл диалогтардың астарында бұрын-соңды еш жерде ашық айтылмаған күдік-күмәннің бір бөлігі жатады.: «Көке, сізді Досаев сатқын дейді, сол рас па?!» деген сөз тілінің ұшына оралып тұрғанымен... соны «Осы үшін азап шегіп-жүргенімді білмейді-ау» деген ой көкейіне оралды».

Мұндай диалог әкесінің бетіне тура қарап, оның айыбын бетіне басуға әдеттеніп көрмеген ауыл баласының психологиясын ашуға дем беріп тұр. (Егер өз кейіпкері туралы автордың өзі тап осыны айтар болса, онда бұл жоғарыдағыдай тым табиғи шықпас та еді).

Арада жылдар өтеді, мұғалім Досаев автомобиль апатынан көз жұмады. Ұстаз атанған Райыс та өзі оқыған мектеп қабырғасына қайта оралды. Есейген ол бір кездегі мұғалім Досаевтың әкесіне таңған жаласының жалған екеніне және өз әкесі мен мұғалімге деген өкпе-ренішінің негізсіздігіне көз жеткізе түседі. Әкесімен болған әңгіме үстінде әскери тапсырмамен Ташкент келген әкесі ажал аузындағы ағасының хал-ахуалын білмек өз еркімен кеткенін және сол үшін де кейіннен айыпкерлер батальонында қамалып қайтқанын («Мен айыбымды қаныммен жудым ғой!») естиді.

Ал, повестің финалында Райыс әкесі Әбдібайды ауыр жағдайда Алматыдағы госпитальға алып бара жатады. Сол тұста дәрігерлерге соғыс ардагерлерінің құжаттары қажет болады. Әкесінің іс-қағаздарының ішінен оған Висла түбіндегі шайқаста әскери шенінің капитан қайтарылып берілгенін айғақтайтын шынайы фактыны көргенде ғана көңілі орнына түседі. Міне, сонда ғана әкесіне деген орынсыз өкпесі де ұмыт болады. «Күні бүгінге дейін әкесіне күдікпен қарап келген кінәсін жуып-шаюдың қиындығын ойлап, көзіне ыстық жас үйірілді... Аты-жөні жоқ, қаралай беруге қалай дәті барды?» (Бұл әрине, Досаев жөнінде).

Сырт көзге осының өзі Райыстың басындағы драманың бір ұшығы ғана. Ашуы алқымына тығылған Досаев оның әкесіне жөнсіз жала жаба отырып, оның баласын жазалағаны аян. Бұл психологиялық прозаның аналитикалық бейнеленуі екені анық.

Жазушы Ж.Шаштайұылы бүгінгі дәуірді әсіре идеализациялаудан бой тартады. Повесті оқып шыққан соң тұтас бір ұрпақтың талай өкілдерінің әкелер іс-әрекетіне деген сенімсіздік рухында тәрбиелендігі жөнінде ойға шомасың... Қаламгер жеке адам тағдыры арқылы біздің жаппай саясатқа бет бұрған уақыттағы ұланғайыр проблеманы алға тарта білген. Ол рухани тазалық пен арылмас жала, адалдық пен азғындық сынды бір-біріне қарама-қайшы мәңгілік тақырыптардың мәңгілігі хақында ой толғауға мәжбүр етеді.

Әрине, жазушының аталмыш хикаяны шағын әңгіме

арқылы да баяндап беруіне болатын еді, бірақ повестегі кешегі балаң жігіт пен бүгінгі ересек адамның ішкі көңіл-күйі мен тебіреніс-толғаныстары ұзақ есте сақталады. Біздің көз алдымызда адам ғұмырының екі кезеңінде өз басынан өткерген ауыр драмасы көрініс береді. Баяндаушы дәстүрге айналып кеткен: «Ол осылай деген-ді немесе осылай ойлаған еді...», т.б. тәрізді ерқашты тіркестерден бой тартады. Мұның орнын өтіп жатқан уақиғаларды өзіндік ой елегінен өткізіп барып баға беретін Райыстың сөзі алмастырады. Міне, осының бәрі қаһарманның өз ауызынан айтылған сөзі мен ой-пікіріне сенуге ықпал етеді.

Бұл баяндаушының ой-толғаныстарына тізе бергеннен гөрі, кейіпкердің ойы мен күресін бейнелеудің артықшылығын көрсететіні хақ.

Ж.Шашатайұлы прозасы оның шығармаларының өзегіндегі күнделікті өмірдің шындығы ауыр тұрмыстың ортасынан ойып алынып, бейнелеуімен ершеленеді. Ауыл ақсақалдарының күні бүгінге дейінгі жайсыз тұрмыс-тіршілігі, олардың драмаға толы өткен ғұмыры жәнге 1930-жылдардағы ашаршылық пен жұтты өз бастарынан өткерген жандардың ауызекі әңгімелері арқылы ғана белгілі жайттар – «Шал мен жылқы» повесінің беттерінен жанды көрініс тапқан.

Бұл повестегі оқиғалар да өмірдің өзіндей қарапайым жайттардан тұрады, әйтсе де қарт кейіпкердің ішкі ой-толғаныстары жан-жақты қамтылуымен күрделі.

Шалыменкемпірдің бір күндік өміріндегі уақиғалар тоғысының өзі – бүгінгі ауыл өмірінің көптеген проблемаларының шоғыры мен драмасын алға тартады. Тіпті кәріліктің өзі тұнып тұрған драма емес пе?!.. Әңгімеде үш ұлы да қалаға тұрақ теуіп қалған қарт кісілердің күйбең тірлігі сөз болады. Кейінгі жас ұрпақ қаланың жайлы пәтерлеріне жайғасып алу үшін ұмтылады, ал күні еңкеюге таяу кісілер ауылда қала бермек...

Жазушы күш-қуаты қайтса да, қолына қараған мал-жаннан қол үзбеген қарттардың тірлігін боямасыз суреттейді. Егер ұлдары ауылға келе қалса, онда тек өздеріне қатысты шаруаны күйттеп жүргені. Повестің оқиғасы қарапайым – тап мына қыс көзі қырауда үйленуге бекінген кенже ұлдары Әнуардың әрекеті онсыз да оңайға тиіп жүрмеген қарттардың өмірінде тағы бір кезекті проблема туындатады. Тойға қатысты мәселе жөнінде кенесіп қайту үшін Әнуардан үлкен ағалары Дархан

мен Жарасбай осында бас қосады. Артынан ерген інілерінің алдағы үйлену тойына әзірлік үстінде ағайындылардың бір-біріне деген қарым-қатынасы да айқындала түседі. Автор бір көргенге ұсақ жайттарды тәптіштеп кететін тәрізді. Бұл сыртқы әсер ғана. Көп ұзамай мұның ұсақ-түйек нәрсе емес, керісінше, туыстық күрделі өзара қарым-қатынастардың детальдары екенін түсінеміз. Сондайдың салдарынан ауылдан ат-тонын ала қашқан, бірақ қалаға келіп те жан тыныштығын таппаған жастардың шынайы психологиясы ашылады. Мұның бәрі де ұлдарының әр ынғайдағы сөздері мен мінез-құлықтарын үнсіз бақылаған қарт адамның қабылдауы арқылы беріледі. Ол сырттай қарағанда, ұлдарының өзара пікіпталастарына араласпайтын тәрізді, бірақ олардың әрбірінің сөзінің астарынан, әрқайсысы жөнінде іштей ой түйеді. Қарт кісінің өз қабырғасымен кеңесуі бүгінгі қарапайым ауыл ақсақалының сөз саптауына келеді. Кәрілікке тән әлдебір жайтты қайта-қайта есіне түсіріп, ойға шома беруі де табиғи.

Сонымен бұл қаһарман өзімен бірге қандай жаңалық әкелді?

Повестегі қарт өзі мен ұлдарының арасындағы бір кездегі рухани байланыстың жойылып бара жатқаны жөнінде күгі-түні ойлаумен күнірене күй кешпейді. Ол қайта осы ұядан түлеп ұшқан ұлдарының бұлардың ауыр тұрмысына, қолдарына қарап отырған малға деген енжарлығының түпкі себебін түсінгісі де келеді. Кәрілік жеткен соң ешкімге керегі болмағаны ғой, шамасы... Ол осыны айып ретінде ұлдарының бетіне баса алмайды, өйткені оның да ер адамға тән өзіндік намысы бар... Сөйтіп ол әлі де болса өзінің күш-қайратын сынап көргісі бар; тек мал ұстаумен ғана шектелмей, ұлдарына көмек беру үшін құлшынады. Бірақ іштей бұлардың ең құрығанда біреуі ата жолын қуатын шығар деген тәтті үмітке де арқа сүйейтіні рас...

Ұлдары қу тірліктің салдарынан көз алдындағысынан арғыны көрмейді де, шалдың қолындағы бар малын сатқызып, сол арқылы бүкіл мәселені бірден шешіп алғылары келеді. Повестегі ағайынды жігіттердің өзара ақылдаса келіп, тойға сойылатын малды әкелу үшін совхоздан машина сұрап алатын эпизод айырықша есте қалады. Бұл ретте қазіргі қым-қуыт тіршілікпен басы қатып, басқаға мұршасы жоқ рухани жүдеу замандастар бейнесі айғақталғандай. Қарт ұлдарын бастап, малға машинамен шығады. Тап осы тұста оның

ұлдары алдарынан алғаш кезіккен өздерінің жылқысының біреуін ұстап алып, жайратып салған бойда-ақ оны машинаға тиеп, шалды күтпестен тайып тұрады... Ал, жылқы үйірінен көз жазып қалған Қосшыбай шал таныс малшының үйіне қайта оралғанда, өзі жоқта болған іс-әрекетті естіп, біледі. Бұл мәтінде қан туыстығы рухани туыстыққа кепіл еместігі айқындалған. Ұлдарынан жанына жақын жылы сөз ести алмаған қарт оқырманын уайымға салып қала береді. Сөйтіп повесть финалында жоғалған жылқы үйірін іздеумен шаршап-шалдыққан әрі рухани жан дүниесі жадау тартып жападан жалғыз қалған шалды көреміз.

Кейбір әңгіме-повестердегі бір атаның балаларының әлдебір нәрсеге бола өзара талас-тартысқа баруы сырттай қарағанда, онша бір назар аударуға татымайтын ұсақ-түйекке жататыны мәлім. Ал, Ж.Шаштайұлының қазіргі таңдағы ағайын-жегжат арасындағы осындай қарым-қатынасты шынайы көрсете білумен бірге, оның рухани себептерін көздеумен ерекше. Жазушы үшін әке мен ұлдарының сыртқы істері емес, олардың ішкі әлемінде болып жатқан жанталасы, адамның немқұрайдылығымен арпалысы маңыздылау. Бұл жерде осы тектес ыңғайда оқиға өрбуі орыс жазушысы Ю.Трифоновты прозасын еске салады. Оның прозасында қала тұрғындарының іс-әрекеттері, сондай-ақ осы қозғалыстардың психологиялық себептері қатар бейнеленген. Ж.Шаштайұлы туған аулынан біржола безінгенімен, қалаға да тастай батып, судай сіңіп кете қоймаған жастардың болмыс-бітімін көрсетуге күш салады. Ауылдағы жасы келіп, жер таянуға шақ қалған тұста да малына ие болып отырған қарт адам тек қара басының қамын ғана күйттеп жүрген жоқ, оны ең әуелі балаларының игіліктеріне жұмсалатын малға оладың салқындығы, туған ата-анасының үйіне не себепті сирек келетіндіктеріне қатты қиналып, толғанады. Әкенің дархан жүрегі бәрін де кешіруге бейім... Бір ғажабы, қарт өзі іштей көксеген, бірақ балаларының қаперіне де кірмейтін жан жылуын өзгелер арқылы сезінеді. Бұған қыс көзі қырауда жоқ іздеп, шығандап кеткен шалға ескі жегжатының баласының: «Ата осынша жолға атпен жүріп, қалай ішіңіз пыспайды. Сонда не ойлап отырсыз?» – деуі дәлел. «Мынау заты жаман адам болмайды-ау, менің ана балаларымның ауызына осындай сөз неге түспейді екен?» (8 бет) деп күрсініп қояды кейіпкер. Қысқасы, қалай десек те повестегі шоктығы

биік кейіпкер Қосшыбай шал жазушының тыңнан тапқан образы деп атап өтуге әбден лайық. Осы бейне арқылы автор туыстар арасында үзіліп бара жатқан руханилықты алға тартқан. Әке мен ұлдары арасы ашылған заманның келешегі қалай болар? Деген мұң бар. Жан туыстығы автор үшін ең басты болып табылатыны да сондықтан.

Жазушы ауыл адамдарының психологиясын зерттеу әрекетін «Құралайдың салқыны», «Аспанқара», «Ұябұзар» секілді басқа да повестері арқылы жалғастыра береді. «Құралайдың салқынында» шопан Демеудің отбасылық өмірінде өтіп жатқан драманың куәсі боламыз. Мұндағы уақиға Демеудің жас әйелі Қадірсіз бен оның енесінің арасындағы қарым-қатынастар төңірегінде өрбиді. Демеудің өмірге деген өкпесі қара қазандай, анасы өз келініне аяусыз қысым көрсете бастайды. Соның салдарынан Қадірсіз (жанашыр тума-туыстары жоқ тұлдыр жетім) бұл өмірмен хош айтысады. Тап осылай болары повестегі бүкіл оқиға дамуы барысынан аңғарылады. Енді міне, отбасы ошақ қасында үнсіз кейіпте түнерген «қара кемпір мен жан-дүниесі әлемтапырық, ұнжарғысы түсіп кеткен Демеу мен буыны бекімеген жас нәресте қалды. Бүгінгі ауыл жайлы баян еткен Ж.Шаштайұлының тағы бір повесі осылай аяқталады. Жазушы үкім айтудан аулақ. Алайда алға тартылып отырған жайттардың бәрі-өз оқырмандарын енесі тарапынан байқалған қатігездік құрсауынан босанып шығуға ұмтылған Қадірсіздің тағдыр арқылы толқытып-тебірентуге мәжбүр етеді.

Жинаққа енген әңгімелердің ішінде «Өмір ертегісі» айырықша ерекшеленіп тұр. Бұл қазіргі постмодернистік әдеби ертегі. Жазушы көлемі шағын осы әңгімесінде ересек тартқан соң туған аулынан безініп, ат ізін салмай кеткен төл перзенттерінен үздіге хабар күткен қарттардың аянышты өмірінен алынған тағы бір үзік сырды өзгеше шеберлікпен бейнелеп берген. «Баяғы өткен заманда шал мен кемпір болыпты. Олардың әлпештеп өсірген екі ұлы, екі қызы бар екен...» Әңгіме осылай басталады. Бұл тұстағы сөз тіркесі сәл өзгеріске ұшырағанымен, интонация өзге ыңғайда... «Бісімілләсі» осы болса, мұның аяғы немен бітер екен?? Бірақ әңгіме финалы өте аянышты аяқталады. Автор баяндауында шал мен кемпір ешкімге шағымданбайды; немерелерімен бірге ауылға келіп, күйі кеткен қарттардың үйінен таза ыдыс таппаған келіні әй-шайға қарамастан, баласын сүйрелеген

күй көршілерінің үйіне тайып тұрғанда да ләм-мим деспейді. Тап осы көріністегі қарт адамдардың келінінің мінезі бір ауыз сөзге сыйып тұр: «Арманчик, жаным, жылама, қазір сүт пісіріп беремін, қандай вкуснятина!» Әңгімеде кейіпкерлер бірде-бірімен егесіп, тәжікелесіп жатпайды. Көз алдымызда ауылдағы күнделікті өмірдің қәдуілгі көрінісі өтіп жатыр. Финалда кемпір өзінің шалымен бірге шалғайға кеткен қызының сағынышқа толы хатын оқу үстінде... Тап осы күні немересін жетектеген келіні кіріп келеді де (ұлдары болса, достарымен кездесіп, кешеуілдеп қалған), сол бойда-ақ қазақша бір ауыз сөз түсінбейтін баласын ертіп үйден шыға жөнеледі. Қарт кісілер олардың келіп-кеткенін үнсіз бақылайды, бірақ сыртқа естірте ешнәрсе демейді. Иә, кемпір-шалдың осы іспетті қысқа кездесулерге еті өліп кеткен, әйтсе де келін-баласы бұлардың өміріне араласқан емес. Жазушы осындай бірер шртрих немесе бір ауыз сөзбен-ақ кемеліне келген соң өз ата-аналарын пайдаланудан қалған қажетсіз жиһаз есебінде қалдырып кете баратын, қазіргі көйлегі көк, тамақ тоқ безбүйрек ұрпақтың бейнесін көзге елестететін көңілсіз картинаны алға тартады. Тағы бірде: шалы уайымға беріле бастаған кемпіріне Шахмаран атты жылан туралы кезекті ертегі айтумен оның көңілін жұбатқан болады. Бір-біріне деген қамқор көңілмен селбесіп күн кешкен шал мен кемпір осылайша тағдыр теперішіне көнбістік танытады.

Бұл – ертегі емес, күрделі өмірдің өзінен туындаған рухани азғындықтың бейнелі көрінісі. Осыны жіті көре білу және ол жөнінде оқырмандарына ой салып отыру Ж.Шаштайұлы прозасының басты ерекшелігі болып табылады. Жазушы адамдық, кісілік парызды алға тартылатын сауалдарға жауап берумен ғана шектелмесе керек. Автор біздің ой-санамызды оятуға бағытталған сөздер таба білуде. Жазушы үшін өзгеше өмірлік ақиқат пен өмірлік-шындық асыл сөзбен бейнеленуі қажет.

Жазушы Жұмабай Шаштайұлының басты тақырыбы – адамның немқұрайдылығымен күресу, жан тазалығы мен адамдықты ұстану екені айқын. Бұған дәлел жан азабын шегіп жүрген кейіпкерлерінің жанына жақын адамдарды іздеуі мен рухани туыстықты аңсауы.

МАЗМҰНЫ

Андатпа.....	3
Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиетті танытудың теориялық мәселелері.....	11
«Мен өзім көпті көрген ақсақалмын...».....	15
Жанға әдемі қыр азық.....	19
Қазақ әдебиеттануының зерттелуі.....	51
Бүгінгі постмодернистік зерттеулер.....	68
Жазушының қайрағы – сыншы.....	84
Әдебиетші Бағыбек Құндақбайұлы.....	101
Әдебиетші Тұрсынбек Кәкішев – қазақ мүддесін ойлаушы ғалым.....	112
Әдебиетші Ғалымжан Мұқанов.....	122
«Ой түбінде жатқан сөз...» (Тұрсынжан Шапай).....	125
Қазақ әдебиеті теориясы қаншалықты зерттелді?.....	132
Қала мен қаламгер.....	139
Ұлт рухының жоқшысы (Т.Жұртбай туралы).....	144
Әдебиеттанушы Асқар Егеубай.....	154
Әдебиеттанушы Бекен Ыбырайым.....	163
Шынайы ғылым іздеп жүргендерді қазіргі кездің Дон Кихоттары деуге болады.....	166
Жер жәннаты Жетісудың асыл сөзін жаңғыртушы.....	179
Тәуелсіздік кездегі Жамбылтану.....	191
Алаш ақыны Мұқағали Мақатаев – «Бір өлеңі – бір елдің мұрасындай».....	242
Ақын Мұқағали Мақатаев.....	301
Әдебиетші ғалым, мемлекет қайраткері Мүсілім Базарбаев.....	306
Қазіргі проза және прагматикалық әлем әдебиеті.....	319
Абайтанушы Қайым Мұхамедханұлы.....	348
Қазіргі әлем әдебиеттануы: прагматикалық әлем және білімнің мәңгілік трансляциясы.....	361
Қазіргі қазақ поэзиясы: Қасымхан Бегман.....	367
Жұмабай Шаштайұлының көркемдік әлемі.....	374

Айгүл ІСІМАҚОВА

Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану

Әдеби зерттеулер

(Қазақ тілінде)

«Қаратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасының директоры –

Қасымхан БЕГМАНОВ

Редакторы: *Асан Қарамырза*

Техникалық редакторы: *Талғат Әлімжанұлы*

Безендірген: *Мейрамбек Еңсебай*

Басуға 12.04.2016 ж. қол қойылды

Қаріп түрі «Times New Roman». Офсетті басылым.

Пішімі 84x108^{1/32}. Шартты баспа табағы 20

Таралымы 2000+120 дана.

Тапсырыс №

«Қаратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,

Абай даңғылы, 143. офис 400

Тел.: +7(727)3944293, Ұялы тел.: 87772119934.

Эл.пошта: dastur_09@mail.ru

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.

ISBN 978-601-7505-21-9



9 786017 505219

Айгүл ІСІМАҚОВА

Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану

Әдеби зерттеулер

(Қазақ тілінде)

«Қаратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасының директоры –

Қасымхан БЕГМАНОВ

Редакторы: *Асан Қарамырза*

Техникалық редакторы: *Талғат Әлімжанұлы*

Безендірген: *Мейрамбек Еңсепбай*

Басуға 12.04.2016 ж. қол қойылды

Қаріп түрі «Times New Roman». Офсетті басылым.

Пішімі 84x108^{1/32}. Шартты баспа табағы 20

Таралымы 2000+120 дана.

Тапсырыс № 374

«Қаратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,

Абай даңғылы, 143. офис 400

Тел.: +7(727)3944293, Ұялы тел.: 87772119934.

Эл.пошта: dastur_09@mail.ru

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: priemn1@dauir.kz, zakaz@dauir.kz

3

ISBN 978-601-7505-21-9



9 786017 505219



000001516800



000001516800



Айгүл Серікқызы Ісімакова – филология ғылымдарының докторы, профессор. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Бас ғылыми қызметкері. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі көрнекті әдебиеттанушы А.С.Ісімакова бірнеше ғылыми еңбектердің авторы: «Жанровые истоки казахского романа»: Москва: ИМЛИ (1985), «Казахская художественная проза начала XX века (поэтика, жанр, стиль)» (1998), «Возвращение Плеяды. Экзистенциальная проблематика в творчестве Шакарима Кудайбердиұлы, Алихана Бокейхана, Ахмета Байтурсынулы, Мағжана Жұмабая, Мирякуба Дулатұлы, Жұсұпбека Аймауытулы и Мұхтара Ауэзова» (2002), «Алаш әдебиеттануы» (2009), «Асыл сөздің теориясы» (2009), «Тәуелсіздік және Алаш ғылымы» (2015), «Алаш ғылымы және тәуелсіздік» (2015), «Жазған сөз жаным ашып Алашыма...» (2015), «Қазақ әдебиеттануы» (2015), «Қазақ әдебиеттануындағы тәуелсіздік идеясы» (2015), «Қазіргі әдебиеттанудың теориялық мәселелері» (2015), «Қазіргі әдебиет пен әдебиетті зерттейтін қауым» (2015).

А.С.Ісімакова Америка биография институтының «Ғылым адамы – 2004» сыйлығымен марапатталған. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Саңлақ автор» медалінің иегері (2008).